

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ**

«ӘБИШ КЕКІЛБАЕВ – ЗАМАНАНЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ»

атты халықаралық ғылыми-практикалық

конференцияның материалдары

26 қазан 2019 ж.

Proceedings International Scientific-Practical Conference

«ABISH KEKILBAEV IS THE GREAT PERSONALITY OF EPOCH»

26 October 2019

Материалы

международной научно-практической конференции

«АБИШ КЕКІЛЬБАЕВ – ВЫДАЮЩАЯСЯ ЛИЧНОСТЬ ЭПОХИ»

26 октября 2019 г.

Алматы, 2019 г.

Жауапты редактор
ф.ғ.д., профессор Ө. Әбдиманұлы

Құрастырушылар:
ф.ғ.д., профессор А.Б. Темірболат, ф.ғ.к. Е.К. Кәрібозов,
оқытушы Н.Ж. Досанова

«Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 312 б.

ISBN 978-601-04-4121-7

Жинаққа 2019 жылдың 26 қазанында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінде өткен «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының докторанттары, магистранттары және студенттеріне арналған.

Авторлық редакция негізінде шығарылған.

ISBN 978-601-04-4121-7

© КазҰУ, 2019

КІРІСПЕ СӨЗ

Ғ.М. Мұтанов

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры
(Қазақстан)*

Құрметті зиялы қауым, ұлағатты ұстаздар мен ғалымдар, білімгер жастар – бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, сөз өнерінің теңдесі жоқ зергері Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына арналған «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты республикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Заңғар жазушы, үлкен саясаткер, философ, шешен, талантты суреткер Әбіш Кекілбаев ғибраты мол ғұмыр кешті. Қазақ ғылым-білімінің қара шаңырағы Қазақ ұлттық университетінде тәлім алды. Өсті, өріс жайды. Бір кезде сөз өнеріне шөлдеп келген бала шәкірт ел таныған дана жазушыға, Ұлт ұстазына айналды.

Әбіш Кекілбайұлы еліміздің мәдени-рухани өміріне белсене араласты. Адамзат тарихына, ел ертеңіне ерекше жауапкершілікпен қарайтын суреткер болып қалыптасты. КСРО ыдыраған тұста тәуелсіз Қазақстанның ірі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің алдыңғы легінде белсенді қызмет істеп, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының сенімді серіктері қатарынан табылды. Елбасының Мемлекеттік кеңесшісі болды. Кәсіби Парламенттің тұңғыш төрағасы, мемлекеттік хатшы қызметтерін атқарды. Ел парламентаризмін қалыптастыруға, дамытуға, тәуелсіздігіміздің бас идеологы ретінде оны баянды етуге үлес қосты. Елге, Елбасыға деген құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік Әбіш Кекілбаевтай тұлғаға қанат бітіріп, мемлекеттік басқару мен ұйымдастыру ісінің биігіне самғатты. Қай қызметте болмасын халық игілігі үшін баянды еңбек етудің, мемлекеттік жауапкершілік пен қайраткерліктің, жасымас ерік-жігердің үлгісін көрсетті. Мұндай іс халықтың жүрегі жылы, қайраты тасыған адал перзентінің ғана қолынан келеді.

Жалпы, саясаткер Кекілбаевты суреткер Кекілбаевтан бөле-жара қарауға болмайтыны мәлім. Екі саланы қатар ұстаған қайраткер тұлға уақыт мінберінен адалдықпен, азаматтық тазалықпен, шешендік шеберлікпен, көсемдік ірілікпен көрінді. Елінің құрметіне бөленді.

Әбіш Кекілбаев ұлы Мұхтар Әуезовтің алдында студент болып бес жыл дәріс тыңдады. Әлемдік әдебиеттің саңлақ қаламгерлері туралы ұлағатты сөздерді Әуезов лекциясынан алды. Сөйтіп, ұстаздан алған тәлімі мен тәрбиесін көкірегіне тұмар ғып түйген жас дарынның алғашқы қаламгерлік қадамдары университет қабырғасында басталып, ұлы суреткер Мұханның, Мұхтар Әуезовтің назарына ілікті. Осы реттен келгенде Әбіш Кекілбаевтың

саясаткерлігі мен суреткерлігінің мөлдір бастауы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті деуге негіз бар.

Әбіш Кекілбаев – ұлттық әдебиетіміздің белді жанрларының барлығында да белсенді қызмет істеген қарымды қаламгер. «Үркер» мен «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры», «Шыңырау», «Бәйгеторы», «Ханша-дария хикаясы», «Күй» сияқты прозалық туындылары арқылы ел өмірінің зәру мәселелерін көтерген халықтың сүйікті жазушысы.

Сан қырлы дарын иесі Ә. Кекілбаев драматургия саласында «Абылай хан» атты дүбірлі дәуір шындығын бейнелейтін пьеса да жазды. «Алтын шуақ», «Дүние ғапыл» деген өлеңдер жинағымен де танылды. Сондай-ақ ол – У. Шекспирді, Г. Ибсенді, В. Буэроны, Г. Мопассанды, Л. Толстойды, А. Чеховты, И. Бунинді қазақ тілінде сөйлеткен кәнігі аудармашы.

Әбіш Кекілбаевтың публицистикалық мақалалары мен жазбалары ұлттық мұраттармен ұштасады. Әсіресе еліміздің тәуелсіздігін талмай толғаған ел мен жер, адам мен заман туралы мақалалары қоғамдық санаға қозғау салады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіздік, елдік мұраттар жолындағы орасан еңбегін орынды бағалап, саясат сахнасындағы көркем кескінін алғашқылардың бірі боп мөлдіретіп салып берді.

Осының бәрі Әбіш Кекілбаевтың өмір жолының өнегелі, ел үшін атқарған қызметінің қайырлы да зайырлы екенін көрсетеді. Мұндай өнегелі өмір сүру, ел үшін жатпай-тұрмай еңбек ету ақыл-ойын, ар-ожданын жолдас еткен, қайраты мен ақылын, жүрегін тең ұстаған асыл азаматтың ғана маңдайына жазылады. Біз үшін де, біздің ұжым үшін де Әбіш Кекілбаев – осындай жан.

Ендігі жерде парасат-пайымы бөлек, білім-білігі ерен, зейін-зердесі ерекше заңғар суреткер, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың екінші өмірі басталды. Өзі бір дәуірге тұрарлық мазмұны терең мәңгі өлмес дүние жазса, бүкіл саналы ғұмырын ізгілікті, адамгершілікті, ұлт мұраттарын ұлықтауға жұмсаған Әбіш ағамыз туралы да енді саясат пен әдебиет әлемінде шыңдалған шәкірттері том-том еңбектер жазбақ. Бүгін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы атындағы дәрісхана ашылды. Бұл дәрісхана алдағы уақытта ұлы қаламгер мұрасын насихаттайтын танымдық әрі ғылыми-әдістемелік орталық болары сөзсіз.

Құрметті конференция қонақтары! Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты болған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияны ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

1-СЕКЦИЯ

Ә. КЕКІЛБАЕВ – АСА КӨРНЕКТИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

А. КЕКІЛЬБАЕВ – ВИДНЫЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

Н.М. Оразалин,
*ақын, драматург, мемлекет және қоғам қайраткері,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері
(Қазақстан)*

ӘДЕБИЕТТІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ

Ұлтым деген ұлының абыройын асқақтатып, мәртебесін көтеру, еңбегін елеп, барын бағалау, «нұрын тасыту» – ұлтқа сын.

Өз басым бесінші желтоқсан күні Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазақтың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбайұлының кеудесіне еліміздің ең жоғарғы қос наградасының бірі – Еңбек Ерінің алтын жұлдызын тағып тұрған сәтін теледидар арқылы көргенде осындай бір толқу мен тебіреніске толы сәтті бастан кештім.

Әлбетте, әуелгі кезекте Әбіш Кекілбайұлының кеудесіндегі Жұлдыз, сөз жоқ, жазушы бойындағы Тәңірден бұйырған кесек бітімді дарынды тану мен суреткер болмысының таңғажайып көрінісіндей болған қуаты мол көркем туындыларының сипатын бағалаудың көрінісі. Әр сөзі мен әр сөйлемінен қазақы салқар сахарының мінезі аңқып тұратын осынау кеңістігі кең, түртүсі, тұрпаты бөлек баяндау мен ойлау жаратылысы, пайымдау табиғаты өзгеше шығармалардың – ұлттық прозаның әлем таныған шедеврлік өміршең үлгілерінің, берісі қара орман қазақ халқының, әрісі әбжіл мінезді, кірпияз әлем жұртшылығының назарын өзіне бұрып, оқырман жүрегін жаудай бастағанына да, міне, жарты ғасырға жуық мерзім өтіпті.

Рухани өмірімізде үлкен оқиға саналар осынау жұлдызды сәтті сараптай отырып, ұлттық тарихымызғы аласапыран мінезі мен айтары мол алпысыншы жылғылар деген айрықша атпен енген, таланттылар шоғырының тұсауы кесілген өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарын еске алмай сөз айту күпірлік болар еді.

Өйткені, бұл кезең заман мен заман алмасып, дәуірге дәуір жалғасып, ескінің жаңаға ығысып орын бере бастаған тұсы еді. Қырық жылғы жүйе де, жүйенің тамырына қан жүгіртіп, санасына нәр беріп келген идеология да ең алғаш дәл осы бір «жылымық» атты кезеңде шылбырын босатқаны тарихи ақиқат. Соқасын сүйреткен сойқанды жылдардан ғарышқа адам ұшыруға

дейін жеткен кеңестік қоғамның қатал, қатыгез шекарасын тұңғыш бұзған, ой мен сөз еркіндігіне қанат бітірген сол бір ақылы мен айқайы, дарыны мен дақпырты қатар өрілген алпысыншы жылдардың ұлт өнері мен әдебиетінің, ұлт ғылымы мен білімінің дамуына қосқаны орасан еді.

Алпысыншы жылғылар мына аспан асты, жер үстінде кеңес идеологияның да өзге өрісті, өркениет үлгілері мен өзгеше құндылықтардың барын тайға таңба басқандай етіп айғақтағаны ел есінде... Ұлт ойы мен мұратының тамыры тереңде жатқан ұлы арналарымыздың тануға деген талпыныстың күшеюі де дәл осы бір тұста ерекше етек жайғанын білеміз.

Бұл өзі, шынында да, құдіреті күшті көркем сөзіміздің әлемді аузына қаратқан, қазақ рухы мен намысының, парасаты мен пайымының «Абай жолы» тәрізді ұлы эпикалық туындының арқасында атағы асқақтап, алты құрлыққа бет алған әдебиетіміздегі жаңа дәуірдің басы еді.

Әуезов өмірден өтті... Ұстаздан алған тәлімі мен тәрбиесін көкіректеріне тұар ғып түйіп, тұғырына енді-енді қонған алпысыншы жылғылардың арыны қатты, қарымы мықты қанатты өкілдері әдебиет дейтін аламанға дүркірей келіп қосылып жатты.

Солардың бірі, бірегейі – бүгінгі жетпіс дейтін елге сыйлы жастың биігіне көтеріліп отырған қазақ көркем сөзінің хас шебері, кемеңгер ойдың иесі, есімі әлемге әйгілі классик жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлы.

Маңғыстау дейтін маңғаз өлкеге кіндік қаны тамып, Ақсәуле дейтін аяулы ананың омырауын еміп өскен шекесі торсықтай қара балаға күндердің күні қара қазақты аузына қаратар тағдыр бұйырыпты... Қазақ оқырмандары жүрегін бірден баураған алғашқы «Ажар» триптихынан бастап, қазақ көркем сөзіне молынан олжа алған «дала балладаларындағы» әрқайсысының орны әдебиетіміздің бір-бір ақшамқан асуындай елестейтін «Күй», «Ханша Дария хикаясы», «Шыңырау», «Бәсеке» повестері мен «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тәрізді кең тынысты, эпикалық романдар – ХХ ғасырда тұсауын кескен ұлт прозасының әлем әдебиетінің биігінен көрінген тұғырлы туындылары.

Жаратылысынан кең болмыс, шешен сөз, көсем мінез пешенесіне жазылған жанның тәуелсіздік кезеңі тұсында томағасын сыпырған қырандай қанатын кең жайып, биік самғаған кездері кім-кімнің де есінде. Сол бір тұманы мен күмәні қалың тоқсаныншы жылдарда ойын діттеп, бойын тіктеп ұстаған қарымды қаламгердің сабырлы саясаткер ретінде елге кең танылып, алғашқы қазақ Президентінің қасынан табылуы бәрімізді де қуантты. Әбекеннің сол тұста алуан-алуан саяси-әлеуметтік сауалдарға жауап табуға, ел көңілін елеңдеткен түйткүл мәселелердің түйінін шешуге ұмтылған, дәуірлік мінез қалыбы берік толғау мақалаларының ел арасындағы ықпалы еркеше болды, Қамысқа, табиғаты таза суреткерше күйініп айтатын, қуанса, жер үсті құбылыстарын таратып, талдай отырып, нені айтса да, терең ойшыл ретінде жеріне жеткізе

сүйініп айтатын қайраткер тұлғаның әр жазғанын іздеп жүретіндер көп болды. Ол уақыт мінберінен әр кез «ала жіп аттамас» адалдықпен, азаматтық тазалықпен, шешендік шеберлікпен, көсемдік ірілікпен көрініп келеді. Елінің құрметіне бөленіп келеді.

Иә, осы жылдар ішінде саясаткер – Кекілбаевты суреткер Кекілбаевтан бөле-жара қарауға болмайтынына көзіміз жете түсті.

Осынау өзгерістерге толы заманда мен білетін өзгермей келе жатқан сирек ұғымдардың бірі – Кекілбайұлы дейтін феноменнің болмысы аңғартар суреткерлік адалдық пен қайраткерлік сабыр.

Әбекеңді осы мінезі үшін елі сыйлайды.

Әбекеңді осы қасиеттері үшін Елбасы құрметтейді.

Бүгін біздер тағы да сондай үлкен сенім мен сыйдың ұлт биігіне көтерілуінің тарихи сәт-сағатының куәсі болып отырмыз.

Бұл сәт – бәрімізге, әсіресе қалың қаламгерлер қауымына айырықша қуаныш сыйлаған, қазақ көркемөсінің арғы-бергі ұлы әруақтарын бір-бір аунатқан, әдебиетіміздің мерейін үстем еткен суреткер еңбегінің ұлттық танылу, ұлттық мойындалу биігіне көтерілген сәті.

Ылайым, әдебиеттің жұлдызды сәттері көп болсын!

Жалғасты болсын!

Ғ. Есім,

*ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының
докторы, профессор
(Қазақстан)*

ЗАМАНДАСЫМ ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Жазушы, ғұлама, қоғам қайраткері, сенатор Әбіш Кекілбаев туралы сөз бастағанда менің ойыма бірден келетін жай, ол бүгінгі дархан Тәуелсіздігіміздің бастау бұлағының басында болғандығы туралы хикая. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ халқы өз жерінде, атамекенінде бүкіл жылдары Республика халқының 26 пайызы болған шағында Әбіш Кекілбаев бір пара әріптес, замандастарымен халқымыздың бітелген рухани бұлақтардың көзін ашатындай, сонысымен тәуелсіздіктің тынысына өріс беретіндей әдеби, мәдени, қоғамдық істерге белсенді түрде араласып кетті. Біз ол кезде мектептің жоғарғы сынып оқушылары едік.

Әбіш Кекілбаевтың алғашқы өлеңдері, сын мақалалары және көркем прозасы сол заманның рухани дүниесіне тау самалындай таза леп әкелді. Дәл ол кезде қазақ халқының бүгінгі күнін дәл тауып айта алатын топырағымыздан шыққан ғұлама жоқ еді. Мұхтар Әуезов бастаған алыптар тобы болса халқымыздың болашағы туралы талмай ізденіс үстінде болатын. Ізденіс болғанда да олардың қайсыбір ой-түсініктері қайранға түскен балықтай дәрменсіздік халді де

сездіруші еді. Осындай жағдайға жастардың бір тобы халқымыздың рухани әлеміне тереңдеп ене бастады. Солардың сол замандағы көшбасшыларының бірі Әбіш Кекілбаев болатын. Мен Әбіш Кекілбаевтың жазғандарын қалт жібермей оқып өстім. Ол кезде оқитын әдебиет те, газеттер де аз болатын. Негізінен бас алмай оқитын гезеттеріміз «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» және «Литературная газета» еді. Міне, осы басылымдар арқылы біз алпысыншы жылдары халыққа танымал бола бастаған тұлғалардың бағыт-бағдарын анықтай алатын халде болдық.

Әбіш Кекілбаев әу баста өз жолын анықтап алған жан. Әрине, әу баста, яғни адамның жас кезінде жол таңдауы және жолын анықтауы, ол жолдан шығып кетпеуі, адаспауы, яғни сара бағытты санасына сіндіруі, ол әркімнің қолынан келе бермейтін мәселе. Сірә, парасаттылық не дегенге келсек, ол адамның өз жолын әу баста жаңылмай таңдап алуы шығар. Парасаттылық – азамат жолы. Шоқан Уәлиханов бір еңбегінде азамат деген сөзге, ол өз тәуелсіздігіне жете алатын адамның қасиеті деген ой білдірген еді. Осы бағытта ой өрбітсек, өз тәуелсіздігіне жете алатын адам, яғни азамат қана ел Тәуелсіздігін аңсап, сезініп және сол жолда нардың жүгін көтеретін тұлға болып қалыптаспақ. Мен білетін сондай тұлға алдарыңыздағы отырған Әбіш Кекілбаев.

Тәуелсіздік бізге, қазақ халқына, атамекенімізге аспаннан түскен жоқ. Тәуелсіздік идеясы кең сахарамыздан, санамыздан, арман қиялымыздан ешқашан кетпеген еді. Оның шындыққа айналуы оқиғаларға, жағдайларға, әлемдік үрдістерге қатысты болды. Қазақ халқының тағдыры адамзаттың тағдырымен, кешегі жарты әлемді шарпып билік құрған Социализммен бірге шешілді. Социализм қазақ халқына шектеулі еркіндік берді, ал Тәуелсіздік халқымыздың рухының кемелденуіне тың жол ашты. Осы жолды ашуда ерен еңбек еткен қазіргі заманның майталман қаламгері, қоғам қайраткері, данышпаны Әбіш Кекілбаев екеніне ешқайсымыздың күмәніміз болмаса керек.

Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылық қызметі, қоғамдық ісі көпшілікке белгілі. Мен Әбекең туралы ойланып отырсам, еліміздің рухани өмірінің ешбір саласы осы кісінің қатысуынсыз болмағанына көзім әбден жетті.

Тәуелсіздік жолы қиын болды десек, ол жай айтқанымыз. Тәуелсіздік миллиондаған қандастарымыздың қанымен, жан азабымен келген теңдесі жоқ оқиға. Осындай керемет тарихи оқиғаның бүгінде бәріміз куәгері емес, нағыз кейіпкерлері болып отырғанымызда бір-бірімізге деген құрмет ерекше болуы табиғи жағдай. Ерін елі құрмет тұтпаса не болмақ! Тұлғаның тұлға екенін уақыт өткізбей замандастары айтса, қандай ләзім және ізгілік. Себебі, адамның асыл қасиеттерін сезіне білу, оны насихаттай білу, ол тек жиындарда айтылатын сөз емес, ұрпақтан ұрпаққа хатталып жететін халқымыздың мәдени мұрасы болмақ. Әбіш Кекілбаев халқымыздың мәдени мұрасының өзі, соның басты кейіпкері және соны жасаушы, насихаттаушы, яғни ұрпақ пен ұрпақты жалғастырушы – тарихи тұлға.

Ж.Д. Дәдебаев,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ТҮЛҒАСЫ

Өмір шындығы көрер көзге қанша мол, шеті мен шегі жоқ, ұшы-қиырсыз һәм тоқтаусыз, толассыз ағып өтіп жатқан оқиғалар мен құбылыстар тасқыны секілді болғанымен, ақырында адам үшін есіктен кіріп, төрге озғандай-ақ көрінетінге ұқсайды. Соған қарағанда, адам өмірінің ұзақтығы мен баяндылығын өлшегіміз, мөлшерлегіміз келіп қол созып, бас көтеріп жатуымыз әурешілік секілді. Расында қысқа ғұмыр, шолақ дүниені өлшеу де, мөлшерлеу де баянсыз. Ал сол қысқа ғұмыр мен шолақ дүниеден, өтпелі өмірден уақыт пен кеңістік шегінде өшпейтін шырақ жағуға, өлмейтін өрім жасауға Жаратқанның жасағандарының ілуде біреуі ғана жетеді. Жаратқан жасаған осы ілудегі біреу – Қазақстанның Еңбек Ері, біздің заманымыздың заңғар тұлғасы, аса көрнекті мемлекет қайраткері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы.

Әбіш Кекілбайұлы жалғанның бір сәттік жылт еткен жарығынан өлмейтін, өшпейтін өнер үлгісін жасады, тарихтың тарыдай болмысынан ғасырлардың төбесін көкке жеткізгендей асқар тау-алып мүсін тұрғызды. Жазушының «Бір шөкім бұлт» пен «Бір уыс топырағынан» «Үркер» мен «Елең-алаңына» дейінгі шығармаларының бәрі туралы да, бірі туралы да осыны айтуымызға болады.

Жазушы шығармашылығына негіз болған шындық құбылыстардың басты арнасы - халық тарихы, халық тағдыры. Қазақстанның Халық жазушысының халықтың өткені туралы «Күй», «Ханша-Дария хикаясы», «Шыңырау», «Бәйгеторы» секілді орта көлемді эпикалық шығармалары мен «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» сияқты үлкен көлемді эпикалық туындылары, «Абылай хан» халықтық қаһармандық драмалық дастаны – тарихтың қилы деректерін талмай іздеп, тірнектеп жинап, олардың асылы мен жасығын айырып, өтпелі өмірдің шындығынан өшпейтін, өлмейтін өнер туындысын жасаудың теңдесі жоқ тамаша үлгісі.

«Үркер» мен «Елең алаң» – тарих шындығы, дәуір тынысы, халық тағдыры, адамдар талайы, қоғам болмысы туралы тереңнен толғайтын кең құлашты эпикалық туындылар. Тарих шындығын, дәуір тынысын, халық тағдырын, адамдар талайын, қоғам болмысын бар қырынан ашып, тереңнен толғайтын күрделі, көп салалы, кең құлашты эпикалық туындының бір ғана тақырыбы, бір ғана идеясы болуы шарт емес. Шығарма мазмұны бірнеше тақырып пен бірнеше идеяның жарыса өрілген бірлігі арқылы ашылады. Қазақстанның Ресейге бодан болып қосылуы – осы тақырыптардың бірі, Қазақстан мен Ресей халықтарының достығы – осы идеялардың бірі. Күрделі шығармадағы әралуан

тақырыптардың басын біріктіріп, бірбүтін күрделі болмыс деңгейінде тұтасқан өмір құбылыстарының тобы – оның негізгі тақырыбы, ал шығармадағы әралуан тақырыптар мен идеялардың негізінде бірбүтін күрделі тұтастыққа айналған көкейкесті ой, өзекті мәселе негізгі идея [1, 169 б.] болмақ. Әбіш Кекілбайұлының «Үркері» мен «Елең-алаңының» негізгі тақырыбы – қазақ халқының тәуелсіздік үшін жүргізген күресі, ал негізгі идеясы – ел мен жердің тұтастығы, тәуелсіздігі.

«Үркер» мен «Елең-алаңды» тарихи, саяси-психологиялық романдар деп жүрміз. «Үркер» мен «Елең-алаң» сияқты тарих шындығын, дәуір тынысын, халық тағдырын, адамдар талайын, қоғам болмысын бар қырынан ашып, тереңнен толғайтын күрделі, көп салалы, кең құлашты эпикалық үлгілерді романдар деп көптік жалғауын қосып атағаннан гөрі өзіне лайықты жанрлық атаумен атаған дұрыс болмақ. «Үркер» мен «Елең-алаңның» өзіне лайықты жанрлық атауы – роман-эпопея.

Әбіш Кекілбайұлының тарихи роман-эпопеясы тарих шындығын, дәуір тынысын, халық тағдырын, адамдар талайын, қоғам болмысын бар қырынан ашып, тереңнен толғайды. Роман-эпопеяның композициясының ерекшелігін сипаттайтын басты екі түрлі тәсіл бар: а) оқиғалар ағынын хронологиялық кезеңімен баяндау; ә) оқиғалар ағынын кейіпкердің ой сарабына салып суреттеу. Осы екі тәсілдің ретті қайталануы – шығарманың мазмұнын пішінге көшірудің, басқаша айтқанда, композиция түзудің өзіндік үлгісі. Халық тағдырының, адамдар өмірінің шығармаға арқау болған қат-қабат, шытырман, көп салалы оқиғаларын осындай тәсілде кезең-кезеңімен, рет-ретімен белгілі бір құрылымдық жүйеге түсіруде өлшемді, мөлшерлі, келісті жарасым бар. Ол – жазушының суреткерлік даралығының жемісі.

Роман-эпопеяның мазмұны мынадай бірнеше сала дерек көздеріне негізделеді: а) тарихи құжаттар мен зерттеулер; ә) халық ауыз әдебиетінің үлгілері (тарихи өлеңдер, жырлар, аңыздар); б) этнографиялық дерек көздері; в) әдет заңының ескерткіштері. Көрсетілген дерек көздерінің роман-эпопея арнасында атқаратын көркемдік қызметтері алуан түрлі: а) тақырып табиғатын танытады; ә) ұлттық идея мәнін ашады; б) тартыс сипатын айқындайды; в) сюжет желісін құрайды; г) мінез даралау құралы қызметін атқарады т.б. Аталған дерек көздері роман-эпопеяның танымдық, тағылымдық және көркемдік-эстетикалық мәнін ашады.

Шығарманың тарихи негізін құрайтын әр оқиғаның мынадай құрамдас бөліктері ерекше сараланады: мазмұны; субъектісі; объектісі; болған жері; болған уақыты; болған себебі; салдары; амалы; құралы. Тарихи кезең шындығы аясындағы оқиғаның осындай құрамдас бөліктерін жазушы өзінің шығармашылық мақсатына сай саралап, тиісті көркемдік шешім жасайды.

Роман-эпопеяда тарих шындығының шытырман шиырлары Әбілқайырдың көз алдынан өтеді. Олардың біріне ол қолма-қол қатысып, нақты нәтижелерге жетеді. Енді бірін көлденең көк аттыдай көз алдынан өткізумен шектеледі.

Енді бір оқиғалардың сырын сарсылып іздеп, санада сараптайды. Соның бәрі оның ойында сұрыпталып, белгілі бір ұлы тілек өзегімен жүйеленеді. Жасанған жауға жалғыз шауып, жеңіске жеткенде де, қалың қолды бастап, қамал бұзғанда да, хан болып, халық қамын жеп, ел тағдырын ойлағанда да, тіпті қан-майдан соғыс үстінде үн-түнсіз, іс-әрекетсіз сүлесөк қалғанда да ол осы жүйеден көз жазбайды. Сондықтан да ол жай тұлға емес, сом тұлға. Кесек. Күрделі. Терең. Қайшылықты.

Әбілқайыр тұлғасы көп қырлы. Оны өзгелерден даралап көрсететін бірнеше ерекшелік бар: а) батыр: ә) хан; б) ақылға да, айлаға да жүйрік; в) тарихи дәуір мен тарихи оқиғалардың ең өзекті, мәнді сипаттарын, саяси-әлуметтік барлық қыры мен сырын өзгелерден бұрын және терең пайымдайды; г) дәуірдің басты саяси оқиғасында батыл шешім қабылдайды; д) өзіне де, өзгеге де игілікті деп қабылдаған шешімдері мен істері үшін маңындағылардың дұшпандығы мен жаулығына шыдайды; е) қарақан басының қамы мен халықтың күндік мүддесі заман ағымының беталысына қарай кенеттен келісім тауып, жарасады, т.б.

Әбілқайыр әуелде бойын жасырып, мұратына жеткізер жолды алыстан барлайды. Іске де, сөзге де мығым. Хан тағына алып баратын ағалық жол басқаныкі болғанымен, ойының саралығы, ісінің даралығы жағынан бұл өзге сұлтандардан әлдеқайда үстем, биік. Ол өзінің осы қасиетін біліп қана қоймайды, сол қасиетінің қадіріне өзгелердің де жеткенін көздейді. Осы мақсатына сай ол өзінің өзгелерден артықшылығын тура билердің, ұлыс ақсақалдарының, аты шыққан, халыққа еңбегі сіңген батырлардың көзіне көлденең тартып, көрсете береді. Ә дегенде, ол Мәті би алдында әділ, құралайды көзге атқан мерген деген атқа иеленеді. Одан беріде, жау мергеніне қарсы жалаңаш қылышпен шығып, жеңіске жеткенде, «батыр» деген қадірі басым тағы бір атаққа жетеді. Өзін ел билігіне араласушы, қол бастаушы беделді тұлғаларға толық танытып алғаннан кейін, Әбілқайыр енді олардың біразын өзіне біртіндеп борыштар, қарыздар етудің жолын қарастырады. Алдына арыз айта келген бір топ биді – Жәнібекке, Жәнібекті өзіне борышты етуі, сол арқылы тұтас ұлысты өз қабағына қарату айласы Әбілқайыр ойының осындай бұлтарысты, бұқпасы көп, шиырлы сипатын танытады. Оның бұл тұстағы мақсаты - «Әйтеуір Жәнібек еліне айдарынан жел есіп, риза болып барса болды. Әйтеуір бұдан былай бұның аты аталғанда, елеңдеп тұрса болды». Міне, Әбілқайыр іргелі мақсатқа қол созғанда, осы секілді әрекеттермен үлкен жетістіктерге жетеді: мерген десеңіз – мерген, батыр десеңіз – батыр, ақылды десеңіз – ақылды, айлалы десеңіз – айлалы, әділ десеңіз – әділ, сегіз қырлы бір сырлының дәл өзі болып шығады.

«Елең-алаңда» қазақ халқының Ресейге қосылғаннан кейінгі өмірі суреттеледі. Қазақтар сабылып, ақ патшаға табынып Петербургке барады. Ресейге бодан болып қосылған қазақтарды билеп-төстеу үшін Орынбор экспедициясы құрылып, қазақ жеріне келіп табан тірейді. Патшалық билеу әкімшілігі Ор өзені бойында бекініс-қала салады. Орынбор экспедициясының алғашқы

бастығы Кирилов, кейінгі бастығы Татищев, патша генералы Румянцев сияқты отарлау аппаратының басшыларының ойлары мен нақты іс-әрекеттері арқылы орыс-қазақ қарым-қатынасының саяси және әлеуметтік мазмұны ашылады.

«Үркер» Әбілқайыр ханның көңілінде ел мен жердің тұтастығы мен тәуелсіздігі туралы үміт отының жануымен аяқталады. Оның өзі ханның маңдай алдынан көтеріліп келе жатқан топ үркердің әлсіз бозаңытқанындай. «Елең-алаң» таң атар алдындағы сәтті астарлап аңғартады. Әбілқайыр хан күткен күн әлі туған жоқ, бірақ ханның келер күнге артар үміті де өшкен жоқ.

Роман-эпопеяда отарлау аппаратының басшылары мен Әбілқайыр ханның ел мен жер тағдырына тікелей қатысы бар шешімдері мен іс-әрекеттерінің мынадай алғышарттары көрсетіледі: а) тарихи; ә) саяси-әлеуметтік; б) психологиялық; в) логикалық. Шығарма жүйесінде бұлар ойға алған, істелер және істелген істердің әрі алғышарты, әрі негіздемесі, дәлелі қызметтерін қатар атқарады. Отарлау аппаратының басшылары мен Әбілқайыр ханның шешімдері, іс-әрекеттері, олардың алғышарттары мен негіздері, салдары өзара тығыз сабақтастықта суреттеледі. Олардың әрқайсысының мінезі, мүддесі, дүниеге көзқарасы біртіндеп ашылып, халықтық, мемлекеттік мәні бар іргелі мәселелер туралы ойлары мен шешімдерінің жетілу, іске асу сатылары күрделі үдеріс түрінде бейнеленді.

Әбілқайыр ханның бейнесі – жазушының тарихи тұлғадан әдеби кейіпкер жасау жолындағы үлкен табысы.

Ресейге бодан болу туралы саяси ой хан басынан шығып, ханның халықтан жасырын қабылдаған жеке шешіміне ұласады. Шешімді іс жүзіне асыру жолындағы ойлар нақты әрекеттерге жалғасады: хан ел-жұртымен, басқа хандармен, бүкіл қазақ әскерімен Ресейге бодан болатынын айтып патшаға елші жібереді. Шындығында хан бұл ойына өзінің ел-жұртын да, басқа хандар мен сұлтандарды да, ру басыларын да, қолбасылар мен билерді де ортақ етпеген еді. Әбілқайыр хан мұндай жанкешті шешім қабылдағанда, қандай мақсат көздегені тарихи құжаттарда мына мазмұнда сақталған: а) патшаның бодандығындағы ханның хандықты бір өзі жеке билеп-төстейтін болуы; 2) хандық билік ханның балаларына мұра түрінде қалатын болуы [2, 195 б.].

Өзінің, хандықтың жағдайын жақсарту мақсатында ел алдында берген антынан да аттап өтіп, бүкілхалықтық маңызы бар үлкен істі бір өзі ғана шешкенде, хан халқының парасатына, бірлігіне, ерлігіне, күшіне емес, ардалығына сенеді. Ордасына келген ақ патшаның елшісін де осыған сендіруге күш салады.

Тарих құжаттарына қарағанда, ханның ақ патшаға бүкіл ел-жұртымен бодан болуында тиісті қызмет атқарған факторлар негізінде қалыптасқан бірнеше ұғым-ұстаным көзге түседі: а) ханның халқына берген антын бұзуы; ә) ханның ақылға да, айлаға да жүйріктігі; б) ханның халқы туралы қалыптасқан пікірінің төмендігі; в) ханның өзі билеп отырған халқының ардалығын өзінің жеке мүддесіне оңтайлы пайдалануы; г) ханның ел «жақсыларының аузын алса, қазақ дегеннің ыңқ етпейтініне» сенімділігі.

Роман-эпопеяда осы ұғым-ұстанымдар тақырып желісінде, идея өзегінде, образдар жүйесінде, сюжет желісінде көрініс тапқан.

Шығарма әлемінде де, тарих шындығы шеңберінде де қарапайым халық ханның да, елдің «игі жақсылары» ру басы билер мен батырлардың да ойы мен ісінен бейхабар. Ру басы билер мен батырлардың құлқы мен ниеті, танымы мен алымы, кісілігі әртүрлі деңгейде. Ақ патшаға бодан болу туралы хан ойында осындай алуан түрлі пендешіліктің уілі мен гуілінен ерекше дараланатын бірнеше сарын бар. Олар мынадай: а) халықтың игі жақсысы деген ру басы билер мен батырлардың аузын алу туралы сарын; ә) халықтың игі жақсылары деген ру басы билер мен батырлардың аузын алатын «ізет-мезірет», «сый-сияпаттың» («жұрттың алдында бір мақтанып қалуға дарайтын жылтырақ киім, таңсық бірдене») сарыны; б) игі жақсылардың билігіндегі қазақтың «айтқанға көніп», «айдауға жүретін» «ыңқ етпес» күйінің сарыны.

Әбілқайыр ханның халық туралы, ру басы билер мен батырлар туралы ойының осы сарындарын бірден-бір тарихи ақиқат айнасы ретінде қабылдауға сенім жоқ, қабылдамауға негіз жоқ. Жазушы осы сарындарды тарих шындығына сай трагедиялық ахуал сипатында шынайы суреттеді.

Елді сыртқы жаулардың шапқыншылығынан қорғау, елдің тәуелсіздігін сақтау, тұтастығын, ынтымағы мен бірлігін нығайту, дәулетін арттыру тарихтың қай кезең, қай дәуірінде де мемлекеттік басқарудың, әділетті мемлекет басшысының басты мақсаты болғанында дау жоқ. ХҮІІІ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ хандықтарының басында отырған хандар үшін мұндай мақсат жат болмаған. Бірақ олар мұндай мақсатты өз хандықтарының шегінде ғана ұстанды, сөйте тұра шексіз билікке ұмтылды. Мұндай тілек оларды елдің тәуелсіздігі үшін ынтымақ пен бірлікке жұмылдырудың орнына бір-бірінен алыстатты, олардың өзара дұшпандық ниеттерін қоздыра түсті. Қазақ елінің ынтымағы мен бірлігі, елдік тұтастығы мен тәуелсіздігі туралы саяси идея жекелеген тұлғалардың ғана ойында тербелді. Ел басқарған хандар мен сұлтандардың әрқайсысы өзінің жеке билігін арттырудың бірден-бір тиімді әрі сенімді жолы өзгелерден бұрын іргесіндегі іргелі елдің қолтығына кіріп алу деп білді. Әбілқайырдың орыс патшасына бодан болу туралы тілегі осындай саяси-тарихи ахуал жағдайында пісіп-жетілді. Тарихтың осы шындығы, осындай тарихи-саяси ахуал талайлардың өзегін өртеді. Осы шындықтың, осындай тарихи-саяси ахуалдың роман-эпопеядағы суретінің өзі де өзекті жандырғандай.

Жазушы тарихтың шындық оқиғаларын, қозғаушы күштерін, тарихи тұлғалардың ақыл-ой өрісін, жеке адам мен халық, хандық мемлекет пен хандық мүдде арасындағы байланыстар мен қайшылықтарды, олардың бітіспес күресін саяси-психологиялық ойлар мен толғаныстар кеңістігінде суреттеді. Халық өміріндегі аса елеулі тарихи, саяси оқиғаларды кейіпкердің ой-сана, пайым-парасат айдынына шығарып суреттеді. Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейкесті ой-мұраттардың ерекшелігін, жеке адам мен халық арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік және психологиялық алғышарттары

мен нәтижелерінің сырларын ашты. Тарихи оқиғалармен тамырлас саяси-әлеуметтік құбылыстар мен қаһармандардың іс-әрекеттерінің түп негізінде жатқан мүдделерді роман-эпопеяның тақырыптық-идеялық өзегінен өткізіп өрді.

Қазақтың халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының екі кітаптан тұратын («Үркер», «Елең-алаң») тарихи роман-эпопеясында халықтың тағдыр-талайында айрықша орын алған аса ірі тарихи, саяси-әлеуметтік оқиғалар эпикалық кең құлашпен, психологиялық терең тыныспен суреттелді. Роман-эпопеяның тақырыптық-идеялық бітімі трагедиялық сазымен, саяси-әлеуметтік мазмұн тереңдігімен ерекшеленді.

Роман-эпопеядағы тарихи шындық, халық тағдыры, ел тәуелсіздігі, тарихи тұлға мен тарихи орта концепциясынан автордың шығармашылық даралығының, суреткерлік даналығының өшпейтін, сөнбейтін оты шалқиды.

Әбіш Кекілбайұлының рухына шексіз құрметімді білдіремін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері (Әдебиет теориясының негіздері). Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 376 б.
2. Донесение М.Тевкелева в коллегию иностранных дел. 5 января 1732 г. // Красный архив. Исторический журнал. – М., 1936. – Т. 5. – С. 195-202.
3. Кекілбаев Ә Үркер. Роман. – Алматы: Жазушы, 1981. – 582 б.
4. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. – Алматы: Жазушы, 1984. – 432 б.

Т.С. Тебегенов,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)*

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ОЙШЫЛДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі салтанат құрып келе жатқан жаңа тарихымызда халқымыздың рухани жетілуіне шығармашылық және қоғамдық-әлеуметтік қызметімен айрықша еңбек сіңірген көптеген көрнекті тұлғаларымызды даралап бағалаймыз. Қазақ өркениетінің тарихындағы жыраулардың, ақындардың осындай қызмет тұтастығымен еңбек еткен дәстүрі қазіргі жаңа тарихымызда да жалғасып келеді. Әсіресе, қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті ақын-жазушылардың сөз арқауындағы дәстүрге лайықты шығармашылығы мен қоғамдық-әлеуметтік тұтастықпен қайраткерлік ұстаныммен еңбек ету өнегесі жаңа буын ұрпақтарға да үлгі болып отыр.

Әлем әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалар өздерінің шығармалары арқылы өркениеттегі ойшылдар қатарын құрайды. Фольклор мұралары мен

көркем әдебиет шығармалары сол ойшылдардарға көркемдік негіз болған ата-бабалар қалыптастырған рухани құндылықтар болып саналады. Сол рухани құндылықтардың негізгі арнасы сөз өнерінің фольклор мен көркем әдебиет сабақтастығына негізделген көркемдік-эстетикалық табиғаты арқылы ойлау кеңістігінің шынайы болмысы айқындалады.

Қазақтың ойшылдық-даналық жолында фольклорымыз бен ежелгі әдеби жәдігерлерімізде негізі қаланған, кейінгі әдеби даму үрдісіне жалғасқан шығармашылық тұлғалар тағылымы маңызды рөл атқарады. Қорқыт Ата, Әбунәсір әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар Дулати, Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұқар, Махамбет, Абай, Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов қалыптастырған, кейінгі толқын тұлғалар жалғастырған көркем әдеби шығармашылық жолы қазақтың ұлттық, философиялық дәстүрін де дамытып келеді.

Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және келісім сыйлығының иегері, Қырғызстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1995), Қазақстанның Еңбек Ері (2009). Әбіш Кекілбаевтың шығармалары ғалымдық және түркі-қазақ философиялық дүниетанымы аясында жазылғандығымен ерекшеленеді. Алғашқы өлеңдер жинағынан («Алтын шуақ», 1962ж) бастап, кейінгі жарияланған әңгімелері, повестер, эсселер, романдар, әдеби-философиялық, публицистикалық жинақтары («Бір өкім бұлт», 1966; «Дала балладалары», 1968; «Тырау, тырау тырналар», 1973; «Бір уыс топырақ» 1975; «Баллада забытых лет», 1979; «Уркер», 1981; «Елең-алаң», 1984; «Мартовский снег», 1985; «Плеяды-созвездие надежды», 1987; «Заманмен сұхбат», 1994; «Азаттықтың ақ таңы», т.б.) [1] оның ойшыл суреткер қаламгер екендігін дәлелдеді.

Жазушының шығармаларында дала келбеті, ондағы көшпелілер ұрпақтарының мыңжылдықтар бойы қалыптасқан адамгершілік, амандық, батырлық-жауынгерлік, момындық, көнбістік, кеңпейілділік, т.б. қасиеттері анық байқалып тұратын адамдар тұлғалары даралана бейнеленген. Әрбір туындысының мазмұны мен пішін ауқымында адам жан әлемінің сан алуан сырлы толқыныстарынан, тебіністерінен құралатын ішкі сезім құбылыстарының табиғи бітімін, сипатын романтикалық сарынмен, лирикалық-психологиялық сыршыл тереңдіктерімен қамтып жазуы арқылы жеке адам мен қоршаған жаратылыс тұтастығын бейнеледі.

Жазушының шығармаларында әрбір саналы тіршілік иесіне тән ішкі толғаныстардың жақсылығы мен жамандығы жағаласқан екіұдай көңіл-күй әуендерінің тоғысуы, қарама-қайшылықты тіршілік қозғалысындағы қасиеттер қақтығыстары және үйлесімді үндестіктері, т.б. сан алуан ерекшеліктері кешенді сипатымен қамтылған. Бұл – суреткер қаламгер Әбіш Кекілбаевтың философиялық дүниетаным әлемін аңғартатын басты ерекшелік.

Қаламгердің шығармаларында көшпелілер мәдениетінің дәстүрлі көріністері, ұлттық-этнографиялық сипаты мол қамтылған. Дала кеңістігіндегі

көшпелілердің еңбек, шаруашылық кәсіп түрлері, қазақ тұрмысындағы жыл мезгілдері, қоныстар (той, ас өткізу, айт), би-шешендердің, ел ағаларының халық ортасындағы ақылшы-тәлімгер, ұстаз тұғырындағы қызметтері тарихилық поэтикасы заңдылығымен суреттелген.

Суреткердің туындыларында пейзаждық көріністер, қазақ даласындағы жыл мезгілдерін (көктем, жаз, күз, қыс) табиғи болмысымен айқындау, айшықтау, құбылту, ауыстыру, т.б. көркемдік қолданыстарында бейнеленген. Табиғат құбылыстарының адам мен басқа тіршілік иелерімен (төрт түлік, аңдар, құстар, т.б.) тығыз байланысты өмір заңдылығын көркем шындықпен суреттеген. Мысалы: «Шаңылтақ көктем. Қыста қар көріп жарымаған жабыраңқы шөл көзінді қажытады. Жүзген мен сексеуіл әлі бүр жармапты, сояу қалпы. Төңірек түгел мүлгіп тұр. Дөңкиген шағылдар да, тыртық құм бұталары да ғұмыры қыбыр-қимыл көрмегендей, жер тістеп жатып алыпты» [2, 15-б.].

Жазушының «Аңыздың ақыры» романында эпикалық баяндау сарынындағы композициялық өріліммен дара, шексіз билік иесі болуы үшін өзінің бүкіл күш-жігерін, дарын-қабілетін, амал-айласын жүзеге асырған Әмірші бейнесі сомдалған. Романның идеялық-композициялық түйіні – бүкіл өмірі шексіз билікті иемденуге жұмсалған, өзін бүкіл адамзаттан артық санаған адамдардың сол ұстанымы, олардың мейлінше ұсақтауы, ең төмен сапалы тіршілік иесіне айтылғандығының көрінісі екендігін дәлелдеу. Бұл – өмір философиясы. Романға арқау болған желі – Темірланның тоқалы болған Бибіханым салдырған Самарқандағы махаббат мұнарасы арқылы қаталдыққа қарсы өз сезімін қарсы қойған, ханшаға ғашық жас шебердің қылығы ханшаның тілінен бал тату туралы ақыры орындатқан шебер мұнараны салуда өз сезімінің сұлулығына, биіктігіне баламалап білдіреді, сол қылығы үшін дарға асылады. Ойшыл суреткер Әбіш Кекілбаев жас шебердің қайсарлығы арқылы қаталдықтың, шексіз биліктің ызғарынан ықпайтын адам сезімінің рухани қуаттылығын дәлелдеген.

Әлем өркениетіндегі ғылыми және көркем ойлау тұтастығын, ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі тіршілік болмысын қамтып түсіндіретін ғылым-философия. Адамзат ұрпақтарының пайда болуынан бастап, мыңдаған жылдар бойы өзара үндес, ұқсас, сонымен бірге қарама-қайшылықты, үйлесімі күрделі құбылыстар, заттар, қасиеттер, оқиғалар, жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар т.б. алуан түрлі тұтасқан жағдайлар – бәрі де осы ой ғылымы арқылы түсіндіріледі.

Қазіргі заманғы ғылыми бағалауда ғалым М. Сәбиттің анықтамасы бұл ғылымды әлемдік және ұлттық дүниетаным сабақтастығы заңдылығымен түсіндіреді:

«Философия (грек – сүйемін, даналықты бағдарлайды) – қоғамдық сана формасы; болмыс пен танымның қағидалары; адам мен әлем қатынасы, табиғат, қоғам, ақыл-ой дамуының жалпы заңдылықтары жайлы ғылым. Философия әлем, ондағы адамның орны туралы көзқарастардың жалпыланған жүйесін пайымдауды; адамның әлемін танымдық, құндылықтық, саяси-әлеуметтік,

адамгершілік, ақылақтық, эстетикалық қатынасын зерттейді. Дүниетанымның теориялық негізі ретінде философия адамның өмірлік мақсат-мүдделерімен, тіршілігімен байланысты» [3, 194-б.]

Жазушының шығармасындағы кейіпкерлердің өздерінің жан ділі әлемін серпілдіру үшін түркі дәстүрімен аңшылық сапарға шығуы да халықтық релистік өмір шындығы сипатын аңғартады:

«Үйір-үйір аңшы иттер, тазылар, садақшылар, әміршінің қарақұрым жеке нөкері, аспаздары мен қызметшілері, аң үркітетін кернейшілері мен дабылшылары ұзын шуақ керуен астанадан шығып, ту-ту көз ұшында еміс-еміс көгеріп жатқан зеңгір тауларға беттеді. Бір күншілік жол жүріп керуен тауға да жетті. Сарай адамдары, әкімдері, қолбасшылар, әмірші әулеті ақар-шақар шыңдардың арасынан арсы-гүрсі құлайтын жойқын өзеннің бойындағы ну жынысты қойнауға шатырларын тікті...»

Қызылды-жасылды керуен, жүзіктің керуен өткендей сүлік сәйгүліктер, бес қаруды беліндегі сәнді саптар баяғы бір шарасына толып шалқап жүрген дәурендерін еске түсіргендей...Бәрі де сол ертең басталғалы тұрған аңшылық жайы. Ат мақтаған, ит мақтаған, құс мақтаған. Мергендіктерін салыстырып қызырақтасқан мақтан әңгіме» [2]. Бұл – ежелгі сақ, ғұн түркі өркениеті дәуірлерінен жеткен, кейінгі ғасырларды жоғалмаған дала мәдениетінің көріністері.

Жазушының «Күй» повесіндегі сюжеттік композициялық желілерде түркі ұлыстары (қазақ, түрікмен) арасындағы шапқыншылық қақтығыстар, жауынгерлік шайқастар мен ғана өмір сүруді ойлаған түрікмен (рубасы Жөнейіт, оның інісі Көкбөрі), қазақ (Дүйімқара батыр), адамдардың тыныштықтары аңсаған көңілдерін серпілтіп, сырлы әуенмен төгілткен күйші бәрі де тіршілік мәні мен қозғалысын өнер философиясы заңымен ұқтырады.

Суреткердің «Бәсеке», «Ханшадария хикаясы», «Шыңырау», «Бәйгеторы», «Бір шық жиде», т.б. повестері де түркі қазақ дүниетанымы кеңістігі аясындағы философиялық, психологиялық әуендермен жазылған. Тарихи тұлғалардың, деректердің көркем шындықпен өрнектелуіне дәстүрлі ұстанымдар жазушының қиялымен бүгінгі заманға үндес жаңғырған сипатымен бәйгеге қосатын ұлттық дәстүр шығарма арқауына алынған. Шығармада талай жарыста үздік келіп, нағыз жүйрік боп танылған Бәйгеторы тағдыры арқылы жазушы бірнеше философиялық түйіндеулер ұсынады: біріншісі – повестегі баптаушысы болғанда ғана шын сейістің атын танытатын шындықты еске алу арқылы тұлпардың, жүйріктің бәйге мәресіне үздік келе алатындығын дәлелдеу; екіншісі – бәйгеде оза алмаған сәттен бастап-ақ жұрт назарына мүлдем тыс қалып қоюын да жалған дүниенің шындығы екендігін ұқтыру. Қадірі кеткен бұрынғы жүйріктердің ақыры кез-келген наданнан таяқ жеп, мүгедек болатыны да тапал сараның Бәйгеторыны басынан ұрып, бір көзін ағызып жібергенімен-ақ мегзелген.

Қорыта айтқанда, суреткер, ойшыл қаламгер Әбіш Кекілбаевтың шығармалары-жалпы адамзатқа ортақ өмір философиясының қарама-

қайшылықтарын да, үндес, ұқсас қасиеттерін де, құбылыстарын да кейіпкерлер тағдырлары арқылы қамтыған рухани құндылық қазынасы. Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев шығармаларын жалпы адамзаттық және ұлттық философиялық дүниетаным тұтастығын танытатын классикалық мұра тұрғысында бағалаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 392 б.
2. Кекілбаев Ә. Шыңырау: Роман және повестер. – Алматы: Жазушы, 1982. – 456 б.
3. Қазақстан: ұлттық энциклопедиясы / Бас редактор Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 9 том. – 688 б.

А.С. Ісімақова

*ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)*

АЛАШТАНУШЫ ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ар-ожданы» деген жоғары бағаны ғалымның 125 жылдық мерейтойындағы баяндамасының атауына қойған еді.

Мемлекет қайраткерлері Алаш ғалымдарының ғылыми еңбектері қайта оралғанына да биыл 30 жылдан асты. Содан бері бұл ғылыми мұраны қабылдау екі түрлі болып келеді. Біреулер күні бүгін Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ескірген, біздің ғылым одан әлде қайда алға кетті деген пікірден әлі жалыққан емес. Бұл қауымның ниетін де түсінуге болады. Оның негізі – кеңестік кездегі тілтану мен әдебиеттанушы ғалымдарының зерттеулері екінші кезекке түсіп қала ма деген пендешілік. Тәуелсіздік кездегі әдебиеттану саласында Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-теориялық тұжырымдары қазір қажет пе деген пікір-талас жалғасып келеді.

Ғалымның тілтанулық, әдебиеттанулық пән сөздерінің (терминдер) атын атамай пайдаланып келген аға ұрпақтың ішінде М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров, Т.Шонанов, Е.Поливанов (1927), С.Сейфуллин, Н.Яковлев (1928), А.Н.Самойлович, А.Кононовпен қатар А.Байтұрсынұлының ғылымдағы реформаторлық қызметін тәуелсіздік кезде мойындағандар: Б.Кенжебаев, К.Нұрпейсов, М.Қозыбаев, М.Қойгелді, Ш.К.Сәтбаева, Р.Нұрғали, З.Қабдолов, З.Ахметов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Сыздықова, Ө.Айтбай, С.Дәуітұлы Ж.Ысмағұлов, Ө.Әбдиманұлы, Қ.Сәрсекеев, Д.Досжан және Ә.Кекілбайұлы екен.

А.Н. Самойловичтің «Байтұрсынов является первым выдающимся казахским ученым-лингвистом. Он реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы» [1, 144 б.] деген пікірін тәуелсіз кезде алғашқы болып қазақ тілінде айқындап берген де Ә. Кекілбайұлы.

Тәуелсіз кездегі қазақ әдебиеттануындағы алаштану мәселесіне зор үлес қосқан бұл зерттеу жоғарыда аталған халықаралық ғылыми конференцияда оқылған Алаштанудың негізгі ұстанымын айқындап берген сол кездегі мемлекеттік хатшы Ә. Кекілбайұлының «Ұстаз ұлағаты» атты баяндамасы. Күні бүгін Алаш ғылымын мойындамай келе жатқандарға бұл зерттеу осыдан 16 жыл бұрын ғылыми негізделген тойтарыс беріпті («Егемен Қазақстан» – 1998, 15 қазан).

Қазіргі ғалымдардың ішінен Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін мойындап, бірақ кезінде атын атай алмай өттік деп кешірім сұрағандар академиктер З. Қабдолов, З. Ахметов, Р. Нұрғали еді.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымында ерекше орын алатын Ә. Кекілбайұлының еңбегінің мәні неде? Ел егемендігін аңсаған ғалымның мұрасын біз қалай қабылдауымыз қажет?

Тәуелсіздік кездегі алаштанудың негізгі шарттары осы зерттеуде орын алған, сондықтан еңбекті қайта бір саралап шығу – қазіргі алаштанудың негізгі концепциясын тағы бір анықтап алуға мүмкіншілік береді.

«Біз бүгін қилы заманда туып, қиямет кешіп, мерт тапқан ғазиз жанның атын ардақтап, аруағын ұлықтауға жиналдык». Зерттеудің алғашқы сөздері тәуелсіз кездегі ары таза қазақтың перзенттік парызын осылай о баста айғақтап алады.

Алаштың мұрасын тану бүгін бізге не үшін қажет? Ол туралы Ә.Кекілбайұлы былай депті: «Құдайға шүкір, қазақ даласы қай заманда да ондай марқасқаларға кенде болмапты. Солардың ішінде дәл осы ғасыр басындағы аңтарылыста жұртына жоралылық көрсете алған жолбасшы топтың өмірі мен өнегесі біз үшін тым қымбат. Өйткені, ол ұрпақ пен бүгінгі ұрпақ, түптеп келгенде, бір арқанның екі ұшын ұстап тұр. Ол – ХХ ғасыр деп аталатын қазіргі жер басып жүрген ұрпақтардың барған сайын ширыға түскен шытырман тіршілігінің арқауы» [2, 81-82 бб.].

А. Байтұрсынұлы ұлт тәуелсіздігі үшін қандай үлес қосты? Ол өзі қандай тұлға? Осыған байланысты Ә. Кекілбайұлы былай дейді: «Ол – кесекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер. Кеменгер... Сондықтан, қалыс қауымды алысқа озып кеткен өркениет көшіне жетелеп апарып іліктіруге тәуекел ету үшін елден ерек ержүректік керек еді. Біз сөз еткелі отырған адам да сондай сирек сүлейлердің сойынан-тұғын. Оның азаматтық тағдырының қаншалықты арасат қиындықтарға толы болғанын аңғару үшін ұлттық тарихпен шектелмей, ғалами тарихқа көз жүгіртуге тура келеді» [2, 82 б.].

«Құбылмалы дүниенің құйқылжыма ықпалымен өніп-өрбу қажеттігі сананы қалыптастырыпты», – дейді Ә. Кекілбайұлы. Бұл тұжырым ұлттық мемлекеттің

пайда болуына байланысты айтылған. Ә. Кекілбайұлы алаш әдебиетшілері сияқты әдеби мәселені қоғамдық, әлемдік деңгейде қарастырады. Ұлттық мәдениет пен ғылымды аталған ғаламдық контексте қарастырады: «Күллі адамзатқа дүниежүзілік соғыстар мен әлеуметтік революциялар ахуалы күштеп таңылды. Оны біреулер өркениет қамын, екінші біреулер езілген тап мүддесін көздегендік деп түсінді. Шын мәнінде, жер бетіндегі халықтардың көбіне ұлт ретінде жойылып кету, мемлекеттерге – тәуелсіздігінен айырылу қаупі төнді. Бұған төтеп берудің жалғыз жолы – өркениеттің жаңа жетістіктерін өз еркінмен меңгеріп, халықаралық тиімді еңбек бөлісуге тікелей қатысуға тезірек жетілу еді. Мұндай жағдайда біреулер дүниежүзілік соғыстарға бой алдырса, біреулер – ұлт-азаттық қозғалысын қоздыруға мәжбүр болды» [2, 83-84 бб.]. Осы тұста тәуелсіз кездің саясаттанушысы Ә. Кекілбайұлы қазір қажет келесі пікір берген: «Өйткені, өзінде бар экономикалық ресурсты басқалармен тиімді бөлісіп, өркениет игілігіне қол жеткізу үшін, сол арқылы өз отандастарының саяси-экономикалық мүдделеріне жауап бере алатындай кемелді дамуға ие болу үшін, ең алдымен, ұлттық езгіден арылу, мемлекеттік дербестік пен тәуелсіздік керек еді. Алайда, оза дамыған дүниенің идеологтары азды-көпке, әлсізді күштіге біржолата жығып беру арқылы жаһандық жарастыққа тезірек жетуге болады деп санады. Жарастықтан гөрі үстемдік көбірек күйттелді.

Бірақ, бұл қай жақ, қай тап үшін де аса қауіпті ахуал еді. Өркениетті – жалпыадамзаттық құндылық деп қарамай, оның белгілі бір бөлігінің басы-байлы монополиясы деп ұғатын жаңсақтықтан түбегейлі арылмай, аздың да, көптің де, әлсіздің де, күштінің де құлағынан қиқу кетпейді» [2, 84 б.]. Бұның бәрін Ә.Кекілбайұлы қазіргі қазақ даласының жағдайын ойлаған алғаш Алаш саяси элитасының қалыптасуына себеп болғанын анықтау үшін ғана емес, қазіргі тәуелсіздіктің де негізгі ұстанымы ретінде айғақтап береді.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары қандай еді? Ол туралы былай делінген: «Оқығандар шашыранды жұрттан шыққандықтан бас қосып, күш біріктіруге құлықты емес еді. Мұндай жағдайда әлгіндей тәуекелге бел байламақ түгілі, ол жайында ойланудың өзі ақылға сыймас батылдық еді. Соған айдаладағы ауыл мұғалімінің қалай жүрегі тұрғанына қанша таңғалсаң да көптік етпейді. Бұл жағынан келгенде, Ахмет Байтұрсынов – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» [2, 85 б.]. Осыдан 12 жыл бұрын замандасымыз Ә. Кекілбайұлы тәуелсіз кездегі Алаш атынан ұлт ұстазына өз бағасын осылай береді.

Сол жылы қозғалған менің докторлық диссертацияма жазған пікірінде бүгінгі бір академик ағамыз: «А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – оқулық қана, филология ғылымы одан баяғыда алға кеткен. Ол ескірген мұраны сонша насихаттау дұрыс емес», – деп еді. Бір кезде айтылған екі түрлі пікір, екі түрлі ниет. Ә. Кекілбайұлы осындай замандастарының пікірін ескеріп отырғандай былай депті: «Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де, бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер».

Ә. Кекілбайұлы осылардың ішінен А. Байтұрсынұлын бөліп алады. А. Байтұрсынұлы неге ұлт ұстазы атанды? Ол туралы былай делінген: «Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынов оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді.

Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынов ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иассауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді. Оның үстіне, бұлардың ешқайсысы да Ахмет Байтұрсыновтың рухани қалыптасуына тікелей әсер етті деу тым асыра айтқандық болар еді. Ол кезде жұрттың көбі Фараби мен Иасауидің заты түгілі, атына қанық емес еді.

Шоқан Уәлихановтың атына қанық қазақ оқығандары еңбектерімен соншалықты таныс емес еді. Ал, Абайдың атына да, затына да Байтұрсынов тым беріде, өз таңдауын жасап, сол үшін айыпты боп, Семейге ауып барған кезде қанығыпты. Ал бала жасынан жақсы білетін Ыбырай өнегесінің жаңа кезең жағдайында жеткіліксіз екендігіне бастапқы жылдары-ақ көзін жеткізіп үлгерген-ді» [2, 85-86 бб.]. Бұл ғылыми мәселе осылай қойылғанымен әдебиеттануда әлі арнайы зерттелген жоқ.

Осы ретте әдебиеттанушы Ә. Кекілбайұлы тарих тұрғысынан қазақ даласындағы рухани дәстүрдің үзілмегенін қазіргімізге қажет етіп келтірген. Кеңес кезінде әл-Фараби есімі аталғанымен күні бүгін одан үркіп жүргендерге Ә. Кекілбайұлы былай депті: «Біз бұл арқылы рухани дамуымыздың ойдағыдай өрістеп кете алмауының себебі тарихи сабақтастықтың қайта-қайта үзіліп қала беретіндігінен, соның салдарынан әрдайым тыңнан бастап, өткендер біліп үлгерген ақиқатқа қайтадан өз күшіңмен жетуге тура келетіндігінен, сүйтіп, көп күш-жігердің босқа сарп болатындығынан екенін айтқымыз келеді» [2, 86 б.].

А. Байтұрсынұлының жоғарыда аталған киелі ата-баба жолындағы орны қандай? Ол туралы былай делінген: «Алайда, бұдан Ахмет Байтұрсынов алдыңғылар салған соқпақты қайта шиырлап шықты деген қорытынды тума-са керек. Ол – ешқандай атланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген, көрген. Ол, бар болғаны алты-ақ жыл оқыпты. Екі жылын Торғайда, төрт жылын Орынборда оқыпты. Екеуінде де өз заманының интеллектілік өрісін толық таныта алған ордалы оқу орнын, өнегелі ұстаздар ортасын көре алмапты» [2, 86 б.]. Бұл күні бүгін А. Байтұрсынұлы «біз сияқты университет бітірмеген, оған ғалымдық қайдан келді» дегендерге берілген жауап.

Сонда А. Байтұрсынұлының жанына қандай күш әсер етті? Оның асыл жүрегі нені армандап, өзіне қандай мақсат қойды? Ғалымдық оған, әрине, әуелі

Алланың бұйрығымен берілді. Одан кейін Ә. Кекілбайұлы айтқандай: «Ендеше, Ахмет Байтұрсыновтың ендігі тағдыры қыл үстінде тұрған халқының қамын ойлап, жанкешті жолға түсу мен азаматтық кемелділіктің мұншама шырқау биігіне көтерілуінің сырын тек тумысынан ерек қабілет пен абзал жүрекке ие азаматтың айрықша ыждаһаты мен мігірсіз ізденістерінен іздегеніміз орынды. Ол бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына түрткі болды. Бір өлеңінде ол: «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, бітпейтін жүрегімде бар бір жарам, алданып жегеніме оны ұмытсам, болғандай жегенімнің бәрі харам» [2, 86 б.], – деп жазды».

Бұл қазіргі әр қазаққа қажет үлгі. Қазіргі Алаш ұрпағы тәуелсіздікті көгерту үшін әрқайсысы азаматтық таныту керек.

Ата-бабамыздан келе жатқан қазақ үшін қасиетті сөз бар. Бұл туралы Ә.Кекілбайұлы: «Сол бір найзадай түйрелген намыс сөзі көкірегіне мәңгі-бақи қадалып қапты. Оқуға аттандырған да намыс. Оған қанағаттандырмаған да намыс. Елің теңелмей тұрып, өзің теңелмейтінінді ұқтырған да намыс. Жат оқудың жады пиғылын аңғартқан да намыс.

Көршілес екі халықтың мәдениеттері үзбей байланыста болуы нәтижесінде әлсіз әлдісінің ықпалына жығылып, бастапқы айырмашылықтарының бәрінен айырылып, ақыр соңында бір ұлтқа айналады дейтін қисын бел алып кетпей тұрғанда, апаттың алдын алу жолында аласұртқан да намыс. Әрі мәдениетке жетілу, әрі өз қалпынан айырылып, өзге болып кетпеу сияқты аса шытырман мәселенің төңірегінде ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгірткен де намыс» [2, 87 б.]. Бұл Алаш ғылымына бүгінгідей күмәнданып қарайтындарға қаратып айтылғандай. А. Байтұрсынұлының өзімен сырласқандай Ә. Кекілбайұлы қазіргімізге қажет ата-бабаның тектілігін осылай алға тартады.

Заман мен саясиланған кеңес қоғамы қолын байлаған кезде ер азаматтың қолынан не келеді? Ар-намысын қара басының пайдасын ғана ойлаумен шектемеген А. Байтұрсынұлы туралы осы ретте былай делінген: «Ендігі жол – үкіметтің емес, халықтың өзінің көзін жеткізу еді. Елді түзеудің баланы оқытуды түзеуден, ұлт болудың қазақша оқуды жолға қоюдан басталатынын ұғындыру еді...

Ұлт тізгіні ұлттың өзіне тимей тұрып, ұлттық даму жүзеге аспайтынына көзі біржола жеткендей болды. Енді бостандық жолында ашық күресуге тура келді. Жоғарыда келтірілген бір шумақ өлең де сонда жатып анасына жазылған хаттан алынған-ды. Демек, дәл сол кезде баяғы он үш жасында жүрегіне қадалған оқ ақыр аяғында ұлттық тәуелсіздікті көксейтін айықпас дертке айналды. Нені бастап, нені қолға алса да, сол өзек күйдірген арманнан бастау алатын еді» [2, 88 б.]. А. Байтұрсынұлы туралы тәуелсіздік кезде көп көпірме сөздер айтылды. Бірақ тура Ә. Кекілбайұлы сияқты жанымен, рухымен түсіну әлі де сирек.

Тәуелсіздік кездің әдебиеттанушысы Ә. Кекілбайұлы А. Байтұрсынұлын дарындытұлғадеп санайды: «Бұларарадабасынаша кететін бір жәйт бар. Байтұрсынов ықыласы ауған қай салада да ең үлкен беделге ие болды. Әдеби мұрамызды

жазуда, зерттеуде, насихаттауда арғы-бергі айтулы шығыстанушылармен қатар тұрады. Өнер мен мәдениет теориясын жасақтауда күллі түркі дүниесінде ең бірінші боп батыл қадамдарға бара алды» [2, 88 б.]. Бұл өнертану мен мәдениет, әдебиет теориясын жасап шыққан А.Байтұрсынұлына берілген тәуелсіз кездегі ғылымның әділ бағасы. А.Байтұрсынұлының әдебиеттану мен қазақ поэзиясындағы Т.Шонанұлы, М.Дулатов, Е.Омаров, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Қ.Мұқамедханұлылар Абай шәкірті деп анықтап берген қасиетті орны туралы былай делінген: «Оның «Әдебиет танытқышы» енді қаз тұра бастаған көбен әдебиет түгілі, әлем мойындаған кемел әдебиеттің өзіне де көрік қоса алатын сүбелі еңбек еді. «Маса» мен «Қырық мысал» өткелекте тұрған ұлт өмірінің ең зәру мәселелеріне ең дәру жауаптар іздеді» [2, 88 б.]. Бұған дәлел қазіргі ресейлік ғалымдар мойындап отырған А. Байтұрсынұлы мен М. Бахтинның әдебиет пен мәдениет теориясының негізгі ұстанымдары, екі ғалымға ортақ қоғамдық ғылымды ізгілікті ғылым саласы ретінде ғаламды тану жүйесімен бірлікте қарастыру.

«Маса» мен «Қырық мысал» қазақтың күні бүгін келе жатқан ұлттық мәселелеріне арналған саяси астарлы азаматтық лирика үлгісі.

XX ғасыр басында А. Байтұрсынұлы өзі атауын қойған көсем сөз жанр ретінде қалыптасты. Бұрын жырау мен ақын сөздерінде орын алған бұл жанрлық түр тұңғыш рет өз ресми құқықтық атауын А. Байтұрсынұлынан алды: «Ол бұрын ұтқыр да өткір шешен сөзге ғана құлақ асып қалған жұртшылыққа енді істің байыбына барып, мәселенің мәйегін аршып, еліктіре сөйлеудің орнына ежіктей сөйлейтін шынайы көсем сөздің үлгісін көрсетіп берді» [2, 82 б.] – дейді Ә. Кекілбайұлы.

А. Байтұрсынұлы елдің көзін қалай ашты? Ол туралы Ә. Кекілбайұлы былай дейді: «Ағарту ісінде көп мәселеде әлемдік тәжірибеден алға оза әрекеттенді. Көп халықтарда енді талқылана бастаған жәйттерге ол сонау ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтты. Кейінгі тәжірибе оларды дұрысқа шығарды» [2, 89 б.].

Қазіргі ғалымдарының көбі күні бүгін қимай отырған шындықты Ә.Кекілбайұлы осыдан 12 жыл бұрын айтып беріпті: «Қазақ тілінің дамуына жер жаралып, су аққалы бергі қалған қазақтың қосқан үлесі бір пара да, Байтұрсыновтың бір өзінің сіңірген еңбегі бір пара. Сол арқылы түркітануға да келелі үлес қосты. Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тіл ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ұлттық тіл біліміне түпкілікті темір қазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны таңданбасқа болмайтын жәйт. Кейде, шіркін, сол сабаз қазір тіріліп келсе ғой дейсің. Бізге ұят болғанымен, ең үлкен мәртебеге енді ие боп, соны әлі дұрыстап игере алмай жатқан сорлы қазақ тілінің сауабына бір қалар еді-ау деп ойлайсың» [2, 89 б.]. Кім біледі? Доктор, академик емессің деп қазіргі ғылым басындағылар бұған жол берер ме екен?

Осы тұста Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлының кәсібилік деңгейін нақтылап береді. Сонымен қатар, қазіргі тіл тануға үлгі боларлық мысалдарына назар аударады: «Бір ғана «ш» дыбысы мен «ш» әрпіне қанықтыру үшін: «мынау сорлы шал, бойына назар сал, сақал-шашы ақ; қайраты шак; баладан ада, қарадан таза; ауқаты – шабақ, сусыны – шалап, аяқта – шарық, қатқан аш, арық, шабақтан, шалаптан болсын ба қарық?» – деп, әлеуметтік тұрмыстың күллі бір эпопеясын көз алдыға көлденең тартатын, тіл таныта отырып, тіршілік танытатын әліппелері, «бақ-бақ еткен текені қыс келгенде көрерміз, батырсынған жігітті іс келгенде көрерміз», «кісі бір көргенде бұлан, екі көргенде құлан, үш көргенде адам», «ексең егін, ішерсің тегін», «түбі бірге түтіспейді», «ойнандар, ойлаңдар» деп жататын тіл ашарлар, шіркін, салт өзгеріп, сана өзгеріп жатқан қазіргі заманда да көптеп шықса ғой» [2, 89 б.]. Қазақ тілін таныту арқылы ұлтты таныту мәселесін Ә.Кекілбайұлы осылай еске салады. Бұл мойындау ғана емес, А.Байтұрсынұлының мұрасының тәуелсіз кездегі қажеттілігін айқындап беру. Қазіргі қазақ тілін таныту осыларды іске асырумен жалғасса ғой... Қаншама жалған оқулықтардан арылар едік. Осыған орай Ә.Кекілбайұлы бүгінгі ғылым алдындағы мәселелерді де атап өткен: «Ахандар қазір арамызда жүрсе, баяғы «Қызыл әскер тіл ашары» сияқты «Кәсіпшінің тіл ашары», «Іскерлік тіл ашары», «Тәуелсіздік тіл ашары», «Демократия тіл ашары», «Әділет тіл ашары», «Кеңсе тіл ашары», «Билік тіл жұмсары», «Кұқ әліппесі» қосылмасына, тілтану құралдары тіршіліктану, заңтану, адамтану, қоғамтану құралдарына айналмасына кім кепіл? Сондай мемлекеттік тілдің жолындағы талай психологиялық тосқауылдың өз-өзінен аласталмасына кім кепіл? Ал, осы ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынов та отбасында омалып қалған ана тіліміздің жоқ-жітігін айтып, күні-түні зарлап, қол қусырып қарап отырып алса, қазақ тілі мен ол туралы ғылымның әлі күнге кіндігі кесілмей, шырылдаған шарана халде жатпасына кім кепіл? Егер Ахмет Байтұрсынов осының бәрін сол кезде дүниеге келмек түгіл, әлі ешкімнің қиялына да келе қоймаған ұлттық мемлекет орнап, сол жасап берсін деп отырып алса, ұлттық мектеп, ұлттық баспасөз, ұлттық тілтану, елтану, өнертану, өзін-өзі тану бүгінге дейін болар-болмасына кім кепіл?» [2, 89-90 бб.]. Бұл қазіргі қазақ тілінің құқығы үшін дауласатындарға берілген жауап. Әр қазақ өзі нақты не қосыпты бұл іске? Ұрандап, байбалам салу уақытты өтті. Әрқайсымыз өз саламызда тәуелсіздік үшін не тындырдық деп есеп сұрайтын кез жетті.

А.Байтұрсынұлының ұлт тарихындағы орны қандай? Күні бүгін пейіліміздің тарлығынан айтылмай келе жатқан пікірді осыдан бір мүшел бұрын Ә.Кекілбайұлы беріпті: «Иә, Ахмет Байтұрсынов – ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, онан кейін де болған емес. Неліктен

ол мұншалықты жанкештілікке барып жүр? Бұның жауабын оның арман мен арпалысқа толы өмірінің ең шынайы шежіресі – өлеңдерінен ізделікші» [2, 90 б.]. Бұл әдебиетші Ә.Кекілбайұлының Алаш ақынының басты тақырыбын айқындап беруі. Әр ақынның өзіне ғана тән ішкі тақырыбы болуының сырын әдебиетші Ә.Кекілбайұлы осылай аңғартады.

Әдебиеттанушы Ә.Кекілбайұлы мемлекет қайраткері А.Байтұрсынұлының қалыптасу жолын оның поэзиясында айқындалғанын дәлелдеп шығады. Бұл тәуелсіз кездегі әдебиеттанудың үлгісі болатын әдеби мәтінді талдаулар: «Мақтағандықтан ба? Онда «Әзірге қолдан келген осы барым, қомсынып, қоңыраймай, құрбыларым, бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық, күн қайда үздік шығар топты жарып; бар болса сондай жүйрік, қызар деймін, естілсе құлағына дүбір барып: әйтпесе, арық шауып оңдыра ма, жүргенде қамыт басып, қажып-талып», – деп қайғыра қаймығар ма еді?

Масаттанғандықтан ба? Өйтсе: «Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ, жел соқса, құйын қуса жылжи беру, болғандай табан тіреу ешнәрсе жоқ; бұл күнге бүгін емес, көптен кірдік, алды-артын аңдамаған бетпен кірдік, жат жақты жаратқанға күзеттіріп, жақынмен ырылдастық, иттей үрдік... білдірдік елдің сырын, ердің құнын, еліріп ерегіске екі-үш күндік... кіреді тентек есі түстен кейін, мүшкілін халіміздің енді білдік...», – деп күйзелер ме еді.

Даңққұмарлықтан дейін десең, «Жанға көңіл қалып тұр, жан бұл күйге салып тұр; тәнге көңіл қалып тұр, тән шыдамай арып тұр; жұртқа көңіл қалып тұр, жұрт жалғанға нанып тұр; өтірік өрлеп, күшейіп, шын жеңіліп, талып тұр; жала деген төбеті балтырыңды қауып тұр; табалаған жаманның шаян тілі шағып тұр; жаны ашыған жақынның жасы көзден ағып тұр...», – деп айтқаны рас болса, кімге сеніп атақ іздейді, кімнен даңқ дәметеді» [2, 90 б.]. Бұл поэзия талдау үлгісі. Мағынасыз терминдердің қалай болса солай қолдануы емес, негізгі түпкі ойды анықтап алу. Өлеңдегі мағына мен түрдің үйлесуі осылай анықтала түседі. Абайдан келе жатқан мақтану, масаттану, даңққұмарлықтан аулақ болған шынайы поэзия сипаттары осылай айғақтала түседі. Ақынның өзін өзі атақ алуға ұсынуы деген сұмдықты біз бүгін ғана көріп келеміз.

Кезінде Т.Шонанұлы талдаған, бірақ қазіргі әдебиетшілер назарынан тыс қалған «Адамдық диханшысы» өлеңіне Ә.Кекілбайұлы жаңа баға беріп Т.Шонанұлының басты ойын жалғастырып тәуелсіз кезге қажет мазмұнды анықтап алады: «Сонда мұншама сарп болып сарсылуда не мән бар? Сүйтсе, мән бар екен: «Адамдық диханшысы қырға шықтым, көлі жоқ, көгалы жоқ – құрға шықтым; тұқымын адалдықтың шаштым, ектім, көңілін көтеруге құл халықтың»... «рахатсыз өтсе де өмір-жасым, бұл жөнімнен Құдайым айырмасын... шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар... шыққызбайтын жолында өрлер де бар... ел бұнымды білемін ұқпайтынын, көтермеге қалғанда шықпайтынын, шалыс басып аяқты жығылғанда, «жатқаныңнан тұрма» деп мықтайтынын ...мен өлсем де, өлемін жөнімменен, тәннен басқа немді алар

өлім менен, тән көмілер, көмілмес еткен ісім, ...ойлайтын да мен емес бір күнгі ісін, жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін...

Міне, гәп қайда?! Шын азаматты пендешілікке, шын ерді есерлікке жібермейтін де осы: ертеңге деген сенім; келешек алдындағы жауапкершілік. Ендеше, әңгіме әлі келе қоймаған бостандық, орнай қоймаған тәуелсіздік жайында болып отыр» [2, 91 б.]. Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлының аталған өлеңінде Абайдың асыл қағидасын жалғастырып кеткенін ғана аңғармайды («Тәннен басқа немді алар өлім менен, тән көмілер, көмілмес еткен ісім»...) Тәуелсіз кездің әдебиетшісі Ә.Кекілбайұлы бәрімізге қажет ұлттық мақсатты осылай алға тартады: «ел бүгіншіл, менікі ертең үшін».

Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлының ғалымдық, тұлғалық істерін қазіргі мемлекеттік деңгейден бағалайды: «Өйткені, басқа бір өлеңінде: «Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр? Кім шыдап жолдастыққа төзіп жатыр. Кешегі кеңшілікте керек қылған бостандық болмаған соң безіп жатыр» дейді. Осыған қарап-ақ, оның көп қырлы қызметінің қай саласына басым маңыз бергенін аңғарамыз.

Олай болса, Ахмет Байтұрсынов бірінші кезекте халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттілігі жөнінде жан аямаған күрескер. Бұлай болатын жөні де бар еді» [2, 91-92 бб.]. Алаш саяси тұлғаларының мемлекеттік істі ғалымдық, ақындық іспен ұштастыра білгені ғана емес, олар тәуелсіздік жолында қолынан келген амалдардың бәрін қолданған күрескерлер екені осылай анықталады.

Әдебиеттану ғылымы күні бүгін әр жазушының шығармашылығын тектік түрлерге бөліп қарастырады. Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлының өлеңдерінің азаттық рухы ақының көсемсөзімен тікелей байланысты екенін аңғартады: «Бұндай тұста ағартушылықты тек сауат ашумен шектемей, ең алдымен заман танытуға бағыттау керек болды. «Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана қайғы кіре бастады, басқа келген нәубәттің қайдан келген, кімнен болғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпеледі. Қазақтың өкпелеуінің жөні бар ма, жоқ па?», – деп толғанады бір мақаласында Ахмет Байтұрсынов. Бұл жайында толғана-толғана келген қорытындысы «Өзімізге өкпелемесек, өзгелерге өкпелер рет жоқ... Өткен өтті, іздегенмен таптырмайды, қуғанмен жеткізбейді... Ендігі әңгіме, өткенді көксемей, сары уайым сала бермей, сағым қуып, сандала бермей, шалажансарланған шаруаны түзету... Жеке кісі түгілі, жалпақ ел – заманның бұйда лап жетектеген түйесі» [2, 92-93 бб.].

Бұл да Ә.Кекілбайұлының қазіргі замандастарына қаратып айтқаны.

А.Байтұрсынұлының жүз жыл бұрынғы айтылған тұжырымының Ә.Кекілбайұлы тәуелсіз кездегі қазақ үшін қажет екенін осылай айғақтап алады: «Бұдан бүгінгі біз үшін шығаратын қорытынды: тіршіліктің үйреншікті үрдісін заманға лайықтап түбегейлі жаңғыртпақ шарт... Ұлттық сананы заманға лайықтап қайта қалыптастыруға жұрт боп жұмылмақ шарт.

Өйткені, біз өкпеледі екен деп, өз өзегін үзіп бере қоятын, бопсалады екен деп болатынды болдыртпай қоятын заман бәрібір жоқ» [2, 93 б.].

Қазіргі қазақ үшін не қажет екені туралы ойын Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлы пікірімен түйіндейді: «Әркім өзіне керегін күйттейді. Көптің керегін әркім өз шаруам деп емес, біреудің шаруасы деп санайды. Ол үшін біреулерге өкпелеп, біреулерді сынайды. «Қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып толықпақшы. Іс қолынан келмейтініне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр... Алға басып жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмау үшін біз білімді, һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», – деп ренжиді Ахмет Байтұрсынов» [2, 94 б.]. А.Байтұрсынұлының саяси ұстанымдары бүгін де ұран болуға әбден лайық екені осылай анықтала түседі. Ұлт жұмысы бәрімізге ортақ мүдде. Әр қазақ осы жолда нақты іс тындыруы қажет. Бірлігі бар ел ғана күшті бола алады.

А.Байтұрсынұлының көсемсөзінен Ә.Кекілбайұлы қазіргі қазаққа қажет ел бірлігі ойын осылай алға тартады: «Байтұрсынов бөліне-жарылушылық атаулыға атымен қарсы боп, бәрін де ұлттық жаңарысқа жұмылдыруға тырысты. Ол өтпелі кезең жағдайында кездеспей қалмайтын дәстүршілік пен жаңашылдық тайталасында жаңаруды жақтады. Жаңару жаппай жұмылмаса жүзеге аспайды. Жиғанды – тойға, білгенді дауға шашып, ауыз бірікпейді. Олжалы жердегі үлес пен жоралы жердегі жол да тек білімдіге ғана емес, біріккенге бұйырады. Ұлт мүддесі – үлкен міндет. Үлкен іске көп кісі керек. Көпті күшті билік жияды. Өз ісің өз билігіңді өз қолыңда бекем ұстай алсаң ғана өнеді. Ол үшін ұлт әуелі өз ахуалын өзі терең түсініп, оны түзетуді бірлесе ойластырып, бірлесе қамдастырмақ шарт. А.Байтұрсынов жан-жақты әдеби-ғылыми шығармашылығы мен ұстаздық-қоғамдық қызметін – қандастарына осыны терең ұғындыруға арнады. Бұл оның ұлттық мемлекет билік жолындағы жүйелі күресіне керекті білім, тәжірибе, бедел жиып бере алды» [2, 95 б.]. Бұл тәуелсіз кездегі басты көзқарас: ұлт мүддесі жолында ел болып бірігу.

Алаш тұлғалары неге қара басының ғана қамын ойламаған? Ол туралы Ә.Кекілбайұлы былай дейді: «Байтұрсынов басшылығындағы «Қазақ газеті»: «Мұндай лайсаң заманда закон жоқ, жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші мал-мүлкімізді талауға бермеске, үшінші осы лаңның ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етуге керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы», – деп дабыл қақты. Құдайдан басқадан қорықпай, бұрынғы айтыстарды ұмытып, халық бірлігін нығайтуды бірінші кезекке қойды. Сонда ғана ұлт тізгіні қолға ілігіп, оны бекем ұстауға болатынын ескертті» [2, 96 б.]. Соңғы сөйлемдерде тәуелсіз кездегі саясатшы Ә.Кекілбайұлының пікірі анық аңғарылады. Ел бірлігі болмай, ел көсегесі көгермейтіні осылай айғақтала түседі.

XX ғасыр басындағы қазақ даласы төртке бөлінгені туралы қазіргі саясаттанушы Ә.Кекілбайұлы былай дейді: «Сібірдегі Колчак үкіметі либералдықтан

гөрі таза монархиялық сипат танытты. Семейдегі Алаш үкіметін жаптырды. Түркістан автономиясында аз ұлттардың өзара қырқысы қоздады. Ондағы Уақытша үкімет басшылары Мұхаметжан Тынышбаев пен Мұстафа Шоқай елден аластатылды. Батыс Алашорда мен дутовшылар мәмілесі де ұзаққа бармады. Большевиктер үстемдігі тарихи шындыққа айналды. Ұлттық автономиядан не атымен қол үзу, не большевиктермен келіссөз жүргізу керек болды. Бұған дейін автономия төңірегіндегі кереғар пікірлерді үйлестіруге үнемі ұйытқы боп келген Ахмет Байтұрсыновқа бұл міндетті өз мойнына алуға тура келді. Ағарту ісіндегі, әдебиет пен ғылымдағы, әлеуметтік қызметтегі табандылығы, білімдарлығы, бірлікшілдігі арқасында түрікшілдердің де, орысшылдардың да, қазақшылдардың да, либералшылдардың да, тапшылдардың да алдында үлкен беделге ие айтулы қайраткермен келіссөзге большевиктер де пейіл болды» [2, 97 б.].

«Алаш» партиясы, Алаш Орда мемлекеті қазіргі тәуелсіздік үшін қандай міндет атқарды? Осыдан 20 жыл бұрын ол туралы анық айтқан Ә.Кекілбайұлы екен: «Кейін біздің егемендік алып, тәуелсіздік жариялауымызға да сол бір жанқиярлық пен жүзеге асқан жағдай бірден-бір құқықтық негіз болды» [2, 98 б.]. Бұл да есте сақтайтын нақты тарихи дерек.

Сауатты адам өз ұлты үшін қандай қызмет атқара алады? Осы тұста оған кімдер үлгі бола алады деген сауалға Ә.Кекілбайұлы былай депті: «Ахмет Байтұрсынов өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартыстан аулақ тұрып, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етті. Кеңес үкіметімен мәмлеге де сол үшін барды. Ақ пен қызылға бөлініп, бір-бірін бүріп тастағалы тұрған үзеңгілестерін аман сақтап қалғысы келді. Бай мен жарлығы бөлініп, барынан айырылып қалғалы тұрған халқының ұйытқысының бұзылмағанын көздеді. Патша кезінде де жан аямай қолға алған ағартушылық реформаны жаңа жағдайда жалғастыра беруге тырысты. Сол үшін де ағарту комиссары болуға келісті. Сол арқылы ұлттық оқу-білім, мәдениет, өркениетті дамыту ісіне ешқашан естен шықпастай мәңгілік үлес қосып үлгерді» [2, 98-99 бб.]. Алаш тарихын зерттеген академик К.Нұрпейісов осыған байланысты А.Байтұрсынұлының кеңестік академиялық орталықтың төрағасы болғанын ұлттық ғылым академиясының басы деп айқындап беріп еді.

Кеңес өкіметі неге алашты жоюды өзіне басты мақсат етіп қойды? Кеңестік саясаттың шын пейілі туралы Ә.Кекілбайұлы былай дейді: «Бірақ, тапшыл идеология өліара кезең өткен соң түбегейлі үстемдікке ұмтылды, кешегі уәделер ұмытылды. Ұлттық автономиялар уақытша шарттылыққа айналды. Бір кезде самодержавие үлгере алмай кеткен аздарды ұлтсыздандырып, көптің сойылын соқтыратын саясатқа көшті. Оған қарсы болатын күштер алдын ала есепке алынып, олардың алдынан арандар қазылды. Халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік қатынастары жаппай тапшылдық арнаға көшіріліп, ұлтшілдік алауыздық ашық қолдау тапты. Ахмет Байтұрсыновтың үзеңгілестері

жаппай жер аударылды» [2, 99 б.]. Қазақтарды жаппай қыруды Голошекин іске асырды. Әуелі ұлттың қамын ойлаған алаш қайраткерлерінің көзі жойылып, ғылыми, әдеби, саяси мұрасына қатаң тыйым салынды.

Қазақ мемлекеті мен қазақ ұлтына қызмет етудің осындай үлгілі тұлғасы бар қазіргі біз не істеуіміз керек? Нені есте сақтап, нені басты мақсат етуіміз қажет? «Ол сағат Байтұрсынов ақырына дейін адал қызмет еткен тәуелсіздік жеңісімен бірге соқты. Жетпіс жыл бойы тұншықтырылған егемен мемлекеттілік бәрібір жүзеге асты. Оны баянды ету үшін де бір кезде Ахандар айтқандай, тағы да қапы қалмастай боп, бір Құдайдан басқадан қорықпай, араға жік салар айтты-тартысты ұмытып, халық бірлігін нығайта беруге тиіспіз. Сол арқылы өзгеріске толы дүниеде өзгелерден кем қалмайтындай боп, өз орнымызды иемдену үшін бір кезде олар бастап беріп кеткен түбегейлі жаңарысты жаңа қарқынмен жалғастыруға міндеттіміз» [2, 100 б.].

«Бір Құдайдан басқадан қорықпаған» қазіргі алаш өз алдына қандай мақсат қою керек? Ол туралы Ә.Кекілбаев былай дейді: «Біздің кемеміз үміт жағалауына жақын қалды. Бұндай кезде жауапкершілік бұрынғыдан да арта түседі. Өйткені, сын кезең әлі өткен жоқ. Тарихтың алдан қанша талқысы тосып тұрғанын ешкім білмейді. Сонда қалтылдақ қайықтың кебіне түспес үшін тәуелсіздік алғаннан бергі аз жыл ішінде жинақталған тағылым мен тәжірибені жете байыптап, әділ бағалағанымыз, бұдан арықарай да тізгінімізді сол талай тығырықтан аман алып өткен саяси реализм мен мемлекеттілігіміздің, демократия мен реформаның мүдделерін қорғаудағы азаматтық табандылықтың сенімді қолына бекем ұстатқанымыз дұрыс болары даусыз.

Тек сонда ғана осындай аса бір жауапты кезеңде бәріміздің басымызды маңызды мәслихатқа жиып отырған Ұлттың ұлы Ұстазы аруағы алдындағы шәкірттік арымыз таза, иманымыз кәміл болар еді» [2, 101 б.].

А.Байтұрсынұлын тәуелсіз кезде «Ұлттың ұлы ұстазы» деп атаған Ә.Кекілбайұлы бұл бағаны бүгінгі қазақ елінің атынан беріп отыр. А.Байтұрсынұлының еңбегін күні бүгін біреулер «ескірді» деп жоққа шығарушыларға осыдан 23 жыл бұрын осындай кәсіби әділ пікір білдіру екінің бірінің қолынан келмес.

Ә.Кекілбайұлы осыдан 12 жыл бұрын Алаштанудың негізін осылай анықтап беріпті. Сондықтан біз Ә.Кекілбайұлына алғысымызды кеш те болса білдіруіміз қажет.

А.Байтұрсынұлы туралы тәуелсіздік кезде көбіміз жаздық. Бірақ ешқайсымыздың аузымызға келесі сөздер түспепті: «Ол, бүгін расында да мынау бостандықтың бозала таңында ақ бозға мініп, қыр басынан көрінген Қызыр Илияс сияқты. Алдынан жүгіріп, аяғын құшқымыз келеді. Үзеңгісіне жабысып, әкеден балаға ауысып келе жатқан сағынышымызды басқымыз келеді. Қайтадан ақ жол үстіндегі бүгінгі ұрпақ ол жазып кеткен адамгершілік пен азаматтық, жаңартушылық пен жасампаздық әліппесін жетік меңгеріп, жемісті жүзеге асырауына сендіргіміз келеді.

Сонда рухани піріміз Ахаң көк аспандағы көлендей желпілдеген көк туымызға көзі түсіп сүйсінер. Өздері көре алмай кеткен тарихи дәуренге біздің

жеткенімізге еміренер де тебіренер. Бір кезде «Қазақ» газетінде берген батасын берер: «Төңірекке қарасаң, түнерген бұлттар әлі бар... Түбі қандай болады деп қобалжымалық... Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйімізді үй етіп, шашылмай қалудың қамын желік... Дүниенің төріне ұмтылғандар төрден орын алып жатыр. Ұмтылмағандар есікте қалып жатыр... Қалмайық десек, қарап жатпалық... Көп ісіне көп болып жабылайық... Қолымнан не келеді деп қорынбайық. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады. Көп жұмыстың ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе көпке сеп болмақшы. Сәл демей зорға сүйеу болады. Ұлы іс ұсақтан ұлғаяды... Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына үлес қосу қазақ баласына міндет». *«Елін қорғайтын ер болайық, Ерін қолдайтын ел болайық!»*, – дер» [2, 102 б.].

Алла Тағала А.Байтұрсынұлына ұл беріп, ол бүгінгі күнге аман-есен жетсе тура осылай егілер ме еді? Алаш тұлғалары атылып жатқан кезде дүниеге келген, Әбіш аға, осыншама адал перзенттік алғысыңыз үшін сізге Алла риза болғай!

А.Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіне берген батасын бүгінгі қазаққа ұлт үшін күрестің ұраны ретінде анықтап бергеніңіз де саяси көрегендік пен білгірлік. А.Байтұрсынұлының ақындық, көсемсөздік, ғалымдық, саяси тұлғасын осыншама жаныңызбен түсініп бүгінгі санасы таза Алаш ұрпағына айғақтап бергеніңіз қазіргі тәуелсіздік кездегі ғылымға қосылған зор үлес қана емес. Бұл бүгінгі қазақтың өзіне үлгі тұтарлық тұлға – ұлт ұстазы бар екенін анықтап беру. Шынында да әр қазаққа «ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады». Ең бастысы *«Елін қорғайтын ер болайық, Ерін қолдайтын ел болайық!»*.

Осыдан 12 жыл бұрын: «Қай ісіміздің де Құдай сәтін салғай! «Әумин» деп қол жайып, «Әуп» деп күш қосып, «Алла!» – деп іске кіріселік», – дер.

Бүгін бұны жете ұғынып, терең сезініп отырған халық та бар, қоғам да бар, азамат та бар. Сондықтан ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазына: *«Айтқаныңыз болсын!»* – деп басымызды иіп, тағзым етелік!» [2, 103 б.]. – деген сөздеріңізге де Алла разы болсын! Атеистік замандастарыңыздың ішінде алғашқылардың бірі болып, Алаш ғалымдары сияқты сөзді тура осылай Аллаға мінәжат етумен қорытындылау да шынайы ғалымдықтың белгісі.

Тәуелсіздік кезде бүгінгілердің көбі үн-түзсіз келе жатқанда Алаштанудың негізгі темірқазығын анықтап берген бұл зерттеуіңіздің арғы ғұмыры да сәулелі болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Литературная энциклопедия. М., 1931, т. 5) А.Н. Самойлович // Литература Востока. – 1919. – Вып. I.

2. Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты. (А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары). 81-103 бет // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). – Алматы: Ғылым, 1999.

Г.Ж. Орда,

ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, доцент (Қазақстан)

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МӘҢГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Әбіш Кекілбаев – қазақ әдебиетінде прозашы болып танылғанмен, поэзия, проза, драма, сын, публицистика (көркем сөз), аударма жанрларының бәріне бірдей үлес қосқан қаламгер. Алғашқы жыр жинағынан елді елең еткізген қаламгер бар күш жігерін қазақ елінің бүгінгі мен болашағы үшін жұмсады.

Оның «Алтын шуақ» (1962), «Дүние ғапыл» (1999) жыр жинақтарына енген лирикалық өлеңдері қазақ халқының басынан өткен (XX ғасырдағы) ірі-ірі тарихи оқиғаларды сезіне білген ақынның ой толғанысын білдіреді. Олай болса, ақын поэзиясына ел мен жер мәселесі арқау болғанын баса айтқан жөн.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңімен тұстас келген оның «Сол жылдар әлі жадымда», «Танктер», «Әйел күлкісі», «Біздің бала шағымыз», «Қарындасым Нұрғайша», «Жүректе әлі жатыр мұң» өлеңдері сұрапыл соғыс салған ауыртпашылықты шынайы бейнелейді. Елдің де, жердің де жазылмас жан жарасын:

...Майдандағы танктердің ізінен
Маңдайларға талай-талай түсті әжім[1, 9 б.] –

деп жырласа, сол жылдардағы тылдағы әйел-аналардың тылдағы жанқиярлық еңбектерін жоғары бағалады:

Сол жылдар әлі жадымда,
Сонда үйренген өз басым.
Батырдың пәк қанындай,
Қадірлеп әйел көз жасын [1, 10 б.].

Соғыс зардабы сол тұста дүниеге келген балалардың да жүрегін жаралағаны ақын назарынан тыс қалмайды.

Жүректе бірақ жатыр мұң,
Жатыр сол бір кесір күн.
Тыртығында батырдың,
Әжімінде жесірдің [1, 12 б.], –

деген образды бейнелеу осы идеяны аша түседі. 1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргінді еске алуы да заман ауыртпашылығы жайлы ойын

толықтыра түседі. Ол «Көрдім мен көзі іскен жылаумен АЛЖИРлік ана күйігін» деп, атылып кеткен азаматтардың АЛЖИР лагеріндегі азабын да еске алады.

Ақынның «Әке» атты шоғырлы өлеңдері – лирикалық кейіпкердің көргендері мен сезгендерінің сырын аша түседі. Қарындасы Нұрғайша дүниеге келген күні түске дейін құтты болсын айтқан жұрт түстен кейін қаралы қағазға бата оқуға жиналады. Осы оқиғаны ол: «Иесін тапса бір бесік, Оққа ұшыпты бір солдат» деп еске алады. Жас бала ылғи да әкесін ойлайды, асығы алшы түссе өзін «көкем келеді» деп жұбатады. Әкесінің домбырасы мен шаңырақтың иесіз қалуы, тұлымы желбіреген бүлдіршіннің маңдайынан сипар адамның болмауы, жеңіс күні үй-үйде болып жатқан қуаныштың да бұл шаңырақты жұбата алмауы жаныңды сыздатып, жүрегіңді езеді.

Өзге үйде тойдың әні шарықтаса,
Бұлығып қайғы уына біз жыладық...

...Көп төрге ілінсе де сұр шинельдер,
Тек қана біздің төрге ілінбеді...
...Өзге үйді күлімдеткен жомарт бақыт
Тек қана біздің төрге үңілмеді [1, 26 б.], –

деген жолдар жетім баланың екі көзі төрт болып, әкесін күткен сезімін көз алдымызға әкеледі. Жалғыз тұяғының ат жалын тартып азамат болғанын көре алмау әкеге арман болса, перзентіне әке қабіріне топырақ сала алмай, зиратының қай төбеде қалғанын біле алмау да үлкен қасірет, орындалмас арман екені өлеңнің ойшылдығын көтеріп тұр.

Бұл жинақтағы Махамбет туралы өлеңдер өз заманында бостандық, теңдік іздеген, сол үшін күресіп өткен ақынның арманын жырлауға құрылған. Әбіш патшаның отарына айналған елдің күйін «қыл арқан абжылан боп қысып жатыр, Оралып оның көкжал өр төсіне», – деп кейіптеу арқылы бейнелейді. Махамбеттей арысынан айрылған қазақ еліне, жер-анаға түскен ауыртпашылықты адам мен табиғаттың ажырамас бірлігі негізінде жырлайды.

Қайғыдан қар жамылып қасқа дала,
Қыр кәрін біржолата ақтара ма?
Жетіріп айналаға уыс-уыс,
Ақ шашын жұлып жатты аспан-ана [1, 42 б.].

Аз сөзге көп мағына сыйғызу, сөз күдіретін түсіну, образды сурет жасау, тілсізге тіл бітіру сынды ерекшеліктер Әбіш өлеңдерінің көркемдігін байытқан.

Ал, оның «Дүние ғапыл» жинағына әр жылдардағы өлеңдері енген. Жинақтың басындағы «Таңғы кәлима» өлеңінде ол таңғы кәлимасын Фатиха

сүресінен бастап елге, жерге амандық тілеп, хақ жолдан адастырмауды Алладан сұраса, кітаптың соңғы өлеңі «Түнгі кәлимамен» аяқталған. Онда да ел амандығын тілеген ақын:

Қасіреті асқан қасқа маңдай қазаққа,
Көңтері боп көндігіп алып азапқа,
Көншімей жатқан көңілі бостан азатқа
Ұшырата көрме масқара мен мазаққа [1, 135 б.], –

деп, өлеңді «Ықылас», «Нас» сүрелерімен аяқтайды. Өлеңнің негізгі ерекшелігі де Құран сүрелерінің толық келтіруінде. Бұл – қазақ поэзиясындағы жаңа сөз. Ақын хақ жолынан адастырмайтын «Аллаға» жатса да, тұрса да жалбарына сөйлейді.

«Туған жер», «Жол жыры», «Туған жерге барғанда...» өлеңдерінде туған жерге деген ыстық сезімін асыл анаға деген махаббатымен ұштастыра білген: «Анамның жұпар исі көкірегіндей, Жусанға тұмсығымды тыға түсем».

«Бағзы бабаларға ода», «Обалар» өлеңдері тарихтан сыр шертеді. Лирикалық кейіпкердің соғыс салған қасіретті жарасы туралы ой «Іңір сембей іргеке кеп құлаған», «Әкем түске кіреді» өлеңінде жалғасады. Мұнда да әке мен бала арасындағы сағыныш лирикалық кейіпкердің арманы күйінде суреттеледі.

Оның бірсыпыра өлеңдері 1986 жылдың желтоқсан оқиғасына арналған.

Шыдай алмай шайқалыпты шаңырақ,
Майыстырып тіреу қылған бақанды.
Желтоқсанның желі сапты аңырап,
Бұрын-сонды естілмеген мақамды [1, 92 б.], –

деген шынайы сурет қазақ халқының азаттықты аңсаған арманы жолындағы жаңа қадамды еске түсіреді. Өмірден көрген қайғы-қасіретін біраз өлеңге арқау еткен лирикалық кейіпкер сол көргеннен түйгенін «Тіршілік қай күнде де құбылмалы», «Ел болмақтың орнына», «Қайдағы қайда жоқтан дау шығып жүр», «Жамыраспай, жағаласпай, жарандар-ай, тоқтандар» деген өлеңдерінде көпке арнау ретінде ақыл-өсиет айтумен түйіндейді. Ол әумесерлерді ел болуға шақырады. Өмірден көргенін, түйгенін өсиет ретінде көпке арнау Абайдың өсиет өлеңдерінің дәстүрлі жалғасы сияқты көрінеді.

Жазушының әңгіме, повестерінде адамдар арасындағы адамгершілік, моральдық мәселелер көтерілген. Жазушы тосын орта, тосын оқиға іздеп әуре болмайды, күнделікті өмірде болып жатқан жайттарға терең үңілу нәтижесінде заман, адам, оның тіршілігі жайлы философиялық түйін жасайды. Оның әңгімелерінде Ұлы отан соғысы жылдарындағы тыл өмірі, сол заманнан қалған адам бойындағы тән жарасы мен жан жарасы, қазақ ауылының кешегі тұрмысы, бүгінгі қала қазақтарының тыныс-тіршілігі сынды мәселелер

қозғалады. Қазақ ауылы мен оның тұрғындары суреттелетін шығармаларда қазақ даласының исі мен қазақ баласының ұлттық мінез ерекшелігі, өзіне тән әдет-ғұрпы мен салт-дiстүрi анық танылады. Жазушы кейiпкер бейнесiн сомдауда психологиялық талдаудың тың жетiстiктерiне қол жеткiздi. Бұл – жазушының ғана емес, қазақ прозасының елеулi табысы.

Оның кейiпкерлерi – ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрып заңына сүйенген, қазақы мiнездi, кiшiпейiл, ата-ананы сыйлаған әдептi жандар. «Ең бақытты күндегi» ата мен ене алдында әдеп сақтап, өз ибалығымен көрiнген Торғын жары майданнан аман келгенде қанша сағынса да, бiрден жақындай алмайды. Әдептен озбау – қазақ келiнiне ғана тән қасиет. Бiр кештiң арасындағы оқиғаны арқау еткен әңгiме шегiнiстермен тыл өмiрiнiң көп жайларын еске салады. Қыз-келiншектерге қырғидай тиген бригадир Берден – кешегi ел өмiрiнен алынған типтiк бейне. Ал, оған ыңғай бермеген Торғынның жазықты болуы да заңды.

«Бәсекеде» «қыз ұзатуға» қатысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрдi әдемі бейнелеген. Қазақтың бүгiндерi ұмыт бола бастаған қолөнер әшекейлерi де қолмен қойғандай. «Күй» повесiнде қазақ, түрiкмен елдерiнiң әдет-ғұрпы салыстыра суреттелген. Өлiктi шығару рәсiмiне қатысты екi елдiң әдет-ғұрпын бүгешүгесiне дейiн суреттеу – жазушының осы ғұрыпты жақсы бiлетiндiгiнiң көрiнiсi.

Жазушы шығармаларына негiз болған тақырыптың бiрi – өнер. «Аш бөри» әңгiмесiндегi Құрманғазы, «Күй» повесiндегi Абыл күйшi, «Шыңырау» повесiндегi Еңсеп бейнелерi оған мысал. Жазушы сонымен бiрге ашкөздiктi жерiне жеткiзе шенейдi.

1970-1980 жылдардағы қазақ прозасында фольклорлық аңыз әңгiмелер негiзiнде лиро-эпикалық стильдiң қалыптасқаны қазiргi зерттеулерде әңгiме болып жүр. Бұл әсiресе Ә.Кекiлбаевтың тарихи тақырыптағы прозасынан анық көрiнедi. «Күй» фольклорлық аңызды жазба әдебиетте шеберлiкпен бейнелеудiң жақсы үлгiсi саналады. Мұнда, екi елдiң шапқыншылығы, адам өлiмi бәрi де күй құдiретiмен астаса суреттелген. Тақырыбы аңыз болғанмен, жазушы кейiпкердiң жандүниесiндегi тебiренiс пен толғанысты терең аша бiлген.

Ол – адам табиғатының зерттеушi психологы. Шығармаларында өткiр оқиғалар негiзiнде кейiпкер болмысына терең үңiле бiлдi. Әдебиетте «мәңгүрт» деген ұғымды бiрiншi қолдануды да Әбiштiң осы повесiнен көреміз. 1967 жылы «Дала балладалары» кiтабына енген бұл повесть Ш.Айтматовтың 1980 жылы шыққан «Ғасырдан да ұзақ күн» романындағы мәңгүрттен ерте жазылғаны жөнiнде әдебиеттанушылар бiраз зерттеулер де жасады [2, 164-167]. Ш.Айтматов осы терминдi «Жан пида» (1986) романында да қолданып қазақтың кешегi тарихының келеңсiз жағдайлары арқылы бүгiнiмiзге ой салған-ды. Халқының, ұлтының мүддесiн ойламайтын, тiлiн, дiлiн, дiнiн, салтын, тарихын бiлмейтiн мәңгүрттердi әшкереледi. Алайда Шыңғыс шығармаларында үлкен образдық дәрежеге көтерiлген мәңгүрттiктi ұғым есебiнде алғашқы пайдалану Әбiште кездесетiнiне дау болмаса керек.

«Ханша-дария хикаясы» (1968) повесінің идеясы – жауыздықты, қанішерлікті, тойымсыздықты әшкерелеп, адалдықты, пәктікті, адамдықты ардақтау.

«Шыңырау» (1971) повесінде құдық – шын мәнісінде сыртқы фон, автордың негізгі айтпағы – адамдардың жүйкесін жеген даңғойлық, көрсеқызарлық, іштарлық, дүниеқоңыздық, бәсекелестік секілді дерттері. Өз өнері өзіне сор болған Еңсеп тағдырынан өнер адамдарының өнері қашанда өз бағасын ала алмайтынын ғана емес, өткінші дүниедегі әлсіздікті, жалғандықты, баянсыздықты, парықсыздықты көруге болады. Жазушы Еңсептің өмірі мен өліміне әлеуметтік, психологиялық талдау жасайды.

Автор құдықшының өмірі мен өлімі арқылы философиялық ой түйеді. Бірінші көзге түсетін – өнер иелері еңбегінің бағаланбауы, екіншісі – адам бойындағы астамшылық пен эгоизм. Еңсепті де жұтқан осы. Себебі ол елде жоқ құдық қазып атын шығармақшы болады. Бар тәжірибесі оның өз басын жұтуы арқылы автор сол бір даңғазалық, мақтаншақтық, эгоизмді әшкерелеген. Автордың негізгі айтпақ ойы – осы.

«Бәйгеторы» (1974) повесінде жазушы тұлпар арқылы адам тағдырын, қоғам шындығының көркем бейнесін жасайды. Тұлпарлар туралы жазылған шығармалардан «Бәйгеторының» өзіндік ерекшелігі – оқиғаның жүйрік жануардың түйсік сезімі арқылы баяндалуында. Көзден де, құлақтан да қалған жүйріктің трагедиясы – адам трагедиясы. Кезінде «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болып, бүкіл елді өзіне қаратқан жандардың жас келе, уақыт өте, осы жануар секілді мүсәпір күй кешуі – дүние жалғандығының бейнесі.

Жазушының әңгіме, повестерінде қазақ ауылының шындығы негізінде жаңа характерлер ашуға құрылған. Оның әрбір кейіпкерінен қазақтың ұлттық мінез-құлқы анық көрінеді. Олар халықтық аңыздан бастап, бүгінгі заманда өзі көріп таныған адамдар бейнесін жарқын суреттейді. Қазақ қоғамында орын алған әділетсіздік, күштінің әлсізге жасаған зорлығы өнер иелерінің қорлықпен, азаппен жаншылуы, адамдар арасындағы бәсеке таластық, т.б. бұл повестердің негізгі оқиғаларын құрайды. Бәріне тән ортақ идея – қараны ақтан, жендетті жауыздан күштінің әлсізден айыра білудің қажеттігі, адамгершілік, жақсылық сияқты мәңгілік құндылықтарды бағалай білуге үйрену тәлімі.

«Аңыздың ақыры» (1971) романында жазушы тарихи тақырыпты игерудегі жаңа қадамын танытты. Ол Алмас ханның болмысын ашу жолында адам жанына үңіле білді, психологиялық талдауға ден қойды. Бұл ізденістер сол тұстағы қазақ прозасының табысына айналды. Авторлық ұстаным мен кейіпкер ойының, баяндаушы мен қаһарман үнінің кейде қосылып, кейде кезектесіп кететіндігі, «адам психологиясының иірімдерін көрсету, талдау молдығы жағынан» романның әдебиетімізге тың жаңалықтар алып келгеніне әдебиетшілер баса назар аударды [3].

«Елең-алаң», «Үркердің» заңды жалғасы. Қазақстанның Ресейге қосылуын көркем бейнелейтін бұл екі роман бөліп жаруға келмейді. Ондағы кейіпкерлер де, оқиға да ортақ. Романның негізгі бас кейіпкері – Әбілқайыр. Жазушы

Әбілқайырды қол бастаған батыр, ел басқарған билеуші, халыққа, оның мүддесіне жақын жан ретінде көрсетуге тырысқан. Мәселен, С.Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясында ол – мансапқор, күзгын пиғылды көп сұлтанның бірі болып суреттеледі. Ал, Қ.Жұмаділовтің «Дарабозында» қазақты орысқа сатқан алаяқ, баққұмар сұлтан ретінде бейнеленсе, І.Есенберлиннің «Жанталасында» дарақы, әпербақан, өркөкірек жан болып кескінделген. Ә.Кекілбаевтің ерекшелігі – Әбілқайыр бейнесін жасау үшін тарих қойнауына үңіліп, сол тұстағы қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық хал-ахуалына талдау жасай отырып, кейіпкердің сондай қиын заманда елін аман-сақтап қалу жолында шешуші қадамдарға батыл барғанын көрсетеді. Аталған романдар жарық көргеннен бері сыншылар мен әдебиеттанушы ғалымдар бұл туындыларды әр қырынан сөз етуде.

«Үркер» де, «Елең-алаң» да реализмі бай шығармалар. Жазушы өмірде болған адамдарды, тарихта болған оқиғаларды екшеп алуға тырысқан. Оның көп ізденгендігі әрбір оқиғаны бүге-шүгесіне дейін тәптіштеп суреттеуінен көрінеді.

Шығарма қазақ халқының басынан өткен ХҮІІІ ғасырдағы тарихи оқиғаны белгілі тұрғыда саясаттандыра суреттейді. Оқиғалардың кейіпкер көзімен суреттелуі олардың психологиялық, эмоционалдық сезімдерін аша түскен. Оқиғалардың Әбілқайыр, Тевкелев көзімен суреттелуі олардың саяси көзқарасын да ашады. Сондықтан да оны – тарихты әр қырынан зерделеп зерттеген саяси роман деуге болады. Автор қазақ халқы өз еркімен орысқа бодан болды деген ұстанымға сүйеніп, оның әлеуметтік, экономикалық, саяси сан қырлы астарын ашуға тырысады.

Әбіш Кекілбаев драматургия жанрына да біршама үлес қосты. Оның әлем әдебиетінен тәржімалаған драмалық туындылары қазақ театрларында ана тілінде сөйлеп, көпшілік көрерменнің ыстық ықыласына бөленген. Қазақтың М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрында және басқа театрларда Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульетта», «Кориолан», «Король Лир», Валехо Антонио Буэроның «Бүгін мейрам, бүгін той», Карл Гоццидің «Туранбике ханшайым», А.Чеховтың «Ваня ағай» және Макс Фриштің «Ғылым қуған Дон жуан» сынды драмалық туындылар репертуардан берік орын алса, Генрик Ибсеннің «Үрей» атты үш перделі отбасы оқиғасы Қазақстан Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің репертуарлық қорына кірген.

Жазушының «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған тұста жазылды да, сол тәуелсіздік жолында қызмет еткен ел басшыларын көркем бейнеледі. Туынды 1998 жылы қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылды. Ә.Кекілбаев прозалық шығармаларында қазақ халқының ғасырлар бойы арман етіп аңсаған тәуелсіздігін негізгі мәселе етіп көтерсе, сол асыл армандарды енді сахнаға алып келді.

Пьесадан ұлттық мінез бен болмысты тану да оңай. «Сыбыр-күбір, пыс та пыс. Жыбыр-жыбыр, пыш та пыш. Шонжарлар жүр, шоқыдай боп шоңқиып.

Батырлар жүр бұрқ-сарқ, бурадай боп қомпыып, Пысықтар жүр, қол-аяғы сып та сып, үйден-үйге, топтан-топқа, табак тасып, сөз тасып» [1, 250-251] деген жолдарға қарап отырып, ХУІІІ ғасырдағы шонжарлар мен батырлардың, пысықтар мен жанкештілердің күні бүгінге дейін арамызда жүргеніне күйінесің. Жалқаулық, кертартпалық, аяқтан шалу, іштарлық, т.б. жағымсыз қылықтар біздің қазақи мінезімізді көрсетер жазылмас дерт екені де даусыз. Ал, «Шуылдаған көп қазақ. Сен бұйдалы боз тайлақ, мен бурамын шабынған. Сыртыңда тұрмын шырпынып, омыртқанды опырып, жамбасыңды жапырып, шоңқайтқалы кеп тұрмын, қырық бүгіп тізеңді, тоңқайтқалы кеп тұрмын. Ит мүжіген асықтай, омпайтқалы кеп тұрмын»[1, 186] деген жолдардан қазақтың шалқар даласына сұқтана қарап, көз алартқан бүгінгі көршілеріміз мен мұңдалап тұрғаны байқалады.

Бұдан шығатын қорытынды, Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» пьесасы – қазақтың кешегісі арқылы бүгінін меңзейтін туынды. Ол Абылайдың аузына ел басының сөзін салса, жоғарыдағы мысалдар қазақты ел болуға шақырып тұрғаны даусыз. Пьесадағы түйдек-түйдек төгілген толғаулы ойлар, асылдай мөлдіреген сөздер – драматургтың қол жеткізген табысы. Әйгілі прозашының драматургия жанрын да еркін игергеніне осы шығарма дәлел. Ендеше, «Абылай хан» – ақын, сыншы, прозашы, публицист Ә.Кекілбаев шығармашылығының шарықтау биігін танытар туынды.

Алғашында ақын, кейін сыншы болып танылған Ә.Кекілбаев қазақ әдебиеті сынының қалыптасып, дамуына да біршама үлес қосты. Оның «Дәуірмен бетпе-бет» (1972), «Әдебиет әлемі, өнер өрісі» (1999) кітаптарына енген сын, рецензия, мақалалары – осы тұрғыдағы еңбегінің жемісі. Сыншының негізгі жетістігінің бірі – ақын-жазушылардың әдеби портретін жасаудағы шеберлігі. Оны біз сыншының Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, Ә.Нүрпейісов шығармалары жайлы пікірлерінен танымыз.

Сыншы қазақ әдебиетінің бүгіні мен келешегіне немқұрайлы қарай алмайды. Бүгінгі қол жеткізген табысымыздың төркінін, шыққан тегін сөз ету – оның қаламына тән ерекшелік. Қазақ әдебиетінің қол жеткізген табысын әлем әдебиетімен қатар алып салыстыру негізінде ғана көрсетеді. Оның терең ойлы, сындарлы сын, рецензия, мақалалары қазақ әдебиеті сынына қосылған үлес.

Ә.Кекілбаевтың публицистикалық еңбегінің бір саласы – сапарнамалар. Бұлардың да тілге тиек етерлік өзіндік ерекшеліктері мол. «Ұя мен жебе» (1968), «Тырау-тырау тырналар» (1984), «Ұйқыдағы арудың оянуы» (1975 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланып, 1979 жылы жеке кітап болып шыққан) атты кітаптарының жазылу стилі бар. Ол әрбір елдің, жердің бүгінін айту үшін оның тарихына үңіліп, өткені мен бүгінін салыстыруға, жер, су атауларына қатысты аңыздар мен нақты деректердің көзін тауып сөйлетуге шебер. Сол арқылы ол сапарда болған әрбір елдің экономикасына, географиясына, мәдениеті мен өнеріне, тарихы мен әлеуметтік жағдайына терең үңіле біледі.

Он екі томдық шығармалар жинағының 8, 9-томына кірген «Толғауы тоқсан тарих», «Ғасыр өтіп барады...» атты мақалалар – оның публицистикасының екінші қырын ашар дүниелер. Осындағы «Әйтеке би», «Жәнібек тархан жайлы» мақалаларының орны бөлек. «Тұла бойы тұнған жұмбақ жан» арабтың «Бейбарыс» («Әз-Зәкір Бейбарыс сұлтанның ғұмырнамасы») атты халықтық романының С.Әбдрахманов аударған қазақша баламасына алғы сөз ретінде жазылған. Мұнда 1968 жылы жазылған сапарнамадағы ойлар жаңа қырынан толыға түскен. Автор романда келтірілген деректердің шындыққа қаншалықты үйлесетінін зерттеуге тырысқан. Тарихи дерек пен аңызға сүйену негізінде Әз-Захир Бейбарыс сұлтан атанған Махмуд деген баланың Атырау маңында туғандығы, қыпшақтардың беріш тайпасынан тарағаны анықталған.

Ә.Кекілбаев өте ізденімпаз жазушы. Ол өзінің әрбір жазбаларына биік талап қойып, биік деңгейден көріне білді. Ғылыми зерттеу негізінде жазылған әрбір мақала ғылымилығымен құнды. Қаламгер өзін көп толғантқан, шешімін таппаған өзекті мәселелерге қайта-қайта оралып отырады. Оны Әбілқайыр хан, үш би (Қазыбек, Төле, Әйтеке), сұлтан Бейбарыс, Махамбет жөніндегі жазбаларынан көруге болады.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә.Кекілбаев – қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия, сын, публицистика, аударма жанларына бір кісідей үлес қосқан қарымды қаламгер. Оның поэзия жанрындағы алғашқы ізденістерінен бастап, соңғы жылдары жазылған сыршыл лирикасы, әңгіме, повестері, романдары қазақтардың кешегі, бүгінгі өмірі жайында терең сыр шертеді. Оларда жасалған тарихи тұлғалар мен біздің замандастарымыздың толымды бейнесі оқырмандар тарапынан үлкен қызығушылық танытуда. Оның тілінің құмға да, тасқа да тіл бітірген образдылығы, елі мен жерін сүйген отаншыл (патриот) азаматтың бүкіл шығармашылығының қазақ халқының азаттығы мен тәуелсіздігін негізгі идея етіп ұсынуы да қолдау табуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Он екі томдық томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. – 6 том. – 9-б.
2. Елеуенов Ш.Р., Ровенский Н.С. Искусшение временем // Каз. правда, 1994. – 19 марта; Простор, 1989. – №5. – С.164-167
3. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 218-221; Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997.
4. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ердәулет, 1996. – 158-160 бб.
5. Оскоцкий В. Под звуки домбры // Литературная газета. – 1990. – 24 қаңтар.

2-СЕКЦИЯ
Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК
ӘДЕБИ ҮДЕРІС

ТВОРЧЕСТВО А. КЕКІЛЬБАЕВА И МИРОВОЙ
ЛИТЕРАТУРНЫЙ ПРОЦЕСС

О. Абдиманулы,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
доктор филологических наук, профессор
(Казахстан)

ТРАДИЦИИ И НОВАТОРСТВО В КАЗАХСКОЙ
ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ПРОЗЕ

Казахская литература с первых дней своего возникновения и на всех этапах историко-культурного развития оказывает особое влияние на формирование и расцвет художественного творчества. Она представлена именами великих мастеров искусства слова – Асана Кайгы, Бухара Жырау, Дулата Исабекова, Махамбета Утемисова, Абая Кунанбаева, Шакарима Кудайбердиева, Магжана Жумабаева, Сакена Сейфуллина, Ильяса Жансугурова, Беимбета Майлина, Мухтара Ауэзова. Их творчество олицетворяет собой целую эпоху и служит символом величия казахской литературы. С именами данных писателей связаны определенные вехи в развитии искусства слова. Так, М.О. Ауэзов по сути положил начало новому витку в истории отечественной литературы. Глубина и масштабность созданных им эпических произведений, емкость художественных образов на протяжении полувека служит примером для последующего поколения писателей.

Особое место в истории казахской литературы занимает творчество А. Кекильбаева. Будучи представителем поколения второй половины XX века, он, тем не менее, очень близок современному читателю. Его многогранный талант, вобравший в себя все человечно-гражданские, творческо-деятельные качества, делает его фигурой вне времени и вне эпохи. Творчество А. Кекильбаева актуально, злободневно и по сей день поражает глубиной выдвинутых им проблем.

Соответственно цель данного исследования заключается в глубоком изучении идейно-тематического содержания произведений писателя сквозь призму современности. На основе анализа рассказов, повестей, романов А. Кекильбаева раскрываются особенности его литературного мастерства. Большое внимание уделяется изучению преемственности традиций в творчестве писателя и его новаторства как художника слова.

Объектом исследования стали рассказы «Трава черепахи», «Вот это прекрасно», «Последняя остановка», «Нужный человек», «Голодный волк», повести «История ханши Дарии», «Колодец», «Кюй», «Состязание», стихотворная драма «Абылай хан», романы «Конец легенды», «Уркер», «Елен-Алан». В работе рассматриваются проблематика, ведущие мотивы и образы данных произведений.

Свой литературный дебют писатель начал со стихотворения «Властелин слова», вошедшего в сборник «Золотой луч» (1962) и принесшего ему известность. Данное произведение проникнуто романтическим настроением и лиризмом, ставшие впоследствии отличительными особенностями творчества А. Кекильбаева. Поэтическое наследие писателя завершается сборником «Мимолетность бытия», наполненным философскими раздумьями о сущности мира, месте и роли человека.

А. Кекильбаев внес неизмеримый вклад в развитие казахской литературы второй половины XX века. Он вошел историю отечественной культуры как поэт, писатель, драматург, переводчик, критик, исследователь словесного творчества.

Многогранность дарования А. Кекильбаева поистине восхищает. Его творчество во всех своих жанрах поражает новизной, мастерством владения словом. Уже в рассказах писателя «Трава черепахи», «Вот это прекрасно», «Последняя остановка», «Нужный человек», «Голодный волк» и др. проявляется его умение проникнуть в самую глубь внутреннего мира человека, показать духовную эволюцию личности, благородство человеческих, гражданских качеств людей в переломный период истории.

Протест против правил, установленных в обществе, в котором протекает жизнь самого писателя, отражает не внешние проявления переворота в сознании «маленького человека», похожего на винтик того общества, а через его внутренние переживания.

А. Кекильбаев – признанный мастер реалистического повествования. Его произведения отличает тонкий художественный вкус, вмещающий глубокие философские раздумья в краткие фразы и высказывания.

А. Кекильбаева как писателя выделяет витиеватый и образный литературный язык. Он умеет самую простую вещь охарактеризовать красочно, емко и глубоко, показав ее необычные грани и стороны. Книги писателя, по словам Эдгар Штайнер, «читаются на одном дыхании, читатель как бы «погружается» в поток повествования, в поэзию Востока» [1].

А. Кекильбаев находит способы точно подать идею и изображаемую им картину бытия. Он умеет искусно сочетать образные слова и выражения казахского языка с различными оборотами и фразеологизмами, используя богатство национальной культуры.

Язык А. Кекильбаева обладает мощным поэтическим потенциалом, почерпнутым им из фольклорного наследия родного народа. Его стиль и манеру пись-

ма можно охарактеризовать словами Абая: «Как воды горного ручья, журчат сплошные соглашения». Мчась вплотную друг к другу, через льющисея живительным потоком предложения, слова писателя образуют красочные и неповторимые сочетания, находя путь к самому сердцу читателя, прочно оседаея в его мыслях, обуревая его тело, заставляя гнать сильнее горячую кровь в жилах, будоража сознание.

Если душа художественной литературы – художественный образ, то признаком мастерства писателя является широкое использование различных способов создания художественного образа, точное распознавание наиболее эффективных приемов [2]. Причем процесс формирования художественного образа неразрывно связан с раскрытием внутреннего мира человека, постижением глубинных сторон его характера. И в этом плане Абиш Кекильбаев – писатель, мастерски освоивший литературные приемы познания природы человеческой души. Его персонажи, хотя и являются простыми людьми, у каждого из них есть свойственные только им характеры, качества, судьбы, эстетические идеалы и ценности, раскрывающие суть их поступков, охватывающих их противоречий, чувств, перипетий жизни.

Писатель умеет проникнуть вглубь водоворотов внутреннего мира личности. На страницах своих произведений он дает оценку поведению героев, характеризуя различные состояния их души, скрытые мотивы их поступков. Внутренние переживания, волнения, чувства персонажей, преследуемых превратностями судьбы, получают воплощение в художественной ткани рассказов и романов писателя.

В произведениях А. Кекильбаева наблюдается незримое единство прошлого и настоящего. Делясь тайнами минувших дней, он поднимает актуальные проблемы современности. Так, в повестях писателя «История ханши Дарии», «Колодец», «Кюй», «Состязание» автором воссоздаются точные картины бытия казахского народа, подвергаются глубокому философскому и психологическому анализу мечты, чаяния и надежды людей.

Каждое произведение А. Кекильбаева представляет собой целостное творение, раскрывающее особенности исторической эпохи, изображаемой писателем. Ярким примером тому служит повесть «Колодец», размышляя о которой выдающийся казахский критик Сагат Ашимбаев сказал: «„Колодец“... не просто копатель колодцев, в действительности, это затоптанная бестолковой и болтливой средой душа любителя искусства, оставшегося незамеченным, ибо перед глазами возникает судьба, превратившаяся в насмешку у бездушных и живучих людей» [3, с. 420-421]. С данным высказыванием трудно не согласиться. Автор сумел показать в образе обычного человека великую силу искусства.

Одна из граней дарования писателя проявляется в том, что он древние предания и легенды осмысляет сквозь призму сегодняшнего дня. Обращаясь к ним, писатель поднимает проблемы гуманизма, гражданской позиции. Со-

ответственно предания и легенды в произведениях А. Кекильбаева получают особое звучание и наполняются совершенно новым содержанием. Так, в повести «Кюйши», Жонеут, отличающийся жестокостью, тиранией, ненавистью, сжигающими его душу, проигрывает величии силы искусства музыки. В «Истории ханши Дарии» не остаются безответными полные злодеяний действия Чингиза кагана. Свирепству Чингиза и жестокости Жонеута писатель противопоставляет сильный дух человека.

В своих произведениях А. Кекильбаев развивает свойственные ему психологизм и философскую глубину раскрытия характеров, выдвинутых им социальных проблем. Писатель показывает результат противоборства «темного» и «светлого», который завершается художественным решением – победой справедливости. Предания и легенды, рожденные мечтами народа, переосмысливаются писателем с учетом реалий современной действительности, превращаясь в художественную реальность.

В повести «Кюй» впервые используется понятие «манкурт», выступающее символом трагического состояния души, лишившейся памяти. Впоследствии оно превратилось в художественный образ, поднявшийся на мировой уровень и ставший неопровержимым доказательством безысходности человека, оторванного от своего прошлого, своих истоков, связей с историей и обществом.

Следует отметить, что в литературоведении конца XX столетия разгорелся спор относительно того, кто первым ввел понятие «манкурт» в литературный оборот. Ответ на данный вопрос дал сам писатель, гражданская позиция которого соответствует требованиям самой высокой морали: «Если я говорю, что безграничная месть приводит к неограниченной жестокости, а неограниченная жестокость провоцирует духовный манкуртизм, то Чингиз Айтматов дает детальное определение того, что манкуртизм опирается снова в неограниченную жестокость».

Слова писателя в полной мере раскрывают суть художественных поисков в искусстве слова. Ибо идейный пафос повести «Кюй» заключается в борьбе за миролюбие и человечность, который автор раскрыл посредством искусства кюя» [4, с. 737].

Анна Браун считает, что «как художник-реалист, хорошо пользующийся фабулами, он прослеживает мысли и поведение своих героев и заставляет нас задуматься над общепринятыми вещами. При этом он ставит вне сомнения, что не жажда власти, а стремление быть человеческим и желание любить и быть любимым способствуют расцвету творческой деятельности и создают творения, которые живут во все времена» [5].

Литература, будучи отражением духовного мира человека, имеет безграничные возможности [6]. А. Кекильбаев в своем творчестве полностью реализовал неисчерпаемый потенциал искусства слова при создании образов персонажей, раскрытии различных глубинных явлений человеческой души. Он широко использовал художественные приемы, изобразительно-поэтические средства литературы.

Лейтмотивом произведений писателя выступают глубокие философские раздумья над проблемами общественного бытия. На страницах произведений А. Кекильбаева поднимаются такие сложные, волнующие темы, как национальное сознание, национальное бытие, гуманизм, формирование общественного сознания и т.п. Так, стихотворная драма «Абылай хан» А. Кекильбаева пронизана идеями свободы, независимости. Автор размышляет о взаимоотношениях между обществом и человеком, борьбе за место человека в обществе и исторических событиях, развернувшихся в казахской степи на стыке XVIII-XIX веков.

Роман писателя «Конец легенды» по сути является первым психологическим романом в казахской литературе. Ранее фактически не было ни одного романа, который бы передавал через сплетение мыслей, душевных переживаний чувства, поведение отдельной личности. Данное произведение считается крупнейшим достижением казахской литературы в области психологического анализа. Ибо автор по-новому осваивает историческую тему и показывает величие и масштабность фантазии писателя, соединившейся с художественностью.

При раскрытии многогранного образа главного героя А. Кекильбаев посредством философско-аналитического анализа смог проникнуть в различные стороны внутреннего мира персонажа. Более того, он создал художественное творение, в котором познание личности происходит через постижение ее психологического состояния. Отсюда значимость внутренних монологов, диалогов. Они в полной мере отражают душевное состояние героев, чувства, охватывающие правителя, его младшую жену и зодчего.

Роман «Конец легенды» пережил несколько изданий. Данное произведение переведено на различные языки мира. Причем версия романа, переведенная на немецкий язык, пережила два издания, что по сути является отражением уважения к казахскому народу, почитающему И. Гете, Г. Гейне, Ф. Шиллера.

Леонард Кошут в своей рецензии на роман «Минарет, или конец легенды» отмечает, что «Абиш Кекильбаев предлагает читателю испытать огромное интеллектуальное удовольствие, предоставив ему возможность участвовать в весьма напряженном процессе разгадки сложных ситуаций и событий, происходящих в условиях среднеазиатского феодального общества» [7].

Значительное место в творчестве А. Кекильбаева занимают романы «Уркер», «Елен-Алан», повествующие об исторических событиях XVIII века.

В данных произведениях писатель с чисто реалистической правдивостью и романтическим вдохновением описывает освободительную борьбу казахского народа с джунгарами. Его мастерство в полной мере раскрылось на уровне созданных им художественных образов. Автор детально описывает руководителя освободительного движения, уникального полководца, выдающуюся историческую личность – Абулхаира хана, проявившего необычайный героизм в битве на Аныракае и его последующие действия, направленные на со-

трудничество с Россией. Писателем осмысляются мотивы и значенияданного союза в борьбе за независимость и сохранение целостности земли казахского народа.

В романах «Уркер», «Елен-Алан» большое внимание уделяется особенностям мировоззрения, мышления людей. В центре повествования оказываются национальные интересы казахского народа. Так, мировоззрение главных героев романов – Абулхаира и Тевкелева, верящих в будущее страны, передаются сквозь призму их душевных переживаний. Реалии казахского общества того времени анализируются посредством постижения мыслей персонажей и подкрепляются авторской концепцией бытия, отношением писателя к изображаемым явлениям действительности.

В романах А. Кекильбаева «Конец легенды», «Уркер», «Елен-Алан» в полной мере проявляется сущность реализма и художественной правды. Автор создает целостную картину бытия со всей системой ее противоречий и перипетий.

Писатель мастерски изображает положение казахского народа, оказавшегося в сложной ситуации. Им затрагиваются ключевые проблемы бытия, требовавшие конкретного и незамедлительного решения. Рассуждая о реалиях эпохи, автор поднимается до глубоких социально-философских обобщений, дающих ему возможность дать ответы на спорные исторические вопросы.

В своих романах А. Кекильбаев разносторонне описывает жизнь казахского народа в преддверии изменений, ожидающих общество прошлого столетия. Он воспроизводит реалии того времени и через художественное величие искусства слова открывает путь к широким обобщениям об обществе, личности той эпохи. В своих произведениях он передает необычайное сочетание традиционной культуры казахского народа и эстетической красоты национальной духовности. Автор осмысляет историю сквозь призму художественного сознания, передавая все ее грани и противоречия. Он точно и правдиво передает особенности национально-освободительного движения казахского народа.

Таким образом, творчество Абиша Кекильбаева характеризуется глубиной и емкостью содержания, психологизмом, умением автора проникнуть в самую суть характеров, поступков людей и явлений действительности. На страницах своих произведений он затрагивает вечные и общечеловеческие проблемы, ищет ответы на извечные вопросы бытия. Вместе с героями он размышляет о добре и зле, о правде и справедливости. Острые проблемы современности решаются им посредством обращения к историческому и фольклорному наследию казахского народа.

Использованная литература:

1. Steiger E. Gleichnis von der Wirkung der Kunst // Volksstimme. – Magdeburg, 1987 / <http://deutsche-allgemeine-zeitung.de/ru/content/view/1540/1/>
2. Hart J. Literature, theory, history. – New York: Palgrave Macmillan, 2011. – 179 p.

3. Ашимбаев С. Шындыққа сүспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 497 с.
4. История казахской литературы. Собрание сочинений в 10-ти томах. Т. 9. – Алматы: Қазакпарат, 2005. – 998 с.
5. Brown A. Weisheit aus dem Orient // Wochenpost. – Berlin, 1981 / <http://deutsche-allgemeine-zeitung.de/ru/content/view/1540/1/>
6. Murray K. Theory of criticism: tradition and its system. – Baltimore, 2006 – 187 p.
7. Kossuth L. Vergnueglich und erkenntnisreich // Berliner Zeitung. – 1981, 7 November.

З.-Ғ.Қ. Бисенғали,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)

ӘБИШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ «ШАНДОЗ» ДЕРЕКТІ-ТАРИХИ БАЯНЫНДАҒЫ ЖАҢА ТАНЫМДАР

«Жаһандану» жағадан алып жатқанда, «жаңғыру қажет» деген ұран бұрынғы үйреншікті тірлігімізді астан кестен қылды. Енді амалсыздан мына жаңалыққа жармасып жатырмыз. Қазір барлық тірлігіміз бен ісімізден осыдан көрінеді. Ең алдымен әдебиеттен. Жазған-сызғандарымыз элективті сипатқа ұшырап, монтаждық тәсілдер мен клиптік үлгідегі образдарға көз тіге бастады. Солар арқылы күрделі қабылдау, таным, (ассоциялы) байланыстарды бейнелемекпіз.

Мақсатымыз айналғандай. Осы өзі мүмкін бе? Өзекті тақырыптарға тереңдей алдық, мақсатқа жақындадық деп айт алмайтын тәріздіміз. Алайда мына жанталасудың өзі анық бір шындықтарды көрсетуде. Ол – бізге мына беймәлім бұлыңғыр жанталасудан шығаратын, көмектесіп, жол, әдіс-тәсіл көрсететін талантты, ержүрек тұлғалардың қажеттігін.

Жиырма бірінші ғасыр адамдарын билеген тұрмыс тауқыметтері мен құбылмалы қоғамның құйтырқы қатынастары сенімсіздік туғызады.. Содан қозғалған ой-сезімдерді замандастарға айтқың келеді. Әсіресе қаламгерлерге. Мұны оқырманға, жеткізу үшін бейнелі сөз, салмақты ой, дара пішім керек. Жаңа түр керек. Соған қабілеті бар, шамасы келетін тұлғаны іздейміз...

Соның бірі – Әбіш, Әбіш Кекілбайұлы еді. Мұны өз тіршілігі мен өмірі туралы ойлана алатын әр қазақ біледі деген ойдамын.

Енді міне қолымызда қаламгердің, бәлкім, соңғы романы. Соны үлгіде жазылған жаңа тарихи роман. Мұнда деректі-тарихи баяндар мен қаламгер толғамдары кезек ауысып, кейде араласып отырады. Оқырман назарын бірде өткен күндер өрнектеріне – Махамбет заманының шындықтарына бұрса, келесі сәтте одан да бұрынғы тарих уақиғаларға тартады. Бұлардың шығармаға қажетті тұстарынан тере көрсетіп, шолу жасайды.

Махамбет өмрбаянын білемін деп сауытты оқырман айта алмас. Өйткені кеңес үкімет шындықтан алыстау ұстады бізді. Біле бермейтін деректер мен мүлде теріс қабылданған идеологиялық «ертегілер» аз болмады. «Махамбеттің 1816 жылдан 1829 жылға дейінгі шығармалары мен шығармашылығынан, өмірінен құжатқа түскен бірде-бір дерек жоқ» («Шандоз» 179 б.). Махамбеттің қара басынан бастап, оның әкесі Өтеміс, Исатайға дейін жаңа тарихи деректер мен уақиғалар ашылып жатыр.

Әбіш Кекілбайұлы осы жаңа деректер мен зерттеулерді ұлттық қозғалыстар мен арпалыстар дауылдарына тап болған адамдардың жеке тірліктері мен ішкі сезімдерін көрсетуде қолданады. Мүлде соны тәсілдерді де әкелген. Бұлар туралы сәл кейініректе баяндалады.

Реті келгенде бүгінгі ХХІ ғасыр басындағы тарихи романдар туралы бірер сөз айта кету жөн көрдік. Өткен ғасыр соңы мен жаңа ғасыр басында біздің әдебиетімізде мүлде жаңа сипатты екі тарихи роман дүниеге келді. Оның біреуі жоғарыда біз айтып отырған «Шандоз» болса [1], екіншісі – М.Мағауиннің жанрын «деректі тарихи хикая» деп белгілеген «Шыңғысханы» [2]. Мұнда да тарихи уақиғалар ортасындағы Шыңғысханмен жолығамыз. Жеке өмірі мақсатқа жету жолындағы ірі әрекеттерімен қатар-қатар бейнеленеді. Тарихи шындық пен қаламгер болжамдарының қабаттасатыны соншалық қадала оқыған зерттеушінің өзі де қолына ұстап отырған тарихи уақиғалар тінін жоғалтып алады. Мұны шығарманың кемшілігі ретінде айтып отырғанымыз жоқ, қайта тарихи уақиғалар тізбегінен бастау алатын баяндардың болжамдарға қай сәтте бұрылып, қай сәтте тарихқа қайта оралатынын байқамай қалатынымызды айту үшін қолданып отырмыз. Бұл шығарма туралы да деректі зерттеулер кейін келетін шығар.

Енді «Шандозға» оралайық.

Шығарма – Батыс Қазақстан облысының әкімшілігі мен «Арыс» қоры шығарған «Махамбет әлемі» атты топтамалар сериясының қорытынды нүктесі тәрізді еңбек. 2004 жылы жарық көрген [3]. Ә.Кекілбайұлы жаңа шығармасының жанрын «деректі-тарихи баян» деп көрсеткен. Шығармада тарихи уақиғалар деректерге негізделе көрсетілсе де, қаламгердің көркем қиялы мен болжамдарының қосары да аз емес. Кейбір уақиғаларға қатысты қаламгер ойлары тарихи дерек пен соған сүйенген болжамдарға құрылған көркем мазмұндарға да жүктеледі.

Шығармадағы басты кейіпкер – Махамбет Өтемісұлы. Ол туралы көркем шығармалар баршылық, зерттеулер де жеткілікті [3]. Бірақ, қаламгер аңызға байыған өмірбаянды тұлғаның қасіретке толы жеке өміріне, шығармашылығына тоқтала баяндайды. Әрі оны ақын шығармашылығының назардан тыс келе жатқан аса мәнді дерегі ретінде ұсынады. Сондықтанда мұнда, жаңа шығармада дискурстық сипат көп ұшырасады.

Тарихи деректер мен Махамбет шығармаларының бейнелі тілі ақын тап болған уақыт пен кеңістіктің аясынан асып, қаламгерді амалсыз болжамдарға

жетелейді. Бұған шығармадағы өзге тарихи тұлғаларды Жәңгір хан мен Өтемісті, Исатайды қосаңыз көркем шындықтың тарихи баян арнасына мүлде сыймайтын бірден сезесіз. Демек, «Шандоз» деректі-тарихи баян – деректі тарихи уақиғаларды көркем баяндаумен қатар, қаламгерлік басты ой, идея өрімдерін көркем мазмұнға бөлейтін – тарихи жаңа роман..

Романда Ә.Кекілбайұлы элективті монтаж тәсілін жиі қолданылады. Қаламгердің нақты жағдайларға сай таңдаған тәсілі шығар. Мұның артында да жазушының асыл ойларының барлығы да даусыз.

Көркем мазмұнға сұранып тұрған уақиғалар жеткілікті. Соларды қуып кеткенде роман көркем идеясының бірер томмен тәмәмдалмайтыны көрініп тұр. Ендеше оларды оңтайлы тәсілдер тауып, теріп, қиыстыру керек. Осы мақсаттан таңдалған тәсіл романның жаңа түрін туғызған.

Қаламгер романға қосқан жаңа материалдар толып жатыр. Негізгілерін атар болсақ: тарихи деректер мен аңыз әңгімелер, шежірелер, қыстырма уақиғалар қазақ қоғамдақ тірлігінің басында болған қайраткерлер, батырлар, Махамбеттің әкесі, әйелдері т.б. Бәрінің Махамбет бейнесіне қосатын ойы, айтар дара сөздері, жеке пікірлері, араласатын іс, уақиғалары бар. Көркем бейне жазуда қажет екені анық.

Бір уақиғадан екіншіге өтуде қаламгер уақыт кеңістік өлшемдерінде еркін ауысады. Шығарманы жаңа оқырман, бұл жерде біз жастарды айтып отырмыз, тұшынып қабылдауы оңай емес. «Оқырманды да сынайтын кітап болады», – дегендей, бұл романды оқу үшін біршама дайындық керек. Баяндалатын уақиғалар араларында М.Өтемісұлына байланысты мәліметтер мен авторлық толғамдар кейде жоққа тән көрінуі де мүмкін. Алайда, осы бөліктерде ақынның аса қажетті ойлары бейнеленген. Оларға мән бермей, болмаса аттап оқыған оқырман Махамбет ойларының тереңдеріне үңілуге мүмкіндік беретін нәзік тіндерді жоғалтып алады. Мысалы, «Қапыда өткен дүние-ай» «Қайыңның басын жел соқса», «Екі талай болғанда», «Алланың не берері болжаусыз» т.б.

Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ хандары мен батырларының тәуекелі мол ерлік істері елдік туралы ой-армандармен байланысты. Мұның бәрі «Шандозда» көркем мазмұнға көшірілген. Туған жері мен халық бостандығын бәрінен жоғары қойып, ымырасыз шайқастарға шыққан кейіпкерлердің ерліктері ұлттық рухқа суарылған ақын Махамбет шығармаларының мазмұнына қаһармандық қуат қосқан. Алайда бұл саяси тақырыпты жырлау не дәріптеу емес. Жәңгірге қарсы көтерілген халықтың ашу-ыза кегінің көрінісі тәрізді көрінгенмен мүлде басқа бағыттарды көздейді. Отаршыл мемлекет пен халық арасындағы тартыстардың алғашқы ірі әрекеттері болатын. Ендеше оны оқырмандарға тарихи деректі негізде ашып көрсетпейінше шығарма өзегіндегі басты ой-идеяларды жеткізу қиын. Осы тұста қаламгер қазақ елі тап болған уақиғалардың бастыларын тарихты деректермен сабақтас баяндайды. Бұлар тыңнан қосылған, болмаса жаңадан табылған деректер емес. Салмақты томдарда сақталған құжаттар. Бірақ,

түрлі себептермен аршып көрсетілмеген, қолданылмаған тарихтар. Дәл осы тәрізді деректерді жаңа материалдармен салыстыра баяндаулар «Шандозда жиі ұшырасып отырады. Оның ірі себептері жоғарыда көрсеттік.

Исатай – Махамбет қозғалысы көршілес ірі мемлекеттер арасындағы қатынастарға өзге де мән берді. Осы тарихтарды көрсету барысында Ә.Кекілбайұлы қаламгердік талдау, толғаныстарға біраз орын берген: Цин империясының шапқыншылығына, Батыс пен Теріскейден ұмтылған торғауыттардың шабуылдарына, Ресейдің отарлау әрекеттеріне, Жайық казактары мен башқұрттардың зорлық-зомбылықтары т.б. Романда осы бақыншылыққа қарсы күрескен қазақ халқының жанкешті әрекеттері баяндалған. Бұл баяндарда осы тарихтарды авторлық қабылдаулардың ерекшелігі байқалады. Әсіресе, ақындар мен би-шешендердің ой-армандарын халықтық ерлікке орай жырлайтын дастан-жыр толғаулары ұлттық рухқа толы.

«Қазақ даласына дәмелі» Түркия, Иран, Орта Азия мемлекеттерінің жаулау мақсатында жүргізген алуан түрлі саясаты мен жаулау тәсілдері ақын-жыраулар назардан тыс қалмай тарихи деректермен егіздей өріледі.

Ресей патшасы да қарап жатқан жоқ. Қазақ билеушілері арасындағы алауыздық пен қайшылықтарды пайдалана отыра зымиян саясатын іске асыруға ұмтылады. Далалықтардың аяқ астынан бұрқ ете қалатын жорықтарынан қорғану үшін қалқан ретінде ойластырған Бөкей ордасына Ресейде оқып білам алған, тәрбиеленген Жәңгірді хан сайлаған. Ондағы мақсат мүдделері белгілі, Ендеше Жәңгір ханмен шайқасқа шыққан қазақтың би-батырлары бастаған қозғалыс, көтеріліс Ресейдің Шығысты көзеген басты саясатына үлкен кедергі. Оны кәсіби әскердің қарулы күштерімен жаныштау, аман қалғандарын қудалау, жер аудару осының бәрі «Шандоз» тарихи деректі баянында ресми тарихтар мен деректер арқылы жан-жақты көрсетіледі. Бұл құжаттарда Махамбет өмір сүрген орта мен ақынды қалыптастырған қоғамдық ая жан-жақты ашылады..

Махамбет өмірі тұсында қазақ қоғамындағы дәстүрлі салт-сана мен әдет-ғұрыптар жаңа заман әсерімен бірітіндеп ірілі – уақтылы өзгерістерге ұшырай бастаған еді. Мұны әркім өзінше қабылдады: қарсыласты, үнсіз қалды, т.с.с. Алайда осы дәстүрлі ортаны аяусыз өзгертіп жатқан тәрізді Жәңгір жаңалықтары Махамбет төңірегін басты әңгімесі еді. Басқа көрші елдер мен жұрттардың әрекет, тірліктерін Махамбет жақсы білді. Мәселен, Ресей патшасы мен оның қол астындағы татарлардың, башқұрттардың және Хиуа хандығы құрамындағы елдердің өмірлерінен хабардар болды. Бірақ, ақынды ашындырған басты мәселе – оның ой-әрекеттерінің түпкі қазығы бұл емес. Ең қорқыныштысы Ресейдің Қазақ еліне деген теріс пиғылы мен саясаты болды.

Махамбет Бөкей Ордасының осы кеңістіктегі орнын жақсы білді. Жәңгірдің орысшылдығының Махамбетке ұнамауы осыдан басталды. Одан келетін қауіп-қатерді ақын жүрегі бірден сезді. Бұл – Махамбеттің Жәңгірден кетуінің басты себептерінің бірі.

Елдің тұрмысын, әдет ғұрпын Жәңгір хан тарапынан бұзу үдеген сайын көргені көп ойлы ақын толғамдары оның шығармаларында болуға тиісті еді. Бірақ түрлі саяси себептермен олардан айрылып қалғандаймыз..

Бөкей кіші жүз қазақтарының ханы аталғанмен де оның бар тірлігі патша ұлықтары арқылы басқарылатын үкіметтің қолында болған. Жәңгір хандығы кезінде де бұл саясат өзгерген жоқ. Қазақ хандарының арасында тиянақты білім алған, Ресейдің жоғары оқу орынын бітірген, түрлі әлеуметтік топтарымен кездескен Жәңгір де алдында тұрған мақсаттардың орыс патшасына байланысты сипатын бірден аңғарды.

Кіші жүз, Бөкей ордасының ханы атанса да дәрмені мен пәрменінің шектеулі «қуыршақ хан» екенін түсінеді. Өзінің дербес саясатын жүргізуге, елдік туралы мақсаттары мен өркениетке ұмтылған әрекеттерін іске асыруға мүмкіндігінің мүлде аз екенін ұқты. Қазақ қоғамына үлген өзгерістер қажет еді. Қол астындағы қалың ел мен маңындағы билер, атқамінерлер арасындағы қарым қатынас о бастан-ақ шиленісті, аса күрделі күйде болды.

Атадан балаға мирас болған салт-санаға, дәстүрге сүйенген қазақтар Ресей саясатына жалтақтаған, «жасқаншақтау» жас ханға көңілдері толмады.

Жәңгірмен жақындасу үстінде алғашында оған құрметпен қараған Махамбет те оның баласы Зұлқарнайға көмекші қызметкер ретінде Орынборға барған сапарынан хан ордасына қайта оралмады. Қол үзеді.

Махамбеттің кім екенін білу үшін аса қажетті тұлға да осы – Жәңгір.

«Шандозда» алуан түрлі қайшылықтар қабаттасқан ел дүрбелеңінің, халық қозғалысының пайда болу, даму, Исатай – Махамбет ұлт-азаттық қозғалысына ұласу себептері баяндалады.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамы алдындағы күрделі мәселелерді жаза бастаған бүгінгі шығармаларында жаңа өзгерістер көріне бастады. Солардың бірі – Әбіш Кекілбайұлы шығармаларында деректік, мазмұндық, көркемдік бағыттардағы жаңалықтар. Қаламгердің алғашқы шығармаларынан-ақ өзгеше дүниетанымы, дара өрнегі бейнеленеді..

М.Өтемісұлының өмірбаяны мен шығармашылығы – қаламгерді алысқа жібермей жүрген тақырып. Студент жылдарында жазылған «Қызғыштың әні»-нен бастап үнемі ақын өлеңдеріне көз тігіп жүрген. Махамбеттің өмірі мен шығармашылығы жайын зерттеді, ақынды жақсы білетін қаламгерлер-ғалымдармен пікірлесті, ел ішіндегі көнекөз қариялардан ауызша әңгіме, хикаяларды тыңдады, Махамбет туыстарымен кеңесті.

Жазушы осылардың бәрін – жаңа әдеби үлгілерге ұмтылған ізденістерін, «Шандоз» деректі-тарихи баянында бір түйіндейтін тәрізді.

М.Өтемісұлына байланысты қазақ қоғамдық санасында әбден қалыптасқан көзқарас, пікірлерді Әбіш Кекілбайұлының жаңаша тану, қорыту, қысқасы – дискурстық бағытта қабылдауы аңғарылады. Мұны жаңа заман, егемендік мүмкіндік берген, еркін ойлау мен жаңа материалдар нәтижесі ретінде де ұғуға болады. Соңғы деректер мен соны ойларды жеткізу барысында баяндау және суреттеуді қатар қолданатын қаламгердің жазу әдіснамасы мен әдіс-тәсілдерінде де өзгерістер аз емес.

Ә. Кекілбайұлының ертеректе жазған мақалаларында да, М.Өтемісұлы туралы жаңа ойлардың, толғамдардың болғаны белгілі. Бірақ, ресми идеология екпінімен ығысуға, ыға баяндарға баруға тура келген сыңайлы.

«Шандоз» – әлеуметтік-тарихи уақиғаларды қаламгерлік толғамдарға орай бейнелейтін шығарма. Оның басты қаһарманы – қазақ қоғамдық санасындағы даңқты тұлға – Махамбет. Оның өмірбаянына қатысты жаңа мәліметтерді, бәлкім бұрын айтылған, бейнеленген қабылданған, талданған, мәліметтерді Ә.Кекілбайұлы «Шандозда» жаңа дискурсқа көшіре бейнелейді. Махамбеттің шығу тегі мен әкесі, өскен ортасы мен отбасын құруы, білім алу қайнарлары, қоғамдық қызметі, Жәңгір ханмен ара қатына-қатынасы, қазақ елі мен орыс мемлекеті арасындағы қарым қатынастар туралы ойлар т.б. Бұлардың бәрі күні кешеге дейін өмір шындығына сай деректерге сүйене жазылды, бейнеленді деп айта алмаймыз. Орыс идеологиясына жауандаған жылдарда Махамбет шығармашылығы мен қызметі туралы зерттеулер де таптық қоғам қақтығыстарынан ұзай алған жоқ. Әрі Исатай, Махамбет бастаған халық қозғалысының өзін шаруалар көтерілісі дегеннен аспадық.

Бұл қозғалыстың негізінде басқа мұрат, мақсаттар тұрды. Ә.Кекілбайұлы тақырыпты жаңа танымда тарқатады. «Шандоздан» үзінді: «Шамасы кеңес жылдарындағы идеологиялық ұйытқымалық Махамбет мәтіндеріне де өз салдарын аз тигізбесе керек. Ереуілші ақынның бірде бір толғауында «патша», «орыс», «кәпір» деген сөздердің атымен кездеспеуі де таңғаларлық жай... Ақын жырларының әлеуметтік зілін әріге асырмай, Жасқұс пен Жәңгірдің маңайымен шектеуге тырысу әнтек байқалады. Сонда Махамбеттің бар ерлігі мен өрлігі Жәңгірхан, Баймағамбет сұлтан, Қарауыл қожа хакім, Балқы билерді сілейте балағаттаумен тынған ауыл арасының көп тентек телісінің бірі болады да шығады. Бұл – ақынға да, тарихи шындыққа үлкен қиянат. Сондықтан ақын жырларын әлі де болса жинақтай түсіп, ел аузындағы төңкеріске дейінгі, төңкерістен кейінгі, соғыс жылдарындағы, тоқырау тұсындағы жарияланымдық нұсқаларды өзара салыстырып, бастапқы қалпына келтіру – ақын алдындағы әлі атқарылмай келе жатқан парызымыз» [1, 339-б.].

«Шандозда» кейіпкердің ішкі әлемі өте аз көрсетіледі. Қаламгердің өзге шығармаларымен «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең алаң» тағы басқалармен салыстыруға да келмейді. Қаламгер сұранып тұрған фабула, сюжеттерден бас тартқан тәрізді. Мұнда деректер сөйлейді. Толғамдардың қорытындысы ретінде берілетін аз кем ойлардың өзін ұқсас (мезгі-мекендік) тағдырлас адамдар тіршіліктерімен синхронды бағыттарда салыстыра көрсетеді. Мысалы. «Маулен мен Бекей» хикаясына байланысты [1, 24-33 бб.].

Ұлт-азаттық шайқас жолына біржола бекініп шыққан Махамбет, бала-шаға мен өзі ұнатып алған әйелдерін да осы жолда құрбан қылуға дайын болғандай. Махамбеттің жалғыз қалған сәттеріндегі ішкі ойлары мен бойын бұған сезімдерін қаламгер болжап, суреттеп жатпайды. Алайда дәл осы сәттерді, Махамбет ішкі әлемін ашып көрсету үшін Ә.Кекілбаев ақынның өлеңдерін пайдаланады. Өлеңдер астарынан байқалатын ойларды енді жаңа дискурс ретінде алады: «Аспанда ұшқан ақ сұңқар, қолымда тұйғын, лашын; қосылған жаста арудың көре алмай кеттім құлашын; арпа жемес арғымақ ақселеу отқа

зар болар; миуа, шекер жемеген алғаным мен балларым, қоңырсыған дүние-ай, қой етіне зар болар; жапаннан қарсақ ін қазар, хан салдырған жәрмеңке, жырақ болсын бізден бұл базар, қатын қалса, бай табар; қарындас қалса, жай табар, артымда қалған ақсақал кеңес қылған күн ақылменен ой табар, кейін қалған жас бала күдер үзіп біздерден көңлі қашан жай табар?» Ә.Кекілбаев ақын өлеңдерінде байқалатын осы әуенді «асыл өрмектің алтын арқауына» балайды [1, 42-б.].

«Тап тартысы», «қас албасты басқыр хан» деп Ресей идеологиясының әләулайына иланып, шауып жүрген біздер мұндай жырлар өзегіндегі ақын жүрегiнiң нәзiк сырларын шертетiн мұндай өлеңдерге көп айнала бермегенбiз ғой... сiрә. Әбiш Кекiлбайұлы Ұлы Махамбет жырларындағы жаңа танымдық қабылдауының дискурстық бiр парасын ақынның iшкi сырлардың нәзiк өрнектерiн таратудан бастайды. Ақын, күйшi, әншi Махамбетте мұндай сырлы өлеңдер аз болған жоқ.

Ақын өлең-толғауларының басты арнасы – ұлт-азаттық тәуелсiздiк, ерлiк тақырыбындағы жырлар. Осы өлеңдердi де «жауға өшiккен» батырлар жырларының жалаулы жарқылынан гөрi, азаттық жолындағы күреске бас тiккен ержүрек жандардың рухының дара өрнектерi ретiнде талдауды ойлану керек шығар. Бұл Махамбеттiң азаттық, бостандық, тәуелсiздiк тақырыбындағы толғауларының Ә.Кекiлбаев шығармасынан байқалатын жаңа бағыты iспеттес.

«Қабырғасын қаусатып, бiрiн-бiрiндеп сөксе де, қабағын шытпас ер керек» деген жолдар бостандық жолындағы ұлы iске тәуекел етiп бас тiккен ерлер рухының Махамбет танымындағы ерекше бейнесi.

Бостандық жолындағы күрес кiмге қарсы бағытталса да, қашан да оңай болған жоқ. Тiптi бiздiң заманымызда да солай... Ақын бастан кешкен арпалыстардың қаншалықты ауыр болғанын қаламгер Махамбет өлеңдерi астарында бейнелi түрде суреттелетiн көркем мазмұн арқылы жеткiзедi.

Бұл – жаңа дискурсқа негiзделген жаңа таным.

Ресей патшасына қарсы көтерiлу ауыл арасының кикiлжiңi, тiптi рулы елдердiң тартысы емес. Бұл мұздай қарауланып винтовка, қылыш асынып зеңбiрек сүйреген казак-орыстармен, соғыс өнерiне әбден машықтанған әскери құрамасымен соғыс. Оларға қарсы шайқасқа шығудың қаншама тәуекелдi, қажыр-қайратты ғана емес, санадағы ұлттық рухты қажет ететiнiн Махамбет анық бiлдi. Сондықтан да өлең жырларымен осы рухты, ұлттық рухты көтеруге барын салды. Мұны тiптi болжап айту да оңай емес. Ендеше дәл осы күйдi ойдан, қиялдан шығарудың, жобалай суреттеудiң қажетсiздеу екенi де белгiлi.

Ә.Кекiлбайұлы тарихи уақиғалар дауылына тап болған Махамбеттiң осындай шайқастар кезiндегi iшкi ойларын суреттеуге, қиял арқылы бояй бейнелеуге бара бермейтiнi де сондықтан болар. Әрине, түрлi жағдайларда аса талантты жазушылардың бұған тәуекел ететiндерi де аз емес, Бiрақ, өмiрi мен әрекетi, ерлiгi аңызға байыңқырап жетсе де ақын Махамбеттiң жөнi бiр басқа ғой.

Тарихи шығармаларға құмар бүгiнгi сауатты оқырманды ойландыру, толғандыру үшiн өзге тәсiлдер керек. Жазушы барлық тарихи шығармаларында

соны іздейді. Тарихи уақиғалардың тіні бөлек болса, тілі де сондай өзге. Тарихи шығарма бірыңғай ой, қиялдың туындысы емес көрем дүние. Сондықтан қаламгер алдындағы басты міндеттің бірі тарихи дерек пен тіректі оқырман үшін тартымды болатын көркем мазмұнға көшіру. Оқырман сезімін қозғау арқылы оның ойына өту. Ғасырлар көшінің шаңына көміліп қалған уақиғаны, уақыт пен кеңістікте сөйлету... Бұл оңай емес. Демек, тарихи деректерді өз танымында жеткізу үшін соған тірек болатын деректерді өзіндік танымда, көркем дискурста пайдалану басты мақсат. Бұл нағыз таланттардың да кейде қолынан келе бермейтін іс. Нағыз хас шеберлер ғана таңдап, талғап қолданатын бұл бұл танымда жұмбақтар құпиялары қаншама. Ә. Кекілбаев «Шандоз» атты тарихи деректі баянында соның бірерін ғана пайдаланады Бұл тәсілдің оқырманға әсері де бөлек. Қарапайым адамның еркінен тыс қозғалып, құйынға ұласатын дауылдар ортасында Исатай мен Махамбет тұр. Маңындағылардың бәрін иіріп, іліп ала жөнелетін сұмдық күш бейтарап қарап отыруға көнбейді. Қазақ елінің намысы мен ұлттық рухы үшін шайқасқан олардың бүгінде аңызға ұласқан тағдырлары тартыстарға толы. Қасірет дегенінде өлшем жоқ. Қасіретке толы тағдыр ма, әлде тағдыр әкелген қасірет пе? Бұл туралы әлі шындап ойланып көргеніміз жоқ.

Міне Ә.Кекілбаев қана осы қиын түйіндерді бір шетінен бастаған сыңайлы. Әрі сол үшінөзінің болжамдары мен қиялды емес ақынның, Махамбеттің өлеңдерін пайдаланады. Әрине өлеңде орнасқан ойлар мазмұны күрделі метафоралар мен теңеулерге толы болатыны белгілі. Алайда ақын жан дүниесін билеген күрделі сезімдерді көркем жеткізетіні анық.

Мәселен, «Артымда қалған алғаным, қытайы қызыл көйлегі күнге қойсаң оңар ма?! Мұндай қорлық болар ма?! Ақсұңқар құстың баласы қасқыр тартқан жемтікке ағармай көзі қонар ма?! Қаршыға құсты көп көрдім, қайрылып қазға қараған; қатын бала қара орман баршасын жауға алдырған, қарулы жатқан жебеге құрсағынан шалдырған, асыра келіп ойласам, бұл заманның шағында Махамбеттей зарығып, мұңлы болған қайда бар?» [1, 41 б.], – дейтін жолдар нағыз жауынгерлік заманның интимдік лирикасының теңдессіз үлгісі, – деп жазады Әбіш Кекілбаев.

Келесі үзіндіні қараңыз: «Қақақулап шақырмай, қанды көбік түкірмей, алғыншы алған арудың ақша бетін солдырмай, ата менен ананы қайғыменен қатырмай, әлпешті ұлың жат болмай, Шайған жалғыз матаның сатқанда суы ат болмай, бұзбай құлын пісірмей, мұз үстіне от жақпай, қапыда қалған қасқырмын, ақ жүректен найза түретпей, найзаны күнге қуратпай, қарсыласқан дұшпанның қабырғасын бір-біріндеп күйретпей, әлі де болса қорқа алман, адасып қалған үйректей» [1, 42-б.].

Енді Әбіш Кекілбаевтың осы жырларды қабылдауын көрелік «Бұл толғаулардың бәрі шын жәй-жапсарын тек екі жүрек, екі көкірек білетін бір нақты махабаттың қат-қабат қатпарларын қанды қайнатқан жан қызуымен толғаған ғашықтық хикаясы. Оның кейіпкерлері – Махамбет пен Ұлтуған».

(Сонда) Демек, Әбекеннің, Әбіш Кекілбаевтың, бұл тапқандары мен талдауларына қарап отырғанда қаралмай жатқан ұлы ақынға қатысты басты әрі ғажап тақырыптың бірі – Махамбет және махаббат болуға тиісті.

Бірғажабы «Шандоз» романында қаламгердің еркіндігі сезіледі. Ол реалистік роман қалыптарын еркін қолданады. Шығарма басындағы Исатайдың «Әй, осы сенің кереметің бар дейді ғой. Рас өтірігін білейін, мені осы қазір мықтап бір қорқытшы» дегеніне бола Махамбеттің көрсеткен «кереметін» баяндауда «ел арасына кең таралған аңыз әңгімені» қолданады. Мақсат – Махамбеттің аңызға айналған әрекеттерін көрсету ме әлде, осындай әңгімелердің барлығын байқату ма? Меніңше, екеуі де бар – егіз. Бірақ, бұларды қолдану барысында Ә. Кекілбаев шығармадағы кейбір аңызға айналған түсініктердің уақыт және кеңістік аясындағы когнитивті шартты сипатын ескертетін, сәл кеңітетін де тәрізді. Қаламгер тарихи уақиға мен деректерді жаңа, шартты дискурстерде бейнелеп қана қоймайды, оны тарихи деректермен қатар, болмаса салыстырмалы сипатта алады. Тарихи баян мазмұнында дерек және кейіпкердің, автордың дүниетанымдық толғамдарының қабаттасатынын жоққа шығару қиын. Әсіресе, көптеген тарауларда баяндалып отыратын тарихи дерек, құжаттардың рөлі – оқырманды өткен замандар шындығы туралы ойланту ғана емес. Осыларды бейнелеу барысында қаламгер мазмұнға өзіндік жаңа түсінік, жана дискурс, мазмұн беріп отырады. Бұл тақырыпқа өзгеше жаңа мән береді.

Махамбетке қатысты, қаламгерлік тебіреніс, толғамдардың басты мақсаты оқырмандарға осы жаңа танымдарды ұсыну. Ғасырлар қойнауында қалған уақиғаларды өзіндік таным аясында көрсету.

Әдетте көптеген зерттеушілер мен сыншылар, әсіресе жастар, көркем шығарма мазмұнын талдау мен түсіндіру барысында дискурсты тым еркін пайдаланады. Мұнда өз ойлары мен қабылдауларын, танымдарын жеткізуге ғана күш салады. Жақсы талпыныс, теріс деуге де болмас. Алайда тым еркіндікке ұмтылуда байсалды, болған теріс болмас. Тарихы ірі уақиғаларға араласқан, бастан кешкен адамдардан, ақындардан бізге жеткен мәтін көркем мазмұн болса да соған тура қатысы бар деректерден тұратынан ескеру керек. Бұл оқырман қарсылығын туғызатын сәттердің бірі. Көркем талдаулар арқылы өлең өзегіндегі тірі бейнеге айналуға дайын тұрған ойларды табу, образға оранған тебіреністерді ұғу мүлде оңай емес. Талантты қаламгерлер ғана бұл тұстарға абайлай барып, кейде түрлі әдіс-тәсілдер арқылы астарлай, жұмбақтай да жазады. Мәселен, Әбіш Кекілбаев дискурстық талдауларында ой-танымды жеткізуге қанша қажет болса, өзіндік толғамдарын сонша ғана қолданады.

Махамбет туралы бұрынғы шығармаларда, Б.Аманшинде, Ә.Әлімжановта [4] т.б. басты назар «егеулі найза қалға алған батыр, қаһарман бейнесін сомдау болса, «Шандозда» ержүрек жанның жалғыздығына, оның ерекше өмірбаянына Әбіш Кекілбаев баса назар аударады. Махамбет өзінің дегені болмаса, біреудің айқанына, әсіресе, зорлыққа көнер ме? Өнерлі – әнші, күйші, ақын – бетің бар,

жүзің бар демей өзі таныған шындықты тіке айтып, жүректілігін елге ашық әйгілеген тұлға. Осы мінезі үшін сөзге де қалған, қуғын да көрген. Қудалау Жәңгір хан тарапынан да, патша үкіметінен де болған, тоқтамаған. Бірге туған бауырлары оны тастап кетпесе де, «мен үшін сендер қорлық көрмеңдер», – деп балалы-шағалы, бауырларынан бөлек жүруге, алыс болға тырысқан. Өмірінің соңында айдалада – Қаройда жалғыз қалу сырының бір ұшығы сол. Балалары мен әйелдерінің көргені бір басқа. Қанша батыр болса сезімтал ақын олар туралы ойламады, бір хабарын алып тұрмады деп айтуға бал ма? Махамбет – жалғыздықтың ащы дәмін, сорын аз татпаған адам.

М.Өтемісұлы өмірбаянына қатысты көп айтылмайтын шындықтар да бар. Ол бүгінгі таңда аса маңызды деректердің бірі. Көтеріліс жеңілген соң оған қатысқан Махамбет Өтемісұлы бауырларына Жәңгір хан жер береді, ...бұл да бұрын айтылмаған деректер емес пе? (Шандозды қараңыз).

Кез-келген халықтың әдебиеті оның рухани өмірімен тығыз байланысты. Жазбаша болмаса ауызша әдебиетте әйтеуір көрініс табады. Ол өзге тілде жазылатын (осы халық мәселелері туралы) әдебиеттен мүлде болек болады. Отаршыл Ресей қазақ елінің ұлт азаттық қозғалысы туралы әңгімелерді қозғағысы келмеді. Сондықтан «жауыз ханға» қарсы бағытталған шаруалар көтерілісі дегенді ойлап тауып шындық іздеген ғалым, зерттеушілерге айтқызды. Амалсыз айттық. Сан мәрте қайталадық. Бара-бара өзгеше ойлануды да – ұмыттық. Жәңгір ханның өзі қаншалықты трагедиялық тұлға. Қазақ елін өркениетке жеткізсем деп ойланса, ата-баба дәстүрін бұзғысы келмеген халқы да, мемлекеттік туралы ойларын байқаған патша үкіметі де қарсы болады.

Тіпті өркениетке жақындамақ болған жоспарларды, өзгерістерді іске асыру үшін патша үкіметінің арнайы рұқсаты керек. Ұсақ түйектен басқа шаруаның бәрін Ресей үкіметінің келісімінсіз істей алмады. Рұқсат сұраумен, күтумен күн кешті. Бірнеше елдің тілін білетін, дүниенің төрт бұрышынан хабары бар газет мен журналдар алып тұрған ірі тұлға кіріптарлық күйге осылай түсті. Тарих және философиялық кітаптармен жақсы таныс кіші жүздің ханы «өзінің кім екенін» білген сайын, қорғамақ болған халқынан, оны өркениетке жеткізбек идеяларынан амалсыз алыстай берді. Оны патша үкіметінің ресми қысымы, империялық саясаты мәжбүр қылды.

Орыс мемлекетінің қолындағы «ойыншық» екенін түсінген Жәңгір соңғы жылдарын отаршыл үкімет мүмкіндік берген деңгейде ғана өткізуге тырысты. Мұсылман дінінің қағидаларын сақтауға ден қойып Қазан, Орынбор, Уфа мұсылмандары дінбасылармен ерекше жақындасты. Оқу ағарту мәселелеріне көп көңіл болді Бұл да Ресейге ұнамауға айналды. Өйткені қазақты «шоқындырмақ» болған түпкі ойына өте алмастай кедергі пайда болды. Діни таным түптеп келгенде ұлттық құндылықтарды түгендейді. Бұл Орыс патшасының басты қорқынышы еді.

Осыларға қарамастан қазақ елін мәдениетке жетелеуде Жәңгір атқарған жұмыстар ұшан-теңіз. Басқасын былай қойғанда атақты Қазақ университеті

жанындағы ғылыми кеңеске мүше болды. Осы университет кітапханасына Орта Азия, Қазақстан туралы талай қолжазбаларды тапсырған. Соның бірі Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиі» еді [5, 150 б.]

Мына мақалада Махамбеттің өмірбаяны мен шығармашылына тікелей әсер еткен заман шындықтарына байланысты кейбір мәселелер ғана сөз болды. Бұлар ақын шығармашылығы дүниеге келген орта, ая болатын. Бірақ, бір ескеретін нәрсе, осы ортаға Махамбет өмірімен де, өнерімен де, шығармашылығымен де қарсы болды. Алайда мұны өзгертуге санасы жеткенмен шамасы келмеді. Ең басты кедергі – қазақ мемлекеттігін жоюды жоспарлап жүзеге асыруға кіріскен Ресейдің отарлық сұрқия саясаты еді.

Ақын туралы зерттеулерде, көркем деректі шығармаларда Махамбет отбасына, әйелдері мен балаларына айрықша көңіл бөлінбейді. Оның шығармашылығын жинаушылар мен зерттеушілер ресми идеология қағидаларын бұзудан үрейленіп бұл туралы көп қозғамауға тырысты. Ресми идеология да ақын жан дүниесі мен ұлттық рухындағы маңызды мәселелерді қозғамауды қалады. Бар назарымыз Жәңгірге қарсы қарулы көтеріліс тарихынан аспады. Бұл тарих шындығын да адам танығысыз өзгерттік. Ресей идеологиясын не керек болса солай өзгерттік Қарсы болғандардың не болғанын жұрт біледі. Қайталауға өте ауыр. Бірер сөзбен бітетін тарих емес. Отаршыл Ресейдің айтқандарын бұлжытпай орындаймыз деп жүргенде Махамбеттің көңіл-күй, жастық шақ жырларының көбінен айрылып қалдық [6]. Мұндай шығармаларды жеке бастың гөй-гөйі, жаңа өмір орнатуға қатысы жоқ деген әлаулайларға алдандық. Бәлкім, амалсыз сенген болдық. Жоғалтып тындық. Ұмытылды ғой дегенге көндік, көнбеуге қоймады, өйткені мұның артында күш қолдауда алдына жан салмайтын Ресей тұрды.

Демек, Махамбеттің көңіл күй, дүниетанымдық, пәлсапалық жырлары, бұрынғы зерттеулерде Махамбеттің ұлттық рухының қалыптасуы, дамуы, пәрменді күшке айналуы бағытында мүлдем қозғалмады. Енді ше? Егемендік алдық, тәуелсіз ел болдық деп жатырмыз. Бірақ, қазақ мемлекеттігі мен бостандығы үшін қасық қаны қалғанша шайқасқан хандар мен билерді, сұлтандар мен ел билеген көсемдерді, батырларды, ақындарды жан-жақты тереңдей зерттей алдық па? Білмеймін. Бітпейтін бір асығыстыққа тап болдық. Еліміз үшін аса маңызды тарихи уақиғаларды, тұлғалар мерейтойларын атап өттік, мұны істедік, қатырдық, – деген есеп үшін ғана істейтіндейміз. Содан құтылдық па деген қуанышымыз, рухани азудың алдында тұрғандаймыз.

Ә. Кекілбаұлы Ұлы Махамбеттің ұмытылған шығармаларын іздестіру мақсатында қолда бар шығармалар жұрнақтары арқылы жаңа дискурсқа келген. Ол ақын, батыр трагедиясының қаншалықты қасіретті екенін көрсетуде оның жырлары поэтикасының өрнектерінде тұнған астарлы ойларға, мазмұнға көіл бөлген. Бірақ, бұл әлі де тиісті деңгейде көрінбеген, жұмыстары жеткілікті жаңа тақырыптардың басы.

Мұндағы интертекстер тіпті қозғалмаған тәрізді. Ал шынында бұл да аса мәнді, әрі қиын мәселелерге бастайды. Жүз жылдан бері айтыла, айтыла тасқа

айналған ескерткіштер туралы қатпа пікірлерді орнынан қозғау мүлде оңай емес. Әлі ортамызда соларға жақындасаң болды «баж» ете түсетін айқай-шу көтеретіндер аз емес. Көптеген зерттеушілердің ақын өмірбаяны, лирикалық өлеңдері деген тақырыптың маңыздылығын, ашылмай жатқан жұмбақтарын, сырларын біле тұра, бұған бара бермейтіні көп қозғалмайтыны сондықтан.

Енді осы мәселені қолға алатын уақыт жетті. Алдымен ақын өлеңдерінің тіліне, сонда бейнеленетін емеуіріндерге, сезімдер сыбырына ден қою керек. Бейнеленген ой, сезімдердің мәтінаралық өрнектерін байқап көру біраз жайларды байқатады. Мұны мұқият зерттесе бұрын айтылмаған, назардан тыс қалған ойларды көруге, табуға, қозғауға болады. Өзің көрген, жақсы, анық білген деректерді, шындықты айту кезек күттірмейтін маңызды нәрсе. Алайда осыны іске асыру да оңай емес екені де белгілі...

Бірақ, басты мәселе осында тәрізді көрінеді де тұрады.

Қазақ елінің даңқты ұлы, Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Ұлы Әбіштің, Әбіш Кекілбайұлының өмірбаяны мен шығармашылына арналған зерттеулер енді жазылады деген ойдамын

Егемен елді аяғына нық тұрғызуға Әбіш Кекілбайұлы үлкен үлес қосуты. 1993 жылдан бастап қиын екені біле тұра жоғары мемлекеттік қызметтерге кірді. Бірыңғай шығармашылық жұмыстармен айналыса алмады. Бірақ бұл да талантты қаламгерге бөгесін бола алған жоқ. Шығармашылық жоспарларындағы үлкен арманы қазақ елінің Ұлы ақыны даңқты Махамбет туралы бала кезден армандаған романын «Шандоз» деректі тарихи баянын жазып 2004 жылы жариялады.

Алайда Ә. Кекілбайдың шығармашылық жоспарларында орындалмай қалған талай аса маңызды істер бар еді. Солар туралы Әбіш Кекілбайұлының жарты ғасырдан астам отасқан құдай қосқан жары, жазушының жанын түсініп, жұмыс жасауына барлық жағдайын жасаған Клара Жұмабайқызы, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің ардагері естеліктерінде айтады.

«Әбілқайыр хан туралы кітабын аяқтай алмай кетті. Алғашқы екі томы шыққанда, оны әркім әртүрлі қабылдады. Әбілқайыр – қазақты Ресейге бодан қылған сатқын» деген пікірде болды. Осыдан кейін Әбіш үзіліс жасап кідіре тұрғанды жөн көрді. Ақыры ойға алған жоспары орындалмады. «Шіркін-ай Бопай апамыздың да басын көтерсем!» деп армандайтын. 2005 жылғы инсульттен кейін, ол ойы да аяқсыз қалды.

Бұдан бөлек Шыңғыс хан туралы жазғандарға көңілі толыққырамай, соны жазсам дейтін. Көп әдебиетшілер құсап күнделік те жазбады. Кейде сұрайтын едім: «Жұрттың бәрі күнделік жазатынын айтады. Осы сен неге күнделік жазбайсың?» – деп. Сонда күліп: «Күнделік жазып не керек, мына басты не үшін берді?», – дейтін. Сол айтқандай оқыған-түйгені – басында, көрген әділетсіздіктері ішінде кетті. Күнделік жазбауының сыры осында шығар кім білсін?!» [7, 13-б.].

Кім білген? Бұлардың өзге шешімдері де, жолдары да бар шығар, Бірақ, Ұлы Әбіш Кекілбайұлының біздерге, ұрпақтарын қалдырған аманаты ретінде қабылдауға да болатын шығар. Ойланайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбайұлы Ә. Шандоз. Деректі-тарихи баян. – Алматы: Арыс, 2004.
2. Мағауин М. Шаңғыс хан. Деректі тарихи хикая. (4 томдық) – Алматы, 2011-2016.
3. Махамбет әлемі. Көптомдық. – Алматы: Арыс, 2004.
4. Махамбеттану. Библиографиялық көрсеткіш // Махамбет әлемі. Көптомдық. 20 т. – Алматы: Арыс, 2004.
5. Алимжанов А. Стрела Иахамбета. – Алматы, 1969.
6. Боранбайұлы Т. Жәңгір хан. – Алматы, 2014.
7. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті мен тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960.
7. Жұмабайқызы К. Ол ешкімге жамандық ойлаған жоқ // «Әбіш әлемі» Республикалық тарихи-әдеби, мәдени журнал. – 2017. – № 4.

Г.Ж. Пірәлі,

*ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)*

**Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ТҮС КӨРУ
ТӘСІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ**

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті суреткерлер М. Әуезов, Б. Майлин, З. Шашкин шығармаларында өрісі кеңіп, өз міндетін жаңа сапаға көтерген түс көру тәсілі Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында өз шыңына жетіп, көркемдік, характерлік, символдық, мифологиялық, психоаналитикалық қызмет атқарар әдіс қана емес, тіпті түгелдей бір туындының тұтқасын құрайтын көркемдік тұтастыққа ие болды .

Әбіш Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры” мен “Ханша-дария хикаясы” роман-повестері бастан-аяқ түстен тұрады десе де болады. Бұл шығармалардың идеялық, көркемдік тұтастығын құрайтын түс-ішкі монологтың бір элементі ретінде кейіпкердің көңіл-күйін, санасында үздіксіз жүріп жатқан психологиялық процесті бейнелейтін бірден-бір тәсіл. Қазақ прозасында әдеби түс көруді талдауға соншалықты мән беріп, одан үлкен философиялық, ой, әлеуметтік-қоғамдық мәселе көтеретін Әбіш Кекілбаевтың көркемдік әлемі әлі де ашылмай жатқан арал секілді.

Ендеше, Ә. Кекілбаевтың шығармаларындағы сюжетке арқау болған кейіпкерлерінің түс көру эпизодтарын еске алып көрелік. “Үркердегі” Әбілқайыр

ханның түс көріп, оны сонша жерге ат арылтып досы Тайланға жорытуы, “Аңыздың ақырындағы” Кіші ханым мен Әміршінің түстері, “Күй” повесіндегі Жөнейттің, “Ханша-дария хикаясындағы” Гүрбелжін ханымның қыз күніндегі мен ерге шыққаннан кейінгі үнемі кіретін бір мазмұндағы түстері т.б. Бұл түстердің поэтикасын талдау, мағынасын оқып-тану /прочтение смысла сна/ арқылы біз көркем шығарманың шындығын, кейіпкердің бүкіл табиғатын, шын бет пердесін, ішкі иірімдерін, көңіл-сана түкпіріндегі құпия сырды, адам жанының психологиясына тереңдей енеміз. Біздің ұлттық әдебиетімізде ежелден қалыптасқан түс көру тәсілін талдау туралы ұғым-сенім, салт-дәстүр мен жору символикалары Ә.Кекілбаев шығармаларында жаңаша өң алып, олар үлкен әлеуметтік, философиялық, ғибраттық, психологиялық та қызмет атқаратын болды. Тіпті, жазушының көркемдік әлеміндегі әдеби түстердің адам тағдырын, оның қоғамдағы орны мен азаматтық ар-абыройын да түбегейлі өзгертіп, Ақиқат алдындағы қиянатын мойындатуға да мәжбүр ететін бейнелеу құралы екендігіне көз жеткіземіз.

Өмірдің мәңгілік құндылығы да осы әдеби түстерді талдау тұсында кеңінен әңгімеленеді. Әдеби түстер мазмұны мына өмірдің жалғандығын, бүгінгі тақ пен мансаптың, байлық пен бақтың өтпелілігін тұспалдайды. Осы түстер арқылы философиялық, психологиялық тереңдіктерге бару, бүкіл адамзат баласына ортақ “мәңгілік құндылықтар”, кезең, орта, уақыт таңдамайтын мәселелер жөнінде ой толғау тек Ә.Кекілбаев түстеріне, оның қаламгерлік қуатына тән қасиет.

Сондай-ақ, жазушы әдеби түстерді сюжет құруда және шығарманың бүкіл көркемдік-құрылысын ажарландыруда бірден-бір айшықты бояу, бейнелеу құралы ретінде қолданылады.

Негізі, Ә.Кекілбаев әдеби түс көруді шығармасына енгізу арқылы адамның жан күйін, ішкі сезім құбылыстарын қазбалай, қадағалай зерттеуді мұрат тұтады. Тіршілікте ешкім елеп-ескере қоймайтын түс көруді талдау мен жорудың поэтикалық суреттемелері Ә. Кекілбаев үшін нені меңзейді, нені тұспалайды? Жазушы кейіпкерлерінің көрген түстері оқушысын түпсіз ойларға, философиялық толғаныстарға тіреп қоятыны неліктен?

Шынында да Ә. Кекілбаевтың әрбір шығармасында Түс – Ақиқат. Олар оқушысына ақыл айтпайды, жол сілтемейді. Ол тек тұспалдайды, ой толғайды, өмір мен өлім, тазалық пен настық (адам жанының), қуаныш пен қасірет, адалдық пен жауыздық т.б. арасында өмірі ымыраға келмейтін қайшылықтар мен қақтығыстар жайлы сыр шертеді.

Әбіш шығармаларындағы әдеби түс көру тәсілдері “мәңгілік құндылық” жайлы философиялық ойларға жетелейді. Бірақ нұсқау бермейді. Әдебиеттегі түсті кім, қалай түсінеді, кім қалай жориды, неге тұспалдайды содан өз қорытындысын шығарып алады. Міне, Ә. Кекілбаевтың түсті қолданудағы көксеген мақсаты да осы. Әдеби түстегі символдық, мистикалық көріністер романдағы өмір шындығымен үндесіп, кейіпкердің бастан кешкен өмір азап-

тары мен жан қозғалыстары психоаналитикалық тұрғыдан тереңдетіле талданады. Әдеби түс көруді талдаудың поэтикасы көркем туындының сюжеттік-композициялық құрылымымен тұтас қарастырылса ғана баянды болары хақ.

Енді бір сәт осы әдеби түстердің өздеріне, олардың берілу түрлеріне де тоқтала кетейік.

“Аңыздың ақыры” романындағы “Махаббат” атты тараудан бір үзінді: “... Бауыры от құшақтағандай өртеніп барады. Ол төсегіне батылсыз енген жас жігіттің мойнына оратыла кетті. Бұның баяғыдан бергі сарылып күткен ыстық іңкәрі басқа ешкім де емес, тек осы ғана...” [1, 151-б.]. Бұл – Кіші ханымның түсі /женские сны/, екі бетке созылып әйелдің есін алған шебер жігіттің ыстық құшағы түс емес тап өңдегідей, яғни бұл көрініс бар ашық бояуымен бейнеленген. Өйткені, адамның бейсаналы сәттері оның көптеген құпияларын ашудың таптырмас тәсілі. Сана актісін құрайтын әдеби түс көруді талдау кезінде өтірік өрге баспайды. Сіздің күндізгі еркінізге көніп, жасырын жатқан іңкәр сезімді де оқыста опасыздықпен әшкерелеп қоятын да осы – Түс. Абайдың ел-жұрттан жасырып, тек жүрегінде ғана сақтап-жаттап жүрген жалғыз есім – Тоғжан еді. Ұл-қызы бар, некелі жұбайы болса да, елге танылған атақты Абайды да естен айырып, “Тоғжан” деп толғандырып қойған осы Түс емес пе еді? Бөгде жұртта, әсіресе Тоғжан деп тіл қатуға қақысы жоқ Тоғжанның қайын елінің көзінше – “Жаным! Асылым. Барым бір өзің”, – деп бар сырын жұртқа жариялатып, ішкі әлемін әшкерелеген де осы – бейсаналы түс көру процесі ғой.

Бұл – әдеби түс көрудің тек шындықты әшкерелейтінін дәлелдейді.

Кіші ханым да күні бойы алыс сапардан оралған Әміршіні ойлап, аңсап, бар жан-тәнімен соған бағышталды, бірақ түсінде шебер жігіттің шырмауынан шыға алмай қалады. Өйткені, ол өтірік өрге баспайтын түс өлкесінде, өзге әлемнің ішінде жүр. Ешқандай ақыл-еске, ырыққа көнбейтін бейсаналы елінде саяхатта жүр. Күндізгі өзін-өзі алдаусыратқан алдамшы, жалған өмірден өзге шынайы өмір, шындық пен тазалықтың, адалдық пен Ақиқаттың аулында, ол. Өзін-өзі алдайын, ұстайын десе де, ерікке көнбейтін түн, түс деген тылсым күш оның бүкіл шын бет-пердесін ашып тастады. Өзі де білмейтін, сезбейтін, тіпті мойындамайтын жүрек сырын әдеби түс әшкерелеп берді. Ұйықтап жатқан адамның қимыл-қозғалысын, дене қалпын зерттеген психиатр Самюэл Данкелл түс көру сәтінде ашылған ақиқат алдында кімде болса дәрменсіз екендігін ескертуі тегін емес. Өйткені ол күндізгі маскировкаға көнбейтін шынайы шындықтың қайнар көзі екендігін ескертеді. Сол себепті де Ә.Кекілбаев түстің осынау психоаналитикалық, символдық, көркемдік мүмкіндіктерін кеңінен пайдала білген.

Романның үзіліссіз бір үндестікпен дамып келе жатқан оқиға желісі түс сюжетімен үзеңгілесіп, сол қалпында дами береді. Біз оқып отырған үзіндінің сана актісі екенін Кіші ханымның түс көру барысындағы ілеспе ішкі күдігі, өз болжауы арқылы анықталып жатады: “Ханым ұйықтайтын ұлан-асыр кең жайды барша жарық жалғаннан көлкештеп тұрған алтын шайған ауыр есік

сықырсыз ашылып, аяғының ұшынан басып әлдекім ішке өткендей болды”. Мұны алғашында түс емес, елес, көзге елестету екен деп қаласыз. “Кірді де, одан арғыға батылы жетпегендей босағада тұрып қалды... Апыр-ай, кім болды екен. Ханым оны танитын сияқты... Күнде-күнде қасында жүрген, күнде-күнде көріп жүрген біреуі тәрізді. Бірақ жыға тани алмады...”. Осылай ұзаққа созылған түс-елес сана астарында Кіші ханымды біраз әуре-сарсаңға салады. Ол ұзақ уақыт мұның кім екендігін білмей, бет-жүзіндегі бейвербалды ишараттарды, сыртқы психологиялық қимыл көріністерді қадағалаумен болады, сосын ғана шырамытады, шебер жігітті. Өңінде өзіне ғашық болып, үздіккен жас жігіттің түсінде батылы жетіп бұған келуі Кіші ханым үшін тосын жәйт. Екеуінің де ішкі бір іңкәрліктерін үйлестірген бұл түс ынтық сезімнен туған сананың сәулесі екені сөзсіз. Өңінде шебер жігіттің салып жатқан махаббат мұнарасында мөлдіреп тұрған мөп-мөлдір сезімді күнде көрсе де мойындағысы келмеген Кіші ханымның да жүрек түкпіріндегі жасырын сырын әшкере еткен бұл әдеби түс ең бастысы, ұлы Әмірші алдында сыр алдыртып қояды. Оқып көрелік: “Иә, ол өмірінде өз күйеуінің алдында, Әміршінің алдында жалғыз-ақ рет күнә істепті. Онда да өңінде емес, түсінде күйеуінің көзіне шөп салыпты. Бірақ сол жалғыз қылмысының өзін Әмірші иенің қырағы көзі қалт жібермей, үстінен шығыпты. Бұның бөлмесінде көп аялдамағаны – әйелінің түсінде шайтансырап жатқанын өз көзімен көргені ғой, ашулы шыққаны – бұның түсінде өзге еркектің құшағына кіріп, құштарлыққа берілгенін түсінгені ғой...” [1, 152-б.].

Бұл түстің көркемдік-эстетикалық қызметі мен философиялық құндылығы мынада-жан мен жүректі жегідей жер сезім, ғашықтық дерттің қандай да бір сезімдік-эмоционалдық құбылыстарды, яғни бейсаналы сәттердегі психологиялық процестерді паш ету. Осындай терең ой, үлкен философиялық тұжырымға тірейтін түстің роман оқиғасын одан әрмен әрлеп, ажарландыра түсері хақ. Мұндағы әдеби түс көруді талдаудың кейіпкерлердің мінез-құлқын, болмыс-бітімін, күрделі ішкі жан дүниесін ашудағы атқарар қызметі де орасан зор.

Адам атаулыға тән тәжірибеге сүйенсек, әркім көрген түсінің мағынасын, оның себеп-салдарын іздейтіні табиғи құбылыс. Сондықтан да Ә.Кекілбаев шығармаларындағы түс көрушінің түсі де, ондағы оқиға да оқушысын ойландырмай қоймайды. Және олардың бәрі де романдағы шындықтан алшақтамайды. Олар бейне бір суреткер-автордың философиялық ойлары жинақталған, өз бетінше аяқталып тұрған аңыз-әңгіме, новелла секілді. Егер де Ә.Кекілбаевтың көркемдік әлемінен әдеби түс көруді алып тастар болсақ көркем шығарманың құндылығынан түк те қалмас еді.

Негізі Ә.Кекілбаевтың кейіпкерлері ерекше түстер көреді және оны автор да асықпай, толыққанды түрде баяндайды. Өйткені, Ә.Кекілбаев стиліндегі өзгешеліктің өзі осында, яғни әдеби түс көруге қатысты психологиялық құбылыстарды жинақтап, оның түрлі берілу пішіндерін парықтап, түгендеп,

жан-жағын жұмырлап, теп-тегіс әрі толыққанды, көлемді етіп беру. Және оның кейіпкерлерінің көрген түстерінен, оны жору суреттемелерінен сол кезеңнің лебі сезіліп тұрады. Кейіпкерлерінің түр-сипаты да, сөз саптауы да, ойлау жүйесі де, тұрмыстық ұстанар заттары да сол дәуірге сай туған. Сондықтан да көңілге күдік ұялатар көрініс, нанымсыз оқиға оның шығармаларында кездеспейді. Соның бір дәлелі де осы – Кіші ханымның түсі. Көркем әдебиеттегі түс көрушінің ұйықтар алдындағы, түс көру сәтіндегі, тіпті түстен кейінгі дене мен ішкі жан сезімдеріндегі әрбір психологиялық құбылысты қалт жібермей кеңінен толғап, тереңнен қозғаған қаламгер қатаң бақылаушы, қыбыр еткен қозғалысты аса қырағылықпен қадағалауға құмар.

Дүниеде тән опасыздығынан ой опасыздығының ауыр екендігін ежелден жақсы білетін Әмірші жан мен сананың өзгеге арналғандығын кешіре алмады. Осы опасыз Түс кесірінен он саусағынан өнері тамған жас жігіт екі бірдей көз бен қолдан айрылып, домаланған тас секілді зынданға тасталды. Кіші ханым кешірілмес күнәға батты.

Жазушы әдеби түсті, одан кейінгі ой-толғаныстарды, сезім мен ой қайшылықтарын, атап айтқанда ашу-кек, опыну мен ақталу, өзекті өртеген өкініш пен налу, күйзелу мен күйреу т.б. секілді толып жатқан ойлау процесінен туындап жатқан сыртқы психологиялық сәттердің т.б. бірінде не көзден не көңілден таса етпей егжей-тегжейлі баяндайды. Және ол баяндаулар үстірт, сырттай бақылаудан туған оқиға тізу емес, әрбір қалт еткен қыбыр-қимыл арқылы ой айту, образ ойнату, өмірдің өміршең өнегесін көксеу адам тағдырының мәңгілік құндылықтарын меңзеу бар. Оны да бір сәт бақылап көрелікші:

“Сүйегін сүйреткен ебіл-дебіл бір хал. Енді ханымға бұл дүниеде, бұл тіршілікте ешқандай қызық қалмағандай. Дарға асса да, басын шапса бәрібір, өз күнәсін, өз қылмысын мойындап болған... Көңілін түсінде жеңген әзәзіл өңінде жеңбей ме?.. [1, 153-б.]. Өз қылмысын өзі осылай мойындаған / мойындауға мәжбүр еткен-түсі Г.П./ Кіші ханым Әміршіге деген адал көңілі, ендігі өмірінің мәнсіздігі т.б. туралы ой арпалысына түседі. Оның бүкіл өмірін өксітіп қойған бұл түстің нендей құдіреті бар? Кіші ханымды да, Әміршіні де, оқушысын да ойлантып қойған осы әдеби түс. Оның айтпағы – тек ой опасыздығы ғана емес оны жүзеге асырып отырған табиғат пен Ар-Ақиқат алдындағы адам атаулының әлсіздігі.

Кіші ханым шебер жігіттің таза да адал махаббаты алдында әлсіздік танытса, Әмірші – Табиғат пен Ақиқаттың алдында, яғни Кіші ханым мен шебер жігіттің жастығы мен таза махаббатын “күш – айбат”, дақ пен байлық арқылы табындырып, жас жүректі жаулап алмасын мойындайды. Романдағы кейіпкердің түс көру үзіндісін талдау міне, осындай мәңгілік мәмлеге келмейтін жас пен кәрінің, тазалық пен байлықтың, махаббат пен жауыздық секілді екі әлемнің қақтығысын, сезім сәйкессіздігін астарлап жеткізеді. “Жұмыр басты пенденің кез-келгеніне лайық күйбең тірліктің қарапайым рахатынсыз қонған

бақ пен даңқтың қай-қайсысы да соқыр тиынға тұрмайды екен” [1, 175-б.]. Бұл – Әміршінің әлгі түстен кейін сол түске қатысты үш адамның (Кіші ханым, шебер жігіт, өзі – Әмірші) тағдырын толғана келіп түйген түйіні.

“Аңыздың ақыры” дейтін төртінші тарауда Әміршінің өз түсі баяндалады. Мұнда да жазушының терең ойлы, әлеуметтік-философиялық мән-мағынасы терең адам жанының ішкі иірімдеріне үңгірлей, қазбалай үңілетін айшықты стильдік мәнері айқын көрініп тұр. Дарынның кәсіби даралық шеберлігі де осы түс көру тәсілін ерекше бейнелеп беруімен ұштасып жатқандай.

Оқылық: “Ол мынау қарғыс атқан қағынды өлкеден алыстаған сайын басындағы зіп-зілдей тәжден, үстіндегі оқалы киімнен арылып, тұла бойы жеңілейіп бара жатқандай көрінді. Бір уақытта тіпті иығындағы лыпа ихрамға айналып кеткен екен дейді...”. 185-188 беттерге дейін созылған әдеби түстің қысқаша мазмұны осындай. Автор Әміршінің көрген түсін ертеңіне еске ала отырып, ондағы әрбір детальға, әрбір іс-әрекет пен оқиғаға талдау жасау арқылы жадында қайта жаңғыртады: “Есіне таң алдында көрген түсі оралды. Анау қарлы шындар түсіндегі Арафа мен Мұздалифтің, Саф пен Мәрудың күйген бауырдай қоп-қоңыр шоқыларына, көп шуылдақ қиқу салып аң қуып жүрген көк жасыл қойнау аяғыңды бассан бұрқ-бұрқ шаң ұшқан Мин алқабына атымен ұқсамайды. Алайда, түсінде көрген өңірдің шаң-тозаңы, ыстық жалап кеткен топырақтың күңірсік иісі көкірегіне біржола орнап қалғандай. Ғұмыры көрмеген алыс өлкенің көз алдына тап осынша анық сайрап келе қалғанына қайран қап отыр. Әлде қажыға сан рет барып қайтқан пірінің әңгімесінің әсері ме екен. Кешелі-бүгін ойына да алмаған жер түбіндегі киелі өлке бұның түсіне неге кірді? Әлде ата-баба бұған басындағы мына дағдарыстан қалай шығудың жолын меңзеді ме... Шынында да, осы хажыға неге бармайды?... [1, 191-б.]. Осылай өз түсін өзі ұзақ ойға беріле отырып, болжауы осындай тосын түйін жасатты. Көркем туындыдағы әдеби түс-географиялық та, математикалық та өлшеуге симайтын тек көркемдік уақыт пен кеңістік секілді категорияға тән шексіздігі мен еркіндігін де осы жерде айқын көрсетеді. Жер жаһанды жаулаған Әмірші болса да ғұмырында бір рет жолы түспеген өлкені тап өңінде көргендей тау-тасына, топырағына дейін анық көріп, Құранды да өз құлағымен өңіндегідей естуі, елге сүйдірген қағбаның бұдан қашып сүйдірмей қоюы да тек әдеби түс көруді талдау арқылы жүзеге асатын қиял-ғажайып оқиғалар, эмоционалдық, психологиялық, сезімдік құбылыстар, эстетикалық құндылықтар екендігін дәлелдей түседі.

Әдеби түсте бейнеленген оқиғаның өтіп жатқан жері – Мин алқабы, мұнда түс көруші кейіпкер көп сынақтан өтеді. Мұндай сынақ роман кейіпкерінің басына түскелі отыр. Көркем шығармадағы әдеби түстегі пейзаж кейіпкер өміріндегі табиғатпен мүлдем қайшы. Әмірші аулындағы қарлы шындарға Арафа мен Мұздалифтің, Саф пен Мәрудің шаң басқан шөлі кереғар. Бұрын-соңды өңі түгілі түсінде көрмеген бөтен өлкеде Әмірші өмірінде білмеген қорлықтың, сынақтың бәрін көріп бағады. Әлемді билеген Әміршімін деп

ойлаған ол да көп пенденің бірі екен. Тіпті түсінде кім-көрінгенге ұстатып жүрген қағба тасының бұл келсе ұстатпауы да көңіліне күдік ұялатып, ойын аласапыран етеді.

Ә.Кекілбаев өз шығармаларындағы түстерде ертегілік уақытты /сказочные время. М.Бахтин ендірген термин. – Г.П./ көп қолданады.

Әміршіні әрі-сәрі күйге бөлеп, арғы-бергі күнәларын тізуге мәжбүр еткен әдеби түс одан арылудың да жолын қарастыруға жөн сілтейді. Ол қажылыққа барғысы келіп, үнемі түс жорытып, әр жорық алдында батасын алатын Піріне келеді. Алайда ол: “– Жаратқан ие, ата-баба, желеп-жебеуші, әулие-әмбие, ақыл қосса, ол тұспалдары соқырға таяқ ұстатқандай сайрап тұрады. Кие үркіткен, әруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан, – деді де тыйылып қалды” [1, 197-б.]. Далалық жұрағаттар жады мен өмірлік-тәжірибелік болжамында сан ғасырдан бері орын алатын діни-мифтік, этнографиялық салт-сананы танытатын түсті тек жақсылыққа жоруға тырысқан. Әмірші түсі жаманшылықты тұспалдаса да өзі іштей жақсылықты тілеп келсе де Пірі ыңғай бермеді. Әміршінің рухани күйреуі, міне, осы тоқырау түсінен басталады.

Әлгі түстен кейінгі тынышын тонаған сансыз сауалдарына көңіл орнығатындай жауап ала алмаған Әміршінің көңіл күйзелісі, күдік пен күмәнға толы көңіл-күйі жан дүниесіндегі арпалыс шығарма соңына дейін үздіксіз жүріп жатады. Жалғандағы жалғыз жанашыр деп жүрген Пірінің өктем пішінінен, жарытымсыз сөзінен соң біржола өмірден безген Әмірші рухани тоқырауға, адамдық, моральдық тұрғыдан күйреуге ұшырайды. Кеше ғана бүкіл ғұмырының мән-мағынасына айналған ел билеу секілді астамшылық ой-арманы осы түстен соң-ақ аяқасты болып, күл-талқаны шығады. Тіпті, мына өмірден баз кешіп, Қажылыққа да барғысы бар, күнәсінен айрылғысы да келеді. Бірақ, Пірінің пұшайман пішінінен соң, күрт өзгеріп, тынышын тонаған беймаза тірліктен, осынау опасыз дүниеден біржола безудің бірден-бір жолы жорық, ұлы жорық деп шешеді де шұғыл сапарға аттанады. Бұл сірә, соңғысы да болуы мүмкін?! Әрі оның жұмбақ әлемінің шешуін осы ұлы шайқастар шешіп бермесіне кім кепіл?!

Бұл туындының өн бойында осылай өріліп, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниелеріне жаңаша жол аша білуі, олардың алуан түрлі хал-ахуалын, көңіл-күйін, психологиялық жағдайларын баяндау шығарма сюжетін дамытуға дәнекер болады. Әрі бұл әдеби түстер оқиғаны өрбітер өлке ғана емес, тап сол жағдайды туғызатын үзік бір үзіндінің өзі болып табылады. Мұның өзі жазушы шығармашылығындағы әдеби түс поэтикасын танып-түсінуге түрткі болары сөзсіз. Ә. Кекілбаев шығармашылығына фантастикалық-реалистік, иллюстративті-психологиялық және сюжетті түс көріністері тән. Шығарма сюжетіне тірек болатын мұндай әдеби түстер оқушының ойында мәңгі сақталады. Сондықтан да оның түстерін рет санымен санамалап, циклды түстерге жатқызуға болады. Айталық, кіші ханымның түсін бірінші түс десек, әміршінің түсін екінші деп реттеуге болады.

Екінші, Әміршінің өз түсіне тоқталайық: “...Жан даусы шығып: “Хақ тағала қай қызметіңе де әзірмін, – деп айқай салып келеді. “Тек жұртқа жасаған мейірімінді маған да қия гөр”, – деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыркөбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған бәрібір жеткізер емес” (186-б). Мынадай ауыр жазаға қай пиғылынан тап болғанын, оны неге жорырын білмей дағдарды. Кейіпкердің көркем шығармаға бергісіз мазмұнды, әрбір деталына дейін айқындалған мұндай шынайы, күрделі оқиғалы түстегі әлем, кісі күтпеген көптеген оқыс сезімдік психологиялық көріністерімен көкейде қалатыны бар. Әміршінің түсі, міне, осындай сюжеттік оқиғаға бай, романның көркемдік құндылығын арттырып тұрған символдық, мифологиялық, психоаналитикалық сана актiсі екендігін айқындайды.

Сондай-ақ оған аң аулауға барғанда оқыстан шыға келген жолбарыстың неліктен бұған шаппағаны қосымша болып, қайғы үстіне қайғы жамағаны белгілі. Жолбарыс қарсы алдында тұрса да ол өзінің көрген түсі туралы ойланады, оның шешуін тапқандай болады: “Түсіндегі тастың мұны маңайлатпай қойғаны мынадай тосын ажалға көрінген екен” дейді. Алайда ол тірі қалады, есін жиып садағымен атып алған олжасы арасындағы осынау қас-қағым сәтте түсіндегі қара тас секілді Ажалда бұған ұстатпай кетеді. Мұны да жаман ырымға санаған Әмірші енді өзінің Піріне барып, “анау күнгі түсі мен тосыннан тап болып, бірақ шаппаған жолбарыс жайын айтып” жауап тосады. Ол тағы да: “Кие үркіткен, әруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан”, – дейді де қояды.

Міне, бұлардың бәрі қаламгердің адамды қайта тудыруға және жаңартуға тікелей әкелетін тоқырау түстерінің (кризисных снов) үздік үлгілері екендігін атап айту керек. Жоғарыда атап өткен Әмірші, Жөнейт, Кіші ханым, т.б. секілді жарты әлемді билеген адамдардың тоқырау түстерден соң Адам, Ақиқат, Ажал, Тағдыр алдындағы “аллаларын танып”, өздерінің қанды қолдарымен жеткен жеңістері мен даңқтарының өткіншілігіне өкінеді, жерінеді, мүлдем жаңарады немесе біржола күйрейді. Мұның бәрі тоқырау түстерінің әдебиетте маңызды роль атқаратынын айғақтайды. Кейіпкерлерге өмірді басқаша қырынан танып, түсіндіруге тырысқан мұндай тоқырау түстер Ә.Кекілбаев шығармашылығында көптеп шоғырланған. Сондықтан да Ә.Кекілбаевта түс көрмейтін кейіпкер кемде-кем. Және олар жәй түс көрмейді. Олардың түстері өміріне өзгеріс әкелетін, кейіпкерлердің жан дүниесін, өмірге деген көзқарасын түбірінен жаңартатын түстер. Оған Әбілхайыр, Әмірші, Жөнейт т.б. түстері куә. Олардың бәрі де түстерінен соң өздерінің қанды қолдарымен қиратқан “Өмірдің мәңгі құндылықтарының” қадіріне жетіп, бағалай бастайды.

Негізі Ә.Кекілбаевтың кейіпкерлері ерекше түстер көреді және оны автор да асықпай, толыққанды түрде баяндайды. Өйткені, Ә.Кекілбаев стиліндегі өзгешеліктің өзі осында, яғни әдеби түс көруге қатысты психологиялық құбылыстарды жинақтап, оның түрлі берілу тәсілдерін түрлендіріп, ажар-

ландырып беру. Және оның кейіпкерлерінің көрген түстерінен, оны жору суреттемелерінен сол кезеңнің лебі сезіліп тұрады. Кейіпкерлерінің тұр-сипаты да, сөз саптауы да, ойлау жүйесі де, тұрмыстық ұстанар заттары да сол дәуірге сай бейнеленген. Сондықтан да көңілге күдік ұялатар көрініс, на-нымсыз оқиға оның шығармаларында кездеспейді. Соның бір дәлелі де осы – Кіші ханымның түсі. Көркем әдебиеттегі түс көрушінің ұйықтар алдындағы, түс көру сәтіндегі, тіпті түстен кейінгі дене мен ішкі жан сезімдеріндегі әрбір психологиялық құбылысты қалт жібермей кеңінен толғап, тереңнен қозғаған қаламгер қатаң бақылаушы, қыбыр еткен қозғалысты аса қырағылықпен қадағалауға құмар.

Ә.Кекілбаевтың “Күй” повесінде де Сырым деген жігіттің Құрбан қариядан естіген Жөнейт батыр туралы хикаясы да бастан-аяқ түстен тұрады. Күй шежіресіне айналған бұл аңыз-әңгімеде Жөнейт батырдың ұлы Дәулет күйшінің жауға барып, қайтыс болғаны, оның құнына әкелінген қазақ күйшісін тірідей жерге көмгелі батырдың көрген күні азаппен, түні түс көрумен өтеді. Өмірі мен өнері Дәулетінен айнымайтын күйші күн сайын өз баласы болып түсіне еніп Жөнейттің өзін ажал құштырады. Күн мен түнін ауыстырып, ақыл-есінен айрылғандай ахуал кешкен Жөнейттің күні күн емес. Ол ашумен күйшіні тірідей жерге көмдіргенімен кейін жаны ашып, талай түн кірпік ілмей құтқарудың да амалын ойластырады. Бірақ Жөнейттің бар ойы, тіршілігі, көңіл-күйі күн сайын енетін үрейлі түстері, жанын тонаған жан азабы арқылы ғана жүзеге асады. Осы орайда, шығармадағы кейіпкердің үздіксіз көретін түстеріне әдеби талдау жасау нәтижесінде ол қандай көркемдік қызмет атқарып тұр? Жазушы бұл психологиялық бейнелеу құралын қалай, қандай мақсатта пайдаланады? Бұл повестегі әдеби түс көруді талдаудың өзге шығармалардағы түстерден айырмашылықтары мен ерекшеліктері қандай? деген сауалдарға жауап беру үшін жазушының өз тәжірибесіне сүйене отырып қана ой-пікір айтуға болады.

“Күй” повесінде шым-шытырық оқиға жоқ, онда тек ой бар, Жөнейттің күндіз жорудан, түнде көруден жалықпайтын түсі бар. Тіпті, шығармадағы оқиғадан түс көру эпизодын бөліп алып тастауға мүлдем болмайды. Өйткені, олар біртұтас дүние. Бір леппен, бір деммен беріледі. Мәселен: “Ояуында көңілін паршалап жан жүйесіне уша сіңіп қалған ойран ой ұйықтаған соң да мазалады. Көзі ілініп кетсе, аяғының астында жыланша ирелендеген қу то-мар жатқан, қарсы алдыңнан шабынған буыршындай кеуденнен қағып, алапат бұталар аңдаған қара түлей келеді...” деген секілді кілең жүйелі ой ағымына кеңінен орын беріп, көңілдің ала-құйын асау сезімін селдете жөнелген суреткердің дара стильдік ерекшелігі, ойлау сипаты, көркемдік әлемі “э” дегеннен назар аудартады. Үлкен өнері бар да қандай өлімге де бас имейтін тәкаппар тұтқын күйші тағдыры мен оның аянышты өлімі туралы жазушы толғанысы сана актісі арқылы айшықталады. Туындының өн бойында өріліп тақырыпқа тұтасқан түс мазмұны тұтқын күйшіні қалай құтқарудың амалын таппай тордағы арыстандай аласұрып, беймаза күй кешкен Жөнейттің жан

азабына құрылған. Түс пен өңнің арасындағы бейсаналы сәттер, эзотериялық жағдайдағы сезімдік құбылыстарды образды түрде айшықтаудың таңғажайып түрлерін асқан шеберлікпен пайдаланған Ә.Кекілбаев батыр Жөнейттің ішкі бір үрейінен, рухани күйреуінен, тынымсыз алас ұрған көңіл-күйінен хабардар етеді. Күн мен түннің, анық ақыл мен шатасқан ойдың арасалмағын ажыратудан қалған Жөнейтке тұтқын күйшінің өз баласы Дәулет болып көзге елестеуі де сенімді. Әдетте, әдеби кейіпкердің түсі кәдімгі өмірдегі адамдардың түсіне мүлдем ұқсамайтындығы түсінікті. Негізі көркем шығармада түс автордың қалауына қарай белгілі бір психологияның заңдылығына байланыстырыла пайдаланатындығы белгілі.

Жөнейт өз түсінде кеше ғана өз қолымен көмген тірі тұтқынды енді құтқарғысы келіп алас ұрады: “...Жаным-ау ...Мынау Дәулет пе? Бұл қайдан жүр? Аңтарылып тұрып қалды. Баласы жүзін қырын сап, бұған қарамайды. Жөнейт баласын жер астынан қазып алғысы кеп, қос қолдап тырналай бастады. ...Қарғам-ау, неге үндемейсің?” Өзінің әлем-тапырық даусынан өзі оянып, көзін ашып алды” [262 б]. Кейіпкердің әдеби түс көру процесі мұнда көркемдік тұрғыдан талданады. Және әдеби түс көруді талдау мен одан кейінгі күрделі көңіл-күй күйзелісі сюжеттің өрбуіне сәйкес оны жүргізетін эмоциялық тон, психологиялық хал-ахуал құрады. Жөнейттің бірінші күнгі түсінен соң-ақ ұйықтау мен ояну мезеті психологиялық тұрғыдан өте толыққанды түрде баяндалады. Егерде автор осы екі аралықтағы байланысты үзіп алған болса шығармадағы бүкіл көркемдік-психологиялық шындық нанымсыз болып қалған болар еді. Және әдеби түстің өзінен гөрі одан кейінгі кейіпкердің ойлану сипаты, күрделі психологиялық процесс бүкіл шығарманың сюжеттік-композициялық мазмұнын тереңдетіп, түстің психоаналитикалық қызметін жан-жақты танытуға үлес қосары сөзсіз.

“Анау бір күні түсінен шошып оянып, кешке дейін ес жия алмай қойды. Қара түлейден шыға келсе-күйшіге бір көк шулан бөрі тісін ақситып, желкесін күдірейтіп тап-тап беріп тұр. Көре сала мылтығын оқтап еді. Күйші: “Атпа! Оны атқанша мені ат! – деп шыңғырды. Бөрі мұны көріп безе жөнелді...” [1, 264-б.].

Күйші туралы күн сайын енетін түсі ақыры Жөнейтті өлімге алып келеді. Күн-түн ойынан бір кетпейтін күйші тағдыры оның “Күні кеше намыс қуған, кек қуған еңіреген ермін” деп ойының күлін көкке ұшырып, “кек”, “намыс” деп босқа лепіріп жазықсызға тырнағы, нақаққа найзасы батқан желбуаз жендетке айналғанын мойындатқандай еді. Жөнейт батырға өңінде бір кісі айта алмайтын Ақиқатты – әдеби түс, оны жорудың символикасы тұспалдап жеткізіп отыр. Аңыз-әңгімеге құрылған бұл түс бір емес бірнеше күн қатарынан енетін болды. Тіпті, түсін жорытып, көңілін аулағысы келіп Темір бабасына да барады. Алайда, оған атағы жер жарған әулиенің өзі “жүні жығылып, ықтап кеткендей көрінеді”.

Бүгін де көргені сол түс, сол айдаладағы құм ішінде өлімін күткен күйші кейпі қайталанды. Мұнда күйшінің басы қу басқа айналыпты: “Ендеше, сол

күйшінің басын жұтқан өзің емес пе?”, – деп тісін ақситып, сақ-сақ күледі. Бұл түсі. Жөнейт қу бастан сырт айналып қашамын деп, сүрініп құлап, мерт болады. Бірақ, бұл түсі емес, өңі еді.

Мұндағы не ақылсыздыққа не өзін-өзі өлтіруге алып келетін күйреу /сон-катастрофа/ түсі кейіпкердің өліміне себепкер болады. Өнері бар адамның өмірі өшпек емес. “Өнер құдіреті кім-кімді өз алдына бас идірмек” деген ақиқатты, философиялық ой-түйінді тұспалдайды, Ә. Кекілбаевтың әдеби түстері.

Міне, бұлардың бәрі қаламгердің адамды қайта тудыруға және жаңартуға тікелей әкелетін тоқырау түстерінің (кризисных снов) үздік үлгілері екендігін атап айту керек. Жөнейт жан алқымын алған тоқырау түстерінен соң Ақиқат пен Ажал алдындағы “Алласын танып”, өзінің қанды қолдарымен жеткен жеңістері ме өткіншілігіне өкінеді, жерінеді, мүлдем жаңарады немесе біржола күйрейді. Мұның бәрі Әбіш шығармаларындағы тоқырау түстерінің әдебиетте атқарған көркемдік міндеті мен оның кейіпкердің ішкі әлемін әшкерелеудегі маңызды рөлін айқындап береді. Кейіпкерлерге өмірді басқаша қырынан танып, түсіндіруге тырысқан мұндай тоқырау түстер Ә.Кекілбаев шығармашылығында көптеп шоғырланған. Сондықтан да Ә.Кекілбаевта түс көрмейтін кейіпкер кемде-кем. Және олар жәй түс көрмейді. Олардың түстері өміріне өзгеріс әкелетін, кейіпкерлердің жан дүниесін, өмірге деген көзқарасын түбірінен жаңартатын ерекше түстер. Оған «Күй» повесіндегі Жөнейттің түстері куә.

Қазақ жазушыларының ішінде дәл Әбіш Кекілбаевтай әдеби түс көруге, оны талдауға терең мән берген, оның мағыналық мәнін, табиғатын, поэтикасын танып, оны бояуы қанық көркем психологиялық көріністермен кестелей білген суреткер сирек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.
2. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Советский писатель, 1963.
3. Лосев А.Ф. Философия, мифология, культура. – М.: Политиздат, 1991.
4. Нечаенко Д.А. Художественная природа литературных сновидений. Русская проза XIX века. Дис. докт филолог. наук. – М.: МГУ, 1991.
5. Юнг К.Г. Психология и поэтическое творчество// самосознание Европейской культуры XX века. – М.: Политиздат, 1991.
6. Ремизов А. Сны и предсонья. – СПб.: Азбука, 2000.
7. Дәдебаев Ж. Түс аяны. – Алматы: Ғылым, 1992.
8. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997.
9. Қожахметова М. Түс-саяхаттар // Ақжелкен. – 1997. – № 1-2. – 2 б.
10. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986.
11. Гинзбург Л. О психологической прозе. – Л.: Художественная литература, 1997.

12. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996.
13. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. – Алматы: Санат, 1997.
14. Литературная энциклопедия терминов и понятий / Гл. Ред. и сост. А.Н.Николюкин. – М.: НПК Интелвак, 2001.
15. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987.
16. Фрейд З. Введение в психоанализ. Сновидение. – М.: Наука, 1989.
17. Выготский Л.С. Психология искусства. – М.: Педагогика, 1987.
18. Страхов И.В. Психология воображения. – Саратов:СГУ, 1971.
18. Степаньянц Ж.И. О роли сновидений в романах Достоевского. – Самарканд, 1990.

А.Б. Темирболат,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
доктор филологических наук, профессор
(Казахстан)

ХРОНОТОП РОМАНА А. КЕКИЛЬБАЕВА «КОНЕЦ ЛЕГЕНДЫ»

Имя Абиша Кекильбаева широко известно общественности. Он – известный государственный деятель, народный писатель. Его перу принадлежат такие романы, как «Конец легенды», «Плеяды – созвездие надежды», «Всполохи», повести «Баллады забытых лет», «Колодец», «Состязание», «Дом на окраине», рассказы «Соломинка удачи», «Призовой бегунец», «Самый счастливый день» и др. Многие произведения А. Кекильбаева переведены на иностранные языки и пользуются большим успехом у читателей. Секрет такой популярности писателя обуславливается прежде всего тем, что на страницах своих романов, повестей, рассказов он поднимает актуальные проблемы современности. Вместе с героями автор размышляет о счастье, дружбе, любви, смысле жизни. Большое внимание в его творчестве уделяется психологии личности. А. Кекильбаев тонко и точно передает особенности характера своих героев, показывает охватывающие их сомнения, противоречия, поиски ими решения в различных жизненных ситуациях. Отсюда сложность пространственно-временной организации его произведений. События, изображаемые писателем, нередко происходят на стыке прошлого, настоящего и будущего. Ренальное время-пространство соединяется с историческим и онейрическим. Пример тому – роман «Конец легенды».

События, описываемые в данном произведении, относятся к далёкому прошлому. Однако, проблемы затрагиваемые писателем, имеют непосредственное отношение к современности. На страницах романа автор размышляет над такими категориями, как добро и зло, правда и ложь, любовь и счастье, власть и слава.

Повествование в произведении ведётся на уровне сознания героев. Основу романа составляют их размышления, переживания. Вследствие чего фабульное и сюжетное время и пространство не совпадают.

Фабульное время-пространство охватывает события, разворачивающиеся с момента возвращения Повелителя до его выступления в очередной поход. Местом действия при этом становятся пустыня, город. Сюжетное время-пространство включает прошлое и настоящее героев, их воспоминания, сны, мечты.

Обо всех происходящих в романе событиях рассказывает автор. Он характеризует героев, даёт оценку их поступкам. Однако, в процессе повествования его пространственно-временная позиция постоянно меняется. Автор выступает то в роли стороннего наблюдателя, то в роли очевидца разворачивающихся событий. Нередко его пространственно-временная позиция совпадает с пространственно-временной позицией героев произведения, что обусловило особенности построения повествования. Описываемые события рассматриваются в романе с двух точек зрения: автора и персонажей.

В центре внимания писателя – образ Повелителя. Изначально автор не называет героя по имени. Тем самым он подчёркивает, что данный образ, с одной стороны, носит обобщённый характер, с другой – занимает особое положение. Пространственно-временная позиция Повелителя находится над пространственно-временными позициями остальных героев романа. Он – вершитель их судеб. Их жизнь фактически протекает в установленных им пределах. Поэтому хронотоп Повелителя как бы вбирает в себя индивидуальные времена и пространства окружающих его людей. Он выступает своеобразным центром, в котором пересекаются и вращаются судьбы героев произведения. Сквозь призму сознания Повелителя автор преломляет, осмысляет, оценивает их поступки, деяния, происходящие события.

Хронотоп главного героя романа характеризуется многомерностью. Его индивидуальное время-пространство включает воспоминания, размышления, видения. Хронотоп Повелителя тесно переплетается с притчей. Так, рассуждая о счастье, о славе, он обращается к образу Соломона. Вследствие чего границы его индивидуального времени-пространства существенно раздвигаются.

Отличительной особенностью хронотопа Повелителя является замкнутость. Характеризуя героя, автор неоднократно указывает, что он живёт в собственном мире, в который не имеет доступа ни один из окружающих его людей. Примером тому служат следующие строки: «...в подвластном ему мире только один единственный человек имеет право на какие-то тайны – большие и малые, всё равно. Это он сам властелин» [1, с. 259]. Или: «Великий Повелитель, казалось, не замечал любопытных взоров; откинув голову и вглядываясь в далёкое марево, он сидел в седле прямой, неприступный и непроницаемый» [1, с. 405].

Индивидуальное время-пространство Повелителя пересекается с историческим временем. Так, размышляя о своей жизни, о своём положении, герой

задаётся вопросом: «Ведь с самого сотворения мира когда и где бывало, чтобы кто-то осмеливался выспрашивать тайну самого правителя?» [1, с. 259]. В данном высказывании звучит мысль не только о преемственности поколений, единстве прошлого и настоящего, связи частной судьбы с историческим временем, но и о цикличности бытия.

Особое место в романе занимает сон Повелителя, в котором он, одетый в икрам, совершает паломничество в Мекку. На уровне сна героя автор даёт оценку его деяниям, поведению, раскрывает суть его «я». Не случайно поэтому, что священный камень Каабы ускользает из рук Повелителя. Тем самым автор показывает, что Бог не может простить Великого Владыку. И главная причина тому – чрезмерная гордыня Повелителя. Как отмечает автор, даже во время паломничества «лицо его оставалось суровым и непроницаемым» [1, с. 438]. Обращаясь к Богу, герой не стремится открыть ему душу и по-прежнему замыкается в собственном мире.

Поведение Повелителя обусловлено тем, что, покорив три стороны света, подчинив своей воле тысячи людей, он как бы возвысился над ними. Он стал «творцом» их судеб. Вследствие чего Повелитель почувствовал себя равным Богу. Поэтому привидевшийся ему сон он толкует по-своему. «Если сам всевышний, создавая свой огромный мир, наделил каждую тварь разными недостатками и слабостью, дабы ему сподручнее было удерживать их всех в своей власти, то почему возбраняется земным владыкам точно таким же образом держать в узде чернь? – спрашивает Повелитель. – Зачем осуждать смертного за то, что он лишь повторяет ошибки творца?» [1, с. 457].

Как видим, сон выполняет в романе несколько функций: во-первых, позволяет герою взглянуть на себя как бы со стороны; во-вторых, служит предупреждением Повелителю об ожидающей его участи; в-третьих, раздвигает границы индивидуального времени-пространства героя; в-четвёртых, раскрывает авторское видение проблемы «человек и Бог».

На уровне сна происходит слияние пространственно-временных позиций Повелителя и Сеида. Как указывает автор, Великий Владыка ни разу не был в Мекке. Однако в своём сне он отчётливо видит окрестности священного города, горы-близнецы Саф и Мару. Это объясняется тем, что в нём как бы оживают «воспоминания его Сеида». Тем самым в романе проводится мысль о единстве людей. На страницах произведения писатель утверждает, что каждый человек является частью окружающего его мира, творением Бога. И потому люди взаимосвязаны между собой.

Судьба Повелителя тесно переплетается с судьбами окружающих его людей и прежде всего юного зодчего Жаппара и Младшей Ханши.

Жаппар занимает пограничное положение. Он живёт на стыке нескольких миров: прошлого и настоящего, реального и сказочного, земного и небесного. Причём пространственно-временные границы между этими мирами весьма зыбкие и неустойчивые. Воспоминания, размышления Жаппара постоян-

но переплетаются с его видениями, грёзами. Так, например, Младшая Ханша кажется ему сказочной феей. Её визит он воспринимает как чудное видение. Вспоминая об отце, Жаппар приходит к выводу, что вся его жизнь была окружена тайной: «тайной было само появление горшочника» в кишлаке, «таинственная душа» позвала его «в далёкий путь».

Во всём герой видит загадочное, прекрасное, что обусловлено романтизмом его души. С самого детства Жаппар жил в своём особом мире, в котором сон становится явью, а сказка реальностью. Поэтому, в отличие от окружающих его людей, он устремлён ввысь, к миру мечты, к миру неба.

На уровне хронотопа Жаппара наблюдается противопоставление двух миров – верхнего и нижнего. Строя башню, зодчий оказался как бы между небом и землёй. Его положение дало ему возможность сравнить оба мира. Так, в сознании Жаппара верхний мир предстаёт как обитель ангелов. Он неразрывно связан с образом неба, гармонии, красоты. Нижний – связан с образом города. Это мир повседневной суеты.

Время-пространство Жаппара пересекается с индивидуальным временем-пространством Младшей Ханши. Её хронотоп также характеризуется многоплановостью. Он включает размышления, мечты, сновидения героини. Подобно Жаппару, Младшая Ханша живёт на границе реального мира и сказочного. Будучи одинокой на земле, она погружается в свои фантазии, грёзы. Героиня как бы создаёт свой собственный мир, который противостоит окружающей её действительности.

Младшая Ханша духовно близка Жаппару. Именно поэтому их образы неразрывно связаны между собой. Причём связь между героями наблюдается на нескольких уровнях. Во-первых, через образ Зухры и видения Жаппара. В сознании молодого зодчего обе героини сливаются воедино. Ему кажется, что Младшая Ханша очень похожа на Зухру. Это обусловлено тем, что они являются ипостасями единого целого – той прекрасной девы, которая грезится Жаппару в его видениях, олицетворяя собой его мечту о любви и счастье. Во-вторых, на уровне снов Младшей Ханши. В-третьих, через образ минарета, символизирующего собой любовь обоих героев и их стремление к счастью. Кроме того, индивидуальные времена и пространства Жаппара и Младшей Ханши как бы вращаются внутри хронотопа Повелителя. Их судьбы находятся в зависимости от его воли.

Своеобразна композиция романа. По сути она отражает пространственно-временные позиции героев.

Произведение состоит из четырёх частей, в первой и последней из которых рассказывается о Повелителе, во второй – о зодчем Жаппаре, в третьей – о Младшей Ханше. Тем самым образ Великого Владыки, его размышления как бы «окаймляют» сюжет романа. А его индивидуальное время-пространство служит своеобразной рамкой, в пределах которой разворачиваются судьбы Жаппара и Младшей Ханши.

Глубокое символическое значение несут в себе заглавия частей романа. С одной стороны, они отражают композицию произведения («Красное яблоко» – завязка; «Минарет» – развитие действия; «Любовь» – кульминация; «Конец легенды» – развязка); с другой – раскрывают его смысловое содержание. Так, первая часть называется «Красное яблоко». Яблоко, круглое по форме, выражает идею круговорота бытия, размеренности жизни. Красное – сочное, наливное – означает блеск, богатство владений Повелителя. Заглавие данной части неразрывно связано с образом яблока, которое получает хан от своей старшей жены. Соответственно червоточинка в этом яблоке – то, что нарушает размеренную жизнь обитателей дворца, то есть минарет. Так осуществляется связь между первой и второй частями романа. Минарет – высокая башня, устремившаяся в небо, поднявшаяся над дворцом Повелителя – символизирует любовь, которой чужды пространственно-временные границы, чья-либо воля, законы разума и бытия. Образ минарета, сотворённого молодым зодчим Жаппаром, заставляет Младшую Ханшу взглянуть на окружающий мир иначе. Она впервые приходит к пониманию того, что главный смысл её жизни – любовь, которой ей так не хватает во дворце Повелителя. Поэтому название третьей части отражает внутреннее состояние героини, раскрывает пространство её души. Подобно минарету, возвысившемуся над дворцом Повелителя, и тем самым как бы вышедшему из-под его власти, в сердце Младшей Ханши, вопреки её воле, зарождается чувство, которое разрушает устоявшийся уклад её жизни и размыкает круг бытия. Заглавие четвёртой части совпадает с общим названием романа. Это обусловлено стремлением автора показать, что: 1) вместе с историей любви молодого зодчего и юной ханши завершилась история жизни Повелителя; 2) жизнь вращается по кругу. Ибо, с одной стороны, Великий Владыка разлучил влюблённых. Жестоко наказав Жаппара, он положил конец легенде о любви зодчего и Младшей Ханши и тем самым не дал возможности сбыться их мечтам. С другой – по воле Бога завершилась жизнь самого Повелителя, который также не успел осуществить свои планы – покорить четвёртую часть света.

Следует отметить, что идея круговорота бытия является центральной в романе. По кругу движется сюжет и строится повествование произведения (роман начинается с описания возвращения Повелителя из похода и завершается его выступлением в очередной поход). По кругу и в кругу вращается жизнь героев (их судьбы находятся в зависимости от воли Великого Владыки, и они подчиняются установленным им порядкам, но в то же время поступки самого хана определяются мнением окружающих его людей, и он оказывается во власти собственных законов).

Для романа характерны двойственность, противопоставление. Так, размышляя о сущности людей, автор указывает на их двуликость. Каждый из них днём является человеком, а ночью превращается в зверя. По мнению писателя, люди живут как бы на стыке двух пространственно-временных измерений –

мира животного и человеческого. Двуделимостью характеризуются и некоторые образы в романе. Например, служанка Повелителя. Описывая её внешность, автор пишет: «Овальное лицо, густо покрытое пудрой, белело непроницаемо, длинные ресницы, не в меру насурьмленные, ловко прикрывали многоопытную осведомленность и подспудное упрямство, придавая лицу выражение лживой покорности и простодушия» [1, с. 270].

Противопоставление наблюдается на уровне внутреннего мира героев. Показывая движение мыслей, чувств Повелителя и зодчего, автор делает акцент на том, что сегодня их душевное состояние отличается от того, каким оно было вчера.

Примечательно, что день, о котором идёт речь, охватывает разные промежутки времени в жизни героев. Сегодня для Повелителя связано с его возвращением из похода, для Жаппара – это момент осмысления значения, необходимости минаретов, творцом которых он является. Однако, несмотря на различие, оба временных плана связаны между собой. Ибо в этот день, с одной стороны, и Повелитель, и Жаппар постигают некую истину, сущность своего бытия, с другой – их охватывает ощущение, предчувствие предстоящих перемен, которые в действительности происходят (смотрите, после возвращения хана его жизнь меняется, как и у зодчего после завершения им строительства). Вследствие чего в романе создаётся эффект остановленного мгновения. Сегодня Жаппара предстаёт как продолжение сегодня Повелителя. Их временные планы, вначале идущие как бы параллельно друг другу, в конечном итоге сливаются, образуя единое целое.

В романе постоянно проводятся параллели между миром людей и миром природы. Так, описывая Жаппара, автор сравнивает его с верблюжонком; характеризуя внутреннее состояние Младшей Ханши, он указывает, что её «подавленная душа всё равно что голодный бездомный щенок» и т.п. Через весь роман проходит мысль о единстве человека и природы. Примером тому служат следующие строки: «Солнце склонилось к закату. Но, словно беспокоясь за мечтательного подростка, который, забывшись, может остаться один в безлюдной степи, оно, повиснув у горизонта, вприщур наблюдало за ним. И только заметив, что мальчик встал, поднял лежавший в сторонке прут и направился к своим ягням, оно удовлетворённо скользнуло за горизонт» [1, с. 324]. Более того, мир людей рассматривается в произведении с позиции мира животных (смотрите образ ишачка).

Значительное место занимают в произведении размышления писателя о времени. Данную категорию автор рассматривает на уровне сознания Повелителя. Вследствие чего понятие времени получает своеобразную трактовку. Оно осмысливается сквозь призму общественного устройства. Так, по мнению героя, в мире, где господствует сила, происходит постоянная борьба за власть, время относительно и непредсказуемо. Оно представляет собой «сыпучий песок», складывающийся из Вчера, Сегодня, Завтра. При этом Вчера – «разно-

видность слабости», Сегодня – «неопределённость... зыбкая срединная межа между страхом и надеждой», Завтра – то, что побеждает Сегодня. Имя же «истинной силы» – Вечность.

В концепции героя происходит сужение временных границ от абстрактных до конкретных. Данная категория как бы приобретает «чёткие очертания». Более того, время материализуется. С одной стороны, оно сравнивается с сыпучим песком; с другой – ассоциируется с образом Повелителя. Причём в обоих случаях раскрывается суть данного понятия. Уподобляя время сыпучему песку, автор отмечает такие его свойства, как изменчивость, быстротечность. Соотнеся же с образом Повелителя, писатель показывает, что время – некая сила, довлеющая над людьми, влияющая на их жизнь и управляющая их судьбами.

Интересны представления героя о счастье и славе. Данные понятия он рассматривает в единстве с категорией времени. В понимании Повелителя «счастье – призрачное благо брэнной жизни, слава – достояние величия и вечности» [1, с. 250].

Большое внимание в романе писатель уделяет постижению сущности жизни. На примере судеб героев автор пытается понять, в чём заключается смысл бытия человека. При этом он не даёт однозначного ответа. Он лишь указывает, что жизнь «не что иное, как бессмысленные, беспорядочные знаки на песке, как случайные, постоянно меняющиеся призрачные следы в этом однообразно тусклом и безбрежном мире» [1, с. 248]. Тем самым автор выражает мысль, что индивидуальное время-пространство каждого человека – одно из составляющих звеньев во всеобщем круговороте бытия. Причём жизнь людей носит преходящий характер. Всё в ней переменчиво, призрачно и относительно.

Заслуживает внимания авторская интерпретация темы любви. Любовь в понимании писателя – «острая скала». Такое сравнение не случайно. Соотнося любовь с образом острой скалы, автор не только материализует данное чувство, делая его более доступным восприятию читателя, но и показывает её двойственный характер. Ибо, с одной стороны, любовь окрыляет человека, возносит его ввысь; с другой – она нередко становится причиной гибели, крушения человека.

В произведении неоднократно звучит мысль об одиночестве людей. Повеествуя о судьбах своих героев, автор подчёркивает, что каждый из них живёт в собственном мире, находится как бы в замкнутом пространстве. Причиной же их отчуждения являются законы, правила, установленные Повелителем. Так, Младшая Ханша одинока, поскольку не может быть рядом с тем, кого любит, ей не с кем поделиться своими мыслями, переживаниями, сомнениями, мечтами. Одинок Повелитель. Ибо, несмотря на то, что в его власти находится половина мира, «ни с одной живой душой, обитающей в этой половине мира, он не может поговорить искренне и откровенно» [1, с. 286]. Одинок создатель, так как не смеет открыто выразить свои чувства.

Замкнутость индивидуального времени-пространства человека обусловлена также предопределённостью его судьбы. По мнению писателя, жизнь лю-

дей изначально имеет чёткие границы. Каждый из них совершает путь, предначертанный сверху. Отсюда значимость образов-символов, позволяющих героям романа как бы заглянуть в своё будущее. Среди них следует выделить прежде всего образ перстня. Серебряный перстень, украшенный редким камнем, с которым Повелитель «никогда не расставался – ни в изгнании, ни в далёких походах», является символом его власти. Ибо он был подарен хану старшим тестем на смертном одре. Умирая, тот назначил своего зятя вместо себя верховным эмиром. Символом же преемственности власти стал перстень. Соответственно его потеря указывает на завершение правления Повелителя. Власти Великого Владыки, покорившего три стороны света, приходит конец.

Символически эпизод, в котором описывается рождение первого сына Повелителя. Как отмечает автор, все дни, что хан провёл с женой в темнице, царил мрак. «В этот сырой, затхлый колодец днём не проникал луч солнца, ночью – свет луны» [1, с. 275]. Однако в тот момент, когда у Повелителя родился сын, луна осветила подземелье. И это не случайно. Ибо рождение новой жизни воплощает свет, надежду человека на будущее.

Для постижения идейно-смыслового содержания произведения большое значение имеют образы неба, города, горизонта, минарета, родника, дерева, двери.

Небо, с одной стороны, бескрайнее и беспредельное, воплощает собой вечность; с другой – простираясь над человеком, является своеобразным символом его духовных устремлений, миром мечты и надежды.

Город – отражение суетности жизни людей. В сознании писателя его образ ассоциируется с «гигантским серым муравейником», в котором «изо дня в день толкутся, как в ступе... беспокойные двуногие смертные» и «сшибаясь, как льдины в половодье, бьются и хватают друг друга за глотки ради богатства, чинов, положения» [1, с. 318]. Город – это символ нижнего мира. И потому его образ противопоставляется в романе образу неба. Город – замкнутое пространство, в котором протекает жизнь людей. Он является воплощением мира человеческого.

Горизонт, с одной стороны, – граница, лежащая между небом и землёй; с другой – своеобразное окно, позволяющее человеку глядеть на «беспредельный божий мир».

Образ минарета – один из самых загадочных и сложных в романе. Он характеризуется многозначностью. Так, вначале высокая, устремившаяся к небу башня воспринимается Повелителем как символ его могущества. Он видит в ней отражение самого себя. Ибо, подобно ему, она милостиво манит всех издалека, но вблизи становится строгой и недоступной. Однако в процессе повествования раскрывается истинное значение данного образа. Минарет представляет собой «дивный храм любви». Он воплощает неодолимую страсть, мечту её создателя. Более того, в понимании Жаппара минареты «выражают высокое и гордое стремление рода человеческого отрешиться хотя бы на мгновения от

всего привычного и низменного, бескрылого, что притягивает, придавливает, клонит неодолимо и со всех сторон к земле, ...где повседневную мелочную недостойную суету зачастую выдают за подлинную жизнь, отрешиться от всего мнимого и подняться, взлететь, может быть, даже наперекор судьбе, на высоту, встрепенуться непокорным духом, чтобы можно было узреть истинно величественное, чем прекрасен и сам беспредельный мир, и высшее творение жизни – человек» [1, с. 319].

Через образ родника раскрывается идея единства человека и природы. По мнению писателя, природа является матерью людей. Именно поэтому, оказавшись в трудной ситуации, Повелитель отправляется к роднику. «Здесь, – как пишет автор, – сами по себе разрешались все его тревоги и сомнения и просветлялась, оттаивала заскорузлая, очерствевшая от хлопот и дум душа» [1, с. 271]. «Только... рядом с вечным родником, он не чувствовал себя могущественным властелином» [1, с. 257].

Дерево – символ жизни. Оно воплощает неразрывное единство прошлого, настоящего и будущего, выражает идею цикличности времени (смотрите образ урючины). Интересно сравнение матери Повелителя. Прощаясь с ним перед смертью, она говорит, что он был её «единственным сыном, как одинокое священное дерево в голой пустыне» [1, с. 278]. В данном случае образ дерева является воплощением надежды, устремлённости в будущее.

Тяжёлая кованая дверь опочивальни Младшей Ханши отделяет героиню от окружающего мира. Она замыкает пространство, сужая его до границ комнаты. В сознании Младшей Ханши дверь воспринимается как символ «презрительно-холодного мира, в котором бесследно гаснут лучшие человеческие порывы и возвышенно-светлые мечты» [1, с. 403].

Таким образом, хроноп романа «Конец легенды» характеризуется сложностью. Описываемые в произведении события разворачиваются на стыке нескольких пространственно-временных измерений. Большое внимание писателем уделяется внутреннему миру героев. Автор детально описывает движение их мыслей, смену чувств, сомнения и переживания.

Использованная литература:

1. Кекильбаев А. Степные легенды. – М.: Художественная литература, 1983. – 462 с.

С.Б. Ержанова,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)*

Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ҚҰС ҚАНАТЫ» ПОВЕСІНДЕГІ АВТОР БЕЙНЕСІ

Романтикалық шығармаларда жалпы мен жалқының арақатынасы өзгереді. Жеке адам субъект алдыңғы қатарға шығады, «автор бейнесі» әрдайым көз алдында тұрады. Ол шығарманың кез келген кейіпкері арқылы өзін білдіріп тұрады.

Соңғы кездегі реалистік әдебиетке көп қырлы, көп кейіпкерлі жанрдағы шығармалар тән. Оларда шындық әр түрлі формада, түрлі көзқарас тұрғысынан бейнелейді. Мұндай шығармаларда автор мен кейіпкер бейнелері тығыз байланысты болып келеді. Автор тілі мен кейіпкерлер тілдері арасындағы қатынас түрліше формаларға ие болып, әңгімелеуші тілі мен кейіпкер тілі сан қырлы құрамда араласа жұмсалып отырады.

Психологиялық романның туып-дамуына байланысты әңгімелеудің субъективтенуі де арта түседі. Кейіпкердің ішкі толғаныс-тебіреністерін беру үшін ортақ төл сөз формалары жасалады.

«Автор бейнесінің» дамып әңгімелеуші қызметінің жетілуі оның жаңа формаларының пайда болуы жазушылардың жаңа мазмұнды меңгеруіне ғана байланысты емес, сонымен қатар әңгімелеу формаларының жаңа түрлерінің жасалып, олардың мән-мағынасының артуына да байланысты. Мұның өзі жазушының болмысты жан-жақты қабылдап, бейнелеуіне кең жол ашады. Шығармадағы қандай да болмасын баяндау тәсілін эпикалық ракурс пен эпикалық қашықтық анықтайды.

Эпикалық ракурс – автордың оқиғаларды бейнелеудегі «өзін өзі ұстау» дәрежесі, яғни өзін-өзі көрсетуі. Осыған байланысты әңгімелеушінің белгілі бір құрылымдық типі қалыптасады. Әңгімелеуші оқиғаларды жай сырттай бақылаушы түрінде болуы мүмкін. Сондай-ақ, автор оқиғаларды объективті түрде баяндамай, өзінің ішкі дүниетанымынан өткізіп, субъективті түрде беруі ықтимал. Соңғы жағдайда оқиғаларды талдап, ой елегінен өткізеді.

Осыған байланысты сөйлеу формаларының белгілі бір типі таңдалып, сұрыпталады. Мысалы, автор жай бақылаушы ретіндегі суреттеу формасын таңдаса, әңгімелеуші – автор әңгімелеу формасын таңдайды. Ал ойланып-толғанушы автор ой-талқыны баяндау типі ретінде таңдап алады. Сөйтіп, эпикалық ракурс шығарманың композициялық-тілдік жүйесінің құрылымдық (синтаксистік) тұлғасын қалыптастырады.

Эпикалық қашықтық – әңгімелеуші – автордың шығармадағы баяндалып жатқан оқиғалардан белгілі бір мезгілдік немесе кеңістік ара қашықтықта орна-

ласуы. Ол белгілі бір баяндау формасы аясында өзгерістер енгізіп түрлендіреді.

Кейіпкер жан дүниесіндегі толқулар бірінші жақта сипатталады, бірақ та бұл монологтың авторлық баяндау екенін аңғару қиын емес, яғни ортақ төл сөз. Мұндай ол сөздерді Б.Майтанов «Кейіпкердің өзімен бірге отырып ішкі жан дүниесіне жасалған шолу...», – дейді. О.Бөкей прозасындағы сана ағымы – қазіргі қазақ әдебиетіндегі баяндау үрдісіне тән тың үрдіс. Кейіпкер ой әлемі арқылы объективті дүниені танытып, автордың нысаналы ойын айту, кейіпкердің бүкіл болмысын сомдауда жазушының ұстанған бағыты. Кейде қиял арқылы жан толғаныстарының иірімдерін өзіне қатыстырып, зор эмоционалды-логикалық операцияларға соқпақ салып, береді. Бұл рухани күрделі процестер тұйық күйде қалмай автордың белсенді түрде араласуымен объективті-бағалық сипат иеленеді. Автор позициясын персонаж санасындағы тұжырым түсініктердің алдына шығармаса да, кейбір сәттерде олардан бөлек, саналарына ойлаудан тыс шолу да жасап отырады.

Философиялық, аналитикалық суреттеу тәсілі Әбіш Кекілбаевтың жиі қолданатын тәсілдері. «Ұлтының кешегі, бүгінгі болмыс-бітімін, рухани әлеміндегі психологиялық, әлеуметтік, этикалық, адамгершілік менталитетін суреттей отырып ол кейіпкерлерін барлық қырынан аударып-төңкеріп, қырнап-жонып, бүгіп-жазып дегендей жете танытып, қилы мінездер галереясымен армансыз жүздестіреді» [1, 184 б.]. Қаламгер шығармаларының жақсы оқылатыны, бізше, өмірлік шындықты күрделі адамдық болмысты қылықтан емес, құлықтан іздейтіндігінде.

Әбіш Кекілбаев – бауыр етіндей жақын халықтық характерлер галереясын жасаған зергер қаламгер. «Құс қанаты» повесіндегі жаулығы қарқарадай қара кемпірдің бар болмысында жат санап, үрпие қалар еш артықтықты сезбейсіз, ана сезімінің күрделі шындығы судың бетіне қалқып шығады. Бүгінгі «керме қас, қыр мұрын, жайнаң көз, жіңішке сүйек» қыздар мен келіншектер қара кемпірдің монологі арқылы өрілетін ұзақ ғұмырындағы жүрегін қабындырған ыстық шақтардың шындығын көкірек құлағымен қабылдаса пікірі, көзқарасы, тұзы жарасып, тіршілігінің түнінен күні ұзаққырай түсер еді. Қаракемпірдің бүгіні – келінінің ертеңі, келінінің бүгіні – енесінің кешегісі.

Мөлдіреген жап-жас келіншек күні кеше ғана құшағын толтырып жүрген ерін соғысқа жұттырды, қаршадай қара баласына асқар тау, ағар бұлақ, сексеннің сеңгіріне шығып, қарап жүрген атасына таяқ, қасиетті қара шаңырақтың шырағы боп жана білді. Ел басына күн туған шақта азаматтарды жоқтатпай қара жұрттың қаңсыған топырағын маңдай терімен жібітті, болашақты аузымен тістей жүріп, бойын өсіріп, бұғанасын қатайтқанын да ешкімге міндет етпегені белгілі. «Қамшысын суға малған діні қатты еркегінен» жаман әйелдерше жерінудің орнына, оны аңсап, сағынғанда жүрегіннің басынан у төгіледі. Оңашада жаман қара баласы суретшілікпен әуестеніп жүргенде бояу қарындаштар қолына түспей, қара қазанның түбінен қырып алған қара күйемен баттастыра салған атасының кескініне көзінің астымен қарап,

күбірлеп сырласатын өнер тапқалы қашан... Сондай кезекті бір «сырласу» сәтінде ақ сақалы кеудесін жапқан атасына «Еркек жарықтықтың қазір көк аспанды төбеңе әкеп төңкеріп жіберетіндей шатырлағанымен, қазір-ақ шайдай ашыла қалатын өткінші ашуына бола сонша талағым тарс айырылардай нем бар еді... соны ойлағанда, атажан, ет-жүрегім ғана елжіреп қоймай баяғыда балаңыз қамшысымен тартып жіберетін оң жақ ұнжырғам да бір түрлі тәптәтті боп балбырап бара жатады» деп аһ ұрады. Ақ некені, ерді пір тұтқан қазақ әйелдерінің бойындағы тамаша инабат, ақыл көркі, ой көркі осы монологтан көрініп тұр. Ащыны татпай, тәтінің дәмін сезінбейсің. Тағдыры оңдырмай сілкіп, дауылы мен бораны сілікпесін шығарып, аптабы күйдіріп, аязы қарыған жаны сірі бұл кейуанаңыз көрген түсіне айналған жастық шағындағы «тай қазан сүтке тидеқаш мәйекті бір тигізіп ұйытқан сары ірімшіктің сары суына піскен сырбаз етінің шырын дәміндей» ең тәтті, ең ыстық сәттерін осылай арманымен тірілтіп, ғұмырын ұзартады. Тағдыры қосқан қосағына деген сезіміне салқын тигізбей, шаңырағын биік ұстап, қара қазанының майын сұйылтпай, кемелдендіріп отыр...

Соғыс балалық балдәуренін ұрлап, «борбайларын жантақ тырнап, еріндерін аңызак тілген қу шекелердің» бірі өзінің «қағаз күйлеген» қара баласының амандығын тілеп, от басының берекесін кіргізу қамымен әуре. Қаракемпір қаланы жаратпайды. Қаланы жаратпайды емес, анығында қала адамдарының өзара суық, безбүйрек, өзіншіл кісікиік қарым-қатынастары шошындырады. Басқаны қойып, мына өз отбасындағы үш адамның қатынасында жауға тілемейтін өгейлік барлығын қайтесің... Баласы мен келіні бір қайықта да, бұл – екіншісінде. Шешесі баласына: «Ол неге тұнжырап жүр, оның қабағы неге қаяу, ең болмаса сұрамайды да», – деп іштей кінә тағады. Бірақ «ашу – бөрі, ақыл – қой». Қойды бөріге жегізбей, өзін тырналап жатқан бөріні ақылға жеңдіреді. Ниет тазалығы, қулық қуаты лайды тазартып, шалқайғанды иілтеді, қой бастаған жолбарыс жеңбей, жолбарыс бастаған қой жеңеді. Ауған жүк түзеледі. «Киіз басып, көрпе қарпितын, арқан ширатып, үй жығып, үй тігетін шаруаның» қамытынан шыққан ынтымақ бұзбайды, ынтымақ шақырады. «Құс қанаты» повесінің темір қазық идеясы қазақы ізгі салт-дәстүр, мінез-құлық, ұлттық менталитеттің өміршеңдігін дәріптеуге саяды. Мұнда адамдардың рухани болмысын сырлап көрсетуге, сырдан көрсетудің ныспыны да сезілмейді. Бәрі табиғи.

«Әбіш Кекілбаев адам сезмінің политрасының қай бояуын да қысылмай-қымтырылмай, шеберлікпен тап басады. Әрбір адамды тек жеке тағдыр иесі деп қана емес, күллі адамзат тағдырының заңды қожасы ретінде танытуға басын зеңгіткен. Әбіш Кекілбаевтың кейіпкерлері сөзге сараң, іске бапандай. Ақыл айтып. Моральді судай сапыруға құлықсыз. Ісімен, жүрген жүрісі, қылық-құлығымен, білім-білігінің нәтижесі, арман-мұратымен еріксіз сонынан ертіп кететін қасиеттерге кенен» [2, 32 б.].

Азаматтық тұрлау, рухани қайсарлық Әбіш Кекілбаевтың кез-келген кейіпкерлерінің бойынан табылады десек қателеспейміз. «Бір шоқ жиде»

повесіндегі Тілеу зергер, күлте сақал қорықшы Күдері, жоқ іздеген қауға сақал Албан шал – қарапайым еңбек адамдары. Саусағынан өнері саулаған, көкірегінен күй саулаған, жүзінен иманы төгілген, қолы ашық, тірі жанға қиянат жасамаған, адамдық ар, адамгершілік тағылымымен есінде қалады.

Адам өмірі күн мен көлеңкеден тұрады. Төрт құбыласы тең, қайғы-қасіретті білмей, шалқып өткен пенде жоқ та шығар. Қай жағынан алып қарасаң да дұшпаны да мін таға алмайтын Тілеу зергер де, оның жеті атасы байлық та, билік те ағайын туысы да жеткілікті болғанымен, құдай ең негізгісінен, кіндігінен құтайтпай, жегенін желім, ішкенін ірің қылған. «Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмірден» Тілеу: «Өлсең де қадірінді біліп, артында ұмытпайтын ел-жұртың мен ұрпағың болса, өлімнің несі үрей, несі қиянат», – деп өмірден де, өлімнен де шошынып, үрікпейді. Өйткені, ол мына фәни жалғанда қолынан өнерін, қажыр-қайратын жұртына сарқып берді, ер етігінен қан кешкен, ат ауыздығымен су ішкен күн туып еді, «көппен көрген ұлы той», мойнына бұршақ салып тілеп алған Тілеп алдысын қанды қасапқа салып жібереді, кейбіреудің көбін тігерге тұяқ қалдырмай жалмап қойған жебір соғыс, бұның жалғызын аясын ба, қақшып салды. Әйтеуір құдайдың көзі әлі де оң екен, жұбайы Зейнеп те, бұл да шаранадан күдер үзіп, тозған астаудай қаңсып, шашылып, қалайын деп жүргенде сонау Жем бойынан іздеп келген жеңгелері кезерген еріндерін жібітіп, суып, қаны сұйыла бастаған тамырларын тулатып, қырқынан әлі аспаған Тұяқты бауырларына салып кетеді... Бір перзентке шөлдеп, өліп-өшкен Зейнеп байқұстың ботасы тірілген інгендей семген шандыры дертіп, сүт саулап берсін... Құдды «жоғалып-табылған» Манасты көргенде Шақанамның кеуіп қалған емшегі жібіп, сүті саулап аға бастайтыны тәрізді. Ең ізгі жүрек – мұң тәрбиелеген жүрек. Ананың иығынан диюдай шаншып, тынысын тарылтқан тонналаған мұңның кара бұлтын ұшты-күйлі сейілткен қайран перзенттің кеуденді шоқтай қарып, дененді балбыратып еріткен бұлт астынан шыққан күндей қызулы, қуатты нәзік еріндерінен күдіретті не бар екен... Осы деталь-ақ Зейнептің көнтерілі қазақ әйелінің жомарттығын, алаңсыз адал пиғылын, толғанса тек жүрек түкпірінен толғанатын, халқының тағдыры мен талайын, телулі қасіреті мен қуанышын бірдей көтеруге пейілді ана екендігін айғақтап тұр.

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында диалог өте сирек қолданылады. Егер қолданса, оны екі адамның сұхбаты қызметіне жекпей, адам характерін танытатын аналитикалық компонентіне айналдырып жібереді.

Повесте нақтылық та бар, бірақ көркемдік дәлелінің табиғилығы, заттылығы, дәлелділігі көкірегіне нұр себеді. Аз ғана қаһармандарының әрекеті, болмыс-бітімінен көрініс беретін характер шындығы тағдыр логикасымен барынша үйлесімді шыққан. Сұлулық дүниесінің жұпар иісіне, бояуына, үніне, діріліне тәнті болмау мүмкін емес. «Бір шоқ жиде» повесінде, әсіресе, дала төсінде тереңнен қайнап шыққан кәусар бұлақтай әрі ақылгөй, әрі батагөй, дархан Тілеу образы ерекше көзге түседі. «Күлте сақал» Күдері қандай?... Бойы

жарасқан, ойы жарасқан, әзіл-қалжыңы жарасқан, пейілі мен құлқы жарасқан, «терін ішіп күнелткен» Тілеу мен Күдері құдды Ш.Айтматовтың «Боранды бекетіндегі» Қазанғабы мен Едігесі. Тілеу Қазанғап та, Едіге – Күдері. Қайталау емес, нағыз қазақы мінездердің сүзіліп төбе көрсетуі. Олардың достығы табиғатта, адам қоғамында сирек ұшырасатын Абай жырлайтын нағыз «самородный сары алтыны».

Тіршілік тауқыметі, тағдырдың шиырлы соқпағы табыстырудан, қайғы-қасіреттің жасыл запыраны бөлінбестей бүтінге айналдырған. Ол екеуінде бөлінбейтін ештеңе жоқ, бәрі ортақ. Құлқы мен пейілі, қажыр-қайраты, ақыл-парасаты, тіпті қазаны да. Күллісінің басын біріктірген бір-біріне деген алаңсыз ықыласы. Ықылас – Тілеудің де, Күдерінің де Сәбит ақын «табым-тәңірім» деп емірене жазатындай – «тәңірі». Оны Күдерінің бұл баянсыз ғұмырдан озып кеткен досы Тілеуді нұры қашқан жанары жіпсіп, күбірлей: «Жалпы адамға ықыластан артық не керек? Әке балаға, бала әкеге, адам адамға ықыластан басқа не көрсете алады? Адамның адамға тартқан сыйы да ,артына қалдырар мұрасы да сол – ықыласы ғана емес пе», – деп бейуақ шақта көкірек қоймасынан сыздықтата шығаратын имандай сырынан бағамдайсыз. Қазақтың қазақ иісін шығарып жүрген Тілеу, Албан шал, Зейнептің жеңгесі, Күдерілер кие тұтып, күндей аулатқан ықылас аптабы олардың көзін көрген, үлгісін, ісін көрген, сөзін тындаған тұрсын, рухына жанап өткендерді де шалмақ. Өйткені олардың ықылас деген сөзінің астарында адамдық, азаматтық, адамгершілік, ерлік, өрлік, дархандық деген биік ұғымдар жамырай тоғысып, сәуле шашып жатады. Оны еміп өскеннің қанында жат мінездің жұқанасы да болмайды.

Айтса айтқандай, «тамырынан өрбімесе де, «ықыласынан» өрбіген Тілеудің Тұяғы «құмды аймақты күңіреніте шыққан таныс гүрілді» жетелеп, «әкесінің» жамбасы жерге тигеніне бір жыл толар қарсаңында басын қарайту үшін түнделетіп, құм-шағылдарды шырт ұйқысынан оята жолбарыстай жортып келеді... Өзі өлсе де артында ықыласынан өнген мәуелі жемісі, ізгілі, ізі қалған адам өлмейді. «Өлгенді ардақтай білген ғана тіріні құрметтей алады. Өлгенге бақыт керек емес. Өлгеннің бақыты тірінің тірлігінде» Тұяқ «өзінің «тірлігі», «өлгенді ардақтау» арқылы ата дәстүрін жалғастырып, мәңгіліктің дәнін бұл да «әкесіндей» ықыласымен егіп жүр. Жұлын-жүйкені иітетін, ұлттық менталитетіміздің өміршендігі, «қызым – үйде, қылығы – түзде» дейтін мақалдың көркем көрінісі осындай. Қазақ барда қазақилықтың мұртын балта шаппайды. «Жүрек анатомиясымен шұғылданып жүрген» Әбіш Кекілбаев повесінде соның кілттипанының кілтін қолына ұстатқан.

«Заманды адам арқылы, адамды мінез арқылы, мінезді іс-әрекет арқылы танытып, жан-жақты ашып көрсетуде Әбіш Кекілбаевтың қаламы пілсауырлы. Көргенін көрген қалпында, сезгенін сезген қалпында апыл-ғұпыл жәукемдеп жазып тастайтын мінез онда жоқ. Ол – объекті етіп алған тақырыбын асқан жауапкершілікпен ұзақ барлап, жүнді жібекке айналдыратын жазушылық қуат. Ұшан-теңіз біліммен кең қамтып, қаусара игеруге бейімделген талант» [3, 41 б.].

Жазушы повесіндегі бар қайшылығы, трагедияның көркемдік дәлелі нағымды, ұйты. Сомтемірге балға бар, сомсынғанға Алла бар. «Әдебиеттің міндеті», – деп жазады Әбіш Кекілбаев, – «адам жанын шындап қинайтын мәселелер жайында қиналған ар мен сезімнің айтарына құлақ тұру, сол қиынды оңайлатпай, сол күрделіні тұрпайыландырмай нәзік жеткізу». Ар мен махаббат сезімін аяққа басқан жуан қоныш, шынжыр балақ, шұбар төс әкесі қызын қолына сығымдап ұстап, қасқыр да бөлтірігіне қиянат қылмайтын диюдың әрекетіне барады.

Демек, 60-жылдардағы әдеби таластардың көздегені көркем ойды өзінің төл арнасына көшіру еді. Жеке адамға табынушылықты сынау рухани құндылықтарды қайта бағалау талабын тудырды. Қоғамдағы құндылықтар жүйесі түбегейлі қайта жасақталады деген үміт күшейеді. Бәрі қайта қарап, бәрін кемеден лақтыру керек деген ғасыр басындағы солақай нигилистік көзқарастарды тағы да оятқысы келгендер де болды. Ендігі жерде жаңа бағытпен жүруіміз керек дейтіндер де болды. Әдеби орта көзі жоғалып кеткен қаламгерлердің шығармаларының қайта оралғанына қуанды. Әлі оралмай жатқандардың оралатынына сенді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана, 2003.
2. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы, 1987.
3. Хамзин М. 60-80 жылдардағы қазақ романы. – Алматы, 1997.

Г.Ж. Пірәлі,

*ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)*

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ ПОЭТИКАСЫ

Жалпы, Ә.Кекілбаевтың көркем шығармаларында түс көрмейтін кейіпкер кемде-кем. Және олардың бәрі де шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын қолынан шығармайтын идеялық-эстетикалық құндылықтың қазығы бола білетін, бүкіл туындының көркемдік дәрежесін биік деңгейге жеткізетін бірден-бір көркемдік бейнелеу құралы болып табылады.

Әбіш Кекілбаев өз шығармаларында аңыз-әңгімелердегі бір ғана қарапайым оқиғаны (детальды) тілге тиек етеді де соны үлкен драмалық-трагедиялық коллизиялар дәрежесіне көтеріп, рухани әлемдегі, адам санасындағы психологиялық, әлеуметтік, этикалық, моральдық өзгеріс-қозғалыстар арқылы шебер береді. Детальға үлкен мән беретін суреткер сол арқылы өмірдің

әлеуметтік, философиялық, эстетикалық мағынасына үңіліп, жан диалектикасын, адам психологиясын, ішкі рухани әлемді ашуға тырысады.

Жазушы әсіресе, психологиялық прозаға тән-ішкі монолог, “ой ағыны”, сенсорлық (сезімдік) әсер, ишара, емеурін, көркемдік бөлшек, әдеби түс көру, жору символикасы, аян берудің поэтикалық суреттемелері т.б. секілді ұлттық этнографиялық танымдағы ұғым-сенім т.б. секілді көркемдік бейнелеу құралдарына көп жүгінеді. Сондай-ақ, суреткердің мәңгілік құндылық пәлсафасы – /экзистенциализм/ “Аңыздың ақыры”, “Елең-алаң” романдары мен “Ханша-дария хикаясы” повесінің түпқазық идеясы.

Ә.Кекілбаевтың “Елең-алаң” атты романындағы түсті, түс мазмұнын оқығанда кейіпкердің өңіндегі өз ойымен өзі алысқан, санасымен салғыласа сырласқан, сан сауалдарына жауап іздеген ілкі бір сәттеріне тап болғандай әсерде боласың. Кейіпкер түсіндегі оқиғаға тікелей қатысып, ондағы сезінген психологиялық, физиологиялық сезімдерді жаны ауыра қабылдап, бастан өткереді.

Роман соңындағы Әбілқайырдың ақырғы түсінде тағы да сол баяғы түлкі кіріп, қырық құбылып кейіпкердің ойынша бірде жөндетке, бірде таусылғалы тұрған талай-тағдырына айналғандай болады. Ел билеген ханға ертеңгі халық тағдырын сәуегейлікпен тұспалдап берген бұл түсті Сұлтан көріп жатып, жол-жөнекей жорып та жатады. Бірақ, ол тап сол сәтте /түс көру сәтінде/ оның бірде-бірінен бейхабар еді.

Сөзіміз дәлелді болсын десек, бір-екі үзіндіге үңіліп көрелік: “Қызыл түлкі аяғы жерге тимей жұлдыздай ағып келеді.

...Апыр-ау, бұл қырық бұлтақ түлкі емес пе? Жаны қысылғанда айлаға ба-спайтын ба еді?...Бұл соншама неден қорықты?

...Сорғалап төніп қалған, екі иығына мініп қалған көк тағысы қайқаң етіп қайта биіктейді. Сақ-сақ күлгендей саңқ-саңқ үн шығарады... Құдай-ау, мынау не өзі – құс па, адам ба?... [1, 426-б.].

“...Осы қашып келе жатқан өзі кім? Расында түлкі ме?...”

“Салақ қойшының ұлтарағындай сақпақтанып, екі шекесін сабалап келе жатқан салпаң құлағы айбар жиып, едірейіп-едірейіп шыға келген екен дейді. Жалт бұрылып қарсы атылды. Аспанға атылды. Төбесінен сорғалап төніп келіп қалған тарғыл бүркіттің өзіне тап-тап берді. Аузын ашып, тісін ақситты. Іліксе қиып түсуге бел буды... Сұлқ түсіп жата кетті. Көзі тағы да көкке түсті. Манағы тарғыл бүркіт әлі шүйлігіп жүр. Мұның ендігі күні не болар екен деп алаңдай шолып айналсоқтап жүргендей... [1, 427-б.] Бірер бетке (4 бет) созылған әдеби түс осылай бейсаналы акт кезінде-ақ ондағы оқиғаға талдау жасайды.

“Сонда әлгі көргені не? Әруақтар көзіне күндіз елестетпеген нышанды түнде түсіне кіргізгені ме? Тарғыл бүркіттің мұны қызыл түлкі қылып қуалап көргені, қанша дегенмен, әруақтардың шақырғаны ғой. Жеме-жемге келгенде төбесінен сорғалап түспегені, не десе де, бұның басындағы халді түсінгені ғой. Сонда да айналсоқтап шыға алмай жүргені, қайтсе де желеп-жебейтін пейілдерінен таймағаны ғой.

Ендеше, баяғы Мәті би айтқандай түлкі дәуреннің біржола орнағаны ғой. Ал, сонда бұның әлгі тағдырдың жазуындай тарғыл бүркіттің өзіне тап-тап бергені не болғаны? Өлермендігі ме, өміршеңдігі ме?...

Не де болса, келешек көрсетер...”. Сұлтан өз түсін осылай өзі жориды. Кейіпкердің көрген түсі қандай анық әрі ұзақ болса, оны жоруы да солай. Сұлтан көрген түсінің әрбір деталіне дейін еске алып, өз-өзіне сауал бере отырып, оның жауабын іздейді. Өзінше қорытынды, болжау жасап, жоруға тырысады. Ә.Кекілбаев бұл шығармасында түсініксіз, шым-шытырық түстерді көп пайдаланбайды, керісінше мұнда көбіне мазмұны айқын, түсте көрінген көріністердің, тіпті адамның түр-түсіне, ондағы әрбір жәндіктердің қимыл-қозғалысына дейін қанық бояумен беріледі. Ә.Кекілбаевтың көркемдік әлеміне тән бір қасиет – ол әдеби түсті кейіпкерінің сол түс көріп жатқан кезінде-ақ сана астары арқылы оқиғаға тікелей араластырып, ой жарыстырып қоятындығы. Әдеби түс көруші кейіпкер сана актісіндегі әрбір әрекетке өзінің көңіл-күйін білдіріп отырады. Түлкінің әрбір қимылын қалт жібермей қадағалаған Сұлтан “ол неге олай істемейді, өзінің айлакерлігіне неге салмайды деп параллельді түрде ой жарыстыра отырып, жаны қинала, оның себеп-салдарын тереңнен талдауға тырысады. Кейіпкер роліне көшкен автордың психологиялық талдауы таңдай қақтырарлықтай. Ә.Кекілбаев мифологиялық сипаттағы әдеби түс көруді талдаудың көркемдік мүмкіндігін кейіпкердің сол сәттегі көңіл-күйін, психологиялық жағдайын жан-жақты ашуы үшін асқан шеберлікпен пайдалана білген.

Әдеби түс көруді талдау сәтіндегі толғанысты, түстегі оқиға мен түс көруші арасындағы сезімдік, эмоционалдық, психологиялық байланысты З.Фрейд: “... Душевные процессы во время сна носят совсем другой характер чем при бодрствовании. В сновидении многое переживаешь и в это веришь хотя на самом деле ничего не переживаешь кроме, пожалуй, какого-то мешающего раздражения. Сновидение переживается преимущественно в зрительных образах: при этом могут возникать и чувства и даже мысли другие органы чувств их могут тоже что-то испытывать, но преобладают все-таки зрительные образы. Затруднения при передаче сновидения происходят отчасти потому что эти образы нужно перевести в слова”, – деп түсіндіреді [С 54].

Шынында да адамның түс көру сәтінде бастан кешетін жан қозғалыстары күндізгі сергек кезіндегіден мүлдем бөлек. Әдеби түстегі мифологиялық образдар мен психологиялық көріністерді сол күйінде сөзге түсіріп, көңіл-күйді қайта бастан кешу неғайбыл. Осындай күрделі сезімдік құбылыстарды дәл және оқырман көңіліне күдік ұялатпайтындай сенімді суреттеу үшін әрине жазушыға көп жауапкершілік, әсіресе сөздік қорының шексіз байлығын талап етері күмәнсіз. Ә. Кекілбаев екінің бірі батылы жетіп бара бермейтін осындай тереңдікке, кең қарымдылыққа оның ең бастысы тіл байлығы, сөздік қорының құнарлығы, білімінің тереңдігі т.б себеп болғаны сөзсіз. Адамның жан құбылыстарын бейнелеуде осы әдеби түсті талдау секілді шебер тәсіл

тапқан талантты суреткердің оған тілі де, ойы да, сөзі де жеткен. Әсіресе, қазақ прозасында сана актілерін суреттеу, өң мен түстің арасындағы шекаралық шақтарға шамадан тыс астарлы ойлар, поэтикалық суреттемелер, ашық бояу, терең философиялық құндылықтарды жүктейтін әдеби түс көруді талдауға Ә.Кекілбаевтан бұрын ешкім тыңғылықты, жүйелі түрде жүгіне де бермепті. Міне, осынау ұлттық әдебиеттегі психологизм жүйесінде олқы соғып жатқан осы түсті тап басып, оны озық дәстүрге, үздік үлгіге айналдыра білген жазушы ой ағымы арқылы кейіпкердің ішкі рухани әлеміне батыл және тереңдеп енудің кілтін табады.

Адамзатқа бейсаналы сәтте пайда болып, неге олай, ол неге менің түсіме еніп жүр деген сан сауалдардың тууына себеп болу түс көру табиғатына жат нәрсе емес. Сондықтан да суреткердің сауалдарды көбейтіп, соған жауап іздей жанталасуы да шындыққа жанасымды. Және әдеби түс көру кезінде бейсаналы түрде бола тұра жүйелі ой ағымына құрылған психологиялық түзілістер мен талдаулар ертеңіне түсті еске алу сәтінде де қайталанады. Әдеби түс көруді талдаудағы адамдардың, заттардың, көріністердің образын дәл, анық көзге елестете алмау да көп қиындық тудырады да сөзсіз. Түс көрген кісілердің ертеңіне “келе жатыр екем деймін”, – деп, көбіне болжаммен, күдікпен тұспалдап жататыны да тегін емес. Түс – адамға бір-ақ рет кіреді. Оны кино лентасындай қайталап көруге болмайды. Ол тіпті мүмкін емес. Қайталап енгеннің өзінде тап сол мазмұнда, сол көріністе, болған оқиғаның еш өзгеріссіз көрінуі мүмкін емес. Ол түс көру табиғатына жат құбылыс. Бір түсті сан рет көрсе де оларды бір-бірімен шатастыруға болмайды. Мәселен, Жөнейттің, Әбілқайырдың, Гүрбелжіннің түстерін тек солардың өздері ғана көре алады. Оны басқа кейіпкер көруге болмайды, ол мүмкін де емес. Керек десеніз Гүрбелжіннің қайталап енген түстері де мүлдем ұқсамайды, бір-біріне.

Негізі, Ә. Кекілбаев әдеби түс көруді екі мақсатта пайдаланады. Бірінде – кейіпкердің ішкі жан дүниесіне тереңірек үңіліп, ену үшін аналитикалық талдауға кең өріс берсе, екіншісінде – түс көргеннен кейінгі көңіл-күйді, әсерді, әрекет үстіндегі хал-жайды қазбалай, қадағалай зерттеуге зер салынады. Суреткердің көп арқа сүйейтін “тоқырау” түстерінен кейінгі кейіпкердің жан дүниесіндегі ой мен сезім арпалыстары мен қайшылықтарын қатар қойып, салыстыра бейнелеу ең ұтымды тәсіл. Кейіпкердің осындай екі әлем, екі ұшты сезім сәттеріндегі психологиялық процесті бейнелеу арқылы үлкен әлеуметтік-философиялық ой қорытуға бейім жазушы әдеби түс көрудің поэтикасын шын мәніндегі көркемдік сапаға көтере білді.

Ә.Кекілбаев “Елең-алаң” романында да түс көру тәсілін кейіпкерінің ішкі жан дүниесін зерттейтін көркемдік құрал ретінде көп қолданады. Мысалы балшы қыз Бопайдың түсін алайық: “...Түс көріпті... Түсінде тап осы Бегілінің отауының табалдырығының ішінде мал сойып отыр... Мал дегені, терісін сыпырарда байқады, арлан қасқыр... Жон арқасы көк шуландырып тұр... Өзінен қан шықпайды, ағыл-тегіл сүт ақтарылып жатыр... Селк етіп қолын тартып ала

қойды” [1, 130 б]. Түсіндегі қан дегені сүт болып шықты, аппақ сүт ақтарылып жатқанын жақсылыққа жорыған Бопай тап сол күйі ойламаған жерден алдына жаралы болып, ес-түссіз күйде жеткізілген белгісіз бозбаланың тегін адам еместігін, бұның өміріне керемет өзгеріс ала келетіндігін-осы түсті жору барысында көз жеткізеді. Қыз алдында сұлап жатқан жігіттің Бопайға ертең өмірлік серік болып, жолы да ашық, өзі де аққа жарып, алды жарық болатынын меңзеген бұл түс тегін енген жоқ. Кейін тұрмысқа шыққан соң да тап осындай мазмұнда, бірақ басқа жағдайда (түс фабуласы өзгеше) енген қан орнындағы аппақ сүт символы бейне бір Бопай басына қонған бағы мен бақыты дерліктей. Осы орайда, бір мазмұндағы бірақ, әр түрлі психологиялық жағдайда көрінген түстің бұл түріне Бопайдың Әбілқайыр сұлтанға ерге шыққаннан кейін көрген түстерін жатқызуға болады.

Айталық, бүгін түнде түсіне Ералы кіріп жүр. “Бұлар іште сары табаққа салып ап сары сазандай аунатып бүйенге қатырған шырын уыз жеп отырғанда, ол түрулі іргенің тұсына келіп, көзін сатып, қолын жаяды. Бұлар оны аяп қолдарын қанша созса да, іргеге жетпейді. Үйдегілердің қайырынан күдер үзген Ералы отыра қалып, топырақтың астына қолын сүңгітіп, бұлқынтып саршұнақ па, борсық па бірдеңе суырып алып шығады. Жаңағы олжасын бауыздамай, іремей, тыпырлатып, тырнағын қадап, жайратып жатады. Әлгі немесінен қан шықпайды, ағыл-тегіл сүт ақтарылып жатады...” Көзбен көріп, қолмен ұстағандай көріністері де, түстің мазмұны да айқын. Мұнда шатасу, еске түсіре алмай дал болу жоқ. Бопайдың бірінші, қыз күнінде көрген түсінде сойып жатқаны арлан болса, мұнда не борсық, не саршұнақ екені белгісіз келеді. Бір қызығы екеуінен ақ сүт ақтарылып төгіліп жатады. Тәңіріден төгілген ырыс-береке, бақ-бақыты болған ақ сүтті Бопай бұл жолы да жақсылыққа жориды: “Селк етіп оянып кетсе мең-зең... Бет-аузы жоса-жоса жас. Ұйықтап жатып жылап жатыпты. Әлденеше рет кәлимасын қайырып, әлгіндей сөлекеттеу түсті жақсылыққа жорып бақты. Баяғыда Әбілқайыр алғаш бұның төркінінің табалдырығын аттағанда, бұл өзі де түсінде босағада жайратып арлан бөрі сойып отырмап па еді... Одан да қан шықпай, сүт ағып жатпап па еді... Арты жақсылық болып еді ғой соның... Мұның да арты жақсылық шығар... Ләйім солай болғай...» [1, 141-б.].

Бұл түс бір жағынан “түсінде жыласаң, өңінде қуанасың” деген қарапайым өмірде көп қолданатын жору символикасын, тұрмыстық пәлсапаны еске түсіреді. Қарапайым түстің де шығармада атқарар өзіндік өрнегі көркемдік эстетикалық құндылық ретіндегі ролі орасан зор.

Сондай-ақ, Ә.Кекілбаев түс пен өң, яғни өлі мен тірі аралығындағы, екі көркемдік әлемді онирикалық поэтика тұрғысынан танып, психологиялық талдаудың арнайы бейнелеу құралы арқылы айшықтап, ажарлап суреттеуге де шебер. Мәселен, Кирилловтың өң мен түс аралығындағы есалаң күй кешуін түске теңеп, төрт бет бойы оның психологиялық ауыр жағдайдағы хал-ахуалын жан-жақты талдап жазады. Әдебиеттегі өрнегі өзгеше бір әлем бо-

лып табылатын бұл тәсіл кейіпкердің ішкі өміріне, сана астарына т.б. ену ғана емес, шығарманың сюжеттік желісін күрделендіріп, оны көзге көрінетіндей иллюстрациямен, рационалистік эмоциямен бейнелеу де болып табылады. Ә.Кекілбаевтың әдеби түс көруге, сана актілеріне деген қызығушылығы романның соңына дейін бір толастамайды. Романның “біссімилләсында” басталған түс-түлкі соңына дейін темір қазық секілді қайталанады да отырады. Өзіне ешқандай көркемдік жауапкершілік жүктемейтін, бейсаналылыққа көп сүйенетін, өң мен түс арасындағы есалаң күй т.б. секілді эзотериялық нышандар мен құпия белгілер Ә.Кекілбаевтың көп қолданатын тәсілдері. Романның басында көрген түсі ме әлде, елес-нышан ба, әйтеуір Мәтінің келіні Патшайым жортқан қызыл түлкісі қызыққа құмартқан қиялдай қыр соңынан бір қалмайды. Оны автор былайша береді: “Енді, міне, бұл дүниеде бар-жоғы белгісіз сол рух бұған тағы да аян беріп, шырт ұйқыдан оятып алды. Бір сәт байыз тапқан алаңсыз көңілін қайтадан бебеулетте бастады” [1, 278-б.].

Жалған дүниенің, мына өмірдің өзі де “сағым-түс” секілді алдамшы деген астарлы ой, философиялық түйін түйдірген бұл түстің тұспалын жазушы мынадай оймен тұжырымдайды: “Байқап қараса – бұның өмірінде болып жатқан оқиға-құбылыстардың бәрі де сағым іспеттес екен. Қазір ғана бадырайып көз алдында тұрған көрікті көрініс еді айналып бір қарасаң, жым-жылас жоғалып шыға келеді. Бәрі өң мен түстей. Бәрі де құбылмалы. Бәрі де алдамшы. Өзгермейтіні, құбылмайтыны-түсіндегі шат-шадыман қуаныштың өңінде өзегінді өртер өкініш боп шыға келетіні. Кеп-келте рахаттың өмірбақи жаныңды өртер бейдауа азапқа айналатыны. Сонда кешегі жеңісі мен желпінісінің де бар болғаны енді айналып келмейтін, көзден біржола бұлбұл ұшқан бұралқы елес, алдамшы көрініс қана болғаны ма?! (278-б). Бұл да тоқырау түске жатады. Алайда, Жөнейт пен Әмірші секілді рухани тоқырауға ұшырамай, Әбілқайыр келешекке сенеді, өмірдің өтпелі екендігіне көзі жете отырып, келер өмірден, атар таңнан үміт күтеді.

Ә.Кекілбаев әдеби түс көруді талдауды әдеттегідей, үшінші біреу, яғни ба-яндаушы арқылы тек мазмұнын ғана қысқаша әңгімелеп қана қоймай, көргенін сол сәтте-ақ талдап, сол түске ілесе отырып, оқиғаны дамытуға құмар. Оның түс екенін кейде байқамай да қаласың. Мәселен: “Көзі іліне беріп еді – өзінің Уфаның шет жағындағы бөренеден қиып жасаған жатаған үйінің ауласынан сопаң етіп шыға келгені. Әйелі Устинья бұның көзі таяр-таймаста ақ қырмызыдай құлпырып, гүл-гүл жайнап қоя беріпті. Екі беті албырап, екі көзі жайнақтап өртеніп тұр...

– Сидор Ефимович, қалай тез оралғансыз?! – деп сыңғырлай шыққан дау-сынан тани кетті.

Бал-бұл жанып, жайрандап тұрған әйелін құшақтай алғысы кеп, эзер шыдап тұрса да, көңіліне бір қитұрқы ой қашып, қолындағы қамшысын умаждай түсті.

– Жаныңның барында мойныңа ал... деп төне түскелі жатыр еді, кенет...” [1, 190-б.]. Біреу иығынан тартқылап, оған мүмкіндік бермеді.

Міне, осындағы әдеби түс көру тәсілі романның сюжеттік және композициялық құрылымымен жымдасып, ара-жігі білінбейді. Жалпы қазақ әдебиетінде түс көру тәсілін жан-жақты дамытып, оның түрлік, көркемдік, символдық, мифологиялық, психоаналитикалық, т.б. варианттарын жасаған, оның әрқайсысының көркемдік кеңістігі мен поэтикасын көркейткен жазушы да Ә.Кекілбаев.

“Ханша-дария хикаясы” атты повесіндегі оқиғаның өмірге келуіне түрткі болған жәйт – Шыңғыс ханның түсі. Ол түсінде керемет сұлу әйелді көреді. “Бар мақсаты таусылып, әйелден басқа ойлайтыны қалмаған кісіше...”, – деп ол түсін ұмытқысы келгенмен кездейсоқ кез болған мына сурет оны қайта еске салады: “Қасар мерген екеуі желе жортып қасына жетіп барды. Түнде жауған қар бетіне тамғанда қан қандай әдемі. Есіне түндегі түсі оралды. – Осы дүниеде, сірә, денесі тап осы қан сонардың қарындай аппақ әйел баласы бар ма екен? – деді.

Қасар мерген:

– Таңғұрттардың Шидүрге деген бір бекзадасының Гүрбелжін деген әйелі қаранғы үйге кіріп барғанда, самалай жарқырап кетеді дейді. Болса, тек соның жүзі ғана осындай шығар, – деді шала-жансар қоянды тамағынан орып жатып.

– Таңғұрттардың дейсің бе...

Шыңғыс хан ойланып қалды” [1, 331-б.].

Міне, осыдан “Ханша-дария хикаясы” басталады. Гүрбелжінді алғысы келген Шыңғыс хан қаншама халықты қырып, ақыры оған да қолын жеткізеді. Алайда, жауына жар болғысы келмеген ханым оны өлтіреді де өзі дарияға құлап өледі. Ханша-дария хикаясының өмірге келіп, дамуына дәнекер болған әлгі түс Шыңғыс ханның өліміне әкеліп тірейді.

Осы туынды да тағы бір тоқталар жай автордың әдеби түс көруді талдаудың ерекше түрін, яғни кейіпкердің бір мазмұнда бірнеше рет қайталанып енетін сана актісін таңдап алуы. Бір мазмұнда қайталанып енетін әдеби түс қазақ прозасында әзірге тек Ә.Кекілбаевтың шығармаларында ғана кездеседі: “Ақ некенің төсегінде де баяғы қыз күнгі түстерін көріп жүрді. Ол ылғи түсінде ертегілердегідей бір перизада жігітке ғашық болып, елден-жерден безіп, айдалаға барып, құздан ұшып өлгелі жатқанда оянып кетеді. Сонда дәйім қасындағы серігі өзі әлі бұл дүниеден көре қоймаған бейтаныс біреу болушы еді. Ондай түс көрген күннің ертесіне өзінен-өзі қуыстанып, күйеуінің бетіне қарай алмайтын.

Осы жуықта да түс көрді. Тағы да баяғы құздың басы. Соңдарында-қуғыншы. Алдарында-зымыран. Бұл қасындағы серігіне қарайды. Сөйтсе-Шидүрге. Ажал алдында оған деген көл-көсір сүйіспеншілігін білдіргісі келіп, күйеуінің салалы саусақтарын құшырлана қысады. Гүрбелжін күйеуіне деген айрықша ықыласын сол түсінен кейін анық аңғарғандай болды” (347-б). Осы түстері арқылы кешегі қыз күнінде арман болған ғашығының өз қосағы екендігін кеш те болса түсінген Ханым соның жолында өз арын да махаббатын да аяқ асты

етпей өзі мерт болды. Түсіне үнемі кіретін көрініс ақыры шындыққа айналып, құздан құлап, қайтыс болады. Ол өзімен бірге жер-жаһанды жаулаған атақты Шыңғыс ханды мерт етерлік дертке шалдықтырып, өз елінің кегін де ала кетті.

Бұл үнемі бір мазмұнда енетін әдеби түстің қазақ прозасында алғаш рет көрініс табуы және өзіндік өрнегімен бейнеленуі еді. Және бұл әдеби түстің бір ерекшелігі Гүрбелжінге ғана тән түс, оны өзге кейіпкердің көруі мүмкін емес. Қайталанып отырса да ол түсті тек Гүрбелжін ханым ғана көретін түс болуы тиіс. Осы жерде З.Фрейдше пайымдасак: “түс жеке санаға тән құбылыс. Және бір рет енген түс қайтып қайталанбақ емес”.

Қалай десек те Ә.Кекілбаевтың шығармашылығында әдеби түс көруді талдау мен оның поэтикасы түбірінен түрленіп, күрделеніп қана қойған жоқ, сонымен бірге мән-маңызы да, қолдану аясы да, көркемдік қызметі де өсті. Философиялық, әлеуметтік мәселелерді көтеруде үлкен роль атқаратын әдеби түс көруді талдау прозада адам тағдыры мен мінез-құлқын бейнелейтін, адамның ішкі жан дүниесін зерттейтін, психологиялық талдаудың таптырмас құралы болып қалыптасты.

Ә.Кекілбаевтың бүкіл шығармашылығындағы әдеби түстер әлемі де бір тұтас көркемдік шеңберде қарастырылады.

Әдетте әр суреткер шығармашылығының ішкі заңдылығы оның өмір сүрген кезеңіндегі әдеби қозғалыстың көркем контекстінде қарастырылса ғана түсінікті болмақ. Қоғамнан, ортадан адам ешқашан алшақтамайды. Ал, қоғамның рухани қозғаушы күші-жазушылардың орны бұл жерде тым бөлек екені де даусыз. Сол себепті де белгілі бір кезеңдегі жеке жазушының шығармашылық тәжірибесін зерттеу сол уақыттағы әдеби процестің жалпы заңдылығын терең танып, түсінуге мүмкіндік берері сөзсіз. Жеке жазушының әрбір шығармасы сол кезең әдебиетінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосары да хақ.

Мәңгілік құндылықтар мен қағидаларды зерттеп, зерделеуге зейін қойған Әбіш Кекілбаев кейіпкерлерінің күрделі тағдырын тек психологиялық роман жанры арқылы ашуға сенім артады. Экзистенциалдық түсініктің тиянақсыздығы, өмірдің абсурдтығы (сорақылығын), хаосты өмірдегі шашыраңқы пенделік пиғыл, рухани құндылықтың, биік мақсаттың жоқтығы жоғарыда аталған шығармалардың мазмұнын, болмысын құрайды. Әбіш шығармаларындағы әдеби түс көру тәсілі баяндаудың сюжеттен тыс принципін, дәстүрлі композициялық әлеміне жаңа көркемдік құбылыстар ендірді. Әдеби түс көру тәсілдері шығармаларда жекелеген кейіпкердің жан азабы, күйініш, сүйініші дағдарысқа ұшыраған рухани өмірімен шектелмей, бүге-шүгесіне дейін қазымырлана тереңдей зерттеліп, зерделенуге мол мүмкіндік тудырды. Ә.Кекілбаев шығармаларында осы әдеби әдіс арқылы психологизм поэтикасы шеберліктің шыңына жеткенін мойындауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.

2. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Советский писатель, 1963.
3. Лосев А.Ф. Философия, мифология, культура. – М.: Политиздат, 1991.
4. Нечаенко Д.А. Художественная природа литературных сновидений. Русская проза XIX века. Дис. докт филолог. наук. – М.: МГУ, 1991.
5. Юнг К.Г. Психология и поэтическое творчество// самосознание Европейской культуры XX века. – М.: Политиздат, 1991.
6. Ремизов А. Сны и предсонья. – СПб.: Азбука, 2000.
7. Дәдебаев Ж. Түс аяны. – Алматы: Ғылым, 1992.
8. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997.
9. Қожахметова М. Түс-саяхаттар // Ақжелкен. – 1997. – № 1-2. – 2 б.
10. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986.
11. Гинзбург Л. О психологической прозе. – Л.: Художественная литература, 1997.
12. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы.: Қазақстан, 1996.
13. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. – Алматы: Санат, 1997.
14. Литературная энциклопедия терминов и понятий / Гл. Ред. и сост. А.Н.Николюкин. – М.: НПК Интелвак, 2001.
15. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987.
16. Фрейд З. Введение в психоанализ. Сновидение. – М.: Наука, 1989.
- Выготский Л.С. Психология искусства. – М.: Педагогика, 1987.
17. Страхов И.В. Психология воображения. – Саратов:СГУ, 1971.
18. Степаньянц Ж.И. О роли сновидений в романах Достоевского. – Самарканд, 1990.

Қ. Жанұзақова,

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
филология ғылымдарының докторы, доцент
(Қазақстан)*

Ә. КЕКІЛБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ РОМАНТИКА

Қазақ прозасының ең бір жарқырай көрінген, классикалық деңгейге көтерілген кезеңі – XX ғасырдың екінші жартысы. Әлемдік сан салалы әдеби үдерістің ең озық үлгілерімен танысып, жан жақты тәжірибе жинақтаған қазақ қаламгерлері бұл тұста жаңа формалық, тақырыптық және стильдік ізденістерге бара алды. Мұндай ерекшелік алпысыншы жылдары жарқырай көрінген қазақ прозашыларының біразына ортақ құбылыс.

Солардың ішінде қазақ прозасында болмыс-бітімі ерекше шығармаларымен көрініп, аңыздық желіні романтикалық сөз қуатымен сабақтастыра білген көрнекті жазушыларымыздың бірі де бірегейі – Ә.Кекілбаев болды. Мақалада

артына мол мұра қалдырған қаламгердің шығармаларынан адам болмысының тылсым тұстарын, ішкі жан дүниесін ақтарып, мәңгілік мәселелерді қаузаған «Дала балладалары» мен «Аңыздың ақыры» романы туралы сөз қозғамақпыз.

Ә. Кекілбаевтың бұл туындылары көне тарихқа сіңген дәуірлердегі мифтік аңыз-әңгімелерді, аңыздық сюжеттерді поэтикалық тұрғыда игерген деректерге негізделіп, сол арқылы бүгінгі күн үшін өзекті жалпы адамзаттық мәні бар адамгершілік мәселелерін қозғайды. Жазушы романтикалық идеалды тарих қойнауынан іздейді. Суреткер мифтік мотивтерді, аңыздық желілерді, ертегілік сюжеттерді прозаның барлық жанрларында шебер қолданып, өзіндік стильдік ерекшелігін таныта алды. Қаламгердің он екі томдық шығармалар жинағының алғы сөзінде белгілі жазушы, әдебиет сыншысы Г. Бельгер: «Әбіш Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті осында, ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады» – деп бағалайды [1, 3 б.].

Ә. Кекілбаев өз туындыларында халқының өткен тарихи дәуірлердегі рухани-эстетикалық тәжірибесін арқау ете отырып, оған философиялық мазмұн дарытады. Шығармаларында желі тартқан ел аузындағы аңыз-шежірелерден бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін көтереді. Ежелгі аңыз бен мифтерді бүгінгі өмір сүріп отырған дәуірдің талап-тілегімен, адамгершілік болмысымен ұтымды ұштастыра суреттеген суреткер шығармашылығында осыған орай мәңгілік, онтологиялық тақырыптар бой көрсетеді.

Жазушы туындыларындағы аңыздың романтикалық мазмұны туралы академик С. Қирабаевтың пікірі бағалы. Белгілі ғалым кеңес әдебиетінің соңғы дәуіріндегі әдеби процеске тұтастай сипаттама бере отырып, жекелеген шығармалардағы романтикалық ізденістер турасында ғылыми пікірін ортаға салады: «Ә. Кекілбаевтың «Ханшадария хикаясы», «Күй», А. Сүлейменовтың «Бесатар», Н. Әбутәлиевтің «Қайран Нарын», Қ. Мұхамбетқалиевтің «Ежелгі дұшпан» сияқты повестері көшпелі халықтың қаһармандық салты мен рухани биік өмірін романтикалық бояулармен жаңғыртуға арналды. Әбіш повестері халық жадында сақталған көне сюжеттер мен аңыздарды көбірек бағдар тұтады. Содан бүгінгі заман үшін қажетті жаңа мазмұн іздейді» – дейді [2, 158 б.].

Ә. Кекілбаев шығармаларындағы романтикалық сарын – мифтік-фольклорлық сарынның, аңыз-әңгімелердің өн бойында өрілген. Жазушы өзіне етене таныс аңыз-әңгімелерді жалаң баяндаушы емес, ол әрқилы аңыз-әңгімелерді өзінше жаңаша түсіндіріп, сол арқылы композициясы күрделі, психологиялық салмағы бар дербес туынды жасайды. Жазушының көркемдік әдісі тұлғаның күрделі табиғаты мен дүниетанымына байланысты ерекшеленеді. Ә. Кекілбаев «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Шыңырау» повестерінде ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер пайдалана отырып, өткен күннің романтикалық ерлік, өнегеге толы жарқын да қаһарлы бейнесін жасайды, бүгінгі күннің көкейтесті

мәселелерін қозғайды. Мұнда әлеуметтік аспект маңызды рөл атқармайды. Жазушы ұлтының кешегі болмыс-бітімін, рухани әлемін суреттей отырып, халықтық характерлер галереясын жасайды, өз кейіпкерлерін барлық қырынан жан-жақты талдайды. «Дала балладалары» мен «Аңыздың ақыры» романында романтикалық шарттылық пен реалистік нақтылық, философиялық, аналитикалық суреттеу тәсілдері өзара үйлесім тапқан.

Күй құдіретінің асқақтығын шеберлікпен бейнелейтін «Күй» повесінде Ә.Кекілбаев өткен тарихымыз бен бүгінгі күннің маңызды мәселелерін бір арнаға тоғыстырып, ізгілік, адамгершілік, мейірімділік, гуманизм тақырыбын жаңа бір деңгейде көтереді. Осы шығармасын жазу барысында қаламгер атақты күйші Шәміл Әбілтаевқа «Адай» және «Абыл» күйлерін үздіксіз тартып отыруын сұраған көрінеді. Осылайша шамырқанған күйге елтіп отырып, бұрын соңды баршаға мәлім күй философиясын жалпыадамзаттық контексте жаңаша пайымдайды. Ә.Кекілбаев, біріншіден, халық жадындағы аңыздық деректен саналы түрде ауытқып, қазақ және түрікмен аңыздарының синтезін жасаған, суреткерлік қиялы арқылы өзі жаңа аңыз тудырып, оған философиялық-романтикалық мазмұн берген. Екіншіден, ол үшін аңыздық оқиғаның желісі емес, сол оқиғадан туындайтын адамгершілік, моральдық, этикалық салдар маңызды.

«Ханша-дария хикаясы» повесінде Шыңғыс хан туралы аңыз баяндалғанымен, ішкі мазмұны махаббат пен қатыгездік, зұлымдық пен мейірімділік, жақсылық пен жамандық арасындағы тартысқа құрылған. Туындының алтын арқауын қатал билеуші туралы халық аузындағы аңыз құрағанымен, романтикалық мифологема басты қаһарманның, Гүрбелжін арудың төңірегіне шоғырланған.

Ә. Кекілбаев тарихи аңызды суреткерлік қиялмен суарып, туындының көркемдік, эстетикалық сапасын психологиялық детальдер арқылы ерекше арттыра түскен. Жазушыға шығармада Шыңғысханға жасалған қастандық пен оның жұмбақ өлімі туралы реалистік негіздегі тарихи аңыздан гөрі қатыгездік алдындағы адам қайсарлығының рухани жеңісі, адам рухының майыспас мықтылығы туралы романтикалық аңыз маңыздырақ. Қаламгердің негізгі өзек ойы да осы арнадан табылады.

Ә. Кекілбаев повесте халық арасындағы аңызды шығармашылық қиялмен байытып, жауыздықтың жазалаушысы ретінде ана, әйел рухының ұлылығын биіктете түскен. Шыңғыс хан Гүрбелжіннің асқақ рухынан, адамдық биік танымынан жеңіліс табады. Жазушы осы романтикалық рухтағы шығармасы арқылы шын мәнісінде әділдікке, оның аңыздағы жоқшысы Гүрбелжін сұлуға өлмес ескерткіш қойды.

Жазушы адамзатқа ортақ мұраттармен үндесіп жатқан аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшейді. Оң мен түс арасындағы «аралық» жағдайларды суреттеу арқылы адам психикасының терең иірімдеріне бойлау, ішкі әлеміне ену, сезім толқындарын бейнелеу – жазушының тарихи тақырыптағы повестерінің өзіндік ерекшелігі.

Жетпісінші жылдарда бірін-бірі қуалай келген тарихи романдар көшінде айрықша сөз болуға лайықтысы – «Аңыздың ақыры». Қазақ романы тарихында тарихи деректерге байланбай, авторлық таза қиялдан туған роман да осы. Ол қазақ әдебиетінің роман жанрындағы үлкен жаңалықтардың бірі болды. Мұнда бәрі де шартты – романтикалық сарын, философиялық түйін, бұлдыр тұспал түгел алмасып келіп отырады. «Лирикалық сипаттағы роман-новелла десе де болғандай» [3].

Алғашында «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланған «Аңыздың ақыры» романында романтикалық бейнелеу тәсілдерін молынан аңғарамыз, керісінше, кейіннен жазылған «Үркер», «Елең-алаң» романдарында тарихи факт реалистік тұрғыда игерілген. «Аңыздың ақыры» романы үйреншікті мағынадағы дерекке негізделген тарихи туынды емес. «Аңыздың ақыры» романында Ә. Кекілбаевқа Ақсақ Темір туралы тарихи факт емес, тарихи аңыз маңыздырақ. Өзіне тән байсалды баяндау мен үздіксіз сана ағымын кейіпкер характерін ашудың құралына айналдырған автор философиялық, психологиялық тереңдікке бой ұрады.

Тарихи деректерге байланбаған шығарманы автордың таза қиялынан туған төл сюжеті десе де болады. Жазушы тарихи аңыз шеңберінен шығып, дербес психологиялық шығарма тудырған. Ә. Кекілбаев үшін романда оқиғаның қай ғасырда, қай жерде болғаны маңызды емес. Өйткені роман таза реалистік туынды емес. Мұнда аңыздық форманың фон ретінде алынып, Әмірші бейнесінің уақыт пен кеңістік тұрғысынан нақты дәйектелмеуінде өзіндік сыр бар. Мәселе, оқиғаның қашан және қалай болғанында, тарихи дәлдігінде емес, болған оқиғаның адамгершілік-философиялық мәнінде. Сюжетке өткен дәуір оқиғасы арқау болғанымен, ішкі мазмұны махаббат пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірім мен қатыгездік, бақ пен тақ, бақыт сияқты жалпыадамзаттық мәні бар мәңгілік мәселелерді қозғайды. Суреткер Әмірші бейнесі арқылы шексіз билікке ие болған адамның іс-әрекеттерін, мінезін, әлсіздігі мен шарасыздығын кең ауқымда алып бейнелейді, адам жанының шындығын тебіреніспен толғап, өмір туралы философиялық толғам, ғибратты ой ұсынады.

Ә. Кекілбаев өз шығармасының ерекшелігі туралы «Ел тарихы, ел тағдыры» мақаласында: «Тарихи материал жасақтауда құжат дерегі де, ел аузындағы әңгіме де, көркем қиял да көп қызмет ете алады. Бірақ тарихи шындыққа үлкен жауапкершілікпен қарайтын жазушы қиялдан гөрі дерекке табынары сөзсіз. «Дала балладалары» атты циклға енген «Аңыздың ақыры» романым мен повестерім, негізінен, «белгілі бір көзқарастан туындаған тұжырымға», концепцияға сүйенеді. Ал «Үркерде» оған атымен кереқар бағытта іздендім. Онда, мүмкіндігінше, тарихи деректің ала жібін аттамауға, нақты тарихи ситуацияның өз драматизмін әсірелеусіз көрсетуге күш салдым» – деп жазады.

Мифтік сарын Ә. Кекілбаев прозасында шығарма фабуласының негізгі тіні ретінде көрінеді. «Аңыздың ақыры» романында мұнара туралы аңыз идеялық-

адамгершілік жүк көтеріп, шығарманың негізгі композициялық арқауына айналды.

Романдағы нарративке дүниенің тоқтаусыз дамуы, жақсылық пен жамандық, болмыстың мәні, жаратылыстың жұмбақтары туралы ұғымдарға байланысты өткіншілік тән. Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы – көп деңгейлі көркемдік метафора, адамның жаны мен жүрегіндегі мұнараны салу семантикасы бар кең ауқымды мифологема». Осы орайда шығармада мұнараның атқаратын символдық қызметі ерекше. Ол үш кейіпкерді, ханды, ханшаны және шеберді өзара байланыстыратын, бір қазыққа байлайтын ортақ желі.

Мұнара – өз бойына негізгі (махаббат, мейірімділік, өнер, әлем мен адам жанының құпиясы) идеялардың кешенін жинақтап ұстаған романның басты символы және романның композициялық қазығы. Шығармада болып жатқан барлық оқиға түрлі деңгейде мұнарамен тығыз байланысты және оның қатысуымен өтеді. Мұнара бейнесі романда эволюцияға ұшырайды, алуан қырымен, мінезімен көрінеді, негізгі кейіпкерлердің характерлеріне орай трансформацияға ұшырайды. Романда мұнара семантикасы сыйымды, ауқымды романтикалық мифологема қызметін атқарады, тіпті дербес кейіпкерге айналған.

Мұнара – романдағы негізгі романтикалық қаһарман Жаппар махаббатының символы. Жаппар шебер үшін мұнара соншалықты ыстық, өйткені мұнара – оның өз қолынан шыққан «тілсіз перзенті». Оны бойына ғажайып көрік, «сиқыр сұлулық», «жұмбақ тұспал» дарытқан өзі. Екеуінің арасында құпия үйлесім, үндестік бар. Мұнара бірнеше әлемдерді, өткен мен бүгінді, аспан мен жерді жалғастырушы.

Автор мұнара образын контраст поэтикасы арқылы суреттейді. Шаһарда мұнара бой көтергеннен кейін екі әлем – Мұнара мен шаһардың басқа тапал үйлерінің арасындағы қарама қарсылықты көреміз. Шебер жігіттің салып жатқан мұнарасы тек асқақтығымен ғана емес, өзінің ешкімге ұқсамайтын ерекше өрнегімен, тас мүсінге жан, тіл бітірген сиқырымен, құмырсқа тірліктен биік бола білгенімен де қымбат. Ол адам баласының күнделікті күйкі тірліктің, қалыпты дүниелердің шеберінен шығуға, ұлылыққа, ірі сезімдерге ұмтылысын, адам сезімдерінің әлеммен жасырын байланысын сезінуге меңзейді.

Лиро-эпикалық аңыздар Ә. Кекілбаев шығармаларының негізгі баяндау тініне шебер өріле отырып, қаламгер туындыларының өзіндік лирикалық, романтикалық әуенін береді. Қаламгер кейіпкерінің сезімдік күйіне психологиялық салмақ артып, философиялық жинақтауларға ден қояды. Мұнара туралы романтикалық мифологема – болмыстың жұмбағы мен өмірдің мәнісі, адам өміріндегі маңызды құндылықтар туралы философиялық ой айту тәсіліне айналған.

Автор басты кейіпкерлердің жан дүниесіне барлау жасай отырып, бүгін мен өткенді сабақтастыра сипаттайды. Ә. Кекілбаевтың кез-келген шығармасы – эстетикалық-көркемдік деңгейі жоғары, қоғамның рухани сұранысына сай, бүкіл адамзаттық мәселелерді қозғай білген туындылар.

Әр жазушы шығармасында уақыттың тынысын береді. Қазіргі прозада тақырып пен кейіпкерлер майдаланып, типтік образға жауап беретін тұлғалардың азайғаны, эстетикалық идеал мен романтиканың жетіспей жатқаны жасырын емес. Романтика әдебиетке қуат пен жан бітіреді, ол өлсе, әдебиет те бар нәрінен айырылады. «Романтика өлгеннен кейін, әдебиет те шала-жансар бола бастайды», – дейді Д.Исабеков. Ә.Кекілбаев мұрасы да қаламгердің романындағы Мұнарадай өз уақытынан озып туған, асқақ идеалдарды бойына жинақтаған биіктігімен, өзінің ешкімге ұқсамайтын ерекше өрнегімен, терең мазмұнымен қымбат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Он екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Өлке, 1999. –1 т. – 446 б.
2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003. – 224 б.
3. Тоқбергенов Т. Қос қағыс. – Алматы: Жазушы: 1981. – 281 б.

М. Абдраев,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология ғылымдарының кандидаты
(Қазақстан)*

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ КӨСЕМСӨЗІНІҢ
ТАРИХИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨРКЕМДІГІ**

Қаламгер өмір дүниесінің астарында жатқан қоғамдық зілді ерте аңғарды, сол ойдың жетегімен әлеуметтік тіршіліктің тұрмыстық деңгейдегі көрінісіне ықылас қойды. Әлімжеттік, оспадарлық, әділетсіздік Әбіштің қаламын қарасөзге, шешенсөзге, көсемсөзге бейімдеді. Университет қабырғасында жүріп, ұлы М. Әуезов сынды ұстаздардың алдын көруі, жазушылар басқармасындағы бас қосулар мен талқыға түскен тарихи туындылар – Әбіш Кекілбайұлының тынысын ашып, әдебиетке деген ынта-жігерін әлемдік кеңістікке тартты.

Шығармашылығының алғашқы жылдарында прозалық еңбектерін жаза жүріп, аудармамен де айналысты. Әркімнің тісі бата бермейтін Олжас Сүлейменовтың «Уа, Ақсақ Темір хан», «нұрлы түндер», «Арғымақ», «Қыз қуу», «Қар қоzaғының ұлы Ришад», «Мәмбет батырдың дар алдындағы дұғасы» сынды тәржімелері 1963-1964 жылдары «Жұлдыз» журналында жарияланды. Сондай-ақ, Карл Гоцийдің «Тұранбике ханшайымын» 1965 жылы тәржімалап, ұлтаралық әдеби мәдениетке, ел руханиятына үлес қосты.

Әбіштің лирикалық өлеңдері де, тәржімалары да көсемсөзгерлік денде жазылған боп танылады. Мысалы: 1962 жылы жарық көрген «Алтын шуақ» өлеңдер жинағына зер салсақ:

«Уа мезгіл! Талай-талай жазың келді,
Қыр дөңін сап қайтара сағым келді.
Кекілім қайырылды шалқасынан,
Менің де жігіт деген шағым келді»,

деген «Әке» атты өлеңінде ертеңіне сенім артқан бала Әбіштің сағынышы да жоқ емес;

«Әуре боп күні бойы күбінемін,
Жөн сұрап енді кімге жүгінемін?
Әкем жоқ ақыл айтар, жөн көрсетер,
Амалсыз көрші шалға жүгіремін» –

деп майданға кетіп, оралмай қалған әкесін еске алып, заманның салмағына амалдың қалмағанына налиды. Алайда, бала жүрек әр күннен, әр сәттен қуаныш күтіп, алысқа жанарын қадап, жақынға құлағын тосып, үмітіне сәуле қосады:

«Мен де өстім, мектеп бардым, жыр жаттадым,
Жақсы әннің қағып алдым ырғақтарын.
Зерек деп ауыл-аймақ болды риза,
Сен оны естімедің, тіл қатпадың», –

деп шағын поэмалық жолдармен әкесімен қауышып, ойша қауқылдасады. Сырын айтып, сырмағы тартылмаған күйін айтып, шертілмеген домбырасын, тарамаған шерін айтып, мұңаяр сәтін де жасырмайды. «Көппен көрген ұлы той» дегендей бұл сұрапыл соғыстың салмағын Әбіш те көтеріп, азабын елмен бірге арқалады. Заман қиындығы, әлеуметтік таршылық дәуірі «Әбіштің қоңыр даласына» зіл батпан зәрін төкті. Әбіш сол қоғамда шыңдалды, ертеңгі ел сеніміне қарап есейді. Қаламынан ел тыныш болсын, ұрпақ өсіп, халық қамын ойлайық, береке бірлік кетпесін, молшылық дәурен, тоқшылық дәуір болсын деген тақырыптағы сөзгерлік еңбектері толассыз төгіліп жатты.

Ал, 1999 жылы жарық көрген «Дүниеғапыл» кітабындағы өлеңдері: «Алмас қанжар», «Гүл дүкені», «Туған жер», «Дастархан жыры», «Алматыда, күздікүні, бульварда», сынды өлеңдерін 1959 жылы жазды. Расында Әбіш лирик.

«Әкемді аңсап,
Баламды тостым,
Жадырар жаңа заманды тостым –
Бақ күттім, –

деген жолдарда лирикалық толғаныстар бар. Әбіш дүниеге келген сәттен ұзақ ғұмыр күтумен келе жатқан арман тілегіне жүгінеді. Өмір бойы тосумен келе жатырмын дейді. Нені? Жақсы күндерді, ел қуанған – мен қуанған күндерім қашан келер деп күтуден күдер үзбеген. Үміті ақталып, тәуелсіздік туы желбіреді, егемен ел боп еңсе көтерілді. Міне, Әбіштің бала арманы мен бағзы тілектің бауырласуы өлеңдерінен де аңғарылып, қоғамдық көрініс тауып отырады. Әбіш лирикасы өмірдің өзін жырлайды. Әбіш өлеңі «өткен күн емес, есте қалған күндер». Айталық: «Сол жылдар әлі жадымда», «Танктер», «Әйел күлкісі», «Қарындасым Нұрайша», «Жүректе әлі жатыр мұң» атты өлеңдерінің сырлы шумақтары жанарларында кешегі өкінішті өмірдің мұңы қалған аналарды ардақтайды, бірақ, сол күндер ұзаған сайын жараның ұлғайып, тыртықтың өшпес таңбаға айналғанын дәуір белгісі, өмір айнасы деп білдіреді. Еске алу ауыр, алайда, алыста қалып кеткен қимас бір бейнелер көз алдарында тұрады. Әбіш сол сезімдердің күрескерлік рухын өлеңсөзбен сөзгерлейді. Бұл да Әбіштің бір қыры.

Әбіштің «кеңістікті шолу» дейтін ұғымы сол кезден қалыптасқан, яғни кешегінің көмбесіне қол салып, көз жүгірту, одан ұлттық сыбағаны аршып, елдік елгезекке беру, бүгінгі ұрпақты бүрістірмей ертеңнің лайықты жалғасты ізбасарлығына дәнекер болу – ол үшін парыз, міндет, борышқа айналды. Елі үшін ерлікке жол салған Әбіш ауыр тақырыптарды таңдады. «Аңыздың ақыры» 1982 жылы неміс тілінде Берлиннің «Фольк Унд Велт» баспасынан жеке кітап болып шықты, ол 1999 жыл Будапешттің «Европа баспасынан венгр тілінде жарық көрді. «Үркер» романын 1978 жылы бастап, 1980 жылы аяқтайды. Ал келесі 1981 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. 1980 жыл мен 1983 аралығында «Елең-алаң» романын аяқтады да, ол 1984 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Осы романдардың дүниеге келу аралығында бірнеше повестер жазды. Өз сөзімен айтқанда «Үркер» мен «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» мен «Құс қанаты» кітабына кірген повестердің бәрі бас-аяғы он жылдың ішінде жазылды. ...Түні бойы басқа бір заманда дәурен кешіп, таңертең көшеге шыққанда, қапелімде қайда келе жатқаныңды білмей абдырап қалатын да кездерің болады». Аталған роман-повестерінде Әбіш тойымсыз жәдігөйліктен тарихи жәдігерлікті арашалап отырды. Қазақ топырағында туылған елді қорғаудың азаматтық жолы мен дәстүрлі жөн-жосықтың тарту таралғысына дейінгі әлеуметтік тартылыс заңдылығының философиялық құштарлығынан қол үзбей, құжатнамалық дәуірдің тарихи анықтамасын жазып шықты. Оның ішінде – ішкі айла-шарғының арпалысы, сырттай аңдысу, көзбе-көз арбасу, оймен ұстасып, сөзбен тоқтатысу, тағысын-тағы психологиялық ықпалдасудың барлық формасы бар. Әбіш философиясының ақиқаты:

Бір анық – егемендікті елдестіруден іздеді.

Екінші анық – тәуелсіздікті татулықтан тапты.

Үшінші анық – бодандықтан бостандыққа барар бағытты ұлттық болмыс пен кәсібиліктен тартты. Гәп, Әбіш – кемел кезеңінде осы

ғасырлық, халықтық арман-тілектің орындалуында биік мінберден сөз алып, көсемсөзділікпен атсалысқан айбынды автордың бірі болды, бірі болса – өзі болды. Олай болатыны сөзгердің алғашқы қалыптасу кезеңі дәуірлеу кезеңіне жасаған дайындық – шолу қаракеті болды. Сол арқылы әр кезеңнің кездейсоқ оқиғаларының себептерін қоғамдық қатынастан, мәдени аралықтан қарастырып отырды. Мәселен, «Аш бөрі», «Ең бақытты күн», «Ажар», «Бір шөкім бұлт», «Жүндібарақ», «Күй» әңгіме-повестерін осындай теңізден мұхитқа түсер бұғазаралық аялдамасының өткелі іспеттес туындылар еді. Сондай-ақ, «Ақ қайың», «Кек», «Көз жасы», «Галстук сатушы қыз туралы хикая», «Ор теке», «Есболай», «Тасбақаның шөбі», «Ақырғы аялдама», «Міне керемет», «Бәйге торы», «Құс қанаты» еңбектері, Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінің алғашқы қарлығашындай ой мен қиялдың, шындық пен шырғалаңның өмір таразысына айналған еңбектері әлеуметтік қоғамдық маңызы зор көркем көсемсөз үлгісінде танылды.

Мәселен, «Аш бөрі» әңгімесінің әсерлі шығуы заман шындығының көрінісін айғақтайтын туынды екендігінде. Күйші Құрманғазының күңіренісі – заманға білдірген назасы еді. Сібірге айдалып азапты абақтыдан азатты кең далаға табаны тигенде домбыраның қос шегі солқылдай жөнеледі. «Мұң шаққан әуез. Бірақ, егіліп-төгілмейді. Бір түрлі өрекіген өр күңіреніс». Домбыраның үні, қасиетті қос шектің тілі – еркіндікті аңсау күмбірі. Сонау ауыр кезеңді сипаттау, бейнелеп баяндау асыл мұра домбыраның еншісіне тисе, орындаушысы – Құрманғазы, баяндаушысы – Әбіш. Рухы Алатаудай асқақ екі тұлғаның араға бірнеше дәуір салып сұхбаттасуы. Ал енді, сөзгердің «Көз жасы» әңгімесінде өмір ағымымен қайталанып келіп жатқан орайлы сәттерді, ұлы сезімді ұлтарактай сөзбен әдемі жеткізеді. Ойдың қабысуы, шындық дүниесімен орайласа өрбиді де шынайы өмір көркемдігімен беріле отырып, шымыр сөздермен айшықтала түседі. Мысалы, «... – Апа-ау, ана Сәбит бар ғой, әкем Жанқожа десем, шын әкеңнің атын айт деп кітабымды бермей қойды. Анасы отырған орнынан тырп ете алмай қалды. Басын жуып отыр екен. Қып-қызыл жүзін ұлынан төгілген қою қара шашы ғана жасырып тұрды».

Алайда, Әбіш шындықты жасырмады. Ол адам тағдырын тәлкек еткен осы бір ауыр жылдардың көрінісін заманның келбетінен іздейді. Өмір шындықтың айнасы – сөзгер соны танып білу үшін оның себептерін халықтың басына түскен ауыртпалықпен байланыстырады. Уақыт өткен сайын қайғы мен қуаныш артта қалады да, еске алу кездері ұлғая түсіп сағынышқа айналады. Сонысымен өмір көші жалғаса бермек.

Әбіш Кекілбайұлының еңбегіндегі ерекше сипатқа ие боларлық жайт – ол өмірдің өзі. Сол заман кесірінен келген кесапат сезім Нұртай баланың жүрегінде қалып қояды. Алайда ол кімді жазғырарын білмейді. Бала намыс, бала жүрек, құпия көңілдің азабын тартып, азалы күндерді бастан кешіреді. Мәселен, «Ертесіне ол тағы мазақтар деп мектепке балалардың ең соңынан кешігіп келді. Класқа кіре бергенде мұғалім:

– Неге кешіктің? – деп сұрады.

Өңі жылы. Нұртай үндеген жоқ.

Мұғалім журналды алды.

– Жарайды, атың кім?

– Нұртай.

– Фамилияң?

Нұртай үнсіз.

– Фамилияң кім? Көкеңнің атын айта қойсаң болады.

Бала жалт бұрылып есікке зыта жөнелді. Мұғалім аң-таң.

Нұртайдың столдың үстінде қалып қойған дәптерінің бетінде екі тамшы мөлдірейді.

Міне, асау өмірдің аумалы-төкпелі кезеңдерінен теперіш көріп, тепкі жеген жас ғұмырдың көз жасын – Әбіш шындығы әділет тұрғысынан баяндайды. Сөзгер баз біреуді айыптап, әлде біреуді күндеуден аулақ. Тек соғыс дәуірінің ащы кермегін, ел ауыртпалығының алуан қиындықтарын сол кезеңнің күнделікті оқиғаларынан алады.

Автордың «Бір шөкім бұлт» шығармасының идеялық өзектілігі де динамикалық қуатынан өрбіп отырады. Ол турасында Сағат Әшімбаев былай дейді: «Автордың шығармадағы негізгі идеясы – бір шөкім бұлттай шағын семьяның басында болған қабырға қайыстырар трагедиялық өткір драмалық шиеленіске толы өмір эпизодтары, сол кездегі баршаны шарпыған, баршаның басындағы ащы шындық екенін көрсету». Демек, Әбіш қаламының дәуірлеуі қоғамдық шындықты көрсете білуімен өріс алды дей аламыз.

1969 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған «Күй» повесі әлеуметтік әділетсіз көріністердің қоғамдағы белең алған кезеңдерін сөзгерлейді. «Ұя мен жебе» сапарнама очеркі де 1968 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланды.

«Өмірмен өрелес өмір» (1965), «Өрісін тапқан талант» (1963), «Жыр мерейі» (1964), «Мұратына жеткен адам» (1966), «Сын неге сынала береді» (1965), «Романдағы адам» (1966) секілді еңбектері алғашқы жылдардағы Әбіштің тырнақалды туындылары делінгенімен, бұл тақырыптардың көтерер жүгі мен атқарар қызметі, берер тағылымы ұшан-теңіз. Жай сөз, жалаң сөйлемдер емес, сын, сараптау, талдау, салыстырмалы ретінде самғауға құлаш, созып, қанат сермеген ізденіс ілкімі болып есептелді. Алғашқы сүрлеудің арнасы кеңіп, толғақты дүниелер төңірегіндегі тақырыптар іріктеліп, толғандырған заман туындылары ақтарыла берді. Романдарға жол ашылып, арыны күшейіп, екпінге күш, қуатқа дес қосыла берді. Алайда, мұның өзі ізденушіліктен келген табыс. Шалдықпаған шабыс Әбішті жаңылдырмай жаңа соқпақтарға тарта берді. Кейінгіге мұра, ұрпаққа ұлағат бере кесек туындылар, кемеңгер ойлар сөзгердің қарымын кеңейте түсті.

Сондай-ақ, «Есболай», «Бір шөкім бұлт», «Көлденең көк атты», «Жүндібарақ», «Ең бақытты күн» атты еңбектері соғыс уақытындағы ауыл, ел тұрмысының күнделікті тіршілігін шынайы көрсетумен қатар адамдар өмірін

де қаз қалпында еш боямасыз көрсетеді. Сөзгердің «Ор теке» еңбегіндегі табиғи жаратылыстың тауқымет тартып, қырғынға ұшырауын аянышты болса да айғақты жазған. Көсемсөзгер алмағайып заманның көрінісі мен күрделі күйкі тірлігін тамаша келтіреді. Бір топ киік. Жазыққа шықса да, жайылым жайласа да, суатқа түссе де, тіпті жан сауғалап биік аңғарлардан асса да екі аяқтылар тыныштық бермейді. Кәнігі кәрі теке қартайып, қалың қарда омбылап ол өлді. Жас теке – Ор теке үйір киікті игеруге тырысады. Алайда, екі аяқтылар мен төрт аяқты азулыларға жем болып, озбырлықтың құрбанына ұшырайды.

Енді, қаламгер даланың келбетіне шырай кіргізген сұлу мүсін жаратылыстың психологиясын адамзат мінезімен арасалмақтайды. Олар да өмір сүргісі келеді. Еркіндікті, мамыражай тіршілікті аңсайды. Тыныштыққа аңсары ауады. Бірақ, армандары алыстап кетеді. Осыны Әбіш идеологиялық тұрғыдан алады да адамзат дүниесінің ашкөзділігімен салыстыратын нысанаға айналдырады.

Айталық, Ор текенің ойын былай береді. «Осылардың жайбарақат жайларына жайылып жүрген жабайы үйірдегі шаруалары қанша екен?.. Кең дүниені қарадай тарылтып, қарадай қараң суға алдыратын да жүретін бұл не-ткен кесір нәсіл еді?!» ... Қара жердің бетінде қаптай жайылып өз төлдерім жүреді ғой деп еді. ... Жақсы үміттің адымы неткен қысқа еді. ... Неткен келте дәурен еді! ...Тіпті алдындағы үйірін жаңа бауырына түгелдей қысып шығып та үлгере алмапты. ...Үлгергендері де аяқ астынан жалп-жалп тыраң асты. Енді оларға бастарын қосып бір үйір, бір қауым боп бірге өріп, бірге түнеп жүрер дәурен қайда!» – деген Ор текенің ішкі монологы – сыртқы дүниенің қапысыз қайранына өкіндіріп, ғапыл өмірдің қапелімде қысқа тартып кеткенін шындықпен алмастырады. Көсем еді, көш бастай алмады. Көсіліп бауырын жаза алмады. Бас болғысы келген бала теке «... дымға түсінбей бейкүнә қос жанар айнала тосқан тажалдан басқа ештеңе ұсынбаған жарық жалғанды қимағандай тесірейіп жатыр...».

Дала тағысының ішкі жан дүниесінің күйзелісі – табиғат ана тағылымының бұзылуын, тепе-теңдіктің, қоршаған орта жарасымдылығының ойран асыр алапатқа айналуының қоғамдық сипаты еді. Географиялық орта мен экологиялық және биологиялық түрдің тепе-теңдік мөлшерінің жойылуы еді. Айталық, «Екі аяқтылар сеңгір-сеңгір қара қошқыл таудың екі бөктерін де қасқыр тиген қотандай бөрліктіріп бірденелерді қазды, бірденелерді үйді. Күнде дүрсіл, күнде тарсыл», – деген шалғайдағы шарасыз текенің жарық дүниеге деген құштарлығын, сөзгер тізбектелген ой өрімдерімен еңсеріп, кестелі жұмсақ сөйлемдермен жұмырбасты пенделердің түйсігіне салады.

Сөзгердің «Құс қанаты» повесіндегі идеялық көркемдіктің қаншалықты салмақ көтеріп, қаншалықты кезең сүрендерінің жүгін арқалап тұрғанын аңғарған сайын аңсарың ауа түседі. Мазмұны – қарт ана, жалғыз ұл, қыз тұрмыстанған.

«Марқұм осы үйдің адамы осы баласы туғанда қолындағы жалғыз қашарын кіндік кесерге беріп еді». ...Баласы екіге толмай жатып майданға кетті. ...Сол кеткеннен мол кетті».

Ұлы ержетіп, оқу бітіріп қызымет істейді. Қалаға шешесін қолына алады. Қарт ананың ауылдас, құрбылары әзілдеп «қолыңды жылы суға маларсың,» дейді. Ұлы үйленеді. Анасы көп жыл осыны арман еткен еді. Қар жауады. Қыстың соңы. Кемпір оны «Құс қанаты», – дейді. Кейіпкерлердің аты аталмайды. «Осы үйдің адамы», «Әй біздің үйдің әйелі», Атасы, әжесі деп қана алынады. Мәселен: «Анада шашын алып беріп кеткен ақсақ қоймашы: «Мына патшағардың басы қызық екен. Маңдай жағы жаңа піскен тәмші қауындай дөңгеленіп жатыр да, желке жағы қазанның асқабағындай қыртыс-қыртыс. ... Мынауың әйтеуір мен көрмеген бас екен!», – деген «Шопан қайнағасы» деп аттарын атамайды.

«Баласы кішкентайында әуейілеу еді. Мал сауып жатқанда қой қосақтас деп жіберсең, ауылдың шетінде батып бара жатқан күннің шапағына қарап аузы аңқайып тұрар еді. Соны көрген Шопан қайнағасы:

– Айтпады деме осы балаң адам болмайды. Малдың қарасынан қашқан қай қазақ оңып еді. ...Кешке жатарда баласы бұның құлағына сыбырлайтын:

– Апа мен адам болмағанда не боп кетем?

– Е, не боп кететіні несі? Енді бір он жылда мынау деген жігіт боласың!»

Қарт ананың ойы. Күйеуі отыз үш жасында соғысқа кетіп оралмады. Өзі сері еді. Той-томалақ ойын-сауық онсыз өтпеуші еді. Ауылдан аттанарда: « – Көз көрген сары аяқ келіп едің, мына оқымысты неме ит арқасы қиянға алып барады», – деп аумалы-төкпелі заманның ырқы солай болса, жалғызымның жанында болайын деген қарт ананың ойын қаламгер ширата келіп, «Қия шеттегі бөтен қала, бөтен молада атасы жатыр. Қай бұтаның түбінде қалғаны белгісіз әкесі жатыр. Менің жаным, менің сүйегім солардан артық боп па: Жер таңдайтын, мола таңдайтын жайым жоқ. Жалғызымның қолынан бір уыс топырақ бұйырып, қара жердің астына кірсем армансызбын», – деп кедір-бұдыр жолда сылдырақ машинаға қосыла тербеліп бұл келе жатты».

Қаламгердің көсемсөзділігі де осы арада көркемделіп қарт ананың ой-көзқарасы арқылы уақыт келбетін аша түседі. Нақтылық деңгейін тану үшін де стильдік ерек қолданысқа да ие. Әрі ұлттық, дәстүрлі бабалар жолының ардақталып, мұрагерлік бейнетін көтеру, оны сақтау, сол жолдағы кедергілерге де бас тігу оқиғалы емес, саналық тіні қаламгердің дәуірді меңзелеп сипатын аша түскен.

Әбіштің алғашқы шығармаларының арқауы – сұрапыл соғыстың зарары. Қоғамның көрінісі бағы ашылмаған жандар, зарлаған аналар, көз жасына малынған қыз-келіншектер, басқыншылықты басынан өткеріп отырған жұртшылық пен тұқыртқан тұрмыспен алысқан тұрғындар, тоқыраған шаруашылық, тоқмейілсіген дұшпанның басымдығы бәрі тұтасып келіп топалаң түзге айналған дәуір жүгін ел иығына аса салған.

Міне Әбіштің көрегенділігі мен пайым-пішімділігі кезеңдер кесапатын, адам жанының ішкі күйзелісін психологиялық әлеуметтану тұрғысынан танып білуінде.

Сөйлемдері тік шаншылып, ашуға батпайды, тезге берілмейді. Арзанға ұтылып, мінезге жеңілмейді. Бұл Әбішке ғана тән қасиет. Шайқалған дүние, шашылған ел-жұрт, сүреңсіз сұрғылт заман, адамдар төзімінің төрешісі болған уақыт шіркіннің ұзақтығы бәрін қалжыратып тастаған. Өйткені, азапты күнің жылға парапар, ал қуанышты сәтің түс көргендей-ақ. Сондықтан, алыстағы арманың қыр асқан сайын жақын көрініп, таяған сайын ұзара түсетіні де содан. Ақыры онымен қауышарың хақ. Қоғамның өзгермелі кезеңдеріндегі орын алған адамдар санасындағы күйзеліс-киналысты тудырып, табиғи тұрмыс салтына қайта оралудың жолдарынан алшақтай береді.

Уақыт дүрбелеңі әкелген қым-қуыт бұралаң белдерді басып, жазыққа шығып жансақтау тәсіліне көшкен қарапайым ауыл адамдарының ішінде Әбіштің жан дүниесі де қоса қабат жүруі осындай заңдылықтың ережесіз қабылдануында еді. Көсемсөз иесінің қисынды ойларының негізі де осындай шындық шеңберіндегі кәсіби тұжырымға жетуі.

«Құс қанаты» еңбегінде қаламгер кейіпкерлерінің аты-жөнін атамайды. Оның екі жақты себебі бар. Біріншісі, Герольд Бельгер айтқандай «ол көшпенділер өмірінің қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына ерекше мән береді. ...Сол детальдардың әлеуметтік – философиялық мән мағынасына үңіліп халық өмірін, адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады». Бұл пікірді құптай отырып, қазақтың бабалар салған дәстүрлі үлгі-өнегесінің заман шындығының айнасы екендігінде шүбә жоқ. Екіншіден, қаламгер кейіпкер атауының бәлендей маңыздылығын айтқалы тұрған жоқ. Мәселе, әңгіменің бас-аяғы аралығындағы қоғамдық тарихи құбылыс тудырған тағдырлар тақсыреті.

Автордың «Бір шөкім бұлт» шығармасын оқығанда да күрделі шырғалаңға шырмалмай көркемділігіне көңіл тояды. Қаламгер еңбегінің жемістілігі зіл батпан уақыт салмағының аяусыз сәттерін айшықты суреттеуінде. Жүздерінде мұң, көкіректерінде шер, тек ертеңгі күнге деген үміт ұшқынын жоғалтпаған ауыл адамдары бір-бірімен тағдырлас еді. Әр танды «аһылап» атқызып, әр кешті «үһілеп» батыратын сол бір шыдамды да төзімді қарапайым жандардың жүдеу жүздері әр сәт қуанышты күтті, әр сәт күлімдеп жанарына жалт етіп, сәуле шашар шуақты минуттарды аңсады. Тек ертелі-кеш еңбекпен ғана еңселерін түзең, есірік заманның епсіз күндерін сенімділікпен серпіп, сергектілікпен жеңе білді. Күнде атың өшкір «қара қағаз», күнде бір жанұя күңіренуде, үлкен кіші үдірейіп, бала-шаға үрпиіскен қарасы батқыр қара заманның ақыры барма екен, – деп күйзелгенімен, күңіреніп кетпей, ұйымдасып, ұйыса түседі. «Осы ауылда жалғыз қорқатыны почташы Түсіп, – Бұл күнде бұл ауылдың Китлері Түсіп болды ғой», – дейді Теңге кемпір. Аласапыран айқастан қан төгіліп, қылыш сермер, оқатарлар оқиғасын көрмейсің. Ол сыртқы дүние. Алайда, Аққаймақ, Шайзада, Жаңылсын, сынды кейіпкерлерді жеке дара тану үшін дидарласып отырасың. Қаламгер шығармашылығының тақырыптық идеясы бір текті тұжырымдылығымен ашық мазмұнда дами түседі де

жұмырбасты пенденің басындағы жұмбақ дүниені емес, Аққаймақтың және оның төңірегіндегілердің ішкі жан құбылыстарындағы терең толқынысты тарихи тауқымет шындығымен сабақтастыра отырып, қоғамдық көріністің динамикасын поэтикалық суреттеумен өзіндік қолтаңба қалдырады.

Ізденіс аясындағы Әбіштің тапқырлығын аңдыр болсаң, Аққаймақ жоқ іздеп шығады. Құбыла жолмен жоталардан асып, әртүрлі ойдың жетегінде кетпей, «өмір өткен күн емес, есте қалған күн» – дегендей артта қалған «мың күнді» көз алдынан тізбектейді. «Бұрнағы күні шығарда ашу үсті абайламай күйзеліп кетіпті. Ермекжан: «Апа, қайда барасың?», – деп жабыса берген соң, – «Түйе іздеп... Осы үйде ол жамандатқырды мен іздемегенде кім іздейді», – деп қонып еді атқа. Осы арада автор өз кейіпкерімен үзеңгілес қатар келе жатқандай. Оның көңіл күйі де, іс-әрекеті де сөзгердің мінез құлқымен ортақтасып, қарама-қайшылықтың заңдылығынан жапа шегеді. Алайда, сөзгер мен заманның дәуірлестігін қоғамдық ара-қатынастан тауып отырасын.

Әңгіме, сыр-сұхбат құрғандай, оның көңіл күнделігін ашады. Ал, Аққаймақтың «көңіл күнделігінде» шерлі заман шежіресі жатыр. Ол шежіре бейбіт елдің қасырет белесінің айнасы. Бейнетті күндердің берекелі шақтары жақындағандай болғанымен «Бір шөкім бұлт», «тек бұның үстінде ғана бір шөкім бұлт тұр» еді деп содыр дәуірдің солқылын таңбалайды.

Әбіш Кекілбайұлының «Жүндібарак» еңбегіндегі шағын ауылды қаумалаған қиындықпен қоса тауқыметі көп жылдардың келбетін адамдардың көңіл-күйін, табиғаттың құпия мінезімен байланыстыра нанымды береді «Шашып тұрған сәулесі де ақ теңбіл, көк теңбіл, сары теңбіл боп әлемтапырақтанып кетіпті». Таутасырдың тасасында жасырынған аюлар да адамдарды тас лақтырып мерт қыла бастайды. «Желтөбенінің етегіндегі ...кішкене қыстақты шошытатындай сұмдық-ақ көп екен бұл дүниеде», – десе қыспақта қалған қыстақтың соғыстан оралмаған тұрғыны Текес, «Аюдың терісін бауырына басқан күйі баяғы үңгірдің аузындағы қара тасты құшақтай құлаған». Оның жары Ажар ажал құшқанда – үрейден жанпидалыққа барды ма? Жоқ. Әрине, мына зар заманнан баз кешкен Ажар Текеске деген сағыныштың сары уайымына түсіп, онымен о дүниеде кездесуге бел буған болды.

Осышығарманың психологиялық тұрғыдан өрбуі сол кезеңнің ауыртпалығын, адамның жан-тәніне, тіпті, санасына әсер етіп уайым-қайғының құрсауында қалдырғаны шындық дүниесі еді.

«Көз жасы» еңбегіндегі күйеуі майданнан қайтпай қалған Ажардың тағдыры Әбенмен байланғанда «жігіт қызуы бірте-бірте молайып денесі де жақын сезілді» деп шынайылық сюжетімен әдемі келтіргенде оның нәтижесі «Қып-қызыл жүзін ұлынан төгілген қою қара шашы ғана жасырып тұрдыға» әкеп соқтырды.

Алайда, бүгінгі көзқарас тұрғысынан алынған таңдау таразысы мен талдау талабына ден қояр болсақ, Әбіш Кекілбайұлының, «Ең бақытты күн», «Аш бөрі», «Көлденең көк атты», «Есболай», «Ор теке», еңбектері бір қолдан

шыққан бірыңғай типтес, мазмұндас болғандықтан дәуір панорамасын кең ауқымда көз алдына елестете аласың. Себебі, заман шындығын боямасыз бұлтартпайтын астарлы ақиқат. Әрі философиялық ұғымды өмірдің өзінен алып береді. Өйткені, тіршілік – ғұмыр философия. Қалтарыс қамбылына малтыққан тірінің күні үнемі қимыл-қозғалыс, іс-әрекет үстінде сомдалады. Қиырдағыны көріп, қиядағыны салады. Секемшіл, сонысына қарай сақ. Қиындықты қарсы алып, қайырымдылықпен шығарып салады. Өмір деген ұлы дауылдың жел жағына шығып, аяусыз тағдырдың ажырамас бөлігі адам екенін ұғынып, ол үшін мүсіріктенбей пендешілігін алға тартып, ардақты жаратылыстың айбынды күрескері ретінде асауланады. Осындай көсемсөзділікпен жазылған Әбіш философиясы тулаған толқындай шабыт алады да заман тербелісінің тетігін тапқандай кейіпкерлерінің жан даусы – дәуір дүбірі, тән жарасы – заман сызаты, – деген ой түйсікке түйінделеді. Сондықтан да Әбіш еңбегінің биік мұнарасына жетуді мұрат етіп, ондағы кейіпкерлердің көлеңкесіне бірге тоңып, көз жасына бірге малынасың.

Жалпы, Әбіш Кекілбайұлының тәуелсіздік, егемендік тақырыбындағы көсемсөзділігі кездейсоқ дүние емес. Қаламгер идеясының түп мақсаты халықтық драмаға айналады да оның төркінін тағы да жалпы халықтық, қоғамдық тенденциядан іздейді. Демек, Әбіштің пайымы тарихи теңсіздіктің кеспірі әлеуметтік әділетсіздікті тудыратындығын айқындай түспек. Алайда, осының өзі қоғамдағы шешуші факторға айналатынын дәлелді келтіреді. Мәселен, «Елең-алаң» «Үркер» тарихи романдарында дерекнамалық ахуалдарды көркемсөзбен өре отырып, оның маңызды әлеуметтілігін арттыра түседі. Сатыр-сұтыр сойылдар мен қынсыз қылыштардың жарқылын үнемі көз алдына әкелмейді. Әлеуметтік қатыгездікті адамдардың, би-сұлтандардың мінез-құлқымен, айла-шарғысымен ашады. Хан Әбілқайырдың орыс елшісі, Тевкелевті астыртын шақыртуы, ханның өзін, ел ағалары мен ру-тайпа басшыларының қарсылығына ұшыратады. Осы бір жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі тарихи шындықты Әбіш трагедиялық көрініспен емес қисын (логика) мөлшерімен сипаттайды. Әбілқайыр ханның арманы жоңғар басқыншылығынан бас сауғалау емес, елді қантөгіс апатынан аман алып қалу. Тұтас бір ұлттың келешегін сақтап қалу үшін де Бөкенбай, Есет батырлар қолдау көрсетті. Сөйтіп, ауыр да болса ертеңгі ұрпақ өзі таразылай жатар деп тәуекелге бел буды. Ұлы Ералыны кепілге берді. Қандай жағдайда, қалай ойласаң да басқаша шешім жоқ. Жеке бастың, арам пиғылдың шешімі емес. Жұтылып бара жатқан жұртын, жоғалуға айналған елді мекенін, даңғазадүбірден тозған даласын адақтап алу мақсатында би сұлтандар алдында басын бәске де тікті. Міне, Әбіш Кекілбайұлының романдары желісіндегі көсемсөзділік нышанды – Әбілқайырдың тәуелсіздік жолын іздеу амалынан байқаймыз.

Дәуірлеу кезеңі – 1970-1990 жылдар аралығы деп айта аламыз. Әбіш Кекілбайұлының жазуға қатты ден қойған жылдары. Өмірдегі беймәлім

құбылыстарды сол кезеңнің өзінен, оқиғаларынан, адамдардың көңіл-күй сезімінен іздеді. Тіршілік дүниесінің ұңғыл-шұңғылына терең үңіліп, оның психологиялық құпия сырларын ашуға ақыл-жігерін жұмсады. Сөйтіп, философиялық пайымдауларға қол жеткізді. Күнделікті қабысқан күрделі қозғалыстан, уақыт ағымын, өзгеріс бағытын аңғарып отырды. Алайда, мұндай жетістіктерге төзім мен табандылығының арқасында қол жеткізді. Сөйтіп, оның қаламынан «Бағзы мен бақиды жалғастырар сара жол» (Жұлдыз, 1988, №12), «Ортеке», (Жалын, 1989, №6) «Ауыз», (Жалын, 1989, №6) «Бір уыс топырақ», (1974) «Көлденең көк атты» (Лениншіл жас, 1975), «Есболай», «Ең бастысы – ел тағдыры» (Лениншіл жас, 1990), «Әділет бар жерде ынтымақ бар» (Қазақ әдебиеті, 1989, 11 тамыз), «Ел еңсесі биік болсын» (Халық кеңесі, 1990, №1), «Тасбақаның шөбі» (Жұлдыз, 1978), «Міне керемет» (Жұлдыз, 1978), «Құс қанаты» (Жалын, 1978), «Бәйгеторы» (1974), «Ақ қайың» (Жалын, 1989 №6), «Тырау-тырау тырналар» (1973), «Ұйқыдағы арудың оянуы» (Жұлдыз, 1975) сапарнама очерктері мен повестері жарық көрді. Сондай-ақ, «Бір шок жиде» (Жұлдыз, 1978), «Самғау мен құлдырау» (1976), «Өмір, талант, шығарма» (Жұлдыз, 1982), «Бунинмен жолыққанда» (Лениншіл жас, 1970), «Өлең көкжиегі» (Жұлдыз, 1971) сияқты талдау, сараптау еңбектерін жазды. «Асқар биік әлі алда» (Жалын, 1987), «Қалтқысыз шындық жыршысы» (Қазақ әдебиеті, 1988), «Шабыттың шалқар өрісі» (Қазақ әдебиеті, 1989), «Шыңырау» (1971), «Шеткері үй» (1978), «Өнердің өрен жүйрігі» (1987), «Үркер» романы (1981), «Елең-алаң» романын (1984) атап айта аламыз.

Ұлт тағдырының ауыр да қилы кезеңдеріндегі тарихи оқиғалар желісін бүгінгі тәуелсіздік аңсаған елдің ұлы арманымен ұластырып жатқан қоғамдық идеясын аңғарып отырасың. Әділетсіздікке жұтылған қаншама бейбіт адамдар моральдық, материалдық, саяси-әлеуметтік құлдыққа ұшырап, қаншама жан құрбан болды. Бұл тарихи прогресс емес, тарихи жұтандық, тарихи озбырлық ойраны. Сол заманның эттегенайын бүгін жөнге келтірсе, бүгін қолға алса, бүгін тәуелсіздік туын көтерсе, тарихи әділдіктің орнағанына әлемнің көзін жеткізер едік деген аңсау тілегін ұғынасың. Намыс пен күрескерлік рухымыз қайта жанданып, жадымыз жанарып, бабалар аруағына тағзым еткенде ұрпағының мақтанышын айтып, еңсемізді ел қатары биік ұстар едік деген сөзгердің тереңде жатқан ой-ниет тұтастығына өзің де оқырман ретінде кірігіп кетесің.

Әбіштің кейіпкерлері қоғамдық, елдік деңгейде ой ұзата білетін тарихи тұлғалар. Олардың өздерінше ойлануы, белгілі бір мақсатпен сапарға шығуы, сөйлеген сөздері мен істеген іс-әрекеттері қоғамдық сипат алып отырады. Мәселен: Әбілхайырдың толғанысы, Есет пен Бөгенбайдың оны мақұлдауы немесе автордың Құттымбет, Сейітқұл, Қарабас пен Мәтіні әңгіме арасына қисынды кіріктіруі олардың ішкі монологтарының бірлігін әлеуметтік алаңға шығарады. Осының өзі ойлау негізінде қалыптасқан публицистикалық сарынды дәлелдейді. Яғни, Әбіш Кекілбайұлының сомдалған батыр да батыл, ел басқарған ойшылдары үшін көп дүние жұмбақ, алайда, істің дәл тығырыққа

тірелгендегі шамасы тарихи шешімдер қабылдауға итермелейтіні айғақ. Осы негізде автор шегініс жасап, тарихи баянды, құжаттамалық тарихқа енгізіп отырады. Мәселен: «1715 жылы орыстар Бекович – Черкасский атап кеткен Дәулеткерей Бекмұрзин 1760 адаммен Астраханьға келді. Март айында қасына 6350 адам ертіп 20 кеме, 150 түйемен Каспийдің терістік шығыс жағалауын зерттеп қайтуға Гурьевке қарай жолға шығады.» «...Бекович – Черкасский Астраханьға қайтып келіп екінші жорыққа әзірленді. Жүз отыз сегіз кемеге артынып-тартынып шыққан сол экспедицияның құрамында Тевкелевтің өзі де бар еді», – деп Әбіш Кекілбайұлы тарихи деректерге сүйенеді.

Сол кезде орыс елі қайраткер, ал, автор үшін кейіпкер Иван Кирилов «...сандыққа үңіліп, екі қалың фолиант алып шықты». «Фолиант үлкен форматты көнелікті қалың кітап». Осы кітаптың басында «орысша және латынша» «Үкімет басындағы Сенаттың обер – секретары Иван Кирилов 1734 жылы Санкт-Петербургте хал-қадар әлінше еңбектерін құрастырып шығарған Россия империясының бас картасы», – деген жазуы бар дейді автор.

Әбіш Кекілбайұлының романдарындағы осындай деректілікке мән берсек, оның фактілерді қолдана отырып, көркем шығарманың құнын көркем-деректі публицистикалық әдіспен де көтере алған дейміз. Себебі, осылайша құжатпен айғақтау, дәлелмен сөйлеу, дерек пен келтіру сөзгердің еңбегіндегі шынайылықты арттырып, ойлау, жетілдіру, қисын (логика) формаларын жоғарылата береді. Айталық «Петербургтен 1725 жылдың декабрінде шыққан Рагузинский 1726 жылдың 24 августында шаршап-шалдығып Қияқтыдан ат шаптырып, 21 октябрьде өліп-талып Пекинге де жетті. Келіссөз столының басындағы кергілестің қасында алыс жолдың азабы ойыншық боп қалды. ...Екі жақ жеті айдың ішінде болашақ келісім-шарттың жиырма түрлі жобасын жасады».

Міне, Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзгерлік шеберлігі турасында айтқанда оның романдар желісіндегі негізі үйлесімділік – мемлекетаралық, еларалық келісім-қатынас оқиғаларының аумалы төкпелі кезеңдегі алар орнын айтпасқа болмайды. Өйткені, қоғамдық байланыс пен ел бірлігі, жер тұтастығы бодандық пен бостандық тартысы үлкен бір дәуірді қамтыған тарихи-құжаттамалық, көркем публицистикалық көрінісі бар еңбектің эпопеялылығы да осында. Бұл тұтас бір дәуірдің саяси қатынасын, әлеуметтік тұрғысын, экономикалық пиғылын зерделеген, сараптама еңбек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999.
2. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. 2. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1983.
3. Омашев Н. Ақпарат әлемі. 1-том. – Алматы: Қазығұрт, 2006.
4. Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасуы, дамуы. – Алматы: Білім, 2004.
5. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.

Ш.А. Шортанбаев,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы*

Ә. Кайпбаева,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология және әлем
тілдері факультетінің студенті
(Қазақстан)*

«АБЫЛАЙ ХАН» ПЬЕСАСЫ: ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК

Әдебиеттегі барлық жанрда елеулі еңбек етіп, соның ішінде, драматургияға да өз үлесін қосқан шебер қаламгердің бірі – Әбіш Кекілбаев. «Жазушының тілінде де, ділінде де мін жоқ. Қашанда сергек, қашанда сезімтал, бәйгенің алдынан ғана келетін тұлпарларға ұқсатам мен Әбішті» – деген болатын Тұманбай Молдағалиев. Оның қазақ әдебиетін проза және драма жанрында жан-жақты байытып, ілгері дамуына зор үлес қосқанын білеміз. Әбіштің қазақ драматургиясының реалистік-тарихи бағытта өрбуіне жол ашқан шығармасы – «Абылай хан» пьесасы. Кекілбаевтің қаламынан туған бұл күрделі шығарма Абылайдың тағдырын, тәуелсіздік, азаттық үшін күрескен ұлтымыздың жүріп өткен қиын-кескі жолын сипаттап қана қоймай, тарихтың сарғайған беттерінен сыр шертеді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі шығармалар қатарына жататын бұл пьесаны автордың өзі «халықтық қаһармандық драма» деп атайды. Осы жайында академик Серік Қирабаев былай дейді: «Бұлай атау шығарманың бүкіл рухынан, оның мазмұны мен жазылу үлгісінен туындағаны сөзсіз. Өйткені шығарма, қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы күрестерінің ең бір шешуші тұсы оқиғаларына құрылған. Ол ұзақ уақыт қалмақ шабуылы мен жаулаушылығы астында есеңгіреген қазақ елінің XVIII ғасырдағы басқыншыларға қарсы ерлік күресінің эпопеясын жыр етеді» [1, 124-125 бб.]. Қаламгердің барлық шығармалары секілді терең мазмұн мен шынайы оқиғалар аталған драмалық дастанға да тән. Бұл шығармасында да өмірдің шынайы оқиғаларын көркемдеп жеткізеді. Фантазиялық, ой-қиялға ерік берілетін шығармалардан гөрі реалдық тұрғыда баяндалатын туындыларға, әсіресе, тарихи тақырыптарға қаламы жүрдек қаламгердің қаламына үлкен жауапкершілік жүктеп, жанр, стиль жағынан да ерекше бір көркемдікпен жеткізуге тырысатынын білеміз. Бұл туралы Әбіш Кекілбаев шығармашылығын арнайы қарастырған әдебиеттанушы ғалым Жанбиді Дүйсенбаева: «Ә.Кекілбаев шығармашылығының бір ерекшелігі – ең қиын жанрмен жұмыс жасайтындығы» – деген болатын [2, 219 б.].

«Абылай хан» пьесасы да өзіне тән ерекшеліктері, болмыс-бітімі бар туынды. Алдымен, автордың драма жазу барысында Абылай хан өмір сүрген тұтас бір дәуірді қара сөзбен емес, ақ өлең үлгісімен жазуы, драмалық дастан тудыруы. Ақ өлең дегеніміз – ұйқассыз өлең немесе ерікті ұйқаста жазылатын өлең үлгісі. Қазақ әдебиетінде ақ өлең сарыны көне түркі дәуірінен бері қалыптасқан.

«Күлтегін», «Тонькөк», «Білге қаған» сынды эпостық жырлардың көбі өлең мен проза түрінде, аралас жазылып, біздің дәуірімізге жеткен. Ал кәсіби қазақ әдебиетінде ең алғаш қолданғандардың бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ол өзінің прозалық туындыларында, «Нұр күйі» поэмасында, «Тұңғиық түпсіз астында» өлеңінде, т.б. шығармаларында күнделікті құлаққа үйреншікті ұйқас түрлерінен бөлек, ақ өлең үлгісін қолданған. Әуезовтің «Айман-Шолпан», Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоты», Тәжібаевтің «Көтерілген күмбез» драмалары да – ақ өлең үлгісінде жазылған шығармалар. Ал Әбіш осы дәстүрді жалғастырушы ретінде тарихи пьесаға дәл осы үлгіні таңдаған. Бұған Серік Қирабаевтың мына сөзі дәлел: «Қазақ драматургиясында Жүсіпбек Аймауытов бастап жазған өлең мен ұйқасты проза тілінде жазылған шығармалар дәстүрін кейін жоғалтып алған сияқты едік. Оны Мұхтар, Ғабит, Әбділда сияқты қаламгерлер пайдаланған. Солармен бірге кеткен осы көркемдік үлгі Әбіш пьесасымен қайта тірілгендігі қуантады. Тумысында шешен, дау мен тартыстардың бәрінде билердің тіліне сүйенген диалог, монолог бүкіл халықтың рухынан туындайтын еді, Әбіш осыны тірілтті, жаңартты деп білеміз» [1, 138 б.]. Абылайдың тағдыр тарихын осы жанр үлгісінде жазуы Әбіштің көркем туындыға деген талғампаздығын аңғартып тұр.

Тағы бір қырына, өзіндік ерекшелігіне Әбіш Кекілбаевтің Абылай бейнесін ашудағы шеберлігін, суреткерлігін жатқызар едік. Абылайдың бейнесі жазушының «Үркер», «Елең-алаң» романдарында, Абылайға қатысты оқиғалар тұсында келісті суреттелген. Оның жас кезіндегі айлалы, ержүрек іс-әрекеті, жауға тойтарыс беріп, жеңіс туын арқалаған кезі жан-жақты қамтылған, айтылған. Ал пьесада Сабалақтан Абылайға дейінгі барлық ерліктері, бастан кешкен қиын күндері жайында толық қамтылады. Драма төрт көріністен тұрады. Әр көріністе әр түрлі ракурста, бар болмыс-бітімімен сомдалатын Абылай бейнесін тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынын сақтай отырып, дәуір дидарының аясына сыйғыза отырып жазушы асқан шеберлікпен жеткізе білген. «Сайыс» деп аталатын алғашқы көрініс – Шарышты жекпе-жекте жеңіп, ел алдында абыройының арта түсуі туралы. Бұл – қазақ-жоңғар шапқыншылығы тұсындағы зор маңызы бар тарихи оқиға, қазақ ерлеріне рух сыйлаған айтулы жекпе-жек. «Ойраттар даңқты сарбаздарының мына сөзіне еліріп, семсерлерін сартылдатып, гуілдесе жөнелді. Сабалақ ызаға булығып, тістене түсті. Ылғалданған алақанына найзасын қатты қысып, жауына ұмтылды, жүрегі аттай тулап, көзіне қан толды. Қайдан екені білгісіз, жас жүрегінің терең түкпірінен «А-бы-ла-а-ай! А-бы-ла-а-й!» деген ұран бас көтерді» [3, 15 б.]. Драмадағы ұранмен жауға шауып, жекпе-жекке шығудағы ержүректілігі осы тарихи оқиғаға негізделген. Ә. Кекілбаев осы көріністегі баһадүрлердің сайысына ерекше мән беріп, пьесаны Абылайдың ерлік іс-әрекеттерінен бастайды.

«Арбасу» бөлімінде Қалдан Серен мен Абылайдың арасындағы тартыс суреттеледі. Тұтқынға түскен Абылай қандай қиын жағдай болса да, жауға бас

имеудің асқан үлгісін, елдіктің мүддесін жоғары ұстау керектігін көрсетеді. Абылайды босату үшін қазақтар тарапынан Төле би бастаған бір топ адам қол қояды. Алайда, бұл ісі нәтиже бермеген. Ал Абылай патша өкіметінің арқасында босатылған. «1742 жылы Абылай жоңғарлардың тұтқынына түскенде, содан оны босатқан патша үкіметі болатын. Қазақ батырлары мен билерінің өтінішін құлаққа қыстырмаған жоңғар басшылары Ресей басшылары өтінгенде, Абылайды дереу босатты. Бұл жағдай Жоңғар мемлекеті мен Ресейдің Қазақ еліне шабуыл жасауда көптен бері одақтас екенін көрсетеді және бұлтартпас дәлел бола алады» [2, 220 б.]. «Арбасу» көрінісі шиеленіскен оқиғаларымен ерекшеленеді.

«Нар тәуекелде» драманың нағыз шарықтаған кезі, тартысқа толы сәті дегуе болады. Себебі жас батыл жігіт Әбілмансұр тұтқыннан босап, «елдің ұлы боп оралады». Оны ақ киізге отырғызып, жұрттың қолдауымен қазақ еліне хан сайлады:

Абылайлап ту алған
Әбілмансұр сұлтанға
Елімнің қиып жартысын
Жерімнің қиып жартысын
Хан сайлағым келіп тұр.

Бұл сөз – Әбілмәмбеттің айтқан сөзі. Жас батыр осылайша халықтың қалауымен қазақ еліне хан сайланады. Оның өз атымен емес, Абылай аталуының себебі мынада: ол жиырма жасында қалмақтармен соғыста жауға шапқанда, Шарышпен жекпе-жегінде «Абылайлап» ұрандап, қан майданды ұрыс даласына аттанатын болған. «Бұл шайқаста зор жеңіске жеткен қазақ әскері бір төбеге жиналады. Әбілмәмбет хан шатырын тігіп, Әбілмансұрды (Сабалақты) қасына отырғызып, «Шырағым, сен кімсің? Абылайлап шапқаның қалай?» – деп сұрайды. Ол: «Мен қанішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болмаған атамның аруағын ұран қылдым», – дейді [2. 219 б.]. Атасының есімін алған Абылай үш жүздің басын қосқан ханға айналады.

«Жорық» деп аталатын ақырғы көріністе Абылай хан заманындағы егемендікке ұмтылған қазақ халқының бастан кешкен қайғы-қасіреті мен азаттықты аңсаған арманы тақта отырған адал әрі әділ ханның мақсат-мұратымен ұштасып жатыр.

Тағы бір айта кетерлігі, драматург пьесада бір топ тарихи тұлғалардың образдарын жасаған. Олар: Кейуана (Бұқар жырау), Қалдан Серен, Диуана, Лама доржы, Сыбан Доржы, Әмір Сана, Әбілмәмбет, Дауашы, Топыш, Күлпаш, Қабанбай, Малайсары және т.б. Жазушы әр тарихи тұлғаның образын ашуда әдеби көркемдік пен адами қасиеттерді ұштастыра білген. Бас кейіпкерлердің бірнешеуіне тоқтала кетейік.

Абылай. Ел арасында жаз кезінен ерен ерлігімен көзге түіп, халық қолдауымен хан атанған ірі тұлға. «Әбіш «Абылай хан» пьесасында ұзақ

қазақ елінің XVIII ғасырдағы жоңғар басқыншыларына қарсы ерлік күресінің көріністерін жыр етеді. Абылайдың ақылдылықпен, айлакерлікпен жүргізген күресінің арқасында қалмақтар мықтап жеңіледі. Қазақ жері жаудан тазарады. Әбіш Абылайдың ерлік істерін қазақ халқының азаттық жолындағы туына айналдырады» [4, 6 б.]. Драматургтің басты кейіпкердің образын ашудағы шеберлігіне сын жоқ. Мысалы, Абылай мен Топыш диалогындағы «Серт бергенмін әкеңе, Сол сертімде тұрдым, Сыртына найза сұқпадым, Жауына туын жықпадым» деген жолдар арқылы Абылайдың сертке адал адам екенін көрсетіп тұр. Жазушы басты кейіпкердің образын беруде дерек пен дәйекке жүгінген, ақиқат пен аңыз бірлігіне сүйенген

Кейуана. Ол – Бұқар жыраудың прототипі. Бұқар жырау – XVIII ғасырда Абылай заманында өмір сүрген ханның кеңесшісі. Ол – шығармаға қоңыр әуез, философиялық сарын қосып тұрған кейіпкер. Абылайдың кішкентай кезінен бері бірге жүрген ақылшысы. «Ай, Абылай, Абылай! Сен мен көргенде, Тұрымтайдай ұл едің, Мінінді айтып жырлайтын, Токсан үште қария, Саған енді табылмас» [5, 109 б.], – деп өз жырларына да қосып отырған. Сондықтан оның образы хан кеңесшісі болуымен қатар, ел алдында оның даналығы мен ерлігін жырлаған ұлы жырау ретінде сомдалған. Драматург Кейуананың образын беруде көптеген әдеби тәсіл түрлерін ұтымды пайдалана отырып, оның парасаттылығын көркемдеп жеткізе білген:

«Алламен аттас алты алаш,
Бар ма еді саған тайталас.
Тұрсың қандай кеп естіп,
Бізге келіп тап бұлай
Зіркілдердей бұл жоңғар
Құдаймен қашан кеңесті?».

Автор Кейуананың бейнесін осындай риторикалық сұраулар арқылы көрсетеді. Осылайша, данагөй қарттың елдің қамын жеп, қайғысына ортақтасып, қиыншылықта ақылын айтып отырған абыз адам екенін сипаттайды. Ел басына қара бұлт үйіріліп тұрған алмағайып заманда жауға қарсы қазақ әскерін бір ортаға, бір арнаға біріктіруге үлкен күш салып, тарихи тұлғаға айналған.

Қалдан Серен. Ол – жоңғарлардың ханы. Қазақтарға қарсы көтерілістерде қол бастаған қолбасшы. Драмада Қалдан Серен мен Абылай арасындағы ұрыс, соғыс жайына тоқталмайды. Алайда, Абылайдың 1741 жылы жоңғар тұтқынына түскен сәті баянадалады. Тұтқында отырған кезіндегі қалмақтармен арасындағы болған шиеленіс, қалмақ ноянының қызы Топыш арасындағы диалогтерде қазақтың сол замандағы басына түскен оқиғалар суреттелген. Ол әлі хан атанбай тұрып, жігіттік шағында тұтқынға түссе де, ақылымен, көрегенділігімен босап шығады. Тұтқынға түскен Абылайға:

«Азаттық берсем басына,
Іргеме тыныштық келер ме екен,
Басына күн туғанда,
Ту сыртымнан тұра ұмтылмас,
Қолтығымнан демер ме екен?!
Не де болса, нар тәуекел...», –

деп Қалдан Серен одан сескеніп, оның бір ауыз сөзіне тоқтайды. Бір жағынан, бұл жерде Қалданның да текті әулеттен шыққандығын көрсетіп тұр. Болар бала екенін танып, жауласып емес, «қолтығымнан демер» деп шығарып салып, абыройы арта түсті. Бұл туралы Ж. Дүйсенбаева былай дейді: «Екінші, «Арбасуда» зындан азабын тартып, Қалдан Серенмен арбасады. Қиын-қыстау кезеңде дұшпанына басын имеген, елдіктің туын жықпаған қайсар да адуын, табанды ұлдың, тарихи тұлғаның өмірін кейінгі жасқа үлгі етеді. Өзінің шешендігінің, ой ұшқырлығының, тапқырлығының арқасында ойдағыдай шешеді. Қалдан да тек кісі емес екен. Ол салмақты айтқан сөзіне тоқтайды» [2, 220 б.].

Жазушының драмаға қосқан әрбір кейіпкері ерекше көркемдік, әрі шынайы болмыспен танылады. Олардың барлығы – тарихта болған адамдар. Абылайдың тартысты тағдырында осы тарихи тұлғалардың барлығы болған. Олардың әрқайсысының драмадағы өзіндік орны мен образы бар. Әбіш осындай тарихи тұлғалардың барлығын пьесаға кіргізе отырып, қазақ халқының егемендік жолындағы тарихының қаншалықты ауыр да қиын болғандығын көрсетіп тұр.

Көп қатпарлы тарихи шындықтың астарын ашуға тырысқан Әбіш Кекілбаевтің «Абылай хан» драмалық дастанының өн бойында елге, жерге деген құрмет, өткен тарихқа деген тағзым, ерлік пен елдікке тәрбиелейтін рух бар. Мұнда сан жылдар бойы тәуелсіздікті ту еткен халықтың ұлы арманы, елдің бүтіндігі мен тұтастығын аңсаған бабалар аманатына адалдық танытудың ғажайып үлгісі асқан көркемдікпен шынайы көмкерілген. Үш жүздің басын біріктіріп, ұлт бірлігін ұйыстыруда ерен еңбегімен танылған, азаттықты аңсап өткен Абылай ханның аласапыранға толы өмірін баяндауда Кекілбаев драмасы оқырманды баурап алары сөзсіз. Ханның өр тұлғасы мен биік парасаты, ақылды шешімі мен салиқалы саясаты оны күрделі бейне, шынайы қаһарман деңгейіне жеткізіп тұр. Шындыққа суарылған, шеберлікпен өрілген қаламгердің драмалық дастанының тағылымы мен ғибраты тереңдігімен құнды, қыры мен сыры көркемдігімен нәрлі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өнегелі өмір (Әбіш Кекілбаевқа арналған) / Ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
2. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарих тағылымы. – Алматы: Арыс, 2007.

3. Қасымбеков Ж. Абылай хан. Тарих, тұлға, уақыт («Шығыстың ұлылары топтамасы»). – Алматы: Аруна, 2007.

4. Төлеуғалиев Б. Әбіш әлемі // Ана тілі. – 2019. – 12-18 қыркүйек. – № 37 (1502).

5. Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Бұқар Қалқаманұлы, т.б. шығармалары. – Алматы: НұрлыPress.kz, 2014.

Г.Т. Оспанова,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан)*

Ә. КЕКІЛБАЕВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ

Қандай да бір халықтың өміршеңдігі мен жасампаздығы оның ұлт болып қалыптасқаннан бері өзімен бірге өмір сүріп келе жатқан ұлттық құндылықтарына тікелей байланысты екені сөзсіз. Себебі, ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі ғана емес, сонымен бірге сол халықтың сан ғасырлық тарихы мен салт-дәстүрінің бедерлі белгісі.

Ұлттық салт-санамыз бен ата-бабаларымыздың асыл мұраттарынан біртіндеп алыстап келе жатқан бүгінгі жаһандану заманында осы бір «ұлттық құндылық» ұғымының санамызда болмашы бір сәулесі ғана қалып бара жатқандығы жасырын емес. Алайда, өзіміздің қандай ұлт екендігімізді еске салып, асыл арнадан ажыратпай тұрған бір киелі күш бар. Ол – халықтың барша болмыс-бітімі мен тамыры терең тарихын қаймағын бұзбай сақтап келе жатқан көркем әдебиет, яғни қасиетті сөз өнері. Әдебиет – ұлттың айнасы. Міне, сондықтан да кез келген халықтың ұлттық рухының қаншалықты дәрежеде екенін оның әдебиетіне қарап-ақ аңғаруға болады.

Сонау ауыз әдебиетінен басталған ұлттық сөз өнерімізде халқымыздың ұлттық болмысы, тыныс-тіршілігі мен рухани құндылықтары тайға таңба басқандай көрініс тапқандығы баршамызға белгілі. Әсіресе өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап ұлттық құндылықтарды шығармаларына басты арқау еткен ақын-жазушыларымыздың саны арта түсті. Бұл жөнінде жазушы Т.Әбдіков: «60-жылдардан бастап біздің қазақ әдебиетінде жаңа белес басталды. Ол белес әркімнің жүрегінде оянған ұлттық идея болды. 60- жылдардағы жаңа бір толқын бүркемелеп болса да, ішкі наразылық арқылы ұлттық идеяны күн тәртібіне қоя бастады» [2, 3 б.] – деген пікір білдірген. Бұл пікірдің растығына сол кезеңдегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері О.Бөкей, Д.Исабеков, С.Мұратбеков, Қ.Жұмаділов, Ә.Кекілбаев, Т.Әбдіков, Т.Нұрмағамбетов, Сегізбаев сынды бір топ қаламгерлердің туындылары арқылы көз жеткіземіз.

Аталған жазушылардың барлығы «ұйқыдағы» ұлттық салт-санамызды қайта жаңғыртуға барынша үлес қосты. Әсіресе, «дала жыршысы» деген атқа әбден лайық Ә.Кекілбаев сөзсіз, ұлттық салт-санамыздың шырақшысы бола білді. Оның қай шығармасын оқысаңыз да, дархан дала төсінде күн кешкен қазақ деген халықтың тыныс-тіршілігін, асқақ рухын, адамдық асыл қасиеттерін айқын аңғарасыз. «Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер» атты романдарын былай қойғанда, «Күй», «Шыңырау», «Бәсеке», «Шеткері үй», «Құс қанаты» сынды повестері мен көптеген әңгімелерінде дерлік ұлттық идея басты назарға алынған. Қаламгердің төмендегідей әңгімелеріне терең үніле отырып, бұл сөзіміздің растығына көз жеткізе аласыз.

Үйде күңгір-күңгір дауыс бар. Соның арасында сықырлауық сылдыран, үйден біреу шықты. Қолында шелегі. Аруананың бауырына бара беріп, жолаушыдан барыс сұрады. Жолаушы құдайы қонақ екенін айтты.

Әйел:

– Онда түсіңіз, қоныңыз, – деді [1, 21 б.].

Халқымыздың қаншалықты қонақжай болғанын білу үшін «**Аш бөрі**» әңгімесінен алынған осы бір қысқа ғана үзіндінің өзі де жеткілікті болар. «Құдайы қонақпын» деп шақырылмастан келе салған бөтен жанды жатсынбай, құшақ жайып төрінен орын беру дәстүрін қазақтан өзге ешбір халықтан кездестіре алмайсыз.

Көңілі даласындай дархан халқының жанашырлық, бауырластық сезімдерін де сұлу сөзбен сомдай білген:

«Бәйбіше:

– Түнекке барасың ба? Мә, қойшыларға ала бар, – деп, табақтан алып қалған бірер омыртқа, қабырғаны шүберекке түйіп, баласына ұсынды. [1,28]

Бір қараған адамға бұл қарапайым қазақ отбасының күйбеңі көп күйкі тірліктерінің бірі болып көрінуі мүмкін. Алайда, бұл сөйлемдердің астарын тереңірек ұғына білген оқырман үшін бұл үзіндіде ұлтымызға тән асыл қасиеттердің тамаша үлгісі бар.

Жолаушының есіне жаңағы жол үстінде туған жаймақоңыр әуез түсті. Ұзын-ұзын салалы саусақтары перне бойын қармалап жүріп, ақыр тапты. Баппен басталған бала майсаң әуез баппен өрлеп келеді. Ұйықтай қоймаған тентек немереге кәрі әже айтатын көйгейдей жаныңды жайбарақаттыққа шақыратын қоңыр әуез. Құлағыңды құнықтырып, көкірегіңді күмбірлетіп барады. Қунақ жортып, жайсаң жаратылысқа, әдемі әуенге, астыңдағы аршынды атыңа қуана қарайсың [1, 25 б.].

Иә, «нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра». Осы бір үзіндіні оқып отырып, ұлтымыздың аса қасиетті құндылықтарының бірі қоңыр домбырадан күмбірлеген күйді өз құлағыңызбен естігендей боласыз. Көз алдыңызға талай тарихқа куә болған кең байтақ қазақ даласы елестейді. Бұл да қаламгердің ұлттық құндылықтарды шығармада шебер түрде суреттей білгенінің айқын дәлелі.

– Ене, жата беріңіз, мен тұрайын, – деген Торғынды:

– Жата бер, қалқам! Жұмысқа дейін бір ұйықтап оян, – деп қозғалтпайды.
[1, 31 б.]

«Ең бақытты күн» әңгімесінде көрініс тапқан осы бір шағын ғана детальдан халқымыздың өмірінде аса маңызды орынға ие ене мен келін арасындағы сыйластық, үлкенге деген құрмет, шынайы жанашырлық сезімдерін аңғарамыз.

Дәл осы әңгімедегі:

– Жеңеше, сүйінші, сүйінші!

Мына бала не дейді. Қызылтанау боп жүгіріп келеді зой өзі. Дәулет келіп жүрмесін... [1, 38 б.], – деген үзіндіден ұлт өмірінде маңызды орын алған «сүйінші беру» концептісін кездестіреміз. Байқағанымыздай, баланың «сүйінші» деген бір ауыз сөзінен-ақ жеңгесі бір қуанышты жайттың болғанын сезіп қойды. Автор бұл тұста қазақ халқының салт-санасын өте ұтымды көрсете білген.

Бұл кіргенде үйдің іші ығы-жығы. Тәрде, атасының төңірегінде осы ауылдың шалдары. Екі-үш кемпір ошақ жақтағы кебеженің алдында әлі есін жия алмай отырған енесін ортаға алыпты. Екі-үш әйел дастарқан жайып, пішенші ауылдың кебежелерінде қалған ірімшік-құртты табаққа сап әкеліп, ортаға төгіп жатыр [1, 39 б.].

Ал мына бір баяндау арқылы «автор көрші ақысы – Тәңірі ақысы» деген қазақ даналығын дәлелдей түскендей. Автор қолданған бұл деталь көршілік қарым-қатынасқа селқос қарайтын бүгінгі қоғам үшін үлгі боларлық.

«**Ажар**» әңгімесінде ұлтымызға тән тағы бір тамаша қасиет былайша баяндалған:

Мына отырған Ажар бұл үйге ұшырармын деп ойлап па еді. Бір күні кешке оралса момын әкесі шолжаңдай енген ерке қызынан қысылып, қызарып кетті. Жатарда әкесі түзге шығып кеткенде, шешесі бүгін біреу сөз салып келгенін құлақ қағыс қылды [1, 48 б.].

Қызға қонақ ретінде қараған халқымыз бой түзей бастаған қыз баласын кешіктірмей құтты қонысына қондыруға аса зор мән берген. Сонымен бірге, анасы қызымен сыр бөлісіп, ақыл-кеңесін беріп отырған. Міне, автор тағы бір ұлттық құндылығымызды осылайша танытқан.

Міне, қарымды қаламгер Ә. Кекілбаев әңгіме жанрындағы туындыларына ата-бабамыздың асыл аманаты – ұлттық құндылықтарымызды осылайша арқау ете білген. Автордың жоғарыда аталған әңгімелерінен бөлек, өзге де туындыларынан ұлттық бояудың жарқын үлгілерін көптеп кездестіре аламыз. «Жазушының тілінде де, ділінде де мін жоқ. Қашанда сергек, қашанда сезімтал, бәйгенің алдынан ғана келетін тұлпарларға ұқсатам мен Әбішті. Ал, аспанға қарасам оның жұлдызын оңай танымын. Оның жұлдызы сол Әуезов, сол Шолохов, сол Айтматов, сол Нұрпейісов жұлдыздарымен қатар тұр. Ол да жарық жұлдыз, мәңгі жанатын жұлдыз», – деген екен ақын Т. Молдағалиев. Иә, ер есімі – ел есінде. Ұлтын сүйген ұлағатты жазушының артында мәңгілік өлмес «Дала балладалары» қалды.

Қорыта айтқанда Ә.Кекілбаев әңгімелері ең алдымен, адамның рухани байлығын, адамгершілікті ту етіп көтереді. Адамдық асыл қасиеттерді мадақтау, зұлымдық пен тоғышарлықты ашына айыптау жазушы туындыларында жемісті жалғасын тапқан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Өлке, 1999. – 400 б.
2. Әбдіков Т. Өзгенің уайым-қайғысын өз жүрегіңмен сезіне бастағанда ғана қол жүреді // Жас Алаш. – 1997. – № 134.

Б.Б. Баязитов,
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты
(Қазақстан)*

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Темірболат, *филология және
әлем тілдері факультетінің деканы,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ
ПСИХОЛОГИЗМ БЕЛГІЛЕРІ**

Әдебиетте көркем шығарма бойынан ұлттық ерекшеліктер, автор дүниетанымына тән сипаттар көрініс тауып отырады. Әдебиеттанушылар зерттеулерінде жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды басты назарға алғанымен де, автор қолтаңбасына тән, ұлттық ерекшелігіне тән белгілерді айналып өте алмайды. Бүтіннің бөлшегі ретінде қатар танылады.

Ұлттық психологизм белгілері дегендегі мақсат ұғым мағынасын тарылту, меншіктеу емес, тиісінше тұтастықты құрайтын адамзаттық құндылықтардың жүйесіне үлес қосып отырған ұлттардың мәдени белгілерінің көрінісін айқындау.

Әбіш Кекілбаев қазақ әдебиетіне XX ғасырдың алпысыншы жылдары келіп қосылған жазушы. Бұл кезді қазақ әдебиетіндегі дамудың жаңа белесі деп атауға болады. Осы тұста бір сапта әдебиет әлеміне қадам қойған жазушылардың қазақ елінің тарихын, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін сипаттауда жаңашыл ой-өремен, биік парасатпен, соны талғаммен келгенін атап өтуге болады. Әбіш Кекілбаев осы бір шоғыр ішіндегі өзгеше болмысты, бітімі бөлек қаламгер.

Ұлттық әдебиеттердегі сол ұлтқа тән белгілер мәдениетаралық қарым-қатынастың мәдени өресі жоғары түрі. Көркем туынды бір елдің тілінен екінші бір елдің тіліне аударылғанда сол жазушының еліне тән белгі, сипаттар қоса аударылу арқылы ел мен ел арасындағы мәдени ауыс-түйістер, өнер үйренулер жүзеге асады.

Жазушы Әбіш Кекілбаев шығармаларында қазақ халқына тән мәдени, рухани ерекшеліктер молынан кездеседі. «Тасбақаның шөбі» әңгімесі, «Күй», «Шыңырау», «Бәйгеторы» повестері, «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» романдары негізінде осы бір белгілерді бір шолып өтуге болады.

«Тасбақаның шөбі» әңгімесінде қарапайым ғана екі құрдастың болмысын сипаттай отырып қай қоғамда болмасын кездесетін типтік образдарды қазақы бояумен суреттеп береді. Бірі әуел бастан өз ісіне пысық, жол тапқыш, еш-жерден кері шегініп келмеген, ешкімнен беті қайтып көрмеген Оңбай болса, екіншісі момын, ешкіммен қақ-соғы жоқ, сенгіш ұста Қарабала. Екі кейіпкердің мінезін ашу арқылы қазақ қоғамындағы кісілік болмыстың кереғар екі түрін қарапайым баян етеді. Оңбайдың өтініші бойынша ауданға барып машина алып қайтқан Қарабаланың мінезі жол бойы ашла түседі. Ол жолда аударылып жатқан тасбақаның аузынан шөп көріп, ол шөпті ырымдап қалтасына салып алады. Содан қиялы шарықтап, көңілі өсіп, сапарының сәтімен болғанын тасбақаның шөбін көргенінен деп білуі аңғал ұстаның мінезін танытады. Оңбайға аудандағы шаруасын бітіріп, қуанып барған ол үйден құлазып шығады. Сол қиял жетегінде жүріп әңгіме соңында ауданға барғанда әйеліне алып келуі керек болған дәріні алмағаны есіне түскенде аздаған өкініші көрініс береді.

«Күй» повесінде адамзат атаулы ойлап тапқан жаза түрлерінің ішіндегі ең қатыгезі, адамдық қасиетке жат жаза «тұтқын басына кепеш кидіру» көшпелі тайпалар арасындағы ежелден келе жатқан шара ретінде суреттеледі. Басына кепеш киген тұтқын жадынан айрылып мәңгүртке айналады. Мәңгүрттік ұғымын қазақ әдебиетінде осы шығарма арқылы көріп, сипатын танысақ, жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ түн») романында «Найман ана» аңызынан анасын өлтіруге дейін баратын қасіретін көріп жанымыз түршігеді.

Күй – қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатын өнер туындысы. Адамның жан-дүниесін рухани байытып, көңілін көтеріп қуантатын да, еңсесін басып күңірететін де, жабыққан сәтте жұбантатын да қасиетке ие өнердің бірі осы күйшілік болғаны анық. Қазақ халқында күй аңызы өз алдына бір сала. Күй, күйшілік өнер туралы жазылған шығармалар қазақ әдебиетінде молынан кездеседі.

«Шыңырау» повесі төзімділіктің, еңбекқорлықтың, кәсібіне адалдықтың ескерткіші. Құдық қазушы Еңсептің бастаған ісін бітірмей тоқтамайтыны, ол жолда көзіне ешнәрсе көрінбейтіні шығармада өз бояуымен баяндалған. Қазақ қоғамының советтік кезеңдегі тұрмыс-тіршілігінің кішігірім көрінісін осы повес айқын аңғартады. Повестегі психологиялық белгілердің астарлы қабаттары көптеп көрінеді.

Автордың «Бәйгеторы» повесі қазақтың атбегілік өнеріне арналған ескерткіш. Қазақ жазушылары ішінде тұлпарлар тарихын жазбаған жазушы немесе ақын жоқ десе де болғандай. Әсіресе осы алпысыншы жылы әдебиетке келген қаламгерлер арасында. «Бәйгеторы» сол циклді толықтырған туын-

ды. Қазақ халқының ұлттық психологиялық ерекшеліктерін айқындау барысында екі өнер түрін жан-жақты білу аса қажетті. Бірі – күйшілік, екіншісі – атбегілік. Осы екі өнердің қазақ қоғамының ажырамас бөлігі болғаны ақиқат. Эстетикалық құндылығы жағынан жоғары сатыда тұрғаны да осы екі өнер.

Бәйгеге қосатын атты баптау, оны құлын кезінен тани білу өз ісінің маманы, нағыз атбегінің қолынан ғана келетін дүние. Атбегінің қолынан келген барша қазақтың қолынан келмесі анық. Атқа ықыласы ауған халықтың ішінде бұл өте қастерлі іс.

Егер күтімі болмаса кез-келген жануардың азып-тозары анық. Ал тұлпарды дұрыс бағалай білмеген, бабын таба білмеген адамның тұлпар бағын қайтарары тағы анық. Мұндай тарихты бастан кешірген тұлпарлар жайлы баяндар қазақ әдебиетінде молшылық. Дегенмен Әбіш Кекілбаевтың «Бәйгеторы» повесінің орны ерекше.

Философиялық ой, эстетикалық талғам Әбіш Кекілбаев шығармаларында өзіндік ерекшеліктерге ие. Әбіш Кекілбаев прозасы әдебиеттегі көркем туындылар ішінде ойшыл, адамның жан-дүниесін ашып көрсететін терең мағыналы мазмұнымен ерекшеленеді. Жазушының романдарында ел билеушілердің бейнесі шынайы да, сырлы суреттеледі.

«Үркер», «Елең-алаңдағы» Әбілхайыр хан образы ақыл парасаты мол, пікірі мен танымы кең ел басшысының үлгісі. Екі роман да тарихи таным мен елдік мүдденің үйлесімінен туған туынды ретінде Әбіш Кекілбаев қаламының ізін танытады. Романдарда баяндалатын елшіліктер, рулар арасындағы қатынастар, ел тарихындағы маңызды оқиғалар, ханның ақылды, айлалы болмысы, халықтық мінез бен салт-сананың ерекшеліктері жазушы шеберханасын жақсы жағынан тануға мол мүмкіндік береді.

«Аңыздың ақыры» романы қазақ әдебиетіндегі ой мен сананың мұнарасы. Жасы келген, оң мен солын, дүниенің ойы мен қырын жақсы таныған әміршінің терең ойы, монологтары өмір шындығынан туған көркемдік шешімдер екенін тану қиын емес. Ол бір жағы автордың дүниеге көзқарасын, танымын көрсетсе керек. Романда суреттелетін ел мен ел билеген әміршінің бейнесі ел ішіндегі аңыздарға сүйене отырып авторлық көркемдік шешім тапқандығы, оқырман ой-өрісін кеңейтетін философиялық ой-толғамдармен, эстетикалық талғаммен жазылғандығы атап өтерлік.

«Аңыздың ақыры» романының сюжеті шығыстық сарынға жатады. Алайда аңыз қазақ даласында туған төл туынды десек те болғандай. Шығыс халықтарындағы аңыздар желісіндегі ел билеушілерінің сияптталуы, махаббаттың көрініс табуы, терең ойшылдық, тағылым аларлық оқиғалар желісінің болуы шығарманы орта ғасырлық туындылармен азды-көпті байланыстырады. «Аңыздың ақыры» романын тарихи, әдеби жәдігерлердің классикалық үлгісінде жазылған шығарма десек қателесе қоймаспыз.

Ел мен жер, халық пен билік, хан мен ханша, ұста мен мұнара секілді өзіндік образдар жүйесін Әбіш Кекілбаев шығармаларынан ерекше сипатта көруге болады.

Автор шығармаларында көрініс табатын ой мен таным, салт-сана мен тұрмыс-тіршілік мәселелері қазақ халқының ұғым-түсінігіндегі қарапайым, елеусіз, күнделікті жайттар ретінде танылуы мүмкін. Ал оқырман ретінде автор тудырған образдар, табиғат суреті, кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесі тірі жанды бей-жай қалдырмасын түсінеміз.

Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық психологизм белгілерін анықтауда осы күнге дейінгі тұжырымдарға сүйенбестен, бар белгілерді жалпы адамзаттық руханиат құндылықтарына қосқан үлесі тұрғысынан талдау мүмкін болмас. Қазақ әдебиетінің өзге тілге аударылуы және аударылған тіл елінде оқырманын табуы өз алдына бөлек әңгіме.

Әбіш Кекілбаев шығармаларының әлемдік әдебиет қорына ене отырып қазақ қоғамын, қазақ тұрмысын жалпы адамзаттық құндылықтар қорына қосатындығын айтуға болады.

Н.Ж. Досанова,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты
(Қазақстан)*

Ғылыми жетекшісі – Ө. Әбдиманұлы,

*филология және әлем тілдері факультетінің деканы,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ АЛЫП ТҰЛҒАСЫ – ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ!

Биыл Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде аталып өтілуде. XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік әдебиет үрдісінен үлгі алып, өмірді тану мен суреттеудің жаңа жолындағы ізденістерге шыққан жазушы Әбіш Кекілбаев – ұлттық әдебиетіміздің белді жанрларының барлығында да белсенді қызмет атқарған қаламгер. «Үркер» мен «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры», «Шыңырау», «Абылай», «Бәйгеторы», «Ханша-дария хикаясы», «Күй» сияқты шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорына енген прозалық туындылары арқылы ел өмірінің келелі мәселелерін көтерген халықтың дарынды жазушысы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған шаралар 2019 жылы қазан айына жоспарланған болатын. Жазушы Ә.Кекілбайұлын халықаралық деңгейде танытып, дәріптеу мақсатында өткен көлемді шара университетімізде ауқымды деңгейде ұйымдастырылды.

1939 жылы 6 желтоқсанда Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылында туған. Қазақ мемекеттік университетін бітірген (1962). 1962-1965 жж. «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім

менгерушісі, 1964-1968 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігінде репертуарлық-редакциялық коллегия мүшесі қызметтерінде болды. 1970-1975 жж. «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор, 1975-1984 жж. Қазақстан Компартиясы ОК мәдениет бөлімінде нұсқаушы, сектор менгерушісі, 1984-1986 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрінің орынбасары, 1986-1988 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы, 1988-1990 жж. Қазақ КСР тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орталық Кеңесі президиумының төрағасы. 1990 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы ОК бөлім менгерушісі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мәдениет, тіл және ұлтаралық қатынастарды дамыту жөніндегі комитетінің төрағасы (1991), «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы (1992-1993), ҚР Мемлекеттік кеңесшісі (1992-1993), ҚР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы (1994-1995), ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, комитет төрағасы (1996-1996) болып жұмыс атқарған. 1996-2002 жж. ҚР Мемлекеттік хатшысы, 2002 жылдың ақпанынан ҚР Парламенті Сенатының депутаты болды.

Әбіш Кекілбайұлы бүкіл саналы ғұмырын, еселі еңбегін туған халқына арнады. Қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің дамуына орасан үлес қосты. Атап айтқанда, заманымыздың заңғар суреткері Әбіш Кекілбаев – иісі қазақтың асылы да, мақтанышы, өнегесі де тау тұлғасы. Әбіш жазушыға берілген атақ – тек қана Әбіш ағаның ғана емес, әдеби майданда қызмет жасап жүрген, еңбек етіп жүрген қауымға берілген баға деп айтуға болады. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сөз өнерінің сардары, қазақ әдебиетінің саңлағы мағыналы ғұмырының мазмұнды шақтарын, өнегелі өмірбаянының өміршең шектерін табиғи талантымен өрнектеген, еңбек жолдарын халқының ғұмырнамасымен өрнектеп берген айтулы дарын. Алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 жылы жарық көрді. Содан бері проза, әдеби сын саласында елеулі еңбек етіп келеді. «Бір шөкім бұлт» (1966), «Дала балладалары» (1968), «Тырау-тырау тырналар» (1973), «Бір уыс топырақ» (1974), «Құс қанаты» (1975), «Баллада степей» (1975), «Баллада забытых лет» (1979), «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984), «Мартовский снег» (1985), «Плеяды – созвездие надежды» (1987), «Заманмен сұхбат» (1994), «Азаттықтың ақ таңы» (1998), т.б. әңгімелер мен повестері, эсселер мен романдары, әдеби-философиялық, публицистикалық жинақтары бар. Ол Л.Н.Толстой мен К. Гоцидың, Г. Мопассан мен Г. Ибсеннің, А.Чехов пен И.Буниннің бірқатар туындыларын қазақ тіліне аударған. Немістің «Фольк унд Вельт» кітап баспасы жүргізген сауалнама хаттамасында оның есімі «XX ғасырдың таңдаулы жазушылары» тізіміне енгізілген. Кеңестік кезеңде Одақтық жазушылар алқасының, халықаралық «Лотос» жазушылар сыйлығы қазылар алқасының, орталық «Художественная литература», «Дружба народов» баспалары редакциялық алқаларының мүшесі болды, Азия-Африка жазушылары халықаралық комитетінің мүшесіне сайланды. «Абылай хан» драмасы Қазақ драма театры сахнасында қойылды. «Дүние ғапыл», «Дала балладалары» (2 том, 2001) кітаптары жарық көрді. «Үркер», «Елең-Алаң» роман-

дар циклі үшін 1986 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. «Құрмет Белгісі» мен «Отан» ордендерінің, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері (2003). Әбіш Кекілбаевқа Қазақстанның Еңбек Ері, Отан ордені, Назарбаев ордені, ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл медалі, «Құрмет» белгісі ордені, «Достық» ордені, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, Елбасының бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері, Қазақстанның Халық жазушысы, Маңғыстау облысының құрметті азаматы марапаттары тапсырылды.

Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына арналған «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы болып өтті. Конференция барысында Филология және әлем тілдері факультетінде мемлекет және қоғам қайраткері, халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың атына арналған аудиторияның ашылу салтанаты өтті. Ашылу салтанатына әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанұлыны қатысты: «Ендігі жерде парасат-пайымы бөлек, білім-білігі ерен, зейін-зердесі ерекше заңғар суреткер, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың екінші өмірі басталды. Өзі бір дәуірге тұрарлық мазмұны терең мәңгі өлмес дүние жазса, бүкіл саналы ғұмырын ізгілікті, адамгершілікті, ұлт мұраттарын ұлықтауға жұмсаған Әбіш ағамыз туралы да енді саясат пен әдебиет әлемінде шындалған шәкірттері том-том еңбектер жазбақ. Бүгін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы атындағы дәрісхана ашылды. Бұл дәрісхана алдағы уақытта ұлы қаламгер мұрасын насихаттайтын танымдық әрі ғылыми-әдістемелік орталық болары сөзсіз».

Конференцияның төрінен Әбіш Кекілбаевтың жары Жұмабаева Клара апай орын алды. Клара апайымыз: «Жазушының әйелі болған өте қиын, жазушының барлық жағдайын жасау керек. Мына залда тыңдап отырған қыз балалар отыр екен, ер балалар аз, бірақ қыз балалардың ақылына орнықтырып, құлағына хабарлау керек. Жазушының әйелі болу үшін – менің жазушының әйелі емес, анамыздың келіні болу керек. Анамыздан тәрбиесінде қырық жыл бірге өмір сүріп, 98-ге келіп қайтыс болды. Ол кісі көп сөйлемейді. Бір ауыз айтқан сөзі ақырғы сөзі еді (осында тыңдап отырған Смағұлдар мамамды біледі...) Сондай ақылды кісі еді, анамыз бір сөз айтса сіздердің он сөзіңізге татитындай еді. Біз тату-тәтті өмір сүрдік. Сондай ақылды ананың баласы жаман болмайтыны сірә да белгілі ғой...

Ал, әкесі үш жасында соғысқа кетті. Одан хабар келген жоқ. Әкесін қатты күтіп жүрді. Әкесі туралы талай өлеңдер жазды. Бірақ, әкесін биыл таптық. Биыл тауып, бейітін кемпірінің қасына алып барып қойып, құран оқытып, ас бердік.

Әбіш бала кезінде кітапты көп оқитын еді. Перерывқа шыққанда тек Әбіштің қасына барлығымыз жиналып соның сөзін тыңдап тұратынбыз. Содан

студенттер кезінде жастар одағының бастығы болып жүргенде институт балаларымен жиналып белгі тұлғамыз Мұхтар Әуезовпен танысып, сұхбаттасып, жазған дүниелерін көрсеткен... Әбіш бір сағатқа жуық доклад жасағанда Әуезов ортаға келіп отырып тыңдайды. Сол кезде Әуезовтен естіген жақсы сөзі: «Мына баладан адам шығады» депті... Осындай болып өсті Әбіш!», – деп алып анадан туатынын тағы бір дәлелдегендей жұбайына деген сағынышын ақтара отырып жылы лебізін білдірді.

Кеш университетіміздің конференц залында пленарлық мәжіліспен жалғасты. Дулат Исабеков, Смағұл Елубайұлы, Ақберен Елгезек т.б. классиктеріміз жылы лебіздерін білдірді. Жанғара Дәдебаев, Темірғали Тебегенов т.б. сынды профессорларымыз Әбіш Кекілбаев жайлы баяндамалар жасады.

Әбіш Кекілбаевтың атына арналып ашылған аудиторияда күнделікті дәрістерді өткізу арқылы қазақтың бірегей жазушысының шығармашылығымен етене таныстыру жоспарланған. Шара «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциямен жалғасты. Басқосуға белгілі ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері мен студенттер қатысты.

Абызымызға арналған аудиторияның ашылғанын көпшілік қауым күтіп жүргендей ерекше қуанышпен қабылдады. «Қуанышымыз ерекше. Өйткені аудиторияға кіріп-шыққан сайын, оның қасынан өткен сайын біздің студенттеріміз тебіренетін шығар деп ойлаймын. Әбіштің шығармаларының ең кереметі – Әбіштің кез-келген сөйлемі қайталанбайтын сөйлем. Мың қаламгер Әбіштің бір сөйлемін қайталай алмайды», – деді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті профессоры Зинол-Ғабден Қабиұлы Бисенғали.

Әдебиетіміздің алып тұлғасы Әбіш Кекілбаев – кемелділік пен парасатқа толы шығармалары арқылы халық жадында мәңгі сақталмақ.

Д. Қалиакпар,
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты
(Қазақстан)*

**Ғылыми жетекшісі – А.А. Мауленов, Жамбыл атындағы
Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттейтін ғылыми орталығының
жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты**

Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҢЫЗДЫҚ САРЫНДАРДЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНУЫ

Аңыздық желілерді, мифтік мотивтерді, ертегілік сюжеттерді шағын және орта жанрда қолданылудың өзіндік стильдік ерекшелігін танытқан жазушы –

Әбіш Кекілбаев. Ежелгі аңыз бен мифтерді бүгінгі өмір сүріп отырған дәуірдің талап-тілегімен, адамгершілік болмысымен ұтымды ұштастыра суреттейді.

Ә.Кекілбаев прозасындағы шоқтығы биік шығармаларының бірі – «Күй» повесі. «Күй» повесінің сюжеттік желісі аңыздық факторларға негізделген. Повестің өзі бір күйдің шығу тарихын суреттегенмен, көтеріп отырған негізгі проблемасы адамгершілік, адамшылық, гуманизм тақырыбы. Алғашқы әңгімелерінен-ақ жазушының күй, күйші өмірлеріне байланысты туған шығармаларында аңыздық прозаның түрлерін еркін пайдаланғанына куә боламыз.

Оның «Аш бөрі» әңгімесі Құрманғазының түрмеден шыққан сәтін бейнелесе, «Бір шоқ жиде» повесінде Тілеу қарттың ұрпағына өсиет етіп қалдырған «бебеу» күйінің мотивіне жиі назар аудартады. Бір әулеттің ұрпақ жалғастыру, өнер дәстүрін сабақтастыру мәселесін көтергенімен, астарында адам баласының бойындағы ең асыл қасиеттерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Белгілі жазушы, әдебиет сыншысы Г.Бельгер қаламгердің екі томдық шығармалар жинағының алғы сөзінде: «Әбіш Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында, ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады» [1, 6 б.], – деген орынды бағасын береді.

Ә.Кекілбаевтың прозалық шығармаларында әлем әдебиетінде, орыс әдебиетінде айналымға түскен аңыздық прозаның үлгілерін шығармашылықпен жаңаша мазмұнда пайдалану әдебиет сыншыларының назарын аудартып, қызу пікірталастар туғызған. Қырғыз әдебиетінің өкілі, қоғам қайраткері, жазушы Ш.Айтматов суреткердің фольклорлық, мифологиялық элементті игеру жөнінде ойын былай бөліседі: «Талантты қазақ прозаигі Әбіш Кекілбаев мифологиялық системалар мен структураларды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген» [2, 10 б.], – деген пікірі жазушының шығармасындағы көркем образдың бейнелеу құралдары арқылы аңыздардан ақиқат болмыстың шындығын арттыра түскен. Мифтік шығармашылық жазушының романтикалық асқақ энергеиясын, күш-қуатын арттырып, жиырмасыншы ғасырдағы көркемдік ойдың полифониялық құбылыстағы «сана ағымына» (поток сознания) ден қойғызады. Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесіндегі аңыздық, мифтік факторлардың көркемдік қызметі нені аңғартады? Көркем шығарманың идеялық-мазмұндық, стильдік айшықтарына қандай жаңалықтар енгізді.

Аңыздық прозаның көркем прозада шын мәнінде мүмкіндігі қандай? Аңыздар мен мифтер болмыстың қандай мәселелерін қорытындылап түйіндейді?

Қай суреткер болса да фольклорлық элементтерді, аңыздық-мифтік сюжеттерді өз шығармасында орынды-орынсыз тықпалай бермейді. Бұл жазушының мақсаты да емес. Әрбір аңыздық сюжетке көркем шығармада

белгілі бір дәрежеде рөл беріліп, оған үлкен көркемдік жүк артады. «Күй» повесіндегі «Қанжар жаныған тас» пен «Қол қырылған төбе», «Қараман ата» мен «Темірбаба әулие» туралы аңыздық сюжеттер повестің көркемдік қуатын арттырып, оның әлеуметтік-философиялық концепциясының негізін қалап тұр. Мазмұнын бір-екі ауыз сөзбен бітіре салатын аңыздардан әңгіме-повесть, роман тудыру үшін аңыздың өзін білу жеткіліксіз. Сонымен қоса сол жердің тарихын, халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін жан-жақты зерделей зерттеуі қажет. Бұл туралы ғалым С.Қасқабасовтың: «Бір аңызды толық түсіну үшін кейде онда баяндалатын оқиғаны білу аз, сол аңыз пайда болған аймақты да жете білуге тура келеді, онда айтылатын басқа да фольклорлық шығармалармен танысу қажет болады» [3, 122 б.], – деген тұжырымы біздің ойымызды нақтылай түседі. Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі – осы фольклорлық элементтерді толық игеріп барып, өзінің сонылығымен келген көркем туынды. Автордың шеберлігі аңыздық сюжеттерге үлкен жауапкершілікпен қарап, бүгінгі күннің адамгершілік мәселелерімен астарлап үндестіре алуында жатыр.

Көркем шығармада аңыздық сюжеттің тағы бір ерекшелігі келіп шығады: ол ұлттық болмысымен ғана емес, таралу аймағының (локальный) шеңберімен де шектеулігі шартты түрде ұғынылады. Соның өзінде де аңыздық-мифтік сюжеттерде дүние жаратылысының құпия заңдылықтарын түсіндіріп бере алатын формаларын кездестіреміз. «Күй» повесінің негізгі желісі Маңғыстауды мекен еткен адай мен айладырдың береке бермес тартысына құрылған. Бейбіт өмірді аңсаған екі жақтың игі-жақсылары «Қараман ата» бейітінің басына жиналып бітімшілікке пәтуаласады. Мұндағы «Қараман ата» туралы аңыз повестегі екі жақты да бітімге келтіретін ортақ әулие ретінде символдық мәнде алынып отыр: «Әулие қараны атсаң, қара атты ат, біз айыпты десең, бізді ат!» - депті. Сонда ердің басындағы біз анандай жерге ұшып кетіпті, қара ат табанда қатыпты. Әулиенің өзі де кінәні адайға да, айладырға да артпай тар заман, қысталаң қалға аударып, кәрін қара атпен бізге түсірді, енді екі елдің жауласатын жөні жоқ! – деп бітіммен тарасыпты» [4, 319 б.], – дейді аңыз. Бұл жерде аңыздың көшпелі түркі халқына тән ерекшелігін де ескерусіз қалдыруға болмайды. Ата-баба бейітін кие тұту, әруаққа сенімшілік ара-жігі ажырап, жауласып отырған қазақ пен түрікменге бірдей ортақ. Екі жақта соғысудан әбден титықтаған, бірақ намыс қай-қайсысының болмысын кішіреюіне, жеңілгендігін мойындауына жол бермейтін үлкен бөгет. Сол тосқауылды ыдыратып, бейбітшіліктің орнауына себеп болған өмірден өткеніне талай жыл болған Қараман ата әулиенің құдіретті кесімі. Тарихи оқиға басқаша болуы да мүмкін, бірақ соның өзін кейінгі ұрпаққа жеңіс ретінде танытып отырған – ол аңыз.

Аңыздық прозаның әпсана-хикаят жанры да «Күй» повесінде шеберлікпен қолданысқа енеді. Аңыз бен әпсана-хикаяттың жанрлық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдай келе ғалым С.Қасқабасов былай дейді: «Аңыз

бен ертегінің арасындағы жанр. Қарапайым халық прозасының көркем фольклорға айнала бастаған түрі. Сол себепті ол мифтің де, хикаяның да, аңыздың да жанрлық қасиеттерін бойына сіңірген» [3, 150 б.], – деп эпсана хикаяттың жанрлық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан ажыратып береді. Аңыз жанрының мақсаты тарихи оқиға немесе тарихи адамдар туралы мәлімет берсе, ал, эпсана-хикаятта ол көркемдік құралдармен керемет жан иесі болып, киелілік қасиетімен дараланады.

Бірақ аңызда да, эпсана-хикаятта да өмірде болған тарихи оқиғалардың не тарихип тұлғалардың істеген істері жатуы мүмкін. Осыған орай эпсана-хикаяттың тақырыптық мазмұнына және сюжеттік желісіне қарай шартты түрде ғалымдар оны тарихи-мекендік, кітаби-діни және утопиялық деп үшке бөліп қарастырып жүр. «Күй» повесіндегі Темір баба әулие обасы осы тарихи-мекендік эпсанаға жатады. Жазушының суреттеуіндегі Темір баба әулие мен Шопан атаның құдірет сайысы өмірде дәл солай болуы мүмкін емес. Бірақ Шопан ата мен Темір баба әулиеінің кереметтілік (ғажайыптық) істері көркемдік элементтермен астасып суреттелінеді: «Мынау оба – Темірбаба әулиеінің моласы. Баяғыда Шопан ата Хорезмнен келгенде дәл осы төбенің басында жолығыпты деседі. Онда көк теңіз қазіргісіндей шалқайып кетпеген: Темірбаба анау жатқан қотыр тастың басында аяғын суға малып отыр екен. Ту сыртында жаяу келе жатқан адамның дыбысын жер түбінен естіп отырыпты... Шопан ата өз жөнін айтып, Темірбабадан да жөн сұрапты: Темірбабамен құдірет таластырғысы келетінін де білдіріпті. Ендеше жүзінді бұр, – депті Шопан ата. – Анау, жайылып жүрген бір үйір қаракұйрықты көрдің ғой! «Көріп отырмын», – депті Темірбаба. Шопан ата сол арада шөрелеп шақырғна екен, үйірдің алдында құлағын қайшылап осқырынып тұрған ортеке маңырап жетіп келіп, етегін жалап жата кетеді. Шопан ата текені пышақсыз бауыздап, терісін сыпырып, сойып, жіліктеп-мүшелеп жайратыпты да тастапты. Сосын етін терісіне үйіп орап, үстінен алақанымен бір сипап өткен екен, теке орнынан атып тұрып, сілкініп-сілкініп алып, бір маңырапты да, анандай жердегі үйіріне шауып ала жөнеліпті. Енді кезек Темірбабаға тиіпті. Темірбаба балағын тізесіне дейін түріп, қарын жарып ыңыранып, ақ көбік атып жатқан көк теңізге қойып кетіпті. Кетіп барады, кетіп барады. Көк теңіз қарс айырылып, аяғының тиген жері қара жер болып қала беріпті. Сол бетімен барып-барып, Шопан ата не қылып тұр екен деп артына бұрылса, ол сәлдесін шешіп ап, бұлғалықты салып жатыр екен. Шопан ата сонда: «Әулиелігіңе сендім, бұдан ары жүре берсең, көк теңізді жарып, дұшпандар келетін жол саларсың деп қайтардым», – депті. Анау жатқан кішкене түбек содан қалыпты» [4, 23 б.], – деп келетін эпизодтан эпсана жанрының толық көркемдік элементтерін ұшыратамыз.

Автор Темірбаба әулиеге байланысты эпсананың құдіреттілік қасиетін суреттегінмен басты мақсаты, түрікмендердің шекара межесін белгілеу болып табылады. Көк теңізге сұғына кіріп жатқан түбек те осындай кереметтілікпен дүниеге келеді. Темірбаба: «Мен өлсем осы төбенің басына жерлендер,

дұшпанның иті енді менің молама сарымасын десеңдер, бұдан ары бір елі шегінбеңдер» [4, 232 б.], – деп кетіпті. «Күй» повесіндегі эпсананың осындай кереметтілік ғажайыптық элементтері Темірбаба әулие мен Шопан атаның құдірет сайысы шын әулиелерге ғана тән құбылыс. Пайғамбарлар, машайықтар мен әулиелердің осындай керемет істер жасайтын қасиеті жөнінде теолог-ғалым Б.Сағындықұлы: «Пайғамбарлардан кейінгі орынды машайықтар мен әулиелер иеленеді. Бұларда мұғжизаның бір түрі – керемет көрсете алады. Мұғжиза мүлде қайталанбайтындығы арқылы ерекшеленеді: тіпті бір пайғамбардың мұғжизасын екінші пайғамбар қайталай алмайды. Әулие машайықтар бірінің кереметін екіншісі қайталай береді. Кейде біріне бірі асырып та жібереді» [5, 11 б.], – деп ерекшеліктерін көрсетеді. Повестегі Темірбаба әулиенің кереметтілігі Шопан атаның құдіреттілігінен асып кетіп отыр.

Сондықтан да жазушы негізгі өзекті мәселені Темірбаба әулиеге артып отыр. Міне, содан былай ер қаруы бес қару деп, атқа мінер күн туса, еркек кіндік Темірбабаның басына келіп ант беріп кетпегі керек. Осындағы Темірбаба әулиенің обасы повесте жазушының мына мақсаттарын ашуға да себебін тигізіп тұр: біріншіден, ол түрікмендердің шекара межесін белгілеп беріп тұрса, екіншіден; повестің бас кейіпкері Жөнейттің образын сомдауда да көркемдік эстетикалық қызмет атқарып тұр. Повестің бас кейіпкері – Жөнейт. Ол жауын жеңіп шаттанғанда да, не одан жеңіліп опық жегенде де қайғы бөлісер әулиесі – Темірбаба. Соңғы тұяғы Дәулетті жаны сүймейтін жаугершілікке аттануға себепші де, одан айырылып аңырап қалғанда да Жөнейт Темірбаба әулиенің обасына келіп қайғы-мұңын бөліседі. Бұрынғы айбынды сәулеті жоқ, жаңбыр мен жел әбден қажап, мүжіліп кеткен әулиенің обасы да қараусыз қалған. Әрбір детальға ерекше мән беретін суреткер осы бір кішкентай штрихтар арқылы Жөнейттің басына түскен ауыр трагедиялық халді көрсете білген.

Повестегі Жөнейт басындағы трагедия бір ғана адамның емес, сол дәуірде көшпелілік өмір салтын сүрген, бір-бірімен жауласқан туысқан екі халықтың аянышты тағдырлары еді. Тұтқынға түскен адай балаларының мәңгүрттік халі бұл соғыстың екі жаққа да опа таптырмайтынының анық айғағы. Жазушы мәңгүрттердің адам төзбес ауыр жағдайын суреттеу арқылы кешегі өткен тарихымыздан бүгінгі ұрпағымызды қателікке, қатыгездікке ұрындырмау үшін толғанта ой тастайды. Адамзат баласының қазіргі ғылыми-техникалық прогресінің шарықтау шегіне жеткен санасының улануы, өткен тарих іздерінен көз жазуы болып табылады. Бұл туралы әдебиет зерттеушісі А.Бочаровтың: «проблема манкуртство: почти все романы сегодня проверяют своих героев, обращаясь к прошлому, к тому что нельзя ни как забывать, ибо забвение уроков прошлого ошибок в будущем» [6, 217 б.], – деген пікірі әдебиеттің өмір шындығын өнер туындысы арқылы танытудағы көркемдік қызметін айтса керек. Әдебиеттің міндеті сол өз дәуірінің трагедиясы мен драмасын уақыт

пен кеңістік аясында шынайы түрде ақиқат танымының болмысымен баянды бейнелеуі болып табылады. Бүгінгі қазақ қаламгерлері халық прозасының үлгілерін ойдан шығарған көркемдік болжамдар арқылы да бір-бірімен мейлінше етене сіңістіріп қолданысқа енгізіп отыр. Повесте Дүйімқара туралы аңызды да автор шеберлікпен қиюластырып жіберген. Дүйімқараның неден болса да тайынбай шабатын батыр екендігін, оның қайнына ұрын барған сапары қазақ түгілі түрікмендерге де аңыз болып тараған. Ол повесте былай беріледі: «Жау тиіп қиқу құлағына шалынысымен батыр күйеу жар төсегінен жалаңаш қалпы атып шығып атқа қонады. Таң енді сес бергенде елең-аланда жауға да жетеді. Бұлыңғыр тауда жайдақ шауып келе жатқан жалаңаш неменің адам екенін, жын екенін біле алмаған барымташылар жылқыны тастап қаша жөнеліпті» [4, 21 б.], – дейді. «Күй» повесіндегі осы аңыздық эпизод жазушының тарихи тақырыпқа жазылған бас романы «Үркердегі» Есет батыр образын сомдауда да қолданылады. Автор біріншіден: аңыз сюжетін дайын материал ретінде пайдаланса, екіншіден: аңыз арқылы қазақ батырының киелілік қасиетін дәлелдей түседі. «Үркер» романындағы Әбілқайыр ханның сенімді серіктерінің бірі – Есет батыр. Жазушы «Үркер» романында Есет батыр рухының қуаттылығын осы аңыз арқылы қасиетін таныта түседі. Аңыз жанрының осындай түрлі вариантта айтылуын ғалым С.Қасқабасов былайша тұжырымдайды: «Аңыз жанры да, бүкіл фольклор сияқты анахронизмнен құралақан емес. Біріншіден, ауызша тарағандықтан, екіншіден, әңгіме көп уақыт өтіп кеткендіктен, үшіншіден, әңгімеге көркемдік элементтері әсер еткендіктен аңызда баяндалатын оқиға көмескі тартады, әңгіменің варианттары пайда болады, оқиғаның мезгілі шатастырылады» [3, 124 б.]. Сондықтан да повесть пен романдағы аңыздың сюжеті бір болғанымен, автор оқиға болған жерді, аңыздың мезгіл уақытын өзгертіп алып отыр. Біріншіден, қайнына ұрын барған сапары кезінде туындаса, екіншіден, жорықтан шаршап келіп ұйықтап жатқан батыр бейнесінде айтылады. Аңыздың осындай өзіндік бітім-тұлғасын, амал-тәсілдерін өзгертіп қолданған «Күй» повесінде жұмбақ сырға толы болып келетін «Қу бас» туралы мифтік-аңыздық мотив бар.

Қазіргі қазақ көркем прозасында алғаш рет айналымға түсіріп, оны өзінің идеялық мақсатына сай етіп қолданған қаламгер – Әбіш Кекілбаев. «Күй» повесіндегі қу бас Жөнейттің жазықсыз жандарға батқан тырнағын, нақақтан-нақақ түйреген найзасын, ерлік деп жалған намыстың буымен жендетке айналған озбырлығын бетіне басады. Жөнейтке Күйшінің қу басы бірде күйші болып елестесе, бірде баласы Дәулет боп көрінеді. Жөнейттің басындағы трагедиялық ауыр халге байланысты әдебиет сыншысы, ғалым З.Серікқалиевтің ой-пікірі мынандай: «Ой сергелдеңінде, іштей арпалыс үстінде ашу-ызасын төккен Жөнейт батырға, қиямет жолында кездейсоқ қолға түскен тұтқын Абыл Дәулеттің трагедиялық қазасын, Дәулеттің айта алмай, таныта алмай қыршын қиылған достық, татулық, бауырластық арманын күймен жеткізеді [7, 66 б.], – деп повестегі күйшінің образдылық бейнесін таныта түскен. «Күй» повесіндегі

күйші Маңғыстауда туып өскен Абыл Тарақұлының прототипі тәрізді: «Күйшінің шыққан тегі Кіші жүз ішіндегі он екі ата Байұлының бір бұтағы – Адай. Адайдан Құдайке, одан Қосай тарағанда, Қосайдан Шалбар, Жаман Адай, Түрікмен Адай деп аталатын үш ата өрбіген. Соның түрікмен Адайынан Абыл күйші шыққан» [8, 270 б.], – делінеді күй тарихын зерттеуші ғалым А.Сейдімбектің «Күй шежіре» атты еңбегінде. Жазушы повестегі күйшінің атын атап, түсін түстеп жатудан әдейі бас тартқан сияқты. Өйткені тарихи тұлғаның бейнесін көркем шығармада тарихилық принциптілік фактісін қатаң сақтай білуі керек. Сондықтан жазушы Ә.Кекілбаев Абыл күйшіге байланысты айтылған аңыздың қажетті детальдарын ғана қолданған. «Күй» повесінде ХІХ ғасырдағы Үстірт үстіне тоқайласқан туысқан екі халықтың трагедиясы мен драмасы шынайылықпен көрініс тапқан.

Қолға түскен Адай күйшісінің тағдырын осындай қырғи-қабақ соғыстың шөлкез озбырлығы қиып кетеді. Повестегі бас кейіпкер Жөнейттің өз ары алдындағы істеген жауыздық қылықтарына жауап беру үшін, күйшінің «Қу бас» сүйегі – жазушының тыңнан тапқан шеберлік қыры. Жөнейттің соңғы тілегінің тілдесері де, мұңын бөлісері де – тек қу бас қана. Автор адам баласы санасының екіге қақ жарылу (двойственность) сәтін ойшылдықтың тереңіне сүңгітіп, ішкі монологтық сана тасқынының сезім иірімдерін шегіне жеткізуге суреттеген. «Қу бас» мотивінің көркем әдебиетте діни-мифологиялық сюжетке байланысты екендігін ғалым А.Жақсылықов былай көрсетеді: «Сюжетная основа произведения корнями восходит к христианским апокрифам (дастан). Вместе с тем нельзя не отметить, что сюжет беседы мудреца с черепом имеются и в даосских тестах, буддийских джатаках» [9, 259 б.]. Бұл сюжеттің өте ерте кезден-ақ данышпандар мен қу бастың диалогы түрінде орын алғандығын өмір мен өлім, фәни мен бақи, жақсылық пен жамандық туралы терең философиялық тартыстарынан туындағанын көрсетеді.

Мұсылман діни әлемінде қу бастың концепциясы басқаша мазмұнда баяндалады. Мұнда Алла-Тағаладан істеген күнәлі істеріне кешіріммен қарауына құлшылық ету, басын иіп күнәһарлықтан тазару философиясы алдыңғы кезекке қойылады. «Күй» повесінде күйшінің қу бас сүйегінің рөлі: «Бұған күйші керек. «Ә, солай ма еді?», – дегендей қу бас бұған шүңірейе қарайды. «Ендеше сол күйшінің басын жұтқан өзің емес пе?» – деп тісін ақситып, сақ-сақ күледі. Жөнейт мынау сұмдық елес айықсын деп көзін жұмып алады. Құлағына күңіренген үн келеді; сол бір үн сай-сүйегін сарқыратып, жан-жағынан қаумалап қоршап келеді. Азынаған айдала. Қу бастың ашылып қалған тесігіне жел кіріп, әлдеқандай ызың шығады. Күйші мынау ызыңған желге шыдап тұра алмай, жер астына кіріп кетіп, күңіреніп жатқандай» [4, 26 б.], – деп суреттеледі. Ә.Кекілбаев көркем прозада қу бастың рөлін жаңа мазмұнда, өзгеше бір стильдік реңкте, фобиялық қорқынышты күймен әсерлі етіп бейнелеген. Жөнейттің түсі арқылы берілсе де, қу бас реальдық болмысымен көрінеді. Жауыздықтан жазуыздық тудырып отырған Жөнейттің трагедиялық

тағдыры өліммен аяқталады. «Күй» повесіндегі аңыздық желілерді, мифтік сюжеттерді айтар ойына, идеялық мақсатына сай пайдалана білген.

Ә.Кекілбаев – қазақ көркем прозасында өзіндік қолтаңбасын, жазушылық шеберлігін танытқан қаламгер. Ә.Кекілбаевтың аңыздық сюжеттерді шығармашылықпен еркін пайдаланып, одан терең адамгершілік-философиялық ой түйдіріп, сол кезеңнің тарихи шындық бейнесін жасай білетін суреткерлік шеберлігі «Күй» повесінде жарқырап көрінген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бельгер Г., Ә. Кекілбаев. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. I. - 6-8 б.
2. Айтматов Ш., Ә. Кекілбаев. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. I. – 10-11 б.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 270 б.
4. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 400 б.
5. Сағындықұлы Б. Өз машайық // Қазақ әдебиеті. – 2000. – №28. – 14 шілде. – 11 б.
6. Бочаров А. Бесконечность поиска. – М.: Советский писатель, 1982. – 380 с.
7. Серікқалиев З. Ақ жол. – Алматы: Жазушы, 1999. – 464 б.
8. Сейдімбек А. Күй шежіре. – Алматы: Крамдс Яссауи, 1992. – 488 б.
9. Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы (типология, эстетика, генезис). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 422 с.

М. Дауылбай,

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистрі
(Қазақстан)*

Ғылыми жетекшісі – А.Е. Айтбаева, *Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

**Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ҮРКЕР» РОМАНЫНДАҒЫ
БӨКЕНБАЙ БАТЫР БЕЙНЕСІ**

Жалпы қазақ романдары мәселесін сөз еткенде біз қаламгерлеріміздің тарихи тақырыпқа көбірек қалам тербейтінін аңғарамыз. Бұл, әрине, түсінікті де, өйткені – кешегі кеңестік дәуірде өткен тарих бұрмаланып жатқанда шындықты кейінгіге жеткізудің бір жолы осы көркем әдебиет болғаны анық қой. Бұл

тұрғыдан қарағанда тарихи тақырыпқа жазылған қазақ романдары аса үлкен екі міндетті – тарихи шындықты, ел басынан өткен оқиғаларды кейінгі ұрпаққа шынайы жеткізу міндеті мен шығарма көркемдігін жүзеге асыру міндетін қоса атқарды деп айтуымыз керек. Бұл жағдай жазушыдан үлкен суреткерлік пен жүректілікті, батылдықты талап еткені хақ. Біз осы міндеттерді толық жүзеге асырған шығарма ретінде Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романын атаймыз.

Әдебиетіміздің өткеніне шолу жасар болсақ, қазақ әдебиеті тарихында XVIII ғасырда орын алған тарихи оқиғаларды, сол кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалардың ғұмырын арқау еткен шығармалар Ә.Кекілбаевтың жоғарыда біз айтып отырған романынан бұрын да жазылғаны белгілі. Тіпті, оқиғалар желісіне саралау жасар болсақ І.Есенберлиннің, С.Сматаевтың, Ә.Әлімжановтың, Қ.Жұмаділовтің тарихи романдары бір-бірімен сабақтасып та жатқан сияқты көрінеді. Алайда, кеңес дәуірінде дүниеге келген бұл туындылардың тынысын тарылтқан заманның қыспағы автор ойларының көп жағдайда жасырын қалуына әкеп соқтырды, не болмаса мүлдем айтуына мұрша бермегені баршаға аян.

Өткен ғасырлар оқиғаларына арналған, оның ішінде XVIII ғасырдағы тарихи жағдайды суреттеген романдардың көшбасшысы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының «Жанталас» романы болса, Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» романы, Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдары сол көштегі шоқтығы биік, белді туындылары деп есептеу қажет сияқты.

Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романы қазақ тарихының ең бір қиын да, қысқаланды тұсы, ауыр кезеңі XVIII ғасырдағы тарихи оқиғаларды арқау еткен шығарма. Кезең шындығының көркем бейнеленуі дегенге қатысты айтып өткеніміздей Ә.Кекілбаевтың бұл романынан бұрын да қазақ прозасында осы ғасырға қатысты романдар болды және қазақ әдебиеті дамуында, оның шежіресі мен тарихында жоғарыда аталатын дәуірдің шындығы І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясының «Жанталас» атты кітабында, С.Сматаев «Елім-ай» дилогиясында, Ә.Әлімжановтың «Жаушы», Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» атты шығармаларында көркем шындыққа айналған болатын. Бұлар қазақ әдебиеті тарихында қазақ ұлтының өміріндегі ең бір қиын, жолайырық кезеңді алғаш суреттеген, көпшілікке, қалың оқырманға сол кезеңнің шындығын көркем әдебиетте тұңғыш жеткізуге тырысқан шығармалар ретінде әдебиетіміздің алтын қорына енді.

XVIII ғасырдың өзінде де біраз батырларымыз, айталық Абылай хан, қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Ер Жәнібек, Есет батырлармен қатар аты айтылып, қазақ халқының мақтанышына айналған Наурызбай Құттымбетұлы (1706-1781), кейде шапырашты Наурызбай батыр атымен аталып жүрген баһадүріміздің ерен ерлігін де тарихи және ел ішінде ауызша таралып жүрген аңыз-әңгімелерден білеміз. Осы батырлардың да есімдері роман оқиғаларында әр түрлі сипатта көрініс береді.

Жоғарыдағыдай қиын кезеңнен кейін, үш жүзге сауын айтқан Әбілқайыр хан қазақ батырларының басын қосып, жоңғар шапқыншыларына төтеп беріп,

ұлы жеңістерге қол жеткізгені тарихи мәліметтер мен жыраулар толғаулары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған

Суреткердің адам жанының рухани ізгі қасиеттері мысалы мейірім, қайырымның ұлттық әдебиеттегі тамыр-тегі жаугершілік замандағы адамдар қарым-қатынасы арқылы берілген. Ел шетіне жау тиіп, тығырыққа тірелген сәттегі адамдар арасындағы қарым-қатынасты былайша суреттейді:

«Теңіздей толқып тұрған көк майса жотаның сауырына қызылды-жасылды кілем жайылды. Үш ұлыстың еркек кіндігі тайлы-таяғы қалмай түгел жыйылды. Хан Тәукені ортаға алып, мәжіліс бастады. Бұрын әркімнің аузында шала бықсып жүрген күмілжі әңгімелер жалпақ жиынның жария ортасына түсті. «Қап тауы асып кетейік» деп біреулер шықты. «Башқұрт пен жоңғардың қай әлсізін шауып алайық!» деп біреулері шуылдасты. «Бәрін қойып, қонтайшыға беріле салайық. Олар бізді бәрібір өрісімізден айырмайды. Ту сырты тыныш болғасын, ар жағындағы шүршіттермен жағаласып кетеді», – деп тағы біреулер өзеуресті. Бір-біріне дес бермей, шықшыттары шытынап, қызыл кеңірдек болды да қалды. Әліптің артын баққан Әбілқайыр оқтын-оқтын Бөкенбай жаққа көз тастайды. Бөкенбай батыр сары үйрек жыландай шұбар ала дойыр қамшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды» [1, 84 б.]. Қалмақтарға қарсы тиіп-қашты соғыспен қашанғы өміріміз өксімек, жоңғарға қарсы ұлы ғазуат соғысына шығайық дейтін сәт қашан тумақ? – дейтін отты сөз Бөкенбай сынды батырдың аузынан шығады. Романда даурығысқан қалың көптің бетін қайтарып аталы сөзге ұйыта білген батырлардың сөзі де, ісі де елдің ойынан шығады. Шын суреткер белгілі бір идеяны айту үшін характерлер мен образдар жүйесін таңдайды. Образдарды сомдаудағы характер диалектикасының дамуында тұлғаның таным-түсініктерінің орны ерекше. Бөкенбай – ханы мен қарашасы арқа сүйер шын батыр, халық батыры.

– Жамағат ! – деді қажыңқы дауыспен жайбарақат тіл қатып.

– Мынау ұры жортар қалың бытқылдың ортасына неге келіп отырмыз? Қазақтың қай заманнан бергі дау-дамайын кідіртіп келе жатқан киелі төрлердің бірі бұйырмай шағыр мен жүзген арасында бұқпантайлап бұл отырысымыз не отырыс? Жетіскендіктен ғой дейсіңдер ме? Тостағандай ала көз біраз маңдайды ызғарымен жалап ықтырып өтті.

– Бойымызда ең болмаса, ашыған қымыранның қышқылындай қыжыл болса, осы бір олақ қатынның ышқыр бауындай шұбалар да жатар кергіме дауды тоқтататын уақыттымыз жеткен жоқ па? Біз мұнда алшып алшымыздан түсіп мәсилат құрып, қырмызы бет қызыл сөздің тайтаңдаған тақымын қызықтап отырғанымызда ана жақта артта қалған қатын-балаға қалмақ ділгірлеп жатпағанына көзіміз қайдан жетеді? Қылышын белдеуіне байлап, найзасын шаңырағына шаншып, іргеде жау жатқанда мың керлігіміз буаз қыздың құдалығында қалың малға дауласқандай ұят әңгіме көрініп отыр маған...

– Ау, сонда не қыл демексің? – деп айқайлады бір-екі шыдамсыз қызыл көз.

Тәуке оларға «тыныш отырыңдар» дегендей иек қақты. Алая қарап тоқтап қалған Бөкенбай әңгімесін қайта жалғады.

– Еркек кісі екі жерде: «Не қыл дейсің?» деп сұрамас болар. Біреуі ата дұшпаның қамшысын үйіріп алдында тұрғанда, екіншісі ажарлы қатын төсегін салып, шамын сөндіріп қасыңда жатқанда.

Бұдан былай әрі ырғалып, бері ырғалатын уақыт жоқ. Қап тауына жеткенше: «Е, сендер келе жатыр екенсіңдер ғой, үстімізден баса көктеп өте қойындар!» деп қоғадай иіліп, қамыстай жапырылып құлдық ұша қояйын деп отырған көршілерді сендер көріп отырмасаңдар, мен көріп отырғаным жоқ. Көк сүңгілерін көкіректеріне тіреп алар әлі. Өз жерін жауға алдырып ,жаурап келе жатқан жалаң иін қазақтарға жып-жылы баспанасын оп-оңай бере салып башқұрттардың басына ат тепті деп пе едіңдер? Ормандай орыспен осы күнге дейін тайталасып келе жатқанда, борбайлап босып келе жатқан боз өкпе қазаққа жүрегі шыдамай, оларға не көрініпті? Қашып бара жатып төгетін қанды біз неге осы ата-мекенімізде ақтық деміміз таусылғанша шайқасып жүріп төкпейміз? Қыршын боздақтарымыздың төгілген қаны мен ата-бабаның әзіз моласын аттай қашқанда, ол жаққа барып көсегелеріңіз көгере қоятынын қайдан біліп отырсыңдар? Өз басым осы ата қонысымда мола боп қаламын. Бірақ тірлігімде күн шығыстан босып келе жатқан қазақты көрсем де, мейманасы бөсіп келе жатқан ойратты көрсем де, қанжарым сынғанша қарнап, найзам сынғанша шаншып бағам, – деп ашуға булықты да, қолын бір сілтеп отыра кетті»[1, 85 б.].

Жазушы осы жолдар арқылы башқұрт, орыс, қалмақ әскерінің жымысқы бейнесі мен тіміскі әрекеттерін қатар ашқан. Себебі, психологиялық баяндау адамның ішкі жан дүниесіне тереңдей еніп, оның ой-арманын, түрлі сезімін білдіріп қана қоймай, оны сол ішкі, тысқы қайшылығымен, адам ойына келе бермейтін ой-сезімі, іс-әрекет, т.б. қақтығыстарымен беруге бейім.

Қорыта айтқанда, жазушы бір ғана Бөкенбай батырдың әс-әрекеті арқылы Әбілқайыр маңындағы бірнеше батырлардың портретін шебер сомдаған, олардың ел мен жер үшін жанкешті ерліктерін ұрпаққа жеткізе білген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. Үркер. – Алматы: Жазушы, 1981.

Ф. Тілеулес,
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті
(Қазақстан)*

**Ғылыми жетекші – Р.С. Имаханбет, қазақ әдебиеті және
әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты**

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ» БАЯНДАМАСЫ ХАҚЫНДА

«Біздің заманымыз өткен заманның баласы, келер заманның атасы» деп айтып кеткен қазақ даласының марғасқа біртуар ұлы, қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттану ғылымының ұлттық негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының аяулы есімінің оралғанына 31 жыл болыпты. Ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де ғазиз жанның атын ардақтап, әруағын ұлықтауда кешегі тарих беттерінде қатталған «нақақтан қараланған» саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш Арыстарын күйзеле еске алып, келешекке толғана үлкен үмітпен қараймыз.

1998 жылы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференцияда сол тұстағы Мемлекет хатшысы, жазушы Әбіш Кекілбайұлының ұлық тұлғаға арнаған «Ұстаз ұлағаты» атты салтанатты сөзінің мәнісіне тереңнен бойлап, қаламгердің сөзімен айтсақ: *«кесекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ердің кемеңгерлігіне бір қанық болдық»* деп тамсана толғайды. Жазушының қаламынан өрбіген тарихи тұлғаға арналған ой-толғақтың желісіне тұлға келбетін сипаттауы қиюласа кеткені соншалық, тек демінді ішіңе терең тартып, қайта-қайта оқи бересіз.

Суреткердің сұлу тіркестерін бөліп-жару мүмкін еместей, мәселен: *«... Жиырмасыншы ғасыр адамзатты елеңдетіп, елегіздіріп кеткен заман болды. Келелі дамуға ұмтылғысы келген, өз мүдделері үшін аянып қалмай жанталасқан қоғам азды көпке, әлсізді күштіге біржолата жығып беру арқылы жаһандық жарастыққа тезірек жетуге асықты. Жалпақ адамзат әлі түгел мойындап үлгермеген бұл ақиқат арасында қазақ қауымы да бір тұяқ серпері сөзсіз еді. Дәл осы тұста ұлттық төл элитаның көсемдерінің табылғаны таңданарлық жайт болды. Тәуелкелге бел байламақ түгілі оны ойлаудың өзі ақымақтық болған тұста ауыл мұғалімінің қалай жүрегі тұрғанына таңғаласың. Бұл жағынан келгенде Ахмет Байтұрсынұлы тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ұлы тұлға»* [1, 52-б.].

«...Ахметті күрес жолына өзінің қайраткерлігіне қоса дәуірдің тарихи жағдайлары дайындады» дейді қаламгер қарапайым оқырманына қайраткердің тарих сахнасына қалай шыққанын баян ете келіп. Ол көрген өмірдің ауыртпашылықтары, патша өкіметінің отаршылдық қысымы ойлы жас

бойындағы халықтық қасиеттерді оятты. Патша шенеуніктерімен қақтығысқа келгені үшін әкесі Байтұрсын мен оның үлкен ағасы Ақтастың сотталып жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық-зомбылығы жас Ахметтің жүрегіне жара болып түсті. Осы жара ұлғая келе, оны күрес жолына дайындағаны да ақын туындыларынан көрінетінін «Анама хат» атты өлеңінен үзінді алып, талдай, талғай түседі. Мысалы,

«...Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам?!» [1, 56-б.].

Бұл өлең жолдары қаншама рет талай ғалым, талай ақынның жазбаларына арқау болды десеңізші! Бірақ, Ә.Кекілбайұлының баяндамасында басқаша өрнек тапқандай, адамға өзшеге әсер беріп, басқаша сезім сыйлайды. Жазушының пайымында *«азамат ақын сол дерттің халық басына түспеуін, одан азат болуын армандайды»*. Өлеңнен адамшылық пен азаматтықтың ақ туын жоғары ұстап, ел мүддесі үшін бар өмірін арнаған адамның биік идеалын анық танып, дөп басуға болатынын межелей әрі шегелей айтады.

«...Ұлт болудың қазақша жолын бала түзеуден, бала оқытудан басталатындығын ертерек ұғынып, сол мақсатқа әрекеттенуде тынбай жұмыстар атқарды» деп, ұлы күрескердің әрбір туындысынан төте ойды тура тауып, тілге тиек етеді, нақты әрі қарапайым жатық мысалдарды тізбелей, бүгінгіге үлге-өнеге ретінде ұсынады. *«...Ұлт тізгіні ұлттың өзіне тимей тұрып, ұлттық даму жүзеге аспайтынына көзі жетті. Ендігі көзделген мақсат біреу, ол ұлттың оянуына жағдай жасау. Нені бастап, нені қолға алса да сол өзек күйдірген арманына жетуге асыққан»* Ахметті арымен ұлтына жұмыс істеген деп дәріптейді. Ұлт көсемінің әрбір ісін көзбен көріп, ойын жүрекпен ұққандай, бүгінгінің әрі ертеңгі ұрпақтың санасынан құйғандай себелейді суреткер [1, 62-б.].

Жазушы баяндамасының өн-бойында қаламгердің жорғалай тербелген қаламымен бірге, Ахмет ағартушының үні құлағына келгендей күй кешесің. Мәселен, осынау қанатты сөздің дәуір үніне айналғаны даусыз: *«...Ұлт жұмысы үлкен жұмыс. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға күш керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!»* дейді. Ғасырдан ғасырға озатын, ұлт намысын жанитын айшық екеніне ешкім де дау келтіре алмасы анық.

Иә, *«осы келелі істер жолының қай-қай бастамасында да Ахмет Байтұрсынұлы үлкен беделге ие болды»* дейді жазушы. Әдебиетіміз бен мәдениетімізді қайта жандандыруда, қайта қалыптастыруда зор жанкештілікке де барды. «Бұның бәрі не үшін істелді? Өз басын қатерге тіккендегі мақсат-

мүддесі не еді?» деген сауалдарға бөле-жара, шегелей жауапты мігірлеп, ұрпақ жадына жатталғандай етіп жазыпты қарымы зор қаламгер. «...Сөйтсе, мұның өз себебі де бар болып шықты: Адамдық диқаншысы болып, қараңғы халқына жарық нұрын шашуға ұмтылыпты, ертеңгі өркеннің жайқалып өсіп, айналасына пайдалысын берерін көздепті. Ал сол уақытта өзімен үзеңгілес, қазақ атын жамылған «көк есектер» ұлтын сатып, арынан айырылып, мансап пен майшелпекке ұмтылысты көздеді. Ал, Ахмет ата ше?» дейді өз қаламының сиясына тұншығардай алқынып, ары қарай тағы жауабын нығырлай бүтінгінің оқушысы ғана емес, ертеңгі де іздеп, қазып оқитынына қашағандай түйдек толғағын түйрей түседі [1, 63-б.].

«...Осындай халқы үшін қара басын қатерге тіккен азаматтың келелі істерін жалғыз өзі шыр айқайлап жүріп, тынбай тіршілік қылғанына таңдасбасқа лажың бар ма?» деп бір қайырады таңданысын [1, 63-б.]. Онан кейін келелі ойын кескекті тұлғаға: «...Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы күллі адамзаттың даму үрдісі түбегейлі өзгеріп жатқан тұста қазақ халқына басқалардан өзгеше заман болмайтынын ескертіпті» деп, ағартушыға деген көңіл ыразышылығын қаламымен ескерткіш тұрғызғандай қалапты қаламгер [1, 64-б.].

Мұнысына місе тұтпағандай: «...Ахмет Байтұрсынұлы өз арманы жолында арыстанның аузына түсуден де тайсалмады, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етуге ғана тырысты. Патша кезінде де жан аямай қолға алған ағартушылық реформаны жаңа жағдайда жалғастыра беруге тырысты. Ұлттық оқу-білім, мәдениет, өркениетті дамыту ісіне бел жазбай кірісті» деп, тастүлек ұлдың өлермен жұмысының өрнексіз қалмағанын, бүтінгінің білдей бір институты атқара алмай жүрген жұмысты, жалғыз өзі тындырғанын тасқа таңба басқандай баяндайды [1, 66-б.].

Мақаланы ғылыми жетекші Райхан Сахыбекқызының ұлт ұстазының ғұмыр жолына арналған «Ғасыр саңлағы...» атты монографиясының бірінші тарауының қорытындысы ретінде берілетін аңдату сөзімен түйіндегенде жөн көрдім: «Ұлы тағдырларды ұлан-ғайыр тарих кеңестігінің ұшан қиырларына үңіліп барып, ұғына аласың... «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» дейді де онысын былайша таратады: «Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті десер. Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай үйренші үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық

мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді» дейді.

Жазушы Әбіш Кекілбайұлы қайраткердің ешқандай атланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген, көрген. ...Басының тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына түрткі болған «теңдессіз тарихи тұлға» деп бағалайды, ұлт ұстазының ұлағатына тамсана отырып, оны ұрпақтар үлгі алатын «тағылым мектебі» деп пір тұтады. Мұнан шығар қорытынды тарихи тұлғаның есімі ортамызға оралған бері қаншама сүбелі еңбектің жазылғаны. Зерттеулердің қайсысы болмасын, ғалымның қайраткерлігі мен шығармашылық мұрасын жекелеген тақырып аясында талдау, не жалпылама түрде шолу жасаумен шектеліп қана қоймай, бүгінгі тәуелсіз кезеңдегі әдебиетпен, не мәдениетпен байланыстыра қарастырады. Бұл дегеніміз ғалым гибратының ұрпақтан ұрпаққа жалғасты алтын көпір екендігінің дәлелі. Яғни, Әбішше толғансақ, «...кесекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер, кемеңгердің» мәңгі келбетін көреміз» [2, 143-б.].

Әбіш Кекілбайұлының баянынан кейінгі Алаш Арыстары туралы пайымымызды сана таразысына салып, көп дүниені басқа қырынан ұғынғанымыз анық. Өз тарапымыздан қосарымыз, өзім сықылды жастардың танымында: «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман қайраткер. Қайталанбас әрі теңдессіз тұлға! Ол – қазақ ұлтының қалыптасу тарихындағы түрлі кезеңдегі қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ақиық ағартушы».

Тәуелсіздігіміздің ақ таңы арайлап атқан шақта ұлыларымыздың есімін ұлықтап, олар салған сара жолдан адаспай, ел мұраты үшін, ұлт болашағы үшін қызмет қылуға ұмтыларымыз хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы / Жауапты ред. Е Жанпейісов. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б. – Б. 52-66.

2. Имаханбет Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде): монография. – Астана: Педагогика Пресс, 2010. – 304 б.

А. Болатқызы,
*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің студенті
(Қазақстан)*

Ғылыми жетекшісі – А.Е. Айтбаева, *Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті,
филология ылымдарының кандидаты*

Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ «БІР ШӨКІМ БҰЛТ» ПОВЕСІНДЕГІ АҚҚАЙМАҚ БЕЙНЕСІ

Ә.Кекілбаевтың прозасы өмір құбылыстарына, адам тағдырына ойлы көзбен, парасат пайыммен қарауға талпындырады, жетелейді. Өткен мен бүгінгінің ажырамас, диалектикалық бірлігін тереңірек түсінуге ықпал етеді. Әр шығармасын оқып отырып, өз өміріңнің картиналары көз алдында өтіп жатқандай күй кешесің. «Бір шөкім бұлт» – Кекілбаевтың тырнақ алды туындысы, алғашқы өзін танытқан қолтаңбасы, «алуан қырлы, сансыз жұмбақ сырлы, алымы мол, асуы көп жанрадағы тұңғыш балаң дүниесі».

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өмірі қиян бір шеттегі қазақ ауылы өмірі, қазақ әйелдерінің, қарттар мен мүгедектердің құм қойнауындағы жанқиярлық тіршілігін жазушының «Бір шөкім бұлт» хикаясынан көреміз. Талантты жазушы шығармашылық жолының бастау шағынан-ақ, әдебиеттегі белең алған өмір көріністерінің сұрқай жағын суреттеуден гөрі, жүрек жылуы мол, жанашыр қайырымы мен рақым-шапағаттары сатусыз келетін жандардың тіршілігін бейнелеуді мақсат тұтқан [1, 242 б.].

Кекілбаев әңгімелері көбіне ежелгі аңыз-әңгімелер мен халықтың басынан өткен тарихи оқиғаларға құрылып, өмірде бар прототип арқылы беріледі. Сондай шығармасының бірі «Бір шөкім бұлт». Бұл шағын ғана повесть алғаш рет 1964 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланып, кейіннен «Бір шөкім бұлт» атты алғашқы прозалық жинағы болып 1966 жылы жарық көрген.

Сағат Әшімбаев «Салиқалы сөз, соны іс» мақаласында: «Жинақтағы басты тұлға соғыс жылдарындағы оқиғалар негізінде жазылған. Оның объектісінде, яғни тақырыптық шеңберінде қиын-қыстау, қысылшаң шақ, кірпіктеріне қан қатқан алапат соғыс уақытысындағы шалғай шеттегі қарапайым қазақ аулының өмір шындықтары адамдар арасындағы достық қарым-қатынас, бауырмалдық, жарқын қасиеттер сөз болады. Анығырақ айтсақ, қотандағы қойлары қатар жамырап, иттеріне дейін ырылдаспаған. Повестің бір ерекшелігі қарапайымдылығында, жай емес, көркем қарапайымдылығында» [2, 206 б.]. Шындығында шығарма арасына сыймай жатқан дау-дамай, талас-тартыс, шытырман шиеленіс, конфликт жоқ. Оқиға біртіндеп дамып өрбиді. Оқиға дамуында ойға орамсыз, логикаға қайшы жәйттер бой көрсетпейді. Повестке

өзек болған сюжеттік ситуация өмір шындығынан алынған. Композициялық құрылымындағы ішкі-сыртқы гармониялық тұтастық толықтай сақталған.

Расымен де повесть түсінікті, оқырманның оқуына жеңіл. Автордың негізгі идеясы – бір шөкім бұлттай шағын отбасының соғыс салған жарадан кейінгі тағдырлары реалистікпен суреттелген. Соғысқа кеткен әке, арқа сүйер азамат, жар, бала. Олардың қайта оралмауы. Ауылға келген қара қағаздың кейіпкерлер көңіліне қаяу салуы, бәрі де адамға психологиялық түрде әсер етеді. Мүмкін, бұнда талан-тараж, алауыздық, атыс-шабуыл мен талас-тартыс жоқ та шығар. Бірақ, ананың, баланың көңіліне түскен сызат, қаяу бұлардан асып түсетіндей. «Жаңылсын Түсіптің «Ожаннан қара қағаз келді» дегенде, көзі ұясынан шығып кете жаздап, көзіне жас та ала алмады. «Соғыстың өлімі осылай тосын келіп, тосын күйретіп кетеді екен. Жаңылсын осыдан қайтып, көңілі әбден жығылып, бір жола жүнжіп кетті. Қазір отыра қап ойға батады. Ауылға келген қара қағазды санап отырса, аман-есен елге оралды-ау дейтін азамат тіптен аз. Түтін түтеткеннің қара қағаз алмағаны кем де кем. Сонда күні кеше Қаратау жаңғырыққанша қарқылдап күліп, алшаң басып жүрген азаматтарсыз мына тірлік не болмақ? Хиссаның алып жалмауыздары да бұнша басты жұтпаған шығар? Сонда бұл не қылған апат?» [3]. Бұл хабар, Жаңылсынды күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айырып, ақыры өлімге апарды. Осыдан кейін де қабырға қайыстырар трагедиялық өткір драмалық шиеленіске толы өмір эпизодтары көз алдыңнан өтіп жатады. Бұл тек Жаңылсынның басына түскен тауқымет емес, бүкіл ауылды азаматынан айырған зұлмат соғыстың тауқыметі. Шығармадағы Аққаймақ пен Шайзаданың өзіндік ішкі жан дүниелері, мінез ерекшеліктерін, сыртқы бітім-болмыстарын қазақ әйелдеріне тән парасат пен пайымды, төзімділікті, ақылдылық пен ұятты ұялатқан ары таза жандар бейнесін берудегі жазушы шеберлігі тым өзгеше.

Аққаймақ мектеп бітіріп, бой жетеді. Мектепте мұғалім болып, қызмет етеді. Қалаға оқуға кеткен ғашығы Қаржауды, оқудан әрі соғысқа алып кеткен. Әкесінен айырылып, жетімдіктің дәмін татқан Аққаймақты тағдыр аямайды, соғыс енді Қаржауды да мерт қылады. «Капитан Қаржау Құттымұмов Отан үшін аса пайдалы қиын тапсырманы орындап, ерлікпен қаза тапты» – деген қара қағаз Аққаймақтың қолына да жетеді. «Қаржау өмірі келте ғұмырдай шолтаң еткен жалғыз сөйлем болып ауылға жетті. Ал, осы шын мәнінде 1945 жылы 7 майда Берлиндегі ақырғы ұрыстардың бірінде штабқа кетіп бара жатқан жерінде қарсы алдынан тақылдай жөнелген пулемет оғынан шөк етіп отыра кеткенде Қаржаудан қан-қан қып санитарлар жерден көтеріп алған сәтте таусылған екен...» [3]. Аққаймақ қатал тағдырдың қатыгездігіне бас имеген өршіл мінезді, өмірге барынша ғашық оптимист жан.

Повестегі Шайзаданың нұрлы бейнесі де оқушы ойында «жаулығы қарқарадай» болып қалары сөзсіз. «Шайзаданың түсіне жаман түс кіреді. «Бұл қара қабақтың желкесінде тезек теріп жүр екен. Бір төбеден қылт етіп әлі танкі деген пәлесі шыға келді. Көрген бойда соңынан салып берді. Өзінде үн жоқ.

Астындағы ирелеңдеген темірі буыршын түйенің тіс қайрағанындай шықыршықыр етеді. Жетіп қалды. Енді құтыла алмайтын болған соң бұл етпетінен түсіп жата кетті. Танкісі тоқтар емес. Бұнның сүйек-сүйегін сытырлата сындырып жон арқасына шығып барады. Баж ете қалды. Шошынып оянды» [3]. Байқайсыз ба, сұрапыл соғыс тіпті адамның миына кіріп, улап, одан түсінде көріп, шошып оянардай жағдайға жеткізеді. Сонымен бірге Тағы бір мысал: аулыдың ақсақалдары соғыста қаза тапқан ауыл азаматтарын еске алып: «Атамекен», ата-су болатыны сияқты, ата қауым да болады екен. Күні кеше соғыста өлгендер жарық дүниемен қоштасып жатқанда, кімнің көз алдына не елестеп, әркім өзі үшін ең аяулы нәрсені еске алғанда, біздің ауылдың талай жігітінің көз алдына тап сол жермен-жексен ескі мола көрініп, «Дүние-ай, соның кебір топырағына да жеткізбедің-ау», – деп налымағанына кім кепіл, тірі адам ет жақын, ниет жақынынан жылы сөз дәметсе, өлген адам ыстық көз жасын дәмететін шығар», – деген ақсақалдардың жоқтауы соғыстың кесірі. Егер, осы соғыс болмаса, ауыл қарттары боздақтарын, азаматтарын жоқтап, еңірет ме еді? Қу соғысқа қарғыс айтқаннан басқа қолдан келер шара жоқ.

Қанша жерден барлық қиыншылық атаулыны тағдыр тартысы, заманның зұлматына жатқызсақ та, қаламгер Кекілбаев кейіпкерлерінің бойында адалдықты, парасаттылықты, тазалықты әдемі сақтап жазған. Олардың ешқайсысын ластамаған. Кейіпкерлерінің бәрі таза. Жеңісті жақындату үшін бар күш жігерін аямайды. Сексеннен асқан сіңір қара шал Досан ауыл тіршілігін танбай істеп, көпке көмектесіп, соғысқа кеткен баласын зарығып күтіп отырмай, еңбек етуі, соғыс басталғалы ылғи қиын жұмыста жүріп қалған Шайзаданың әуелі колхоз орталығындағы күйбең-күйбең жұмысты мүсе тұтпай, Ержанмен бірге соқаның басын ұстап жер жыртуы, Орскіге етке қой айдап баруы, Оңдыға бір ай егін суаруы, Аққуыс-Шөжікке үш ай пішен шаба барғаны әйел адамының үлкен ерлігі. Аққаймақтың мектепте оқушыларға сабақ беріп, одан қалды екі үйдің шаруасы, соғыстағыларға анасымен қолғап, киімдер тоқып салып жіберетіні шығарма кейіпкерлеріне адами құндылықтарды жинақтай білуі жазушының шеберлігі.

«Бір шөкім бұлт», «Бір түп жиде», «Бір уыс топырақ» бұлардың барлығының «бір шөкім, бір түп, бір уыс» болып аталуының өз мәнісі бар сияқты. Мүмкін, кішкентай аз нәрсенің қадіріні біл деп, адамаға ғибрат беріп жатқан шығар. Көптің қадіріне жету үшін аздың қадірін білу керек дегендей.

Шығармада тақырыптың болмысын ашатын мынадай үзінді бар: «Дөң үсті құрғақ еді. Ойда кешелі-бұрын жауын болыпты. Күшті қара нөсер құйып өткен-ау. Қарғын жүріп, жол бойын тіліп тастапты. Аспанның да жақында ғана ашылған түрі бар. Манадан бері шоқы-шоқының арасынан шеті қылтиып тұрған шөкім-шөкім бұлттар түс ауа ыдырап көше бастады. Алдарындағы шидің ішіндегі төрт-бес үйлі кішкене ауылдың үстінен де бір көлеңке бері жылжып келеді. Аққаймақтың екі көзі шеткі үйде. Көлеңкеде төрт-бес баланың ортасында Тайбағар отыр. Қолында гармоны. Әлгі жылжып келе жатқан

көлеңке бұған да жетті. Айнала ап-ашық. Тек бұның үстінде ғана бір шөкім бұлт тұр. Әлгі жылжып Аққаймақтың үстіне төнген бір шөкім бұлт әр түрлі сыр шертетін тәрізді» [3].

Кемпірқосақ тек жауыннан кейін шығатынын ұмытпа. Аққаймақтың басына төнген бір шөкім ғана бұлт ұзақ тұрмайды. Ол көшпелі. Одан кейін аспанда қанша жауын жауып, қанша бұлттар көшіп, қанша ашық аспаннан сәулелі күн шығары белгілі. Сондықтан бір жамандықтың да артында бір жақсылығы болатынын еске салғандай.

Автор повестің басында: «Анау бір жылдары маңдайымыздан сипаған мейірбан жеңгелер, бұны сіздерге еншіледім. Әлі күнге көңілімнің бір түкпірінен сығалап тұрған, жадау иін, жыртық өкпе болса да, айрықша аяулы балалық шағым, бұл – саған ескерткіш», – деп жазуы бекер емес. Себебі, шығармадағы кейіпкерлер өмірде болған адамдар, адам басынан өткен замана шындығы. «Бір шөкім бұлт» – бұл символды ұғым. Сұңғыла суреткер көктің бетіндегі ақбауыр бұлттың мәніне барып, оның бір үзігін адам тағдырымен байланыстыра отырып, бір адамның басындағы қасірет арқылы мыңның басынан өткен тағдырды меңзейді. Жазушының «Бір уыс топырақ», «Бір шөкім бұлт» дейтін кітаптарының өзі халықтық дүниетанымның айқын сипаты болып табылады. «Бір шөкім бұлт» – Ұлы Отан соғысы атты зұлматтың әр әйелдің басына түскен ауыр қасіреттің бір ғана сипаты болса, «Бір уыс топырақ» қан майданда қан кешіп, бір уыс туған топырағы бұйырмаған есіл ерлерге қаламгердің көз майын тауысқан қара сөзінің құдіретімен салынған бір уыс топырақты меңзейді.

Жазушының «Бір шөкім бұлт» әңгімесі өзінің атауынан бастап-ақ, образды ойға, терең тағлымға құрылғандығы аңғарылады. Шығарма оқиғасы Ұлы Отан соғысы тұсындағы тылдағы ауыл өмірінің тыныс-тіршілігін танытып, сол заманның шындығын бүгінгі оқырманның көз алдына мөлдіретіп әкеледі. Жас өскін балалық шағын соғыс зұлматы ұрлаған көп баланың бірі ретінде суреткердің де бұл тақырыпқа баруы тегін емес. Себебі, қалам тартқан алғашқы шақтарындасол санасына салмақ түсірген, әлі өшпеген естелігін көркем дүниеге айналдырды. Сондай әйел, ана бейнесін сомдауда өзіндік айшығын танытты.

Жазушы **Жеңге образы** арқылы қазақтың әйелге құрметі мен дәстүрлі санасын қайта жаңғыртқан. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі мен түрлі адамдардың тағдырын көрсеткен. Айта кетерлік жайт, шығарманың кейіпкер атынан, бірінші жақтан баяндалуы «Бір шөкім бұлттың» лирикалық сипатын арттырса, екінші жағынан шығармадағы баяндалар оқиғаның өмір шындығымен тығыз байланысын танытады. Шығармадағы баяндау психологиялық пейзажбен қатар өріліп, баяндалып отырған кезеңмен оқырман арасын жақындата түседі. Соғыс кезіндегі тылдағы адамдардың басынан өтіп жатқан түрлі оқиғаларды кейіпкерінің ойы арқылы салмақтап, ауыр еңбек пен қайғы-қасіреттің салмағын көрсете отырып, адамдар арасындағы

кейбір пендеуи мінездердің де бір қырын ашып тастайды. Оқырман баяндалып отырған кезеңнің санаға салған салмағын безбендегенде жазушы кейіпкерінің қай-қайсына да кешіріммен, түсіністікпен қарайды. Қорыта айтқанда, жазушының әр шығармасында адам жанына рухани азық боларлық сөз құдіреті, оқырманына рухани сезім сыйлайтын сәттер мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбайұлы Ә. Қаламгер. Қайраткер. Саясаткер. – Алматы: Ана тілі, 2009. // Әшімбаев С. Салиқалы сөз, соны іс. – 151 б.
2. Кекілбайұлы Ә. Шығармалары. Т. 1. Бір шөкім бұлт. – Алматы: Жазушы, 1989. – 397 б.

3-СЕКЦИЯ
ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ
ГУМАНИТАРНОЙ НАУКИ

Ercan Alkaya,
Fırat Üniversitesi İnsani ve Sosyal Bilimler Fakültesi
Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü,
Doctor of Philological Sciences, Professor
(Turkey)

İKİ DİLLİLİK VE RUSÇADAN TATAR TÜRKÇESİNE
GEÇEN KAVRAM TERCÜMELERİ

Summary. Translation of concepts is one of the aspects occurring as a result of relationships among languages. In this study, concept translations borrowed from Russian language by Kazan Tatar Turks who are bilingual Turkic clan were investigated. The words used in colloquial language were especially searched and classified under several titles. In this context, it was stressed how Russian language affected Tatar Turkish and the process of concept translations were searched.

İnsanların bir arada yaşama zorunluluğu, dil ilişkilerinin temelini oluşturur. Farklı dillere sahip olan insanlar, bir arada yaşamak zorunda kalınca veya çeşitli sebeplerle münasebette bulununca karşılıklı olarak dilleri birbirinden etkilenir. Geçmişteki savaşlar, göçler, kültürel etkileşimler, aynı medeniyete dahil olma gibi sebeplerle birlikte günümüzdeki teknolojik gelişmelere bağlı olarak iletişim araçlarının yaygınlaşması dil ilişkilerini hızlandırmıştır.

Başka dillerden etkilenmeyen, tamamen saf halde bulunan bir dilin varlığı düşünülemez. Her dilin bünyesinde, mutlaka başka dillerden alınmış unsurlar görülür. Her milletin dili; ekonomik, kültürel, siyasi, askeri münasebetler ve teknolojik etkilerle yeni düşünceler, kavramlar ve kazanımlar kabul eder. Malum olduğu üzere bu bağlamda Avrupa dilleri Latince, Türkçe de Arapça ve Farsçadan önemli ölçüde etkilenmiştir.

İki dillilik (bilingualism), insanın çeşitli sebeplerle ve değişik şartlar altında birden fazla dili edinmesi, kullanması veya ikinci bir dili ana diline yakın düzeyde öğrenmesi olarak tanımlanmaktadır. ¹ Türkçe Sözlük'te de iki dillilik "1. İki ayrı dile sahip olma veya iki ayrı dili okuyup yazma gücünde ve becerisinde olma. 2. İki dilin bir arada konuşulduğu bölge veya ülke" ² şeklinde açıklanmaktadır.

¹ Doğan Aksan, Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim, 3. C., TDK Yay., Ankara 1998, s. 26.
² *Türkçe Sözlük*, 10. Baskı, TDK Yay., Ankara 2005, s. 947.

Bir insanın iki dilli olarak yetişmesi, özellikle başka milletlerden, ana dilleri farklı ana babaların çocuklarında görülmekte; ayrıca, yabancı ülkelerde çok uzun süre o ülke halkıyla sıkı ilişkiler içinde yaşayanlarda, iyi bir yabancı dil öğrenimi görerek bunu uygulama imkânı bulanlarda, herhangi bir yerdeki azınlıkların dilinde, resmi dili aynı olan ülkelerde, kısacası, birden fazla dilin öğrenilip kullanılması durumunda ortaya çıkmaktadır.³

Dilbilimci ve ruhbilimciler, iki dillilikte her zaman için dillerden birinin ana dili olduğunu, bunun, çocuğun bilinçaltına indiğini belirtmektedirler.⁴

Türk dünyasının tamamı göz önüne alındığında, bugün dünya Türklüğü içinde Türkiye Türklerinin dışında, diğer Türk boylarının tamamının iki dilli olduğu görülmektedir. Dünya üzerindeki Türkler, kendi ana dillerinin yanı sıra, yaşadıkları yerlere bağlı olarak, Rusça, Arapça, Farsça, Çince, Bulgarca, Yunanca, Sırpça, Almanca, Fransızca, İngilizce gibi bir dili, ikinci dil olarak kullanmaktadırlar. Bu durum da bu bölgelerdeki Türkçeyi daha çok yabancı dillerin tesirine maruz bırakmakta, hatta Türkçenin zamanla ikinci plana atılmasına yol açmaktadır.

Bugün merkez olarak Tataristan Özerk Cumhuriyeti'nde ve İdil-Ural Bölgesinde yaşayan Tatar Türkleri de iki dilli bir Türk boyu durumundadır. Ortak İslam medeniyeti içinde yer almasından dolayı bünyesinde pek çok Arapça ve Farsça unsur bulunduran Tatar Türkçesinin en çok etkilendiği dil ise Rusçadır. 1552 yılında Rusya'nın hâkimiyeti altına giren Tatar Türklüğü, beş yüz yıla yaklaşan bir zaman diliminde Rusçadan önemli ölçüde etkilenmiştir. Dolayısıyla bugün Rusya Federasyonu'nda yaşayan her Tatar Türk'ü aynı zamanda iki dillidir.

Tataristan'daki iki dillilik, daha çok Rusça lehine işlemekte ve Tatar Türkçesini saf dışı bırakmaktadır. İki dilli kişi aslında ana dilini daha iyi bilen ve diğer dille düşüncelerini ifade ederken zorlanan ve bu sebeple bazı kavramları kendi dilinden tercüme eden kişidir. Fakat Tatar Türklerinde bu durum tersine işlemektedir. İki dilli (Tatar Türkçesi-Rusça) olan Tatar Türk'ü, Tatar Türkçesiyle konuşup yazarken çoğunlukla söyleyeceklerini Rusça düşünüp aktarmaktadır. Bu durum, Rusçanın bütün Rusya coğrafyasının ortak anlaşma dili olmasından ve daha çok kullanım alanı bulmasından kaynaklanmaktadır. Rusçanın faydalı dil olarak görülmesi, Tatar Türkçesinin eve hapsedilmesi ve yine dilde ortaya çıkan her yeni kavramın önce Rusça olarak ifade edilmesi bu duruma yol açmaktadır.

Özellikle şehirlerde Rusçanın güçlü etkisinden dolayı, ortak mekânlarda Tatar Türkçesinin pek kullanılmadığını, kullanılan Tatar Türkçesinin de Rusçanın etkisinde olduğunu söyleyebiliriz. “Alsu belen kayçan gvarit ittën? (Rus. gvarit: konuşmak)” Yarar min ana zvanit itermin (Rus. zvanit: telefon açmak)”, “Ul minëm drug (Rus. drug: arkadaş, dost)”, “Sin biznin öçën sami glavni kışë (Rus. sami glavni: en önemli)” gibi cümlelere rastlamak mümkündür. Şehirlerde genç nesil içinde Tatar Türkçesini doğru konuşabilen insanlara kolay kolay rastlanmamaktadır. Biriyle Tatar Türkçesi konuşmaya çalıştığınızda ya size çok bozuk bir Tatar Türkçesiyle

3 Doğan Aksan, *age.*, s. 26.

4 Doğan Aksan, *age.*, s. 26.

cevap vermekte ya da Tatar Türkçesini az bildiğinden/bilmediğinden Rusça iletişim kurmaktadır. Kısacası Tataristan'da iki dillilik (Tatar Türkçesi-Rusça), tek dilliliğe doğru (Rusça) gitmektedir.

Diller arası ilişkide alıntının yönü, genellikle, üst kültürden alt kültüre, yönetenden yönetilene, merkezden taşraya, üretenden tüketene doğrudur. Bu esaslar içinde alıntıları kaynakları bakımından üç bölüme ayırmak mümkündür.

Ödünç Kelimeler: Daha çok aynı dil ailesi ya da aynı dilin çeşitli katmanları arasındaki iç alıntılardır. Bu tür alıntılarda alınan kelimeler ses, şekil ve anlam yönünden hiçbir değişikliğe uğramazlar. Dillerin beslendiği bu kaynaklar “dillerin hayat damarları” olarak değerlendirilir.

Melez Kelimeler: Bunlara dış alıntılar denir. Alıntıların en yaygın biçimidir. Daha çok ses yapısı ve anlam örgüsü farklı olan diller arasında görülür. Bu tür alıntılarda, alınan kelimelerin ses ve anlam yapılarında değişiklikler olur; genellikle alıcı dil onu kendi yapısına uydurur: *narduban* > *merdiven*, *skala* > *iskele*, *tabar* > *tovar* gibi.

Anlam Aktarması: Bu tür alıntılarda, kelimenin ses ve kuruluş yapısı alıcı dilden, anlamı ise verici dilin anlam örgüsünden kopyalanır: *eisberg* > *buz dağı*, *edition critique* > *tenkitli basım*, *wireless* > *telsiz* gibi ⁵.

Bir dilde bulunan yabancı unsurlar ses ve kelime düzeyinde kaldığı zaman çok büyük tehlike arz etmez. Zamanla bu yabancı unsurlar dilden atılabilir. Fakat başka dillerden alınan gramer unsurları ve anlam aktarmaları/kavram tercümelere zamanla alıcı dilin mantığını, işleyişini, özgün kimliğini bozar ve bu unsurların dilde çok yerleşmesi halinde sonunda alıcı dil ortadan kalkabilir. Bugün Türkiye Türkçesinde kullanılan “çay almak”, “duş almak”, *durak yapmak*” ⁶ gibi ifadeler, yapı Türkçe gibi görünse de, Batı dillerinden Türkçeye geçen kavram tercümelere dir.

Dil ilişkilerine bağlı olarak yukarıda başlıkları verilen hususlarda bir dil diğerinden ses, sözcük, ek ve anlamlar alabilir. Ancak biz burada daha çok günümüz Tatar Türkçesinde günlük dilde kullanılan kalıp ifadeler, ilişki sözleri ve soru kalıplarının kullanımında görülen “anlam” ya da “kavram” aktarmaları/tercümelere adı verilen alıntılar üzerinde durmak itiyoruz. Ele aldığımız örneklerde yapı Türkçe gibi görünse de mantık ve işleyiş Rusçadır.

Alıcı diller kendi kavram dünyalarında olmayan unsurları, başka toplumların hayatında ve dilinde var olan bazı kavramları, dil yoluyla aktarırlar. Bu aktarmada kavram kaynak dilden söz/ses karşılığı ise alıcı dilden olur. Dil göstergelerinin iki yanı vardır. Bunlardan biri gösteren diğere ise gösterilendir. Gösteren daha çok ses ya da yazı ile temsil edilir. Gösterilen ise gösterenin karşıladığı, temsil ettiği şeydir. Kavram tercümelereinde gösterilen kaynak dilden alınır, gösteren ise alıcı dilin unsurlarıyla karşılanır. Bu tür aktarımlardaki yabancılik dışarıdan fark edilemediği için, adeta bedeni alıcı dilden, ruhu başka dilden karma bir yapı ortaya çıkar ⁷.

⁵ Günay Karaağaç, *Dil, Tarih ve İnsan*, Akçağ Yay., Ankara 2002, s. 103-106.

⁶ Ahmet Buran, “*Yabancı Diller Karşısında Türkçe*”, *Türk Yurdu*, Şubat-Mart 2001, C. 21, S. 162-163, s. 81-82.

⁷ Ahmet Buran, “*Dil İlişkileri ve Kavram Tercümelere Üzerine Bir Değerlendirme*”, XII. Uluslararası KI-BATEK Edebiyat Şöleni (Bakü-AZERBAYCAN, 10-17 Mayıs 2006)’ne sunulan bildiri, s. 4-5.

Doğan Aksan'ın dil ilişkileri içinde “tam çevirme sözcükler” diye adlandırdığı anlam aktarmaları/kavram tercümelemleri, yabancı bir dildeki kelimelerin her üyesinin, aslına uygun olarak alıcı dildeki karşılıklarıyla çevrilmesi sonucunda ortaya çıkar. Meselâ, Türkçedeki “yüz suyu dökmek” deyimini Farsçadaki “ab-ı ruy rihten” deyiminin birebir aktarılmasından doğmuştur. Yine “ölü mevsim” Fransızca “morte saison”dan; kapak kızı (cover girl), kurbağa adam (frogman), yuvarlak masa toplantısı (round table meeting) gibi ifadeler ise İngilizceden Türkçeye birebir aktarılan kavram tercümelemleridir.⁸

Belli bir dönem yönetimi, merkezi ve üst kültürü temsil eden Rusça, sosyo-psi-kolojik ve siyasal nedenlerle Tatar Türkçesine çok sayıda söz ve önemli ölçüde kavram tercümelemleri vermiştir. Dolayısıyla Tatar Türkçesi Rusçadan önemli ölçüde kavram tercümelemleri yapmıştır. Bugün Tatar Türkçesinde kullanımı görülen “tormış utı (hayat ateşi)” Rusça “ogon jizni”den; “yalkınlı mexebbet (ateşli aşk), “plamennaya lyubov”dan; “azatlık koyaşı (özgürlük güneşi)”, “solntse svobodı”dan; “duslık kuyaşı (dostluk güneşi), “solntse drujbı”dan birebir kavram tercümesidir.⁹

Tatar Türkçesindeki günlük konuşma dilindeki ifadelerde, ilişki sözlerinde ve soru kalıplarında Rusçanın etkisi sezilmektedir. Rusçanın, tarihi işlevi itibarıyla uzun süre çok büyük bir coğrafyada (yeryüzünün altıda biri) etkin bir şekilde kullanılması, dilin toplum hayatındaki kullanımında önemli bir yeri tutan kalıp ifadelerin, ilişki sözlerinin ve soru ifadelerinin Rusçanın tesirine maruz kalmasına sebep olmuştur. Meselâ, Türkiye Türkçesinde “Yeni yılınız kutlu olsun!” ifadesi Tatar Türkçesinde “Yaña yıl bēlen (RTR, 162)” şeklinde söylenmektedir. Bu ifade Tatar Türkçesine Rusça “S novım godom!”dan aynen geçen bir kavram tercümesidir. “S novım godom!” birebir Türkçeye “İle yeni yılınız” olarak çevrilir. Görüldüğü gibi bu kalıp ifade mantık Rusça, kelimeler ve söz dizimi ise Türkçedir: Yaña yıl bēlen (Yeni yıl ile).

Safiyullina, Tatar Türkçesinin söz dizimi ve cümle kuruluşu bakımından Rusçadan önemli ölçüde etkilendiğini belirterek, Rusçanın etkisinin özellikle resmi yazışmalarda ve günlük konuşma dilinde ortaya çıktığını söyler.¹⁰ Günlük konuşmalarda geçen ve Rusçadan kavram tercümesi olarak Tatar Türkçesine giren “Tugan könēñ bēlen! (Rus. S dnem rojdeniya!)”, “Sēznēñ selametlēgēgēz öçēn! (Rus. Za vaşe zdorovye)”, “İртеgege kader! (Rus. Do zavtra!)” gibi kalıp ifadeler özellikle 1920-1940'lı yıllar arasında Tatar Türkçesine yerleşmeye başlamış ve sonraki yıllarda da artarak devam etmiştir.¹¹

Günlük konuşma dilindeki kalıplarda Rusçanın tesiri yalnızca Tatar Türkçesiyle sınırlı kalmamış, Sovyetler Birliği içerisinde yaşayan diğer Türk lehçelerini de etkilemiştir. Mesela Kırgız Türkçesinde kullanılan: “Tuulgan күнүңüz менен”, “mayramınız менен (kuttuuktaym)”, “canı cılıңыз менен” biçimindeki ifadeler

8 Doğan Aksan, *age.*, s. 34.

9 Ruzel Yusupov, *İkētēllēlek Hem Söylem Kulturası*, Kazan 2003, s. 37.

10 F. S. Safiyullina, «Tatar Tēlēnēñ Sintaksik Tözēlēşēne Başka Tēllernēñ Te'sirē», 3. Uluslar Arası Türk Dil Kurultayı 1996, Ankara 1999, s. 982.

11 F. S. Safiyullina, *agm.*, s. 981.

tamamen Rusçadaki: “Ya pazdravlyayu s prazdnkom”, “s dinyom rojdeniya”, “s novım godom” ifadelerinin birebir tercümesidir.¹² Verici dildeki birleşimlerin anlam aktarması yoluyla alıcı dile aktarılmasına örnek Hollanda’da yaşayan Türklerin Hollandacadan yaptıkları anlam tercümeleri için de verilebilir. Meselâ, *suç vermek* “suçlamak, suç yüklemek” (Holl. De schuld geven), *plak döndürmek* “plak çalmak” (Holl. Een plaatje draaien), *gitar oynamak* “gitar çalmak” (Holl. Gitaar spelen)¹³ gibi.

Kalıp ifadelerdeki kavram tercümelerini Türkiye Türkçesinde de görebiliriz. Özellikle yabancı dizi ve filmlerdeki ifadelerin Türkçeye çevrilmesinde, çeviri işini yapanların Türkçeye yeterince hakim olamaması ve çevirileri aceleye getirmeleri sebebiyle “umarım! (I hope)”, “lütfen Allahım! (please my God!)”, “üzgünüm (I am sorry)”, “olamaz!(impossible)”, “harika! (wonderful), “Sen onun için çok özelsin (You are very special for him/her)”¹⁴ gibi anlam aktarmaları bugün Türkçenin yapısını, mantığını zorlayan ancak kullanım sıklığından dolayı çok da fazla yadırganmayan ifadelerdir.

Aşağıda vereceğimiz ve günlük hayatın bir parçası olan, ikili ilişkilerde sıkça kullanılan kutlama, teşekkür, hal hatır sorma, iyi dilek ve temenni vb. durumları bildiren ifadelerde Tatar Türkçesinin Rusçanın etkisinde kaldığını, yapının Türkçe olmasına rağmen, mantığın Rusça olduğunu görmek mümkündür. Aldığımız örnekler, kısaltmalarını verdiğimiz Rusça-Tatarca konuşma kılavuzlarından ve “<http://www.suzlek.ru/pls/suzlek/phrase.show>” adresindeki “Süyleşmelék” başlığını taşıyan günlük konuşma örneklerinden (kısaltması Süz.) alınmıştır.

1. Kutlama bildiren ifadeler

Bu tür ifadeler genellikle Rusça kavramın/ifadenin birebir Tatar Türkçesine aktarılmasıyla gerçekleşir. Rusçadaki s (ile) edatı Tatar Türkçesindeki “belen” ile karşlanır, ifade birebir tercüme edilerek ortaya aşağıdaki gibi Türkçenin anlam örgüsüne ters yapılar çıkar

Rus. *S dnem rojdeniya*, Tat. T. *Tugan könégöz belen* (RTR1, 37) (Doğum gününüz ile./Doğum gününüz kutlu olsun).

Rus. *S prazdnikom*, Tat. T. *Beyrem belen* (RTR, 162) (Bayramınız ile/Bayramınız kutlu olsun).

Rus. *S novım godom*, Tat. T. *Yaña yıl belen* (RTR, 162) (Yeni yıl ile/Yeni yılınız kutlu olsun).

Rus. *S Pervomayem*, Tat. T. *Bèrençè May belen* (RTR, 274) (Bir mayıs ile/Bir mayısınız kutlu olsun).

Rus. *S dnem Pobedi*, Tat. T. *Cinü könè belen* (RTR, 274) (Zafer günü ile/Zafer gününüz kutlu olsun).

12 Ahmet Buran, “*Dil İlişkileri ve Kavram Tercümeleri Üzerine Bir Değerlendirme*”, XII. Uluslar arası KIBATEK Edebiyat Şöleni (Bakü-AZERBAYCAN, 10-17 Mayıs 2006)’ne sunulan bildiri, s. 6.

13 Hendrik Boeschoten, “*Hollanda Türkçesinde Ödünç Sözcükler*”, *Doğu Akdeniz Üniversitesi Uluslararası Sözlükbilim Sempozyumu Bildirileri*, 20-23 Mayıs 1999, Gazimağusa (Yay. Haz. Nurettin Demir-Emine Yılmaz), Gazimağusa 2001, s. 1-2.

14 Doğan Aksan, *Türkiye Türkçesinin Dünü, Bugünü, Yarını*, Bilgi Yay., Ankara 2005, s. 153.

Rus. *Pozdravlyayu s dnem rojdeniya*, Tat. T. *Tugan köneñ bėlen kotlim* (RTR, 162) (Doğum günün ile kutluyorum/Doğum günün kutlu olsun).

Rus. *S prazdnikom vas! Pozdravlyayu!*, Tat. T. *Beyrem bėlen sėznė! Qotlim!* (Süz.) (Bayram ile sizi! Kutluyorum!/Bayramınızı kutlarım!).

Rus. *Pozdravlyayu s novim godom*, Tat. T. *Yaña yıl beyremė bėlen kotlim* (Süz.) (Yeni yıl bayramı ile kutluyorum/Yeni yılınızı kutluyorum).

2. İzin isteme

İzin istemeyle ilgili kalıplar da Rusçanın tesirindedir. Bu tür kalıpların çoğu Rusça “mojno” (mümkün) kelimesinin Tatar Türkçesine çevriliyle oluşturulur. Türkçede izin isteme fiile getirilen yeterlik ekiyle oluşturulurken, Rusça “mojno” kelimesi bu tür ifadelerin merkezinde durmaktadır.

Rus. *Mojno vas sprosit?*, Tat. T. *Sėzden sorarga mömkinmė?* (Süz.) (Sizden sor-mak mümkün mü?/Size sorabilir miyim?).

Rus. *Mojno voyti?*, Tat. T. *Kėrėrge mömkinmė?* (KRTS, 69) (Girmek mümkün mü?/Girebilir miyim?).

Rus. *Mojno li poyti vmeste s vami?*, Tat. T. *Sėznėñ bėlen bėrge barırga mömkinmė?* (RTR1, 48) (Sizin ile birlikte gitmek mümkün mü?/Sizinle gidebilir miyiz?).

Rus. *Mojno li priyti k vam?*, Tat. T. *Sėzge kilėrge mömkinmė?* (RTR1, 43) (Size gelmek mümkün mü?/Size gelebilir miyim?).

Rus. *İzvinite, mojno s vami poznakomitsya?* Tat. T. *Gafu itėgėz, Sėznėñ bėlen tanışırğa mömkinmė?* (Süz.) (Affedersiniz, sizin ile tanışmak mümkün mü?/Affed-ersiniz, sizinle tanışabilir miyiz?).

Rus. *Mojno mne posmotret etot televizor?*, Tat. T. *Miña televizornı kararga mömkinmė?* (KRTS, 47) (Bana televizyonu izlemek mümkün mü?/Televizyonu izleyebilir miyim?).

Tatar Türkçesinde yardım talebinde bulunulurken Rusça “ne” olumsuzluk ekinin etkisiyle, bu tür ifadeler olumsuz soru cümlesi şeklinde kurulur.

Rus. *Ne mogli bı vı mne pomoç?*, Tat. T. *Sėz miña yerdem ite almassızmu iken?* (Süz.) (Siz bana yardım edemez misiniz acaba?/Bana yardım edebilir misiniz?).

Rus. *Ne mogli bı vı prislat mastera otremontirovat televizor?*, Tat. T. *Televizor remontlarga master cibere almassızmu iken?* (RTR1) (Televizyon tamir etmeye usta gönderemez misiniz acaba?/Televizyonu tamir etmek için usta gönderebilir misiniz?).

Rus. *Ne mogli bı vı sdelat eto segodnya?*, Tat. T. *Monı bėgėn ölgėrtmessėzmė?* (TRİS, 42) (Bunu bugün yetiştiremez misiniz?/Bunu bugün yetiştirebilir misiniz?).

3. Kişi hakkında bilgileri içeren soru ve ifadeler

Kişilere yöneltilen yaşı, mesleği, medeni durumu, ailesiyle ilgili sorular sorularda ve verilen cevaplarda Rusçanın etkisi sezilmektedir.

Rus. *Skolko vam (tebe) let?*, Tat. T. *Sėzge (sina) niçe yeş?* (RTR, 17) (Size/sana kaç yaş?/Kaç yaşındasınız?).

Rus. *Mne 25 let*, Tat. T. *Miña yėgėrmė biş yeş* (RTR, 17) (Bana yirmi beş yaş/ Yirmi beş yaşındayım).

Rus. *Skolko let sestrenke?*, Tat. T. *Sëñêlêñä niçe yeş?* (Süz.) (Kız kardeşine kaç yaş?/Kız kardeşin kaç yaşında?).

Rus. *Sestrenke 10 let*, Tat. T. *Sëñêleme un yeş* (Süz.) (Kız kardeşime on yaş/Kızkardeşim on yaşında).

Rus. *Vı zamujem?*, Tat. T. *Sez kiyewdemê?* (RTR, 18) (Siz kocada mı?/Evli misiniz?).

Rus. *Da, ya zamujem*, Tat. T. *Eyê, min kiyewde* (RTR, 18) (Evet, ben kocada/Evet, evliyim).

Rus. *Net, ya ne zamujem*, Tat. T. *Yuk, min kiyewde tügêl* (RTR, 18) (Hayır, ben kocada değil/Hayır, evli değilim).

Rus. *Kem vı rabotayite?*, Tat. T. *Sêz kêm bulıp êşlisêz?* (TRİS, 6) (Siz kim olarak çalışıyorsunuz?/Mesleğiniz nedir?).

Rus. *Ya injener*, Tat. T. *Min injener* (RTR, 27) (Ben mühendis/Mühendisim).

Rus. *Ya fizik*, Tat. T. *Min fizik* (RTR, 27) (Ben fizikçi/Fizikçiyim)

Rus. *İzvinite, vı Marat?*, Tat. T. *Gafu itêgêz, sez Maratmı?* (Süz.) (Affedersiniz, siz Marat mı?/Affedersiniz, Marat siz misiniz?).

4. Telefon görüşmelerindeki kalıp ifadeler

Telefon görüşmesi yapılırken sorulan sorular ve verilen cevaplar Rusçanın Tatar Türkçesine birebir tercümesiyle meydana gelmiştir. Rusçada telefonda hitap sözlerinde şahıs zamiri yerine işaret zamiri kullanılır. Bu kalıplar Tatar Türkçesinde de aynen kullanılmaktadır.

Rus. *Alo, eto kto?*, Tat. T. *Alo, bu kêm?* (Süz.) (Alo, bu kim/Alo, kimsiniz?).

Rus. *Eto, İlnur*, Tat. T. *Bu, İlnur* (Süz.) (Bu, İlnur/Ben İlnur).

Rus. *Eto Milyavşa Raşitovna?*, Tat. T. *Bu Milewşe Reşitovnamı?* (RTR, 15) (Bu, Milevşe Reşitovna mı?/Siz, Milevşe Reşitovna mısınız?).

Rus. *Net, eto ne Taziyev*, Tat. T. *Yuk, bu Taziyev tügêl* (RTR, 15) (Yok, bu Taziyev değil/Yok, ben Taziyev değilim).

Rus. *Meryem, eto tı?*, Tat. T. *Meryem, bu sinmê?* (RTR, 16) (Meryem, bu sen mi?/Meryem, sen misin?).

Rus. *Marat Bulatoviç, eto vı?*, Tat. T. *Marat Bulatoviç, bu sêzmê?* (RTR, 16) (Marat Bulatoviç, bu siz mi?/Marat Bulatoviç, siz misiniz?).

5. Hal hatır sorma, vedalaşma ve ileriye dönük sözleşme içeren kalıplar

Günlük ilişkilerde önemli bir yer tutan hal hatır sorma ile ilgili ifadelerde Rusçanın etkisi hissedilmektedir. Rusça ile Tatar Türkçesi ifadeler karşılaştırıldığında, bu ifadelerin Rusçadan Tatar Türkçesine kavram tercümesi olarak geçtiği görülür.

Rus. *Kak jizn?*, Tat. T. *Tormışlar niçêk?* (RTR, 7) (Hayatlar nasıl?/Durumunuz nasıl?).

Rus. *Kakiye novosti?*, Tat. T. *Nindi yañalıklar bar?* (Süz.) (Ne gibi yenilikler var?/Ne var ne yok?).

Rus. *Kak doma?*, Tat. T. *Öyde ni xel?* (Süz.) (Evde ne hal?/Evde durumlar nasıl?).

Rus. *Kak v škole?*, Tat. T. *Mektepte niçêk?* (Süz.) (Okulda nasıl?/Okulda ne var ne yok?).

Rus. *Kak poživayite?*, Tat. T. *Niçek yeşiséz?* (TRİS, 3) (Nasıl yaşıyorsunuz?/ Nasılsınız?).

Kişilerin birbirlerinden ayrılırken vedalaşmak için kullandıkları kalıp ifadelerde de Rusçanın etkisi açıkça görülür. Özellikle Rusça “do” (kadar) edatı bu tür ifadelerde zaman bakımından bir sınırlama belirtir ve bu edat Tatar Türkçesinde kader (kadar) ve xetlè (kadar) edatıyla veya yönelme ekiyle karşılanarak aynı şekilde bir sınırlama yapar.

Rus. *Ostavaysya do zavtra*, Tat. T. *İRtegege xetlè kal* (RTR, 276) (Yarına kadar kal/Yarına kadar hoşça kal).

Rus. *Do skoroy vstreçi!*, Tat. T. *Tizden oçraşkanga kader!* (RTR1, 39) (Tezden görüşünceye kadar!/Kısa zamanda görüşmek ümidiyle!).

Rus. *Do vstreçi! Do svidaniya*, Tat. T. *Oçraşkanga kader! Sav bulıgız* (RTR, 6) (Görüşünceye kadar! Hoşça kalınız!/Görüşmek üzere! Hoşça kalınız!).

Rus. *Şçastlivogo puti!*, Tat. T. *Xeyèrlè yul!* (RTR, 178) (Hayırlı yol!/İyi yolculuklar!).

6. Kişilere yönelik hitap ifadeleri

Türkçede yaşça büyük veya statüce farklı kişilere yapılan hitaplar unvan grubu şeklinde kurulur. Hitap ifadelerinde bir şahıs ismiyle, bir unvan veya akrabalık ismi kullanılır: ¹⁵ Mehmet Bey, Ayşe hanım, Ali amca... gibi. Rusçada Türkçenin söz dizimine aykırı olarak kullanılan, önce unvanın ardından da ismin geldiği unvan grupları kavram tercümesi olarak Tatar Türkçesinde görülmektedir.

Rus. *Tovarişç Bariyev!*, Tat. T. *İpteş Bariyev!* (RTR, 4) (Arkadaş Bariyev!).

Rus. *Tovarişç Axatov!*, Tat. T. *İpteş Exetov!* (KRTS, 68) (Arkadaş Exetov!).

Rus. *Zdravstvuyte, tovarişç Karimov!*, Tat. T. *İsenmèséz, ipteş Kerimov!* (RTR, 13) (Merhaba, Arkadaş Kerimov!).

7. Fiyat sorulurken kullanılan kalıplar

Alışverişte veya herhangi bir şeyin fiyatını sorarken kullanılan ifadelerde de Rusçanın tesiri görülmektedir.

Rus. *Skolko stoit?*, Tat. T. *Küpmè tora?* (Süz.) (Çok mu duruyor?/Ne kadar?).

Rus. *Skolko eto stoit?*, Tat. T., *Bu küpmè tora?* (RTR, 132) (Bu çok mu duruyor?/ Bu ne kadar?).

Rus. *Skolko stoit eta kniga?*, Tat. T. *Bu kitap küpmè tora?* (RTR, 139) (Bu kitap çok mu duruyor?/Bu kitabın fiyatı ne kadar?).

Rus. *Skolko stoit kilogramm baranini?*, Tat. T. *Bèr kilogramm sarık itè küpmè tora?* (Süz.) (Bir kilogram koyun eti çok mu duruyor?/Koyun etinin kilosu ne kadar?).

Rus. *Kilogramm baranini stoit 51 rubl*, Tat. T. *Bèr kilogramm sarık itè illè bèr sum tora* (Süz.) (Bir kilogram koyun eti 51 ruble duruyor/Koyun etinin kilosu 51 ruble).

21. Mamay J. Urumqi, Bagish, Xijiang People’s Publishing House, 1991.
22. Mamay J. Urumqi, Jeti-Kaghan, Xijiang People’s Publishing House, 1993.
23. Mamay J. Urumqi, Kiz-Saykal, Xijiang People’s Publishing House, 1994.
24. Mamay J. “How I Learned to Perform epic Manas.” Manas Studies, Liu Fa Jun ed. 222-223. (in Chinese), Xijiang People’s Publishing House, 1994.
25. Mamay J. Ajibek, Atushi, Kizilsu Kirghiz Publishing House, 2009.
26. Manbet T. The Performing Technique and Variants of Epic Manas (in Kirghiz), Urumqi, Xijiang People’s Publishing House, 1997.
27. Musaev S. The Epos Manas. Scientific Popular Essays, Frunze(Bishkek), Ilim Press, 1985.
28. Reichl K. Turkic Oral Epic Poetry: Traditions, Forms, Poetic Structure. Garland Publishing, INC. New York & London, 1992.
29. Radlov V.V. Proben der Volksliteratur der nördlichen türkischen Stämme. Vol. 5. St. Petersburg: Commissionäre der Kaiserlichen Akademie der Wissenschaften, 1885.
30. Zhumaturdu A., Yisak T. Zalkar Manaschi Jusup Mamay (Great Manaschi Jusup Mamay). Beijing, Ethnic Publishing Press, 2007.

Қ.Қ. Мәдібай,

*ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)*

МАХАМБЕТТАНУДАҒЫ ТЫҢ БАЙЛАМ

Қазақтың тұлғалы, тұғырлы сөз дүлдүлі Махамбет Өтемісұлының әлемдік деңгейде аталып өткен 200 жылдығы қарсаңында махамбеттану ғылымы бір түледі. Махамбеттің ақындық алым-қуаты жайлы да ақтарыла сөйледік, Махамбеттің батырлығы сан қырынан айтылды. Махамбеттің қилы тағдыры тағы да ұрпақ кеудесін мың толқытты. Махамбеттің азатшыл азаматтық тұлғасы ұрпақ зердесін және бір серпілтіп, сергітті. Сол қарсаңда қазақтың қазіргі заманғы сұңғыла таным иесі Әбіш Кекілбайұлы «Шандоз» атты деректі-тарихи баян жазды.

Шығарма ширыға басталады. Махамбеттің бар тағдыры үздік танымның бір толғамына тартылып; жан ауыртар ащы шындықпен, құдды бір «Әй, Махамбет, жолдасым!» дегендей, шаңқ етіп, жалт қаратады.

«Қай кезде де қырық құбылып, құйқылжып баққан мына дүниеде кімнің қадірін кім ұға қояды дейсіз? Әйтпесе кейінгі екі жүз жыл ішінде қазақ сахнасына тап Махамбеттей болып мығым орныққан мәшһүр тұлғалар кем де кем ғой. Тәңірі оның өзі түгілі сөзін тұтқиылдан тап беріп, төтен баурап алатын өзгеше бір өктемдікке ие етіп жаратқан ғой. Сөйте тұра осындай өле-өлгенше өртше лапылдап өткен маздақ жанның қасқасының қайда қалғанынан күні кешеге дейін бейхабар келіппіз. Ал, дәл қай арада кіндігі кесіліп, жөргекке түскенін әлі күнге ешкім дөп басып айта алған емес. Бас-аяғы қырық үш жыл жасаған қып-қысқа ғұмырының кей сырына таныс болсақ, көп сырына шалыспыз» [1, 7 б.].

Расында, «Махамбет, Махамбет» дейміз, білеміз дейміз...

Қазақ тарихында да, қазақ әдебиеттану ғылымында да аз зерттелмеген Махамбеттің айқындайтын ақиқаты әлі көп.

Әбіш Кекілбайұлы Махамбет және оның заманы жайлы аса бір толғақты жаңа толғамға бастап, жұмбақ Махамбет тағдырының кейінгі танымдағы «бітеу жара» тұстарын барлайды.

Әбіш Кекілбайұлы Махамбет ғұмыр кешкен кезеңнің тарихи ақиқатын арши түсер көп қисын, көп дерекке жүгініп отырып ақын тағдырына, көтеріліс батырының қызу ғұмырына араласуында өзінің бұл іске бар ынты-шынтымен кірісіп, үлкен еңбек тындырғанын әбден танытады.

Көлемді еңбектің бір парасы – махамбеттану мен исатайтанудың қалыптасу тарихы.

Енді бір арна – орыс отаршылдығы тарапынан жүргізілген үлкен билік саясаттың табиғаты. Автор өзі жалпы адамзат тарихындағы XIX, XX ғасырлардағы азаттық қозғалыстардың басы деп бағамдаған Исатай-Махамбет көтерілісінің алғышарт, арғы бастаулары жайлы да жаңа бір толғамға барады. Қазақстанның Ресейге қосылу шарасы басталған кезден көп ұзамай-ақ өрбіп, өршіген ұлт-азаттығы жолындағы күрестің басында, бақсақ, Әбілқайыр ханның өзі тұр екен... Бұл да біз кем еміп, кеш түсінген, кенже дамыған ұлттық тарихымыздағы бүркеулі бір парактары.

Ә.Кекілбайұлы баянында Махамбеттің ата тек, жеке бас сипатына, жалпы ғұмырбаяндық дерекнамасына тың тыныс әкелген зердемелер де мол. Шығарманы тұтас қамтып, түйін айтсақ – алмағайып заманда ғұмыр кешкен ардагер ақынның азаматтық тұлғасы. Және бір мәрте уақыт, кезең, дәуір аясында барынша айқындала отырып, ұлтына, ұрпағына бар мазмұнымен ашыла түседі.

Жұмбақ Махамбет... Махамбеттің жұмбағы... Бұл неден өрбіп, өріс алды? Ә.Кекілбайұлы махамбеттанудың басында тұрған Халел Досмұхамедұлының ақын жайлы дерегін келтіреді. Сонан әрі ой өрбітеді.

Халел Досмұхамедұлы XX ғасырдың 20-жылдарында Махамбетті ендігі ұрпақпен былай таныстырған еді: «Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Өте қызулы адам екен. Әдіс, шеберлікке кем болса керек.

Бағыт алған жағынан тайынбайтын қасарыспа ер екен. Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен оңай ерткен болса, Махамбет көпті қоздырып, көңілін аударып ертетін адамның түрі болған. Исатай ақсақалдармен, бас адамдармен ақылдасып, кеңесіп отырғанда, Махамбет айналасындағы үйлерде, ауылдарда қыдырып жүріп өлең айтып, домбыра тартып, жұртты қыздыратын дейді-мыс. Махамбеттің мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демей, ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жайласқан кезде өте батыр айлакер болған. Махамбеттің мінезі Исатайдікі секілді көптің басын құрастырып, бүтін елді соңынан жүргізетін мінез емес. Махамбет жақсы үндеуші (агитатор), жақсы бастықтың өте ыңғайлы қолбасы. Ананы-мынаны істеп келуге табылмайтын адам. Махамбеттің осындай екендігі тарихты тексергенде, елдің аузындағы әңгімені тыңдағанда көрініп тұр. Исатай өлген соң-ақ көпті ерте алмады. Исатайдың құрастырған елінен айрылып қалды. Бұған Исатайдың өлімі де себеп болды. Көптің тауы қайтты. «Жорықтың алды оңбаған, арты оңбас» деген пікір жұртты меңгерді. Махамбеттің мінезі де, Кенесарының жолдасы Наурызбайдың мінезі де тексере келгенде бір-біріне өте ұқсас келеді. Екеуінде де ерлік бар да, көпті ертетін тәсіл аз. Рушыл ата-текті сыйлаушы қазаққа Махамбеттің Құлмәлінің немересі болғандығы да әсер беруі мүмкін» [2, 79-80 бб.].

Әбіш Кекілбайұлы Халел Досмұхамедұлының Махамбеттің тарихи тұлғасы әлі айқындалып айтылмаған уақыттағы махамбеттанудың басында тұрған байламдарын мейлінше молынан қамтып келтіріп отырып, осы орайда көп мәселеге көңіл бөлу қажеттігін қадап айтады.

«Тек осы бір ғана үзіндінің өзінде-ақ Махамбет жайында бірінен бірі аяқтан шалатын айқыш-ұйқыш пікірлер бой көрсетіп қалады емес пе? Неге бұлай? Бұндай екі ұдайылық пен екі ұштылық қайдан өрбіп жатыр? Махамбеттің өз болмысынан ба? Әлде ол жайында дерек берушілерден бе? Жок, ол деректерді жинаушы мен сараптаушыдан ба? Бәлкім, солардың бәрін туғызып отырған қауымға тән қандай бір заңдылықтар мен қасиеттерден шығар?

Бұл – қысқа қайыруыңа көнбейтін көшелі тақырып. Так-тұқ тұжырымдауға келмейтін кесекті мәселе. Оған Халел Досмұхамедұлының замандасы, ол да ел арасынан естіген мәліметтері бойынша 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының бірінші санында «Исатай-Махамбет» атты мақала жазған Ахмет Мамытұлы деректерімен танысқанда көзіңіз жете түседі» [1, 10 б.].

Автор Ахмет Мамытұлының Исатай мен Махамбетке берген мінездемесі Халел Досмұхамедұлы мақаласындағы мінездемелермен сәйкесе қоймайтындығын айтады. Онда «Исатай батыр Тайман баласы ер көңілді, от ауызды, орақ тісті салқам адам. «Махамбет дәтке берік, тегеурінді, байсалды кісі» дейді. Ахмет Мамытұлының Исатай мен Махамбетке, көтеріліс жағдайына байланысты келтіретін деректері, берген мәліметі Махамбетті мәселенің нақты жайын бірден біліп, бірақ Исатай оның айтқанын тыңдай қоймай, Махамбеттің жігері құм болып қала беретінін» байқатады дейді.

Хан ордасының хабаршысы Аспамбет деген адам, Ахмет Мамытұлының келтіруінде, «Исатай қандай екен?» деген жұртқа былай депті дейді: «Исатай дегені болмаса, басқаның сөзіне құлағын аса қоймайтын ерегіспе, көк долы жігіт екен. О, шіркін, батыр деп Махамбетті айтсаңшы! Оның дегенін қылғанда әлдеқашан бір сойқанның болары анық еді. Алдап тұр ғой, Исеке! – деп долданып, атын бауырлап, қалың қолды екі-үш айналып шыққанда төбе құйқам шымырлап, жүрегім тас төбемнен шықты» деген көрінеді.

Ә.Кекілбайұлы гәп «Исатай мен Махамбеттің қайсысы мықты?» дейтін қысыр таласта емес, керексіз шендестіру қарсы жақтардың кезінде көтеріліс көсемдерін кетістіру үшін әдейі де жасалуы мүмкін деп түйеді. Бірақ кейінгілер адамзатқа қастерлі екі адамзат ердің төңірегінде осындай қилы сөз жүргенін де біле отыруының да өз жөні бар дейді. Осы арада зерттеуші түп мақсат, негізгі арқаудың неде жатқанын меңзейді. Махамбеттанудың өрісін өсіретін бағдарларды болжайды.

Ә.Кекілбайұлы 1925 жылы Ташкентте Х.Досмұхамедұлының мұрындық болуымен жарық көрген Ығылман Шөреқұлының «Исатай-Махамбет» тарихи дастанының арғы негіз, туу себептерін тарата талдап отырып та көтеріліс дерегі, Махамбет пен Исатай жайлы нақтылы мағлұматтар жөнін нығыздай түседі.

Зерттеуші Махамбеттің тарихи дара тұлғасына қатысты ХХ ғасыр басындағы қайсыбір қисындарда «Шөрек күнделігі» мен Ығылманның сөзі шындық сөз еді деп түйеді. Соны есте ұстауды меңзейді.

Х.Досмұхамедұлы 1925 жылы дастанның алғы сөзін жазуда Ығылманның әкесі Шөректің ғана емес, басқа да дерек көздерін қарастырған деп, соның ішінде Махамбеттің Исатай қайтыс болғаннан кейінгі «көпті соңынан ерте алмау» себебін қазақтың Халел Досмұхамедұлы айтқан рушыл мінезіне Махамбеттің ата-тегіне байланысты «кілтипанына» жығуын негізсіз емес дейді.

Күлмәліге қатысты әңгіменің сырын да, шынын да, Ә.Кекілбайұлы ең әуелі Махамбеттің өз шығармаларынан табатындай.

«Қанша бетің бар, жүзің бар демей, ойына не келсе, соны лақ еткізе салады деп жүргенімізбен, Махамбет те ішіне құлта бүге білген. Өлеңдерінен шайдауыт, жалаң қабат, жадағай шумақтарды атымен ұшырата алмайсың. Кей ретте жыр емес, әлдекімге әлдене қақында, әлдеқандай тұсалхат (шифрограмма) жолда отырғандай әсер етеді. Біз Махамбеттің өлеңдерін өміріне, ал өмірін өлеңдеріне терең үңіле алсақ қана толық түсіне аларымыз хақ [1, 18 б.].

Әбіш Кекілбайұлы Махамбет заманының күрделі қалтарысына тарихи төрелік айта отырып, Махамбет туралы сөзін сол тарихи ақиқатқа апарып жалғайды.

«Осындай ешкім ешкімге ештеңені өз қалпындай айтпайтын жаңылтпаш дүниемен жасырынбақ ойнап, жанын шүберекке түйіп өткен жанкешті де заркешті сабаздың шын сырына бір елі болса да жақындай алу нағыз қиямет-

қайым екендігі айтпасақ та түсінікті шығар. Ол үшін тіпті оқтын-оқтын айтылып отырған ортамен атымен қауышпайтындай көрінетін қиян қауымдар мен шалғай замандарға шығындап барып қайтып отыруға тура келетін түрі бар» [1, 18 б.].

«Шандоз» кітабында Махамбеттің заманына қазақ халқының тағдыр-талайы қашанда толғандыратын сирек дарынды, ұлтжанды қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлы бірді-екілі уақиға, мәселе ауқымында емес, адамзаттың тарихи даму себептері мен сабақтары аясында тартып жатқан жаңа бір кең тынысты толғаммен төрелік айтудың бүгінгі уақыттың көкейкесті күйлерімен сабақтасып жатқан қисынымен көшелі, көсемдік сөзбен бағалап, бағамдайды.

Бұл жөнде әскери барлаушылықта жүрген тау-кен инженері Е.П.Ковалевскийдің «Қазақтар хақында» кітабына енген «Құмдағы кездесу» жолжазбасындағы Махамбет жайлы дерегінің құндылығы да ала-бөтен.

«Өйткені, бөгденің көзімен болса да, тірі Махамбеттің сергелдең тағдырының, ең құрығанда, бір сәтін қаз-қалпында көз алдына үйірілте алудың өзі бір ғанибет емес пе? [1, 18 б.].

Рас, Ковалевский естелігі өмірдегі Махамбетпен қауыштырады. Өз тұлғасын, өзі жайлы шындықты өлеңіне қалдырып кеткен ақынды көзі көріп, нақты адам ол туралы сөйлейді. Өлеңдегі Махамбет, әр қазақтың кеудесін мәңгілік ер Махамбет, өр Махамбет, аспандағы арман Махамбет Ковалевский жазбасында шынында да «тіріледі». Ковалевский Махамбетпен кездескен екі күнді баяндап береді. Бұл әңгімені Әбіш Кекілбайұлы арғы астарларымен әрі өрбітеді. Махамбеттің құла дүз, сол заман орыс патшалығы үшін от тұтатып тұрған Хиуа жолында орыс барлаушысымен «кездейсоқ» кездесуінде нендей сыр бар?

«Шандозда» Әбіш Кекілбайұлы өткен заманның геосаяси жағдайын да, әлеуметтік ішкі құбылыстардың астар-қатпарларын да, ұлт-азаттық ұлы күрес тарихтың тәсіл-сабағында бүгін уақыттың көкейкесті күйімен әр қиырдан шалып отырып, салмақты тәуелсіздік тағдырына салып отырып шебер сабақтастырады.

Шығарма Махамбеттің тағдыры арқылы бүкіл қазақтың, тұтас бір мемлекеттің ХХІ ғасырда Көк Туы желбіреген Қазақстанның тағдыры жайлы заманалы толғамдарға өріс ашады.

«Шандозда» ХХІ ғасырдың бел ортасында қазақ даласының Батыс аймағында өткен түрлі оқиға, қилы мәселе, соның бел ортасында жүрген сандаған адам тағдыры оқушы күтпеген тосын, беймәлім қырынан алынып отырып, Махамбеттен тартылған тарихи желінің қажет тұсында ашылып айтылып тұр: заман, дәуір, азаттық туын жықпаймын деп «ереуіл атқа ер салған» батырлықтың өнегесі, бір заман ер Махамбет бастан кешкен ет жүректі жаншитын қорғансыздықтың өтеуі болып содан бір шығармашылық қуатпен шымырлап бойға жайылады.

Жазушы шығармада Исатай-Махамбет тағдырының, көтеріліс тарихының әр қиырын түгелдей келіп, түп мақсат ойын былайша түйіндейді.

«Бодан елге де, тәуелсіздік тұғырына енді көтерілген елге де, әлеуметтік кикілжіңдерден гөрі азаматтық татулық қымбаттырақ екендігіне бүгінгі әлем айқынырақ көз жеткізіп беріп отыр. Өйткені, қандай болмасын ұлт тек тәуелсіздік жағдайында ғана өз мүддесіне жете алады екен. Тәуелсіздік қаны оған өзінің көп ғасырлық саяси-рухани тәжірибесін заманалық өзгерістер тұрғысынан қайта зерделеп, бүкіл адамзаттық дамуға орайлас өркениеттік сәйкестілікке қол жеткізуге жол ашып бере алмақшы. Махамбет бізге, ең алдымен, осы тұрғыдан аса қымбат.

– Қазақ даласында азатшыл ақыл-ойдың бас сардарларының санатында айбынды ақын Махамбет те алдымен ауызға ілінеді. Оның жан-жүрегінді түгел баурап алатын өжет те өктем жырлары әлі күнге сай-сүйегінді сырқыратар бостандық дұғасындай пәрменді естіледі» [1, 333 б.].

Махамбет жайлы аз жазылған жоқ. Әлі де біз Махамбетпен мың мәрте сусап қауышамыз...

Сол жөнде көрнекті қазақ қаламгері Әбіш Кекілбайұлының «Шандозы» – «шашасына шаң жұқпаған» дейтіндей бітімі бөлек кең тынысты заманалық толғам.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбайұлы Ә. Шандоз. – Алматы, 2004.
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991.

Ж.Қ. Смағұлов,

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Е. Дүйсенбаев,

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің магистранты
(Қазақстан)*

КЕЙКІ БАТЫР: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Тарихи сабағы текті ұрпақтары әр кез толғандырмай тұра алмайтын, уақыт өткен сайын қайта зерделей түсуді талап ететін тақырыптың бірі – ғасыр шежіресіне «июнь жарлығы» боп қарғыбаудай байланып, бір атаның әулетін де бір-бірімен қырқыстырып қойған, қынаптан суырылған қанжар қараулық бедерінде жүзі қайырылып, бірақ бәрібір аяққа тапталар ар-намысты қорғап қалған, ізгілік үміт шырағын елдік ұлы жорыққа ұластырған жан қияр перзенттерімен ғана мағыналы сонау 1916 жыл шырғалаңы.

XX ғасыр – тарихи оқиғаларға толы кезең. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей жері мен жұртын жаудан қорғаған бабаларымыздың еңбегі мен ерлігінің

жалғасы аталған ғасырдың алғашқы ширегінде шарықтау шегіне жетті. 1916 жылғы 25 маусымда 19 бен 25 жастағыларды майдандағы қара жұмысқа алады дегенді естіген соң-ақ, Торғай уезіне қараған Арғын, Қыпшақ руларынан тұратын болыс ел дүрлігіе бастаған. Ақыры орыс патшасының қол астына көшуге, не қарсы тұрып, соғыс ашуға бел байлаған. Әйтеуір жұрт жігіт беруге қарсы, жігіттер майданға баруға қарсы болған.

«Ағұстың 25-інде Торғай өзенімен жанаса ағатын Қабырға өзенінің бойына сегіз мың кісі жиналған. Ішінде ақсақалдары да бар. Патша жарлығына қарсы болғандардың дені- осы сегіз мың кісі ішінде. Неше күндей кеңесіп, ортасынан Әбдіғапар Жанқожаұлын сары ала ту бие сойып, ақ киізге салып хан көтерген. Жиналған жұрт Әбдіғаппар не айтса, соған көнуге келісім берген. Сардар ретінде Амангелді Үдербайұлы, көмекшілері болып Кейкі мерген, тағы басқа жігіттер белгіленген» [1, 30 б.].

Бәрі бірдей мүлтіксіз сөз маржаны болғанымен, өз мезгілінің ерлік, ездік қисапсыз хикаяттарын бүкпесіз аян ететін қара дүрсін өлең жолдарының, бастан өткерген қайсыбір қаралы оқиғаларды қаз-қалпы, жалпылама, шола баяндау әңгімелерінің өзі бұлтартпас деректілігімен ұрпақтар мұратына қызмет ете берері сөзсіз. Өйткені жандайшаптар мен жазықсыз жазалылар, жан саудасы... – бәрі-бәрі жіктелген, көбесі сөгілген қыр тіршілігінде кімнің кім екені айқындалып, ұлы дала жонында, қорлыққа төзбес әр пенденің өз жота-жонынан қыстығып, ышқынып атылған он алтыншы жылғы айбат, жарылған жанартау – Ғ. Мүсіреповтің сөзімен айтқанда, намыс жанартауы еді. Жасыған жігерінді қайрақтай жанитын күдірет-куатымен өз тұрғыластарын ғана емес, келер заман төлдерінің қандайын да дәйім уақыт сыны сарабына салдырып отырар мұндай өмір, өнер шындығын тарихи таным пәнінің темірқазық бір тарауы деп білу парыз.

«Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы» болған Қарақойын өңірі ғана емес, «июнь жарлығы» - сұрапыл кезеңнің сұсты шеруі қазақ сахарасының қай қиырында қандай лаң жолдарын өткенін жаныңмен жете сезіну үшін бойы өсіп, бұғанасы қатпай жатып пәле-жаланың бәрін басынан кешіріп, өз жотасымен әл-қадарынша ел намысын қорғай білген, от қағар талай нар боздақ, тікелей куәгерлердің көз жасымен сорғалап құйылған риясыз сырларынан, Жамбыл, Омар Шипин, Күдері, Иса Дәркембайұлы, Ақмолда, Нармамбет, Сәт, Төлеу, Есқайыр, Бөлтірік, Сартай сияқты қалың көпшіліктің бірі жете біліп, бірі беймағұлым өте беретін талай-талай сәйгүлік жыр сүлейлерінің шырқыраған жан толғаныстарынан, тебіреністерінен көруге болады.

Ұлт-азаттық күресте халық үшін бас көтерген батырдың бірі Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлының кешкен қиын тағдырын қазіргі уақытта бірі білсе, бірі білмейді. Сол кезеңдегі ақиқат аңызға айналса, бүгінгі күн біздің мақсатымыз аңызға сүйеніп, ақиқатын айту, ел үшін ұйқысыз түн, көп қиындық көрген ердің ерлігіне тәуелсіздіктен кейін ғана баға беріле бастады. Қыпшақ тайпасының Құлан қыпшақ руынан шыққан, 1916 жылғы

Торғай көтерілісінің белсенді батыры, тұрмыс тапшылығын ерте көрген Кейкі жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттігімен аймаққа аты шыққан. Құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған. Біздің қазақтың қатпары қалың тарихы совет уақытында үлкен редакцияға ұшырап, Кенесары да, Кейкі де, Құныскерей де «жауыз», «бұзақы», «банды» атанған. Тіпті, кейбірінің есімі қасақана жарияланбады, тарихта мүлде болмады. Жалпы бұл азамат жайында тарихи деректер сараң «сөйлейді». «Сөйлегенде» де оның шынайы бейнесіне «бандит», «бүлікші» деген анықтауыштар қосылып бірге айтылып жатады. **Басқыншы, үстем елдің тарихы бойынша осындай көзқарас болатын болса, азаттық алып, тәуелсіз ел атанған бүгінгі Қазақ елі өзінің ұлттық батырларын сол күйінше қабылдауы дұрыс емес.** Тарихи құбылыстарды бір қалыпқа салған маркстік-лениндік ілімге негізделген методология зерттеушілерге қандай да бір ұлттың және халықтың тарихи дамуындағы өзгешелік пен күрделілікке баса назар аудартпай, тап күресіне ерекше көңіл бөлдіріп, революциялық дамуды абсолюттендіріп, дамудағы эволюциялық үдерістің маңызына мән беруді екінші кезекке ығыстырты. Соның салдарынан әдебиет саласындағы көптеген мәселелер зерттеу аясынан тыс қалды.

Бүгінгі әдебиетімізде тарихи кезеңдер туралы түрлі тұрғыдан ой толғайтын туындылар саны жылдан жылға көбейіп келеді. Халық өмірінің қоғамдық саяси-әлеуметтік рухани өзгеше бетбұрыс жасаған кезеңдердің көркем шығармалар өзегіне айналуы – жекелеген қаламгерлеріміздің көркем идеяның ізденісі ғана емес, сонымен бірге уақытының қажеттілігімен бірге талабынан туындап отырған ұлттық мәдени-рухани өрлеудің де бір куәсі. Біздің яғни ел басынан өткен тарихи дәуір, кезең туралы көркем шығармаларға арқау болған шындық құбылыстардың сипаты әр түрлі. Олардың бүгінгі күнге дейін жету жолдары да түрліше. Әдеби шығармаға қатысты басты шарт – тарих шындығы мен жаушы еңбегі арасында әсем келісім, көркемдік жарасым салтанат құрады.

Кейкі хақында Әубәкір Қылышбайұлы, Шөптібай Байділдин көп құнды дүниелерді жарыққа шығарды. Журналшы-қаламгерлер Сабыржан Шүкірұлы, Ахметжан Байжан, Хамитбек Мұсабаев, Мақсұтбек Сүлейменов және тағы басқалары зерттеу еңбектерін, ой-толғаныстарын жазды. Кейкі батырдың әдебиеттегі көркем тұлғасы А.Нұрмановтың «Құланның ажалы», Б.Мұқайдың «Жалғыз жаяу», М.Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» романдарында, Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелді» пьесасында, Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастанында, С.Ақсұңқарұлының «Қыпшақ Кейкі баһадүр», Е.Бейсеновтің «Дің» поэмаларында көрініс тапты [2, 241 б.]. Ғ Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасында Кете батыр болып бейнеленеді. Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» кітабында жұмбақталып айтылады. Кейкінің қарасөзде жасалған көркем бейнесі Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романы еді. Алайда кеңес заманында шыққан онда да аты анық айтылмаған. Кейкі

бейнесі өз атымен анық айтылып, тарихи дерегімен түгел шыққан шығарма С.Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны.

Ел жадынан ерекше, қазақ тарихынан ойып тұрып орын алатын тарихи тұлғаның тағдырымен өзектес «Құлан ажалы» романының Кейкі атымен емес Құлан атымен аталуында мағыналы мән бар. Жоғарыда атап көрсетіп кеткеніміздей, көздегенін қалт жібермейтін қол мерген батыр қыпшақ руынан шыққан. Шежіре бойынша Орта жүз құрамына кіретін алты рудың бірі қыпшақ өз ішінде қара қыпшақ, құлан қыпшақ, сары қыпшақ, қытай қыпшақ деп төртке бөлінеді. Кейкі батыр (Құлан Кейкі батыр) - кездейсоқ тұлға емес, тарихи тамырын тереңнен тартқан, елім деп ет жүрегі ерекше елжірейтін ерен ерлер көп шыққан Құлан Қыпшақ жұртынан екенін айрықша атап өткеніміз ләзім. Ендеше, «Құланның ажалы» – Кейкінің ажалы, Қыпшақтың, барша қазақтың қабырғасын қайыстыратын ажал. Шығарма мазмұнын тақырыптан ақ болжап, бағалауға болады. «Қайдан білейін! Енді бәрі орнына келді. Қой үсіне бозторғай жұмыртқалаған заманды орнаттым деп жүрдім-ау» деген Құлан ойы автор ойымен астасып жатыр [3, 51 б.]. Автор осы арқылы Құлан, яғни Кейкі өмір сүрген заманға, уақытқа деген қарсылығын көрсететін тәрізді. Құланның ойы – автордың ойы. Албырт көңіл, ақ жүрек батырды қара танымайтын сауатсыздық зардабы бір жеңсе, жаңа өмірдің қуатты ағысының екпіні екінші соққы болып тиеді.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарында қазақ прозасының көкжиегі кеңіп, әдебиетте тың жаңалықтар орын алып, құнды шығармалар жарыққа шықты. Тарихи тұлғаларымыздың тағдыры әңгіме арқауына айналды. Қиындықтарға қарамастан біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, тарихымыздың сабақтастығы ажыраған жоқ. Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» романын алайық, мұнда да бодан елдің психологиясы жақсы беріледі. «Революция жасаймыз, теңдік орнатамыз» деп Лениннің шолақ идеясының желеуімен қазақ даласына қызыл қырғынды алып келеді.

Кейкі жайлы жазылған құнды шығарманың бірі – қаламгер Баққожа Мұқаевтың «Жалғыз жаяу» романы. Айбек атты кейіпкердің іс-әрекетімен баяндалатын шығарма тағдыры талқыға түскен батырдың бастан кешкен біраз оқиғаларын суреттейді. Ел үшін атқа қонған азаматтың өмірін таныстыруды мақсат тұтқан автордың тағы бір идеясы: «Ата-бабаң саған ғұмыр сыйлап кеткен жоқ, ең бірінші кезекте қаны мен тері сіңген осынау қасиетті Отанды аманат етті. Өмір мен Отан екеуі егіз. Бірінен екіншісін ешқашан бөліп қарауға болмайды. Бірақ іштегі дертіне дауа табылар ма? Жан саулығы болмаса, тән саулығы неге керек? Ұрпағы сен қызығын көрмесең, ата-бабаң сан ықылымдар бойы осынау қасиетті мекен үшін неге қан төкті? Неге?» [4, 31 б.]. Кейкі батырдың ерлік ғұмыры, мәрттік өлімі туралы С. Тұрғынбекұлы былайша тебіренеді: «Қызыл қырғында азаттықпен соңғы дауылпаз символы болып ең соңғы «дала көкжалы» Торғайлық Кейкі батыр (Құлан) кетті бұл өмірден, Эрмитаж төрінен орын алып...» [5, 17 б.].

Кейкі бейнесі өз атымен анық айтылып, қанық бояу дерегімен түгелденіп шыққан шығарма Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны Кітапқа алғысөз жазған Әбіш Кекілбаев: «Әлеуметтік кекшілдіктің уына булыққан таптық идеологиясы отаршылдық арқасында әлемдік үстемдікке жетудің ең сорақы, ең сойқан саясатын жүргізді. Бұл дастан – сол саясаттың біздің қауымға қалай жаңа дін болып дари бастаған кезеңін бейнелейді. Сол дінге еріп батырларымыз басынан, азаматтарымыз арынан, халқымыз тарихи талайынан айырыла бастады, – дей келіп, – бұл жолғы бақ – біздің маңдайымызға бұрын-соңды қонбаған бақ. Бір үркітіп алсақ, қайтіп қонар-қонбасы неғайбыл бақ», – деп дастан жыр еткен уақытқа сипаттама бере отырып, бүгінгі тәуелсіздіктің қадірін де түсіне білуге үндейді...» [5, 7 б.].

Өз заманында айтуға тыйым салынса да, батырдың ерлігі, ерекше қасиеті – мергендігі жайлы ел ауызында аңыз-әңгімелер әлі күнге дейін ұмытылған емес. Кейкі батыр Ожан (руы) Шашанбайдың Рахметіне, Амангелді Бірәлі байға қызмет етеді. Ел арасындағы ас пен тойға үнемі бірге барып жүреді. Бәйгеге ат қосады, палуан күресіне түседі, жамбы атады.

Бірде Найман ағайындар ас беріп, қос балуан сол асқа барады. Неше алуан ойын-сауық болады. Амангелдінің де, Кейкінің де ел арасына мергендігімен танымал болған кезі болса керек. Қос мергеннің асқа келгенін көрген көпшілік жамбы атуларын болмаса, мергендіктерін басқаша көрсетулерін көпшілік өтініп сұрайды. Жарайды Жамбыны екінің бірі атып жүр ғой деп Амангелді Кейкі батырдың қолына орыстың күміс сөлкебай ақшасын ұстатады да, өзі адымдап алға озып кері бұрылады. Кейкі күміс ақшаны сұқ саусағы мен бас бармағы арасының ұшына қыстырып қолын жоғары көтереді. Амангелді көздеп- көздеп атып салады. Оқ күміс сөлкебайды тесіп өтеді.

Өз кезегінде Кейкі Амангелді батырдың жанына келіп Амангелдінің басындағы зер тақияның үстіне қалтасынан бір асық алып тәйкесінен жоғары қаратып қояды да өзі артқа қарай қадамдап ұзай береді. Межелі жерге жеткенде артқа жалт бұрылып оң қолын соза түсіп көздемей атып жібереді. Оқ асықты жарып ұшырып жібереді. Манадан демін ішіне тартып не болады деп зәрелері ұшып, қауіптеніп тұрған жұрт шу ете қалады. Қос батыр халық алдында осындай өнер көрсетіп бір- бірімен құшақтасады. Сонда Амангелді Кейкінің құлағына сыбырлап: «Мен сенің қолыңа қауіп төндіріп едім, сен менің басыма қауіп төндірдің- ау! Шіркін, қаның қара екен ғой» - деген екен ғой Амангелді [1, 90 б.].

Бұл Кейкінің көзсіз мергендігінің, қайсар мінезінің бір ғана мысалы. Батыр жайлы ақиқат дер кезінде ашылып айтылмаса да, ел арасына аңыз боп әңгімелер ел есінен ешқашан кеткен емес, кетпейді де. Кейкі батырдың қайсарлығы, батырлығы, мергендігі ел жадынан ешбір кетпек емес. Ел үшін ерен еңбек еткен ерлерді мақтасақ та мадақтасақ та артық емес. Өкініштісі сол барды уақытында бағалай білмейміз. «Игі істің ерте-кеші жоқ» демекші, Кейкідей батырдың ұшан-теңіз ерлігі мен елеулі еңбегін бағалап, келер ұрпаққа толыққанды жеткізу біздің қасиетті борышымыз саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байжанов А. Құлан Кейкі батыр. Хикаяттар. – Астана, 1993. – 172 б.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т. 4. – Алматы: Қазақ энциклопедия, 2022. – 418 б.
3. Нұрманов А. Құлан ажалы. – Алматы: Раритет, 2005. – 223 б.
4. Мұқаев Б. Жалғыз жаяу. – Алматы: Рауан, 1986. – 451 б.
5. Тұрғынбекұлы С. Кейкі батыр. – Алматы: Білім, 2001. – 14 б.

А.Б. Салқынбай,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор
(Қазақстан)*

ОППОЗИЦИЯЛЫҚ БОЛМЫС НЕМЕСЕ АҚЫНДЫҚ КРЕДО

Мақала «Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар» ғылыми жобасы бойынша жазылған

XX ғасырдың бас кезіндегі дүрбелеңі мол уақытта туып, азаттық үшін арпалысып, азаматтық үнін қалың көпке таратқан көсемдері бар қоғамда аз ғұмырын мәнді өткізген, “Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов ...бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – айым” деп ұлт азаттық жолындағы күрескер алаш азаматтарын ардақтай білген, «қараңғы қазақ көгіне күн болуды» көкसेген ақын қандай көреген болған десеңізші. Қазақ халқының талай заманалар бойы аңсаған арманын көкжиек төріне шығарып, сол арқылы өзі де биіктеген ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров ұлылықты бағалай білу арқылы өзі де сол ұлылыққа жеткен болар деп шамалауға негіз бар.

Ақын шығармашылығы сан қырлы, мұнда арпалыс-тіршіліктің қоңыр күйі мен мұңы емес, сол арпалыстың өзі тұрады. Қарама-қайшылыққа толы тіршіліктің қызу майданы бар. Қым-қуыт замананың үні, қара қазақтың жарыққа ұмтылысы бар. Сұлтанмахмұт өлеңдеріндегі көркемдік қарама-қайшылық концептісі деңгейіне жеткен. Ақ пен қараның оппозициялық бағыттағы жарысы ақынның “Байлық” пен “Кедейлік”, “Арыстан мен тышқан”, “Кедей” мен “Бай”, “Ауырмай есімнен жаңылғаным”, “Адасқан өмір”, “Жарлау” мен “Зарландым”, “Өң бе, түс пе” т.б. сияқты өлеңдерінің атынан, мазмұнынан, осы өлеңдер арқылы көрініс беріп тұрған авторлық идеядан айқын аңғарылады [1; 2].

Тіршілік-ғұмырда ақ пен қараның оппозициялық жарысы – мәңгілік. Дүние болмысының құндылығының өзі осы жарыстың аяқталмауында болар. Адам баласы бейнелеу әрекеті нәтижесінде санада концептуальдық әлем бейнесін қалыптастырады. Бұл адамға бағыт-бағдар жасауына, оны өзінің өмірлік мақсаттарына қолдануына жол ашады. Әрине, тіл болмыспен тікелей қарым-қатынаста бола алмайды, ол алдымен ой арқылы адам санасында бейнеленіп,

тіл арқылы көрініс табады. Сондықтан “болмыс – тілдегі ой” қатынасы маңызды болмақшы. Тілде қоғамдық сана таңбаланатындықтан, мәтіндер ойлау әрекетінің нәтижесі ретінде сананың ұғымдық қорын құрайды.

Осы реттен Сұлтанмахмұт өлеңдеріндегі оппозициялық қарама-қарсылық тек ақынның өз бойынан табылған қарсылық емес, қоғам өміріндегі болып жатқан сәтті-сәтсіз өзгерістерден кейінгі қоғамдық сананың да жемісі. Ақынның классикалық өлеңіндегі:

Қараңғы қазақ көгіне

Өрмелеп шығып, күн болам.

Қараңғылықтың көгіне

Күн болмағанда кім болам, – деуінде *қараңғы* мен *күн* сөзі бір-біріне оппозициялық қатынаста тұр. Ақынның *қараңғы қазақ көгіне* деудің орнына, оқымаған, надан, т.б. сияқты сөздерді қолданбауының мәні ерекше. Күн мен түн бір-біріне мәңгілік оппозицияда тұратын табиғи құбылыстар. Демек, ақынның жүрегі қазақтың өткенімен де осындай қатыста. Ол надандықпен шектеспек емес, берілмек, жеңілмек емес. Ал күн – ақынның басты концепциясын анықтайды, өйткені күн концептісінің мәні терең, онда жарық та, жылу да, сұлулық та, жақсылық та бар, Күн мәңгілік жарықтың, жақсылықтың символындай, онымен таласқа түсе алатын өзгеше нысан жоқ.

Қараңғылық пен жарықтың мәңгілік жарысынан ақын өзінің орнын белгілейді, табады; қарапайым бірақ таңғажайып тапқырлықпен адам мен наданның, жақсы мен жаманның арасындағы қарама-қарсылықтың, тек қарама-қарсылық емес, мәңгілік оппозицияның болмысын сәтті ашады:

Шығамын тірі болсам адам болып,

Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып,

Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,

Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Тірі жүрсе – адам болу, бұл жиһанда жаман болып жүрмеу, надан болып өмір сүргенше, көрде тыныш жату сияқты ойдың мәні мен мазмұнының ашылуы *тірі жүру мен көрде жату, жақсы мен жаман, адам мен надан* сөздерінің мағынасын қарама-қарсы қою арқылы ашылған. Бұл тілші ғалымдардың пайымдауынша тепе-тең мағыналы оппозицияның түрі. Мұндай топтағы сөздердің ішкі мағыналық құрылымын пайымдау үшін, логикалық криериилерді зерделеу артық, себебі тепе-тең мағыналы оппозиция мүшелерінің арасында тілдік тәжірибемен бекітілген ассоциативтік қарама-қайшылық бар. Мұндай қарама-қайшылық ұлттық дүниетаным арқылы сіңіп, адам санасында белсенді қалпында өмір сүреді. Бар нәрсені бүркемелеп, жауырды жаба тоқу, оған әртүрлі теңеу іздеу Сұлтанмахмұт өлеңдеріне жат. Тепе-тең мағыналы антонимдік оппозицияларды нақты қолдану арқылы ақын көңіл-күйінің қарама-қарсы сәтін ұтымды береді.

Ақын шығармашылығында қарама-қарсылықтың нағыз моделі бар. Оның танымдық әрекеттерінде “адам бәрінің өлшемі” қағидасы бар. Сіздің ақынмен,

оның кредосымен келіспеуіңіз де, келісуіңіз де мүмкін. Бастысы бұл емес, ақын үшін маңыздысы – өзінің ойын еркін, ашық айтуы, біз үшін – белгілі бір әрекетке, нысанға өзі болып баға беруінде. Бұдан танымның маңызды ерекшелігі – субъектіден адамға берілген ақпараттың өңделуі, әркімнің сыртқы әсерден болған өзгерісті тану мүмкіндігі болатыны келіп шығады. Торыайғыровтың ешкімге ұқсамайтын өзіндік ақындық болмысы да осылай танылады.

*Үміт қып маған қарайсың,
Көңіліңе медеу санайсың.
Балалыққа жарасам,
Аталыққа жарайсың.*

Балалық пен аталық қарама-қарсы ұғымы арқылы ақын өзіне де, еліне де баға береді. Туған еліне деген сүйіспеншілігі, кішілігі арқылы кісілігі, дара даналығы байқалады.

*Қайтейін, елім, қимаймын?!
Қия алмай жанды қинаймын.*

Ішкі жан дүниесінің бүкіл бұлқынысы осы екі өлең жолына сыйғандай, мұндағы *қимаймын* мен *қинаймын* сөздері өлеңнің бүкіл жүгін арқалап тұрғандай. Қимау мен қинау сезімі бір сәтте бір кісінің бойында болатын көңілдің ерекше бір толқынысы. Осы сөз тұлғалары арқылы ақын өзінің жан тебіренісінің шекті сипатын танытады. *Қимау, көңілі қимау, көзі қимау* – ең бір жаныңа жақын нәрселерді тастамай алып жүру мәнінде жұмсалса, *қиналу* – қимайтын, көзі, көңілі қимайтын затты не құбылысты тастай алмай қиналу, налу семасында қолданылады.

Ақынның өмірдегі де өлеңдегі де өлшемі биік. “Неге жасаймын” деген өлеңіне зер салар болсақ, көзіміз толық жетеді:

*Жасамаймын: “Еңбектің,
Жемісін көзбен көрем деп”.
Жасаймын: “Бір қолғабыс
Кейінгіге берем деп”.*

Мұндағы *жасаймын* – *жасамаймын* логикалық қарама-қарсылығы Л.Ельмслевтің айтуындағы контрадикторлы, яғни жоққа шығару аффиксі немесе лексемасы арқылы жасалған [3].

– Ма болымсыздық мағына туғызушы тұлға арқылы болған қарама-қарсылықта полярлы мән жоқ. Өйткені мұндағы автордың негізгі ойының салмағы жасау мен жасамауда емес, еңбектің жемісін көзбен көру мен бір қолғабыс кейінгіге беруде. Ақынның қызметіне беретін бағасы да, өзіне қоятын талабы да осы сияқты.

“Ұлт” деген өлеңіндегі:
*Кәпір бар, мұсылман бар – барлығы адам,
Оларды алалайтын қандай надан?!
Өнер, білім, әділет кім қолданса,*

Қай ұлт болсын – бәрі бір бауыр маған – деуінде де үлкен мән бар. Үлкен жүрек үшін кәпір мен мұсылман емес, адам ғана бар, Адам болғанда да өнерлі, білімді, әділетті қолдайтын адам бар. Кәпір мен мұсылман, адам мен надан сөздерін қарама-қарсы қою арқылы ақын ойын тереңнен тарта жеткізеді.

Асыл сөзді издесең, Абайды оқы, ерінбе – деген Сұлтанмахмұттың кісі білім-білігіне қояр талабы биік. “*Сөз мәнісін білмесең, өлең оқып не керек?*” деп шарт қояды. Сөз мәнісі мен қадірін білмей, өлең оқудың да мүмкін болмайтындығына көңіліңіз сенеді.

Танымдық жүйеде адам тәжірибесі аса маңызды саналатыны аян, өйткені тәжірибе арқылы белгілі бір құбылыс туралы адам танымы қалыптасады. Бұл таным соны белгілейтін сөздің бойында жинақталады. Сөздің қолданысы адам санасында қалыптасқан осы жинақты түртіп оятып, белгілі бір ой жүйесін туғызады.

Туғандар, жүрген қандай, жатқан қандай,

Жатқан сайын жамбасқа батқан қандай?

Ақ нұрды жарқыраған от деп ұғып,

Білмей жатып таспенен атқан қандай?

... Өнерге іші-тысы толған қандай?

Ішінде жаһалаттың солған қандай?

Жиырма жыл медреседе дауам етіп,

Қапшығы садақаның болған қандай?

Бұл – “Қандай” өлеңінен алынған үзінді. Өлеңнің ерекшелігі – қазақтың өз тәжірибесінен алынған нақты ұғымдарды салыстыра сөйлету арқылы өзіндік жоғары таным дүниесін саралауы дер едік. *Жүру мен жату, алланың ақ нұры мен пенде жаққан жай от, өнерлі мен надан* ұғымдары салыстыра отырып, ненің не екенін, жақсылықтың қандай екенін оқушы өзі бағалауы қажет. Өмір тәжірибесінде танылған ұғымды анықтайтын тілдік бірліктреді қолдану арқылы ақын өз кредосын ұтымды жеткізеді. “Жүргенге жүрдем ілігеді” деген дүнияуи қағида қалыптастырған қазаққа даму мен толас ұғымын оппозициялық аяда жеткізу үшін де жүру мен жату сөзін символ ретінде ұтымды пайдаланады.

Адам баласы қоғамда өмір сүре жүріп, өзінің материалдық және рухани мұқтаждығын қанағаттандырады. Мәселе әр адамның өзіне ғана тән қасиеті, мүмкіндігі, мінез-құлқы болатындығында. Адам - өлшем бола тұрып, сол қарым-қатынаста өзінің де өлшемінің деңгейі мен дәрежесін анықтай алады. Тілдік бірліктер адам-қоғам концептін анықтауда сондықтан да маңызды рөл атқарады.

Адам – қоғам концептін ашуда Сұлтанмахмұт өлеңдерінің мәні ерекше. “Итаршыдан” бастап, ел сөзін ұстаған алаш азаматтарына дейінгі образдардың галереясы жасалған, сол арқылы ақынның өзінің де қоғамдағы орны мен көзқарасы көрініс тапқан деуге болады.

Ақынның “Таныстыру” поэмасын қара қазақ пен оқығанның диалогы арқылы беруі де көп жайттан хабар береді. Біздіңше, бұл сөздердің ішкі мағыналық

құрылымы бір-біріне оппозициялық қатыста тұрып, автордың ойын саралауына, даралауына, салыстыруына мүмкіндік алу үшін таңдалғандай. Қара қазақ – надан қазақ емес.

Қара сөзінің мағынасы терең де күрделі, А.Н.Кононов бұл сөздің жиырма шақты мағынасы бар екенін жазады [4]. Қара сөзінің қара түс, киелі, қасиетті, көп, үлкен, мол, кір, былғаныш, ауыр, қайғылы, жай, қарапайым т.б. мағыналары бар. Автордың қара қазағы – қарапайым, бірақ бәрін білгісі келетін көп қазақ. Кешегісі мен бүгінгісін саралай алатын қара қазақ.

*Қазаққа кеше заман қандай еді,
Ашылмас сорға толған маңдай еді,
Керек күні сойып жеп сату үшін,
Шөп беріп асыраған малдай еді.*

Адам мен қоғамды концептік аяда терең таныту барысында ақын тағы да оппозициялық қарама-қарсылықты мән беретін тұлғаларды молынан пайдаланады.

Сұлтанмахмұттың әр сөзі контексте ерекше мәнге ие болады, лексикалық мағынасы коннотативтік көпдеңгейлі күрделі құрылым ретінде қолданысқа түседі. Кез келген денотаттық мағыналы сөз ақын қолданысында имплицитті түрге еніп, коннотаттық мағынаға ие болады. Бірақ бұл коннотациялық мағына кездейсоқ қалыптаспайды, ақиқат өмірден алынған деректер арқылы жаңа түрге еніп, белгілі бір құбылыс арқылы уәжделіп отырады.

*Ақ көйлек дала адамы аңқылдаған,
Жүрегінен мейірімі сарқылмаған.
Бас алғыштың түріндей түсі суық,*

Төреңнің керегі жоқ жарқылдаған – деген сияқты көркемдік шешімі мен келелі ойы түйіскен, сөйтіп, мәні келіскен жолдарды ақын кітабынан қиналмай табасыз, кез келген өлең жолы кешегі мен бүгінгі қазақ өмірінен сыр шертердей.

Сонымен, Сұлтанмахмұт өлеңдерінде қарама-қарсы мәнді ұғымдарды анықтайтын тілдік тұлғалардың қолданысының өзіндік моделі, үлгісі бар. Ақынның ой ұшқырлығы, сөз нақтылығы, мәнділігі қарама-қарсы ұғымдарды осылайша салыстырып беру арқылы әдемі айшықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Торайғыров С. Дәуір ақыны. – Алматы, 2002.
2. Торайғыров С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1957.
3. Ельмыслов Л. Прологомены к теории языка / Пер. с англ. Серия «Лингвистическое наследие XX века». URSS. – 2006. – 248 с.
4. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркологический сборник. – М., 1975.

Ж.К. Смағұлов,

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Ж. Тоқтамұратов,

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің студенті
(Қазақстан)*

I. ЕСЕНБЕРЛИН – ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ДАРАБОЗЫ

Қазақ әдебиетінің соңғы кезеңде байқалатын ұнамды үрдістерінің бірі көне дәуір оқиғалары мен тарихи адамдар өмірінің көркемдік ақиқатын айтуға ұмтылу. Халықтың парасат, кәмелеті артқан сайын қазіргі халін де толығырақ білуге ден қоятыны мәлім. Тарихи тақырыпты жан-жақты меңгеруге реализм әдісі кең мүмкіншілік береді. Озық дүниетаныммен қаруланған қаламгер жан-жақты талдау жасап, тарихи проза жанрының ішінен тарихи роман, тарихи роман-хроника, тарихи революциялық роман, көптеген жіктерін ажыратып сипаттады. Осындай тарихи тақырыпты игеру жөнінде батыл – жаңашылдық көрсетіп, аз жылдың ішінде он шақты роман жазған қаламгер – І.Есенберлин.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясына кіретін «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» романдары жатады. «Көшпенділерден» кейін жазушы қаламынан «Алтын Орда» тарихи роман-трилогиясы туғаны белгілі. «Көшпенділер» трилогиясының құрамына енетін «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» тарихи романдары жарық көрген кезде алуан түрлі пікірлер айтылды, сынап-мінеушілер де, ат үстілеу болса да, жалпылама болса да мақтаған пікірлер айтушылар да болды.

Трилогияны жан-жақты талдау, лайықты бағасын беріп, төл әдебиетіміздегі орнын анықтау тек соңғы жылдары ғана қолға алына бастаған сияқты. Тарихи трилогия төңірегінде ала-құла пікірлердің қалыптасуы бірнеше мәселеге байланысты сияқты. Жалпы, қол жеткен жетістігімізге асып-таспай, аузымыздан тәубамыз түспейтін көнбістеу, салқын қанды, парасатты, ұстамды халықпыз ғой, әйткенмен, белгілі бір дәрежеде қалыптасып қалған ұғымдардан көп реттерде аса ауытқи бермейтініміз, барымызды батыл айтып, жарқырата көрсетуге келгенде, берік те тосын, жаңашыл тұжырымдар айтуға кенжелеп жататынымыз және рас. Есенберлиннің тарихи трилогиясы жайында айтсақ, осы ойларымыздың ақиқаттығына аз да болса көзіміз жететін сияқты [1].

Қазақ әдебиетінің бір көрнекті туындысы – жазушы І.Есенберлиннің «Алтын Орда» тарихи роман-трилогиясы.

Романның бірінші кітабы 1982 ж, екінші, үшінші кітабы 1983 ж. жарық көрді. 1983 жылдың әдеби қорытындысына арналған жиналыста «Алтын Орданың» ұнамды сипаттары атап өтілді. Осы заман тақырыбын да, өткен

дәуір шындығын да еркін меңгеріп, аса өнімді еңбек еткен жазушымыздың артында қалған бай мұрасы жайында зерттеулер, мақалалар жазылды [2] .

Біз «Алтын Орда» туралы айтардан бұрын І.Есенберлиннің қазақ тарихын, прозасын байытуға сіңірген ұшан-теңіз еңбегінің жалпы мәніне тоқтала кеткеніміз жөн.

«Көшпенділер» трилогиясы халқымыздың бірнеше ғасырлық өткен өмірінің елеулі кезеңдерін, күрделі оқиғаларын көркем сипаттаған. «Көшпенділердің» үш кітабы бірігіп те, «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» атты бөліктері жекелеп те, қазақ, орыс тілдерінде бірнеше рет басылған. Трилогияның қазақ тарихи романшылдығына қосылған үлкен үлес болғанын әдеби жамағат тани білді. Жазушыны осыншама тың тақырыпқа ұмтылдырған, мұндай еңбектерді жарыққа шығарудың объективтік және субъективтік қиындығы мен кедергілерін жеңуге апарған қандай нәрсе ? «Көшпенділердің» табысты болу себебі, шығарманың көркемдік қызметіне байланысты деу жеткіліксіз. І.Есенберлин романдары ұлттық рухани өміріміздің де құбылысы болды. Өткеніміз туралы бұл кезге дейін аз ғана дерек біліп келген болсақ, «Көшпенділер» елдік дәстүріміз, ғасырларға созылған, шытырманға толы тарихымыз бар екенін көркем әдебиет көлемінде тұңғыш таныстыра алды. Бұл шығармадан тіпті тарихи еңбектерде шешімін тауып болмаған немесе басы бірікпей, шашыранды түрде мағлұматтардың жүйеге түскен желісін көрдік. Соншама мол деректерді жазушы жалаң тізбей, роман шарттарына лайықтап қорытып, көркемдік қиялға бөлеп бере алуы шығарманың тартымдылық қасиетін арттыра түсті. Міне, осындай тарих пен аңыздың, қиялдың үйлесімділік табуы триологияның өзгеше бітімін белгілеген еді. «Алтын Орда» трилогиясында да жазушы тарихымыздың беті ашылмай жатқан үлкен кезеңін шежірелеп берген. Атап айтқанда, мұнда XIII-XIX-XV ғасырларда әйгілі мемлекет болған «Алтын Орданың» саяси-әлеуметтік, халықаралық, мәдени халі кеңінен баяндалған.

«Алтын Орданың» тарихын, саяси жағдайын сөз еткен еңбектің мүлде аздығын, ал көркем шығарманың жоққа тән екендігін есте тұтсақ, сөз болып отырған триология олқылықтың орнын толтырарлық құбылыс деп түсінеміз.

Бұл романда тек Алтын Орда ғана емес, сол кездегі Ресейдің, Қырымның, Кавказдың, Мауереннахр мен Иранның оқиғалары белгілі дәрежеде қамтылып отырған. Аты-жөні шежірелерде, аңыздарда ғана сақталған қаншама адамдардың нақты іс-әрекетін, үміт-арманын танимыз. Алтын Орда хандығын орнатқан Бату, Беркелерден бастап, жүз жылға жуық уақыттың оқиғалары бірінші кітап көлемінде айтылса, ал, екінші кітапта Орысхан, Әмір, Темірлер, үшінші кітапта Алтын Орданың қуатты дәуірі тарихи аренаға Тоқтамыс, Едігелер шыққан, олардың өзара қырқыстары бұрынғы айбарлы мемлекетті әлсірете бастаған кезеңді сипаттайды. Бұл трилогияда тек хандардың қаталдығы, үздіксіз соғыстары, бейбіт елдің берекесін алып, шаруашылығын күйзелткені ғана емес, қарапайым халықтың күштілерге қарсы жиі-жиі жүргізген күрестері де қалың елдің зорлыққа деген іште тұнған наразылығы да көрініс берген.

«Алтын Орда» деген тек географиялық атау, өткеннің бұлдыр бір елесі емес, нақтылы этникалық құрамы, билеу жүйесі бар ел екендігін, ал мемлекеттің басында дарын, қайрат, қабілеті күшті қайраткерлер де, ата даңқын малданған, ұсақ мінезді, қара басының мүддесі үшін бәрін сатып жіберетін күйкі жандар да отырғанын, ақырында зорлықпен жиған байлықтың баянсыз болғанын, тақ үшін таласудың салдарынан империяның іріп-тозып бөлшектеніп, әлсіреп кеткенін көрсету, өткеннің өкінішті сабақтарын таныстырады: халық қолдамаған, бейбітшілікке, еңбекке, әділетке негізделмеген әкімшіліктің өмірі ұзақ болмайды. Трилогияда Алтын Орданы билеушілердің тізбегі дәл берілген. Бату, Берке секілді хандар мемлекет іргесін бекітіп, қалыптастыруға қатты көңіл бөлгені Еділ бойынан хандықтың астанасын орнатқандықтары, енді билеу жүйесі Бату ханның кіші баласы Ұлақшыға айтқандарынан Шыңғыс хан әулетінің саясаты мейлінше анық аңғарылады. Алтын Орда ханы өзінің бабасы Шыңғыс ханның «Топ итті жолбарыс басқарса, күндердің күнінде топ ит жолбарысқа айналады. Ал топ жолбарысты ит басқарса, ақырында барып әлгі топ жолбарыс ит боп кетеді; халық қорыққанын ғана сыйлайды, сондықтан әрдайым күшті бол; дұшпанға қанша қатал болсаң, досқа сонша мейірімді бол» деген сөздеріне имандай табынды, үрім-бұтағына да осы ақылды берік ұстаса деп тілейді [3].

«Қаһар» романының идеялық, көркемдік ірі деңгейін жұртшылық жақсы түсініп, қабыл алды. І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы ХҮ ғ. біртұтас қазақ хандығын құру жолындағы әрекет, аты тарихқа мәлім, белгілі хандар, ақын-жыраулар, халық өкілдері шығармаға деген қызығушылығын тудырды. Әдебиет қанша өсті-өркендеді дегенмен, бізде соңғы кезге дейін ХІХ ғасырдан ілгерідегі оқиғалар мүлде дерлік суреттелген емес.

«Алмас қылыш» романының жұртшылық үшін ең маңызды жері – өзге мамандар түгілі тарихшылардың өзі әлі жете зерттеп болмаған кезең – ХҮ ғ. оқиғасын роман-хроника түрінде тұңғыш рет жүйелі өріп, аса көп мағлұмат береді. «Алмас қылыш» романы – оның қазақ халқының ХҮ-ХҮІІІ ғ. тарихынан жазған трилогиясының бір бөлігі. Архив тереңінде қозғаусыз жатқан неше алуан қымбат деректі ыждаһатпен жинап, тарихи адамдар тұлғасының диалектикалық шындығын ашатын көркем шежіре, тартымды роман.

І.Есенберлиннің жұмысшы тақырыбына жазған тәуір шығармаларының бірі – «Айқас». Бұл шығарма үшін автор республикамыздың Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Романда жақсылық пен жамандықтың айқасы, жастық жігердің, адамгершіліктің, қайсарлық пен ерліктің жас адамда қалай қалыптасуы сөз болады.

«Ғашықтар» романтикалық дүние. Оның кейіпкерлері қиялшыл, асқақ сезімді албырт жастар. Қазіргі жастардың өмірін жазу үшін қиялшыл болу керек. Асылы бүгінгі өмірімізді, әсіресе, жастар өмірін жазу қиын. Оның қиындығы сол күн сайынғы өзгерістердің көзге көп шалына бермейтіні, бүгіннің ертеңге өлшем бола алмайтындығы. Бұл шығарма «Ғашықтар» аталған. Бірақ Қозы

Көрпеш – Баян Сұлудың, Қыз Жібек пен Төлегеннің ғашықтығы емес, өмірге құштарлық, адамгершілік биік мұратқа, кіршіксіз мөлдір қасиетке құштарлық сөз болады.

Жеке бастың мүддесі ғана емес, көптің қуанышы, халықтың бақыты үшін күрестің рухы сөз болады. Сыртқы сұлулыққа телміріп, тілсіз қалу емес, ішкі әсемдікке, жан сұлулығына, ар тазалығына қызығу, соған ғана толғанып, соған ғана тебірену бар.

Бұл шығарма – шым-шытырық оқиғаларды қуалайды. Бірінші - жақпен баяндалып, өмірге ғашық жас адамның көзқарасы, философиясы, қуаныш-қызығы, қайғы-мұңды хикаяға айналған қым-қиғаш оқиға, қитұрқы қиын деталь, аса күрделі композициялық шешімі жоқ, бірақ оқушыны еліктіріп, қызықтыратын туынды.

І.Есенберлиннің жұмысшы тақырыбына жазған романы – «Алтын құс». Атақты кенші, Социалистік Еңібек Ері – Сабырдың тағдыры баян етіледі. Жазушы сонау қырқыншы жылдардан осы кезге дейінгі бір адамның өмірін ой елегінен өткізеді.

Жалпы, І.Есенберлин шығармалары тақырып жағынан ұтылып көрген емес. Заман, дәуір тынысын жақсы ұғатын сезімталдығын тез танып, терең әділ қорытынды жасай білетін қасиеті бар.

І.Есенберлин тарихи романдарының стиліне эпикалық кеңдік пен баяндау тәсілінің шебер ұстасуы, небір драмалық комедиялар тұсында қажетті жеріне адамның ішкі әлеміне үңілуге, нақты жағдайды тереңірек ашуға аңыз, тарихи жыр, көне қисса т.б. ұтымды пайдалануы жатады дер едік.

Тарихта болған белгілі тұлғалардың уақыттың, заманның ең бір жауапты, шешуші сәттеріндегі болмысы-бітімін, іс-әрекетін ғана емес, сол арқылы сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси картиналарды шынайы түрде бейнелеп беру, атап айтсақ, Орда ханы Әбілқайыр тұсындағы тартыс, Керей-Жәнібектің қазақ хандығының шаңырағын көтеруі, күрес, тартыс эстафетасының Бұрындық, Қасым мен Әбілқайыр ұрпағының ортасында жаңаша сипат алуы т.б. шебер бейнеленуі, баяндау тәсілі мен әр қаһарманының ішкі дүниесіне үңіле білу осы ойымыздың жарқын дәлелі. Әрине, жанры жағынан тарихи роман-шежіре болып келетін «Көшпенділерден» де, «Алтын Ордадан» да бұдан артықты талап ету қисынсыз нәрсе, себебі, Есенберлин бізге тарихи құбылыстарды, оқиғаларды, тарихи тұлғалардың болмыс-бітімін, кескін-келбетін суреттеу арқылы сонау бағзы замандардың шынайы картинасын беруімен құнды [1].

І.Есенберлиннің қазақ әдебиетіне әкелген үлкен жаңалығы - оның жанры жағынан тарихи роман-хроникаларды дүниеге әкелді. Сондай шығармаларының қатарына жататыны – «Алтын Орда» тарихи роман трилогиясы. Егер жазушының «Көшпенділер» трилогиясы жайлы кезінде азды-көпті пікірлер айтылса, «Алтын Орда» жайында мұндай ой-пікірлер аздау. Біз мүмкіншілікке қарай аз да болса, осы олқылықтың аздығын толтыруға тырыстық.

І.Есенберлин - әдебиетіміздің көп жылдарында поэзия, проза, драматургия, кинодраматургия салаларында өнімді еткен үлкен қаламгер. Әдеби творчествосын поэзиядан бастады. «Айша», «Сұлтан» шығармалары мен «Адамгершілік туралы жыр» өлеңдер жинағын жазған.

І.Есенберлин - дарабоз жазушы, сегіз қырлы, бір сырлы үлкен талант иесі деп айтуға толық дәлеліміз. Тау-кен институтын бітірген маман мемлекеттің қоғамдық саяси-мәдени өміріне де белсене араласа жүріп, творчество ісін қоса жүргізіп отырған.

Жазушының әдебиеттің проза жанрында өнімді еңбек еткен жылдары 60-70 жылдары: «Толқынды Есіл», «Айқас», «Қатерлі өткел», «Ғашықтар», «Қаһар», «Алмас қылыш», «Алтын құс», «Жанталас», «Көлеңкемен қорғай жүр» романдары мен тарихи тақырыпта жазылған «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» трилогиясы қазақ халқының басынан өткерген ауыр кезеңдерді реализм тұлғасынан суреттеген, теңдесі жоқ туындылар[4].

Қазақ халқын хандар билеген замандағы өмірін жазушы тарихи фактілерге сүйене отырып, творчестволық лабораториясының ой елегінен өткізіп, біздің көз алдымызға сол заман суретін шынайы да өте көркемдік тәсілмен шебер жеткізген.

І.Есенберлиннің тарихи романдары роман-шежіре болуымен қоса оқырманды өзіне тартатын көркемдік тәсілінің молдығы. Тарихи оқиғалардың дәлдігіне, нақтылығына ерекше назар аударып, өмір шындығы мен көркемдік шындықты қос әлемдей бірлікте ұстаған.

Жалпы алғанда жазушы І.Есенберлиннің сонау замандардағы тарихи тақырыпқа баруының өзі – әдебиетті қаламгердің нағыз ерлікпен пара-пар ісі деп қарауымыз керек.

Дарабоз жазушы І.Есенберлин шығармаларының негізгі өзегі жақсылық пен жамандық бойына сіңген Адам деген құдірет, тіршілік иесі - оның осы дүниедегі орны, атқаратын қызметі, қарызы мен парызына бүгінгі күн тұрғысынан үңіле білу.

Сонау бағзы замандағы ұлы көшпенділердің ешкімге ұқсамас мәдениеті, рухани байлығы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі ешкімге тәуелді болғысы келмеген көшпенділер ғасырлар бойы еркіндікті, кеңдікті аңсады. Сол өмірдің бізге мәлім емес беттерін аса ыждаһаттылықпен зерттеп елеп-екшеп оқырманға ұсынды.

Жазушы І.Есенберлиннің тарихи шығармаларының құндылығы - баяндау тәсілінің шебер берілуі, адамның ішкі әлеміне үңілу, нақты жағдайды тереңірек ашуға аңыз, тарихи жыр, көне қиссаларды өте ұтымды пайдалана білуінде. Оған дәлел романды оқып отырғанда әрбір кейіпкердің, би-шешендердің сөйлеген сөзі мен іс-әрекетіне еріксіз тамсанып қарайсың.

Еліміздің тарихында сондай шешен-би, дана-ақылгөйлердің болғанына мақтаныш сезіммен қарап, олардың әрбір ұлағатты сөздерінен үлгі-өнеге алуға бейімделіп отырасың.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хамзин М.Х. Қазіргі қазақ романы. – Қарағанды, 2001. – 13 б.
2. Бердібай Р. Тарихи роман. – Алматы: 1997. – 134 б.
3. Есенберлин І. Алтын Орда. Тарихи трилогиясы. I том. – Алматы, 1982. – 16-17 бб.
4. Қазақ совет энциклопедиясы. Т. 4. – Алматы, 1972.

С.Ә. Қалқабәева,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
(Қазақстан)*

ӘДЕБИЕТТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ІЗДЕНІСКЕ БЕЙІМДЕЙ ОҚИТУ

Әдебиеттану пәндерін оқытуда студенттерге зерттеу әдістерін меңгерудің маңызы зор. Өйткені университетіміздің алға қойып отырған негізгі талабы – ғылыми-зерттеушілік ізденіске бейімді маман дайындау. Қоғамның әлеуметтік, экономикалық жағдайының өзгермелігіне қарай әлем нарқында бәсекеге қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыру ісі оқу үдерісіне осыны жүктейді. Сол себепті Жоғары оқу орындарында кафедралар жанынан Ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу, оның ғылыми жобаларын жасау, студенттерді оған тарту сияқты іс-шаралар қарқын алып жатыр. Мұның бәрі зерттеудің методологиялық аспектілерін кеңейтуді талап етеді. Студенттерді ғылыми ізденіске тарту үшін ең алдымен ғылыми зерттеу ісінің техникасы мен методологиясын оларға меңгерту қажет. Оны меңгертуде зерттеу негіздерінен бастап, зерттеу әдістеріне дейінгі жайлар теориялық әрі практикалық тұрғыдан оқытылып, шығармашылық іс-әрекетімен тікелей байланыстырыла жүргізілетін міндетті пәндер енгізілуге тиіс. Мәселен, «Ғылыми зерттеу ісін ұйымдастыру және жоспарлау» немесе «Ғылыми зерттеу ісінің техникасы мен методологиясы» тәрізді міндетті пәндер екінші немесе үшінші курстан бастап оқытылса. Әдебиеттану мамандығы бойынша магистратурада мұндай пән оқытылады. Жас ізденушілерге бұл пәннің берері көп.

Әдебиеттану ғылымының дамуына ғылыми-зерттеушілік істерді жолға қоюдың ықпалы мол. Филолог – студент бакалавриатта өз мамандығының теориясы мен методологиясын, ғылыми зерттеу жұмысының ерекшеліктерін білуге тиіс. Студенттердің ізденістері, шығармашылық іс-әрекеті баяндама, конспект, рецензия, эссе, реферат, мақала, шолу, анотация, курстық жұмыс, студенттердің өздік жұмыстары (СӨЖ), дипломдық жұмыстар, таңдау пәндерін оқу барысында көрініс алады. Студенттердің СӨЖ-ы пайдалануға берілген материалдарды, білім қорларын өзіндік ізденіс негізінде жаңаша қорытындылап, кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шеше алатын дағдыға айналдыру-

ды мақсат етеді. Алайда зерттеу жұмысының осы түрлерімен ғана шектелу ғылыми-зерттеушілік дағдыларын студенттер бойында қалыптастыруға жеткілікті ме? Әрине жеткіліксіз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстардың мақсаты мен міндеттерін, әдіс-тәсілдерін, ғылыми сипатын, техникалық ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, рәсімделуін жете білмегендіктен көп тұста кемшіліктер орын алып жатады.

Студенттің ғылыми танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту үшін оқыту ісінде оқытушылар да ізденушілік танытып, оқытуда жаңа инновациялық технологияларды қолдануы қажет. Сабақ түрлері, оқыту әдіс-тәсілдері студентті белсенді, сыни ойлау қабілетіне ие жеке тұлға (субъект) ретінде қалыптастыруға бағытталғаны жөн. Студенттің кез келген мәселеге қатысты өз пікірі, өзінің дербес шешімі болуға тиіс. Силлабуста ұсынылатын СӨЖ түрлері осы мақсаттарды ескеріліп құрылғаны дұрыс.

Ғылыми ізденіс студенттің ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, шығармашылық ойлауы мен сыни көзқарасын дамытуға ықпал етеді. Мұның бәрі қазіргі заман талабына сай субъект қалыптастыруға алып келмек.

Субъектілік – адамның өзінің іс- әрекетін басқара білу, бастамашы болу мақсатын айқындап алдына қоя білу және оны әртүрлі қалыптасқан жағдайға сәйкестендіре алу, өз бетінше ұстанымы мен пікірін іске асыра білу қабілеттілігі. Психология ілімінің түсінігіне сүйенсек, субъект категориясы үздіксіз, «жоғары қарай», үдемелі жетілуді, дамуды білдіреді екен.

Студенттің оқу-тәрбие үдерісінде субъект ретінде қалыптасуы, біріншіден, оқытушылардың оқыту іскерлігінің нәтижелілігін, тиімділігін арттырады. Өйткені оқытушының функциясының бір бөлігін студент атқарады. Екінші жағынан, терең пәндік және неғұрлым күрделі, тиімді инновациялық технологияларды қолдануды талап етеді. Яғни қазіргі оқытушы дәріскер ғана емес, жасампаз зерттеуші, ізденімпаз үйлестіруші, рухани демеуші, шығармашылыққа бағыттаушы болуы тиіс.

Енді студенттерді зерттеушілік ізденіске дағдыландыратын оқыту әдістеріне келетін болсақ, соның бірі – сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – жан-жақты ізденіп, танысып талдау. Сын тұрғысынан ойлау тәсілінде, ең бастысы, студенттердің өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалынады. Сонымен қатар белгілі бір мәселеге қызығушылықтан бастап, болжам жасатып, мақсат қойып, іс қылуға сұрақ беріп жауап алуға, студенттердің бір-бірін тыңдай білуге, өз ойларын анық жеткізуге, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік тудырады. Ізденіске баулып, оқығанын, естіп-көріп білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйретеді. Оқытудың бұл түрінің тиімділігі:

- жан-жақты білім алады;
- уақытты ұтымды пайдаланады;
- өзара пікір алмасады.

Бұл әдістердің нәтижелілігі оқытушының шеберлігіне көп байланысты.

Оқытушы міндеті тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен, студенттердің оқу іс-әрекетін танымдық, ізденушілік тұрғыдан сауатты ұйымдастыру, басқару болуға тиіс. Сын тұрғысынан ойлаудың қазіргі таңдағы талаптарға сай шығармашылық, ізденушілік сияқты қасиеттерді дарытқан білімді жеке тұлғаны тәрбиелеудегі алатын орны да ерекше. Сондықтан да жоғарыда айтылған жаңа технология студенттерді зерттеушілік ізденістерге апаратын жолдардың бірі.

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда әсіресе зерттеу тәсілдері мен әдістердің жүйесін білудің маңызы зор. Өйткені зерттелетін объектіні белгілі бір көзқарас тұрғысынан сөз етуді қамтамасыз ететін нәрсе – зерттеу әдістері мен тәсілдері. Әдіс дегеніміз – адамның шығармашылық ойлау қызметінің көрінісі.

Ізденуші-студент зерттеудің барлық ғылым саласына ортақ жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдіс түрлерінен, әсіресе дәстүрлі логикалық зерттеу әдістерін: салыстыру, талдау, жалпылау, анализ бен синтез, индукция мен дедукция, классификация мен систематизация, генетикалық әдіс сияқты түрлерінен хабардар болуы тиіс.

Әдебиеттану ғылымының методологиясы көркем шығарманы теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеумен тығыз байланысты. Ондай зерттеуге кіріспес бұрын зерттеу объектісін белгілі бір аспектіде танытатын талдаудың тәсілдерін таңдау қажеттілігі туады. Ұстанымға сай зерттеу әдістерін таңдау ғылыми танымның алғы шарттары болып табылады. Қазіргі әдебиеттану методологиясында көркем шығарманы игерудің үш түрін қолданады: талдау, интерпретация, бағалау. Сонымен қатар көркем әдебиетті зерттеуді бірнеше аспектіде қарастыру орын алып отырғандығы айтылып жүр /1/. Мәселен:

- гнесологиялық тұрғыдан келу,
- әлеуметтік тұрғыдан қарастыру,
- эстетикалық тұрғыдан келу,
- поэтикалық тұрғыдан зерттеу
- коммуникативтік тұрғыдан келу,
- тарихи-мәдени тұрғыдан қарастыру,
- тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу,
- биографиялық тұрғыдан қарастыру,
- шығармашылық-генетикалық зерттеу,
- тарихи-функциональды,
- рецептивті зерттеу т.т.

Соңғы онжылдықта әдеби шығарманы зерттеуде төмендегідей зерттеу әдістері көрініс алуда: құрылымдық талдау, мәтіндік талдау, семиотикалық талдау, стилистикалық талдау, көркемдік концептілерін, құндылықтары мен даралығын анықтау.

Жоғарыда көрсетілген ізденістерден басқа көркем шығарманы қандай да бір нақты ғылыммен байланыста қарау сияқты жеке ғылыми ізденістер де ту-

ындап отыр: лингвистикалық талдау, психологиялық әдіс, мифологиялық әдіс, этикалық және культурологиялық әдіс. Заман талғамына сай туындап отыратын мұндай жаңа әдіс-тәсілдерді жас ізденушілерге меңгерту ғылыми методологияны оқытуды тереңдетуді, әрі оқыту методтарын жаңашаландыруды, білім беру ісінде креативтілікті арттыруды қажет етеді.

Жоғары мәдениетті ұлттық сананың негізін қалыптастыруда, жеке тұлғаның интеллектуалдық қабілетін дамытуда, рухани жан дүниесін байытуда көркем шығарманы зерттей оқытудың маңызы зор. Әсіресе ұлтымыздың мәдени-рухани қазынасын жасаушы ақын-жазушылардың көркем шығармаларын зерттей оқытуда оны меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін, білімділік, ізденушілік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын негізге алу заманауи талапқа сай болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Джуанышбеков Н., Темирболат А. Теория литературы: учебное пособие. – Алматы, 2009. – 284 с.

Б.С. Сарбасов,

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының
кандидаты, доцент*

Ф. Қыдырақын,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
I-курс магистранты
(Қазақстан)*

БАТЫРЛЫҚ ЭПОСТАРДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ТУУ МОТИВИ

Батырлар жырында қаһарманның ерекше бітімі, күдіреттілігі аңыз кейіпкеріне қарағанда басқаша түсіндіріледі. Қаһарман тайпалық тотем мен аталар аруағының ғажайып түрде желеп-жебеуінің нәтижесінде туылған болады. Батырлар жырында ғажайып туу мотивтері кейіпкердің кереметтігін дәріптейтін көркем тәсілге айналған. Кейінірек бұл мотив батырлардың, рутайпа көсемдерінің ерекше жаратылысын бейнелеуге, яғни, басқа қарапайым адамдардан дәрежесін көтеру мақсатына қызмет еткен.

Дүниежүзі фольклорының эпикалық жанрларында елдің дүниетанымын, ежелден қалыптасып келе жатқан тарихын көрсететін әр түрлі көркем тәсілдерді кездестіруге болады. Қай халықтың эпикалық мұрасы болмасын, ол сол жерді мекендейтін адамдардың тіршілігінен, салт-дәстүрінен хабар береді. Соның ішінде бүкіл дүниежүзі халықтарын эпосында кеңінен тараған мотив – кейіпкердің ғажайып дүниеге келуі.

Батырлық эпоста кейіпкердің ғажайып туу мотивінің кеңінен тараған түрі – ата-бабалар аруағының жәрдемімен және әулие-әнбиелердің түсте аян беруі арқылы болашақ батырдың дүниеге келуі. Бұл мотивтер, әсіресе, шамандық және мұсылмандық культтердің үстемдігі тұсында қалыптасып, дамыған.

Бұл жөнінде С.А. Қасқабасов былай дейді: «Ислам діні енгеннен бастап Қазақстанда ескі шамандық пен ислам діні қатар өмір сүрді. Бұл жағдай көп уақытқа созылғаны белгілі. Бірақ жай созылған жоқ, екі идеология арасында үнемі күрес болып келді. Сөйтіп, бұрынғы шаманизмді исламның «қасиетті» күштері ығыстыра бастады, ал, кейбір шамандық кейіпкерлер мен әдет-рәсімдер исламдық сипат алады. Соның нәтижесінде ежелгі тотемге және ата-баба аруағына табынумен қатар, мұсылман дінінің әулие-әнбиелерін қасиеттеп, оларға сыйыну кең етек алды. Міне, бұл процесс қазақ фольклорында көрініс тапты. Мысалы, аңыз, ертегі, жырларда болашақ қаһарманның ата-анасы бала тілеп, Аллаға сыйынады, мұсылманның қасиетті орындарына зиярат етеді [1, 252 б.]. Осындай таным-түсініктердің өзгеруіне байланысты жырдағы кейіпкердің дүниеге келу жөніндегі сюжеттерінде әулие-әнбиенің жәрдемімен туу сарыны пайда болады. Әрине, бұл сюжет өзінің негізгі баяндалу тәртібін, қалпын сақтап қалады.

Қазақ батырлық эпостарындағы әулие-әнбиелердің көмегімен туу мотивіне «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Шора батыр», «Қарабек батыр» жырларында суреттелетіндей болашақ кейіпкердің ата-анасы әулие-әнбиелерден сұрап жүріп балалы болуы туралы баяндау жатады.

Осы дәуірде пайда болған барлық эпостардағы батырдың дүниеге келу эпизодтарда осындай мотивтің қолданылуы сол кездегі халқымыздың фольклорына ислам дінінің ықпал етуін байқатады. Сондықтан бұл сарын сол кезеңдегі эпостардың көбінде қайталанып келеді.

Батырлық жырлар елдің тәуелсіздік жолындағы қаһармандығын, қиялдан туындаған немесе тарихта болған адамдардың ерлік істерін жырлау мақсатында дүниеге келеді. «Алпамыс», «Қобыланды», «Шора», «Манас» жырларының негізгі идеясы халықты жат жұрттардың шапқыншылығынан қорғауға халықты шақыру болып табылса, «Оғыз-наме», «Шыңғыснама» эпостарында бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құрып, елінің іргесін нығайтқан билеушілерді үлгі ету көзделгені сезіледі.

«Қорқыт ата кітабындағы» Дерсеханұлы Бұқаштың, «Құпия шежіредегі» Шыңғыс ханның, «Оғыз-намедегі» Оғыз батырдың, қазақ эпостарындағы Алпамыс, Қобыланды батырлардың дүниеге келулері, ер жетіп өсулері – соған айғақ. Мысалы, Шыңғыс ханның дүниеге келуі туралы Шәді Жәңгірұлы өзінің «Тарихнама» атты туындысында:

Темучин анасынан дүниеге енді,
Бір қолының алақаны жұмық еді.

Қатындар қызмет еткен қарағанда,
Ішінде ұйып қалған бір қан көрді [2, 96 б.].

деп жырласа, «Қисса Наурызбай» дастаны да бұл эпизод қайтланады.

Қасым хан өзге ұлынан асып туған,
Көңілін дұшпанының басып туған.
Қарнында анасының қан шеңгелдеп,
Қызартып екі көзін ашып туған [3, 62 б.].

Махмұт Қашқаридың жазуына қарағанда, халық Қорқыттың туғаны ерекше сипаттаған. Олардың баяндауынша Қорқыт Сырдарияда сөйлеп туыпты. Бұл жөнінде халық аузында сақталған мынадай өлең де бар:

Қорқыт туар кезінде,
Қараспанды су алған,
Қара жерді құм алған,
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған [4, 4-5 б.]

Мотивтердің шығу тегін зерттеуді осы тұрғыдан қарастыра отырып, оның тек қазақ фольклорына тән сарындарына ғана емес, өзге халықтардан келген мотивтерін және жалпы түркі халықтарына ортақ түрлерін анықтап, олардың таралу жолдарын анықтауға күш салдық.

Ғажайып туу мотивін аналық ру заманында пайда болған түсініктермен байланысты қарастырған ғалым А.Н.Веселовский өзінің «Историческая поэтика» атты еңбегінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген [5, 538-539 бб.]. Бұл мотив – осы көрсетілген кезеңдегі адамдардың дүниеге келуі тотемнің әйел бойына қонуына байланысты жүзеге асатын құбылыс қарабайыр дүниетанымның жемісі деп білген. Бірақ кейбір халықтар өздерінің генеалогиялық мифтерінде өздерінің шығу тегін, әйелмен емес, керісінше ер адаммен байланыстырады. Кейіпкер белгілі бір қасиетті тотеммен некеге отырып, сол арқылы ұрпақ таратуға иеленеді.

«Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткішінде де ғажайып туу сарыны кездеседі. Солардың бірі – «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарау. Кейіпкердің ғажайып туу мотивінің бір түрі – болашақ кейіпкердің күннің нұрынан пайда болуы. Бұл мотив бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар. Бұл мотивтің түркі-монғол халықтарының фольклорында пайда болу себептерде, оған әсер еткен, діни-наным сенімдер де анықталған. Кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің пайда болуына ерте замандағы шаман дінінің мол әсері болған. Шаман дінінің ең негізгі ұстанымдары күнге, айға, көк аспанға табыну болып табылады. Кейіннен Құдайдың есімі болып табылатын – «Көк Тәңірі» деген сөз пайда болған [6].

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы дүние жүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «Күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадaları және Қытай императорларында да бар», – деп жазған [7,207-208].

Қазақ аңыздарында бұл мотив Шыңғыс ханның дүниеге келуімен байланысты айтылады. Қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры Есім ханның атасы Шыңғыс ханның күннің нұрынан дүниеге келгенін әңгімелеуден басталады. Ал, біз қарастырып отырған «Оғыз-намеде» да Оғыз қағанның анасы Ай қаған күн нұрынан жүкті болады. Бұл мотив екі туындыда ұқсас сарында баяндалады. Осы аңыздың қазақ, монғол арасында тараған нұсқаларын салыстырып зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері бір арнаға саяды. Олар кейіпкердің күн нұрынан туу мотиві түркі тектес және монғол халықтарының фольклорына тән сарын екендігін дәлелдеп көрсетеді. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Батырдың ғажайып тууы туралы сюжеттің зерттелу нәтижелерімен М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Т.Сыдықов, О.Нұрмағанбетова, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев т.б. фольклортанушылар еңбектері арқылы танысамыз.

Бұл мотив халқымыздың ежелгі таным-түсінігінің негізінде қалыптасқан түркі, монғол тайпаларының таралуы туралы шежірелерде және жыр аңыздарда, соның ішінде Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның, Манас жөніндегі шығармаларда ұшырасады. Осы қаһармандар туралы шығармалардың нұсқаларын Әбілғазының, Қадырғали Жалайырдың шежірелерінен, Г.Н.Потанин жинақтарынан кездестірсек, оларды зерттеуге Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, С.Қасқабасов т.б. ғалымдар зор үлес қосты.

Оғыз, Қорқыт туралы аңыздарда немесе ру тайпалардың шығу тегі туралы шежірелерде қаһармандардың ерекше жаратылуына үлкен мән беріледі. Бұл жерде ол алғашқы ру-тайпаларды жаратушы ілкі бабалардың, атышулы әулие-перілердің, жасампаз қаһармандардың ғажайып тууын баяндайтын мифтер циклін құрайды. Әрбір халық өздері табынатын объектілерді уағыздау мақсатында осындай мазмұндағы аңыздарды таратқан. Оның халыққа әсерлі болуы үшін қаһармандарды ерекше жаратылысын суреттеу тәсілі қолданылады.

Мәселен, жоғарыда сөз болған Оғыз қаған, Шыңғыс хан, Қорқыт т.б. кейіпкерлердің барлығы да түркілердің мифологиялық дүниетанымына сәйкес

суреттеледі. Осы келтірілген материалдардың зерттелу нәтижесіне қарап, ғажайып туу мотивтері дами келе эпикалық туындылардың экспозициясын құрайтын негізгі бөлшектердің қызметін атқарғандығын көреміз. Мұндай мотивтің ертедегі алғашқы адамдардың пайда болуы туралы антропологиялық мифтерге негіз болып, өз алдына дербес жанр ретінде таралғандығын фольклортанушы ғалымдар анықтаған.

Жалпы, дүниежүзі тарихында атакты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбінде күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады. Ол – тек түркі халықтарында ғана айтылмайды, көптеген халықтарға тән құбылыс. Текті нұрдан жаратылған етіп көрсету ежелдегі адамдар үшін өте маңызды болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов.С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. –584 б.
2. Келімбетов Н. Шәді ақын. – Алматы: Жазушы, 1974. – 96 б.
3. Хан Кене: тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
4. Қоңыратбаев. Ә. Қорқыт ата кітабы. – Алматы, 1986. – 128 б.
5. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л.: 1940. – 646 с.
6. Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 280 б.

С.Б. Тілеубаев,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
аға оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты;*

Г.У. Ахметалиева,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
аға оқытушы
(Қазақстан)*

«АРҚАЛЫҚ БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

«Арқалық батыр» жыры Қазақстан жұртшылығының қалың көпшілігіне Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» трагедиясы жарыққа шыққаннан бастап танымал болды.

Академик Р.Нұрғали бұл пьеса туралы: «Айтылмыш шығарманың туу, жазылу тарихына байланысты деректер шамалы. Драматургтың қолжазбасы сақталмаған. Бірде-бір нұсқа деп қарайтынымыз – 1926 жылы Қызылордада араб әрпімен басылған кітапша. Тұңғышрет пьеса 1924 жылдың 3 январь күні Семей қаласындағы Төртінші Октябрь атындағы клубта қазақ өнерпаз жастардың күшімен қойылған («Қазақ тілі». 10 февраль, 1924, №17 (406).

Бұдан шығатын қорытынды: пьеса Жұматтың Зайсанда жүрген уақыттарында, яғни, 1922-1923 жылдары жазылған.

Көзі тірісінде Жұматтың өзі де «Арқалық батыр» трагедиясының материалын халық жырынан, Ержан ақынның аузынан алған екен», – деп жазған [1, 36 б.].

Бұл пьеса туралы кезінде білікті пікір қозғаған академиктер – М.Әуезов [2] пен Ғ.Мүсірепов [3] «Арқалық батыр» жырының идеялық-көркемдік ерекшеліктерін жоғары бағалап, Жұмат Шаниннің халық жырын шығармашылық мақсатын жүзеге асыру үшін шеберлікпен пайдалана білгеніне тоқталған.

Аталмыш пьеса жарық көргеннен кейінгі уақыт ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының ұйымдастыруымен жүргізілген халық мұрасын жинау жұмыстарының барысында «Арқалық батыр» туралы жырлар мен аңыздардың бірнеше нұсқасы жазылып алынып, қолжазбалар қорына қабылданды. Олар төмендегідей нұсқалар:

1939 жылы Құлсариев Ертай тапсырған «Арқалық батыр» жыры Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорындағы 546-бумада сақтаулы.

Иса Байзақовтың айтуымен кейінен Саяділ Керімбеков қағазға түсірген «Арқалық батыр» жыры Қазақстан Республикасы Ғылыми кітапханасының қолжазба қорындағы 525-бумада сақтаулы.

Ержан Ахметовтің айтуынан «Арқалық батыр» жырының бір нұсқасын 1958 жылы филология ғылымдарының докторы Уахатов Бекмұрат жазып алып, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған. Жырдың осы нұсқасы Қазақстан Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған «Батырлар жыры» атты екі томдық жинақтың екінші томында жарияланды.

Осы кітаптың жариялануы «Арқалық батыр» жырының өлеңмен жазылған тағы бір нұсқасының өмірге келуіне әсер етті. Ол – Сағидолла Нұралин нұсқасы. Қазір М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы 330-бумада сақтаулы қолжазбасының мұқабасында бұл нұсқа туралы: «Жинап, тапсырған – Қанағатов Т. Арқалық батыр туралы ескі аңызды өлеңге аударған – Сағидолла Нұралин», – деген мағлұмат берілген [4, 3 б.].

Жыр мәтінінен бұрын «Автордан түсінік» деген тақырыппен берілген мағлұматтың авторы С.Нұралин бұл нұсқаның дүниеге келу тарихын: «Осы жақын уақыттың ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясы Ахметов Ержан деген кісінің аузынан жазып алып, «Арқалық батыр» жырын қазақ батырлар жырының жинағына қосқанын көрдік. Арқалықтың бұрынғы жырын мен жаттап алған емеспін, бірақ Керей ақсақалдарының ауыз әңгімесінде Ержан айтқаннан басқарақ сияқты еді.

Мен қарттардың ауыз әңгімесіне негіздеп Арқалық батыр жөнінде аз қалам қозғағым келді. «Бұл жерде Ержан ақсақалдан асамын, анықтап жазамын», – деген күншілдік көңілден аулақпын. Негізгі мақсатым – «Атақты батырдың өмірін әркім өзі ұққанынша жазса, көмілген бейне көрнеуге шығып, жалпы жұрт жарамдысын алар еді», – деген пікір еді. Демек, менің жазбағым көне замандағы Ержанның айтқаны да емес, Абақ Керейдің ақсақалдарының жай сөзбен айтқан әңгімесіне негізделіп, өз қабілетімнің келгенінше өлеңмен болмақ. Бірақ негізгі шындық өмірде болған істің шеңберінен шығып кетпейді. Қайыр, енді тыңдап көріңіздер», – деп баяндаған.

С.Нұралин жазған бұл түсінікті оқи отырып, Е.Ахметов жырлаған нұсқадағы тарихи шындықтың арақатынасы туралы және жырдың алғашқы нұсқасын дүниеге келтірген жыршы туралы бірқатар құнды мәліметтер алуға болады.

Жырдың Сұлтан Мәжитұлы жырлаған нұсқасын Абылай Түгелбаев Қазақ ССР Ғылым академиясы ұйымдастырған 1963 жылғы Семей, Шығыс Қазақстан экспедициясының мүшесі – Телмұхаммед Қанағатовқа тапсырды. Бұл нұсқа қазір М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы 330-бумада сақтаулы.

Қазақстан Республикасы Орталық Ғылыми кітапханасының қолжазба қорындағы 366-бумада «Арқалық батыр» жырының Қабыш Мұсайынов пен Дәуітхан Ибраимовтар қара сөзбен баяндаған нұсқалары сақтаулы.

Алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектің 1960 жылы жарық көрген бірінші томының бірінші кітабындағы филология ғылымдарының кандидаты Мәлике Ғұмарова жазған «Бұрын зерттелмеген жырлар» атты тарауда «Арқалық батыр» жырының Е.Ахметов, И.Байзақов, Е.Құлсариев және С.Нұралин нұсқалары туралы қысқаша ғылыми мағлұмат берілді.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1963 жылғы 25 қазанында шыққан санында филология ғылымдарының докторы, профессор С.Садырбаевтың Арқалық батырдың жиналуы, жариялануы, идеялық мазмұны туралы мақаласы шықты.

Р.Нұрғалидың 1969 жылы шыққан «Талант тағдыры» және С.Ордалиевтің 1969 жылы жарық көрген «Қазақ драматургиясының очеркі» атты монографияларында да «Арқалық батыр» жыры Ж. Шаниннің осы жырдың негізінде жазылған трагедиясына орай қарастырылған.

Монғолиялық ғалым Қабидаш Қалиасқарұлыны 1969 жылы баспадан шыққан «Баян-Өлгий қазақтарының ауыз әдебиеті» атты кітабында «Арқалық батыр» жырының Монғолияның Баян-Өлгий өлкесінде кеңінен тарағаны екені жөнінде жазылып, бұл туындының идеялық мазмұнынна, образдар жүйесіне талдау жасалған. Бұл кітаптың авторы өзі талдап отырған нұсқаны кім жырлағанын көрсетпегенімен, Б.Уахатов аталмыш зерттеуде келтірілген үзінділерге қарап, ол «Ержан Ахметов нұсқасы болар» деген болжам жасаған [5, 179 б.].

Е.Жақыповтың «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы» журналының 1974 жылғы 4-санында жарияланған «Шанин

драмасындағы тартыс шешімі» атты мақаласында «Арқалық батыр» атты трагедия мен жыр салыстырыла қарастырылады.

С.Садырбаевтың 1976 жылы жарық көрген «Фольклор және эстетика» атты монографиясының «Арқалық батыр» жырының варианттары» атты тарауында «Арқалық батыр» жырының таралған территориясы, нұсақалары, ол нұсқаларды бізге жеткізуші – Е.Ахметов, Е.Құлсариевтер туралы жан-жақты мағлұмат беріліп, Е.Ахметов және Е.Құлсариев нұсқаларына кеңінен салыстырмалы ғылыми талдау жасалған. Ғалымның аталған нұсқалардың тарихи шындықпен арақатынасы, көркемдік ерекшеліктері, ол туындылардағы жыршылық дәстүрдің, қоғамдық сананың көріністері, тағы да басқа өзекті мәселер туралы пайымдаулары қазақ эпосы тарихындағы «Арқалық батыр» жырының орны туралы кең түсінік алуға көмектеседі.

1979 жылы жарық көрген «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты ұжымдық монографияның «Арқалық батыр» атты тарауын Б.Уахатов жазған. Бұл ғылыми еңбектегі талдаудың нысанасына жырдың Е.Ахметов, И.Байзақов, Е.Құлсариев нұсқалары айналған. Бұл зерттеуде жыр аталған нұсқалары тарихи деректермен салғастырыла, жыршылық дәстүрге қатысы анықтала, сол кезге дейінгі бұл жыр туралы жинақталған мағлұматтар толық ескеріле отырып талданған.

«Арқалық батыр» жыры филология ғылымдарының докторы, профессор З.Сейітжанұлының қазақтың реалды тарихи эпосының ерекшеліктері туралы диссертациялық жұмысының, 1994 жылы баспадан шыққан «Тарихи эпос» атты монографиясының және өзге де еңбектерінің нысанасы болды. Аталған ғалымның еңбектері «Арқалық батыр» туралы жырлар мен аңыздардың барлық нұсқалары жазылып алынған, көпшілігі жарыққа шыққан, жариялылық заманы орнауына, еліміз егемендік алуына байланысты бұрын жазуға, ашық сөз қылуға тыйым салынған жайттарды айтуға мүмкіндік туған, шетелдерде тұратын қандастарымызбен арадағы байланыстар жолға қойылып, қазақ халқы рухани мұрасын насихаттауға ешқандай кедергі қалмаған кезде қолда бар дереккөздерін барынша қамтып, мәселелерді жан-жақты қарастыра отырып жазылуымен ерекшеленеді. З.Сейітжанұлы өзінің зерттеулерінде еліміздің мұрағаттарында сақталып келген жырларды түгелімен сөз қылып, өзінен бұрынғы зерттеушілер назарынан тысқары қалып келген А.Түгелбаевтың нұсқасын да ғылыми айналымға енгізіп, оның үстіне жырдың Қытайдағы қазақ диаспорасының арасында сақталған нұсқаларында ғылыми ой қорытындыларына негіз етті. Соған орай, бұл еңбектерде «Арқалық батыр» туралы халық мұрасының жанрлық-сюжетті сипаты, образдар жүйесі және поэтикасы мәселелері біршама жақсы шешімін тапты. Автор «Арқалық батыр» және өзге де тарихи эпос үлгілерін классикалық эпостың өзге халықтар мен қазақ халқы арасында сақталған үлгілерімен диахрондық, синхрондық тұрғыдан кеңінен салыстыруларға барған. Автордың айрықша ыждаһаттылығы қаһармандық эпостың сюжеттік инвариантының тари-

хи эпоста, соның ішінде, «Арқалық батыр» жырында, қаншалықты көрініс бергенін анықтау мақсатындағы келтірген кестелерден, жыр нұсқаларының поэтикалық айшықтарының өзгешеліктерін теңеу және басқа да көркемдік құралдардың сандарын нақты анықтағанынан, тағы да басқа ізденістерінен айқын аңғарылады.

«Арқалық батыр» жырының нұсқаларын жазып алып, жариялау, зерттеу жөнінде Қытай Халық Республикасында да біршама жұмыс атқарылды. Соның нәтижесінде жиналған нұсқаларының ішінен Іле аудандық «Шалғын» журналында 1980 жылы Сұлтан Мәжитұлы нұсқасы, Асқар Татанайұлы нұсқасы, «Мұра» журналының 1983 жылғы 3-санында Жұмажан Әбілғазыұлы нұсқасы, 1991 жылы баспадан шыққан «Алтай қаласының қисса-дастандары» атты кітабында Қайса мен Дөнеш жинаған нұсқасы, 1992 жылы шыққан «Қап ауданының қисса-дастандарының» бірінші кітабында Кемелхан Мәженұлы, Қаппас Ашубайұлы, Шәмен Исаұлы жинап, бастырған нұсқасы жарияланды.

«Мұра» журналының 1983 жылғы екінші санында жариялаған нұсқаға жазылған алғыс сөздің авторы – Ж.Әбілғазыұлы өзінің жырдың нұсқаларын жинап, салыстырумен ұзақ уақыт бойы тиянақты шұғылданағаны туралы жазып, ондағы негізгі мақсаты – жырдың тарихи шындықты дұрыс көрсететін нұсқасын табу болғандығын, осы ниетін жүзеге асыру үшін өзіне белгілі жыр нұсқаларын қарияларға оқып беріп, олардың пікірлерін тыңдап отырғанын білдіреді. Сондай ізденістерінің нәтижесінде Ж.Әбілғазыұлының қарастырылып отырған жырдың көптеген нұсқаларында қиялдың күшімен өмір шындығынан ауытқушылық кездесетінін анықтағанынан хабардар боламыз.

«Арқалық батыр» жыры туралы құнды мәліметтерді көрнекті әдебиетші Асқар Татанайұлының еңбектерінен де алуға болады. Жырдың ол кісі жинаған бір нұсқасы 1991 жылы баспадан шыққан «Алтай қаласының қисса-дастандары» атты кітапқа енген. «Арқалық батыр» жырын арнайы зерттеген ғалым – Әлия Баймаханова А.Татанайұлы жырдың бір нұсқасын жариялап қана қоймай, жырдың негізінде «Арқалық батыр» дастанын жазғаны туралы мағлұмат береді.

«Мұра» журналының 1994 жылғы 2-санында Әлия Баймаханованың «Арқалық батыр және «Арқалық батыр» дастанының варианттары жөнінде» атты мақаласы жарияланды. Бұл мақаланың құндылығы онда сол уақытқа дейін Арқалық батырдың өзін және ол туралы туындыларды танып-білу жөнінде Қытай Халық Республикасында атқарылған жұмыстар жөнінде, Арқалық батырдың кім болғаны, оның заманы, жырға арқау болған тарихи шындық, жыр кейіпкерлерінің прототиптері, жырдағы тарихи шындық пен көркемдік қиялдың арақатынасы, Қытайдағы қазақ фольклортануының деңгейі және тағы да басқа өзекті мәселелер жөнінде мол мағлұмат берілетіндігінде. Ең бастысы – осы мақаланы оқыған адам Арқалық батырдың көптеген зерттеушілердің болжамындағыдай жоңғарлар мен қазақтардың арасындағы соғыстың кезінде

емес, бертінірек, атап айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген адам екендігіне көзі анық жетеді. Мақаланы оқи отырып жасаған тағы да бір қорытындымыз: әр елдерде өмір сүрген қазақтар бертінге дейін бір-бірінің рухани әлемінен мүлде дерлік бейхабар болып келгені анық байқалады. Олай дейтініміз: Ә.Баймаханова Кеңестер Одағында «Арқалық батыр» туралы жарияланған материалдардың ішінен тек «Қазақ совет энциклопедиясында» берілген мағлұматпен ғана таныс екенін аңғартады.

Бұған керісінше, біздің елімізде өмір сүрген ғалымдарға Қытайдағы рухани мұралар мүлдем жұмбақ, беймәлім құбылыс болып келуі де «Арқалық батыр» жыры кейіпкерінің қай дәуірде өмір сүрген адам екені жөнідегі жаңсақ пікірлерге жол ашып, қате пайымдауларға алып келді. Бұл олқылықтардың еліміздің егемендік алғанына біршама уақыт болған кездің өзінде орны толтырылмауы да ешкімді бей-жай қалдырмауы тиіс. Өйткені жаңа қолымыз жеткен тәуелсіздігімізді баянды етудің сенімді кепілдерінің бірі – мәдени мұраны игеру екені қазір дәлелдеуді қажет етпейді. Бұны «мәдени мұра» бағдарламасының ел басымыздың тікелей басшылығымен жүзеге асырылып жатқандығының өзі-ақ айқын байқатады. Демек, қазір игеріліп жатқан құнды рухани қазыналарының қатарында Арқалық батыр туралы халық туындыларын да толық әрі кешенді, жан-жақты зерттеу аса маңызды әрі кезек күттірмейтін міндеттердің бірі екені өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан бұл игілікті істі кешеуілдетпей қолға алған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Айдын. – Алматы: Өнер, 1985.
2. Уахатов Б. Арқалық батыр // Кітапта: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979.
3. Сейітжанұлы З. Тарихи эпос. – Алматы: Ғылым, 1994.
4. Қазақ қиссалары. – Пекин: Ұлттар, 1982.
5. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1972.

М. Абдраев,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология ғылымдарының кандидаты
(Қазақстан)*

ТЕЛЕХАБАРДЫҢ МӘТІНДІК ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫЛЫҒЫ

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндік құрылымдардың ерекшелігі оның ақпараттық мақсат-мүддесіне тікелей байланысты. Жалпы, телерадио хабарларының құрылымдық жүйесі ортақ. Бірақ, жүрдек оқылып, жеңіл қабылданатын журналистика жанрлары тыңдарман, көрермендер үшін әрқилы қабылданады. Демек, функционалды емес. Мақсатсыздық басымдық

көрсетеді. Адамдардың әлеуметтік болмысымен теңдесіп, өзектесіп жатқан телехабарлар көрерменін, тыңдарманын толғандырады сөзсіз. Себебі, қоғамдық құрылымның ағымына көз салып, таразылау, адамдар тағдырына алаңдау, тұрмыс-тіршілігіне зер салу журналистің негізгі мақсаты. Көкейкесті сауалдарды әлеуметтік сипатта ауқымдандыру, астарлы ағындарға ұластыру, оны көрерменге, тыңдарманға дарыту үшін авторлық, журналистік принципті мінез керек. Мұның өзі психологиялық тұтастық. Өйткені, сан салалы өмір мен шытырман дүниенің жұмбақ кестесі халықтың тұрмысына кері әсерін тигізеді хақ. Осы аралық көпірдің жалғастығында тұратын тұлға ол – журналист. Адамдардың жанына үңіліп, басалқы мінез танытпаса журналистің еңбегі еш, бейнеті сор болады. Демек, бастаған істі аяғына жеткізу нәтижесін береді.

Егер, журналист өзіне кәсіби сыншы болса, мәтінді қайталап оқыған сайын оның пікірі өзгереді. Ал, өзгеру деген жаңару, даму мағынасын білдіреді. Себебі, журналист мәтінді оқығанда тыңдарман дұрыс түсіну үшін оның санасында өзіндік талдау қатарласа жүреді. Тыңдарманның немесе көрерменнің оқиғаға, құбылысқа өз көзқарасы, дүниетанымы, ой-пікірі қалыптасады. Өйткені, кез келген жанрлық мәтіндер әркімнің жеке түсінуі үшін жазылмайды. Сондықтан, мәтінді жазу оны оқу күрделі мәселе. Мұндағы басты жәйт, өз ойыңды тықпалау емес, қалың жұртшылыққа парасаттылықпен жеткізу. Халықтың ақыл ойы қашанда биік. Сол себепті де көпшілік қауым ақпаратта айтылмай тұрған жасырын, құпия қуыстарды өз пайымдауларымен толықтырып алады. Журналист интеллект болса, олар адресат, әрі моралистер де солар болмақ. Сынайтын да, саралайтын да, бағалайтын да көрермен көпшілік. Демек, қауым жұртшылық журналисті түсінсе онда мәтінді де ұғады.

Айту мен жазу кәсіби өнер. Жай ғана емес көркемдеу, суреттеу, образдау, ақпараттау өнері. Яғни, сөз бен сөйлемнің бірлігін сақтайтын дыбыстық дизайнның шеберлігі. Сөзгерлік өнерді игерудің алғышарты, адамдар сөйлегенде дыбыстық және мақұлдау мен қабылдау процесіне түседі. Демек, бұл дыбыстық коммуникация. Біз сөйлеу арқылы өзгелердің назарын өзімізге аударамыз. Себебі, ойдан ой туындап, сана қозғалысында ақпараттық сигналдар түзіледі. Сөз бен дыбыстық үндестіктің компоненттілігі айтылғанда толық қабылданады. Өйткені, дауыс пен дыбыс белгілі бір адамдардың қарым қатынасындағы қаратпа суреттеудің белгісі.

Ендігі кезекте, бүгінгі күнде мынандай тенденция бар. Көрермен жоқ, тыңдарман марғау дейміз. Неге? Себебі, сол көпшіліктің талабы орындалмайды. БАҚ әсіре, көшірме модашылдыққа айналды. Журналистер өздеріне талап қойып, ой ширата білуден алшақтады. Мұның да өзіндік себептері болмайды емес, әрине. Мәселен, телеарна белгілі бір мақсатта ақпараттық бәсекелестікке тікелей бет бұрса, көптеген принципті жағдайлардан ауытқушылыққа ұрынады. Көрерменге деген ақпараттық қызметтен гөрі имидждік бағыт басымдық алады да сападан алшақтап кетеді. Бұл;

– **біріншіден:** көрермендердің телеарнаға деген сенімін төмендетеді;
– **екіншіден:** көрермен көпшіліктің мәдени-интеллектуалды, тарихи танымдық хабарларға тартылуы азаяды.

– **үшіншіден:** интеллектуалды хабарлардың таратылуы мен ұйымдас-тырылуы күрделенеді, себебі, хабарға респонденттер тарапынан бас тартушылық немесе немқұрайдылық байқала бастайды.

– **төртіншіден:** осылардың есебінен телеарнаның рейтингісі төмендейді.

Осы ырғасында профессор Намазалы Омашев «журналистика мамандық қана емес қоғамдық ілім» деген философиялық пікір білдіреді. (авт.). (Қазақ журналистикасы. 3томдық. Қазақ баспасөзі. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 1 том. 2008. –15 бет.). Телехабардың қоғамдық өлшем бірлігі – көрермендердің сана мен сапа ерекшелігіне, әлеуметтік тұрмыстың тұрақсыздығына қарама қайшылық мінез тудыру себептерінен іздестірілуі қажет. Соны құбылыстар мен оқиғалардың зерделенуі тек «осылай болды», -дегенмен шектелген түйеқарын көрсетілім ешбір абырой әпермесі анық. Сондықтан, телеарна ақпараттық қызметпен ғана шектеліп қалмай, неғұрлым халықтық сипаты бар, қауымдық қызығушылық тудыратын әлеуметтік интеллектуалды телешығарылымдардың мазмұнын тереңдете алса, ол өзінің негізгі функциялық бағытынан ажырамайды. Бүгінгі талаптың өзі интеллектуалды ұлт пен интеллектуалды сана бәсекелестігін алға тартқандықтан да, сүбелі сөз айтатын, сөзгерлік қабілеті жоғары мамандар қоғамдық ой дискурсына және телеарнаның абырой-мақсатына өз үлестерін қоса алады.

Бүгінгі таңдағы бір бірінен аумамайтын трафареттік үлгідегі келісімін таппай, келелі мәселеге тырнақ-аузы батпай, көк езу, зар жақ телехабарлар топтамасы жанрлық көркемдігінен де ажырап барады. Сонда журналистиканың «не машық, не мамандық екенін» қауым қалай ажыратар екен. Бұл мәселе тұрғысында да ұстаз Н. Омашев айқын ойларын ортаға салған. Сондай-ақ белгілі қаламгер, журналист Қали Сәрсенбай «...қазіргі журналистиканың деңгейі де көбіне ала-құла, біртүрлі сұрқай... Сауатсыздық, жауапсыздық басым... Исі мұрнына бармайтын, өмірі қолына қалам ұстап, он жол хабар жазбаған адам да журналистика жөнінде пікір айтатын болды. Ал Шерхан, Камал, Қалтай, Оралхандардың тұсындағы журналистика қандай еді? Сұрапыл еді ғой. Олар бұл саланы өнер деңгейіне көтеріп кетті... Журналистердің көбі тұлға болды, елдің сөзін биік мінберден айтты... Қазір рухани дүние жүдеп тұр. Қоғамды рухани эпидемия шарпып тұр...

Телевидение – мыңдардың, миллиондардың аудиториясы. Сондықтан оған бұрын кім-көрінген шықпайтын. Ондағы киім киісің, жүріс-тұрысың, сөз мәнерің, кескін-келбетің, сүйкімің – бәрі ескерілетін. Өйткені сен халықтың алдына шығасың. Қазір кімнің қалай шығып жүргенін көріп жүрсіз. Оның бәрі ілім-білімнің таяздығынан. Кейде надандықтың исі аңқып кетеді», -деген пікірінің орынды екенін көпшілік сезініп отыр.

Қалекең журналистиканы сынап отырған жоқ, журналистика мамандығына деген талап-таланты жоқтардың, ынта-ықыласы төмендердің олақай көзқа-

расын, таяз сана мен сабырсыз мінезді, солақай түсініктерді айтып отыр. Тіпті «...қазір осы саланың өзінде адам танымайтын ұрпақ өсіп келеді. «Оралхан Бөкейден сұхбат алып келейін, соткасын бересіз бе?» деп зәремізді алғандар болған», – дейді («Ана тілі» газетіне берген сұхбатында. №45 (1459) 1-7 қараша, 2018 жыл.).

Журналистикадағы руханисыздық және жауапсыздық кеселі – мамандықтың машақатына төзімі жетпейтіндер келешектің де талабына жауап бере алмайтындығында болып отыр. Себебі, журналистиканың рухани материалы ақыл ой мен сезім тұтастығымен ғана емес, өнер-білім және адам құндылығының өзекті мәндерімен, әлеуметтік әрекетшілдіктерімен тығыз қарым қатынастылығында дамитындығын ескере алмайтындығында. Сондай-ақ ол қолданбалы техникалық құрылымдардың сұйық немесе қатты қосындысынан тұратын физио-химиялық көрсеткішке жатпайтындығында. Мұндағы теориялық күш – дыбыс пен әріптердің жұптастығынан туындайтын, энергиялық сөз қуатының күдіреттілігінен тарайтын қоғамдық ой сана қозғалысының әлеуметтік құралдық сипатындағы саяси өнер құрамдастығымен және мәдениет пен тарихи өмірдің шынайы дәйектілігінде. Ал оны саналы түрде зерделеп, жазып, айта білу үшін, саралап, талдап, әділдік пен туралықты таныту үшін білім мен ізденіс әрі өзін өзі жетілдіру жолдары талап етіледі. «Күннен тарайтын сәуленің арқасында көз шын көрушіге айналады...Күн шын көретін болуына өзі себепкер бола отырып, осы сәуленің арқасында ол өзін өзі көреді», – деп (әл Фараби әлеуметтік этикалық трактаттар, «Ғылым» баспасы, Алматы – 1975 ж. – 58 бет.). әл Фараби айтқандай журналистикасы қуатты ел өзін өзі және қоғамдық, әлеуметтік қайшылықтар мен тұрмыстық өзгерістерді, өзгелерді таниды. Демек, журналистика әлеуметтік танымдық маңызы зор мамандық болғандықтан білетіні де, білмейтіні де соның маңайында жүр. Алайда, оның идеологиялық сипаты мен ресми заңдылығын ажырата білмеген жағдайда журналистиканы демократиялықтан демоғогияға ауытқытады да бақай есеп пен бақа шаянға батырады. Себебі, заман басқа болғанымен, қоғам өзгеріске ұшырағанымен адамдар өміріндегі құндылықтар сақталады. Қай қоғамның болмасын әлеуметтік түйткілдері бар және бола береді. Өйткені, ұрпақ алмасып, келер келешектің де айтар ойлары мен шешер мәселелері болмақ. Сондықтан, «Журналистика деген – ұлттың өзін-өзі жоғалтпауы жолында күресетін мамандық», – деген Қали Сәрсенбайдың сөзін рухани цитата ретінде қолдануға әбден реті келіп тұрған заман. **Шын мәнінде журналистика – қоғамдық сұраныстан туындаған, замандар мен кезеңдер келбетін кестелейтін, дүбірлі дәуірдің аумалы-төкпелі уақытын бағамдап отыратын заманауи әлеуметтік ғылыми мамандық.**

Бүгіндері әлемдік ақпараттануға құлақ асып, зер салсаңыз болып жатқан саяси толқулар мен экономикалық дағдарыстар, аймақтық қақтығыстар мен жанталаса қаруланушылық пен бой көрсетіп жатқан басқыншылық терроры – керісінше журналистикамен, оның ақпараттық жанрымен ықпалдаса түседі.

Демек, шынайы журналистиканы әлеуметтік тұрмыстан алшақтатып, халықтық сипатынан ұзартып, басқа мақсатқа бұра пайдалану, интеллектуалдылықтың тамырына балта шапқанмен бірдей. Ел мұратына жетелейтін құштарлық пен еңбектің, білім мен ғылымның ақсұңқары – интеллектуалды топ болып саналатындықтан, шығармашылық жолындағы журналистиканың сөз өнері мен айту, жазу, мәтіндеу интеллектісі рухани өрістің ақпараттық мәдениетімен септесуі қабырғалы белестердің биігіне жетелеуі сөзсіз.

Дейтұрғанмен, бұл мәселенің екінші жағына көңіл бөлер болсақ, коммерциялық тараптағы телеарналардың мақсаты нарықтық қатынастың заңдылығымен шектеліп қалғандықтан, шығармашылық талап пен талғам кейінгі орынға ысырылып қалады. Саяси мақсаттағы ұйымдардың ойнын насихаттап, алақұла, алыпқашпа пікірлерге ұрындырады. Ақпараттық ағынды іріктеп, саралаудан алшақтаған сайын оның ықпалы өзге телеарналарға тиді. Мұндай салқындық әлеуметтік өмірден іргесін ұзартқан сайын жалпыұғымдық стандартқа ұласып, телеөнімнен гөрі телезатқа, телебұйымға айналып, моралдық және рухани әдептен жұрдай болады. Тек валюта есебімен жүріп, тұратын механизмге айналады.

Мамандыққа деген сүйіспеншілік адамның шығармашылыққа деген ізденіс мәдениетін көтере түседі. Рухани жұтандыққа жұтылу, демек, ынта-белсенділіктің төмендеуінен шығармашылық өрістің де, әлеуметтік жағымсыз көріністердің де ұлғайуы заңдылыққа айнала бастайды. Себебі, зерттеушілердің пайымдауынша, қоғамдық жүйенің эволюциялық қарқынына орай, көпшілік қауым ақпарат құралдарының шығармашылығын сіңіре отырып, білімденетіні анықталды. Бірақ, қай бағытта, қандай идеологияның жетегімен жүріп келеміз. Беймәлім. Біз оқырмандар мен телекөрермендердің рейтингісіне жүгінгенде, бәлен пайыз деп айтудан жалықпаймыз немесе мақтан тұтамыз. Алайда, олардың не үшін көретіні жайлы деректерді айта алмаймыз. Себебі, кетіп жатқан кемшіліктерді біле тұра көрмеген боламыз. Сонда рейтинг, контент деген терминдерді сәнге айтарға болмаса, мәнге тұрарлық идея мен пікір-көзқарастың орнықты идеологиялық көрсеткіші жоқ. Бұл мамандардың кәсіби диагностикалық пайымы.

Демек, ой дағдарысының кемшілігін, сана дағдарысынан іздеу қажеттілігі туындайды. Айналып келгенде жаңаша ойлау реформасы алға тартылады. Бұл философиялық, моральдық-саяси категорияның бүгінгі күн сұранысындағы тұжырым екендігі даусыз. Ол үшін оқып, білім алу мен ізденіс жолдарын және сөйлеу мен жазу өнеріндегі ерекшеліктерді синтездеудің қажеті шамалы. Тіпті, ақылға қонымсыз. Себебі, шығармашылық қабілет трафаретке сыймайды. Жаңару деген сөздің мағынасы – өңдеу дегенді білдіреді. Ой мен сана қасандығы өңдеу нәтижесінде ғана рухани жаңара түседі. Алайда, жаңаруды тұтастандыру арқылы қоғам өрістене түседі. Интеллектуалдылық идеясы да осы мәселе төңірегінде көтерілген. Сонымен, телевизиялық өнімдердің негізгі көрсеткіші телешығармашылықтағы жаңару идеологиясымен толығып, саяси әлеуметтік әдеп пен ізденіс қоржынымен келетін рухани көпшіліктік жеміс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 58 б.
2. Қазақ журналистикасы. 3-томдық. Қазақ баспасөзі. Т. 1. – Алматы: Таймас, 2008. –15 б.
3. Ана тілі. – 2018. – № 45 (1459). – 1-7 қараша.

Б.С. Сарбасов,

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының
кандидаты, доцент*

Г. Төлеуова,

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
1-курс магистранты
(Қазақстан)*

«ОҒЫЗ-НАМЕ» ЭПОСЫНДАҒЫ АҒАШ КУЛЬТІ

Қазақ аңыз-ертегілеріндегі мықан ағашының (бәйтеректің) нысаналық белгісі – заман, мәңгілік өмір. Қазақ үшін о дүние мен бұ дүниенің шекаралық белгісі – шоқ терек. Ер Төстік те, Керкұла атты Кендебай да, Тазша бала да бәйтеректің түбіне келіп, осы өмірге оралады. Олар біз жайлаған кеңістіктен өзге кеңістікте өмір сүріп келген. «Күн астындағы Күнікей қыздағы» алтын ағаш та сондай күдіретке ие, мықан ағашы (бәйтерек) – мәңгілік уақыттың символы.

«Ер Төстік» те, «Керкұла атты Кендебай» да, «Күн астындағы Күнікей қыз» да Түркі қағанаты мен оғыз-қыпшақ дәуірінен бұрын шыққан ертегілер. Мүмкін, оқиға құрылымы жағынан өзгеріске ұшырап, бір желі қосылып, бір желі алынып тасталған болар, бірақ, ежелгі дәуірдің нысанасына айналған бәйтерек аңыздың түп қазығы болып қалған. Бұл нысана «Қозы-Көрпеш Баян сұлуда» – бестерек, «Қыз Жібекте» – жалғыз құрай. Қу ағаш (Төлегеннің панасыздығын меңзеу), «Абай жолында» шынар, алып бәйтерек ретінде көрініс тапты.

Мықан ағашы (бәйтерек) – түркі тілдес ұлттардың түп атасының бейнесі. Қыпшақты тілге тиек етер болсақ, қазақ шежіресі бойынша қыпшақтар қазақ орта жүзінің алты үлкен тайпасының бірі.

«Оғыз-намеде» Ұлық Орда бек Етіл суынан өту үшін ағаш кесіп, сал жасайды. Ол жайында «Оғыз-намеде» Оғыз қаған әскеріндегі өзі бек, өзі ер Ұлық Орда бек деген белгілі жауынгер болған делінген. Ол Оғыз әскері Етіл суынан өте алмай қысылған кезде, тапқырлық жасап, қалың қолды Етіл суынан сол салмен өткізеді. Үлкен қызмет етеді. Оғыз қаған: «Ай, ай сен мұнда бек бол»

[1, 91 б.] – дейтін эпостың айтуынша Қыпшақ Ұлық Орда бекті Оғыз қаған Етіл өңіріне бек етіп тағайындайды. Яғни, Қыпшақ Ұлық Орда бек Етіл өңірінің әкімі, иесі... Алайда ол Оғыз маңына топтасқан көп ұлыстың бірі ретінде суреттеледі. «Әрине, мұнда мотив өте көне болып, оның географиялық ортасы жаңа болуы мүмкін. Бұл қыпшақтардың VIII–XI ғасырларда осы өңірде болуы жағдайына байланысты қайта жаңғыруы да мүмкін» – дейтін ғалымдардың пікірі оғыздар тарихының түрлі кезеңдерінің бір кейіпкер маңына топталу процесін меңзейді.

Ал Әбілғазы шежіресіндегі деректер бойынша жорықта ағаш қабыршағында дүниеге келді делінетін «Қыпшақ» атты бала Оғыз қағанның өкіл баласы ретінде соның қолында тәрбиеленіп, кейін сенімді батыры, әйгілі қолбасшысына айналады. Дон, Еділ бойындағы халық Оғызға қарсы толқып наразылық білдіргенде, хан соларды күшпен басуға көп әскермен Қыпшақты жібереді. Қыпшақ бек наразылықты басқан соң, осы жерде ұзақ жылдар бойы билік құрып, кейін 4000 жылдай тәуелсіз өмір сүрген Дешті Қыпшақ мемлекетінің негізін салады. Сол қалың Қыпшақ елі осы баладан тараған ұрпақ еді дейді Әбілғазы шежіресі [2].

Мықан ағашы, алып бәйтерек – ата-бабамыз Алып Ер Тұңға. Оның атасы Қыпшақ, тегі түрік Ишбақай, Ишбақайдың арғы атасы – Тарғытай. Тарғытай да бәйтеректің саясында, найзағайлы дауылда дүниеге келген. Ұлы Герадот дегдар «Адам ата-Хауа ана» дәуіріне апарады. Ал Адам ата мен Хауа ана бейіштегі жақсылық пен жамандықтың парқын танытатын киелі ағаштың жемісін жеген соң біз жаралдық-мыс емес пе.

Мықан ағашы (бәйтерек) – аңыздарда дүниенің кендігінің символы. Ол табиғат пен өмірдің жалғасқан айнымалы шексіздігін меңзейді. Фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов «... Бәйтеректің басына ұя салған самұрық (не алып құс) кейіпкерді аспан әлеміне алып ұшады, иә болмаса жер бетіне шығарады. Зәулім бәйтерек бейнесі – қазақ жағдайына сәйкес космостық ағаштың өзгерген түрі. Мұны қазақтардың айдалада өсіп тұрған жалғыз ағашты қадір тұту салтынан да көруге болады» дегенді айтады. Бұл ойымызды Шоқан Уалихановтың мына пікірі қуаттай түседі: «Жапанда өсіп тұратын жалғыз ағаш немесе бұта қадірленіп, адамдар оның басына түнейді. Қасынан өтіп бара жатып, адамдар ағаштың бұтақтарына шүберек байлайды. Ыдыс тастайды. Тіпті, құрбандық шалады. Я болмаса аттың жалын түйіп тастайды», «орман тәңірінің киесі атады» деп жалғыз ағашты кестірмейтін, жас талды сындырмайтын әдетіміз күні бүгінге дейін жалғасып келе жатуы да сол кездегі түсінік-түйсіктерден қалған болса керек» [3, 45 б.].

Пайғамбарымыздың атасы Абдулмутталиб былай деген: «Бір жолы ұйықтап жатып түсімнен шошып ояндым. Дереу бір көріпкелге барып, жорытайын деп ойлады. Оған барғанымда ол бетіме қарап «Ей, Құрайыш басшысы! Саған не болды? Жүзіңнен әлдебір беймазалық көрініп тұр. Әлде бір нәрсе болып қалды ма? – деді. «Иә, бір түс көрдім, бұл туралы ешкімге тіс жарған жоқпын» деп

оған айтып бердім: Бүгін түсімде өте үлкен бір ағаш көрдім. Бір ұшы аспанға жетіп тұр, бұтақтары шығыс пен бастысқа таралған. Ол ағаштан сондай бір нұр шашырайды, күн оның қасында жай нәрсе болып қалды. Бірде көрініп, бірде жоқ болады. Адамдар соған бет бұрған еді. Барған сайын нұры арта түсті. Құрайыш тайпасының кейбір адамдары сол ағаштың бұтақтарына жабысуда, кейбіреулері ол ағашты кесуге ұмтылуда еді. Бір жас адам ол ағашты кескісі келгендерге тосқауыл болады. Ол адамның жүзі әсем, бүкіл денесінен де хош иіс тарап тұр еді. Ондай адамды мен өмірімде көрген емеспін. Мен де әлгі ағаштың бір бұтағынан ұстағым келді, бірақ қолым жетпеді», – дедім. Түсімді айтып, болғаннан кейін оның өңі бозарып, «ол саған бұйырмайды», – деді, мен «кімге бұйырады?» дегенімде «Сол ағаштың бұтағынан ұстағандарға», – деді. Сосын «Сенің тегіңнен бір пайғамбар келеді, барлық жаққа үстемдік жүргізеді, адамдар соның дініне кіреді», – деді. Сосын қасымдағы Әбу Тәліпке қарап, «Бұл оның көкесі болып қалар», – деді. Әбу Тәліп бұл оқиғаны пайғамбарымызға пайғамбарлығы білдірілген кезде айтқан және «Міне, сол *үлкен ағаш* – Әбул Қасым Әл-Әмин Мұхамед алейһиссалам» деген [4, 30-31 бб.].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Құрманың жапырағы жерге түспейді. Мүміннің де жасаған дұғалары жерге түспейді» (яғни, қабыл болмастан кері қайтарылмайды)» деген екен. Құрма пальмасы – Иса пайғамбарды босанған кезде Мәриям анамызға пана болғандығы Құранда айтылады. Құранның аяттары ең бірінші құрма ағашының жапырақтарына жазылған. Мәдинадағы алғашқы мешіт, құрма діндері мен кірпіштен соғылған. Құрма талшықтары Алла Елшісінің төсеніші болған.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) жасы ұлғайған шағында бір құрма талының діңін құтпа оқитын орын ретінде тұрақты пайдаланады. Ол құрма ағашы Пайғамбарымызға тірек ретінде қызмет ететін-ді. Кейін, Алла Елшісіне құтпа оқитын арнайы мінбер орнатылғанда, ол сол жаңа орынға ауысады. Пайғамбармыз өзінің әдеттегі орны болған құрма діңінен басқа орынға жайғасып, құлшылықтан алдында құтпа оқи бастағанда, Алла Елшісінен ажырап қалған құрма ағашы сәби балаша (баланың жылағанына ұқсас дыбыспен) жылаған екен. Әрі ол құрма діңінен шыққан дыбыс, Пайғамбар (с.ғ.с) төменге түсіп, қолын оның үстіне қойғанынша тоқтамаған көрінеді [4, 201 б.].

Ислам әлемінде жәннаттық жеміс саналатын құрманың орны ерекше. Құран аяттарында құрма пальмасы бірнеше рет аталған. Әрі он бес жере құрманың Алла Тағала тарапынан адамзатқа берілген сый екендігі айтылады. Алла елшісі құрманы адам үшін ең жақсы тағам деп санаған. Сондай-ақ жүрек ауруларының емі ретінде құрманы пайдалануды өсиет еткен.

Халық арасында тараған тағы бір аңызда осы құрма аманат ретінде жүреді. Бұл Арыстан баб әулиенің Қожа Ахмет Яссауиге Алла Елшісінің аманаты тапсырғаны туралы әпсанада айтылады.

Ағаш – адамның күнкөріс қарекеті мен рухани өмірде ерекше орын алатын табиғат нысаны. Анимистік дүниетанымға байланысты туындаған наным-

сенімдер бойынша ағаштарда жаны бар «тіршілік иесі». Әлемнің көптеген халықтары Ағашты қастерлеп, табынған.

Саян-Алтайдағы түрік халықтары Ағашқа құрбандық шалып, сан түрлі жора-жосындар атқарды. Олардың ағашты ерекше қастерлеуі орманды өлкенің тұрғындары болғандығымен байланысты болса керек. Мысалы, иркит руы өздерінің «әкесі ырғай, анасы қайын» деп санайды. Ал қазақта қыпшақ руының арғы тегі ағашпен байланысты айтылғаны белгілі.

Оғыз қағанның жарын Тәңіріден тілеуі, оның бірінің ағаш қуысында отырған сұлулығы керемет қыз болуын сипаттайтын тұстары да түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаштың қуысындағы сұлу қыз көзінің көктен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірлік нанымның көріністері. Себебі, Жаратушы Көк Тәңірінің мекені көкте болғандықтан, ең әдемі де қасиетті түс – Көк, және ол Тәңірінің нышаны болып дүниеге келу мотивінің негізінде ежелгі адамдардың ағашты тотем тұтқан наным-сенімінің ізі бар.

Қазақ фольклорындағы ағаш культі жайында С.А. Қасқабасов: «Ертегілерде үш әлемді, яғни бүкіл космосты, сөз еткенде үлкен зәулім ағаш суреттеледі. Бұл ағаш көп жағдайда мифтік үш әлемді вертикальді түрде жалғастырып тұрады. Ғылымда оны «әлемдік ағаш» (мировое дерево) немесе «космостық ағаш» (космическое дерево) деп екіге бөледі. Осы космостық ағаш бейнесі көне мифтермен бірге шамандық нанымға да кіріккен. Жалпы, әлемдік ағаш туралы мифтік ұғым қазақтың ертегілері мен шамандық нанымында да кездеседі. Рас, онда жоғарыда айтқан көне мифтердегідей емес, реликт түрінде кездеседі. Мәселен, кейбір қазақ ертегілерінде зәулім бәйтерек суреттеледі. Ол кейіпкердің өмір жолында өте маңызды рөл атқарады. Бәйтерек түбінде айдаһарды өлтірген кейіпкер аспан әлеміне көтерілуге немесе жер астынан шығуға мүмкіндік алады: бәйтеректің басына ұя салған Самұрық (не алып қаракұс) кейіпкерді аспан әлеміне алып ұшады, я болмаса жер бетіне шығарады. Міне, мұндағы зәулім бәйтерек бейнесі – қазақ жағдайына сәйкес космостық ағаштың өзгерген түр» – дейді [3,86-87].

Ежелгі заманның ұлы бақсылары: «Менің тұрағым – Көк Тәңірі, Күн мен Ай, анам ағаш, жел мен су» [5,601] – деген екен. Сондай-ақ ғалым космостың ағаш бейнесінің шамандық нанымда жақсы сақталғандығы, қазақ бақсыларының қолына ұстаған асатаяғының (асай-мүсей) осы космостық ағаштың өзгерген элементі деген ойлар ұсынады. Жалпы ағаш тотеміне қатысты ғалымдардың түрлі тұжырымдары бір арнаға тоғысады.

Шамандық сенімдегі, болашақ бақсының құтын аспан әлемінің рухтары – құстар алып кетеді де, қасиетті ағаштың басындағы ұяға апарып тәрбиелейді. Мұндай Әулие ағашты сахалар Ыйық мас деп атаған. Бақсы неғұрлым күшті болса оның құты ағаштың жоғарғы жағында, әлсіздеу болса төменгі бұтақтарындағы ұяда тәрбиеленетін болғанғандығы туралы Ш. Ыбыраев пікірлер түйіндеген [5, 601 б.]. Осындай тәрбие кезінде бақсының құты аққу құсқа айналдырылған. Кейін бақсының өзіне қайтарылып берілген.

Кумандардың сенімі бойынша өлген құдайдың қызынан туған Құрылтайдан тарайтын бақсылар тумай тұрғанда оның «бәйтерегі» басқа бір мифтік елде өсе бастайды» екен [6, 103 б.]. Әлемдік ағаш, аспан, жер және жер асты әлемін байланыстырушы, сондай-ақ екі дүние арасында дәнекер жалғастырушы қызметін атқаруы И. Кастанье жазып алған бір бақсылық сарында сақталған:

Он бесімде жабысты,
Жиырмада табысты.
Көнбес ескі көндерде,
Қу ағашқа түнерде [7, 45 б.].

«Мұндағы «он бесінде жабысып, жиырмасында табысқан дерт» бақсылықтың қонуы екені даусыз, ал «қу ағашқа түнеу» де сол Сібір шамандарының түсінігіндегі ана-құстың бақсы құтын ағаштағы ұяға түнетуі болса керек» – деп көрсетеді Ш. Ыбыраев [5, 601 б.].

Сондай-ақ «Қорқыт ата кітабындағы» Ораздың ағашқа сиынып, онымен тілдесуі осы байырғы тотемдік түсініктердің сілемдері (екінші жыр). Жалғыз көзді дәуді өлтіретін Бисат өзі туралы:

Атам атын сұрар болсаң, қаба ағаш,
Анам атын сұрар болсаң, күркіреген арыстан, –

деуі Оразды гәуірлер қол-аяғын байлап, дар түбіне әкелгенде оның дар ағашына қарап:

«Атың ағаш десең, шамданба ағаш! О, Мекке мен Мәдиненің есігі болған ағаш! Құдаймен тілдескенде, Мұсаның асасы болған ағаш! Ерлердің ері Әлидің дүлділіне ер болған ағаш! Зұлпықарға сап болған ағаш! Хасан мен Хұсайынға бесік болған ағаш! Ерге де, әйелге де қатер болған ағаш! Мені саған асар болса, құлап түс ағаш! [8, 56 б.] деп сөйлеуі Ағаш культімен байланысты көне ұғымдар. Ол қасиетті адамның не бақсының атасы (анасы) ретінде ағаштың аталатындығы тағы да сол құттың мекені болумен ұштасып жатыр. Көне түркілік ұғымда ағашты ана санау, адам жанының ағашқа барып паналауы сияқты ұғымдар орын алғандығын зерттеушілер жазған.

Оғыздың болашақ жарын ағаш қуысында кездестіріп ғашық болуында осы көне түсініктердің ізі жатыр. Сондай-ақ эпоста белгілі бір этникалық атаудың берілуінде де осы ұғымның ықпалы бар. Мәселен: «Оғыз-наме» кітаби эпосында Етіл (Еділ) өзенінен әрі өтіп, Үрім (Рим) қағанмен соғысқан Оғызға, Ұлық Орда деген шебер кісі ағаштан сал жасап, дүние-мүлкімен аман-есен бері өткізеді. Ұлық Орданың бұл ісіне сүйсінген Оғыз қаған: «Сен осы жерге бек бол, «Қыпшақ» бол, – дейді. Әбілғазының «Түріктер шежіресінде» ағаш қуысында туған балаға Оғыз қаған «Қыпшақ» деп ат қояды. Себебі, «қыпшақ» – ағашта туған деген мағынаны білдіреді екен.

Көне замандарда төл топырағымызда жасалып, сақталып келе жатқан мұралар да аз емес. Адам танымының алғашқы кезеңдеріндегі айнала табиғатты тұтас жан деп ұғыну, адам мен табиғаттың бір-біріне оң және теріс әсерлері туралы түсініктер бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, бүгінгі заман ой-танымында, әдеби көркемдік әдістерінде сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 280 б.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
3. Қасқабасов.С. Жаназық. Әр жылғы зертеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
4. Рамазан Айваллы Хазірет Мұхаммед алейһиссаламның өмірі –Алматы, 2014.-586 б.
5. Ыбыраев Ш. Қорқыт және шаманизм. //Қорқыт ата – Алматы, 1899. – 601 б.
6. Алексеев Н.А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. – Новосибирск, 1980 –103с.
7. Кастанье И. Из области киргизских верований // ВОУО. –1992. – № 3. – С 45.
8. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1986. – 216 б.

М.М. Кожашев,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің PhD докторанты
(Қазақстан)*

ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАРЫ – ОТАНСҮЙГІШТІКТІҢ БАСТАУЫ

Жамбыл Жабаев өзінің ғасырға жуық ғұмырында тау мен даланы жырлады. Поэзия әлеміндегі туған халқының мақтанышы, әлемдік деңгейдегі жыр алыбына айналды. Оның ақыл-ойға, парасатқа, терең тарихқа, мөлдір сырға, нәзік сезімге, бай образға толы поэзиясы өлеңге құштар, өнерсүйер әрбір жанды сүйсінтті. Жамбылдың үлгісі мен мектебі алыстан, халықтан, халықтық рухани қазынадан, халық даналығынан басталады. Жамбыл бабамыз – есімі қазақ әдебиетінде алтын әріптермен қалған ғажайып құбылыс! Алып та биік, айдынды да айбынды жыр жампозы.

Жамбыл – ғасырлық ғұмырымызда арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлділ ақын. Ол өзінен кейінгі ұрпақтың ат басына арнайы бұрылып, шөліккегенге тұнық жырларынан су-сындар тұма бұлағы. Жамбылдың туған елі мен жеріне деген ыстық ықыласын төгіле жырлаған арнау-толғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесеқ, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндей екеніне көзіміз

жетеді. Ол халықтар достығын, терезесі тең елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболаттай шыңдаған ақын.

Жамбыл ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында-ақ жырлап, өзін, өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты. Жамбыл үні әлемге әйгілі болды. Жырау халықтың көкейкесті көңіл күйін, ой –сырын толғады. Қиналғанды жебеді, қысылғанды демеді. Жамбыл жырлары болашақ ұрпаққа үлгі – өнеге беретін құнды мұра болып қалмақ.

Егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрімен сабақтастыра отырып, тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселенің бірі болып есептелінеді. Сондықтан жас ұрпақ тәрбиесіне Жамбыл жырларының берер тағылымы мен орнын зерделеу басты мақсатымыз.

Жас ұрпақ тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Халық алдындағы азаматтық міндетіміз – Мәңгілік Елдің туын биікке көтеретін саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу. Ата-бабаларымыздың өмір жолы мен жыр-дастандарын бойына сіңіріп өсірудің маңызы зор. Жаңаша көзқараспен қарай отырып, Жамбыл жырларын зерттеу көкейкесті мәселе.

Жыр дүлділі, халқымыздың талай-талай дүбірлі уақиғасына ұлы ақын куә болған. Жамбыл шығармашылығына саяси-әлеуметтік мәселелердің тереңдей қойылуына сол кездегі қоғамдық тартыстар қақтығыстар себеп болған.

Жамбыл қоғам өмірі мен ел мүддесін жырлады. Ол байырғы ұлы жыраулардың дәстүрін қайта түлетіп, біздің дәуірімізге жаңа сапада, соны мазмұнмен байытып жеткізді. Мемлекет басшылары мен партия көсемдеріне қарата айтқан жырларында жалпы мемлекеттік мәселелерді көтерді. 2-дүниежүзілік соғыс тұсында бүкіл Кеңес Одағында Жамбылдан дәрежесі, мәртебесі биік ақын болған жоқ. Жамбыл есімінің әлемнің шартарабына танылған тұсы да осы кезең еді. Ақын жырлары майдандағы әр ұлттан құралған жауынгерлердің бәрінің де жүрегіне жетіп, жігерін қайрады. Оның үздік шығармалары қырықтан астам шет елдер тілдеріне аударылды. Ромен Роллан, Мартин Андерсен Нексе, Катарина Сусанна Причард сияқты атақты суреткерлер Жамбыл поэзиясына өте жоғары баға берді.

Жамбыл жырау жетпіске келіп қалған жасына қарамай, халқының көз жасына, ыза-кегіне толы әйгілі «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» сияқты шыншыл әрі елдің ауыр жағдайын ашық бейнелеген жырларын шығарады. Ақын:

...Аттандық ұлығыңның қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына.
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысыда, – деп аяқтайды [1, 45-49 бб.].

Қазан төңкерісін Жамбыл халыққа жақсылық әкелер деген үмітпен қарсы алады.

Жамбыл өз тұсында небір бұлбыл, нелер дүлдүл ақындармен бетпе-бет келіп айтысып, тізе бүктірген. Айтыс –елге ежелден сүйікті де сүйкімді, найзағайдың жасынындай жарқ етіп, табан асытында жайнап шыға келетін зерек сана, тапқыр көңіл, мәрттікті қалайтын жыр айдыны. Жамбылдың Айкүміс, Бақтыбай, Құлмамбет, Сарбас, Досмағамбет сынды жорға ақындармен айтысы кеңінен белгілі. Құлмамбетпен айтысында:

Құлманбет – менің атым, құлан аян,
Менің құлан екенім тәңірге аян.
Жамбыл деген бар – дейді бір немесі,
Ақын болса, ол неме қайда жатыр? – деп
Құлманбет дүлділ Жамбылға тиіседі.
Жамбыл деген бар – дейді бір немесі [1, 144-160 бб.].

Ақын болса, ол неме қайда жатыр? – деп Құлманбет дүлділ Жамбылға тиіседі.

Ақын – деп елі ардақтайды, кәне көрейін, ол «немені», – деп килігеді. Жамбылға кісі жіберіп, айтысуға шақыртып алады. Жамбыл келген соң бірінші айтқан жыр шумағы:

Болғанда жол ағадан, тон жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан.
Бас қосып бағландармен қалмақ үшін, –
Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан – дейді Жамбыл.

Тіпті Құлманбет Жәкеңе «сәлемің мен аманың жоқ, үлгілі орта, тәрбие көрмеген «надан» деген сөгіс айтыды. Осы жерде омақасып орға түсіп, жеңілер жерің – деп екпіндейді. Айтулы Жәкеңді ақын емес, жай көп өлеңшінің бірісің – деп намысына тиеді. Тіпті Құлманбет былай деп ақындық шабыт шақырады:

Албан аға болғанда, Дулат іні,
Сөзінде Құлманбеттің барма міні.
Албан, Дулат бәрі кеп айқай салса,
Шапыраштының не болар көрген күні?!
Қасқарау Нұрқанның жылқысын қаптатсам,
Шапырашты, сенің бұзау, танаң қырылады, –

деп қыр көрсетеді Құлманбет. Төрт түлік мал өргізген Көбікбай, Қарабай, Сатыбалды, Қанай есімді байларын атайды. Тіпті «алма таратқан кісіге ат берген» Тілеу – қабыл Үсенбайдай игі жақсыларын атайды. Осындай бай – бағыланың бар ма – деп Жамбылға дөң айбатын үдете түседі Құлманбет.

Жамбыл Құлманбетке алғашқы қақтығыста-ақ былай дейді:

Сөйлесем өдеңімді түптен бермен,
Құйылар сөз нәсері көктен, жерден.
Мылтықта түтеп тұрған мен бір пыстан.

Осы бір шумақ жыр жолының өзінен-ақ Жамбылдың теңдесі жоқ сөз зергері, айтыс ақыны айқын байқалады. Шабыты шалқар Жамбыл Құлманбетке: «Ажалыңа асықпай кел!» – деп сөзбен іліп тастайды. Мына тірлікте ажалға кім асықпай барған?! Осы бір сөздің өзі Жамбылдың кемел айтыс ақыны екенін бұлтартпай дәлелдейді.

Ел таныған ақын болу үшін, әрине, сол өңірдің ақындарымен түгел танысып, өнер сынасу керек. Жамбыл да бұл жолды өтіп, ақындық сайыстарда үлкен табыстарға жетеді.

Байдың қойын бағып жүргенде он үштегі кезінде ұйықтап қалып, түсінен ақын болып оянған Сүйінбай ұстазы сияқты, Жамбылға да ақындық түсінде аян беріп қоныпты. Ол туралы Жамбылдың өзі: «Бір күні Жетісай жайлауында жылқы бағып жүріп, түс көріппін. Түсімде ақсақалды қария келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» – деген. Мен: «Өлең!» – деппін. Оянып кетсем, түсім екен, көкірегімді бір толқын кернеп, алқымыма тығылғандай, дереу үйге жетіп, домбыраны ала салдым да, оңды-солды төгіп-төгіп жіберіп едім, кеудем ашылып, орта түскендей болды», – деп еске алады.

Жамбыл жиырма жасында сол кездің атақты ақыны – Жаныспен айтысып, оны жеңеді. Әлгі «Менің пірім – Сүйінбай» деген өлеңін Жамбыл осы Жаныспен айтысқанда айтады. Жамбылдың «Жылқышы», «Пұшықтың ұрыға айтқаны» сияқты белгілі өлеңдері сол шамада шығарылады. Атақты «Айкүміспен айтысы» да осы тұста болады. Одан кейін «Сәт сайланарда», «Жалғызбын деп жүрмесін», Алматыда Абайдың баласы Әбдірахманның қайтыс болуына байланысты көңіл айтуы, «Өсиет», «Әділдік керек халыққа», «Кәрібайдың төбеті» тәрізді белгілі өлең, толғаулары туады.

Табиғатынан ақындық дарыған жас талаптың көкірегінен өлең кернеп, он төрт-он бес жасында біржолата ақындық жолына түседі. Әрине, жас ақынның алғашқы қадамы өзі қалаған өнердің оң-солын бағамдау, үйрену кезеңінен басталады. Жамбылдың туа бітті алғырлығы, тапқырлығы, өжет-өткірлігі, тілге шеберлігі мен эзіл-оспаққа бейімділігі, сондай-ақ бір естіген өлең-жыр, ұзақ толғауларды есінде сақтағыш зерделілігі ел өмірінің кез келген тақырыбына еркін баруына жол ашады.

Сондықтан арынды талант бұрқыратып өлең де шығарып, құйқылжытып күй де тартып, киіп-жарып айтысқа да түседі.

Алғашқы «Шағым», «Әкеме», «Сарыбайға» деген өлеңдері қайсар да батыл Жамбылдың ақындыққа барар жолдағы кедергілерді жеңуге деген жігерлі талпынысын да, ақындық айтқыштығын да танытады. «Шағым» деген өлеңінде

«бала келсе сабаққа, жем аңдыған дорбадан», «айтқаны ішке қонбаған», не оқытарын өзі де білмейтін молдадан құтқаруды әкесінен қиыла өтінеді, енді зорлаудан ештеңе шықпайтынын да ескертеді.

Шып-шып етіп молданың
Қолындағы тобылғы,
Қозғалтпайды жон жағым,
Талай дүре соғылды.
Торсылдатып танадай,
Жыртар болды тонымды [2, 38 б.], –

деп шағынады «молдадан» күдер үзген жасөспірім. «Әкеме» деген өлеңде бала Жамбыл әкесіне: «Батаңды бер, ақын боламын», – дей отырып, әкесінің әлденендей іс-әрекетін астарлап сынап та өтеді.

Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
«Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті» дер, әке.
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң
Елде болар береке.
«Ұрлық түбі – қорлық» деп,
Болармыз құр келеке [2, 5 б.].

Екі өлеңдегі де он бес жасар баланың тауып айтқан шеберлігі, сөзінің суреттілігі, өлең құрылысының жатық, әуенділігі сүйсіндіреді. «Торсылдатып танадай» деген теңеу, «Ұрлық түбі – қорлық» – деген нақыл, соғылған дүренің сипаттамасы, «күн ұзаққа боздаған» – деген эпитет, «мереке», «береке», «келеке» – деген ұйқастардың тілге жеңіл әдемілігі болашағы үлкен ақындықтың нышаны іспетті. Ал, он тоғыз жасында шығарған «Сарыбайға» – деген өлеңі ойлы сарынын, жиырма жасында айтқан «Жаныс ақынға» дейтін өлеңі төпеп айтатын арынын танытады.

Сарыбай – Сүйінбай мен Жамбыл шыққан Екей елінің атақты болысы. Кезінде қоқандықтарды жеңген ұрыстарға қатысып, ерлік көрсеткен, кейін ел басқарған абыройлы кісі. Жас жігіттің осындай кісіге тілегін әдемі ойлы өлеңмен білдіріп, кішілік пен кісілікті қатар танытуы «осал ақын» еместігін көрсетеді.

Біреулер малмен бәрін бөктіріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің кең-қоқырын,

Апарып қай шұқырға төккелі жүр?
Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Куды мініп, құланды құрықтап жүр.
Қайсысын маған соның еп көресіз?
Әкетсем өзім таңдап, өкпелерсіз.
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,
Өлең болсын серігің деп берерсіз [2, 40 б.].

Өлеңнен айналадағы өмір мен адамдар туралы түсінігі айтарлықтай терең, ойының өресі биік, ақындыққа төселген, тілі кестелі өнерпазды тану қиын емес. «Көңілі көкте, басы жердегі – жаман; өзі кішік, ойы биік – жақсы; Ұстауға күн мен айды жуықтау; қара сөзді қамшы қылып, куды мініп, құланды құрықтау» сияқты нәрлі оралымдар анау-мынау өлеңшінің аузына түспесе керек. «Дүниенің кең-қоқырын апарып қай шұқырға төккелі жүр?» – деген риторикалық сұрақтың философиялық жауабы тіпті тереңде жатыр.

Жамбыл өлеңдері мен айтыстары әуелден халықтық арнадан бастау алады. Сондықтан оның туындыларынан әлеуметтік сарын молынан байқалады. Оның өмір қайшылықтарын ерте танып, олардың сырына ой жүгіртіп өсуі шығармаларын мәнді, салмақты етеді. Жамбыл – ұстазы Сүйінбайдың үлгісімен кім болса да: мейлі болыс-би, мейлі бай, манап болсын, мінін бетіне айтып, кедей-кемтардың, әлсіздің жоқшысы болуды ақындық мұраты еткен ақын. Жамбыл ақындық өнер жайында:

Ақын деген ат болмас, Қытығын таппай сұратпай.
Қандырмай мейір суатпай, Досың болса, күлдіріп,
Жыры болмай бұлақтай. Сүйсіндіріп жұтатпай.
Тұнығы болмай сынаптай. Жауың болса, бүлдіріп:
Алатаудан арындап, Домбыраң – берен,
Асқан судай құлатпай. Жырың – оқ,
Қыбыршыған көңілден Дәл тигізіп, сұлатпай [3, 168 б.], –

дейді.

Жамбыл өзінің шығармашылық ұзақ ғұмырында осы ұстанымынан танған емес.

Ақынның көп жырлаған тақырыбы – «Туғалы сөзі өтпеген, қолы есеге жетпеген, құлшылықтан кетпеген» жарлы мен жалшының азапты өмірі, кедейдің күйі.

«Кедей күйі» – деген өлеңінде жоқшылық тауқыметін тартқан кедей балаларының аянышты халі, кедей басындағы жоқшылық, шарасыздық шынайы бейнеленген.

Қайтіп жаның ашымас,
Неткен заман қатыбас.
Еткен еңбек, төккен тер
Қалай түкке татымас [2, 32 б.], –

дейді ақын күйзеліп. Жамбыл қысы-жазы тыным көрмей, бай малының соңында жүрсе де, ауыр азап, жоқшылықта өмірі өтіп жатқан кедей туралы «Жылқышыға» деген өлеңінде де қабырғасы қайыса, ашына айтады.

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-түні
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Әрідегі Дулат, Сүйінбай, берідегі ұлы Абай сияқты, Жамбыл да өз кезінің билік басындағыларының халық қамын ойламайтынын, әділетсіздігін, паракорлығын, екіжүзділігін әшкерелеп, көптің алдында беттеріне басады. Мұндай өлеңдерінің тілі уытты, мысқыл, сатираға толы болып келеді.

Жамбыл – халық ақыны. О баста суырып салма айтыстан басталған отты өлеңдерінде халықтық үн, халықтық зар басым. Жеке өз басының мұңын жырға қосса да жетіп артылатын еді. Алғадайдың өлімінің өзі Жамбылға оңай тиген жоқ. Алайда, әр жыры халық тағдырынан сыр шертеді. Екі ғасырдың көшінде бір ғасыр ғұмыр кешіп, сан түрлі оқиғаға куәгер болған Жамбыл ақынның қуатты жырлары күні бүгінге дейін өз сарынын жоймаған. Жоймайды да. Өйткені, шындық жырланған, ақиқат ат үстінде айтылған өлеңдер өміршең келеді. Халықтық жырдың негізінде немесе жыраулар поэзиясының үлгісінде бүгінгі мен өткенді сабақтастыра жырлайтын ақындар сол кезеңде жоқтың қасы болатын.

Жамбыл сол үрдісті қалыптастыра білді. Қазақтың қоңыр үніне салып жыраулық дәстүрді ұстанса, енді-енді өзгеше иірім танытып жүрген поэзияны да қалыс қалдырмады. Сонысыменде қымбат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жамбыл шығармалары. – Алматы: Нұрлы Press, 2014. – 284-285 бб.
2. Жамбыл шығармалары. – Алматы: Айғаным, 2016 – 38 б.
3. Жолдасбеков М. Туған елім. Өлеңдер. Толғаулар. – Алматы: Раритет, 2006 – 32-168 бб.

ҚЫТАЙДАҒЫ ЖАҢА ДӘУІР ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Балалар әдебиеті – әдебиеттің бір бұтағы, қазірге дейін балалар әдебиеті туралы берілген көптеген анықтамалар мен көзқарастар бар, әркім әр қырынан көз жүгіртіп өзіндік анықтама береді. Ал жұртшылық ортақ танымға келген балалар әдебиеті дегеніміз балаларға арналып жазылатын, олардың жас парқына, естэтикалық талабы мен оқып тұсыну қабылетіне үйлесімді келетін, жас ұрпақтың есен-сау өсіп-жетілуіне пайдасын тыйгізетін алуан түрлі көркем туындылар. Балалар әдебиетінде өзіндік жанр өзіндік ерекшеліктер болады, сондықтан да ол өзге жанрлардан өзгешеленіп өзіндегі ерекшеліктермен дараланып тұрады. Балаларға арналған шығармаларды жазу кімде-кімнің қолынан келе бермейтін жұмыс, балаларға арналған шығармаларды тек бала тілімен балаларша ойлай алатын, балаша күліп, балаға жалт еткізерлік жаңалық әкелетін жазушы ғана тың жасампаздық тудырады, сондықтан да осы салаға екінің бірінің тісі батып, тың жаңалықтар аша алуы қиын дүние. Балалар әдебиетінің негізгі оқырманы балалар болғаны себепті балаларға тәрбиелік құрал болу, тәрбиелік және естэтикалық қуат сыйлай алу және де балалар әдебиетіндегі негізгі ерекшелік.

Осы ерекшеліктер себебінен балалар әдебиеті дүние жүзі әдебиетінде өзіндік орны бар, дамыған мемлекеттерде бала тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі ертеңгі мемлекет пен ұлттың тірегі дейтін құнды идалогия болғандығы себепті балалар әдебиетіне төтенше көңіл бөледі.

Ұлтымыздың сонау ежелден жалғасқан этнотарихына қарасақта балаларға, ұрпақ тәрбиесіне төтенше көңіл бөлген, сонау ауыз әдебиетіндегі балаларға арналған балалар ойындары, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі жанрларына қарасақ ұлтымыз бала тәрбиесін сонау ертеден бастаған, баланың болашағына эсте солғын қарамаған, түрлі балаларға арналған ойындар мен ауыз әдебиетінің жанрларында балаларға тәрбиені сыңырып отырған, сол себепті де “Бала – Болашақ”, “Қар қылаумен өседі, бала сылаумен өседі”, “Баланы Жастан, тәрбиені Бастан”, “Ақыл Жастан, асыл Тастан”, “Балалы үй базар, баласыз үй мазар” деп түрлі мақал-мәтелдер шығарып отырған, міне Бұл ауыз әдебиетінде сақталған балалар қатысты жанрлардан біз балалар әдебиетінің сонау ертеден жалғасқанын білеміз.

Қазақстан қазақ балалар әдебиеті арыдан айтсақ 20-ғасырдың басындағы Қазақстан әдебиеті ғылымының негізін салушы абай құнанбай ұлы мен Ыбырай алтынсариын қазақ балалар әдебиетінің дамуында зор түрткілік

роль атқарған. Абайдың балаларға арнап аударған шетел алыптарының түрлі мысал-тәмсілдері қараңғы қазақ даласына батыстың балалар әдебиетінен тұңғыш сәулелер алып келсе қазақ көркем прозасы тілінде өзіндік орны бар, әдеби тілді айшықтап қолданатын Ыбырай алтынсаринның «Өрмекші», «Құмырсқа», «Қарлығаш», «Атымтай жомарт», «Бай мен жарлы баласы», «Кел балалар оқылық» сінді туындылары қазақ балаларының қызу қарсы алуына ие болды.

Қазақстан балалар әдебиетінде осыдан кейін балаларға арналған тамаша туындылар жаңбырдан кейінгі Жауқазындай құлпырып ашылды, мұхтар Әуезовтің «Жетім» әңгімесі, бердібек Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат» (1960) «Менің атым қожа» (1957, 1972), Сансызбай Сарғасқаев «Көңілді балалар» (1966), «Тәмпиш қара» (1974) машқар Гумеров «Ана мен бала» (1956), «Орман дәрігері» (1964), қабдықарым Ыдырысов «Ол кезде он үште едік» (1961), «Жасырынбақ» (1963), құрманбай Толыбаев «Дән», «Айдың жүзі дөңгелек» (1989), «Кел, ойнайық» (1990) нәсіреддин Серәлиев «Ұшталмаған қарындаш» (1956), «Ақ лақ пен қара лақ» (1961), «Ақбопе» (1966) Жәнібек кәрбөзін «Ыскырық», «Біздің Бекен қайда екен», «Біздің ауыл балалары» қадыр Мырзалиев «Жаңғалақтар» (1960), «Кішкене Қожанасырлар» (1961), Мұхамеджан Етекбәев «Алтын мүйізді киік» (1961), «Қисық бұтақ» (1963), «Қызыл ала автобус» (1964), қастек Баянбаев «Арғымақ» (1962), «Балаларға базарлық» (1966), «Ақ шағала» (1973), Әбдірахман Асылбеков «Жапырақтар» (1961) «Түрлі-түрлі бала бар» (1974), «Ерден атайдың ертегілері» (1980), ермек Өтетілеуов «Алақай» (1981), «Тілашар» (1982), Әлдихан Қалдыбаев «Қос тентек» (1964), «Менің ағам солдат» (1980) мұбәрак Жаманбалинов «Кішкене достарға» (1965), «Менің інім» (1970), ескен Елубәев «Көкпар» (1970), «Балабақша» сұлтан Қалиев «Сыныққа сылтау» (1967) «Қасиетті тақия» (1972), марат Қабанбаев «Бақбақ басы толған күн» (1975), «Пысық болдым, мінеки» (1983), «Кермек дәм» (1977), «Атшылық алыс жол» (1987) Өтепберген Ақыпбеков «Доп» (1985), «Төрт түлік төресі кім» (1986), нұрдәулет ақыш «Қиырдан келген көгершін», «Киелі көлдің қарақшылары», «Бейуақта жанған от», «Сынық домбыраның сазы» Сапарғали бегәлин «Алданған жолбарыс», хамза Есенжанов «Жайын ілерде», абдылда Тажыбаев «Тәрбиеші», өтебай қанахин «Ақбидай», Шерхан мұртаза «Ақсай мен көксай», Оспанхан Әубәкіров «Қалғаны кекіл болсын. . . », «Мысық арба», «Қытық қайдан шығады? », нығмет ғабдуллин «Бозша торғай», «Алтын бесік», Қарауылбек Қазев «Жалғыз үйрек», мұрат Тоқбергенов «Сызықтар», қабыш Жәркенов «Оқушының бір күні», мадыхат Төрежанов «Аяқталмаған ойын», «Қамқорлық», үмбетбай уайдин «Өтірік айтпа, өлтірем! . . », ыяс Жансүгіров «Жүз ауыз өтірік айтқан тазша», «Исарының өтірігі» қатарлы балалар әдебиетіне қалам тербейтін бір топ жазушылар қазақ балалар әдебиетінің дамуына тың күштер әкелді.

Ал еліміз қазақ әдебиетіндегі балалар әдебиетінің дамуына келсек азаттықтан кейін бір мезгіл әдебиет атаулы жалпы беттік тоқырау кезеңінде

тұрды, бұл жағдай сонау “Мәдениет зор төңкеріс”, “Төрттік төбе” сынды ала-сапыранды жылдар оңалғаннан кейін біртіндеп оңалғаны жұртшылықтың бәріне аян, мемлекеттің 11-кезекті 3-жалпы мәжілісінен кейін осы тоқырау аяқтап, еліміз әдебиетінде зор дүмпу болды,

Еліміз қазақ жазба әдебиетінің негізін Ақыт ұлымжы ұлы, таңжарық жолды ұлы, асқар татанай ұлы қатарлы қаламгерлер қалады десек, онан ары нығымет Мыңжани, мағаз раздан ұлы, күнгей Мұқажан ұлдары жалғады. Олардың шығармашылдығында балаларға арналған бөлек туынды болмасада, оған тән бірлі-екілі өлең, әңгіме бар болатын-ды. Сонымен еліміз қазақ әдебиетіндегі балалар әдебиетінің негізін қалап, тарысын түйіп, тақиясын кигізген жүнісқан Бақаевтің «Ұлан үні» (1983), мысалдар (1986), «Түрлі бейне», «Жақсылық пен жамандық», «Жол-жөнекей», «Өрендер» (2009), «Сиқы қашқан», ұлдар (2015) шығармалары, жұмаділ маманның «Ақылбай атайдың әңгімелері» (1982), бәтеш ақын қызының «Бала жүрегі» (1990), Дауытбек азамат ұлы «Бүлдіршін» (1989), дутан Сәкеевтің «Балаларға арналған әңгімелері», задақан мыңбайдың «Алтын қанаты», шамыс құмар «Ақ серке мен көк серке», «Жусанды дала», сәли садуақас ұлы «Базарлығы», жеңіс Ырысханның балаларға арналған үш томдық романы «Томпақтың кешірмелері», балаларға арналған Сатиралық шығармалар жинағы «Қазіргі қарға мен түлкі», әкімбай жаппардың «Ботақаны», төлеубай дошық (дөсмұқамет) ұлының «Бала мысық», «Мақтаншақ кірпіш», «Жұмбақтары» және серік қауымбайдың «Ақ Маржан», «Ақ қайнары», мәлік Шабақбектің «Нұрадыл әңгімелері» бұлардан басқа айып нұсыпоқас ұлы, болат қаңтарбай, әуесқан нұрқожа қызы, нұрила қызқан қызы, батыш ақын қызы, сәулет, Ясын т.б. балалар әдебиетінде қалам тербеп жүрген жазушылармен шығармаларды көрсетуге болады. Ал үшінші ұрпақ бізге келген болатын, бұл салаға ат басын бұрған жазушылар әзірге тім аз, жүнісқан Бақаевтің «Ұлдар» атты кітабы шыққанда берген сұқпатында: “Мынау балалар әдебиеті үлкен бір сала, қазақ әдебиетінің құрамдас бір бөлегі, проза, поэзия, балалар әдебиеті, әдебиет сыны т. б. Жанрлар қосылып қазақ әдебиеті әлемін құрайды. Ал көп адам балалар әдебиеттің өзін бала сияқты сезеді, ал анау үлкен әдебиет секілді... Сонымен қорашсынады. “Ой, баланікі екен ғой” деп қырын қарайды. Мен өзімнің қарауымша балалар әдебиеті бала үшін ғана емес үлкендер үшін де қажет, баласыз үлкен болған емес. Мен кейбір өлеңдерімде осы сияқты тәрбиелерді келтіргем, қазір жағдай жақсы, партия да мемлекет те көңіл бөлуде, бірақ балалар әдебиетінің дамуы баяу, осы саланың жүгін арқалап жүрген мен тұстас қаламгерлер қартайды. Ал жастардан осыны қуып істеп, артына түсіп, “Балалар әдебиеті” деген бақшаның өмір бойы суын қойып, шөбін отап, Еңбек етіп жүргендер тым аз, анда мұнда жылт етпелер бар.

Асарға келіп, ат салысып, тер төгіп кетіп жүрді оларды бірден теріп екшейтіндей қуат менде де жоқ”, – деп еліміз қазақ балалар әдебиетінің бүгінгі таңдағы жағдайына толғақты ой қорытқан.

Расында қазір еліміздегі балалар әдебиетінің жағдай жақсы «Ғылым бұлағы», «Іле өрендері», «Жәстүлек» сынды балаларға арналған журналдар бар, шинжяң жастар өрендер баспасы «Шинжаң қазақ балалар әдебиеті» атты он томдық шығармалар жинағын баспадан шығарды. Ал шинжаң әсемөнер баспасы мемлекеттік нысанмен «Ғылымға құштарлық» атты балаларға арналған ғылыми әдебиеттен бес кітапты кшкентәй оқырмандарға ұсынды. Ұлттар баспасы «Балдырған» желілес кітаптарымен балаларға арналған бір топ кітап шығарды. “Бала – болашақ, бала – ертеңіміз” бала кезінде балалар әдебиетінен сусындап, нәріне қана алмаған адам ес кіріп есейгенде де шөліккеп жүретінін, жер ортасына келседе бала болып жүргенін айналамыздан сезіп, көріп жүреміз. Тағанында жақсы қаланбаған құрылыс қаңқасында мәңгі сызат тұрады, балалар әдебиетін бағалай да бағамдай да білейік ағайын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілқажұлы М. Әдеби жазушылық. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 2014.
2. Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-2-том: Әңгімелер. – Алматы: Арда, 2011.
3. Көрнекті ақын, тіл маманы, ұлағатты ұстаз жұнысқан Бақаевпен сұқпат // Іле. – 2015. – желтоқсан.

А. Ахметова,

ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, PhD докторанты (Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИА ПОЭЗИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Бейнепоэзияның пайда болу, қалыптасу, даму жағдайы. Қазіргі біз өмір сүріп жатқан дәуір белгілі бір деңгейде сандық, ақпараттық құрылғылардың қарқынды дамуымен сипатталады. Кез келген жаңалық интернетпен қамтылған жер бетінің әрбір нүктесіне технологиялық құрылғылар арқылы көз ілеспес жылдамдықпен таралуда. Әлем елдерінің кибермәдениетке аяқ басуы өнердің бір түрі саналатын сөз өнерін – әдебиетті де сан қырынан трансформациялауға көшті. Заманында әдебиеттану реформаторы Ахмет Байтұрсынов классификациялаған өнердің бес түрі бүгінде қайта синтезделу үрдісін бастан кешіруде. А.Байтұрсынов көрнекі өнерді: сәулет өнері (архитектура), сымбат өнері (скульптура), кескін өнері (живопись), әуез өнері (музыка), сөз өнері (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература) [1, 21-22 бб.] деп жіктеген болатын. Қазақ әдебиеттануының тұңғыш реформаторы А.Байтұрсынов қазақшалаған өнер түрінің соңғы үшеуіне бүгінде актерлік шеберлік, бейнетүсірілім, бейнеклип, монтаж, т.б. кинематография, визуалды

өнер салалары қосылып, өзара тұтастану құбылысы жаңа медиаәдебиет аталатын өнер түрлерін тудырды. Өйткені қазіргі уақытта адамдардың көпшілігі ақпаратты визуалды түрде қабылдауға икемделіп келеді. Көркем әдебиетті оқу үрдісін ұдайы сәнге айналдырғымыз келсе, медиаәдебиет түрлерін тудыруға ынталы болуға тиістіміз. Бұл – бүгінгі қоғамда, әсіресе, жастар тарабы қажет ететін өнердің бір түрі. Көрнекі өнер түрлері мен сандық технологиялардың бірігуінен пайда болған медиаәдебиетті зерттеушілер қатары *жаңа құбылыс, түр, жанр* ретінде қарастыруда. Біз де өз тарапымыздан әдебиеттің жаңа түрі ретінде атап көрсеткен әдебиетші мамандардың пікірін қолдаймыз. Поэзия немесе проза жанры электронды нұсқада да өзіне тән көптеген дәстүрлі критерийлерді сақтаған.

Жалпы еуропалық, америкалық кеңістікте медиаәдебиеттің проза, поэзия жанрлары қатар дамуды бастан өткізіп жатса, Ресей, Украина, Эстония сынды посткеңестік мемлекеттерде прозаға қарағанда визуалды, бейне, аудио аталатын медиапоэзияның жаңа түрлері көбірек дамыған және белгілі бір деңгейде кеңірек зерттелген. Ал Қазақстан әдебиетінде видеопроза кездеспегенімен, қарасөзбен өрілген көлемді туындылардың аудионұсқасы отандық әдеби порталдар мен сайттарға орналастырылған. Жас жазушы Мерей Қосынның “Буве нүктесі” әңгімесінде ғана аудиотаспаны пайдалану секілді кибер әдебиеттің белгілері көрініс тапқан (қараңыз: <https://massaget.kz/blogs/proza/19464/>). Елімізде медиапоэзия түрлері соңғы бір-екі жылдар аясында ғана қалыптаса бастады.

Бейнепоэзия – әуен ырғақтарымен, сан алуан графикалық, геометриялық пішіндердің сүйемелдеуімен экрандалған өнердің бір түрі. Бейнепоэзияны экранда немесе түрлі фон аясында автор немесе актер, диктор, т.б. сала мамандары мәнерлеп оқиды. Кейде поэтикалық мәтін тек графикалық кескіндемелермен де ұсынылуы мүмкін. Мәтін мен өлеңнің мәнерлеп оқылуы, сан алуан техникалық амалдармен безендіріліп ұсынылған нұсқасы тұтас, аяқталған туынды саналады. “Поэтория” деп аталатын бейнепоэзия электронды журналының қорындағы шығармаларды саралай отырып, қос авторлы поэзиялық туындыларды ұшырастырамыз. Поэтикалық өнімнің мәтінін жазған алғашқы автормен қоса, оған режиссерлік шеберлікті, қойылымды кіріктірген, түрлі фонды араластырып, визуалды формалармен, музыкалық әуенмен әрлеген, яғни туындыны бейнеформатқа ауыстырған екінші автор пайда болады. Кейде алғашқы автор мәтін арқылы бере алмаған көркемдік атмосфераны екінші автордың көркем көзқарасы жетілдіре түседі. Түйіндеп айтқанда, екі автордың қиялынан туған көркем құрылымдар оқырманға тұтас поэтикалық мәтінді ұсынады. Осы уақытқа дейін кітап, журнал, газет бетіне басылып шыққан әдеби туындыларды оқырманның ондағы мәтінді оқу арқылы ғана бойға сіңіру дәстүрі қалыптасқан-ды. Яғни, оқырман тек мәтін аясында жүзеге асырылған шығармашылық қиялды қабылдап, өзінің таным көкжиегінің мүмкіндігі мен тәжірибесінің жеткенінше туындыны арықарай

талдап, өз жанынан жаңа мән, мазмұн үстеп, шығарманың өмірін ұзартуға үлес қосатын. Ал медиатуынды оқырмандары, кей жағдайда, шығарманың дүниеге келуі және оның арықарай өмір сүруі барысында автордан да артық үлес қосқан жағдайлар да кездеседі. Өте қысқа сөзбен көркем өнім жаратқан автордың әдейі айтпай, қалтарыста ұстаған ойларын оқырман өзінше жетілдіріп, мәтінін арықарай жалғастырып жазуы да мүмкін. Немесе шығарманы мазмұн, жанр, тақырып, идея, стиль тұрғысынан жан жақты түрлендіріп, автордан да артық шығармашылық қызмет атқара алады. Бейнепоэзияда, көп жағдайда, мәтін авторына қарағанда өлең жолдары мен видеоны біріктіріп экрандаған режиссердің шығармашылық көзқарасы алдыңғы орында көрінеді. Яғни поэтикалық туындыда бейнетүсірілім жасаған автордың эстетикалық шешімі басымырақ көрінуі де мүмкін.

Видеопозэзия өзімен межелес өмір сүретін өнер салаларынан келесідей өлшемдері арқылы ажыратылады. “Бір қырынан алғанда, бейнепоэзия классикалық қысқа метражды фильмдермен байланысты, бірақ одан басты айырмашылығы бейнепоэзияда поэтикалық мәтін негізгі рөл атқарады. Екінші жағынан, бейнепоэзия музыкалық клиптермен де астастықта қарастырылады. Клипте поэзия әуенге негізделіп, ән ретінде айтылмайды, тек мәнерлеп оқылады және ол экранда бейнеленеді. Тағы бір қыры поэтикалық оқулардың бейнежазбасынан ажыратылып қаралатындығымен байланысты. Бейнепоэзияда видеоқұрылымдарға қосымша мағына жүктеледі, туындыға ерекше мән беріледі әрі (мазмұнын) молайтады, өзінше интерпретациялайды” [2, 185 б.]. Ал, поэтикалық оқулардың бейнежазбасы көпшілікке түсінікті, яғни автордың (немесе мәнерлеп оқушының) шығарманы оқыған сәтінен бейнекамераға түсіріп, жазбасын көпшілікке экран арқылы ұсынады.

“Youtube” каналындағы [3] “Культура” телеарнасы мен “Магия кино” бағдарламасының бейнепоэзия туралы сюжеті мен А.А. Сидякина зерттеуінде [4, 152 б.] бейнепоэзия 1980 жылдары италияндық Джани Тоти шығармашылығынан бастау алатындығы айтылады. Аталған автор, сондай-ақ, бейнепоэзия терминінің атауы ретінде Poetronica деген терминді алғаш рет қолданады. Бейнепоэзия атауы 1990 жылдары қолданыла бастаған [3]. Бүгінде бейнепоэзияға авторлармен қоса, оқырман/тыңдарман/көрермендер қатарының артқанын байқауға болады. 1998-2000 жылдардан бері видеопозэзияға арналған “Зря”, “Пятая нога” (Ресей), “Zebra” (Берлин), “CYCLOP” (Киев) сынды түрлі халықаралық конкурс, шеберлік сыныптары, фестивальдер мен поэтикалық кештер ұйымдастырылып келеді. Ресейде бейнепоэзияның А.Радионов, Е.Тропольская, А.Гончуков, т.б. сынды белді өкілдері бар.

Қазіргі уақытта отандық интернет платформалардың арасында Massaget порталы медиапозэзияның бейнепоэзия түрін қалыптастыруға үлес қосатын бірегей интернет кеңістік саналады. Аталған сайтта әлемдік поэтрониканың талап, өлшемдеріне сәйкес келетін көптеген қазақтілді бейне және кино туынды орналасқан. Ондағы видео және кинотуындылар басқа да әлеуметтік желілерге

таралған. Атап айтқанда, акын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Балалық күн”, Мұқағали Мақатаевтың “Қыздарға”, “Жігіттер, демалайық тауға барып!”, Олжас Сүлейменовтің “Любая влага, влитая в кувшин”, Марфуға Айтқожинаның “Күллі түркі рухын ту көтерген”, Мұқтар Шахановтың “Ғайша”, Есенғали Раушановтың “Жаз не деп еді?”, “Намазшамда көлеңкелер өледі”, “Құлыншак”, “Сүйдім мен іңір деген пері қызын”, Әмірхан Балқыбектің “Қатардағы өлең”, Қалқаман Сариннің “Қазақ – киік”, “Хат”, “Мақта қар”, Ерлан Жүністің “Бұл кім?”, Дәурен Берікқажыұлының “Сізді сүйю”, Құралай Омардың “Жанардың хаты”, Айжан Табаракқызының “Күз”, Нұртас Тұрғанбекұлының “Ауылдың баласы едім...”, “Бір ару”, “Бақыт біздің қолымызда”, “Ауылға барып қайттым, Аға”, Айбол Исламғалидің “Күзгі рапсодия”, Назгүл Сарыбаеваның “Мен қара түске ғашықпын”, Марғұлан Ақанның “Риясыз диалог”, Еламан Хасеннің “Өлеңбаян”, Шерхан Талаптың “Күз” өлеңдерінің көркемдік қуатын, мәтінді бейнетілге көшірген екінші автордың көзқарасымен беруге тырысқан.

Заман қажеттілігіне қарай, көркем туындылардың визуалды форматына сұраныстың өсіп келе жатқандығын ескерген шығармашылық топ өкілдері 2017 жылдан бері шығыс және ортаазиялық ақындардың шығармашылығына арналған “Жібек жолы” халықаралық кино-поэзия фестивалін өткізіп келеді. Ақын А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, О.Сүлейменов, М.Шаханов, Н.Сарыбаеваның жоғарыда аталған өлеңдеріне кино немесе видео түсірген авторлардың кейбірі “Жібек жолы” фестивалінің финалына дейін қатысқан. Визуалды туындылардың бірқатарын талдауға тырысайық.

Massaget порталы жас қазақ ақындарының бірі Нұртас Тұрғанбекұлының “Ауылдың баласы едім...”, “Бір ару”, “Бақыт біздің қолымызда”, “Ауылға барып қайттым, аға” атты төрт поэзиялық туындысына бейнетүсірілім жасаған. Ауылға қатысты екі бейнеөлеңінде автордың өзі қатысып, өлең оқиды. Режиссері – Ернар Алмабек. Қос шығармашылық адамының біріккен туындысы сәтті шыққан. Бейнеөлеңге коммент қалдырған funfiction (оқырмандар) тобы да ризашылықтарын білдірген. Өлеңнің мәтіні 2012 жылы ақынның туған ағасы ажал күшқанда жазылған. Режиссер Нұртас Тұрғанбекұлы дүниеге келген Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылына барып ағасының қазасына орай жазылған өлеңді соңғы жылдары ғана бейнетуындыға айналдырған.

Ақын “Ауылға барып қайттым, аға” [5] бейне-поэзиясында балалық шағының ізі қалған туған ауылындағы әрбір нысандарды сағынышпен еске алады. Ескі ауылдың ғажап картинасын қалыптастырған балалардың өткен және бүгінгі әрекеті салыстырмалы түрде еске алынады. Бейнетуындыда өлеңді ақынның өзінің оқуы өте тартымды шыққан. Мәтін арқылы өзі қалыптастырған шығармашылық көңіл-күйді өзінің қоңыр әсем даусымен тыңдарманды/көрерменді/оқырманды одан әрі тамсандыра түседі. Тыңдаған адамды іштей толқынысқа, әрі-сәрі күйге салады. Ақынның туындыда ескі балалық шағын, балалық кезеңнің әсем картинасын бірге жасасқан, алайда

бүгінде қаза болған туған ағасын жоқтауы тыңдарманның көзіне жас үйіреді. Бейнетуынды фонындағы музыка да кез келген оқырманды сағынышқа жетелейді және ақынның ішкі әлеміндегі сан түрлі толқынысты жеткізуге септеседі. Ағасымен бірге өткен шақтан естелікке қалған, бүгінде тозығы жеткен тұрмыстық және мал шаруашылығына қажетті аулада дөңгелегі майысып, тозығы жеткен қоларба, таттанған сары бақыр сынды құралдар бейнетуындыға көркемдік деталь ретінде таңдалған. Туындыдағы ақынның ағасымен бірге өткізген балалық шағы мен туған ауылына сағынышын жеткізу үшін өзі оқыған мектеп, ауладағы алма бақ, қараусыз қалған ескі үй, қора, мал жайылған кең өріс, бұйрат таулар, таң шапағы мен кешкі ақшам кезеңі көркем хронотоп ретінде арнайы таңдап алынған. Бейнешығарманы безендіруге қатысқан кеңістік нысандары мен уақыт өлшемдері ақынның өлең оқыған сәттегі даусының құбылуы, тіркес немесе жолдарға арнайы екпін түсіруі, кідіріс жасауы сынды мәнерлеп оқуға тән поэтикалық техникалық амалдар бір-бірімен әсем үйлескен. Сондай-ақ автор санасында жатталған ағасының балалық әрекеттерін:

Сен бас киім кигізіп қуалайтын,
Қойлардан да қалыпты бірді-екілі.

...

Сен бірде бір топ асық алып келіп,
Ит мүжіген, қалғанын мен ойнағам, –

деп келетін жолдармен кескіндейді. 2012 жылы жазылған өлең мәтіні “Аға, енді ауылдың топырағын, Сенің бір күн басыңа себем келіп” деп аяқталған екен. Шығармашылық сәтте туған ақынның бұл арманы келесі кезектегі творчество үстінде, яғни бейнепоэзия жүзеге асырылған уақыт ағымында орындалады. Режиссер мен ақынның бірлесіп ұсынған көркем туындысы тартымды шыққан деп түйіндейміз.

Режиссер Ернар Алмабек ақын Нұртас Тұрғанбекұлының “Ауылдың баласы едім...” [6] деп аталатын өлең мәтініне де бейнетүсірілім жасайды. Экранда өлеңді ақынның өзі оқиды, басты кейіпкерді де өзі сомдайды. Туындыда ауыл баласы тазалықтың, шыншылдықтың, әдептіліктің символы іспеттес елестейді. Мұнда да көрерменге туындыдағы эстетикалық атмосфераны барынша сезіндіруге, ақынның ішкі әлемін түсіндіруге ақшам мезгілі, күннің қызарып батып бара жатқан көрінісі, тау-таспен қоршалған табиғат аясы көркемдік тұрғыда белсенді қызмет етеді. Автор туған ауылының әр дөңсайымен, бұта-қамысымен үнсіз сырласады. Ауыл табиғаты ақынның бала шағына куә, жан әлемін, сырлы сағынышын ұғушы кейіпте көрініс табады. Бейне шығармадағы “*Кірдің суын баспаймын деп жүргенде, Өзім кірлеп кеткендей боп тұрамын*” деген жолдарды ақынның тың суреткерлік ізденісі ретінде атап өтеміз. Ал ақынның “Бір ару” [6] деп аталатын өлеңінің бейненұсқасы

түпнұсқадағы суреткерлік сезімді толық жеткізе алмаған. Бейнеформат автор(лар)ының шығармашылық ізденісі де байқалмайды. Өлеңді мәнерлеп оқыған Ербол Молдажанов. Өлеңді оқушының даусы тындарман сезіміне аса әсер етпесе де, өзінің эстетикалық талғам-тілегіне қарай белгілі бір деңгейде жеткізуге тырысқан. Аталған бейнепоэзиялық туындыны дайындаған ұжымға кәсіби тұрғыда актерлік, режиссерлік шеберлік жетіспейді.

Шібәнше (社办企业) - түбірі “Шыбан” сөзінің соңына көсемшенің “Ше” жұрнағы жалғанып тілдік өзгеріске ұшыраған, мағынасы коператив Кәрханасы, қазір негізінен қолданылмайды.

Чедау (切刀) - дыбыстық аталуы бойынша тілімізге енген сөз, керткі пышақ, қазір ауыз екі тілмен жазба тілде де қолданылуда.

3. Қытай тілінен тілімізге енген жер аттары мен мәнсәп атаулары мен басқада атаулар

Жиналды елдің түгел кәрі-жасы,
Би, болыс, мампаң, зәңгі, елу басы,
Тоқтатты қалыстар кеп қаман жақты,
Жаман болып кетер деп ел арасы [7].

Мампаң (帮个忙) - шен атауы, Ежен ханның тұсында кірген сөз, біртіндеп дыбыстық үндестік бойынша ауыз екі тіл барысында мампаң болып тілдік қорымызға енген сөз, ақалақшының көмекшісі, хатшы мағынасында----

Гүңше (公社) - түбірі “Гүң” сөзінің соңына туынды үстеу жасайтын “Ше” жұрнағы жалғанып тілдік өзгеріске ұшырған, кейбір өңірлерде әлі де 5-гүңше,

4-гүңше деп қолданылып келеді, қазір ауыл (乡) делініп, немесе сол ауылдың өз атымен аталады. Мәселен: 4-гүңше – қазір 4-ауыл (乡4) немесе Шөлақтерек ауылы (乔拉克铁热克乡) болып жүр.

“Бұрын бір семиэдағы жеті жан бір көрпе жамылып жататын, уаң рұң семиэсі екі жылдан көбірек уақыттан бері кісі басына бірден Ләмбүк көрпе істеп алды, жақын арада және 3 бөлмелі үй салып алды”[8]

Ләмбүк - тіке аударылған атау, қазір қолданылмайды.

“Уаң иүкүн, уаң чаучилардың батыл түрде социалистық жолға түскен хабары, ұзамай ийулдың басында бейжінге келіп жетті”

Бейжін (北京) - ертеректе Қазақша айтылу бойынша Бейжін деп алынған, ал кейін қытай тіліндегі әріпі бойынша “Быйжиң” деп алынған, қазір дыбысталуына сай “Бейжиң” деп алынды. “Лый фың” де ұқсас “Ли фың” делінді. Азаттық мезгілінде кейбір өңтүстіктегі жерлік орындарда “Же” дыбысын “Кэ” деп оқыған, бұл біздің тілімізде біраз уақытқа дейін қолданылып отырған, мәселен: жаң жиешіні (张介石) – “Жаң кәйші”, жие фаңжұнды (解放军) – “Кайфаң жүн” деп қолданған, ----

Бұлардан басқада біраз тіке аудармадан кірген сөздерде қазір тілімізде қолданылу үстінде. Мәселен:

Алып барылады (进行), қажет (需要), алыстағы туыстан жақындағы көрші артық (远亲不如近邻), жебеу, құлшыну (努力), лушиян (路线), зұңли (总理), жуши (主席) т.б. Бірталай сөздер еш бөтенсіз қабылданып, күнделікте тұрмысымыз бен өндірісімізде әлі де қолданылу үстінде, мұндай сөздер біздің ауыз екі тіл мен әдеби сөзімізде көптеп кездеседі, бұларды жіліктеп, екшеп отыру мақаламыздың негізгі мақсаты болмағандықтан көп тоқталмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қытай коммунистық партиясының орталық көмитетінің кеңесі. Қытай ауыл-қыстақтарындағы социалистық өрлеу. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 1956.
2. Таңжарық жолдыұлы. Анар-сәуле. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 1982.
3. Тіл және аударма. – 1985/2, 1986/1: [J].
4. Мау Зыдұң. Маузыдұң таңдамалы шығармалары. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 1986.

А. Сейтенова,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты
(Қазақстан)

Ғылыми жетекші – Р.М. Әбдіқұлова,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

КӨРКЕМ ПЕЙЗАЖДАҒЫ ТАУ СЕМАНТИКАСЫ **(Ш. Мұртаза прозасы негізінде)**

Мақалада Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы пейзаж табиғаты нақты мысалдар негізінде талданды. Тау бейнесі Ш.Мұртаза прозасында кейіпкердің рухани әлемін суреттеуде жиі қолданылады. Шын мәнінде, тау бейнесі, таулы өлкеде туған суреткер үшін – қашанда туған үйдің бейнесі. «Ай мен Айшада» Тасбет пен Жуанқұлдың озбырлығына төзе алмай ақыры Әулиеатаға көшіп бара жатқан жолда туған жер табиғаты ерекше әсерлі суреттеледі: «Теміржолға дейін жолсызбен жүрдік. Қураған шырыштың сояуын, сиырқұйрықтың сабағын арба басып өткенде, қайсыбірі қайтадан бой түзең, бізбен қоштасқандай тербеліп тұрады.

«...Біз алыстаған сайын артыма бұрылып қарасам, ақбас шыңдар биіктей түсіп, жүрегімді шымырлатады.

Осы шыңдарсыз өткен өмір маған өмір емес сияқты көрінеді. Таусыз елдің адамдарының көңіліне келмесін, мен көзімді жыртитып ашқаннан бері, көргенім осы таулар болса қайтейін. Көзіме оттай ыстық көрінеді. Осы асқақ шыңдар болмаса, үстіме аспан құлап кететін сияқтанады да тұрады» [1, 264-б.]. Соғыстың аяқталуынан әр пенденің өзінше бір үміт күткені бар. Көпшілік әрине майданға кеткен жақынымен қауышуды тілейді. Ал Барсхан депортацияланған кавказдық Біләл мен өзінің тағдырларын салыстырады. Біләл қайырымсыз биліктің құрбанына айналып, туған елінен ажыраса, Барсхан бригадирдің озбырлығынан өздігімен жер аударды. Енді соғыстың аяқталуынан Барсханның ең алдымен ойға түйгені туған отаны – жуалыға оралу: «Біләл қойшы Кавказ тауға қайтуды армандайды. Мен Тәңіртауға қайтуды аңсаймын. Екеуміз де таулықпыз. Сәрі, таусыз өмір сүре алмайтын болармыз. Бізді таулар тартып тұратын қандай күдірет – білмеймін» [1, 300-б.].

Соғыстың тауқыметін бір кісідей көріп, «мылтықсыз майдан» кешкен қырық үйлі ауылдан мейірім көрмей, нағашы жұртына ойысқан Мұртаза ұрпағының ішкі жан тебіренісі, қимастық сезім, ағайын, туған елге деген өкпе мен нала аралас сезім-күй бас көтереді. Ақбас шыңдармен қоштаспай жатып сағынған бала көліңінің «Осы асқақ шыңдар болмаса, үстіме аспан құлап кететін сияқтанады да тұрады» деуі де алдағы күндерінің иыққа салар ауыртпалығын

сездіргендей болады. «Кейде ескі сүрлеумен, кейде жолсызбен тартып келеміз. Балағымызға кәрікыз тікен жармасады. «Кетпе, қайта барасың?» деп бір адам айтқан жоқ. Алабота мен қарасора, қызыл жантақ пен торы тобылғы айтты. Тілсіз тіл. Аяққа сары шырмауық оралады» [1, 263-б.]. Жолаушылардың балағына жармасқан тікен, аяғына шырмалған шырмауық бейнелі түрде туған жердің өз перзенттерімен қоштасуын білдіреді. Табиғатпен тілдесіп үйренген көкірегі сәулелі Барсхан алабота мен қарасораның тілсіз тілін түсіне алады. Автор-баяндаушы тіпті жаңбырдың жауғанын туған өлкенің қимастық сезіміне балайды: «Бізді аяп адамдар, ағайындар төкпеген жасты аспан төкті. Аспан бәрін сезеді. Аспан бәрін көреді. Аспанның мейірімі түскен адам қор болмайды» [1, 265-б.]. Осы орайда табиғат құбылысы тек баяндаушының субъективті дүниеқабылдау ерекшелігі ғана болып бағаланбауы тиіс. Себебі автордың философиялық-эстетикалық тұжырымында мұндай психологиялық пейзаж түптің түбінде әділдік жеңеді деген оптимистік сенімді арқау еткен; бала Барсхан абсолюттік құдірет кейпіндегі «Аспанның» адал жандарға пана боларына сенеді. Осынау бір тауқыметтің ақыр-соңы өзін шыңдап, өмірдің өріне жеткізерін де бала санасы дұрыс пайымдайды («Аспанның мейірімі түскен адам қор болмайды»).

Келесі мәтін үзiгiнде автор жылдар өтсе де, сол бiр қайғысы шақты еске алу қаншалықты жанға ауыр тиетiнiн әсерлi жеткiзедi. «Ендi, мiне, мына заманда кейде «Волгамен» кейде «Вольвомен» жүйткiп, Күйiк асуынан тасыраңдап ары да өтемiн, берi де өтемiн. Кешiре гөр, қасиеттi Қаратау! Бiрақ дәл сол арада, дәл Күйiктен еңiске түсе берiсте, Тәңiртау көрiнбей тасада қалған кезде, артыма ылғи да бұрыламын. Бұрыламын да: есекке мiнiп ербиiп, жан-жағына жатырқай қарап, жалғызсырап, бұтағынан жел жұлған жапырақтай жаутаң қаққан жетiмек баланы көрiп, мына зымыран машинаны тоқтата алмай, тоқтата алсам, сол сор маңдайды мiнгiзе кетсем деп өзiмнен өзiм айнымын. Есi-басым сау, бiрақ әлгi елес елендейдi де, көлбеңдейдi де тұрады» [1, 208-б.]. Баяндау барысындағы эмоционалды-экспрессивтiк леп автор-баяндаушының iшкi толқынысын айқын аңғартады. Автор жадында өмiр жолындағы сол бiр кезең ұмытылмастай болып мөр қалдырған. Туған елi мен жерiн тастап, жат жерге кетуге мәжбүр болған Айша мен оның балаларының шарасыз хал-күйi Барсханның басындағы психологиялық жағдай арқылы берiледi. Жазушы баланы бұтағынан жел жұлған жапыраққа теңей отырып, осындай поэтикалық өрнекпен панасыз жандардың ахуалын суреттейдi. Және де, осы сәттегi асқақ та тәкаппар тау шыңдары онсыз да жалғызсыраған баланың мына әлемдегi соншалық қорғансыздығын айқындай түседi. Автор өткен күндер елесiнен өзiн iздейдi. Қанаты қатайған, еңсесiн көтерген Барсхан-Шерхан арадағы көп жылдардың мұнарт тұманынан сол баяғы «жаутаң қаққан жетiмектi» тауып алып, қол ұшын созғысы келедi. Сол арқылы автор Барсханның өзiнен басқа жан ашыры жоқ жалғыздығын ұлғайта түскендей әсер қалдырады.

Ал «Қара маржан» романындағы мына бiр сипаттамада кейiпкер психологиясы мен табиғат құбылысының өзара ұқсастығын байқаймыз: «Саша

бұрылып, шетте отырған Нариманға қарап еді: бас инженердің қабағы түсіп кеткен екен. Күн бір жауса, терек екі жауады дегендей, мына құдайдың күні түнеріп тұрғанда, Нариманның түрі одан да бетер әлем-тапырық, күлбеттеніп кеткендей көрінді» [2, 198-б.]. Реалды жағдайда суреттелген эпизодтағы ситуацияны психологиялық параллелизм деп атау қиынға соғады. Дегенмен Автор мінездемедегі егіздеу арқылы көркем образ жасау интенциясы назар аударарлық.

Нариман көзімен зерделенетін келесі пейзаждық суреттеме шығарманың басты тақырыбымен ұштасып, өзінше поэтикалық нақыш тапқан: «Бүгін күн ерекше шайдай ашық. Аспанның көгілдірлігін көз алмай қарай бергің келеді. Шап-шақ қана терезенің шыныларына көптен бері сіресіп тұрған қырау жіпсіп, бусана бастады. Үйдің боғатындағы еріген сүнгі мұздың тамшысы тырс-тырс естіліп тұр. Аспанның әсері ме, қар да аққудың көгілдіріндей әсем. Таудың өркештері қарайып, қар жұқпай қалған, шатқалдары ақ. Ақ жіпке қара моншақ тізгендей, ұзыннан ұзақ созылып жатқан әдемі тізбек» [2, 266-б.]. Әдепкі тұрмыстық сипаттамадан бастау алып, тау шындарымен бірге биіктей түсетін табиғат картинасы айрықша түр-түс палитрасымен оқшау кейіп танытады. Қардың ақтығын аққудың көгілдіріне теңеу мінсіз әсемдікті шарықтата жырлауға деген шын мәнінде поэзияға тән шығармашылық ұмтылыстан туындағаны анық. Себебі қардың өзі саф таза ақтықтың эталоны. Бұған халық поэзиясындағы эпостық жыр үлгілері дәлел бола алады (Ақжүністің автопортретін еске түсіріңіз). Автор тау сілемдерінің өзіндік сұлулығын ақ пен қараның контрасты арқылы бедерлеп, оны жіпке тізген моншаққа теңейді. Сол арқылы роман атауындағы қара маржандар туралы ассоциативтік бейне оқырман көз алдына келері сөзсіз. Негізінен қара маржан тіркесінің өндіріс тақырыбындағы туындыда берер мағыналық нұсқалары әрқилы. Түпкі мәнінде, әрине, республиканың жер қойнауынан өндіріліп жатқан қазыналы кеніші сөз болғаны анық қой. Дегенмен табиғатқа, оның сұлулығы мен шексіз байлығына деген перзенттік ынтызарлық сезімі де орын алған. Табиғат сұлулығы жайлы жеке қаламгерлік ұстаным бойынша Ш.Мұртаза туындыларында биік таулардың бейнесі тек көркем фон ролін ғана атқармайды. Психологиялық салғастыру барысында олар кейіпкердің ішкі рухани өмірінің, көңіл-күй мен ой-сезім үдерісінің асулары мен белестерін бейне бір кардиологиялық сызба іспетті айшықтап отыратын қабілетке ие. Табиғат аясындағы барша тірі жанның өмір-тіршілігіне бейжай қарай алмайтын автор терең де ойлы психологиялық пейзаждар арқылы табиғатпен ажырамас бірлікті, жан диалектикасын тұжырымдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Т.5. Ай мен Айша. Роман. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 456 б.
2. Мұртаза Ш. Қара маржан. Роман. // Алты томдық шығармалар жинағы. – Т. 3. Романдар, әңгімелер. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – Б. 102-298.

Г.Б. Халидуллаева,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты
(Қазақстан)

Ғылыми жетекші – А.Ш. Асқарова,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты

АҚЫН Т. ӘБДІКӘКІМҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КОГНИТИВТІ СИПАТЫ

Когнитивизм – ХХ ғасырда гуманитарлық ғылым салаларында пайда болған адам танымы мен ақылына, ой қабілеттері ерекшеліктеріне негізделген менталды және интеллектуалды процестерді зерттейтін пәнаралық ғылым. Когнитивтілік кез келген ғылымға, кез келген салаға тән. Когнитивизм антропоцентристік парадигма аясында дамып, өркендеп келеді. Антропоцентризм – күллі жаратылыстың, барлық салалардың, барлық жүйелердің өзегі – адам деп қарастыратын көзқарастар жүйесін құрайтын үлгі. Когнитивті зерттеулер ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап тіл білімі саласында кең өріс алып келеді. Когнитивті сипаттағы тілі білімі саласы бұрынғы бағыттармен салыстырғанда жаңа арнаға ойысып, өзге салалармен байланыста, поэтикалық мәтінді танымдық, интуитивті түрде кешенді зерттеуге бағытталады. Шығарманы когнитивті талдаудың үлгілері когнитивті лингвистикада біршама қалыптасқан. Сондай-ақ зерттеудің негізгі объектісі – көркем мәтін болғандықтан, әдебиетке көбірек ойысып отырады. Когнитивтік талдауларды әдебиеттегі герменевтикалық талдау әдістерімен салыстыруға болады. Дегенмен когнитивті талдауда басшылыққа алынатын ұғымдар бар, олар: *концепт, концептосфера, эмоция, тілдік модель, дүниенің когнитивті бейнесі, геишальттық құрылымдар*, т.б. Көркем мәтінді когнитивті талдауда қолданылатын, талдаудың мазмұнын ашатын негізгі ұғымдар орнықты түрде қалыптасқанымен, талдаудың бірегей үлгілері нақтыланбаған. Оның да уәжді себептері бар. Когнитивті бағытта тіл – құрылым не жүйе ретінде емес, адам танымының қыр-сырын ашатын бірегей құбылыс ретінде қаралады. Демек, шығарма тілі де – авторға тән жан құбылыстарын, ой мен таным, интеллект, сана, қабылдау ерекшеліктерін танытатын бірегей зерттеу нысаны. Көркем мәтінге жасалатын когнитивті талдаудың ерекшеліктері де мәтіннің сипатына байланысты болмақ. Зерттеушілер когнитивті талдау барысында мәтін құрылымының психологиялық, саналық, ой-танымдық, логикалық тұрғыдағы ерекшеліктері басты назарға алынады.

Біз ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының шығармаларын когнитивті тұрғыдан талдау арқылы таныммен байланысты ұғымдарға тоқталмақпыз.

Ақынның бір ғана өлеңінде бірнеше концепт беріледі. «...концепт – ұлттық болмысқа негізделген немесе жеке тұлғаның өмір тәжірибесі арқылы жинақтаған ментальді білім жиынтығы» [1, 23 б.] Концептілер автор танымын жүйелеуде ерекше қызмет атқарады. Оны біз қаламгердің келесі өлеңіне көңіл бөле отырып анықтамақпыз:

Тектік өскін – сиқырлы жіп.
Анық ақ пен қарасы.
Жарқ-жұрқ етіп жалғап жатыр Көк пен жердің арасын.
Қиялдай біл.
Сауап болар құмарды да шектеме.
Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе.

Жазмышыңа – су да себеп.
Аң мен құс та жебесер.
Соғыс – өртен.
Одан қаулап әділетті ел өсер.
Хақ табиғат дін іздемес, зат секілді тұтарға.
Қаңғып шыққан сұм ойды да ұлестіретін жұпарға.
Сезімдерден ашытылған тірі шарап – көңілің.
Ақылыңмен аялап іш.
Әуен сыйлар не бір үн.
Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі.
Сорлап қалған кезінде де жымияды тіршілік.

Күнәлардың бәрі – өткінші, мәңгіліктің жолында.
Дертті вирус.
Тағдырыңа айтары бар оның да.
Ажал – жәй сөз, керек болған жаназада жыларға.
Тән де өлмейді.
Айналады жасыл текті құнарға.

Мөлдір Тәңір маусымына көшсе-дағы келесі,
Әр тал шаштың көзінен де мейірімді көресің.
Бек жасампаз Құдай заңы бұлжымайды.
Өте әділ.

Сәби үні жұлдыздарға жаңғырығып жатады... [2]

Біз ақын өлеңін біртұтас күйінде ала отырып, оның әрбір жолына ерекше мән береміз. Себебі өлеңнің әрбір жолы, әрбір сөзі автордың жанынан өріліп, ішкі ой ағынының жарыққа шығарады. Ал ой мен сана ағымы әр сөзден де ерекше бір ырғақ негізінде көрініс тауып отырады. Және сол сөздердің ішінде кей сөздер автордың ойы мен санасының кодталған бірлігі ретінде дайын күйінде өлеңде беріледі. Ондай сөздер өзге сөздерден мағыналық аясының кеңдігімен және

қаламгердің танымдық тәжірибесін жалпыадамзаттық не ұлттық кеңістіктегі білімдер тәжірибесімен ұштастырып жатуы арқылы да ерекшеленеді. Ондай сөздерді біз концепт деп атаймыз. Автордың біз келтірген өлеңінде *ауа, су, тағдыр, соғыс, табиғат, көз, күнә және өлім* концептілері көрініс табады. Бұл ұғымдарды толығымен концепт ретінде тани аламыз, өйткені дәл сол ұғымдар арқылы адамзат өзінің білімі мен өмірлік тәжірибесін, сондай-ақ көрген, білген құбылыстарын кодтап отырған. Әрі ол ұғымдардың эстетикалық мәні айқын, философиялық, психологиялық, діни танымдық сипаттары да кең және тілімізде формалық жағынан біршама тілдік бірліктерді қамтиды. Алдымен ауа концептісіне тоқталатын болсақ, ауа – тіршіліктің негізі. Біз ауамен тыныс аламыз, біз ауа кеңістігінде өмір сүреміз. Ауа – ол аспан, ол Көк. Адам рухы ауадан жаратылған делінеді. Сол себепті де, адам қатты қуанғанда, шаттанғанда, рухы көтерілгенде, өзін жеңіл сезінеді. Автордың: «Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе» деуі ауаның текке жаратылмағанын, адамға ауаның өзі жаратылыстың қандай да бір сырын ұқтыруға негізделетінін айта отырып, оған жан бітіреді.

Ал су концептісіне тоқталатын болсақ, су – ол төрт стихияның бірі, адам жаратылысындағы төрт негіздің бірі. Діни таным-түсінік бойынша, адамның көңілі судан жаратылған делінеді. Мысалы, тілімізде «көңіл көңілден су ішеді» деген мақал сақталған. Ең алдымен, су – тіршілік көзі, онсыз өмір жоқ. «Жазмышыңа су да себеп» – мұнда автор суды адам тағдырымен байланыстырады. Мұнда тағдыр концептісі де бар. Өлеңде суға қатысты тікелей химиялық құбылыс айтылады. Адам ағзасының басым бөлігін су құрайтын болғандықтан, анығында судың адам өмірі үшін, адам тағдыры үшін маңызды болатыны анық. Автор су ұғымын сондай қасиет-сипаттары негізінде ассоциативтік мән-мағынасы қалыптасқан дайын сөз күйінде қолданып тұр. Концепт – өте кең, өз аясында адам танымы, қабылдауы, есте сақтауы сынды психологиялық қабілеттерін танытатын тілдік бірліктерді білдіреді. Мысалы, дәл осы су концептісі адамзаттың қаншама жылдық су жайлы ой-пікірлері мен ассоциациясының орталығы болып саналатын негізгі ұғымды білдіреді. Су жайлы аңыздар мен суға қатысты мифтер де жетерлік. Ал поэзиялық шығарманың өмірге келуі барысында автордың ойында соның бәрі де жаңғырып тұруы мүмкін, немесе автор концепт болатын сөздерді қарапайым ғана ең негізгі мағынасында қолдануы мүмкін. Ал біз қарастырып отырған өлеңде концептіні қолдану барысында автор ұғымның барлық мағынасын толығымен жаңғыртып отырып қолданған. Ол жерде судың адам тағдырына тікелей ықпал ететіні физиологиялық тұрғыда ғана мәнді деп түсіне алмаймыз. Бәлкім одан да кең тұрғыдан түсінуге болатын шығар?! Судың адамзат тарихында да алатын орны үлкен ғой. Алланың адамды жаратқанда суды пайдаланғанынан бастап, жер бетінде күнәлі істер қаптағанда топан су басып, тіршіліктің қайта түлеуінде де тарихтан сумен байланысты аңыздар кең таралып жеткен. Ақын суды адам тағдырына бағыттай отырып, тура мағынасында

ауаның өкпе арқылы адам бойына тарауын тек химиялық реакция ретінде ғана емес, күллі жаратылыс құбылыстарының бірі ретінде ол құбылысқа да терең сыр дарытады. Сондай-ақ соғыс концептісі, табиғат концептісі де күллі жаратылыстың бір бөлігі ретінде беріледі.

Көз концептісі – тұтас бейнелі ой-суреттер ішінде көрініс табады: «Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі». Мұнда адамға тән психикалық құбылыс сыртқы ортаға, табиғатқа бағытталып тұр. Сол арқылы автор адам мен табиғат арасындағы айналымды шебер түрде береді. Ал «Жұтым ауа аян болып оқылады өкпеңе» деуінде керісінше, сырт құбылыстың адамға қарай бағытталуы беріледі де, одан әрі өлеңнің эстетикалық сипаты «Сорлап қалған кезінде де жымияды тіршілік» деген жолдар арқылы көркем түрде шарықтайды. «Көздің жасы – жан дүниенің сыртқа сыйлар бүршігі» – мұнда көз концептісі гештальт құрылым арқылы жаңаша сипатқа ие болып отыр. Автор ұғымында көз бен бүршік біртұтас ортақ сипаттарға ие болып, белгілі деңгейде бірігіп отыр. Концептілердің түзілуінде гештальт құрылым өлеңнің бірқатар жолдарында көрініс тауып отыр. Күнә концептісі де гештальт құрылым арқылы автор танымында жаңаша сипатта жаңғырып тұр. Автор күнәні дертті вирусқа теңейді. Қандай да сапа-қасиеттер, не ассоциативті түсініктер екі ұғымды біріктіріп тұр.

Автор танымында концептілер жаңаша мәнге ие болып, мағыналық жағынан толығып та отырады. Өлеңнің кейінгі жолдарында тағдыр концептісі жанама түрде, өзге концептілермен байланысты беріледі. Ал өлім концептісі ажал скрипти арқылы беріледі. Автор өлім концептісіне мүлде жаңаша мән үстейді: «Ажал – жәй сөз, керек болған жаназада жыларға. Тән де өлмейді. Айналады жасыл текті құнарға». Автор өлімді жаңа бір өмірдің басы болатынын тәннің жасыл текті құнарға айналып кетуін айту арқылы білдіреді. Өлім – метафизикалық концепт. Автор өлімді бір күйден екінші бір күйге алмасудағы трансформациялық жол екенін айтады. Өлең соңындағы: Сәби үні жұлдыздарға жаңғырығып жатады...» – деуі аяқталған біртұтас ойлардан кейін берілген жаңа бір өлеңнің басы сынды, дәл сол ойларды өзге арнамен толықтыра отырып, аяқсыз қалдырады. Автордың соңғы жолы ерекше мәнге ие. Автор дәл осы жол арқылы алдыңғы айтқан бүкіл ойларын космостық деңгейге көтереді. Ең алғашқы жол мен соңғы жол бір мәнді білдіріп, арадағы ойлар қайталанып отыратын циклды құрайды. Дегенмен өлеңде қайталанып тұрған мағына жоқ, тек автордың ой ағыны бір арнамен шеңбер жасай отырып, сана ағымының шексіздігіне бет алады, сол негізде соңғы тармақты ашық жүйе ретінде қалдырады.

Біз мәтінді когнитивті тұрғыдан талдаған кезде, мәтінмен байланысты барлық факторларды ескеріп отырамыз. Оның ішінде тілдік және тілдік емес факторлар да болуы мүмкін. Когнитивті талдаудың дәстүрлі-құрылымдық түрдегі талдаудан айырмашылығы мәтін өрісін тікелей таныммен байланыстыра талдаудан көрінеді. Біз дәстүрлі-құрылымдық бағыт бойынша шығарманы

дайын өнім ретінде, өз алдына бөлек бір құрылым ретінде қарастырамыз. Ал когнитивті бағыттағы зерттеулер шығарманы автормен ірлікте қарастырады. Ондайда шығарма дайын өнім ретінде емес, жарыққа шығу барысындағы сыртқы және ішкі факторларымен қоса қаралады. Яғни шығарманы өмірге әкелуде автор танымында қандай құбылыстар орын алуы мүмкін? Автор шығарманы қалай өмірге алып келді? деген сұрақтар төңірегінде ізденеміз. Олардың бәрі де мәтіндегі тілдік бірліктерден көрінеді. Мысалы, біз гештальт негізінде концептінің концептосферада қандай мәнге ие болатынын анық аламыз. Гештальт құрылым автор танымында қандай да бір ұғымның кодталу процесін ой сурет арқылы береді. Өлеңде гештальттық құрылымдар жиі кездеседі. Бірнеше концептінің бір ғана өлеңде берілуі автор танымын қаншалық бай екенін ғана көрсетіп қоймайды. Концептілерді автор дайын күйінде қолданғандықтан, өлеңнің мәні автор танымымен ғана шектелмей, концептінің жиынтық мағынасымен де байланыса отырып кең тұрғыда ашылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.
2. https://m.facebook.com/profile.php?id=100009416123191&fref=nf&refid=52&ft__mf_story_key.2530390670618112%3Atop_level_post_id.2530390670618112%3Aatl_objid.2530390670618112%3Acontent_owner_id_new.100009416123191%3Athrowback_story_fbid.2530390670618112%3Astory_location.9&__tn__=C-R

Г. Ыбырайқызы,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты
(Қазақстан)*

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ҚҰМ МІНЕЗІНДЕГІ» КӨРКЕМДІК ТҮТАСТЫҚ

Оралхан Бөкейдің шығармашылық жолындағы өзіне етене, бейім көркемдік тәсілдері, сөз жоқ, оның өзіндік дара стилін қалыптастырды.

«Құм мінезі» повесіндегі Барханның бейнесі – жазушы Оралхан Бөкейдің замандас адам тұлғасын көркем бейнеде көрсетудегі дара табыстарының бірі. Белгілі бір өмірлік ситуациялар – қойшылар, шопандар өмірінің әрқилы сәттері арқылы жазушы осы бір жас адамның, екі аяғымен өмір атты ортада тік тұрған, нық басып жүрген адамның жан әлеміндегі толғаныс, бұлқыныстары арқауында буырқанған тіршілік драматизмін ширықтыра суреттеуде өзіндік көркемдік шешімдерге барған.

Жазушының өмірбаян деректерінен белгілі болғандай, Бархан – өмірде болған адамның бейнесінен шыққан көркем образ. Журналистік сапарларының бірінде Мойынқұмда танысқан еңбек адамы.

«Құм мінезі» повесінің шығармашылық жазылу тарихына қатысты «Жас алаш» газетінде Оралханның «Құм мінезіндегі» Бархан кім?» деген Гүлжан Айнабекованың мақаласы тың деректер ұсынды. Мақала авторы «Құм мінезіндегі» кейіпкерді өмірде кездестірген.

«Өмір бойы әділетсіздікке ұшырап, әйтсе де тәубасынан танбай, кеңшардың мал шаруашылығын ұршықша үйірген Бархан – Егінбай Смағұлов қазір Қордай ауданының Степной ауылында тұрады» [1, 7-б.].

Г. Айнабекова Егінбай Смағұловпен әңгімелескен. Бірталай сыр аңлаған.

«Бұл жетпісінші жылдар еді. Журналистердің ел аралап, ауыл өмірін жазатыны бар еді ғой. Қазан айында бізге жазушы Оралхан Бөкей келді. Толқынды шашы келісті келбетіне айбар беріп тұрған ірі жігіт екен. Мінезі салмақты болатын. Он шақты күн тіршілігімізбен танысқан Оралхан кетерінде: «Аға сіз туралы кітап жазамын. Кейін тауып оқырсыз» деді. Мал соңында жүрген адамның қолына кітап түсуші ме еді? Біраз іздестірген болдым. Бірақ таппадым. Міне, біраз жыл өткесін өзің арқылы кітап қолға тиді» [1, 7-б.]. Егінбай ақсақал кітаптан өзіне таныс көп жағдайды оқыған. Жазушы қисындаған көптеген шарттылықтарға да ризашылықпен қараған.

Қарапайым жан О. Бөкейдің «Құм мінезі» баянына: «Өйткені ол жазушы қолымен өрілген өз тағдырым еді», – деп бағасын берген.

Рухани ұстаз-досы Шерхан Мұртазаның Оралхан туралы айтқан бір үзік ойында жазушының шығармашылық бағытында журналистік кәсібінің елеулі ықпалы болғандығы нақтылы көрініс табады.

«Лениншіл жасқа» қызметке жаңадан келген Оралханды Мойынқұмға іссапарға жібердім. Оралхан сол сапардан біраз жылдан кейін «Құм мінезі» деген повесть жазды. Міне, жазу! Жазсаң, осылай жаз. Әйтпесе кінәсі жоқ ақ қағазды шимайлап, былғама. Он күндік сапарда бұрын өзі көріп-білмеген жердің тамырын басып, сол құмдағы адамдардың мінез-құлқын, психологиялық тұрмысын, жүріс-тұрысын, ең бастысы, жанын ұғып-білу – жаратылыстан дарын иесіне ғана дарыған.

Әйтпесе, сол құмда мен де талай рет болдым ғой. Иә, кәдімгі бұйығы бұғып жатқан бұйра құм. Сексеуіл, шөбі, қояны, қырғауылы, Шопан үйі, қойы, иті, т.б.

Ал Оралханның көзімен қарағанда мен бұл құмды өлкені тұңғыш рет көргендеймін. Құмға жан біткен. Құмға мінез біткен. Құм момақан екен. Құмда да қуаныш, мұң болады екен. Әдебиет пен әуен егіз. Әуені жоқ, жүрегінде жыры, музыкасы жоқ әдебиет көркем әдебиет емес. Өттең мен қалай байқамағанмын!» [2, 333-б.]

Осы повесте Оралхан Бөкейдің өмірдің жанға жағымды қоңыр самалындай, саулап тұрған сұлу тілі жаңа бір байсал тапқан, шымыр, ширақтықпен баурай-

ды. «Құм мінезіндегі» «Алқара көк аспаннан тағы бір самалет ұшты...» деп келіп отыратын, ара-тұра жер бетіндегі адамның аспанға қарап қойып жүретін күнделікті дағдысынан да гөрі мәндірек бір ойларға меңзейтін тәсілмен бастау алған сияқты.

«Күйекті алдымен аяқтаған Барханның жылдағы әдеті – Сейітқұлға қол ұшын беру. Міне аттай зулап бес жыл өтті, құдай көршісі – қыстың қытымыр суығын, жайлаудың салқын самалын бірдей көріп келеді» деп, көмектесе алмай тұрмайтын. Сейітқұл он жас кішілігіне қарамастан, жанкешті пысық, қолды-аяққа тұрмайтын жылпостау. Алғашында, Барханға көмекші шопан болып жүрді де. Қашан қаз тұрып кеткенше қамқор қанатына алған Барханға кейін жалдана, қоңдана келе, қорс етіп мінез көрсететінді шығарды. Бірақ табиғатынан жуас, кісі бетін қайтарып көрмеген ол кешегі айрандай аптап, күбідей пісіп өз үйінде тайраңдап жүрген жігіттің бұл әбестігіне налып, пәлендей мән бермеді» [2, 333-б.].

Повесте қарапайым еңбек адамының мінез байлығы, жан дүние кеңістігі, кісілік бітімі өмір ағысындағы күнделікті ситуациялар ауқымында біртіндеп, әр қырынан ашылады.

Қақ-соқпен шаруасы жоқ, пәле кумаған момын адам екені алғашқы ойынан-ақ байқалып қалғанымен, Бархан оқушымен біртіндеп табысады. Барханның мінез-болмысындағы ұлттық мінезге тән ерекшеліктер иланымды көркемдік шешімге тартылған.

Әлгі баяғы көмекші шопаны Сейітқұлға ағаның қамқорлық жасауы – есеп-қисабы жоқ қазақы болмыстың табиғатынан туындаған құбылыс. Ағайыншыл, қарындасшыл, жалпы адам баласын алаламайтын бауырмашыл қазақы мінез.

Құдық қазушылар да Барханның үйінде ертелі-кеш ас ішіп, қона жатып еркін жүр. Кісі баласын жатсынбаған қазақы мінездің еркеліктерін жазушы жай ғана айта салғандай болып, шығармаға сыналап кіргізіп отыруды ұмытпайды. Дегенмен кең қолтық қазақы пейіл біртіндеп етек-жеңін жия бастаған ширақ өмірдің лебімен өзгере де бастағандығын құдық қазушыларға жылы қабақ көрсете қоймаған Сейітқұл пиғылы жеткізеді. Сейітқұл – адам пенденің білместік осалдығынан, опасыз әрекеттерінен тұтастанған таныс-бейтаныс тұлға.

Оралхан Бөкей Барханның бастапқы ойларымен-ақ Сейітқұлдың мінез ерекшелігіне ден қойғызған. Сырдаң, сұйық мінез, өзім дегенде өзгенің өзегін суырып тастап өте беретін мен жақсы-жаманның парқын ойлап, қысылып, қымтырылмайтын қараулау жанның сырт әрекет, сырт тұлға, бірер ауыз айтқан сөзі характерді иланымды ашады.

Сейітқұл болмысы негізінен ниеті түзу Барханның бұрмасы көп көршісінің мінез-құлқына «түсінбей» ойға батқан сәттерінде ашыла түседі. Бархан кейде он бес жыл бойы сол қалпында мүлгіп, жатқан айналаны шола қарайды.

«Сыртқа шыққанда ептеп тоңазыған дене жылы төсекті қайта сағынды. Күн шыққан жоқ. Ала дөңденіп мінгесіп-ұшқаса келеңсіз далаға қарай жары-

са созылған құмтөбелер, сол құмтөбелер, сол құмтөбенің қырқасында ойдым-ойдым қойнауына жармаса өскен сексеуілдер жалғаса жарысып, көзге суық тартады, көңілді жүдеткендей болады. Бархан алды-артына – иә, айналасына, қарашаның салқынына бедірейе арқасын беріп, бетпақ жатқан құйқалы құмды тұңғыш рет аяғандай, жанарын тайдырмастан көпке дейін қарайды-ай. Ойлап тұрса, ол бес жыл мекен жай болған Талдыөзектің бойынан зәредей өзгеріс таппаған екен. Сол есіліп-есіліп қалған бұйра құм, сол ербиген сексеуіл, албастыдай алба-жұлба түзген, жер тағандап өсер жыңғыл, сол аспан бірде бұлтты, бірде ашық, бірде қар, бірде жаңбыр, сол күн өз орнынан шығады, өз орнына асықпай, аяндап барып батады, сол бір мал – маңыраған қой. Ол да өмір бақи да кісіней алмайды. Сол көрші Сейітқұл күні кеше жап-жас елгезек жігіт еді, бүгінде құм санайтын қу болды. Енді Бархан сол Сейітқұлдың қыстағына қараған. Жым-жырт, тұяқ серіппей қаперсіз ұйықтап жатыр. Қорасына совхоз ерте бастан жеткізіп берген шөп қаздай тізіліп, кеше ғана мектеп оқушылары қазып берген қой қораның қиынан әлі де бу шығады. Кеше балалар опыртопыр іске кіріскенде, бұл да қолына күрегін алып, жападан-жалғыз атшаптырым қораға беттеп еді, әйелі Жұмагүл: «Еруліге қарулы болып қайтесің, Сейітқұлдың басына пыр етіп қонған баққа таласқандай болмайық, ертең де күн бар», – деген соң атына мініп қикайып өріске кеткен. Өріске беттеген Барханның соңынан Сейітқұл айқай салды.

– Отағасы десе, менің де отарыма көз қырыңды сала жүр.

– Жарайды, батыр-еке, – дегеннен басқа жарытып жауап таба алмады.

«Анау балаларға біздің қоралардың да қиын ойғыза сал» дегісі келді-ақ, әттең мінезінде жоқ бөтендік танытуға дәт шіркін бара алмаған. Бірақ Бархан бұдан соң көпке дейін өз-өзінен күңкілдеп сөйлеп жүрді қой шетінде.

– Осы совхоз басшылары қызық, Сейітқұлға жіберген оқушыларға маған неге көмектес демейді» [2, 336-б.]

Барханның түсінбейтіні көп. Айдалада екі үй отырған бұлардың шаруасын совхоз басшылары неге бөле-жара қарайды деп бас қатырады.

Қулығы жоқ ойлар шындыққа қолайсыздау, берекесіздеу шындыққа қарай жетелейді.

Бархан шаруасына айналып, қаумалаған қолайсыздау ойларды ұмытады. Әділетсіздік жасап отыр деуді өзіне, азаматтың бойына ар санайды. Ұсақтап, быж-тыж болу – ұят.

Шөп те – Сейітқұлға, егіз қоздайтын саулықтар да – Сейітқұлға, күнде жиын, күнде тоймен аудан, облыс, Алматы кете беретін Сейітқұлдың малына «ие бол» деп «қызық мінез» басшылар дамыл бермей, шаруаға салады.

Кең мінез даланың, кең мінез, көнбіс Барханның кенеттен оянған алай-түлей ашуының толып жатқан алғышарттарын жазушы баппен барлап, асықпай, иін қандырып, пісуін жеткізіп келіп ширықтыра түсіп, кейіпкердің шарт кеткен шағын айналайын табиғаттың – момақан құмның дауыл тұрғызған сұрапыл мінезімен шебер астастырған.

Барханның жан дүниесіндегі жарылыс өр рухты адамның аярлық пен ақымақтықтың алдына жығылмайтын қайсарлығын, адам болмысындағы артық туыстық қанға біткен қайырлы қасиеттерінің баяндылығын көзге шұқып көрсеткендей аяусыз, боямасыз ашады.

Жазушы шөл даланың шалғай шетіндегі шопандар өмірін күнделікті еңбек адамының тынымсыз қарекетіндегі қанық табиғи бояумен суреттеп, баяндайды. Тоғышарлық тамырланып бара жатқан, адамдық арзандаған, биіктік аласарған алабөтен дүниеден ақыр соңында Бархан безініп шығып, қулар мен сұмдар өлтіріп бітуге тақау қалған шындыққа шырқырап араша түсті.

Бархан – қазақ прозасына өзінің бөлек бітімімен келген мінезді тұлға, көркем бейне.

«Құм мінезінде» негізінен таулы Алтайдың қар жамылған қатал қысын, бүлдіргенді жаз ортасын, көк шалғын көктемін, арқыраған тасқын, таза суларын талмай жырлаған, қазақ әдебиетіндегі пейзаждық көркемдеу дәстүрін тоғайтып, тыңайтқан әсіре табиғатжанды Оралхан Бөкей қаламгерлік шеберліктің қанаттанып кете берер құпияларының айғағындай жаңа бір тыныс, мейлінше төзімді құм туралы төгілте, тауыса жазады. «Бархан қой соңына ерген жылдарда қаншама су ақты, қаншама жапырақ сарғайды, қаншама рет құстар келіп қайтты; құдай-ау, қанша рет самолет ұшып өтті... Тек баяғыда сусылдап, қоныс таппайтын ұшқалақ құмдар ғана іштей тынып, жым-жырт жатып алған. Қызылқұмның көшіп-қонбай безбүйректеніп, бүк түсіп жатуы бұл өңірді мекен етер елді елеңдетпей қойған жоқ. Қайсыбірі жаман ырымға жорыса, енді бірі «берекемізді алар сусылынан гөрі осы момақан мінезі дұрыс, құм көшпесе, жер беті құйқаланады. Шымданып, шөп шығады, малға өріс болады десті» Қазақпен бірге табиғат жарықтықтың құмы да ірге теуіп, отырықтануы, бағамдаған кісіге ғажап бір көрініс сезілетін. Баяғыдай емес, ит тұмсығы өтпейтін қалың сексеуілдің бұл күнде мінтеліп, етек-жеңі түріліп бара жатқаны Барханның қабырғасына қатты бататын» [2, 339-б.].

Бархан Қызылқұмның баяғы берекелі шағын да көрген. Ендігі табиғаттың төсін жұлмалап, құмды даланың сексеуілін отап, отын етіп дымын қалдырмағаннан кейінгі сыйқы бөлек. Қаптаған қарақұйрық зым-зия құрыған. Бөлімше басқарушысы Әліқұл тектілер қуалап тауысқан.

Бархан – күрделі, кесек мінезді бейне. Басшы екен, басқа екен деп ығына жығылып, алдына түсіп жүгіре жөнелмейтін мінездің адамы. Өз ұстанымы бар, айтарын астарламай айтып тастайтын қыры осы бір бейнеге деген оқушы ілтипатын көтере түседі. Айдалада құйғытып жүрген бөлімше басшысы Әліқұлдың зіркілдеп ұрса беретін, әлімжеттік, құл-құтандық өрепкіген, ожар мінезін бірер ауыз сөзбен-ақ тойтарып тастайды.

«Сен оңбайсың, – деп бастады сөзін Әліқұл. – Он жыл болды сөзін осылайша бастаудан танған емес. – Егер сен оңды шопан болсаң, менің төбем көрінгеннен қарсы шауып, қарсы алуың керек еді. Егер сен оңсаң...

– Әлеке-ау, сіздің төбеңізден көз жазып қала берем, ылғи да Сейітқұлдың қызыл машинасымен келуші едіңіз...» [2, 342-б.].

«– Оңбайсыңдар, қыс болса мынау, тойдан құр қалғандай сықсып келіп қалған. Сен болсаң мынау, не қораңның қиы ойылмаған, не бүтінделмеген, жағаң жайлауда, есінеп-құсынап жүргенің. Анау өзің секілді, өзің секілді деймін-ау боғыңмен жасты Сейітқұлды қарашы, қандай азамат, жем-шөбі мол, қорасы сандай, алты ай қыс болса да қыстырмаймын ... деп отыр. Қырықтан асқанша қыртып, айналдырған алты жүз тұяққа ие бола алмай...

– Жеті жүз деңіз.

– Қарашо, жеті жүз-ақ болсын, какой разница... сөзді бөлме, өсетін, қосымша ақша алатын шопан сөзді бөлмес болар. Ал сенде жиырма жыл мал бақсаң да анау есіктей кеудеңе қадар значек те жоқ. Ана...

– Он бес жыл деңіз...

– Қарашо он бес... сөзді бөлме... ана өзіндей, өзіндей деп оттаппын-ау қаршадай ғана Сейітқұлда бір емес қос орден бар, осы бес жылдықтың аяғында тағы да наградаға ұсынамыз.

– Оныңыз рас.

– Не рас.

– Сейітқұлды наградаға ұсынатыныңыз деймін, аға...» [2, 342 б.].

«Аспаннан тағы бір самолет ұшты» деп қайталап отыратын фактіні Оралхан Бөкей белгілі бір мақсатта қолданған. Дүниеде қоңыртөбе ол күйбең тірлігін қанағат тұтып жүріп жатқан момын Бархан түс көреді. Өзінде бәлендей мән бермеген арлы-берлі ұшып өтіп жататын самолетке қатысы бар түс. Түсінде құмнан құйып жасаған терең зынданда отырады. Төбеден Сейітқұл мен Әліқұл тас атқылап, мазақ етеді. Тастар зулап түсіп, ағып келе жатқанымен, бұған жетпейді. Бір сәт гүрілдеген самолет дауысы естіледі, Бір адам аппақ арқан лақтырып, Бархан басқыш арқанмен жоғары көтеріледі. Самолет ішінде әкесі отыр екен. Шаршаған баласын қамаудан алып кетпек. Бархан тұңғыш рет көкке, биікке шығады. Қалай ұшу, неге ұшу керектігін үйрендім деп әкесіне өз қыстағына апарып тастауын сұрайды... Уілдеген мотор үні. Шошып оянып, Сейітқұл үйіне түскен басшылардың шақырып жатқандағы белгісі – мотор гүрілдеп тұр екен.

Шақырған басшылардың Сейітқұл үшін, ол орден тағуы үшін қарызға қырық қозы сұрағаны Барханды тіксінтеді. Малы құтты төлдеп, еңбегі қайтқан Барханды төңіректеп, отағасылай жүргендер мұның малын Сейітқұлдың көрсеткіші етіп жазбақ. Оны орденге ұсынбақ. Бір осы ма екен?

«– Оны уақыт көрсетер. – Бағанадан тілі кесілгендей жұмбақ отырған Барханның үзілген сымы қайта жалғанғандай болған соң, бәрі-бәрі елең етісті.

– Алатын қозыларыңды таң ертең санап берем. Тек ақырғы рет болсын.

– Немене, бұрын да алып па еді, отағасы.

– Бірінші жылы – бес қозы, екінші жылы – он, үшінші жылы – жиырма, төртінші жылы – отыз, енді мінеки өзің келіп, қарағым, қырық қозы сұрадың.

– Мынау сұмдық екен! – деді бас зоотехник ұялы көзі лап етіп. – Масқара екен!» [3, 16 б.].

Бәріне көнген, бәріне шыдаған Бархан өзі жарасын емдеп жазған қарақұйрықты Сейітқұл атып тастағанын білгенде бораған құмдай тасыды.

«Бархан мінез көрсетті...»

Қызылқұм да жуықта мінез көрсеткен болатын.

Жалпы О. Бөкей шығармашылығындағы негізгі тақырыптың бәрі де – адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас. Ол романтик жазушы ретінде кейіпкерінің ішкі дүниесін табиғатпен тығыз байланысты беріп, сол табиғат әлемі арқылы адам жанының қалтарыс-қатпарын аша біледі. Қаламгердің концепциясында табиғат – кейіпкер жанына жақын, адам табиғатымен туыс әлем.

Жазушы адамның өмір ортасы табиғаттың сол адам пенделік иттікке бой алдырғанда аяусыз қаттылық көрсететінін жатсынып, тәубаға келтіретінін табиғатты бейнелеп, суреттеудің қосақабат, қатар түскен желісі етіп алып отырады.

Табиғат өз мінезімен адамды рухани жаңғыруға бастайды.

Оралхан Бөкей «Құм мінезі» повесінде табиғаттың ашуы Барханның көнбістеу болмысын оятуға түрткі болғанына меңзейді. Оралхан Бөкейдің бұл шығармасында Бархан біртіндеп мінез ашады. Жазушы Барханның «жуас түйе жүндеуге жақсы» момын емес, әу бастан-ақ әділетсіздікке қарсы көтеріле алатын рухани күш иесі екенін логикалық тұрғыдан иланымды, құмның көшуімен психологиялық егіздікте алып суреттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айнабекова Г. Оралханның «Құм мінезіндегі» Бархан кім? // Жас алаш. – 21 маусым. – 2003. – 7-б.
2. Бөкей О. Шығармалары. Роман, повестер. 2-том. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384 б.
3. Мұртаза Ш. Бойында баяғы би-шешендерден қалған арқалы болмыс бар еді // Аңыз адам. – 2013. – №15. – 16-б.

А. Момбек,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты
(Қазақстан)*

«ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛҒЫЗДЫҚ» РОМАНЫНДАҒЫ МАГИЯЛЫҚ РЕАЛИЗМ

Г.Г. Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романы әлемдегі ең көп оқылатын шығарма екендігін америкалық «the guardian» басылымы жариялаған болатын. Колумбиялық жазушының стиль ерекшелігі, шығармаларында қозғалған әлеуметтік-тарихи, саяси мәселелер, әдебиетке алып келген тың жаңалықтары оқырман назарынан тыс қалған емес.

Шығарманы идеялық мұмұны, сюжеттік композициялық құрылысы, жанрлық сипаты, кейіпкерлер мен образдардың алуандығы және тұтастығы тұрғысында жүргізілген зерттеулер аз болмады. Мұның себебі шығарманың әлемнің отыздан аса тіліне аударылып, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпауымен түсіндіруге болады.

Марк Фриш У.Фолкнердің «The Sound and the Fury» романы мен Г.Г.Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романдарының салғастырмалы анализін жасап, Маркес шығармашылығына Фолкнердің әдеби әдісі мен стилінің әсері жайлы баяндайды. Ғалым екі шығарманы бірнеше позицияда салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасаған болатын. Ол позицияларға: кейіпкерлердің бейнесі, отбасы мен әулет тағдырының тарихы, кеңістіктің шығармадағы көрінісі, уақыттың ерекшеліктері мен оның түрі (тізбектік, циклдық), әңгімелеушінің образы т.б.

Алайда Г.Г. шығармаларында «жалғыздық», «күлазу» және оған қарсы тұру секілді экзистенциалды мотивтерді қозғайды. Оның еңбектерінен өзге жаушылардың шығармашылығында кездесе бермейтін бірқатар ерекшеліктерді байқауға болады. Жазушының басты ерекшелігі – шығармашылығында магиялық реализм әдісін қолдануы болып табылады.

Магиялық реализм терминін әдебиет саласына 1930 жылдары француз сыншысы Эдмон Жалу алып келген болатын. Кейіннен магиялық реализм латын америка әдебиетінде ғана емес еуропа әдебиетінен де көрініс табады.

Магиялық реализм уақыт пен кеңістік ұғымына бағынбайды, фольклор мен мифология элементтері, символдар жиі қолданылады. Осы шақта өткен кезеңнің оқиғалары қайталанып, не еске түсіріліп отырады. Шығармадағы фантастикалық, магиялық элементтердің логикалық анықтамасы болмайды. Бұны жазушының «Жүз жылдық жалғыздық» романынан байқауға болады.

«Жүз жылдық жалғыздық» романы фольклорлық бастау мен әдеби дәстүрдің синтезі ретінде әлем әдебиетіне танылған алғашқы латынамерикалық роман.

В.Н.Кутейщикова және Л.С.Осповат мақалаларында «Еуропалық романист үшін мифологиялық түсінік тек архайкалық таным болып табылса, латынамерикандық романист үшін мифология типтік жағынан қазіргі танымнан алшақ болғанымен, эстетикалық тең дәрежеде қарастырылған» [1], – деп жазған болатын. Бұл екі таным магиялық реализмде нақты көрініс табады.

Маркестің танымы мен түйсігі мен магиялық реализм жазушыға эпикалық көлемдегі шығарманы жазуына мүмкіндік берді.

Шығарма автобиографиялық материалға негізделген. Автордың балалық шақтағы естеліктері оған түрткі болған. Г.Г.Маркес бұл жайлы: ««Жүз жылдық жалғыздық» бар болғаны менің балалық шақтағы естеліктерімнің поэтикалық көрініс табуы», «Жүз жылдық жалғыздық» - бұл балалық шағымда маған әсер еткен дүниелердің тұтасқан әдеби дәлелі. Романдағы әр кейіпкерде менің жан-дүниемнің бір бөлшегі бар» [2], – дейді. Бұл бөлшектерге бала кезден таныс жалғыздық сезімі, кейбір мінездегі ерекшеліктер, армандар, балалық қиялды

жатқызуға болады. Жазушының шығармашылығына өскен ортасы, алған білімі, тарихи жағдайлар әсер етеді.

Романның стилистикалық құрылымынан ертегі, аңыз, библиялық аңыздар мен антикалық мифологияның синтезін байқаймыз. Жазушы ертедегі аңыз-эпсаналар, ертегілер мен қазіргі заманнан шындығын шебер ұштастырғанда олардың ара-жігін ажырату қиын.

Романның сюжеттік негізінде фольклорлық таным, киелі дәстүрлер, сонымен қатар ежелгі антикалық әдебиеттен бастау алатын трагедия, роман-эпопея элементтері бар. Мұнда ұйқысыздық дерті, ұмытшақтық дерті, мәңгі жасайтын әскербасы, аспанға қалықтап ұшатын әйел сынды магиялық тылсымға ие дүниелер кездеседі. Алайда қаншалықты магиялық, тылсым болса да тегінде шынайы өмірден бөлініп, алшақтап кете алмайды. Бұл Маркестің әдебиеттегі жаңа бағыты магиялық реализм.

Ғалым Д.Мулланға сүйенетін болсақ, магиялық реализм өз бастауын әріден алады. Ал магиялық реализмнің еуропалық эквивалентіне Ф.Кафканы жатқызады [4]. Ал латынамерикалық эквиваленті Маркес екені даусыз.

Магиялық реализмнің атрибуттық ерекшелігіне шығарманы баяндау барысында фольклорлық элементтердің болуы, қиял мен күнделікті өмір шындығының тығыз байланысын жатқызамыз.

Бұл құбылыс тек Латын Америкасы әдебиетінде ғана орын алмаған, басқа да елдердің әдебиетінен де кездестіруге болады. Бірақ, латынамерикасы әдебиетіндегі магиялық реализмнің ерекшелігі ретінде оның күнделікті өмір шындығымен бірге өрілген магиялық тылсым халық танымында таңданыс тудырмайдығын атауға болады.

«Жаңа латынамерикандық роман» жанрың үлгісі ретінде танылған Г.Г.Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романы мифологиялық танымға сүйенеді. Романның негізгі формуласы «магиялық реализм» болып табылады. Яғни, романның өн бойынан фольклорлық, мифологиялық, діни мотивтер бар.

Ұлттық дәстүрге гротеск, ертегілер мен аңыздарғы тән логикаға бағынбайтын оқиғалар, мен қасиеттерді де жатқызуға болады: Аурелиано екіншінің қисапсыз байлығы (купюралармен бүкіл үйді толтыруы), полковник Аурелиано ұрпағы (17 баласы болған), Хосе Аркадио Буэндиадың салмағының ауырлауы (оны төсегіне жатқызу үшін біраз адамның күші керек болған), полковник Аурелианоның соғысқа жаны жақын болуы (бір өзі 32 соғыстың себепшісі болған), Ремедиостың ғажайып сұлулығы (оның аспанға қалықтап ұшып кетуі). Эпитеттердің асыра сілтеп қолданылуы негізін эпикалық дәстүрден алады. «Жүз жылдық жалғыздық» романының құрамына көптеген әңгімелер кіреді. Автор өзінің кейіпкерлері мен олардың қарым-қатынасы арасындағы лабиринт пен не боларын болжап болмайтын магиялық территорияда адасып кететіндей көрінеді. Бастапқыда олардың тағдыры, кейіпкерлері көп әрі шашыраңқы болып көрінгенімен романды оқу барысында жүйелілік пен тәртіпті, әрі олардың барлығын бір тізбекке, уақыт пен кеңістікке ретімен тізген автордың шеберлігі көрінеді.

Маркес испандық әдеби дәстүр мен латынамерикалық фольклор арасындағы тепе-теңдікті ұстай білген. Ұстап қана қоймай сонымен қатар оған шынайы өмірдің элементтерін енгізген. Романда қолданылған мотивтердің көпшілігі әдеби тексттерден бастау алады. Олардың біріне діни кітаптарды жатқызамыз. Оқиғаның орын алатын басты территориясы Макондо жұмақтың жердегі көрінісі жайлы мифологиялық таныммен байланысты. Сонымен қатар кейіпкерлердің өлімі жайлы айтылған сәуегейлік болжамдар да одан алыстап кетпейді. Алайда Макондо тарихтағы талай ірі қалалардай құрылып, дамып, гүлденіп, шарықтау шегіне жетеді. Және бұл уақыт кеңістігіндегі өз ретімен, реалды уақыт тізбегінде өтеді. Яғни, қала бір күнде құрылып, дамып кетпейді. Аурелиано біріншінің кезінде негізі қаланған қала әулеттің екінші, ұрпақтары кезінде дами бастайды. Қалаға әлемнің шет-шетінен саудагерлер ағылып келіп, қалаға жаңа адамдар қоныстана бастайды. Аурелианоның кейінгі ұрпақтары кезінде азаматтық соғыстар, көтерілістер, революциялар да болады. Кейінгі ұрпақтары кезінде қалаға өндірістік, техникалық өзгерістер мен жаңалықтар болады. Бірақ Аурелианоның соңғы ұрпағы дүниеге келгенде Макондо жер мен жексен болады.

Г.Г.Маркестің түсінігінде, фольклор қоршаған ортаның шындығын бейнелейтін, шындықтың атрибуты ретінде танылады. Жазушының Ф.Кафка шығармашылығымен танысуы сөз өнеріндегі фольклор мен әдебиеттің теңдігі мен бірлігін терең түсінуіне мүмкіндік берді. Маркес жазба әдебиетінің күші барлық көркемдік талаптарды қанағаттандыра алмайтынын түсініп, кейбір талаптарды тек фольклордың бойынан табуға болатынын байқады. Жазушы бұл тарихи-мәдени байланысты түсінуі, өзінің шығармаларында оларды бірін-бірі толықтыратын құрал ретінде пайдалануға әкелді.

Г.Г.Маркестің әдеби көркемдік әлемі бойына тұтасқан бірлікті, Латын Америкасының ұжымдық бейсаналы архетипі мен автордың индивидуалды мифологиясынан тұрады.

М.В.Льюс жазушымен сұхбаттасу барысында автор жұмысында қолданылатын бірнеше факторларды анықтайды. Оларға: жеке тәжірибе, мәдениеттегі тәжірибе, тарихи әлеуметтік факторлар жатады.

Г.Г.Маркестің өзінің жеке шығармашылық әлемін (космосын) құрастырудағы талпынысы «Жүз жылдық жалғыздық» романында анық байқалады. Маркестің авторлық мифологиясы жазушы әлемінің нақты жүйесі мен координатына негізделеді. Маркестің космостық кеңістігінің негізі ретінде Макондо қаласын жатқызуға болады. Макондо қаласының атауы автордың басқа да шығармаларында да бірнеше рет кездеседі. Бірақ, қаланың тұтастай, жан-жақты сипатталуы жоғарыда аталған романда нақты беріледі. Макондо авторлық мифологияның символикасы болып табылады.

Романда халықтың танымы мен түсінігін, мәдениеті мен әдебиетін, тарихын ұштастыру арқылы жазушы қайталанбас туынды жасай білді. Бұл автордың танымының тереңдігін, шеберлігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маркес Г.Г. О литературе, о себе и своем творчестве // Вопросы литературы. – 1980. – № 3. – С. 150-176.
2. Маркес Г.Г. О своем творчестве и о себе // Иностранная литература. – 1971. – № 6. – С. 177-189.
- 3 Маркес Г.Г. Шығармалар жинағы: В 3 томах. – СПб.: Симпозиум, 1997.
4. David Mullan. Magic Realism: a problem // <http://www.themodernword.com/gabo.html>

А.Қ. Саргелтаева,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты
(Қазақстан)*

Ғылыми жетекші – А.Б. Темірболат,

*қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

**ОРАЛХАН БӨКЕЕВТІҢ «ҚАР ҚЫЗЫ» ПОВЕСІНДЕГІ
СИМВОЛИКАЛЫҚ БЕЙНЕЛЕР**

Оралхан Бөкеев өзінің шығармашылық жолын 1970 жылдан бастап қазақ прозасының дамуына өз үлесін қосқан қаламгерлердің бірі. Оралхан Бөкеевтің қай шығармасын алмаңыз, өзі туып өскен жерінің табиғатын паш етіп тұрады. Әрбір шығармада бейнеленген тау, тас, дала, сол даланың аңдары мен құстары, бұғылары бәрі Алтай тауын еске салып тұрады. О.Бөкеевтің Алтай табиғаты мен адам жанын астастыра суреттеген әңгіме, повестерінің бәрінде өмір шындығы адамдардың мінез-құлқы арқылы көрініс табады. Өмірдегі басты оқиғалар философиялық тұрғыдан ой елегінен өткізіледі, қаламгердің сондағы басты міндеті адам психологиясын ашып көрсету.

О.Бөкеев шығармашылығындағы негізгі тақырыптың бірі – адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас. Жазушы өз кейіпкерлерінің ішкі дүниесін табиғатпен тығыз байланыстырып, сол табиғат арқылы адам жанының тұңғық құпияларын ашады. Адам жаны мен ішкі әлемін терең зерттейді. Адам табиғатын философиялық, адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан түйіндей отырып, мәңгілік тақырыптарды қамтиды. Жазушы шығармаларында символикалық образдар көптеп кездеседі. Аңыздық желіге құрылған «Қар қызы» повесінде реалдық, романтикалық, фантастикалық, тұрмыстық және поэтикалық деңгейлерді бір шығарма аясында ұштастыра отырып, адам болмысының мәңгілік мәселелерін шешуге, кейіпкерлерінің ішкі сезімдік күйлерін суреттеуге тырысады. Кейіпкерінің сырын ашу арқылы өз жанының тереңіне сүңгиді. Сол арқылы табиғат болмысының сырын ашып, тылсым құпиясына бойлайды.

О.Бөкеев «Қар қызы» повесін 1977 жылы жазып, орыс тіліне аудару барысында қайта өңдеп, 1984 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» жинағына енгізді. Қаламгер «Қар қызы» повесінде аспан асты, жер үстіндегі асқан қымбатты Алтай тауы арасындағы адамдар өмірінің мәлім, беймәлім тұстарын айтуға асығады. Қар қызы өң мен түс аралығындай жұмбақ бейне. Суреткер «Қар қызы» повесінде өз басынан өткерген жұмбақтау оқиғаны көркемдік тұрғыдан романтикалық бояумен береді. «Қар қызы» повесінде бір жағы қияли дүниелер елес берсе, бір жағынан шындық басым түседі. Повесте мифтендірілген образ, сюжет арқылы адамгершілік, әділет мәселелері қозғалады. Шығармадағы Қар қызы – жазушының романтикалық дүниетанымынан туған дүние болғандықтан сұлулықтың, рухани тазалықтың, жақсылықтың үлгісі іспеттес. Қар қызының шығармадағы басты кейіпкер Нұржанның түсіне қайта-қайта енуі шығармаға фантастикалық сипат береді. Повесте Қар қызы жайлы аңыз қайсы, ақиқаты қайсы деген сұрақ шығарманың басынан аяғына дейін бірге жүреді. Қар қызы Қоңқай шалдың зорлығына шыдай алмай қарға айналып кеткен аңыздық бейне ретінде суреттеледі. Шығармадағы Упрайдың:

– «Қар қызын көрсендер сәлем айтыңдар, үш жыл кенеземізді кептіріп, қаңсытқаны жетер. Бір шалға өкпелеймін деп мұқым елді қырып алмасын» [1, 244 б.], – деген сөзінен аңғарамыз. Шығарма Алтай өңіріне алпыс жылдан бері осындай қар жауғанын көрген емеспіз деген ауыл қарияларының сөзінен басталып, ақ қар, көк мұзда тау арасынан трактормен шөп әкелуге аттанған Нұржан, Бақытжан, Аманжан атты үш жігіт үшін жолдан адасып, аязбен, аштықпен арпалысып, дәрменсіз күй кешіп, өз-өздерімен төбелесіп, адамгершілік жағынан, рухани жағынан сыналып, өз-өздерін танитын, өздерінің шын бет-бейнесін, құпия пердесін ашып, айқындап беретін сапар болады. Кірпіктері зорға қимылдап, өліммен өмір арасында жатқан жігіттерді Қар қызы Нұржанды түртіп оятуы арқылы аман алып қалады. Үш жігіттің бірі Нұржан Айыртауға жүрер алдында түнімен ұйықтай алмай, Қар қызының елесін бе, әлде өзін бе көреді.

«Не заматта барып кірпігі айқасқандай болып еді, есік сықырлап ашылып, үйге әппақ кебіні бар қыз кіргендей.... Тас қараңғы бөлменің іші жап-жарық болып кетті. Босағаға сүйеніп үндемей тұрған қыздың көзі шырақ болып жанады. Неге екені белгісіз, Нұржан қорықпады. Өңі ме, түсі ме ажырата алмай дел-сал жатты» [2, 291 б.]. Содан бері Нұржанның өнбойын сағыныш билеп, өзі білмейтін, түсінбейтін беймәлім күйге түседі. Әлденені сағына күтеді. Нұржан өмір бойы сарыла күткен дүниесін осы даладан тапқандай болады. Осы қу мекиен далада қалғысы келеді. Алыстан шыңшыңдаған бір сыңсу талып жеткендей болады. Бұл жұмбақ үнді тек Нұржан ғана естиді. Қыздың сыңсып салған әні тек Нұржанға ғана естіледі. Өйткені оны кең далаға шақырған Қар қызы еді. Қар қызына деген құмарлық сезімі оянып, түсіне көп енеді, екеуі кездесіп, сырласып жүреді. Табиғат сынағынан аман қалған Нұржан өмір бойы іздегенін тапқандай, сағынғанымен қауышқандай

болады. Рухани қолдауды, қанағатты Қар елінен тауып, қыз тағдырын, өмірін ойлап, таныстықты жалғастырып, қыз тағдырымен ортақтасқысы келеді. Өмір бойы іздегенін енді тапқандай, жаны жай тауып, ерекше әсерде болады. Шынында да Нұржан сұлулықты тек табиғаттан тауып, Қар қызымен қалады. Қаламгер шығармада Нұржанның достарымен қоштасуын былай суреттейді: «Нұржан екі досының суық сорған жүзіне кезек қарап отырып: «достарым, айып етпеңдер, мен сендермен қоштасайын деп отырмын. Бала жастан бірге ойнап, бірге өсіп едік, артық айтылған сөздерім болса кешіріндер. Өмір атты ұзақ сапарды бірге бастасақ та, бірге аяқтау мүмкін емес екен. Мен осы жерде – Қар қызының мекенінде қаламын, мал-жанның күйзелмеуі үшін қаламын. Егер мен осынау кеңістікте қалмасам Қар қызы өкпелейді. Ол өкпелесе, бүкіл халық оның кәріне жолығады... Қайыр!» [4].

Бастарына қиындық туып, айдалада тау арасында адасып, өліммен бетпелбет келген тұста үш жігіттің де ішкі сырлары ашылып, сыналады. Қиынқыстау күндері адамгершіліктен танбай, әр тұстағы әрекеттері, өмір туралы ойлары, өмірге, адамға деген көзқарасынан Нұржанның жаны таза, ой-өрісі кең жан екені танылады. Жауыз Қоңқай да: «Үш жігіттің ішіндегі ең қауіптісі – Нұржан. Қалған екеуі көзінің алдындағыны ғана көретін дарақылау, ойлары таяз», - деп ойлауының өзі Нұржанның ақылды, адамгершілігі зор, сабырлы, салмақты ер мінезді жан екенін аңғартады. Бақытжан болса «күпірлікке толы күндерінен қоштасқандай, адамгершілік, достық деген түсініктердің мәнін түсінгендей болады. Аманжан болса бойындағы «қоңқайлығы» бас көтеріп, осыған дейін байқалмаған қатыгездігі, өзімшілдігі бой көтереді. Қиын сәтте өзінің опасыз жан екенін көрсетіп, екі жолдасына бәкі ала жүгіреді. Қоңқайлар демекші, шығармада Қоңқай реалистік образдан алшақ көрінеді. Қар қызы сияқты Қоңқай бейнесі де символикалық бейне. Қоңқай бейнесіне жазушы аңыздық сипат беріп, Қар қызының шығуын оның қорлығымен байланыстыра отырып, Қоңқайды аңыз емес, реалды образ ретінде береді. Ақ қар, көк мұз, сақылдаған аязда жаурап, шаршаған, қалжырап-қажыған, адасып келе жатқан үш жігіт айдалада бір үйге кезігеді. «Жалмауыз кемпірдей жер бауырлап, қар астында жалғыз көзі жылтыраған» үй жұмбақ, әрі қорқынышты көрінеді. Ол үй - Қоңқай шалдың үйі еді. Үй иесі «үстінде ақ көйлек, ақ дамбал және аяғында лыпа жоқ, тізеден қар кешкен жалаң аяқ» шал. Жазушы Қоңқайдың сырт келбетін суреттегенде романтикалық бейнелеу тәсілін қолданады. Жалт қарағандарында тура желкелерінен төніп тұрған аппақ, еңгезердей аруақ шалды көреді [2, 297] . Қоңқай шал жігіттерге теріс жол көрсетіп, адастырып жібереді. Бұл әрекеті жас жігіттерді айдала, сары шұнақ аязда өлімге айдағанмен бірдей еді. Қоңқай бейнесі – жамандықтың символы. Жазушы Қоңқай арқылы қоғамдағы кереғарлықты, келеңсіздіктерді меңзей отырып, Қоңқай бейнесіне әр қырынан талдау жасайды. «Арам пиғылды қарақшы, сонымен қатар Қоңқай жалғыз емес, Қоңқай дегеніміз – өз қара басының амандығын тілеген әр қазақтың жүрегінде» деп ой түйеді. Қоңқай бейнесі өз

тәуелсіздігін қолдан жасап алған, соны сақтау үшін жанталасқан қазақ бейнесі. Өз қара басының қамын ойлаған Қоңқай үшін қоғам, бірауыздылық, туыстық деген сөздің мәні жоқ. Жазушы: «Қоңқай Қоңқай болғалы өздігінен ешкімді іздемеген, қажетсінбеген, өмірі – қоғамды жатсынуынан туындаған», – деп ойын тұжырымдайды. Сонымен қатар кейбір зерттеушілер қоңқайшылықтың сипатын, басқа қырларын зерттей келе, ақиқат түйінін түйеді.

«Сондықтан сұмырай, сұмпайы Қоңқай бізге бөтен емес, жанымызға біртүрлі жағатын сияқтанатыны несі? Өйткені ол – біздің жанымыздың бір бөлігі, қоңқайлық адам атаулының, әрқайсымыздың бойымызда өмір сүреді. Адам бойында шайтандық бары тәрізді. Жазушы жадтан өтпейтін классикалық бейне жасады. Оралханның Қоңқайы – Бальзактың Гобсен, Гранде әкей, Салтыков-Щедриннің Иудушка Головлев сияқты жағымсыз кейіпкерлерінен еш кем емес [3, 299 б.].

Шығармада бір кездері қар қызын адастырып, қаңғыртып жіберген, Нұржанның адалдығы мен қайсарлығынан қорқып, достарымен өлім сапарына жол сілтеген Қоңқай бейнесінде, оның жалғыздығы мен мінезі, сол сәттегі айналасының шегі көрінбейтін аппақ қар басқан табиғат қатыгездігімен сәйкестендіре беріледі.

Балам, ол бір қорқынышты оқиға деп әңгімесін бастаған шал Нұржанға шешесі ауырып, үлкен жердегі ауруханаға апарып, қайтарында Қоңқайдың мекеніне тап болып, жөн сұраған жас қызға көзі қарайған шал қиянат жасамақ болғанын, арам пиғылы іске аспай, жас қыздың ақ қар көк мұзда жалаң аяқ, жалаңаш қашып шыққанын, содан бері өлі-тірісі белгісіз, жоқ болып кеткенін айта келіп, кейбіреулер қыздың қар қызына айналып кететінін, жазда жер астына түсіп, қыста тау ішін кезіп, ән салып жүреді деген сыбыс барын, анда-санда кемпірі екеуінің де көзіне елес болып көрінетінін баяндайды. Сол себепті өз қызын үйден алыс шығармайтынын айтып, төрдегі бейне Қар қызының бейнесі, оны ойлап тауып жүрген қызы Алмажан екенін айтады. Суретке көзі түскен Нұржан таң-тамаша болып, түсінен шықпайтын қыз осы екенін айтады. Өз кезегінде Алмажан да шындықтың бетін ашып, сол түні ада-сып кеткен Қар қызы өзі екенін, шалдың боранды түнде үсік ұрып, кірпігі ғана қимылдап жатқанда тауып алып, бір жыл бойы ешкімге сездірмей баққанын, содан бері үстіне эппақ көйлек киіп, қырға шығып ән салатынын, Қар қызы туралы аңызды өзі ойлап тауып, атасы екеуі елге жайғанын, күндіз - сауыншы, түнде - Қар қызы бейнесінде жүретінін айтады. Нұржанды өлім аузынан алып қалған өзі емес, иесі екенін, Нұржанға деген сағынышын кең далада, тізеден қар кешіп, тау-тасты кезіп ән салу арқылы басатынын, өзі осында жүрсе де иесі мен елесін жіберетінін баяндайды.

О.Бөкеевтің «Қар қызы» повесінде аңыздық сюжеттер мен образдар бүгінгі өмірмен шебер қиюласады. «Қар қызы» повесінің негізі шындықтан өрбіп, оқиға барысында аңызды үйлестіре араластырып, табиғатпен байланыстырады. Ө.Бөкеев табиғатты ақылды, әділетті, бірақ адаммен қарама-

қайшылықта дамыған деп суреттейді. Адамды тәубеге елтіретін бірден-бір нәрсе табиғат қаталдығы деп түсінеді. Сондықтан табиғат қаталдығы жазушы шығармасындағы барлық оқиға желісінде кездесіп отырады.

О.Бөкеевтің ерекше зерттегені – адам жаны мен оның ішкі әлемі. Нысанасы – адам және адам тағдыры болғандықтан, жазушы «Қар қызы» повесінде кейіпкерлердің ішкі әлеміне, рухани қарым-қатынастарға үлкен мән беріп, символикалық белгілер арқылы өз кейіпкерлерінің ішкі сезімдері мен күйлеріне басты назар аудара отырып, адамзат өміріндегі мәңгілік тақырыптарды қамтиды.

«ДТ-54-тің рычагін енді Аманжан ұстап отырған. Табанымен тормозды басты да, тракторды тоқтатты.

– Ал, Бәке, – деді жанындағы қалғып отырған Бақытжанды шынтағымен түртіп. – Мынау қарғыс атқан жерде қалып қоюға мен де бел байладым. Мүмкін аз жылға. Бәлкім, әзірше өзім де білмеймін.... Тағдырдың жазуы осы шығар. Қоңқай шалдан не жеңілем, не жеңем, не соның жолын қуып кетермін. Үлкен өмірге барғым келмейді. Үлкен өмірге кішкентай адамдар ғана сыя алады... Хош. Ендігі келгенде бұл жер – Аманжан асуы аталады. Трактордан түсіп, әлі тышқан ізі түспеген тап-таза тың қарды омбылап, тау басына қарай тырмыса өрлеп бара жатты», – деп Аманжанның Қоңқай шалдың жап-жас көшірмесі, өмірінің жалғасы екенін сипаттай келе, шығармада әр жігіт өз таңдауларын жасағанда Аманжан тегіне тартып, өмірлік жолы, жылы орны, Қоңқайдың жанында деп тауып, Қоңқай асуында қалуды қалайды. Қаламгер жақсылық пен жамандық арасындағы күрес мәңгілік жалғасады, «Қоңқайлар ұрпағы мәңгі жасайды, Қоңқайлар адамзаттың өздері үшін керек деген ой тастайды.

О.Бөкеевтің «Қар қызы» повесінде аңыздық сюжеттер мен образдар бүгінгі өмір тіршілігімен нанымды қиюласып, қатар дамып, шығарма проблемасын ұтымды бейнелейді. Шығармадағы Қар қызы да, Қоңқай да символикалық бейнелер. Жазушы Қар қызын жақсылықтың, ізгіліктің, тазалықтың бейнесіндей суреттесе, ал Қоңқай шал арқылы қоғамдағы кереғарлықты келеңсіздіктерді меңзейді. Шығармадағы үш жігіт есімі де тегін берілмеген. Қар қызы болып мұнартқан тәуелсіздікке деген асыл мұрат үш жігіттің образы арқылы астарлы түрде жеткізіледі.

О.Бөкеев айтар ойын, жеткізер сөзін астарлы, салыстырмалы түрде жеткізе білетін, өз ісінің шебері. Қай шығармасы болмасын Алтай өлкесінің сұлулығымен қатар, тау-тасының әртүрлі сырға бұғып жатқанынан хабардар етіп, халықтың басына түскен қиындықтар мен жағдаяттарды әсем табиғатпен, табиғаттың қатал мінезімен байланыстыра беріп отырады.

О.Бөкеев – әдебиет әлемінде әлеуметтік-философиялық шығармалар жазып, өз дәуірінің өзекті мәселелерін қозғап, өз туындыларымен өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті жазушы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. – Алматы. – 244 б.
2. Бөкеев О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1994. – Т.1. – 496 б.
3. Кемелбаева А. Оралхан Бөкей: «Қар қызы» // Отукен. – №2 (2). – 221-230 б.
4. <https://alashainasy.kz/proza/> - oralhan-bokey-kar-kyizy-52406/

А. Мұхаметқали,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты
(Қазақстан)

Ғылыми жетекші – Г.Ж. Болатова,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының докторы

**БАҚЫТЖАН МОМЫШҰЛЫ РОМАНДАРЫНЫҢ
КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Сюжеттің әр бөлігін бір бүтінге тұтастырып, оларды шығармадағы оқиғаның даму барысына қарай жүйелі орналастыратын компонент – композиция. Алайда күрделі «композиция» ұғымының ауқымы әлдеқайда кең. Қазіргі таңда әдебиеттануда композицияға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Көп жағдайда композиция сюжет пен оның элементтері туралы түсінікпен ғана шектеледі. «Нағыз кемел туындыда, – дейді Л.Н.Толстой, – бір өлеңді, бір көріністі, бір айшықты сөз тіркесін, бір бөлшекті шығарманың тұтастығына, бүтін бітіміне нұқсан келтірмей, өз орнынан басқа жерге ауыстыра алмайсыз» [1, 131 б.]. Ойшылдың бұл пікірі, ең алдымен, шығарма композициясына, оның тұтастық сипатына қатысты.

«Композиция – көркем шығарманың құрылысы» деген хрестоматиялық анықтаманы да оқушы жатқа білгенімен, оның мәнін терең түсіне бермейді. Кең мағынасында композиция – көркем форманың құрылымы және оның ең бірінші қызметі – бір бүтіннің барлық бөлшектерін біріктіру. Екінші қызметі – шығармадағы образдарды жүйе-жүйесімен орналастыра отырып, белгілі бір көркемдік мағына жүктеу. Композицияны шартты түрде сыртқы және ішкі деп жіктеуге болады. Шығарма композициясын талдау барысында жиі кездесетін кемшілік – студенттер көбінесе оның сыртқы құрылымына: томдарына, бөлімдеріне, тарауларына көп тоқталып жатады. Туындыны тарауларға бөлудің көмекші сипаты ғана бар, ол композициялық құрылымның ішкі қабаттарына бағынады. Алайда *сыртқы композицияның* барлық шығармаларда бола бермейтін: *арнау, эпиграф, пролог, эпилог, афоризмдер, диалог, хаттар т.б.* сияқты белгілерін назардан тыс қалдырмау қажет. [2, 1 б.]

Қоғамда интеллектуалдық ой өріс болу үшін ұрпақ болмысы мінсіз болуы қажет. Елдің тұрмыс тіршілігімен тыныс алып, өмірімен етене байланысып өскен ұрпақ өмірге ширығып өседі. Өмірге ширыққан адам елге жаны ашитын, бойында бар қабілетті, қолы жеткен бар игілігін елге арнайды. Елге жаны ашитын зиялы адам өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінеді. Жеке адамның, әлеуметтің рухани жаңғыруы өмірге, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімделе білуде.

«Сыновья великого волка» романының жаңа көркемдік-эстетикалық биік өредегі ұлттық және адамзаттық өзекті тақырыптарға дендей енуі заңды құбылыс. Себебі, тәуелсіздік кезеңінің орнауымен тарихи санадағы ақтандақ беттерді жазу тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері ерекше қарқынмен дамып, еселей түскені хақ. Бұл романға арқау болған сюжеттік-композициялық желілердегі қақтығыстар, қазіргі прозадағы жаңаша жазылған тарихнамалық-дерекнамалық деректі тұжырымдары негізінде жазылғандығымен ерекшеленеді. «Сыновья великого волка» романы – қазақ халқының болмысы жайлы ой толғаныс, қиын әрі жанкешті бейнеті мен кешегі игілігімен ұштасқан болашаққа деген жарық келешегі, аландатарлық жасампаз сенімі. Қазақтар жаһанданудың кереғарлығын сәйкестендіре отырып, айырмашылықтарды жоятын сұрапыл апатты көндіре ала ма? Ұлттық болмысын сақтай отырып, атабабадан мұра боп қалған ұлттық бейнесін, тілі мен дінін, рухы мен ділін, пейілі мен дәстүрді қатар алып жүре ма? Кешегісі, бүгіні мен ертеңі, мәңгіліктің шекарасы мен өзгеруші құбылыстар өзара тығыз байланыста. Оларды бөлек алып қарастыра алмайсың, жұлып ала алмайсың. Кем-кемдеп ажырау – бұл трагедия. Мәңгілік айналымдағы үш ипостасалардың бірегейлігі бүтін және толық монолиттіге айналған. Мұнда көшпенді-қазақтың, еңбекшіл-қазақтың, субъект-қазақтың тарихына барлық рухыңмен сезініп, еруге жол ашылады. Қазақтың жаны түздей кең және еркін, *«Мыслит он космическими категориями, Он презрением относится к мелочам жизни, к мышинной возне, к муравьиной суете, он щедр, дорожит днем сегодняшним, почитает предков, уважает традиции»* [3, 182 б.].

Бұл тамаша романның он төрт тарауында ұлы дала саңлақтар ұлдарының нақты биографиялық бейнелері сомдалған. Біршама уақыт өткен соң, тіпті маңызды емес болып есептелетін бөлшектердің өзінде барлық сұрапыл, арындаған түпсіз терең тұңғыық, дәл сол сәттегі жасампаз күш, терең сенім мен өзіндік күш байқалады. Бұны тек экономикалық бүлінушілік, физикалық жайпау мен адамның рухани қуаттылығына, өзіндік күші мен махаббатқа, елдімекеніне деген сүйіспеншілігіне деген сенімімен салыстыруға болады.

“Казах вообще верен и привержен родной земле. месту предков. месту, где капнула первая капля крови от пуповины... Казах презирает тех, кто ищет лишь сытое, доходное место, оставляет родную землю” [3, 233 б.].

Бұл талассыз, бірақ қарапайым ақиқатты байырғылыққа толы қазақи мінез сипатының айқын көріністі күллі әлем алдында «ұлы бөрілер ұрпақтары»

көрсетті. Зейнолла Қабдоловтың мейірімділігі, Асқар Сүлейменовтің адуынды данышпандылығы, Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев атамыздың көз шағылыстыратындай жарқыраған келбеті, Мекемтаса Мырзахметовтың сәулелі тұмары – осының барлығы жазушының бізге ұсынған руханияттың нышандары.

Адамды өмірге, қоғамдық ортаға, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімдейтін ұлттық қасиетер мен құндылықтар. Атап айтсақ ұлттық сана, тарихи (тарих туралы) білім, ұлттық тәрбие, имандылық, тектілік және т.б. Бұлар жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді. Бұлардан қол үзген адам рухан жаңғырудың биігіне жете алмайды. Бақытжан Момышұлы жоғары аталған ұлттық болмысты сақтау ерекшеліктерін саралай келе романда ірі тұлғалардан түйген өнегелі, тәлім-тәрбиеге мол қанатты сөздерін мысалға келтіріп отырды. Мәселен:

Время... Его так мало для тела и предостаточно для души.Его часто сравнивают с песком, протекающим сквозь пальцы. А на Западе моей родины много песков. И если начать пересчитывать песчинки, то окажется, что моим братьям с Запада Казахстана принадлежит вечность. И этой Вечностью они делятся с народом. И не об этом ли пытается сказать нам рокующий, как океанский прибой, голос домбры великого Курмангазы? Не об этом ли говорит огненный голос батыра Махамбета, с которым отец одной природы, одной породы и одних корней? Не одной ли крылатой крови? [3, 69 б.].

Бұл жолдан баса назар аударар кететін Құрманғазы домбырасының үні, Махамбет батырымыздың жалынды үні, қаншылдық пен ұлттық болмыстың уақыт шеңберіндегі көрінісі.

Романның ұлттық идея сипаты мәселесі төңірегінде Бауыржанның парыз туралы айтқан ойлары терең тамырлы дәлелдерімен назар аудартады. Батырдың тұлғасын әр қырынан түсінуге мүмкіндік береді деп білемін. Бұл кісінің бойында қазақтың әйгілі үш биінің даналығы бас қосқандай сезіліп тұратын. Өмір тәжірибесінен алған дәрістерінің молдығы ма екен, бұрынғының сұңғыла би-шешендеріндей терең философиялық ойлар толғап кеткенде, соншама энциклопедиялық ұлаңғайыр білімі кім-кімді де баурап әкететін. Оның қандай адамгершілік өмірлік принциптерді идеал тұтқанын: «*Намысты нанға сатпа*», «*Тексізден тезек артық, Арсыздан айуан артық*», «*Именіп жүріп көрген игіліктен қарсыласып жүріп көрген бейнет артық*», «*Өмір үшін өлгенше күрес*», «*Ел үшін аянба-ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба-жігітіңе сын*», «*Өтіріктің балын жұтып тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық*»... [3, 111 б.] деген төлтума даналық пікір-пайымдарынан парықтауға болады. Батыр әсіресе сезім туралы көбірек көкейтесті сыр шерткен. Өйткені ол парыз сезімін жеке бастың, ұлттың, Отанның мақтанышы деп ұғатын-ды. «Мен – дейтін Бауыржан, өмір бойы парыз сезіміне бой алдырып, жалғыз соған ғана бағынып келдім. Халық менен парызымды өтеуді талап етпесе де, мен тек қана өз халқыма берешек екенмін. Мойнымда өтелмеген парызым

баршылық болып шықты. Бұл парызсыз мен өзімді адаммын деп айта алмас едім... Парыздан күшті күш жоқ. Парыздан берік қалқан жоқ. Парыздан нәзік сезім жоқ. Парыздан қасиетті әулие жоқ. Парыздан қорқынышты жаза жоқ. Парыздан жарқын жарық жоқ. Парыздан өткір тіл жоқ.«Парызсыз даңқ тұл. Ондай бишара даңқ атаққұмар даңғойлар үшін тәтті. Ал ар-намыс адамы үшін ол әрқашан ауыр да азапқа толы». Ол өз өмірінің әр сағаты нәтижесін күнде қорытындылып отыруға құштартуғын. Оның осы тұрғыдағы көзқарасы даңышпан Абайдың: «Егер де есті кісілердің қатарында болғын келсе, күнінде бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзіңнен есеп ал. Сол өзіңнен есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге..не дүниеге жарымды күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппсың?»-деген даналығымен үндесіп үйлесіп жататын. Сол елдегі азаттық үшін күрес жылдарында батырдың шығармасы испан тіліне жедел аударылып, солдаттарға таратылған. Жазушы кітабының қасиеті әскери өңірін де, жеңіс ғылымының сыр-сипатын ашып беруінде ғана емес, сондай-ақ ерлік, азаматтық табандылық, отаншылдық рухты тәрбиелеуінде де еді.

Бір танданар жай - Бауыржанның өз шығармалары мен ол жайлы жазылған кітап атаулының бәрі де тез таралып кететін ерекшелігі бар. Бақытжан Момышұлы романдағы «Пламя памяти» тарауындағы естелігінде:

Біз ерекше бір сәуле мен әсем дыбыстар, жарқын күлкі мен жеңіл мұң тоғысып жататын осынау кеіштерді ұнатушы едік. Жан жүрегімізбен ұнататынбыз.

Мен әрдайым сенің күлкіңді аңсаймын. Сенің күлкің сараң да сұсты, мысқыл аралас мейірімді күлкі, бірақ ол ешқашан жылусыз немесе жасанды болған емес. Ал сен өз күлкіңнің сондай керемет әрі жүрекке жылы тиетінін білмейтін де боларсың. Мен өмірден қиындық көріп, көңілім сырдаң тартқан шақтарда әрдайым сенің күлкіңді аңсаймын.

...Жылдар өтті, ал менің түйсінгенім – сенің күлкің тек мені ғана жылы шуағымен баураған екен.

Жұрт сені тек сұсты кейіпте ғана көреді, сондықтан олар ішкі жан-дүниеңді білгісі де келмейтін болар? Бірақ, тау тасындай қатал адамнан мейірім күту де қиын ғой.

Сенің күлкің жайлы білген соң олар өзіңді бұрынғыдан да гөрі іш тартады. Ал сенің күлкің, батырым, жан сарайыңның әлсіздігінен емес, мөлдір мейіріміңнің молдығынан деп білемін. Мейірім бәрінен де күшті. Адам барлық уақытта жек көре алмас, бірақ ол ешқашан да сүйіспеншіліксіз тұра алмайды.

Сен үлкен жүректі адамсың. Сенің жүрегің батылдыққа толы, адам қайғысы мен мұңына әрдайым ортақ. Ержан есімді немерең дүниеге келгенде сенің жүрегің нәзік үміт пен махаббаттан жарылуға шақ қалды.

Раушан гүлінің бір шоғын менің кішкентайыма алып келіп – менің немерем бар, оның есімі әлі белгісіз, бір-ақ адам атын алатыны анық, – деп айғайладың. Қуаныштан сыйлық алуды да ұмытқаныңды айтып күлдің,

бірақ осы сәттерде көйлегіңді де шешіп беруге дайын тұр едің. Иә, мен сенің ұлыңмын, мен ғана емес, карточка жүйесін өзгерткен қырық жетінші жылы менімен бірге нан кезегінде тұрған барлық бауырларым сенің ұлың. Иә, сен менің әкемің, сен қырық бірінші жылы дүниеге келген барлық ұлдың әкесісің, олардың қара көздері мен көкшіл жанарларынан мен әлі күнге ескі жараның сыздағанын сезгендей боламын. [4, 92 б.]. Мұнда автор тек жазушы ғана емес, ұлт тарихы мен ұшқан ұядағы тәрбиеден тамыр алған, халқының бүкіл бет-бейнесін бала кезінен көңіліне тоқып өскен өрелі өнерпаз болғандықтан өзі оқырманға ұсынып отырған кезең шындығын елден естігені бойынша емес, өзі көріп, сезінген, куә болған кейіпкер ретінде біліп, баяндайды.

«Жанымның жарық жұлдызы» жазушының романындағы мына сөздерінде көп мән жатыр: “Өнер, ғылым қаражатпен табылады. Өнер, ғылым қаражат табады. Қаражат жан асырайды, халықтың өнерлі болып жетілуіне де байлық керек, - дейді ол. - Жалаңаш кедейге өнер үйрен деу - өгізбен жарысып бәйге ал деген сияқты. Надан болсақ та, бай болайық десек, ғылымсыз байлық баянсыз болмақ, бұлай болған соң, ғылым мен байлық екеуі де керек ғылым білімге қанады. Ғылымсыз білім сыңаржақ ғылым білімді ұлғайтады, ғылымсыз білім тым құрғақ, білімді орнына жұмсау керек. Білімді орнына жұмсайтын не? Ол - тәрбие” [5, 99 б.]. Сонымен, білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды, жұмсалмауды тәрбиеге байланысты екен. Тәрбиесіз білімді адам сол білімін адамзаттың игілігіне де, сорына да оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды... Міне, осындай-осындай ізгі ойларға жетелейді. да прототиптік образдары сомдалған халық ағартушылары өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына біршама уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұралары елі мен жұртының рухани өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді.

Эстетикалық қажеттілік, автордың пікірінше, қоғамның нақты жағдайы мен форманың сұлулығына деген әлеуметтілік қажеттіліктен туындайды. Дегенмен, бұл идеяның қолданысының тарихи шеңбері тар. Мәселен, ежелгі кездерде эстетикалық құндылықтардың қалыптасу заңдылықтары нақты бір таптың жағдайына байланысты болған емес. Сонымен қатар оны қазіргі заман шынайылығына да қолдануға келмейді, себебі, қазіргі таңдағы таптарға бөліну мен олардың қарсыластығы нақты көрініс тапқан жоқ. Керісінше, аталмыш романда ірі тарихи тұлғалар мен көрнекті өнер адамдарының орны айшықталды.

«Сыновья великого волка» романына қайта оралсақ, мұнда диалог үлгілерінің ең негізгілерін іріктеп алып, өзімізше байыптап, хабарламалық, психологиялық, характертанытқыштық, сюжетдамытушылық функцияларды атқаратын проблемалық диалог, тұрмыстық диалог, полемикалық диалог,

мүдделері ортақ екі адамның ұғынысып, түсінісуіне негізделген диалог – түсінісу, қос кейіпкер көзқарасының үндесуінен туатын диалог – гармония және мүдделері қайшы келетін екі қарсылас кейіпкер арасындағы тартыстан туындайтын диалог – дау, диалог – тартыс, диалог – жекпе-жек деп диалог үлгілерін өз тұрғымыздан шартты түрде осындай түрлерге жіктеп отырмыз. Әрине, бір ескеретін жай – бұл диалогтардың ара-жігі нақты ажыратылмаған шартты түрде жіктелуі.

Тарихи тұлғалар арасындағы диалог қазақ қоғамында ерекше еңбегімен жарқыраған халық ағартушылары мен қоғам қайраткерлеріі өнегелі өмірі мен өз ұлтына жасаған қамқорлығы, жаңа кеңестік кезенді құрудағы азаматтық адалдығы, т.б жөніндегі ой-толғаныстан тұрады. Олардың сыртқы тұлғасын ғана суреттеп қоймай, ішкі дүнеісіне де үніліп, кейіпкер психологиясына тереңдей енеді. Роман кейіпкерлері – күнделікті өмірде жиі кездесетін қарапайым еңбек адамдары. Жазушы олардың қызмет бабы, жұмыс дәрежесінің өсуін емес, рухани өсуін, адамгершілік жайындағы түсінік-талғамын молырақ көрсетеді.

Роман өзара сұхбатқа еске алу әдісіне құрылып, екі кезеңнің оқиғасы алма-кезек ауысып, бір-бірімен іштей рухани байланыста дамытып отырады. Алайда, шығармадағы өмірлік әсерлер, баяндалып отырған тарихи оқиғалар мен оларға деген бүгінгі көзқарас әдепкіде кәсіби кітаби білім, тек автордың өз өресі тұрғысынан талданғандай сынап танытқанымен ондағы ұлттық рухқа құрылған интеллектуалды сұхбат оқушысын жалықтырмай терең ойларға жетелейді.

- Я заметил, что в нашем процессе все большее становится мелкометья, начинает преобладать жестокость по отношению к персонажам, недостаточное освещение интернационализма.

- Интернационализм?! Дружба народов? В дружбе обязательным является равенство. А где ты увидел у нас равенство?

- Но я говорил по убеждению...

- До тех пор, пока глаза твои видят во внешнем только хорошее, во внутреннем мире будет скапливаться плохое [6, 62 б.].

Мұнда Асқар Сүлейменов пен автордың арасындағы диалогтарда біз «соқыр» дүниетанымнан арылып, көріп кетпесе де, естеуге жарарлықтай деңгейге жету үмітін байқаймыз. Бақытжан Момышұлы мұнда түрлі әдеби әдістерді қолдана білді.

«Большой человек завернул к маленькому, чтобы первым приветствовать его. Как я могу не плакать перед величием?!» [3, с.142]. деген үзіндіден Қабдоловтың жөн сұрасқаныңа риза болған Баукеңнің жылап жібергенін байқаймыз. Өткір қалам, екпінді стиль, дәл сурет, көпшілікті тез ұйыстырушы бағытта еңбек ететін зерттеуші қағидалары бүгін де мән-мағынасын жойған жоқ. Бұл тұрғыда Зейнолла Қабдолов – өз ісіне адал болған, талай очерктер туындатқан қарымды қаламгер. Бұл тұрғыда әке мен бала арасындағы диа-

логта астарлы ой жатыр. Зейнолла Қабдолов – артында адамзат баласы айтып жүретін талай нақыл сөз, дана пайымдаулар қалдырған дана. Солардың бірі – «Әдебиет – ардың ісі» дегені қолмен қойылғандай философиялық толғаныстың айқын көрінісі емес пе?

- Не суди по внешнему. Если спешат мои ноги, это не значит, что торронтится и моя душа. За долгие годы я научился уравновешенности и внутреннему покою, в которм происходят самые мои главные действия, самые безупречные поступки.

- Место запоминает твой голос, даже ели ты молчишь, ибо безмолвствуешь ты внешне, а внутри ведешь безупречный разговор.

- А чувства?

- Их уловить даже легче, чем голоса, ибо они переполняют сердце, потому, где бы ты не сидел, старайся излучать в мир высокие чувства и думать достойно [3, 44 б.].

Автор бала Бақытжан мен Зейнолла ағамыздың арасындағы диалогте қағазға бір сөз ғана түсті, бірақ ішіндегі бар сезімі сол сөздің көлеңкесіндей болып әлі тұр. Оны бүгін оқып отырған сіз бен біз анық сеземіз. Сөздің тылсымы сөздің әдемілігінде емес. Әсілінде, шын сөз өте қарабайыр болып шығатын болса керек. Ал көп жазушылар шығармасына сол сөзді өмірдегідей етіп көшіре алмай, өзінше көркемдеген болып, мәнін қашырады-ау. Әдеби туындының идеялық-эмоционалдық, сюжеттік-композициялық жүйесіндегі диалогтың орны ғаламат кең. Ол жайлы бұрын да әрекідік сөз болып келген, қазір де жеке бір автордың шығармаларына сүйеніп, ондағы көркемдік құбылыстарына жинақтай талдау беруге қоса, немесе, ғылым алдындағы дербес теориялық проблема ретінде жазыла бастағаны мәлім.

Жазушының «Преломление света» атты орыс тілінде жазылған роман отыз тараудан тұрады. Тараулардың аттары болмаса да әр қайсысының айтар ойы, атқарар көркемдік жүгі, тақырыбы бар. Бұл романның ішінен бір ғана кейіпкер туралы айта кетеміз. Ол 18 жыл түрмеде болған Рахмалы Байжасаров туралы, сынды белгілі қоғам және партия қызметкері жөніндегі естеліктері, екеуара әңгімесі шығармадағы диалог поэтикасын құрайды. Біз диалогты оның қызметі зор драма және проза түрлері негізінде салыстырып қарастырып көрелік. Драмада диалог кейбір монологтардың араласуымен бүкіл баяндаушылық деңгейді тұтас алып жататынын білеміз. Авторлық ремаркалар әрекет ететін жердің жалпы көрінісі мен жағдайын танытып, актер ойынына нұсқау береді, кейіпкерлердің эмоционалдық, психологиялық әуенге дайындалуына кеңес қосады. Бірақ мұның бәрі де сахналық текстен тыс нәрселер. Сондықтан диалог сюжет, конфликт дамыту, характер ашуда айырықша сапаларға ие болуға тиіс. Бұған қоса драма қаһармандарының сұхбаты арқылы мезгілдік және мекендік өлшемдер көкжиегі кеңіп, соның нәтижесінде образдың қалыптасу тарихы анықталады, әрекет-қадамдардың психологиялық дәлелдемелері дайындалады. Кейде авторлық және лирикалық шегіністер бірлесе түсіп, сөз

түрінде шығарманың идеясын ашады да, характерлер сол сәттегі диалогтармен ұштала дамып, жалғасын таба береді. Бүгінгі күн тұрғысынан істер сарапталып, болашақ бейнесі болжанады. Драмадағы диалог адамдар ойы мен сезімінің мәңгі қозғалысы, өмір символы іспетті.

- *Кстати, слышал, что твоя сестра погибла под копытами коня.*

- *Да, так и было.*

- *Хорошая смерть.*

- *Что?*

- *Гибель в движении достойна уважения. Смерть в полете достойна восхищения. А тем более, когда тело человека слито с телом крылатого существа, понимающего, что восторгу нет предела [7, 69 б.].*

Қазіргі философиялық-эстетикалық ойда кеңінен көрініп жүрген постмодернизм бағытының өкілдері баса мән беретін диалог Б.Момышұлы романында зор рөл атқарған. Суреткер Бақытжан Момышұлы адамзат қоғамына сабақ болар кешегі тарих пен бүгінгі кезеңнің мәселелерін интерпретациялады сұрақ-жауап ретіндегі нақты мәліметтерге құрған. Адамзаттың санасын сілкіп, оның ішкі өміріне өзгеріс әкелетін жаңа қоғамдағы психологиялық құбылыстар роман мәтініндегі жаңа мазмұн мен жаңа пішіннің өмірге келуіне себеп болған. [8, с.2]. Әрине кемеңгерлігі, ойшылдығы, даналығы, ең бастысы ақындығы жөнінен тым биікте тұрған Бауыржан мен оның айналасындағы ірі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу, тану, насихаттау, тағылым алу кезек күттірмейтін келелі мәселелердің бірі деуге болады. Осы жағдайлардың бәрін ескере келгенде Бақытжан Момышұлы романдарының күрделі әрі қызықты болуы заңды құбылыс.

Композициялық тәсілдер шығарманың барлық деңгейлерімен байланысып жатады. Көркем шығарма құрылымының алуан түрлі қырлары бар. Оған кейіпкерлер жүйесі мен олардың ара-қатынасы, суреттелетін оқиғалардың орналасуы (сюжет композициясы), заттық-психологиялық болмысты беру, бейнелеу ерекшеліктері (портрет, пейзаж, ішкі көрініс, диалог, монолог), баяндау тәсілдерінің динамикасы, тілдік бірліктердің, оның ішінде өлең формасы элементтерінің сабақтастығы да кіреді. Яғни, композиция туындының тұтастайкөркемдік пішінін түгел қамтып, әр бөлігін ретімен орналастырады [9, 3 б.]. Қаламгер романдарында молынан ұшырасқан бояуы қанық пейзаждар мен сезімге тікелей әсер етуге арналған авторлық толғаулар, немесе шығарманың басқа да бөліктеріндегі кейіпкердің рухани әлемін терең әрі жан-жақты ашу құралы ретінде зерттеле отырып, жазушы романдарындағы диалогтың кейіпкер бейнесін сомдаудағы, характер ашудағы қолданысы айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Толстой Л.Н. Полное собрание сочинений: В 90 томах. Т. 30. – М., 1987.
2. Жанұзақова Қ. Көркем шығармадағы сыртқы композиция компоненттері. – Алматы, 2013.

3. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
4. Момышұлы Б. Сыновья великого волка. Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы, 1999. – 403 б.
5. Қазықанова А.Қ. Әлі күнге Баукеңнің баласы боп жүрмін. Ақпарат-библиографиялық бөлім.
6. Момышұлы Б. Жанымның жарық жұлдызы: Роман /Орыс тілінен ауд. С.Қалиев. – Алматы, 1985. – 376 б.
7. Бақытжан Момышұлы // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық. – Алматы, 2004. – 214 б.
8. Пірәлиева Г. Теңіз дәмі тамшыдан танылады. Жазушы Бақытжан Момышұлы // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 7 қазан.
9. Жанұзақова Қ.Т. Көркем шығарманың композициясын талдау // Bulletin KazNU. Filology series. – Алматы, 2013. – № 4 (144).

A.M. Ospanova,
Master Student of 2 d Course of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan)

USE OF KAZAKH FOLK TRADITIONS IN THE TRILOGY “THE NOMADS” BY I. ESENBERLIN

Kazakh national literature originated from oral traditions of people. Writers borrow themes, motifs, and patterns from folklore because the oral is an important aspect of the conceptual gene fund of the nation that includes centuries of experience and wisdom of people. Folklore realism is an unending source of realism for historical fiction. Merging with folk art strengthens the beauty of a writer’s individual style. The true artist I Esenberlin has not merely reproduced fabulous folklore art pieces, but he has also enriched and developed oral traditions with the aim to reveal truly and fully life of Kazakh people in the XV-IXX centuries and to express their worldviews, ideas and aspirations.

This research is based on works of the famous Kazakh educators Ch. Valikhanov, I. Altynsarin, A. Kunanbayev who made a significant contribution to the general study of Kazakh folk art. In modern Kazakh scientific literature, main issues of national folklore were analyzed by E. Balabekov, B. Amanova, A. Mukhambetova, E. Tursunov, Sh. Alibekov, N. Shahanova. Selected aspects of I. Esenberlin’s trilogy were studied by K. Aralbayev and M. Baltymova.

This study will disclose the role of folk traditions in the trilogy for describing comprehensively the nomads’ way of life, their world view, traditions, and the system of values. Folk art emerged in the ancient era and was instrumental in regulation of social life, as well as perpetuation and transmittance of cultural experience from one generation to another. The historian and writer I. Esenberlin includes a great

many examples of folk traditions related to economic and military activities, family relations, wedding festivities, burial rites, and daily life in his novel. Undoubtedly, oral literature is a source of artistic and national uniqueness of I. Esenberlin's writing style.

The well-known Russian historian N.Z. Oshanov claims that the nomad's personality can be characterized with the term "hunter-nomad-warrior"²⁹. I. Esenberlin uses heroic epos of Genghis Khan era to describe military art of the Kazakhs. The famous "Code of Laws"³⁰ compiled by Timur and then used by Genghis Khan and other successors to the throne regulated military, social and economic life of the ancient society: "Of all the laws established on the Kazakh land by the conquerors, the most terrible and cruel after Genghis Khan was the "Code of Laws on Criminals."³¹

The war played an important role in the socio-political life of tribal people. The nomads benefitted from their itinerant lifestyle and developed their own strategies of warfare: "A terrible horse avalanche was always rushing on the enemy tossing them with arrows. If the enemy was able to withstand their onslaught, they immediately turned docile horses back and disappeared in the haze of the steppe. The enemy, encouraged by success, sometimes could not stand and followed them. And suddenly a hurricane of arrows fell from all the ravines and steppe beams. The horseriders returned and completed the defeat."³²

I. Esenberlin describes the specific way, the nomads used, to cross rivers. Since they were engaged in cattle raising, they used animal skins for this purpose: "Weapons and clothes were put onto a skin and then it was tightened with a string. The result was a large, tightly closed leather bag full of air. Usually this bag was tied to the tail of a horse and warriors floated holding on to it."³³ The detailed description of military tactics of nomads is based on folk Kazakh literature, as well as on scrupulous studies of historical monographs on the theme.

Creativity of famous Kazakh akyns was dedicated to joyful celebrations of batyrs' heroism. Poets participated in military campaigns, inspired warriors to great deeds and sang them praise: "Kaztugan Zhyrau sang blood and raids, seeing the meaning of life in them. He called for new battles, for war for the sake of war in a beautiful strong voice. Only in this way can a person fulfil himself."³⁴

Using written and oral sources, I. Esenberlin describes national hunting traditions, which stemmed from ancient times. Hunting provided a balanced diet for the community, allowed to practice future military operations, and prepared young peo-

29 Oshanov N.Z. The Role of Hunting in the military and political Life of Nomads in Eurasian Steppe // International Journal of Experimental Education, KGTU, 2015. Issue 7, P. 86.

30 Jackson P. "YĀSĀ" // Encyclopædia Iranica, online edition. 2013. URL: <http://www.iranica-online.org/articles/yasa-law-code>. (Accessed: 20.09.2016).

31 Esenberlin I, The Nomads: a novel trilogy // Book 1. The Charmed Sword. 1978. URL: http://www.manybooks.org/auth/6909/book/21822/esenberlin_ilyas/kochevniki_1_zagovorenniy_mech. (Accessed: 26.09.2015).

32 Esenberlin I, The Nomads. Book 1. The Charmed Sword.

33 Esenberlin I. Op. cit.

34 Esenberlin I. Op. cit.

ple for future battles: “When there is no war, where, except hunting, can one show himself? Anyone who plunges a sharp three-sided arrow to the forehead of a running huge boar at the depth of four fingers will do the same with an iron-clad enemy in an open fight. No wonder that they called hunting a fair of courage in the steppe.”³⁵

Sometimes young men entered into a fight with a bear or a wounded boar. In the trilogy I. Esenberlin, retells an old legend about Genghis Khan’s eldest son Dzhuchi, who was attacked and wounded mortally by a kiang.

I. Esenberlin shows burial rites of the Kazakhs which reflected people’s religious ideas about the universe and essence of being, their beliefs in the afterlife, and worship of nature’s forces and ancestors’ ghosts: “The didactic legend is told about Khan Munke’s burial. The Lord was put into the grave together with his most beloved and dedicated slave. He was buried and dug out three times and, if he was still alive, he was freed for good, because he had inherited his master’s sins. Finally, the lord’s body was buried... Nobody should know the burial place. Immediately after the funeral all witnesses were killed and a herd of horses trampled all traces. This is done to protect not from grave robbers, but from warring relatives.”³⁶

The following ancient legend, rehashed in the novel, reflects the nomads’ belief in heavenly existence after death: “Once there was a custom among the Kipchaks according to which a wool doll, similar to the deceased wealthy man, was made on the seventh and fortieth day after his death and put among feasting people. Kipchaks believed that the soul is immortal and is always near his close relatives... On the memory of the funeral stone idols of obatases and balbalas were carved and put up.”³⁷

The novel contains numerous examples of funeral folklore of the Kazakhs: *estirtu* (sad news about someone’s death), *farewell*, *litanies*, *zhubatu*, and *konil aitu* (condolences). In mournful songs of *zhubatu* merits and good deeds of the deceased were listed and frequently overemphasized: “Two lions fell prematurely, the brothers who knew no fear...”³⁸

The song *estirtu* did not inform a listener directly about someone’s death, controversially, it was a listener himself who should figure out the sad news. A legend about Dzhuchi’s death says that no one dared to report to Genghis Khan on his son’s dying. The Khan guessed the distressing news from mournful sounds of the old *Kotan-zhyrau*’s *dombra*:

“The sea was choppy at its sources.

Who will calm the waves down, oh, my Khan?

The aspen was broken in the middle by the storm.

35 Esenberlin I, *The Nomads*. Book 1. *The Charmed Sword*.

36 Esenberlin I. *Op. cit.*

37 Esenberlin I. *Op. cit.*

38 Esenberlin I, *The Nomads: a novel trilogy* // Book 3. *Khan Kene*. 1978. URL: http://www.manybooks.org/auth/6909/book/21824/esenberlin_ilyas/kochevniki_3_han_kene. (Accessed: 26.09.2015).

Who will mend it, oh, my Khan?"³⁹

Wedding traditions, depicted in the novel, provide significant ethnographic and historical knowledge about life of Kazakh people in the past and reflect moral and ethical rules of society. The writer includes a great many folk songs in his work. For instance, a song called "zhar-zhar" was sung by young people before a bride's leaving her parents' house; a "toy bastar" song opened a wedding ceremony in a bride's house; a sad song of "synsu" was sung by a bride when she was saying good-bye to her relatives and friends:

"Girls' dreams melt like a mirage in the steppe.

It seemed to me that the rose blooms

Only for a nightingale in the garden.

My heart hurts about this rose's fate."⁴⁰

I. Esenberlin created artistic images of famous zhyraus, folk story-tellers of the past, in his trilogy. They all took part in contests of poets-improvisers called "aitys": "Throughout the steppe there were rumours about the upcoming competition among singers-storytellers: Kipchak Kaztugan-zhyrau and the Argyn improviser Kotan-zhyrau, Akzhol-biy's father. Kaztugan-zhyrau had the language of fiery red cloth and the teeth which were sharper than a sword, but less tall than a rook. Kotan-zhyrau was over ninety, but his voice sounded much younger. The great Asan Kaigy was invited as a judge... He was worshipped like a saint in the steppe."⁴¹

Songs of the aitys were similar to Kazakh heroic epic. Akyns absorbed all richness of oral folk language: epic motifs, proverbs, sayings, colloquial phrases, words of edification. They preserved and transmitted the ancient wisdom to successors, moreover, they created vivid metaphors and aphorisms which subsequently entered folk language and contributed to the formation of the Kazakh literary language. For instance, the old chronicle epic, included in the trilogy, helped to conserve most important historical events in the memory of future generations:

"During that unfortunate year

The battle with the Dzungars happened...

Syban Raptan, skilled in the art of war,

Was their warlord."⁴²

The novel is replete with didactic sayings of akyns, who provided guidance to people and imbue them with patriotism, camaraderie and sense of justice: "Everyone wants to remain good in the memory of descendants. And people's memory is the chief judge;"⁴³ "An old friend will never be your enemy, for his blood mingled with yours during the oath... And the old enemy will never be a true friend, for his blood is shed by your hand;"⁴⁴ "If the shepherd himself does not believe in the safety

39 Esenberlin I, *The Nomads*. Book 1. *The Charmed Sword*.

40 Esenberlin I, *The Nomads: a novel trilogy // Book 2. Despair*. 1978. URL: http://www.manybooks.org/auth/6909/book/21823/esenberlin_ilyas/kochevniki_2_otchayanie. (Accessed: 26.09.2015).

41 Esenberlin I, *The Nomads*. Book 1. *The Charmed Sword*.

42 Esenberlin I, *The Nomads*. Book 2. *Despair*.

43 Esenberlin I. *Op. cit.*

44 Esenberlin I. *Op. cit.*

of the herd, the wolves will be fed;”⁴⁵ “Will a blood-fed eagle drink anything else? The Khan will not do without violence;”⁴⁶ “The stone has no veins filled with blood, the Khan has no heart.”⁴⁷

I. Esenberlin traces most important characteristics of Kazakh national mentality back to folk traditions and creatively reflects them in his trilogy. The author reveals such a basic national trait of character as hospitality. This quality contributed greatly to the establishment of good relations between clans, helped to prevent or smooth out any possible conflicts: “Entering the yurt, we sat on the right side on silk quilts. Asan Kaiga was seated above the others and even above the Khan himself. Every detail in the steppe hospitality is of great importance, and everyone understood this dumb conversation without words.”⁴⁸ The description underlines respectful treatment of guests in Kazakh society.

I. Esenberlin combines oral sources with artistic imagination and creates vivid pictures of national life in his trilogy: “The feast lasted for a week. On the first day three hundred selected horses raced in the baiga near the lake Shaindy. The first prize was awarded to the famous Tarlankok, the horse of Khan Abulkhair, on which the seven-year-old Khan’s grandson Mohammed Sheibani rode. The excited Khan promised to arrange a special feast on the occasion of the significant victory. Then there was a wrestling competition, and the wrestler Karazhan with his hands, thicker than the legs of an old camel, won.”⁴⁹ The reader has the sense as if he or she witnesses or directly participates in the events. Thus, the author’s imagination as a means of creating unique literary images is one of the main characteristics of the historical fiction.

I. Esenberlin uses a huge amount of folklore materials in his trilogy, which is justified by rich ancient culture of the Kazakh nation. The author shows that national oral traditions are closely linked to nomadic lifestyle and reflect the worldview and all aspects of social, political, economic, and cultural life of the nomads in the past.

References:

1. Esenberlin I. The Nomads: a novel-trilogy // Book 1. The Charmed Sword. – 1978. URL: http://www.many-books.org/auth/6909/book/21822/esenberlin_ilyas/kochevniki_1_zagovorenniy_mech. (Accessed: 26.09.2015).

2. Esenberlin I. The Nomads: a novel-trilogy // Book 2. Despair. – 1978. URL: http://www.many-books.org/auth/6909/book/21823/esenberlin_ilyas/kochevniki_2_otchayanie. (Accessed: 26.09.2015).

3. Esenberlin I, The Nomads: a novel-trilogy // Book 3. Khan Kene. – 1978. URL: http://www.many-books.org/auth/6909/book/21824/esenberlin_ilyas/kochevniki_3_han_kene. (Accessed: 26.09.2015).

45 Esenberlin I. Op. cit.

46 Esenberlin I. Op. cit.

47 Esenberlin I. Op. cit.

48 Esenberlin I, The Nomads. Book 1. The Charmed Sword.

49 Esenberlin I, The Nomads. Book 1. The Charmed Sword.

4. Oshanov N.Z. The Role of Hunting in the military and political Life of Nomads in Eurasian Steppe // International Journal of Experimental Education. KGТУ. – 2015. Issue 7. – P. 86.

5. Jackson P. “YĀSĀ”//Encyclopædia Iranica, online edition. – 2013. URL: <http://www.iranicaonline.org/articles/yasa-law-code>. (Accessed: 20.09.2016).

А.А. Беримжанова,

*магистрант 2-го курса Казахского национального педагогического
университета имени Абая
(Казахстан)*

СПОСОБЫ И ПРИЁМЫ СОЗДАНИЯ КОМИЧЕСКОГО В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Традиционно в литературоведении под комическим понимается эстетическая категория, обозначающая направленный на определённый, конкретный объект – смех.

В этой связи различают такие виды смеха: презрительный, любовный, трогательный, жестокий (едкий и «терзающий»), или саркастический), трагикомический, утонченный, грубый (естественный), больной и т.д.

Большинство исследователей выделяет три формы смеха: юмористический, сатирический и иронический.

Разнообразны и средства выражения комического и смешного на словообразовательном уровне. К ним можно отнести авторские окказионализмы и неологизмы, производные слова, сложные слова, слова-слитки (контаминация). Возникновению комического и смешного эффекта способствуют вариативность контекстуальных смыслов, достаточно разнообразный и пространственный набор приемов – полисемия, омонимия, метонимия, антономазия, идиоматичность, амбивалентность синтаксической конструкции и др. Комический и эксцентрический эффект также достигается благодаря использованию оксюморонов, перифраза, плеоназма или эвфемизмов. Пародия - весьма старинный род комического.

В филологической и эстетической литературе нередко наблюдается отождествление и смешение форм и приемов комического. Существуют две отличные друг от друга формы комического: юмор и сатира. Это традиционные формы, и правомерность их разграничения ни у кого не вызывает сомнений. Основными формами комического Юрий Борисович Боров и Леонид Иванович Тимофеев считают сатиру и юмор. Термин «комическое» принят в эстетической литературе в качестве слова, обозначающего общее и широкое понятие; сатира и юмор, как уже отмечалось, считаются формами комизма. Сатира представляет собой высшую и острую форму комического. Иногда говорят о видах комического – таких, как юмор, сатира, гротеск, ирония, карикатура,

пародия и т.д. Подобное выделение видов комического проистекает от смешения форм и приемов комического. Гротеск, карикатура, пародия входят в технику гиперболы и в совокупности составляют прием деформации явлений, характеров. Вот почему их нельзя считать формами комического. Они в одинаковой степени служат и сатире и юмору.

Исследование средств и приемов комического в широком смысле входит в задачи и литературоведения, и эстетики. Сегодня смех признаётся равноправной стороной литературно-культурного диалога, важным пластом жизни человека и общества.

Рассказывая о комическом, можно дать следующую обобщенную схему создания комического в искусстве, в том числе в художественной литературе: объективный смех (смешное) – средства комического (языковые средства – фонетические, лексические, фразеологические, грамматические средства и неязыковые средства) – приемы комического (эзоповский язык, иносказание, деформация, неожиданность, несоответствие, недоразумение, приемы разоблачения анахронизмами) – формы комического (юмор, сатира) – результат – смех (комизм).

Сущность комического как элемента смеховой культуры на современном этапе рассматривается различными направлениями науки. Психологией, эстетикой, философией, политологией, лингвистикой, литературоведением, историей культуры. основополагающими работами, определяющими исследование смеха на пространстве СНГ, являются труды Михаила Михайловича Бахтина («Эстетика словесного творчества») и Владимира Яковлевича Проппа («Проблема комизма и смеха»). Эти работы заложили теоретическую основу для изучения данной темы.

В зарубежной науке иррационалистическую традицию в теории смеха вслед за Артуром Шопенгауэром продолжали Фридрих Ницше, Освальда Шпенглера; в современных исследованиях – Жан-Люк Нанси, Жиль Делез. Философско-психологический подход к теории смеха во многом обязан своим возникновением работам Зигмунда Фрейда. Наиболее перспективные попытки историко-литературоведческого рассмотрения смеховой культуры предпринимались в появившихся в последние годы монографиях американского филолога и культуролога немецкого теолога Карл-Йозеф Кушеля.

Результаты этих работ позволяют сформировать представление о феномене комического, об основных особенностях комического текстопостроения, о структуре комического текста, о вербальных средствах создания комического эффекта и т.д.

Но объектом нашего внимания в этой работе является смех в произведении «Двенадцать стульев», Ильи Ильфа и Евгения Петрова.

Сегодня речь пойдет об уникальном тандеме, который воспел мечту о белых штанах и Рио-де-Жанейро.

Верите ли Вы в тандемное сочинительство?

Да, конечно, это уже данность. История дает массу примеров: братья Гримм (Вильгельм и Якоб), братья Гонкур (Жюль и Эдмон), братья Вайнеры (Аркадий и Георгий), братья Стругацкие (Аркадий и Борис)...

Вы обратили внимание на такой факт, что это братья! Их связывало родство, в отличие от наших героев. Хотя да, я до сих пор встречаю людей, которые думают, что «Ильф и Петров» – это имя и фамилия. У наших героев была одна общая мать – Одесса! А если серьезно, они в процессе работы так сдружились, что сроднились ближе, чем братья. Когда Ильфа хоронили, Петров сказал: «Отчасти это и мои похороны». Они настолько были близки и составляли одно целое, что доходило до смешного. Например, дочь Ильфа Александру не раз спрашивали, причем совершенно серьезно: «Вы – дочь Ильфа и Петрова?». Она привыкла, что любопытствующие постоянно попадают в эту навязчивую ловушку слов, даже не понимая, что смешного в их вопросе, поэтому она скоро стала гордо отвечать: «Да, я дочь Ильфа и Петрова!». Их самих – Ильфа и Петрова – очень часто спрашивали, мол, как вы пишете вдвоем? Они отшучивались: «Да так и пишем, как братья Гонкур: один бегаёт по редакциям, а другой стережет рукопись, чтоб не украли знакомые».

Предпринятая нами попытка понять «природу смеха» прозаического произведения Ильфа и Петрова позволила выявить некоторые типичные способы создания комического, характерные для их произведений. Одним из основных приемов создания смешного в юмористических рассказах является намеренное нарушение семантической и лексической сочетаемости слов. Еще один прием, способствующий возникновению забавного, связан с нарушением законов логики. Арсенал средств, используемый юмористами для осознанного создания внутренних смысловых противоречий, весьма разнообразен. Они используют прием нарушения смысловой сочетаемости, слова с разной стилистической окраской, соединяет в одной фразе несоединимое. В языке анализируемых произведений преобладают такие стилистические приемы как олицетворение, эффект обманутого ожидания, гротеск, алогизм, несообразность с ситуацией, контраст с характером, пародия, ирония, остроумие и игра парадоксами.

Часто причиной нелепости высказывания служит несоответствие посылки и следствия. Комизм речи придают и многочисленные случаи речевой избыточности, граничащие с пустословием. Для создания нелепой ситуации Ильф и Петров неоднократно прибегает к созданию каламбуров.

Один из ярких и выразительных персонажей в «12 стульев» Эллочка – людоедка. Она символизирует убогую личность, представляющую собой пример мещанства. Приспосабливающаяся к выгодным условиям жизни, Элла не пропадет ни при каких обстоятельствах. Фамилия Щукина дана ей неслучайно. Она говорящая, ведь щука – пресноводный хищник. Суть персонажа Элочки раскрывается с помощью этого изобразительного приема. Недалекая и вульгарная смазливая девица, живущая за чужой счет, знакома представителям любого поколения. Таких дам легко встретить и сегодня: образ не теряет актуаль-

ности. Диалог между Бендером и Эллочкой Щукиной демонстрирует бедность ее внутреннего мира.

Реальное имя персонажа – Елена. Но на волне модификаций и моды на незаурядные имена Елена трансформировалась в Эллу. Равняясь на зарубежных див, девушка сшила себе костюм, призванный подчеркнуть элегантность. Отделкой наряда послужила собачья шкурка, превратившаяся с помощью фантазии героини в шкурку выхухоля.

Кстати, упоминаемые ею мексиканский тушкан и шанхайские барсы являются придуманными животными, которых не существует в природе.

Люди вроде Элочки – трагедия советской эпохи. Для XXI века подобные персонажи – привычное явление, но в 1930-ые годы девушка считалась тунелюдой. По прихоти авторов Эллочка обрела прозвище «людоедка». Его оправдывал лексикон героини. Комментируя используемые персонажем фразы и слова, авторы упоминают о том, что словарь негра из людоедского племени «Мумбо-Юмбо» составляет 300 слов. Эллочка Щукина легко и свободно обходилась тридцатью. Вот слова, фразы и междометия, придирчиво выбранные ею из всего великого, многословного и могучего русского языка:

Хамите.

Хо-хо! (Выражает, в зависимости от обстоятельств, иронию, удивление, восторг, ненависть, радость, презрение и удовлетворенность).

Знаменито.

Мрачный. (По отношению ко всему. Например: «Мрачный Петя пришёл», «Мрачная погода», «Мрачный случай», «Мрачный кот» и т. д.).

Мрак.

Жуть. (Жуткий. Например, при встрече с доброй знакомой: «жуткая встреча»).

Парниша. (По отношению ко всем знакомым мужчинам, независимо от возраста и общественного положения).

Не учите меня жить.

Как ребёнка. («Я его бью, как ребёнка» – при игре в карты. «Я его срезала, как ребёнка» – как видно, в разговоре с ответственным съёмщиком).

Кр-р-расота!

Толстый и красивый. (Употребляется как характеристика неодушевлённых и одушевлённых предметов).

Поедем на извозчике. (Говорится мужу).

Поедем на таксо. (Знакомым мужского пола).

У вас вся спина белая (шутка).

Подумаешь!

Уля. (Ласкательное окончание имен. Например: Мишуля, Зинуля).

Ого! (Ирония, удивление, восторг, ненависть, радость, презрение и удовлетворённость).

Оставшиеся в крайне незначительном количестве слова служили передаточным звеном между Эллочкой и приказчиками универсальных магазинов.

Рассмотренные выше приемы создания комического, разумеется, не исчерпывают всего богатства творческой фантазии Ильфа и Петрова, но смеем надеяться, что они дают верное представление об оригинальности этих авторов плутовского романа, чьи произведения современники справедливо называли «цитатник интеллигенции Советского союза».

У них тонкий юмор, который основан на точном выборе деталей. В них нет ничего грубого, ничего кричащего. Подтекст рассказов, как правило, грустен, трагичны и их концовки: смерть, убийство, взрыв отчаяния, крах всех надежд. Смех «сквозь слезы», но смех очищающий, оптимистичный, исправляющий.

Использованная литература:

1. Аверинцев С.С. Бахтин, смех и христианская культура // М.М.Бахтин как философ. – М., 1992. – 215 с.
2. Пропп В.Я. Проблемы комизма и смеха. – М., 1976. – 220с.
3. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1980. – 210с.
4. Борев Ю.Б. Эстетика. – Ростов-на-Дону, Феникс, 2004. – 704 с.
5. Борев Ю.Б. О комическом. – М., Искусство, 1957. – 232 с.
6. Литературный энциклопедический словарь. – М. 1987. – С. 162.
7. Спиридонова Л. Бессмертие смеха. – М., 2007. – 120 с.
8. Борев Ю. Комическое, или о том, как смех казнит несовершенство мира, очищает и обновляет человека и утверждает радость бытия. – М. Искусство 1970. – 269 с.

М. Абишева,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты
(Қазақстан)*

Ғылыми жетекшісі – Ө. Әбдиманұлы,

*филология және әлем тілдері факультетінің деканы,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Ж. ШАШТАЙҰЛЫ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ЗАМАН КЕЛБЕТІ

Суреткер неғұрлым талантты, қуатты болған сайын оның дүниеге әкелген шығармасы объективтік шындыққа жақындай түседі, себебі ең алдымен оның өзі – сол шындықтың, сол қоғамның, сол мезгілдің туындысы, сондықтан о баста жаратқанның оның бойына суреткердің байқампаз дарынын жомарттықпен сыйға тартқаны рас болса, ол сол дәуірдің, сол қоғамның шындығын, мұңы мен зарын, алдағы үмітін бейнелей алмай тұра алмайды. Заман, уақыт шындығын жан-жақты ашып беруде әдебиет туындысына шендесер ештеңе жоқ, тіпті бұлтартпас логикалық пайымдауларға сүйенетін ретте нағыз талантты көркем

шығармалармен тайталаса алмайды. Өйткені ғылым қоғам шындығының бір қырын ғана байжайлап зерттейді; айталық, социология негізінен қоғамның әлеуметтік өмірін, тарих оның ең алдымен саяси-экономикалық сипатын, ал демография сол әлеуметтік ортада өмір кешкен жұртшылықтың сан жағынан өсіп-өнуінің диалектикасын сөз етеді. Ал әдебиет мұндай шектеулерге көнбейді, ол қоғамды ғылым секілді бір қырынан емес, тұтасынан көреді, белгілі бір уақыт шеңберінде сол қоғам басынан қандай экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, т.б. халдерді кешіреді, міне, осының бәрі көркем әдебиеттің қырағы жанарынан тыс қала алмайды [1, 11 б.].

Халық өмірінде терең із қалдырған үлкен оқиғалар болады. Олардың жаңғырығы көпке дейін үзілмейді, санадан берік орын алады, әдебиетке де көркем шежіре болып түседі. Ж.Шаштайұлы шығармаларындағы оқиға өзегі негізінен өмірде болған.

Қазіргі кезеңдегі қазақ прозасының көркемдік жүйесінде тарихи дәуір шындығын алып отырған орны ерекше көңіл аудартады. Дәуір шындығы тек тарихи шығармалар құрылымында ғана емес, бүгінгі күн тақырыбына жазылған шығармалардың сюжеттік және композициялық желілерінде кең көрініс тауып отыр. Соған орай қазақ әдебиетінің жеткен биігі мен асқан асуын анықтауда, пайымдап бағалауда өткен дәуір шындығын суреттеуге арналған шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін арнайы қарастырудың маңызы жоғары екендігінде сөз жоқ. Халықтың өткен дәуірінің шындығын бүгінгі дәуірдің басты рухани тынысы тұрғысынан суреттеудегі жетістіктер тарихи шығармаға деген рухани сұранысты арттыра түсуде.

Қоғамға «жалпыға ортақ» деген саяси дәстүрдің дәнін сеуіп кеткен кешегі Кеңес империясына сол кезеңде қызмет етпеген қазақ жоқ. Партиялық биліктің ішкі құрылысын автор романдарына тақырып етсе, қарапайым шаруалардың ахуалы мен көзқарасын һәм дүниетанымын повестерінен аңдадым. Әр заманның өз адамының портреті көркем сөзбен суреттелген повестерде өткен уақыттың келбеті жасырынып жатқандай. Мұндай тоқтамға келуіме Ж.Шаштайұлының тұңғыш жинағында жарияланған (1984 жыл) «Қызыл қар» повесі себеп болды.

Шығарманы бастамай жатып, тақырыбына еріксіз үңілесіз. Қардың қызылы болушы ма еді? Тақырыптың астарында бір философияның жатқаны анық. Бәлкім, автордың өзіндік ерекшелігі болар. Әлқисса...

Повестің алғы сөзінде былай деп жазылған: «Ж.Шаштайұлының «Қызыл қар» атты тұңғыш жинағы осы аттас повесімен ашылады. Бұл шығармада бүгінгі таңдағы қой өсіруші жастардың қажыр-қайраты көрсетілген» [2, 2 б.]. Аталған пікірмен толыққанды келісуге болмас. Неге десеңіз, автордың айтпағы қой шаруалығымен ғана байланысты емес. Қаламгер қой бағуды әдеби фон ретінде алып, сол арқылы әке мен бала арасындағы шынайы қарым-қатынасты және оқу-білімге құштар жас кейіпкердің ішкі психологиясын жеткізіп отыр. Қой өсіруші әке мен баланың образы сол қоғамның келбетінен һәм тынысынан

хабар береді. Сансызбай қарт пен ұлы Жайлаудың тынымсыз және қайталама тіршілігі бір қарағанда Кеңес үкіметінің саясатын аңдатса, тереңдеп үнілсеңіз, әке сеніміне селкеу түсіргісі келмейтін ұл және соқыр саясаттың айдауымен қой соңына ілескен қарияның мұңлы шеріне жолығасыз. Сол уақыттағы қоғамның анық бет-бейнесі ата кәсіпке тікелей байланып тұрғанын автор шығармада әдемі суреттейді. Мәселен, Шандоздың Жайлауға айтқан мына бір сөзінде өз заманының табы білініп тұрғандай: «Әй, әкең баққан қойды Қақан (Жайлаудың туған ағасы) бақты. Қақан баққан қойды сен бақтың. Тұқымдарыңа бұдан басқа кәсіп жазбады ма? Айтшы соны».

Повесть оқиғаларының көбісі Сансызбай қарт пен ұлы Жайлау арасында өрбиді. Меніңше, қаламгер негізгі кейіпкерін ашық атамай, оқырман өзі тапсын дегендей сыңай танытып отыр. Пайымдауымша, мұндағы басты кейіпкер – оқуға түсе алмай, отбасылық кәсіптеріне бас қойған Жайлау.

Жайлау – жас образ. Белгілі бір себептермен жоғары білім ала алмай, қой бағуға жастығын сарп етіп жүрген қазақ. Қойшы әкесіне өз арман-қиялдары жайлы бір ауыз сөз айта алмаған ол ата-анаға қарсы шықпаудың астарын ашып тұрғандай. Десек те Жайлаудың ойында мүлдем басқа дүние бардай көрінді. Ешкімге тиегін ағыта алмайтын сыр оны болашаққа жетеледі. Қызығы сол, Жайлау қой соңынан таяқ ұстаған сауатсыз қойшы емес. Көкірегі ояу, көзі ашық азамат. Олай дейтініміз кейіпкердің кітапқұмарлығында. Ол оқыған Тургеневтің «Қарсаңда» романы немесе Джек Лондонның кітаптары сөзімізге айғақ. Әдетте қойшы десек, санамызда малдан басқа ештеңеге қызықпайтын хәм түсінбейтін адамның елестейтіні рас. Бұл түсінікті автор осы повесінде түбегейлі жоққа шығарады. Кеңес одағы тұсында оқуға түсе алмай қайтқан жастардың колхоз шаруашылығы жұмысына атсалысуы қалыпты жағдай еді. Қазіргі тәуелсіз қоғаммен салыстырар болсақ, ауылдағы қой бағып жүрген жас қазақтың қолынан Джек Лондонның кітаптарын көру ғажайыппен тең. Шығармадағы кейіпкер ширек ғасыр бұрынғы қазақ қоғамының бүгінгі күнге қарағанда сауатты, кітапқұмар болғанын айғақтап тұрғандай.

Шығарма басындағы алғашқы суықта, яғни дауыл тұрған күні, автор айтқандай, «1968 жылдың он жетінші декабріндегі» оқиғадан повестің неліктен «Қызыл қар» деп аталғанын түсінгендей болдым. Қыстың бір қытымыр кешінде, қақаған суығында әке мен баланың жауапкершілігіндегі қойлар жазым болғаны үшін солай аталған болар. Оқушылық болжамымның дұрыстығы, я бұрыстығын сөз соңынан білесіздер.

Қаламгер негізгі нысанаға алып отырған кейіпкерінің ішкі ойын тырнақшамен беріп отырады. Бұл авторлық ғадет «Аяз би» романында да кездеседі. Мұны Ж.Шаштайұлының өзіндік стилі хәм ерекшелігі деп түйдім. Десек те тырнақшаға алынған сөздер тегін ойлар емес. Ол автор сөзі, я шығарманың идеясы болуы мүмкін. Мәселен, Құдайбергеннің Жайлаумен бірге аяз қысқан түнде қой қайырып келе жатқандағы ойы: «Боран болса мынау. Біреудің қаршадай баласын қатырып алар ма екем. Әй, иттер, ел аман,

жұрт тынышта айдатпай, ақыр заманның тура аузына әкелгенін қарашы» [2, 22 б.] алақұйын заманның бір қырын көрсеткендей болды. Жергілікті билікті «иттер» деп іркілмей сыбаған автор кейіпкерінің қорқау емес екенін байқатады. Біле білсек, кейіпкердің аузына сөз салып тұрған Ж.Шаштайұлы емес пе?! Өр мінезді автор шығарманың тұтқасын ұстар кейіпкерлеріне де осы ғадетті дарытқан.

Қаламгер бұл тақырыпқа неге қалам тартты екен деген сауал оқырманның ойына алдымен келері хақ. Өзі өмір сүрген заманның тіршілігін суреттеу әр автордың позициясына айналғандай. Біздің жазушымыздың колхоз тұрғындарының өмірін мысалға алуы содан болар. Әсіресе, қойшылардың тынымсыз тіршілігін көркем әдебиетке әкелуіне ұжымдастырылған қоғамның әсері болғаны анық. Және мұны повесте Шандоз: «Осы күні қойшының заманы жүріп тұрған жоқ па, қарағым» деп, атап өтетіні бар. Кез келген жазушының бір шығармасы екіншісіне жалғасып тұрады немесе тақырыптас келеді. Осы бір құбылысты бүгінгі авторымыздың бойынан да аңдадық. Мәселен, Сансызбай қарттың мынау сөзі: «Ендігі жылы болсын, мал атаулының тұқымын тұздай құртпасам ба, қарап тұр! Сонда көрермін!» «Шал мен жылқы» повесінде де қайталанады. Тынымсыз тіршілікке бойы әбден үйренген қария қой соңына не үшін түскенін кейде өзі де аңдамайды. Колхоздың жоспарын орындау былай тұрсын, өзіне өмірлік ермек етіп алғандай. Осы Сансызбай қарт еңбекқор, момын қазақтың бір мысалындай көрінеді маған.

Шығарма мазмұнындағы әсерлі штрихтар сәтті қолданылған. Шөп-жемге ұмтылған қойлардың әке мен баланы таптап өтуі, біріншіден, жоқшылықты білдіріп тұрса, екіншіден, қоғамдағы адамнан гөрі малдың маңызын жоғарылатып тұрғандай. Әрине, ол уақытта билікке халық емес, олардың мал басының саны керек болды. Мал атаулының мемлекет үшін қаншалықты керек екенін аталған повесть бүкпесіз айтып тұрғандай. Мұнда әділетсіздік те жоқ емес. Қойдың амандығы мен көбеюін қалайтын өкімет сол дәрежеде оларға көмек көрсете алмады. «Ештеңені білмеймін. Бастысы, мал басы аман болсын» деген ниеттегі адамдар шығарманың өңін кіргізіп, заман келбетіне бояу қосып тұр. Шығармадан мысал келтірсек, бастықтың Сансызбай қартқа айтқан: «Қойдың шөбін жылқыңа беріп тауыстың. Кулаксың. Сотталасың, білдің бе!» сөзі жазықсыз жапа шегудің айқын көрінісі емей немене?! Бұл жоқшылықтың сипатын көрсетумен қатар мемлекеттің сол кезеңдегі экономикалық ахуалын аңдатса керек. Сансызбай қарттың «Сұмдық-ай, малдың да есі ауады екен! Осылар өзімізді жеп қоймаса де, әуелі!» деген назалы сөздері және «алқымы іскен саулық қатарындағы мәңгірген қойдың жүнін жұлып жеп; қаужандап тұрғандағы» оқырманның әсері сіз ойлағандай бірқалыпты болмауы мүмкін. Оқып отырып, шошыңқырап қалғанымыз рас.

Сөзіміздің басында повесть тақырыбына оқырмандық жорамал жасағанбыз. Шығарманың соңына келіп, болжамымыздың шындыққа кішкене болса да мағыналас келетінін аңғардым. Повесть желісінде «қызыл қар» деген сөз

мүлдем аталмайды. Тек, қызыл су туралы әңгіме қозғалған. «Қызыл су қаптапты. Қопа түсіп кетпесе жарар. Мейлі түссе түссінші, әйтеуір, жер қарайып, күн жылынса, болғаны». Меніңше, бұл айтылған қызыл судың шығарма тақырыбына қатысы жоқ. «Қызыл қар» – қақаған қыстың түніндегі жүре алмай, жатып қалған қойларды қораға арқалап тасыған Жайлаудың ең аяғында бойын көтере алмай қалған сәтімен байланысты болса керек. Мұндағы «қызыл» – қырғын, қойлардың өлімі, Жайлаудың аяққа тұра алмауы болса, «қар» – аяз, бет қаратпас суық. Демек, қыстың тіс тигізбес ызғарлы күніндегі оқиғаны автор «Қызыл қарға» теңеп отыр. Шығарма көктемнің келіп, ауаның жылынған шағындағы оқиғалармен тәмамдалады. Повестің соңғы абзацын оқып отырып, автордың жазушылық шеберлігіне еріксіз таңданасыз. Оқушының шығармадан алған бар әсерін дорбаға буып, түйіп, ақырғы минутында жұбанышты нотамен аяқтай салуы классиканың бір ұшығын көрсеткендей болды. «Дәл осы жол бойына келесі жазда тас төселінді. Одан ерсілі-қарсылы ағып өтіп жатқан адамдар бұл өңірде бір қаһарлы қыс болып өткенін біле бермейді, білгендері, ұмытып кеткен де болар».

Повестің өн бойына үңілсеңіз, адами қасиеттердің түр-түрін және адами күйлерді байқайсыз. Жалғыздық сарыны әр кейіпкерге ортақ. Мәселен, Сансызбай қарттың кемпірі алыс ауылда, ол өзінше жалғыз. Ағасы Қақанның мінезі бір қызық, ол даралықты жақсы көреді. Сондықтан жалғыз. Ал Жайлау бар ойы Шандоздың үйіндегі Жанарды ойлаумен, одан қалса, қаладағы оқуын қиялдаумен, өз ойымен өзі жалғыз.

Ж.Шаштайұлының журналистерге берген бір сұхбатында: «Әдебиетті тағдыр жасайды. Өмірді көрмей тұрып үлкен шығарма тудыру қиын. Әрине, шығармаға қиялмен келуге болады. Ойдан құрастыруға болады. Бірақ, ұл табиғатын ашатын туындыға тағдыр алып келеді. Біз осы мәселені мүлде ұмытып кеттік. Тағдыр арқылы көркемдік қорытынды шығару деген мәселені адамзат ұмытып кетті» дегені бар. Автор түсінігінің «Қызыл қар» повесінде орын алғанын байқағандаймын. Қалай дейсіз бе? Меніңше, повестегі жас Жайлаудың прототипі – Ж.Шаштайұлының өзі. Қазақы әке мінезін, әке мен ұл қатынасын әдемі суреттеген ой тура Сансызбай қарт пен Жайлаудың образдарына сай келеді екен. Қадірі кету, қасиетсіз көріну, көңіл қалдыру, сенімнен кету, жеккөрінішті болу бөлек, ал құнның түсуі – басқа нәрсе.

Кейде кісінің құнын бір ауыз сөзі де түсіреді. Бір қалыс мінезі де түсіреді. Өркіммен бір араластығы да түсіреді. Құнды білмеуі де түсіреді. Басқаша айтқанда, кісілігі девальвацияға ұшырайды.

Бұл – ауыр сезім. Өзің үшін де, өзге үшін де. Мұны сезіне алу бар, сезінбеу бар. Қаламгердің осы күйді басынан өткергендігінен болар, Жайлаудың образы сәтті жасалған. Бірақ, шығармада Сансызбай қарттың ұлына деген реніші байқалмайды. Қайта үлкен ұлы Қақанға қарағанда Жайлауды жақын тартатындай. Бастысы бұл емес, 70 жылдардағы қазақ жастарының болмысы танылды. Жайлаудың сол жылдардағы қоғамның табиғатын ашты десек, әрине, артық емес.

Қалың оқырманның бейкүнә санасында көңілдің жел тимеген кей жапырақтарын қозғап, бір жымитып, бір мұңайтқан кітап авторлары кейде өз жазғандарын өздері түсінбей жатады. Шығармашылық адамына жарасатын қалыпты һәм жұмбақ құбылыс. Мұның шектен тыс таланттың әсері немесе шикі шабыттың көрінісі екені белгісіз. Бір білеріміз: жазушының байқамай, яки мақсатты түрде айтпағанының астарына үңіліп, шығарманың шындығын, я жалғандығын тереңінен тартар сыншының бары ақиқат. Бұл бір төрттік теоремасы секілді: қаламгер мен оның КӨРКЕМ туындысы болмаған жерде сын мен сыншы да бой көрсетпейді. Және «жаны» бар шығарма жазылған тұста сыншының үнсіз қалуы мүмкін емес һәм оған хақы жоқ.

«Жала мен нала» повесі. ...Есейсе де балаң көңілді Райыс. Әкесін бәрінен биік бағалайтын Райыс. Достыққа адал, сертке берік Райыс. Әке мен бала арасындағы сезімге селкеу түсіргісі келмеген бала Райыс. Бұл – аталған повестің негізгі кейіпкері.

Баласының әке ерлігіне деген күмәні сейіліп, шындықтың беті ашылып, әке мен бала арасындағы қылаудың жоғалуы повестің әдеби бағасын көрсетіп тұрғандай. Райыстың әкесі Әбдібай шалға деген сенімі ақталып, жаны тынышталуы. Осының бәрі оқырманға ерек әсер қалдырады.

Осы повестің өн бойына сыншылық көзқараспен тоқталған Рафат Әбдіғұловтың мақаласы бар айтар ойымыздың түйініндей болып отыр: «Негізінде көркем прозаның көлеміне қарай тақырыбы мен көтерген мәселелері де қамтылған кейіпкерлер шоғыры мен уақыт кеңістігі аясында да өзгеріп отыратыны белгілі. Сонда да қатып қалған шарт жоқ, болжаусыз заңдылық бойынша өрбитініне қырағы үңілу үстінде көзіміз жете түседі.

Жұмабай Шаштайұлының «Біздің заманның Аяз биі» романында кеңестік кезеңдегі Қазақстанның облыстық, аудандық аумақтағы өмірін, кеңестік, партиялық орган айналасынан дамытып, бұл ортаны көріп, білген жазушының көзімен суреттеледі. Бұл тақырып тосын ой, реалистік ұстаныммен берілгендігімен бағалы. «Жаңғырық» романы қазақтардың қалаға келуі, қалалық қазақ пен қазақ интеллигенциясының қалыптасуы әлеуметтік һәм психологиялық тұрғыда талданған. Бұл екі шығармада да кейіпкерлердің сюжеттік, фабулалық құрылымдардың, сан алуан тақырып байланыстарының әртүрлілігі арқылы ерекшеленеді.

Жұмабайдың әңгіме, повестерінде бірден көзге түсетін жай ықшам қолтаңба, көбіне туыстық тығыз байланысы бар көркемдік мәселені алып, тақырыпты терең талдауға бейімдігі. Шағын, шағындау жанрда әдеби оқиғаны алып жүру үшін кейіпкер құрамын, оқиғалық элементтерді шақтауға тура келетіні бар. Автордың «Аспанқора», «Шал мен жылқы», «Құралайдың салқыны», «Өмір ертегісі», «Есбай тігі», «Қоңыр», т.б. әңгіме, повестері қазақ классикасына еркін қосылған дәстүрлі эпикалық проза. Шығарма сюжетінен, кейіпкер әрекетінен пайымдайтын суреттеу әдісімен жазылған шығармаларды осы тұрғыдан қарағанда «Жала мен нала» повесі оқшаулау тұр. Онда қамтылған

уақыттың аясы кеңдеу, бірнеше шегіністер бар, әртүрлі деңгейде көркемдік қажеттілікке орай қысқа, штрихты түрде берілген кейіпкерлер тобы мен повесть сюжетінің жылжуына ілесе отырып баяндаушы қайта-қайта оралып, тереңдетіле түсетін образдар бар. Алғашқы топ образ ретінде статикалық тұрғыда алынып, тікелей авторлық баяндауда берілген. Олай болатын себебі көркемдік мақсат осындай деңгейді талап етіп тұр. Екінші топтағы образдар тобында қалыптасқан, анықталған мінез, психологияны өзгеру ағымында емес, қайта оралған сайын жаңа қырларын аша түсу мақсатында көркемдік жұмыс атқарылған. Бұл тұрғыда повестегі – Досаев, Әбдібай образдарын айтуымыз керек. Ал автордың бақылауында ең ұзақ жүрген, өзгерістері, кейіпкерлік, адами эволюциясы мұқият бағаланған, қатал, реалистік талдаудан өткен образ – Райыс образы. Бұл талдаулар шығарманың көркемдік талаптары мен көлемдік мөлшеріне сай берілген.

Жұмабайдың әңгіме, повестерінде көп кездесетін кейіпкерлік жүйе жас пен кәрінің, әке мен баланың қарым-қатынасынан өрбиді. «Жала мен наладағы» он бес пен жиырманың ортасындағы бала мен кәрі әке, «Шал мен жылқыдағы» 20 мен 40-тың маңындағы балалар мен кәрі әке, «Есбай тігіндегі» жиырманың үстіндегі бала мен кәрі әке, т.б. мысалдар. Әрине, кейіпкерлік схема ұқсас болғанмен әрқайсысындағы тақырып, айтар ой, көркемдік шешімі басқа».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асылбекұлы С. Қазіргі қазақ повестеріндегі заман шындығы (1970-1989 жылдар). Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы: Абай атындағы АМУ, 1997.

2. Шаштайұлы Ж. Қызыл қар. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1984.

Д. Максұт,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

1-курс магистранты

(Қазақстан)

Ғылыми жетекші – З.Н. Сейтжанов,

қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры,

филология ғылымдарының докторы

«ДЕМЕЖАН» ЖӘНЕ «ЗУХА БАТЫР» ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТЫ

Қазақ халқының бір бөлігі Шыңжаң өлкесінің солтүстігін мекендейді. Шыңжаң атауы – XVIII ғасырдың 50 жылдары мәнжүрлік Цин әулеті жаулап алған Шығыс Түркістан мен Жоңғария даласына берілген қытай атауы «Жаңа

шеп» немесе «Жаңа шекара» деген мағына береді. Бүгінде Қытай мемлекетінің құрамдас бөлігі. Қазақтар негізінен Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтарына шоғырланған. Соңғы санақтарға қарағанда Шыңжаңда бір млн. екі жүз мың қазақ бауырларымыз өмір сүріп келеді екен [1, 240 б.].

Қытай отаршылдары қазақтарды уысынан шығармау үшін сан түрлі амал-айла қолданып келді. Сондықтан Қытайдағы қазақтар озбырлықтың небір қорлық-зорлықтарын бастарынан өткерді. «Қытай билеушілері қазаққа ауыр алым-салық салу арқылы күшпен ұстаймыз деп сенді. Бірақ қазақ халқы қытайдың мұндай қанау, дінсіздендіріп ассимиляцияға ұшырату, қолындағы құрал-сайманын тартып алып, ел бастайтын ерлер мен халықтың ар-ожданын қорғайтын көсемдерін, рухани дем беруші ақын-жазушыларын абақтыға жабу, олардың көзін біржолата жою, құнарлы жерлерге ішкі қытайдан «тың игерушілерді» қоныстандыру... [2, 81 б.]. – сияқты жан түршігерлік қорлық-зорлығына қарсы күресті.

Отаршылдардың түрлі жолдармен жүргізген қысым-қиянаттарына шыдамаған халық әркез азаттық, еркіндік үшін арпалысқа түсіп, атқа қонып отырды. Олардың ішінен ел бостандығы, жер тұтастығы жолында күрескен ерлер шыға бастады. Демежан, Бөке, Зуха, Оспан, Елісхан, Әкбар, Сейіт, Бүркітбай, Сұлубай, т.б. батырлар тұлпар жаратып, ту көтерді. Елді бастап, озбырлықтан құтылуға ұмтылды. Бірақ басқаның басымдығына шыдамай елінің ертеңін ойлаған батырлар мақсат-мұраттарына жете алмады. Ұлт азаттығы жолында мерт болды.

Халқының қамын ойлаған батырлардың ерлік әрекеттері көп көңілінде қалды, ұрпаққа өнеге болды. Сондықтан халық ішінен шыққан ақын-жыршылар батырлардың ерліктері жайында көптеген өлең-жырлар тудырды. Ұлтының азаттығы үшін күрескен ерлерді дәріптейтін мұндай тарихи жырлар ауызша тарап, халықтың рухани қажетін өтеп келеді. Зерттеу жұмыста ұзақ уақыт ақтаңдақ қатарында қалып, зерттелмей келе жатқан Қытайдағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған тарихи жырлардың пайда болып, қалыптасу жолдарын белгілі кезең шындығымен байланыстыра қарап, сипаттама беруге және маңызын ашуға тырыстық. Қытайдағы қазақтардың азаттық жолындағы көтерілісіне байланысты туған тарихи жырларды жүйелеп, ғылыми айналымға қосу және оларды жан-жақты бүгінгі күн талабы тұрғысынан зерттеу жұмысының көптеп қолға алына бастауы қуанарлық жай.

XIX ғасырдың екінші және XX ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлар халықтың азаттық, бостандық жолындағы күрестерінің фольклордағы көріністері екендігі қазір дәлелдене бастады. Халық үшін қан майданға шығып, қаһармандық-ерлік көрсеткен батырлар жайында туған тарихи жырлардағы ұлт-азаттық идеясы сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайлармен, тарихи факті-деректермен салыстырыла, сабақтастырыла қарастырылуы –көтерілген мәселенің маңыздылығын, ауқымдылығын байқатады. Есімдері ел тарихында мәңгілік жатталатын батырларымыз хақындағы тарихи жырлардың тарихқа

қарым-қатынасы мен поэтикалық ерекшеліктерінің әдебиеттану ғылымы тұрғысынан талдануы ғылым үшін мәні бар мәселе екендігі даусыз.

Қытайдағы қазақтардың рухани мұрасы жалпы қазақ фольклорынан бастау алады, тамырлас деп қаралып, «...кейінгі туған фольклорында өзіне тән ерекшелік бар. Екі елдің арасына шекара сызығы тартылғаннан кейін сол жақтағы жағдайларға байланысты эпикалық жырлар қайта өңделіп жырланды, жаңа эпикалық жырлар да туа бастады. Атап айтқанда «Манас», «Сабалақ», «Бердіқожа батыр», «Қабанбай батыр», «Жәнібек батыр», «Арқалық батыр», «Әлібек-Бор батыр», «Әтікей-Нұржекей», «Зуха», т.б. батырлық, «Ахмет-Кәшім», «Садық-Салиқа» сияқты лиро-эпостық жырлар болған Шыңжаң қазақтарының осы тұстан (шекара бөлінгеннен кейін) бастау алған тарихи жырларын шартты түрде бірі – сыртқы жауға (жоңғар), екіншісі – ішкі жауға (гоміндан) қарсы күрес негізінде туған жырлар деп екі топқа бөлініп қарастырылды» [3, 328 б.].

Қытайдағы қазақ әдебиетінде тарихи жыр мен шындықтың арақатынасы Демежан, Зуха, Жақыпберді, Елісқан сынды батырлардың өмірін өзек еткен «Демежан батыр», «Зуха батыр», «Жақыпберді батыр», «Үркін-қорқын» жырларының тарихи шындыққа жанасымдылығы тұрғысында қарастырылды. Аталған жырлардың бәрі де ұлт азаттығын көксеп, елі үшін басын бәйгеге тіккен асыл ерлер жайында. Бұл жырлардың қай-қайсысын алсақ та, жыр кейіпкерлері тарихи өмір кешкен ерлігімен дараланған қарапайым жандар. Мысалы, «Демежан батыр» жырындағы Демежан – керей, найманның үш мың үйлі жанын билеген, айналасындағыларға өте сыйлы болған жан, әрі мәнжүрқытай отаршылдарының озбырлығына, ел ішіндегі жемқор, мәнсапқұмар басшылардың кері әрекеттеріне қарсы күрескен өз дәуірінің саяси қайраткері болған. Әке-шешеден ерте айрылып, нағашы жұртында тәлім-тәрбие алған. Жастайынан өжет, қайсар болып өсіп, ел ісіне ерте араласады. Отаршыл үстем тап өкілдері шонжарларының талап еткен ауыр алым-салығына, озбырлығына қарсы күреседі. Осы тұста қазақ пен мәнжүр, сібе, солаң, дағұр шонжарлары арасында бір-бірімен қырғи қабақ жиі болып тұратын. Мал үшін, жер үшін дау-дамайдың өрбіп тұрған дәуірі еді. Мұның үстіне мәнжүр билеушілерінің қазақ пен қазақтың арасына іріткі салып, бірін-біріне айдап салу тәсілін қолданып отырғанын қазақтар өзара білмей, түсінбей қырқысып жатқан заман болатын. Демежан осы екі қыспақтың екеуін де көрген, әсіресе, мәнжүр билеушілерінің әділетсіз айла-сұмдығына қарсы күрескен халық қаһарманы, ел ардағы. Ел қорғаны бола білген асыл ер әділетсіз басшылардың тарапынан дарға тартылып өлтірілген. Зерттеуші Зейнолла Сәнік: «Архивте Демежан 1861 жылы дүниеге келіп, 1908 жылы шаһит болғандығы мәлім. Бұл деректі Тарбағатайда өткен үлкен ағартушы Сұлтан Қанапин өзінің «Демежан үкірдай хақында естелік» деген қолжазбасында да анық жазып кеткен. Қолжазба Шәуешектің бұрынғы «ортақ тіл» деп аталатын аралас тілінде жазылған, онда былай делінеді: Демежан 1908 жылы 47 жасында өлтірілді. Сүйегін консул

көшесінде тұратын Жақыпжан ақсақалдың қорасына (өзбек) әкеліп, денесінен қан шығып кеткендіктен имам-моллалары «шаһит» деп бағалап, жаназасын шығарып, қанды киіммен қойды» [4, 192-193 бб.], – деп көрсеткен дерегіне сүйенеді. Ал зерттеуші Мәкен Баймоллаұлы: «Демежан 1907 жылы қазанның 9-ы күні өлтірілді» – деп жазады. Қалай болғанда да:

«Ойласам өз күнімді бүйтер ме едім,
Қайғысыз рахатта өтер едім.
Жамандық ардан безіп ойлағанмен
Дүниеден өлмей тірі кетер ме едім.
Жұртым-ау, ел сасқанша жан қияйын,
Өлместей із қалдырып, сөз болайын.
Берсем егер жеріңді сұрағанда
Берсем егер малыңды тілегенге
Абырой бұдан артық табар едім.
Мәтендер қияр жанын мен дегенде.
Қорғадым қорқаулардан байлығыңды,
Ел үшін өлсем шейіт боламын деп
Жүргіздім қайтпай қарсы билігімді.
Сақтаймын өле-өлгенше ерлігімді» [5], – деп өткен.

Демежанның артында қалған ұрпағы әке ерлігін мадақ тұтып, зерттеушілерге құнды мәліметтер беріп келеді.

Демежанның тарихи өмір кешкен ел азаттығы үшін өмірін қиған асыл ер екенін батырдың тұстасы, жақын жүрген досы Әсет Найманбаев пен Әріпжан Жанұзақұлы ақындардың жоқтауларынан көруге болады. Әсет ақын:

«Ассалаумағалейкум, беу Қарағаш,
Саяна шұбырған ед тамам алаш...
...Жәйіліп төрт тарапқа даңқы кеткен
Кешегі ер Демежан иең қайда?
...Қарадан хан боп туған қайран Декем,
Бір саған қас қылғанды құдай атар.
Жарасқан ақ ордаға қайран Боздақ,
Көшірді-ау құдайдан соң солаң қозғап.
Ханым мен ханыша болған қатын-балаң
Қолында әлде кімнің кетті-ау боздап...» [4, 111 б.]. – деп жоқтаса, Әріпжан Жанұзақұлы жанына жара салған қайғылы қазаға өкінеді.

Демежанды халықтың қалаулы азаматы ретінде жоқтайды:

«Сабазым, артық туған кемеңгерім,
Солаңның тұмсыққа ұрған жеменгерін.
Көре алмай төрт үкірдай болды күндес
Мәртебең дутыңменен теңелгенін.
Ханзудың ерте біліп тіл мен заңын,
Халықтың жоқтап едің мұң мен зарын.

Түбінде маған сенен бір зауал деп
Түбіңе жетті ақыры Мәтен залым.
Жазықсыз дарға асып төкті ғой қан,
Қайысты қабырғасы естіген жан.
Ат байлап ағашыңның саясына
Жоқтаған күңіреніп мен Әріпжан» [4]. – деп ақын өз
күйінішін білдіреді.

«Зуха батыр» жырының бас кейіпкері Зуха қажы да нақтылы өмірде болған адам. Тарихи деректерге сүйенсек, ХХ ғасырдың 20 жылдарының аяқ шеніне келгенде Алтай өңірінің қоғамдық жағдайы тіпті де асқына түсті. 1928 жылы жазда Алтайдың қосымша қорғаныс елшісі болып Ви Жыңго дейтін біреу келді. Ол келе сала Алтай халқына қанды шеңгелін салды. Халықты қан қақсатты. Әскери күшпен озбырлық жүргізіп, алым-салықты шектен тыс ауырлатып, елді ерекше қатты күйзелтті. Ви Жыңгоның бұл зұлымдығына шыдамай қарсы күрескендердің бірі – Зуха Сәбитұлы болды. Зуха Сәбитұлы 1866 жылы шығыстағы Қалба тауының етегінде дүниеге келген. Абақ керейдің Ителі руынан шыққан ол – аталарының жолын қуып, діни дәріс алған. Атасы Нұрмұхаммед бүкіл орта жүзге таныс абыз атанған. Өз әкесі Сәбит те абақ керейдің ішінде мешіт-медресе салып, бала оқытқан, «Дамолла» деген атақ алған діни оқымысты адам болған. Солтүстік Шыңжаңның ұлан-ғайыр елінде 40 жылға жуық имамдық жолында ұстаздық еткен. Төрт ұлы – Зуха, Білжай, Дәкен, Шәкірат әкеден жастай қалып, көзі ашық, көкірегі ояу шешесі татар қызы Бәтиманың тәрбиесінде өседі. Зуха 1903 жылы Меккеге қажылыққа барып, сонда біраз жүріп, 1906 жылы 40 жасында қажылықтан оралады. Қажылықтан кейін 23 жыл өмір сүріп, 1929 жылы басы алынып шейіт болған.

Енді Зуха батырдың жырдағы бейнесін жыршылар:

«...Ішінен бұл керейдің бір ер шықты,
Дұшпанын ерегескен жерге жастап.
...Келгенде жиырма жасқа атқа мініп,
Ішінен өз елінің шыққан екен» [6]. – деп хабарлайды.

Жырда Зуха тек батыр ретінде ғана емес, әр қырынан көрініс береді. Мәселен, ел ішінде беделді адам екендігін:

«Алтай, Боғда, Үрімжі, Жайыр, Сауыр,
Тұрушы ед ортасында бір асқар бел, – деп сипаттайды.

Оның халық қамын ойлаған, әділетсіздікке қарсы шығып, бай-шонжарлармен, билік басындағылармен үзеңгі қағыстыруларын:

Пақырлар күліп қайтар, жылап барып.

Шаһит қой Зуха батыр жүзі жарық.

Қорлығы өткен халықтың қас жауынан

Еліне берем деуші еді теңдік алып» [6]. – деп суреттейді.

Жырда болған оқиға бұрмаланбаған. Қайта жыр мен дерек бірін-бірі толықтырып отырады. Жырда Зуха қажының басын денесінен бөліп алып кеткендігі турасында мынадай жолдар бар:

«Қауіпсіз жатқан шағында
Шеріктің қамап алғаны.
Басын кесіп қажының
Қу қоржынға салғаны» [6].

«Зуханың басын денесінен бөліп алып, қоржынға сала қашқан Ма да-рын тізгін ұшымен Сарысүмбеге жетеді. ...Уи дауиң Сарысүмбенің Қыран өзеніне салынған үлкен көпірдің кіре берісіне Зуханың басын іліп қойып, «кім бағынбаса осыны көреді» деп үгіт жүргізеді» [6]. Міне, тарихи жыр мен шындықтың арасы алшақ емес екендігі осы жырда да көрініс берген.

«Демежан батыр» жыры және оның нұсқалары туралы» деген Ұ. Аязбаеваның мақаласында Демежан батыр жайындағы жырлардың бес нұсқасын түгел бір-бірімен (Қ. Орынбасарұлы, Т. Құсайынұлы, А. Татанайұлы, Ә. Қоңқаұлы, Ә. Әмірұлының нұсқалары) салыстырылып, текстологиялық талдау жасауы үлкен еңбек болып табылады.

Жырдың барлық нұсқаларында оқиға желісінің баяндалуы әрқалай болғанымен, ішкі мазмұны ұқсас. Әр нұсқада оқиғаларды баяндауда өзіндік айырмашылықтары кездесіп отырады, 1-оқиғаның баяндалуында /толық, толық емес/, 2-оқиғаның орын тәртібінде, 3-тіл көркемдігінде. Жырдың композициялық сюжетінде кездесетін оқиғалар жырдың көп нұсқасында кездеседі. Мысалы жырдағы мына эпизодтар нұсқалардың бәрінде де ұшырасады.

1. Демежанды таныстыру;
2. Мәтеннің Шәуешекке амбы болып келуі;
3. Мәтен мен Ысқақтың жақтас болып, елді азғыруы;
4. Мәтеннің алым-салығы, Демежанның қарсы келуі;
5. Демежанның Ішбетіден Алтайға кетпек болуы;
6. Демежанның Мәтенге келуі, қолға алынуы;
7. Демежанның елге хаты, абақтыдан қашуы;
8. Батырдың қайта ұсталуы;
9. Мәтеннің Демежанды дарға асу үкімі, консулдың араша түсуі;
10. Демежан өлімі;
11. Батырды жоқтау, оған деген халық құрметі;
12. Жыр соңы.

Осы нұсқалардың бәрінде кейіпкерді таныстыратын шағын кіріспе бар. Ақын-жыршылар батырлардың елі мен жері жайында қысқаша мәлімет береді. Әр жыршы білгенін-естігенін өзінше баяндағандықтан кіріспенің көлемі де әртүрлі болып келеді. Сондай-ақ бейнелеу құралдарын пайдалану шеберлігі, ұйқасы, көлемі, баяндау стилі жағынан да нұсқалардың айтарлықтай айырмашылықтары бар. Дегенмен Мәтеннің Шәуешекке амбы болып келуінде, Мәтеннің алым-салығында, Демежанның елге хатында, Бітіридің жоқтауында жол ұқсастықтары жиі кездесіп жатады. Ал, шумақ ұқсастықтары сирек кездеседі. Сонымен қатар біз сөз етіп отырған бес нұсқаны бес түрлі вариант деуге келмейді. Жырлардың вариантталуы турасында ғалым З. Сейітжановтың:

«Жыршылар – белгілі бір оқиға жайында бір ғана емес, бірнеше өлең-жырды білуі мүмкін; жыршы оларды қатарынан жырлаған кезде, бір батырға немесе сол оқиға болған бір жерге байланысты бірнеше өлең-жырдың тобы пайда болады» [7] деген пікірін негізге алып, жырдағы оқиғалардың бір-біріне өте жақын екенін анықтап, оларды бірнеше версия, екі нұсқа деп қараймыз.

Тарихи жырлардың композициясы, сюжеттік желісі классикалық жырларға ұқсамайды. Басқаша айтқанда, мұнда негізгі оқиғаға мән беріледі. Батырлық жырлар сюжетінің бөлшектері ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған тарихи жырларда өзгеріске ұшырайды. Басқаша айтқанда батырлық жырларда кездесетін (перзентсіз ата-ана, олардың хал жағдайы, кейіпкердің керемет болып туылуы, баланың өте күшті батыр болып ерекше өсуі, батырдың әйел іздеп шығуы, ғашығын (қалыңдығын) іздеп табуы) ғұмырнамалық эпизодтар тарихи жырда айтылмайды, батырлардың жас кезі, мекен жайынан қысқаша мәлімет беретін шағын кіріспе болады. Негізінен ел азаттығы жолындағы іс-әрекеттері айтылады. Ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған жырларда ұлан-асыр той да жоқ. Керісінше, басты кейіпкерлер мерт болады. Оқиға қайғылы аяқталады. Оқиға қалай болса, сюжеттік желі де солай болады. Қалыптасып тұрақтанған сюжет жоқ. Оқиға өмірдің өзінен туындайды. Батырлар образын ашуда көркемдік бейнелеу құралдарының қызметі зор. Өйткені, «батыр образы – халықтың ең асыл арман-мұратының көркем жинақталуы». Ал, тарихи жырларда батырын асыра мақтау жоқ. Сондай-ақ, тарихи жырлардың мазмұндары өмірде нақты болған оқиғаларға не тура, не жанамалай болса да, байланысып жатады. Сондықтан тарихи жырларда суреттелген оқиғалардың қай дәуірде, қай кездерде болғандығына, тарихи құжаттар мен шежіре айғақтарына сүйеніп, анықтауға болады. Демек, тарихи жырларды белгілі бір оқиғалар жөніндегі халықтың айтқан сөзі, пікірі деп айтуымызға негіз бар. Сол себепті, тарихи жырды – тарихи оқиғалардың дәлме-дәл көрінісі деуге келмейді, әйтсе де, қаһармандық эпостарға қарағанда оқиғалар тарихи шындықтың айналасында өрбиді. Сондықтан тарихи жырларда аз мөлшерде болса да ұлғайтудың болатынын жоққа шығаруға болмайды. Өйткені тарихи жыр классикалық эпостың поэтикасын пайдаланады. Мысалы, біз нысанаға алған жырларда («Демежан батыр», «Зуха батыр») гипербола кездеседі, бірақ батырлық жырмен салыстырмалы түрде алғанда жоқтың қасы деуге болады. Демежандай ерін эпикалық батыр дәрежесіне көтергісі келген. Жыршы Ө.Әукіш Демежанды дарға асып өлтіруінде:

«Тартқанда жеті қайта шықты жаны
Тәнінің әр жерінен ақты қаны» [4, 231 б.].

Немесе:

«Мәтеннің Демежанға салған салығы:

Бай дейді жұрттан асқан ер Демежан

Төрт жүз ат, бес пұт алтын берсін» [5, 104 б.]. – дейді.

Әрине, Демежанның ауқатты екені де рас, Мәтеннің Демежанға салған салығы да тарихи шындық, бірақ, төрт жүз ат, бес пұт алтын сұратуы мүмкін

емес. Жыршы Мәтәнің ерекше жемқорлығын көрсетпек болған оймен тым асырмалап жіберген. Олай дейтініміз, бір пұт алтын он алты келеге тең болғанда, бес пұт алтын сексен келеге тең болады. Әрине, мұнда жыршы батырдың мықтылығын дәлелдеу мақсатында дарға жеті рет тартқызса, Мәтәнің елден асқан жемқорлығын төрт жүз ат, бес пұт алтын сұратуымен әсірелеп ұлғайта көрсеткен. Біз Демежан салықты төлей алмағаннан емес, салыққа қарсы келгендіктен абақтыға алынғанын ескерсек жетіп жатыр.

Мұндай гиперболалық тәсіл Зуға, Жақыпберді, Елісқандардың іс-әрекеттерінде аздап ұшырасады. Мысалы, «Жақыпберді батырдың» С.Далдабаев нұсқасында:

«Көздің жасын көл қылып қатын-бала

Ешкімнен рахым келіп қарамаған.

Осы жырдың екінші нұсқасында:

«Жер жарған Будутыңның құр атағы,

Қанымен төрт дауалды сылатады» – деген сыпатты әсірелеулер кездеседі. Бұл мақсатсыз қолданылған тәсіл емес, мұндай әсірелеулер адамның көңілі-күйі мен шығарманың әсерлілігін арттыруға септігін тигізеді.

Халықтың ауыр күйі ауыз әдебиетінің қай жанрын болса да айналып өтпеген. «Халық поэзиясында ежелден ауыр жағдайды, апатты, қайғыны, қазаны «айдын көл су алды», «қас бәйтерек құлады», «жаңған шырақ өшті» деген сияқты тұспалдап айтып келген» [8, 38 б.]. – дейді ғалым З.Ахметов. Классикалық жырларда кездесетін мұндай көріністер біз нысанаға алған жырларда да кездеседі. Мысалы, Демежанды жоқтаған әйелінің жоқтауында:

«Сарғайып зағпырандай қайғы жедім

Гүлім солып, заманым қуырылды ғой,

Есілім, тірі болсаң бүйтер ме едім.

Немесе:

Күнім батып, заманым қуырылып,

Қайтейін арт жағыңның тайды бағы.

Немесе:

Қорғанымыз құлады,

Бәйтерегім сұлады» [4, 235 б.], – деп келетін жолдар көп.

Жыршылар мұнда елдің мұңын айтқанда ұлғайту формасын пайдаланған. Мұндай ұлғайту тәсілін пайдалану арқылы шығарманың көркемдік және идеялық мазмұнын ашып қана қоймай, халық басына түскен нәубетті әсірелей түскен. Белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туған екі түрлі шығарма болса да, үндестік байқалады.

Жыр қаһармандары қарапайым болғандықтан олардың әйелдері де елден асқан сұлу немесе пері қызы да емес. Сонымен қатар бұл батырларда орасан динамикалық қимылдар жоқ. Өйткені, олардың жаулары да алып күштің адамы емес, қатардағы адамдардан алшақ кетпейді. Яғни, тарихи жырлардың

бас кейіпкерлері «типтік» образдағы сипатқа енбеген. Демежан Қобыланды сияқты қырық мың қызылбаспен жалғыз айқасқа келмейді. Қобыланды:

«... Жалғыз өзі батырдың,

Жойып кетіп барады.

Қойға тиген қасқырдай

Сойып кетіп барады.

Үш мың атты бір сайға,

Төрт мың атты бір сайға

Аламын деп қайтарда

Қойып кетіп барады.

Ал, Демежан бір Мәтеннің алдына барғанда:

Боларын бір сұмдықтың біліп алды,

Қасына он бес жігіт ертіп алды.

Демек, Демежан алдына келген қырық мың жасақты жайпап салатын Қобыланды емес, ол кәдімгі қарапайым жанша күдіктенеді, қорқады. Дұшпанына жалғыз бармайды, тіпті барған күнде де:

Келген соң Мәтен амбы ашуланды,

Сары таяқ жерде жатқан қолына алды.

Мәтен Демежанды шоқпармен немесе айбалтамен емес, кәдімгі сары таяқпен ұрып абақтыға жабады. Зуха да бар ауылы болып Мадарын бастап келген 150 әскерге соққы бере алмайды. Ауылдағы «алпыс адамның» бәрі қарулы шеріктердің қолынан қаза табады. Ал, Жақыпберді болса,

Қауіпсіз еш нәрседен отырғанда,

Ат қойды қырық шерік андағайлап.

Амал не, көпке қылар қайрат қайсы

Арқанмен түсе-түсе алды байлап – дейді.

Демек, тарихи жырлардың қаһармандары дұшпанына жалғыз қарсы келе алмайды. Қырық мың әскерді былай қойғанда, қырық әскерге де төтеп бере алмайды.

Сонымен, көріп отырғанымыздай, тұтастанудың барлық сатыларынан батырлық эпостар толық өткен, ал, тарихи жырлар әлі де болса өте қоймаған деген қорытындыға келуге болады. Себебі, батырлар жырында «батырлар қандай кездейсоқтық болса да жеңімпаз ретінде көрінеді» [9, 125-165 бб.].

Қорыта келгенде, біз бірінші, тарихи жырлар мен батырлық жырларды салыстыра отырып, сюжеттік, композициялық айырмашылықтарын анықтадық. Батырлық жырлардың кейбірі (Қырымның қырық батыры т.б.) тұтастанудың барлық сатысынан өткен, тарихи жырлармен салыстырғанда оқиғасы мен құрылысы ертегіге жақын. Тарихи жырлардың жанрлық ерекшеліктеріне, кейіпкерлеріне қысқаша сипаттама беріліп, тұтастанудың сатыларынан әлі толық өте қоймауының себептері ашылды. Этнографиялық құндылықтардың тарихи жырларда да көп көрініс беретіні байқалады. Ұлттық наным-сенімдер мен дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігі өмірлік

шындық деңгейінде көрініс тапқан. Жыр оқиғасы тарихи шындықпен орайлас бейнеленген. Жырлардағы көркемдік бейнелеу құралдарында дәстүр сабақтастығы байқалады, ақын-жыршылар ертеден келе жатқан эпикалық жырлардың бейнелеу құралдарын пайдаланған. Батырлық жырларда қолданылатын ұлғайтулар біз сөз еткен жырларда кездеспейді десе де болады, дегенмен аз ұшырасады. Өйткені мұнда кейіпкерлер қиял-ғажайып түрде дүниеге келмеген қарапайым адамдар болып табылады. Бұл жырларда қиялдың орнын тарихи шындық басқанын әрі қаһармандар да, оның жаулары да алып күш иесі емес. Кейіпкерлердің қарапайым қатардағы адамдардан алшақ кетпейтінін, көркемдеуіш құралдардың ішінде ұлғайту-әсірелеудің мөлшері аз болатынын аңғардық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. – 312 б.
2. Мұқаметқанұлы Н. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы: Санат, 1996. – 281 б.
3. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1972. – 12 т.
4. Сәнік З. Тұғырыл хан. Демежан батыр. – Алматы: Қазақпарат – 2005. – 282 б.
5. Аязбаева Ұ. «Демежан батыр» тарихи жыры туралы // Ахмет Яссауи университетінің хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – Түркістан, 2003. – № 3. – 70-74 б.
6. Зуха батыр жайындағы жыр // Қазақстанның қазіргі таңдағы білім беру жүйесі мен ғылымы және оны реформалау жолдары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Талдықорған, 3-4 қазан, 2003. – 170-174 б.
7. Сейітжанұлы З. Тарихи эпос. Шыңжаң қазақтары фольклоры. – Алматы: Ғылым, 1994. – 112 б.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 21 б.
9. Қасқабасов С. Тұтастану – фольклор поэтикасының заңдылығы // Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым. 2001, 8-63 бб.

Б.Н. Қалдыбай,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
1-курс магистранты
(Қазақстан)

Ғылыми жетекші – З.Н. Сейтжанов,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

ДӘУІР ТУҒЫЗҒАН ТАРИХИ ШЫҒАРМА

Қазақ әдебиетінің қалыптасуы, дамуы тарихының барлық кезеңдеріндегі туындыларда халықтың басынан өткен өмір шындығын таныту жүзеге асырылып келеді. Қазақ халқының жеке мемлекет болып қалыптасуы жолында болып өткен қоғамдық-әлеуметтік оқиғалардың және олардағы көрнекті тұлғалардың өмірлік шындық деректерін көркем шындықпен бүгінгі оқырман ұрпақтың жан әлеміне танытуда тарихи тақырыптағы эпикалық шығармалардың маңыздылығы анық. Әсіресе, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі жарияланып, дербес егемен мемлекет болып өмір сүре бастаған ұлтымыздың өзін-өзі тануы жаңа көзқарастармен байи түсті.

Қазіргі қазақ прозасындағы көркем шығармаларда халық тарихының аса елеулі кезеңдері, тұлғалары уақыт шындығының мол деректерін негізге алып жазылуда. Көп ғасырлар бойы басқыншылық-шапқыншылық соғыстарға, отарлау езгісіне, әдейі ұйымдастырылған ашаршылықтарға, босқыншылықтарға, саяси қуғын-сүргіндерге және т.б. озбырлықтарға ұшыраса да осы күнге дейін негізгі халықтық-ұлттық ділін сақтаған қазақ ұрпақтарының әдебиет шығармаларында көркем шындықпен бейнеленуі – аса зәру мәселе екендігі айқын сезіледі. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» (1996) кітабындағы пікірінің қазіргі қазақ романдарындағы тарихи шындық мәселелерін жүзеге асыруға тиянақты бағдар болатыны да күмәнсіз: «Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай білетін төзімділігіне қайран қаламын. Мәңгіліктің қатыгез басқыны біржолата шайып әкететіндей талай қилы кезең тұсында қиналса да, аман қалыпты. Қазақтар талай жерде тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге құштарлық, азатыққа құштарлық қайтадан жығылған еңсені көтеріп, тәуекелге бел буғызды» – деп Елбасымыз өз пікірін айтқан [1].

Жаңа заман үшін күрес күндерін, халықтың басынан өткен сан алуан оқиғаны, таптар арасындағы қақтығыстарды бейнелейтін шығармалар қазірде әдебиетімізде мол. Солардың бірі қазіргі қазақ прозасының ішіндегі өзінің сюжеттік желісі мен композициялық құрылысы жағынан ерекше назар аударатын көлемді көркем шығарма – Хамза Есенжановтың үш кітаптан тұратын «Ақ Жайық» трилогиясы. Еділ мен Жайық бойы сулы да нулы қолайлы қоныс

болумен бірге ел қамын ойлаған еңіреген ерлер туғызған батырлардың ежелгі мекені. Оның бойында бір кез хан қорлығына шыдап, өз елін шабуға қимаған Ер Тарғын өмір сүрсе, одан берігірек патшаға қарсы қарулы қол жинап, Ресейдің қара шаруасы мен қалың бұқарасына күрес жолын көрсеткен Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісінің болған жері. Қара қазақ баласын хан ұлына теңгермек болған Сырым Датұлы мен Исатай Таймановтар көтеріліске шыққан жер. Күні кеше ғана адам баласының ғасырлар бойғы аңсап күткен арманы – бостандық үшін ер Чапайдың қынаптан қылыш суырған жері. Осындай табиғаты бай, тарихы шежіреге мол, құнарлы өлке шебер жазушымыз Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясына бай материал берген.

Көрнекті жазушы Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы тұтастай бір кезеңнің арқауын көтеріп тұрған шығарма. Жазушының ұзақ жылдар бойғы еңбегі кезінде әдеби ортада лайықты бағасын алды. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов трилогияға «Еуропа үлгісінде жазылған тұңғыш шығарма» деген баға берді.

Қарымды қаламгерді жазушы ретінде танытқан «Ақ Жайық» трилогиясының жазылу тарихы тар жол тайғақ кешулермен байланысты. Естеліктерге көз жүгіртсек, туындының көптеген тараулары түрмеде туған. 1948 жылы Томскіден оралған шағында қайраткер жазушы өзімен бірге келген көпшілігін сары майдай сақтағаны да аян.

Хамза Есенжанов алмағайып тағдырдың тәлкегіне түсіп, көп жыл әдебиет ортасынан қол үзіп қалды. Қасірет кезеңін артқа тастап, басына еркіндік тиіп, қалам құдіретіне ғана бағынған жазушы көкейінде көп жылдар бойы шермен болып қатқан сырларын ақ қағаз бетіне көсіле төккен.

Бұл романның алғашқы кітабы жазушы Алматыға келгеннен кейін, араға екі-ақ жыл салып дүниеге келсе, 1960 жылы екіншісі, 1965 жылы үшінші кітабы жарық көріп үлкен трилогияға, әрі Хамза Есенжановтың бас кітабына айналады. Әрине, романдар тез шығып, жылдам тарағанымен, олардың қилы-қилы тарихы бар. Беттерінде жазушы тағдыры, ұйқысыз түндер, мазасыз ой, азапты күндер тұрады. Бұл ой еріксіз «роман қалай жазылды?» деген сұрақ тудырады. Осы сұрақ төңірегінде жауап берген қазақтың көрнекті жазушысы Х.Есенжановтың 1980 жылы жарық көрген «Ақ Жайықтың тарихы» деген мақаласын негізге ала отырмыз. Бұл мақаласында: «Біз романның тегі-жайын тексеретін тап-таза теориялық жағына соқпастан, ең алдымен жоғарыда аталған мақаланы арқау ете отырып роман қалай жазылды дегенге тоқталмақпыз.

Мұның өзі де әрі кеңірек, әрі тереңірек сөз етуді тілейді. Неге десеніз, ол жазу процесіне адамның ішкі психологиялық әлеуметтік болмысына тікелей қатысты.

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз, –

дегендегі Абайдың «көңіл көзін» ұйқыдан аштырып жіберетін күшке тіреледі. Бұл күштің не екеніне жауап бермей тұрып, «көркем шығарма қалай жазылады?» дегенді баяндау мүмкін емес» – деп жазып, мақаласын іштей «Жыр мен аңызға құмартудың басы», «Төбірену», «Өмірдің өзі шығарма» деген тақырыптарға бөлген.

Жазушы жазудың арғы төркінін өмірдің сәні де, мәні де болған өлең, жыр, аңыздан бастайды. Өйткені ол біздің елде ертеден білім көзі деген ойды мақұлдап, «Жыр мен аңызға құмартудың басы» деген мақаласында: «Қандай бала болса да жас шақта үлкендердің аңыз-әңгімелерін тыңдамағаны кемде-кем шығар. Сол аңыз тыңдап, жыр жаттап өскен баланың бірі өзіміз. Әрине, жыр мен аңызға құмарлық себептен себепсіз тұмақ емес. Ол құлақ құрышы қанғанша тыңдайтын ән мен жыр бар жерде ғана туатын рухани ынтықтық. Бұл өскен ортада көрумен, тыңдаумен, үйренумен, еліктеумен келіп, жатсаң-тұрсаң ойында жүріп, көз алдында елестеп, «мен де жыршы болсам, бәрін білсем, ол үшін оқысам, дүние тілін мол ұқсам» деген талпыныстан басталады» [2].

Х.Есенжановтың шығармашылығын шыңдауына талпыныс берген жыр мен әннің, өлеңнің үлгісін көрсеткен өзі әнші, өзі өлеңші Нұржан деген азамат. Ол «Қырымның қырық батырын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларын жатқа айтып беретін талайды тамсандырған абзал жан. Бұл жырлармен қатар көпті көрген қариялардан еститін тарихи аңыз-әңгімелердің ішінде «Ел ауа», яғни 1868 жылғы «Дала Низамына» байланысты аңыз Х.Есенжанов ойында әбден бекіп, кейін «Ақ Жайықтың» үшінші кітабына материал болып, өлім жазасын күтіп отырған ақ генералдар қасындағы Бақытжанның ойы арқылы түгел болмаса да суреттеледі.

Балғын балалық шағында естіп, бойға сіңген көркем сөз құдіретінің ерекше әсер еткені Х.Есенжановты жазушы болуға жөн сілтеген. Мұнан соң тарихи-революция тақырыбына келуіне себеп болған романтикаға бөлеген жас қиялды әлдеқайда алып ұшқан өң мен түстей шытырман суреттерді көз алдына тізбектей берген о бастан қызыл солдат. Жазушының алғашқы өлеңдерінің бірі де осы туралы болатын.

«1919 жылдың күзі. Бірінші рет біздің ауылдың тұсынан, Аңқаты өзенінің арға бетімен, ат құйрығын шарт түйген, шошақ тұмақты, сұр шинельді бір шоғыр солдат өтті. Мұны ел «Бәлшебай келіп қалды!» десті. Бірақ бұлар Қызыл Армияның барлаушылары болса керек. Мұны жұрт әр саққа жүгіртіп, біреуі мақұлдап, біреуі үркіп әңгімелеуі мүмкін. Ал, көбіне-көп қару ұстап батыр болуға әуес балалар: «Бәлшебай боламыз» деп кескекті мылтық етіп асынып, таяқты ат қып мініп, тымағымызды қодырайта киіп, өзенге қарай шапқылайтын болдық.

Ойынымыз шынға айналды: сол қыста нағыз қызыл солдаттардың өздері де келіп жетті. Қызыл әскердің бір бөлігін Аңқаты өзенінің Шалқар көлге құйған жері Сағада мешіті мен медреселері, дүкені мен моншасы бар мекенді

жерге жатты. Бұл жерді балық аулау кәсібімен күн көрген қалың балықшылар да мекендейтін. Біздің үй үш шақырымдай жоғары өзен бойында еді. Кезік ауруынан қарт пен кемпір дүние салып, басқалар бері қараған кез. Төсектен басын көтерген Ғалымжан ағаймен ертелі-кеш қызыл әскерлер мен олардың командирлері келіп сөйлесетін болды. Кейіннен Ғалымжан ағай ЧОН-ның қызметкері болды. Аласапыран кезде Советке жаулық жасаған бандыларға қарсы күресіп, бұл ағай апталап-айлап ұзап кететін болды. Азамат соғысының сөніп-тұтанып тұрған шақтарында Ғалымжан аға талай-талай арпалыстарда да болды. Небір шытырман оқиғалар жайында, дұшпанның қулық-сұмдық әдістері жөнінде, астан-кестен заманның романтикаға толы бейнесін бізге ертегі етіп айтатын да, біз оны аузымызды ашып тыңдайтын едік».

Жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене отырып, шығарма жазуға түрткі болған себеп сол замандағы қызық әңгімелер, балғын балалық шақтағы толғандырған оқыс жайлары, өзгеше тартыстардың бөлшектері. Оның дәлелі біз атап өткен, 1930 жылы жарық көрген «Өлеңтінің жағасында» атты әңгімесі.

«Жаз күні еді. Әр жерде бүліншілік, талану, Жайық жағасын қаптаған банды. Жымпиты уезінің тұс-тұсынан берекетін алып жатты», -деп басталатын әңгімеде бандыларды елден алыстатпақ боп арпалысқан Қалит және Мүти есімді екі партия қызметкерінің ерліктері арқау болады. Бандының мылтық атуынан ауыл тауды мекен етіп, барлаушыларды тұтқындап, не шабуылдаған жау қолы, оған қарсы ұмтылған. Қалит сияқты қайсар жастар суреттелген әңгіменің жеткізері ел тыныштығының бұзылуы, азамат соғысы жылдарындағы халық тағдыры. Бірақ әңгіме «Сол күні бесінде губерниядан шыққан 12 көк арба келіп те үлгерді. Қаланың күн шығыс жағына шығарып алып, оқтан боран соққандай қылды. Күн батқанша күлін көкке ұшырып, жалғызын құтқармай жазасын берді. Бандыдан бүлінген дүниені қайта құруға кірісті. Ертеңіне бірін-бірін алмаздың әлегінен, азып тозған 4 әскердің қалғаны да келіп көппен бірге өлген адамды жиып, Өлеңтінің жағасына туысқандық мола орнатып, 7 коммунистің басына белгі тікті», – деген жеңісті, көңіл қуантар жайды жеткізумен аяқталады [3]. Жазушы Хамза Есенжановтың азамат соғысының ақтық айқасы тақырыбына жазған бұл шағын әңгіме «Ақ Жайық» оқиғасына қарай жүрексіне басқан бірінші қадамы болды.

Көрнекті жазушы өзінің шығармашылық жолындағы ізденістерін қарапайым халық өкілдерін суреттеуден бастаған. Алғашында өлең жазып, кейіннен әңгіме, роман, трилогия жазуындағы қозғаушы күш халық мұңы мен мұқтажы екенін аңғару қиын емес. Осындай өз заманында ғана емес, қазіргі күнде де өз оқырманын жоғалтпаған туындылардың өміршеңдігінің бір құпиясы – жазушы шеберлігі мен халықты бейнелеуі болса керек.

Көркем әдебиетте белгілі бір заманның нақтылы-тарихи мазмұнының шынайылықпен суреттелуі, сондай-ақ оның қайталанбайтын сипаты мен колоритін бейнелеу тарихшылдық жолын ұстануды қажет етеді. Мұндай да жазушы тарихшылдық талаптарына кезігеді және оларды жүзеге асыру мақсатын

әдейі алға қояды. Әйтсе де тарихшылдық неғұрлым астарлы, тіпті арнайылап қолданылмаған күйінің өзінде-ақ нағыз көркем шығарманың аса бір қажетті бөлінбес бөлігі сияқтанып тұрады. Өйткені тарихшылдылық дегеніміз – ең алдымен жалпыхалықтық оқиғалар мен жеке адамдар тағдырлары арқылы көрінетін қоғамдық дамудың басты тенденцияларын дөп баса білу.

Әдебиеттану ғылымында тарихи дәуір шындығын суреттеуге арналған шығармалардың жанрлық табиғаты түрліше түсіндіріліп келеді. Ғалым Н.Н.Воробьева қазақ әдебиетінде тарихи прозаның қалыптасуын мемуарлық шығармалармен байланыстырады. «Қазақ әдебиетінде тарихи прозаның қалыптасуы ол халық өмірінің шындығы жазушының жеке тәжірибесі арқылы сарапталатын, ал сюжеті осы тәжірибе мазмұнымен анықталатын өмірбаяндық шығармалармен байланысты» [7] – деп жазады.

«Ақ Жайық» трилогиясында шындық пен шеберлік домбыраның қос шегіндей қатар сөйлейді, күмбірлеп күй төгеді, сыбырлап сыр шертеді. Романдағы оқиғалардан жазушының өз кескін-кейпі де ажарланып жата-тынын да айтқымыз келеді. Адамгершілікті, адалдықты, бауырмалдықты, жанашырлықты, шыншылдықты ту етіп көтерген кейіпкерлерді тудырған қалам иесі өзі де осы қасиеттерден тұратын іспетті. Осы қасиеттер жазушының кескін-келбетін көркейтетіні шындық.

Шынайы өмірден көрініс беретін жазушының көркем туындысы «Ақ Жайық» трилогиясы қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиғалардың нақты деректеріне сүйене отырып, шындықпен жазылған.

Трилогияның маңызы – халқымыздың тарихына аса қиын, шытырманды кезеңдердің тарихи шежіресінің жасалуы. Жазушының әдеби шеберлікпен тарихқа бойлай отырып, оның сыртқы, ішкі дүниелерін шындықпен жазып көрсеткен.

Қазіргі кезеңдегі қазақ прозасының көркемдік жүйесінде тарихи дәуір шындығының алып отырған орны ерекше. Тарихи дәуір шындығы тек тарихи шығармалар құрылымында ғана емес, бүгінгі күн тақырыбына жазылған туындылардың сюжеттік және композициялық желілерінде кең көрініс тауып отыр. Соған орай қазақ әдебиетінің жеткен биігі мен асқан асуын анықтауда, пайымдап бағалауда тарихи дәуір шындығын суреттеуге арналған шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін арнайы қарастырудың маңызы жоғары.

Хамза Есенжановтың шығармаларының тарихилығы туралы осы бағдарда пікір түйіндеу орынды. Жазушының шығармаларында бір адамның өмірі арнасында тоғысып жатқан бірнеше қоғамдық саты шындығы суреттеледі. Шығармашылық жолында кеңестік әдебиетті өркендету арқылы төл әдебиетімізге ғасыр тудырған ұлы шығарманы жарыққа шығарды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.

2. Есенжанов Х. Публицистикалық мақалалар. – Алматы: Мереке, 2014. – 342 б.
3. Есенжанов Х. Көп томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Мереке, 2014. – 20 б.
4. Есенжанов Х. Ақ Жайық. 1-ші кітап: Төңкеріс үстінде. – Алматы, 2013. – 10 б.
5. Есенжанов Х. Ақ Жайық.– Алматы:Жазушы.-2-ші кітап: Шыңдалу. – 1988. – 52 б.
6. Есенжанов Х. Ақ Жайық. 3-ші кітап: Тар кезең. – Алматы, 2013. – 15 б.
7. Қирабаев С. Революция және әдебиет. I том. —Алматы: Жазушы, 1977. – 185 б.

Н. Ғазизов,

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің
2-курс студенті
(Қазақстан)*

«КҮЛТЕГІН ҚҰЛПЫТАСЫ» ЖЫРЫНДАҒЫ КҮЛТЕГІН ОБРАЗЫ

Күлтегін (kültigin) Соңғы түрік қағандығының» құрушысы Құтлық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге қағанның (Могүлиянның) туған інісі, Шешесі- Елбілгехатун. Ол – бар өмірін соңғы түрік қағандығының елдігіне, егемендігіне арнаған жаужүрек батыр, айбынды әскери қолбасы, кемеңгер ер, дара тұлға. Ол 685 жылы Орхон өзені бойындағы Өтүкен тауында дүниеге келіп, 731 жылы 47 жасында қайтыс болған.

Күлтегін жәйлі деректер «Соңғы түрік қағандығы» тұсында тұрғызылған «Күлтегін құлпытасы», «Білге қаған құлпытасы» қатарлы құлпытастар мен ежелгі Қытайдың «Көне Таңнама. Түрік шежіресі», «Жаңа Таңнама. Түрік шежіресі» және «Кітап сарай ғибаратнамасы» секілді жылнамалары мен тарихнамаларында, сондай-ақ Күлтегін құлпытасындағы Таң хандығының патшасы Таң шуан-зонның өз қолымен Күлтегіннің қазасына арнап жазған аза сөзі қатарлы тарихи материалдарда сақталған.

«Күлтегін құлпытасы» марқұм Күлтегінге арнап тұрғызылған. Құлпытас мәтіні жанрлық сипаты тұрғысынан эпикалық тарихи-батырлық жыр үлгісіндегі көркем шығармаға жатады. Мәтінінің алдыңғы бөлімінде аңыздық, мифтік сарында Ежелгі түркі қағандығы тарихына, ата-бабалар шежіресіне және олардың өшпес еңбектеріне жалпы шолу жасалады. Мәтінінің екінші бөлімінде, сол дәуірдегі тарихи шындықтың негізгі сілемдері сақтала отырып, азалы жоқтау үлгісімен, эпостық-батырлық жыр сарынында, Күлтегіннің өмірі, жанкешті жорықтары, арманы мен мұраты, елі үшін сіңірген өшпес еңбегі жырланады. Мәтінінің соңғы бөлімінде, дәстүрді салт күйіндегі Күлтегінге арналған таза азалы жоқтау баяндалады. Қысқасы, мәтіннің өн бойында алуан

түрлі жанрлық сипат аса шебер суреткерлікпен тоғысып жатады. Ал Қытай тарихнамаларындағы деректерде Соңғы түрік қағандығының егеменді ел болуы, ішкі қайшылықтары, сыртқа қаратқан саясаты, Таң патшалығымен болған қатынасы баяндалумен бірге, Күлтегіннің ақыл-парасаты, ерлігі мен көрегендігі, кесек тұлғасы, қайталанбас образы да сомдалады.

Күлтегін Соңғы түрік қағандығы енді ғана құрылып, бүлінген ел бүтінделе бастаған, бірақ қағандықтың төрт құбыласы түгел жау, аумалы-төкпелі заманда, аттың жалы, түйенің қомында дүниеге келеді. Ол кезде Түріктер «Шұғай тауы мен Қара құмды мекендейтін еді, жауы жыртқыш құстай көп еді» («Тониқұқ құлпытасы»), «Оңында Табғаш халқы жау еді, солында Баз қаған, Тоғыз Оғыз жау еді, Қырғыз, Құрықан, Отыз Татар, Қытан, Татабы бәрі де жау еді, Құтлық 47 рет жорыққа аттанып, 20 рет айқасады. Тәңірі жарылқағаны үшін елі барды елсіретеді, қағаны барды қағансыратады, жауын бойсұндырады, тізеліні шөктіреді, бастыны жүгіндіреді» [1] Демек, Күлтегіннің алғаш естігені айқай мен ұран, алғаш қармағаны көк сүңгі, алғаш көргені азып-тозған елі мен әкесінің тынымсыз жорықтары болады. Оның сәби жүрегіне әкенің «елді ел ету, халықты қағанатты халық ету арманы, еліне деген сүйіспеншілігі» терең ұялап, қанына ана сүтімен бірге сіңеді. Алайда, ол жетімдіктің дәмін тым ерте тартады. 691 жылы әкесі Құтлық (Елтеріс) қаған қайтыс болып, балалары жас болғандықтан, Ежелгі түркі дәстүрі бойынша, орнына інісі Қапаған (Бөгішор) таққа отырады.

«Күлтегін құлпытасында» Күлтегіннің сәбилік-балалық шағы, жалынды жастық дәурені, кемеліне келген азаматтық кезеңі бәрі-бәрі де, ағасы Білге қағанның аузынан, азалы жоқтау үлгісінде баяндалады. Десе де, Күлтегіннің бар өмірі, ерлік жорықтары егжей-тегжейлі түгел баяндалмайды, тек оның өміріндегі елеулі бұрылыс кезеңдерді, ерлігін әйгілейтін шешуші жорықтары және жорықтағы ең сенімді серігі аттар ғана талдап алынады да, «ел қорғаны – ер, ерқанаты – ат» формасында шендестіре баяндалады. Сөйтіп, Күлтегіннің қаршадайынан ер, жалынды жастық шағында батыр, кемеліне келген азаматтық дәуірінде баһадүр атанған, алып тұлғасы аса шеберлікпен сомдалады.

Білге қаған: «Әкем қаған дүниеден өткенде інім Күлтегін жеті жаста қалды» («Күлтегін құлпытасы»), ал: «мен өзім сегіз жаста қалған едім» («Білге қаған құлпытасы») – дейді. Сөйтіп, Күлтегін мен Білге бұғанасы қатпай тұрып әкеден жетім қалады, алайда олар ата-анаға опадыр, бауыр-туысқа мейірімді, өз ара аса тату-тәтті өтеді, олар арасындағы күшті бауырмалдық, берік туыстық махаббат, олардың өмірінің соңына дейін жалғасады. Бұл опадарлыққа, бауырмалдыққа ерекше сүйінген Таң хандығының патшасы Таң шуан-зон өзінің Күлтегін қазасына арнап жазған аза сөзінде: «Оның әкеге опадарлығы, ағаға сүйіспеншілігі атақ-абыройын асырып, батырлығы жат жұрттарды жанынан түңілтті», – деп тебіренеді [2, 17 б.].

Күлтегін мен Білгенің сәбилік-балалық шағы аумалы-төкпелі заманда, үрейлі үркіншілікте, сұрапыл жорықта, әсіресе екі туып бір қалған туы-

сын құрбандыққа шалатын тақ күресінің қауіп-қатері ішінде өтеді. Бірақ, бұғанасы қатпаған заңды мұрагерлер тез ширап, тез ержетеді. Ұмай текті анасының бағына, Күлтегін қаршадайынан ер атанады. Ал Білге 14 жасында Тардұш халқы үстіне шад болады. «Күлтегін құлпытасында»: «Ұмай текті шешем қатынның бағына інім Күлтегін ер атанды», – делінсе, «Білге қаған құлпытасында»: «Тәңірі жарылқағаны үшін он төрт жасымда Тардұш халқы үстіне шад болдым», – деп жазылған. Сөйтіп, 7 жаста әкеден жетім қалып, қатал заманның, жетімдіктің бар азабы мен қасіретін ерте бастан кешкен Күлтегін, эпос қаһармандары сияқты ерекше есейеді, батырлық, баһадүрлік қасиеттері ерте танылады, қаршадайынан ер атанады.

Жойқын жорықтар, арпалысты оқиғалар ортасында ержеткен Күлтегін, жалынды жастық шағында барған сайын тастүйін боп түйіліп, қас батыр ретінде танылады. «Күлтегін құлпытасында» көкесі Қапаған тақта отырған тұста, яғни оның 16, 21, 26, 30, 31 жасқа келген шағында жасаған, үлкенді-кішілі 12 жорығы, Тадыкынчордың боз аты, Ышбара Ямтартдың боз аты, Иегін Сілік бектің кежімді торы аты, Байырқының ақ айғыры, Башғудың боз аты, Шалчының ақ аты, Азбан ақ, Аз қаракер, Өгсіз ақ қатарлы 9 сайгүлігі баяндалады. Бұл сайгүліктердің үшеуі кескілескен қан майданда мерт болады, енді біреуі аяғынан мертігеді. Бұл жорықтар ішінде Күлтегін өміріне, сондай-ақ күллі Түркі қағандығының болашағына ықпалы ең зор болған шешуші шайқастар мыналар:

Күлтегіннің 16 жастағы, 21 жастағы, 26 жастағы жорықтары. Бұлайша дамылсыз жорыққа аттанудың себебі «Тониқұқ құлпытасында» былай баяндалады: «Барлаушылар Табғаш, Он оқ түркеш және Қырғыз қағандары тіл біріктіріп, Алтай тауында бас қосып, Түріктерге шабуыл жасамақ болып уәделесіпті», – деген хабар әкеледі. Бұл хабарды естіп Тониқұқтың «түнде ұйқысы келмейді, күндіз отырғысы келмейді». Ойланады, толғанады, ойын «олардың бас-аяғы қосылып, күш біріктіріп, тас түйін боп даярланғанша, жеке-жеке талқандау керек», – деп қорытады. Сөйтіп, ең алдымен солтүстікте, басқаларынан оқшау жатқан Қырғызға жасақ аттандырады. Олар сүңгі бойы қарды бұзып, Көгмен тауынан аса жорытып, Қырғыз халқын ұйқыда басады. Қағанымен Сұңа тауында соғысады. Күлтегін Байырқының ақ айғырын мініп жауға ұмтылады. Бір ерін оққа ұшырады, екі ерін найзамен қуалай шаншиды. Сол айқаста Байырқының ақ айғыры аяғынан мертігеді. Қырғыз қағанын өлтіріп, елін алады.

Екінші рет Түркілер Түргешке қарсы Алтын тауды аса, Ертіс өзенін кешке жорыққа аттанады. Түргеш халқын ұйқыда басады. Ертесінде Түргеш қағанның жасақтары Болчуда отай борап келеді. Олар соғысады. Күлтегін Башғу бозын мініп тиеді. Жаудың екеуін өзі құртады. Содан соң соғысқа және кіріп, Түргеш қағанның бұйрығын, Аздардың тұтығын тұтқындайды. Қағанын сонда өлтіріп, елін алады.

Үшінші рет Түркілер Соғдыларды халық етейік деп, Сырдрияны кеше, Темір қақпаға дейін соғыс салады, Күлтегін атойлап алда жүреді.

Төртінші жорық жаза жорығы болып, Түргештің қара халқы Түркілерден бет бұрып, оларға жау болады. Түргештер Кеңереске қарай кетеді. Түркі жасақтарының аты арып, азығы таусылғандықтан, Күлтегінді аз қолмен оларға аттандырады. Күлтегін ұлы соғыс салады, ол батыр Шалчының ақ атын мініп жауға тиеді. Түргештің қара халқын сонда алады.

Осылайша, Күлтегін бірде терістікке аттанып, найза бойы қарды сөге, Көгмен тауынан аса, ит жеккендегі Қырғыздарды бағындырса, бірде Алтайдан аса, Ертісті кеше Болчудағы Түргештерді бағындырады. Ал, енді бірде сонау күн батысындағы Сырдарияны кеше, Темір қақпаға дейін соғыс салады, Соғдыларды өздеріне қаратады. Жасақ кері қайтқан, ат арып, азық таусылған қиын жағдайда, аз қолмен бүлінген Түргештерді бағындырады. Қысқасы, Күлтегін елді қорғап, қағандықты аман сақтау үшін, күллі көшпенділерді бөрілі байрақ астына біріктіру үшін, ірігенді ұйыту үшін, қайысқан қалың қолды бастап, қар жамылып, мұз төсенеді, асусыз асқардан асады, өткелсіз дарияны кешеді, құба құмнан көктей өтеді. Демек, сұрапыл соғыс, азапты жорықтың ауыр сынынан өткен ол, барған сайын іріленіп, қаһарына іліккенді алмай қоймайтын баһадүр батырға айналады.

Қапаған қартайған шағында ел қамын емес, қара басының қамын көп ойлайды да, қағандыққа бағынышты ұлыстар бірте-бірте іргелерін аулаққа сала бастайды. Тақ таласы күшейіп, қағандық қақырайды, елі шайқалып, халқы, билеушілері екі жікке бөлініп кетеді. Әсіресе, Түріктің өз халқы «Тоғыз оғыз бүлігі» Күлтегінді қатты шамырқантады. Елдің елдігін сақтап, ірігенді бір орталыққа ұйыту үшін, Күлтегін тағы да ереуіл атқа ер салады.

Ол заманда Күлтегіннің қылышына төтеп берген адам баласы болмайды. Сол себепті «Көне Таңнама. Түрік шежіресінде»: «Күлтегін ержүрек, соғыс өнеріне шебер, теңдессіз жан», – деп, аса жоғары баға береді. Күлтегін 30 жасқа келгенде, Қарлұқтардың бүлігін, 31 жасқа келгенде, Аздардың, Ізгілдердің бүлігін тыныштандырады. Содан соң «Тоғыз оғыз бүлігін» тыныштандыруға аттанады. Түріктер Тоғыз оғызбен бір жылда бес рет соғысады. Ең ілкі Тоғы қаласында соғысады. Күлтегін Азбан ағын мініп шабуылға шығады. Алты ерін шаншады. Жасақтар жауға тигенде жетінші ерін қылыштайды. Екінші рет Құшлағақта Едізбен соғысады. Күлтегін Аз қаракерін мініп шабуылға шығып, бір ерін шаншады. Тоғыз ерін айналдыра шаншиды. Едіз халқы сонда өледі. Үшінші рет Болчұда Оғызбен соғысады. Күлтегін Азбан ағын мініп тиеді, елін алады. Төртінші рет Чұш басында соғысады. Түрік халқының аяғынан әл кетіп, жағдайы нашарлайды. Оза келген жасағын Күлтегін қайыра қуады, Тоңыра ұлысынан шыққан батырлардан он ерді Тоңа тегінді жерлеген жерде иіріп қойып өлтіреді. Бесінші рет, Езгенті Қадазда Оғызбен соғысады. Күлтегін Аз қаракерін мініп тиеді. Екі ерін шаншады, қалаға бармайды. Ол жасақтарды сонда жояады.

Сол жылы қыста Түріктер Мағы қорғанды қыстап, жазында Оғызға жасақ аттандырады. Күлтегінді орданы қорғауға «орда басы» етіп қалдырады. Оғыз

жауы орданы басады. Күлтегін Өгсіз ағын мініп, тоғыз ерін шаншады. Орданы бермейді. Бұл шайқастағы оның жанкешті ерлігі, өз жұрты әйел затына болған опадарлығы ағасы Білгені ерекше сүйіндіреді, ол: «Былай болмағанда шешем қатын, және оған ілескен аналарым, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім сендерден бұлайша тірі қалғандарың күн болар едіңдер, өлгендерің жұртта, жолда жатар едіңдер! Күлтегін жоқ болса, бәрің өлетін едіңдер!», – деп шешендік арнау атайды [3, 21 б.].

Күлтегін өз замананың баһадүр батыры болумен бірге, Түркі елінің айбынды қолбасшысы да болады, бірақ «Күлтегін құлпытасында» оның қол бастаған айбыны, айлалы даналығы баяндалмайды. Десе де бұл олқылықты Қытай тарихнамаларындағы деректер толықтай түседі. «Көне Таңнама: Түрік шежіресінде» Қапаған қаған өзінің қаперсіздігінен Байырқылардың қолына түсіп, қапыда қаза тапқаны баяндала келіп, «Білге қаған өзі билікті алуда Күлтегіннің еңбегі зор болған соң, тақты соған бермек болды, Күлтегін одан бас тартты. Сонымен оны сол Білге хан етіп тағайындап, әскери билікті соған тапсырды» – делінеді.

Демек, Қапағанның қартайған шағында басталған мұрагерлер арасындағы тақ үшін талас, ол қапыда қайтыс болған соң, жік-жік болып қырқысқан әшкере бүлікке айналады да, қағандық құрамындағы тайпалар ыдырап, бет-бетіне кете бастайды. Соңғы түрік қағандығына құрып кету қаупі төнеді. Міне осындай шешуші кезеңде Күлтегін қатал да қажетті тәуекелге бел байлайды. Ол «ескі ұлыстарының басын құрап, Бөгі шордың (Қапағанның) ұлы кіші қаған мен інілерін және жасақтарын қырып салып өз ағасы сол білге хан Моғулиянды Білге қаған деген наммен таққа отырғызады. ...Бөгішор заманындағы орда ұлығы Тоникұқты бас ақылшыға шақырады» [4].

Күлтегіннің бұлайша ордаға қатал да қанды қимыл қолдануы, тақ үшін, жеке басының атақ-даңқы, абыройы үшін емес еді, қайта елдің елдігі үшін болатын. Сөйтіп, ол Түрік қағандығы тарихында бұрын-соңды болып көрмеген саяси өзгеріс арқылы қағандықты, елді жоғалып кету қаупінен құтқарып қалады. Өзінің біліктілігін, көрегендігін, елі үшін әрқандай тәуекелге бара алатын қаталдығын тағы бір рет паш етеді. Осыдан бастап сол білге хан атанып, күллі Түркінің әскери билігін өз қолына алады.

«Күлтегін құлпытасында» Білге таққа отырып, қаған болғаннан кейінгі Күлтегіннің жорықтары жалпы шолу сипатында баяндалады. «Күлтегін құлпытасында» Білге қаған: «Ең болмаса бай халықтың үстіне отырмадым. Іші ассыз, сырты тонсыз, бейшара, мүсәпір халықтың үстіне отырдым. Інім Күлтегін екеуміз ақылдастық. Әкеміз, көкеміз құрған халықтың атақ-даңқы өшпесін деп, Түрік халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өле-жіте құлшындым. ...Халықты тойындырайын деп, терістікте – Оғыз халқына, шығыста – Қытан, Татабы халқына, түстікте – Табғашқа қарсы ауыр қолды он екі рет жорыттым... айқастым. ...Бәрі маған бағынды. ...Осылайша құлшынып ел құрып, заң орнатқан соң, інім Күлтегін ажалынан қайтыс болды», – дейді [1].

Расында, қағаны Білге, ақылшысы Тоникүк, баһадүры Күлтегін – осы үш алып билікте тұрған тұста, күллі Түркі тарихындағы елі ең құдіретті, халқы ең баянды, мәдениеті ең гүлденген заман орнайды. Десе де, «уақыт - тәңір ісі, адам баласының бәрі де өлмекке жаралған», – деп, Білге қаған ашына аһ ұрғандай, Көк түріктің көк семсері, айбарлы алтын дінгегі Күлтегін өмірден өтеді. Оның қазасына ұлы дала күңіреніп, халқының қабырғасы қайысады. Күлтегіннің қазасы заманының ең зор жоғалтуы болады. Төрткіл дүниеден түгел жоқтаушы, жылап-сықтаушы келеді, досы да, қасы да қайғырады, оның рухына бас иіп аза тұтады. Ағасы Білге көзінің жасы көл бола отырып, мәңгі есте қалу үшін, құлпытасқа Күлтегіннің ерлікке толы өмірін, өзінің азалы жоқтауын, Таң хандығы патшасы Таң шуан-зоңның Күлтегінге арнаған азасөзін қашап жаздырады.

Қорытып айтқанда, Күлтегіннің бар өмірі аттың жалында, айқастың ортасында өтеді. Ол атаққа да, таққа да құмартпайды, жеке басының қамын да ойламайды, елінің елдігі үшін қар жамылып, мұз төсенеді. Ерекше ерлігімен, баһадүр батырлығымен, қол бастаған даналығымен күллі Түркілер тарихына өшпес із қалдырады. Ол ата-анаға мейірімді, ағайынға бауырмал, жауына қатал, халқына қамқор болады. «Күлтегін құлпытасында» Күлтегіннің ер тұлғасы, ішкі толғанысы, сөйлеген сөзі, киген киімі суреттелмейді. Қайта құлпытас мәтінінде баяндалатын тарихи оқиғалар желісінің дамуына ілесіп Күлтегін тұлғасының мәндік, даралық бірте-бірте ашылады, ағасы Білгенің азалы жоқтауы, әділ бағасы арқылы оның алып образы сомдалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Күлтегін, Тоникүк. – Алматы: Өлке, 2001.
2. Қытай тарихнамаларындағы Қазаққа қатысты деректер. 2-кітап. Шинжи-аңқоғамдық ғылымдар академиясы. – Пекин: Ұлттар баспасы, 2003.
3. Гыңшы-мин. Ежелгі түркі тіліндегі құлпытастар. – Пекин: Орталық ұлттар университетінің баспасы, 2005.
4. Көне Таңнама. Түрік шежіресі. – 19 бума, 40 баян.

МАЗМҰНЫ

1-СЕКЦИЯ

Ә. КЕКІЛБАЕВ – АСА КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

А. КЕКІЛЬБАЕВ – ВИДНЫЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

| | |
|---|----|
| Кіріспе сөз..... | 3 |
| Н.М. Оразалин | |
| Әдебиеттің жұлдызды сәті | 5 |
| Ғ. Есім | |
| Замандасым Әбіш Кекілбаев туралы сөз | 7 |
| Ж.Д. Дәдебаев | |
| Біздің заманымыздың заңғар тұлғасы..... | 9 |
| Т.С. Тебегенов | |
| Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығы: ойшылдық дүниетаным және суреткерлік шеберлік | 14 |
| А.С. Ісімақова | |
| Алаштанушы Әбіш Кекілбайұлы | 18 |
| Г.Ж. Орда | |
| Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы мәңгілік құндылықтар | 31 |

2-СЕКЦИЯ

Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ ҮДЕРІС

ТВОРЧЕСТВО А. КЕКІЛЬБАЕВА И МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРНЫЙ ПРОЦЕСС

| | |
|--|-----|
| О. Абдиманұлы | |
| Традиции и новаторство в казахской художественной прозе | 39 |
| З.-Ғ.Қ. Бисенғали | |
| Әбіш Кекілбайұлы «Шандоз» деректі-тарихи баянындағы жаңа танымдар | 45 |
| Г.Ж. Пірәлі | |
| Ә. Кекілбаев шығармаларындағы әдеби түс көру тәсілінің көркемдік әлемі | 57 |
| А.Б. Темирболат | |
| Хронотоп романа А. Кекильбаева «Конец легенды»..... | 68 |
| С.Б. Ержанова | |
| Ә. Кекілбаевтың «Құс канаты» повесіндегі автор бейнесі | 77 |
| Г.Ж. Пірәлі | |
| Әбіш Кекілбаев прозасындағы психологизм поэтикасы..... | 82 |
| Қ. Жанұзақова | |
| Ә. Кекілбаев прозасындағы романтика..... | 90 |
| М. Абдраев | |
| Әбіш Кекілбаев көсемсөзінің тарихи-психологиялық көркемдігі | 95 |
| Ш.А. Шортанбаев, Ә. Қайпбаева | |
| «Абылай хан» пьесасы: шындық және шеберлік..... | 107 |
| Г.Т. Оспанова | |

| | |
|--|-----|
| Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі ұлттық құндылықтар көрінісі..... | 112 |
| Б.Б. Баязитов | |
| Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық психологизм белгілері | 115 |
| Н.Ж. Досанова | |
| Әдебиетіміздің алып тұлғасы – Әбіш Кекілбаев! | 118 |
| Д. Қалиакпар | |
| Ә. Кекілбаев шығармаларындағы аңыздық сарындардың интерпретациялануы..... | 121 |
| М. Дауылбай | |
| Қорқыт ата атындағы Ә. Кекілбаевтың «үркер» романындағы Бөкенбай батыр бейнесі..... | 128 |
| Ф. Тілеулес | |
| Қазақ әдебиеті және Әбіш Кекілбайұлының «ұлағатты ұстаз» баяндамасы хақында ... | 132 |
| А. Болатқызы | |
| Қорқыт ата атындағы Ә. Кекілбаевтың «бір шөкім бұлт» повесіндегі аққаймақ бейнесі | 136 |

3-СЕКЦИЯ ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ ГУМАНИТАРНОЙ НАУКИ

| | |
|--|-----|
| Ercan Alkaya | |
| İki Dillilik ve rusçadan tatar türkçesine geçen kavram tercümeleri | 141 |
| З.Н. Сейітжанов | |
| Қажырлы ғалым | 151 |
| Adil Jumaturdu | |
| Characteristics of the kirghizepic performer manaschis in akchi county xinjiang china | 156 |
| Қ.Қ. Мәдібай | |
| Махамбеттанудағы тың байлам | 165 |
| Ж.Қ. Смағұлов, Е. Дүйсенбаев | |
| Кейкі батыр: Ақиқат пен аңыз | 170 |
| А.Б. Салқынбай | |
| Оппозициялық болмыс немесе ақындық кредо | 175 |
| Ж.К. Смағұлов, Ж. Тоқтамұратов | |
| I. Есенберлин – ұлт тарихының дарабозы | 180 |
| С.Ә. Қалқабаева | |
| Әдебиеттану пәндерінде ғылыми-зерттеушілік ізденіске бейімдей оқыту..... | 185 |
| Б.С. Сарбасов, Ф. Қыдырақын | |
| Батырлық эпостардағы ғажайып туу мотиві | 188 |
| С.Б. Тілеубаев, Г.У. Ахметалиева | |
| «Арқалық батыр» жырының зерттелу тарихы | 192 |
| М. Абдраев | |
| Телехабардың мәтіндік интеллектуалдылығы | 197 |
| Б.С. Сарбасов, Г. Төлеуова | |
| «Оғыз-наме» эпосындағы ағаш культі..... | 202 |
| М.М. Қожашев | |
| Жамбыл жырлары – отансүйгіштіктің бастауы | 207 |
| Ө. Сейсенқұлұлы | |

| | |
|--|-----|
| Қытайдағы жаңа дәуір қазақ балалар әдебиетінің жетістіктері туралы..... | 214 |
| А. Ахметова | |
| Қазақстандағы медиа поэзияның қалыптасу және даму жағдайы | 217 |
| А.М. Даирбекова | |
| Анализ лирики г. Курманғалиева..... | 227 |
| А.А. Алипбаева | |
| Когнитивный анализ лирических произведений (на материале стихотворений г.Жалаири)..... | 231 |
| М.М. Кожашев, А. Аханов | |
| Қалмақ тілі: болашағы мен мәселелері..... | 236 |
| Ө. Сейсенқұлұлы | |
| ҚХР құрылу қарсаңындағы қытай қазақ тіліне қытай тілінен енген кірме сөздер туралы..... | 239 |
| А. Сейтенова | |
| Көркем пейзаждағы тау семантикасы (Ш. Мұртаза прозасы негізінде)..... | 243 |
| Г.Б. Халидуллаева | |
| Ақын Т. Әбдікәкімұлы поэзиясының когнитивті сипаты..... | 246 |
| Г. Ыбырайқызы | |
| Оралхан Бөкейдің «Құм мінезіндегі» көркемдік тұтастық..... | 250 |
| А. Момбек | |
| «Жүз жылдық жалғыздық» романындағы магиялық реализм..... | 256 |
| А.Қ. Саргелтаева | |
| Оралхан Бөкеевтің «Қар қызы» повесіндегі символикалық бейнелер | 260 |
| А. Мұхаметқали | |
| Бақытжан Момышұлы романдарының композициялық құрылымы | 265 |
| А.М. Osrapova | |
| Use of kazakh folk traditions in the trilogy “the nomads” by I. Esenberlin | 273 |
| А.А. Беримжанова | |
| Способы и приёмы создания комического в художественном тексте..... | 278 |
| М. Абишева | |
| Ж. Шаштайұлы повестеріндегі заман келбеті..... | 282 |
| Д. Мақсұт | |
| «Демежан» және «Зуха батыр» жырларының тарихи сипаты..... | 288 |
| Б.Н. Қалдыбай | |
| Дәуір туғызған тарихи шығарма..... | 298 |
| Н. Ғазизов | |
| «Күлтегін құлпытасы» жырындағы күлтегін образы..... | 303 |

Ғылыми басылым

«ӘБШ КЕКІЛБАЕВ – ЗАМАНАНЫҢ ЗАҢҒАР ТҮЛҒАСЫ»

халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияның материалдары

ИБ № 13283

Формат 60 × 84 ¹/₁₆. Бумага офсетная. Печать цифровая.

Объем 19,5. Тираж 100 экз. Заказ № 8996.

Издательский дом «Қазақ университеті»

Казахского национального университета им. аль-Фараби

050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71.

Отпечатано в типографии издательского дома

«Қазақ университеті»